

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Ә.Х.МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

К.М.Байпақов, Ж.Қ.Таймағамбетов,

ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫ

Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы

Алматы, 2009

ББК
Б 17

*Баспаға ҚазҰУ тарих факультетінің Ғылыми кеңесінің шешімімен
ұсынылған*

Пікір жазғандар:

Тарих ғылымдарының докторы, профессор - М.Е.Елеуов
Тарих ғылымдарының докторы, профессор.-
Тарих ғылымдарының докторы – Б. Байтанаев

Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ.

Қазақстан археологиясы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. –Алматы:....., 2009. – 570 б.

ISBN -

Бұл оқу құралы палеолиттен бастап кейінгі орта ғасырларға дейінгі Қазақстан археологиясының материалдарынан тұрады. Еңбекте Қазақстан археологиясы Еуразия археологиясының бір бөлігі ретінде сипатталған. Онда соңғы ғылыми ізденістер де кеңінен қамтылған. Жекелеген ескерткіштердің отандық тарихнамадағы маңызы көрсетілген. Әрбір тарихи оқиғалар мен құбылыстар заттай мәдениет негізінде жан-жақты талданған.

Қазақстан тас, қола, ерте темір дәуірлері мен ортағасырлық кезеңі толымды түрде қамтылған аталған оқу құралы студенттерге, оқытушыларға, археологтарға, өлкетанушыларға және де басқа ғылым салаларының мамандарына арналған.

ББК.

Б -----

Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ., Байгунаков Д.С., 2009
.....

Авторлардан

Тәуелсіз Қазақстан мыңжылдықтар шебіне кететін тарихы мен өткенін терең де жан-жақты талдайтын еңбектерге аса зәру. Әсіресе, аталған өңірді ежелгі замандарда және орта ғасырларда мекендеген халықтардың әлемдік өркениет қазынасына қосқан үлесін, сонымен қатар қазақ ұлты мәдениетінің қайнар-бастауларын, мемлекеттілігінің қалыптасуын, қазақ этносының қалыптасу үрдістерін бағамдаудың маңызы аса зор.

Бұл кітаптың деректанулық базасы Қазақстан Республикасының барлық аудандарын қамтыған зерттеушілердің еңбектерінен, археологиялық экспедициялар мен отрядтардың жұмыстарынан тұрады.

Мұндай оқу құралы Қазақстан тарихнамасында бірінші рет жазылып тұрған жоқ. 1979 жылы «Мектеп» баспасынан К.А. Ақышев пен К.М.Байпақовтың «Вопросы археологии Казахстана» атты еңбегі, ал 1993 жылы К.М.Байпақов, Ж.Қ.Таймағамбетов, Т.Жұмағанбетов сынды авторлардың «Археология Казахстана» деп аталатын оқу құралы жарық көрді. Соңғы аталған 2006 жылы жұмыс (жалпы редакциясын басқарған Д.С.Байғунаков) қазақ тіліне азды-кемді ықшамдалып аударылып, оқырманға жол тапты. 2006 жылы «Қазақ университеті» баспасынан К.М.Байпақов пен Ж.Қ.Таймағамбетовтың жаңа мағлұматтарды мейлінше қамтыған «Археология Казахстана» деп аталған оқу құралдары басылып шықты. Ал қолдарыңыздағы бұл басылым соның жалғасы немесе толықтырылған нұсқасы іспеттес. Бірқатар мәселелер қайта қарастырылып, кейбір тараулары қайта толықтырылып соны материалдар бойынша Қазақстан археологиясының проблемалары өрбітілген осы басылым қазақ тілінде оқырмандарымен қауышып отыр.

Жаңа оқу құралы алғашқы еңбектердегі ғылыми дәстүрді жалғастырады. Алайда пайдаланылған материалдар шеңбері мен қарастырылған проблемалар аясы оған қарағанда кеңірек. Бұл түсінікті де, себебі арада өткен онжылдықтар ішінде археологиялық ізденістер өз жалғасын тауып, олардың ауқымы кеңейе түскен болатын. Палеолиттік ескерткіштерде, қола мен ерте темір дәуірлері қорымдары мен қоныстарында, ортағасырлық қалаларда стационарлық қазба жұмыстары жүргізілді. Осы уақыт аралығында жекелеген археологиялық ескерткіштерге арналған көптеген мақалалар мен монографиялар жарық көрді.

Айта кететін бір жайт, Қазақстан археологиясының барлық маңызды проблемалары аса терең де жеткілікті дәрежеде қарастырыла қойған жоқ. Көптеген археологиялық мәліметтерге негізделген сауалдар, шешімдер мен ойлар әлі күнге дейін пікірталастар туғызып келеді. Сондықтанда бұл еңбек мәтіндеріндегі жайттардың бәрі түпкілікті жасалған тұжырымдар емес. Мұның өзі ғылымда соңғы инстанция жоқ екендігін, ғылым дами беретіндігін естен шығармаудан келіп туындайды.

Кіріспе

Археология пәні Қазақстанның университеттері мен педагогикалық институттарында оқытылады. Ол бұрыннан жалпы және арнайы тарихи білім беру жүйесіндегі міндетті оқу пәні болып табылады. Археология курсы осы ғылым саласы бойынша нақты білім, оның процедурасы туралы түсінік пен ғылыми зерттеу ісін ұштап қана қоймайды, сонымен бірге болашақ мамандардың тарихи танымы мен гуманистік көзқарастарының қалыптасуына да өзіндік септігін тигізеді. Археологияны оқып-білу өткен уақыт пен қазіргі кездің органикалық тұтастығын түсінуге, тарихи үрдістердің заңдылықтарын, әлемдік тарихтың іргелі де терең мәселелерін ашуға және де адамзат пен әлемдік мәдениеттің, әлемдік өркениеттің бастапқы тамырларының біртұтастығын қалыптастыруға жетелейді.

Өткен замандардың шынайы келбетін қалыптастыру қазіргі күні Қазақстан Республикасының ұлттық бірлігіне, оның мемлекеттілігінің қалыптасуына, егемендігін нығайтуға әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып отыр. Сондықтан да халықтың тағдырын, оның өзіндік түсінігінің дамуын көрсететін тарихты танып-білу жекелеген адам мен қоғамды елжандылыққа, патриотизмге тәрбиелейді.

«Археология» термині гректің *архайос* (көне) және *логос* (сөз, ілім) сынды екі сөзінен тұрады. Алғаш рет бұл терминді айналымға б.з.б. IV ғасырда өмір сүрген грек философы Платон енгізген. Платон «археология» терминін көне замандар туралы ғылым деп түсініп, оған мейлінше кең мағына берді. Кейінірек, XVIII ғасырда археология деп антикалық өнер тарихын атады, содан кейін тек біздің заманымызда ғана алғашқы қауымдық құрылысты, антикалық және орта ғасырлық заттай дереккөздерін зерттейтін және осылардың негізінде адамзат қоғамының тарихи дамуын қалпына келтіре алатын археологияның анықтамасы қалыптасты.

Салыстырмалы түрде алғанда тарихи түсінікті қалыптастыратын тарихи ғылымдар жүйесіндегі жас гуманитарлық пән - археологияның рөлі жоғары: бұдан 200 жыл бұрын адамзаттың тарихы (оның мифологиялық кезеңінсіз) бар болғаны шамамен 3000 жылды қамтиды деп көрсетілді. Бұл пайым жазбаша мәтіндерге ғана негізделді, олар көпшілік үшін әулеттер мен патшалық құрған адамдар, соғыстар мен жаратушы жайлы пікір-таластар еді.

Археология тарих ғылымында төңкеріс жасады. Ағылшын археологы Г.Чайлдтың айтуынша: «астрономияда телескоп көз жеткізер аумақтың деңгейін қалай кеңейтсе, ол тарих ғылымына тән кеңістік көкжиегін сондай дәрежеге жеткізді. Ол тарихтың таным мүмкіндіктерін жүздеген есеге арттырды...» (1). Африкадағы археологиялық ашылулар арқасында адамзаттың жас мөлшері 4 млн. жылдарға дейін ұзартылды. Бүкіл әлем қазір көптеген бірегей өркениеттер, антикалық Грекия мен Рим, Мысыр перғауындары дәуіріндегі мәдениет, Тигр мен Евфрат қос өзендері аралығындағы қала-мемлекеттер, скифтер мен сақтар өнері, Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар туралы хабардар.

Жазба тарихы шамалы ғана түрде баяндалынатын не түгелдей жоқ елдер мен халықтардың өткенін білуде археологияның маңызы өте зор. Мұның әсіресе құнды мәліметтері ата-бабаларымыздың ескерткіштерінде сақталған Қазақстан тарихына да толық қатысы бар. Археологиялық дереккөздері сарқылмас қазына. Әсілі, ескерткіштері мол Еуразияның басқа өңірін атау қиын да шығар. Өйткені, шындап келгенде, Қазақстан – ашық аспан аясындағы музей болып табылады, оның жарқын жәдігерлері Арал маңында, Сырдарияның көне алаптарында, Маңғыстауда, Сарыарқада, Жетісуда, Мұғалжар мен Ертіс өңірінде көміліп жатыр.

Соңғы бірнеше онжылдықтардың әрбір 10-15 жылында археологиялық дереккөздерінің саны археологиялық зерттеулердің арқасында екі есеге артып отырды. ҚазКСР ҒА құрылғаннан соң, одан кейін Тарих, археология және этнография институтында Археология орталығының жұмыс істеуі және оның 1991 жылы дербес Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты болып жасақталуынан бергі уақыттардағы археологтардың қажырлы еңбектерінің нәтижесінде Қазақстанның ежелгі және орта ғасырларына жататын көптеген ашылулар болды. Қазақстанда археология ғылымы орныққаннан бергі уақыт ішінде ғалымдар Қазақстан тарихының, соның ішінде мәдениетінің тұтастай даму келбетін баяндап бере алды. Отандық археологтардың ашқан жаңалықтары бүкілодақтық және әлемдік деңгейде ресми түрде танылып, өзіндік оң бағасын алды.

Ендігі жерде олардың ең негізгілерін атап кетелік.

Палеолит дәуіріне жататын көптеген ежелгі тұрақтар мен шеберханалар ашылды және де Қазақстан аумағын бұдан 1 млн. жыл бұрын ежелгі адамдар мекендегендігі дәлелденді. Қола дәуірінде өмір сүрген тайпалардың палеоэкономикалық дамуында қазақстандық металлургиялық орталықтың өзіндік маңызы көрсетілді және де қазіргі Қазақстан аумағы мал өсірумен, егіншілікпен айналысушы тайпалардың ерте темір дәуіріне өткен трансформациялық үрдістерін дәлелдейтін өңір болғандығы анықталды. Археология ғылымы урбанизациялық үрдістер динамикасын, отырықшы және қала мәдениетінің дамуын зерттеуде біршама жетістіктерге қол жеткізді. Әлемдік өркениеттің бүгінгі күні маңызды бір бөлігі саналатын Ұлы Жібек жолының тармақтары Қазақстан аумағы арқылы өткендігі анықталып отыр.

Археологиялық материалдар Қазақстанның мәдениеті көптеген құрауыштардан (көп компоненттерден) тұратындығын айғақтайды. Түрлі мәдениеттердің өзара әрекеттесуі мен қабысуы саяси, мәдени және этникалық үрдістердің қалыптасуындағы маңызды факторлардың бірі болды. Орталықтары Қазақстан аумағында болған Батыс Түрік, одан кейінгі Түркеш және Қарлұқ қағанаттары, сонымен қатар қарахандықтар, оғыздар, қыпшақтар секілді ортағасырлық мемлекеттік құрылымдардың мәдениетінде түрлі этникалық дәстүрлер үйлесім тапқандығы археологиялық мәліметтердің арқасында нақты анықталып отыр.

Қазақстан ғылыми археологиялық мектебін әлем жұртшылығы мойындайтындығын бүкілодақтық және халықаралық конференциялардың

Алматыда өтуі, қазақстандық археологтардың «Ұлы Жібек жолы: мәдениеттер диалогының жолы» сынды ЮНЕСКО ұйымдастырған халықаралық жобаларды жасауға қатысуы, Ресей Федерациясы, Франция мен АҚШ, Италия елдерімен біріккен ғылыми зерттеулер де айқындайды. Қазақстан ғалымдарының еңбектері де кеңінен мәлім. Археология ғылымының жеткен жетістіктерін насихаттайтын орталықтың бірі Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының музейі болды, оның материалдары АҚШ, Жапония, Франция, Италия, Германия, Швеция, Финляндия, Оңтүстік Корея, Мысыр елдерінде ұйымдастырылған көрмелерден табысты оралды.

Айта кететін бір нәрсе, Қазақстан одақтық республикалардың бірі болып тоталитарлық мемлекет – КСРО құрамында болған кезде, ал археология басқа қоғамдық тарихи ғылымдар жүйесімен бірге мемлекеттік идеологияға қызмет етуі тиіс кезеңде археология ғылымы маңызды жетістіктерге қол жеткізді. Өйткені археологиялық материалдардың өзіндік өзгешелігі, және де археологиялық зерттеулердің бір сәттік проблемалардан алшақ болуы бұл ғылымның іргелі мәселелерді шешуіне кері әсерін тигізе қоймады. Зерттеу процесінде әлі күнге дейін жалпыадамзаттық мәдениетте маңызды орын алып отырған материалдар қамтылған еді. Сөйтіп, Қазақстан археологиясы шынайы ғылым идеяларына адал болып қала алды, әйтсе де ресми идеологияға, әсіресе тарихи дамудың негізгі күші тап күресі деген қағидаға азды-кемді жалтақтаған-ды.

КСРО кезіндегі археолог-ғалымдар қызметінің бір қыры «табиғатты қайта құру», «индустриялы құрылыс» сынды алып мемлекеттік жобалар нәтижесінде гидростанция салу, канал қазу, мелиоративтік жүйелерді жүргізуге байланысты құрылған далалық археологиялық экспедициялар жұмыстарынан да көрінеді. Мысалы, Шардара және Шүлбі ГЭС-ы, Қапшағай су қоймасы, тың және тыңайтылған жерлерді игеру, Ертіс-Қарағанды каналын жүргізу кезіндегі археологиялық ашылулар қалың жұртшылыққа кеңінен мәлім. Тіпті құрылыс жұмыстары кезінде Есік обасындағы әйгілі «Алтын адам» да табылған болатын.

Бірақ бұл уақыттағы экспедициялар мен лабораториялардың техникалық құрал-жабдықтарының деңгейі төмен болғандығын, археологиялық материалдардан ақпаратты алудың кемшін тартып жатқандығын да айта кету керек.

Ғылыми еңбектердің көпшілігінде жұмыс нәтижелері емес, қазба жұмыстарының барысын сипаттауға, дереккөздерін жариялауға көбірек ден қойылғандығын да айта кеткен абзал.

Отандық археологтар американдық, ағылшын, неміс және француз әріптестерімен салыстырғанда шетелдерде өте аз жұмыс істеді. Ғылымның интеграциясы тек бүгінгі таңға ғана тән құбылыс болып отыр, ол кеңес ғылымында тіптен орныға қойған жоқ, өйткені бүкіл ел жабық қоғамда өмір сүрген еді.

Археологияның тағы да бір үлкен кемшілік жібергендігін айтпай кетпеуге болмайды. Кеңес археологтары мынадай сызба бойынша жұмыс істеді:

ескерткішті ашу, қазба жұмыстарын жүргізу, алынған материалдарды жариялау. Бұл ретте саясиланған тоталитарлық қоғамға тән археологиялық ескерткіштерді сақтауға деген бейжайлық, немқұрайдылық қалыптасты. Нәтижесінде Қазақстанда бірде-бір музейлендірілген ескерткіш болмады.

Қазіргі таңда, Қазақстан тәуелсіз республика болған кезде, археология жаңа социум ішінде жаңаша қоғамдық статус иемденді, мұның өзі оның дамуына мол мүмкіндіктер ашып отыр. Әлбетте, бұл бірден орныға салатын дүние емес, әлі өтпелі кезең қиыншылықтарынан өту, ғылымның қызметін айқындайтын тиісті заңнамалық база орнықтыру, мамандар (кадрлар) әлуетін қалыптастыру, зерттеу жұмыстарын қаржыландыру сауалдарын шешу керек. Тәуелсіздік жылдарында еліміз саяси, экономикалық және мәдени дамуында белестерден өтті. Қазақстан экономикасы, әлеуметтік салалары, ғылыми және мәдени әлуеті дамып жатқан демократиялық мемлекет ретінде қалыптасты. Сол себепті де бүгінгі күні тәуелсіз республикамыздың археология ғылымының дамып жатқан және болашақта дамитын бағыттары туралы сөз қозғаса да болады.

Археологиялық және тарихи зерттеулердегі басым бағдар ретінде Қазақстан археологиясының Еуразиялық мәдениет пен тарихқа жататындығы туралы қалыптасқан ережені қала беруі тиіс. Қазақстан тарихының үздіксіз дамығандығына, оның аумағында қалыптасқан сан алуан мәдениеттердің сабақтастығына көпшілік еңбектерде ерекше мән берілген. Осыған байланысты археология ғылымына тиесілі тұжырымдамалық негіздерді дамыту үшін ғылыми бағыттарды, басымдық бағдарлары мен практикалық тұрғыдан шешілуі тиіс мәселелерді мынадай блоктар топтастыруға болады:

1. Тас, қола және темір дәуірлеріндегі, орта ғасырлардағы археологиялық мәдениеттерді зерделеу; мәдени қабаттары бар шөгінділерге, археологиялық мәдени қабаттардың жұрт-орындарына, жекелеген кешендер мен бұйымдар категорияларына тән типологиялық және сыныптамалық проблемаларды зерттеу; жергілікті мәдениеттер мен олардың нұсқаларын бөліп көрсету.

2. Хронологиялық жүйе, кезеңдестіру, салыстырмалы және абсолюттік хронология құрылысын зерттеу; хронологиялық мәліметтер қорының типологиясын зерделеу; жалпы және жергілікті кезеңдестірудің өтпелі кезеңдеріндегі сәйкестік мәселелерін қарастыру.

3. Мал шаруашылығы, егіншілік және ирригация сынды ежелгі өндірістердің техникалық деңгейі мен эволюциясын зерделеу; ежелгі металлургия мен тау-кен ісі, керамикалық өндіріс, тоқымашылық секілді колөнерді зерттеу.

4. Адамның шығу тегіне (антропогенез), адам қоғамының (социогенез) даму кезеңдеріне, тайпалар мен халықтардың қалыптасуы (этногенез) қатысты мәселелерді талдау; кенттендіру (урбанизация) мен көшпелілікті (номадизмді), көшпелі және отырықшы өркениеттердің өзара байланысын, ежелгі өнер мен архитектураны, байырғы қоғамдағы дүниетаным мен идеологияны зерделеу.

5. Палеоэкология мәселелерін зерттеу; картографиялық, топонимикалық, палеогеографиялық, палеозоологиялық және археологиялық жаңғыртулар; археологиялық нысандардан көрініс тапқан түрлі мазмұндағы сипаттамаларды модельдеу сауалдарын қарастыру; тәжірибелік қайта құрулар.

6. Археологиялық түсініктердің мәні мен ролін анықтау, олардың сызбасын жасау; семантикалық талдау; комбинаторлық, статистикалық, нормативтік, математикалық модельдеу мен тілдік қасиеттердің нәтижелерін интерпретациялау принциптерін қарастыру.

7. Ескерткіштерді есепке алу (төлқұжатын жасау), қалпына келтіру мен адаптация, археологиялық мұраны консервациялау және сақтау; теориялық принциптер мен технология, әдістемелік бағыттарды зерттеу; археологиялық ескерткіштерді сақтау, регенерациялау мәселелері; топтама қорларының каталогын жасау; археологиялық ескерткіштерді музейлендіру және археологиялық туризмді дамыту.

8. Шешілуі тиіс басымдылықтар арасынан Қазақстанның социум ретінде адамзат тарихи дамуының үрдістеріне тигізген әсерін теориялық тұрғыдан қарастыру ерекшеленеді; осы өңірде өмір сүрген автохтонды тайпалар мен халықтардың Еуразиядағы заттай және рухани өркениеттер эволюциясына қосқан үлесін бағамдалуда; қазақ халқына тән мәдениет, өнер, дүниетаным тамырлары, оның мемлекеттілігінің дамуы және ру-тайпалық құрылымдардың біртұтас қауымға бірігуі зерделенуде.

9. Археологиялық мәліметтер, жазба және нумизматикалық дереккөздерінің негізінде ежелгі дәуір мен орта ғасырлардағы отырықшы өркениеттер мен көшпелі мәдениеттердің өзара байланысы зерттелініп жатыр, жекелей алғанда, отырықшы ел мен көшпелілік тоғысқан аймақтардағы байырғы қала өркениетінің бастапқы кезіне қатысты сауалдар, көшпенділердің отырықшылыққа көшуі қарастырылуда.

10. Қолөнер, сауда және ақша айналымындағы, ауыл шаруашылығындағы, идеология мен демографиядағы және әлеуметтік қатынастардағы қала құрылымын, құрылысын және архитектурасын зерттеу қолға алынуда.

11. Археологтар Еуразия тарихындағы маңызды рөл атқарған және атқарып келе жатқан ірі этностардың бірі түрік тілдес халықтардың ғылыми тарихын жазуға қатысады. Бұл, негізінен, қазақ, өзбек, түрікмен, татар және басқа халықтардың жекелеген тарихы елеулі түрде қарастырылғанымен, жалпы түрік халықтарының тарихы әлі күнге дейін қарастырылмаудан келіп туындайды. Қолдағы материалдар олардың мәдениетін Орталық Азияда кейінгі қола дәуірінде өмір сүрген түріктер ата-бабасымен, ерте темір дәуірімен, соның ішінде сақ мәдени қауымдастығымен байланыстыруға мүмкіндік береді. Әлі күнге дейін көне түрік жазуының қайнар-бастаулары шешіле қойған жоқ.

12. Б.з.б. I ғасыр соңы мен б.з. V ғасырындағы усунь (үйсін) және кангюймен (қаңлы) байланысты археологиялық мәдениеттердің этникалық атрибуциясы да күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Усунь және

Кангюй мемлекеттерінің құрамына енген кейбір тайпалар түріктер болды. «Соғды отаршылдығы» проблемасына да жаңаша көзқарас қажет, одан тек этникалық мәселені ғана көріп қана қоймай, мәдени синтез жайын да қарастырған жөн.

Ежелгі тарихты зерттеу кеңестік тарихқа қарағанда ұзақ жылдар бойы кемшін тартып жатты. Сол себепті де қазіргі таңда тарихтың осы бір бөлігі көпшіліктің қызығушылығын оятуда.

Әсіресе, ежелгі тарихты зерттеуде тас дәуірі туралы таным-түсінік аясын кеңейте түскен абзал. Қазақстан археологтарының палеолит пен неолит дәуірлері бойынша жинастырған материалдары алғашқы адамдардың қоныстануы мен кейінгі уақыттардағы миграциясы жайлы сауалдарын жаңаша тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді. Бірақ мұнда әлі де болса ескерткіштердің хронологиясы, олардың геологиялық шөгінділермен байланысы секілді сауалдар төңірегінде пікір-таластар көп. Геолог, палеозоолог мамандармен бірге жүргізілетін археологтардың кешенді зерттеулері стратиграфиялық сызбаны, плейстоцендік және голоцендік шөгінділерді нақтылайды, олардың қалыптасу заңдылықтарын анықтап береді және тас дәуіріндегі мәдени көкжиектердің (горизонттардың) геологиялық және археологиялық кезеңдестірілуін дәлме-дәл зерделеуге жол ашады. Осындай жағдайда алынған материалдар Қазақстан аумағында алғашқы адамдардың пайда болған уақытын нақтылауға, қоныстану жүрген басты орталықтарды анықтауға және оның қандай тұрпатта өткендігі мен бұл үрдістегі заңдылықтар аясын білуге мүмкіндік береді. Өз кезегінде, мұндай мәселелерді қарастыру Еуразия тас дәуірі мәдени тарихындағы жаһандық проблемаларды шешуге алғышарттар қалыптастырады.

Тарих ғылымында қоғамның дамуын беске бөлген формациялық теорияны қолдану ысырылып тасталды. Осыдан алғашқы қауымдық құрылыстан өркениеттерге өту, мәдениет пен өркениет парадигмалары қатынасына қатысты қызығушылықтың оянуы да түсінікті жайт. Археологтар Қазақстанда көне өркениеттердің деңгейі қай дәрежеде болғандығын, бұл өркениеттердің қалыптасуындағы бастапқы кезеңдер мен олардың даму динамикасы жайын анықтауға тырысып келеді. Бұл сауалдар Қазақстан археологиясының ежелгі және орта ғасырлық археологиясындағы ділгер мәселелерді құрайды. Және де дәл осы бағытта соңғы жылдары елеулі табыстарға қол жеткізілді, әрине, мұны одан ары кеңейту және дамыту қажет.

Б.з.б. IV-III мыңжылдықтарда Еуразия далалы аймақтарында климаттың ылғалданғандығы анықталып отыр. Мұндай жағдайда ежелгі Қазақстанның Есіл, Тобыл, Ертіс секілді алаптарында өмір сүрген бұрынғы кезбе аңшылар мен балықшылар тобының отырықшылығы күшейе түсті, шаруашылықта мал өсіру мен егіншілік секілді өнім өндіруге көшуі сынды сапалы өзгерістер орын алды. Қазақстанның солтүстігіндегі орманды-далалы алқаптарында Ботай қонысының қазбалары бойынша анықталған жылқы өсірушілердің мәдениеті қалыптасады. Сөйтіп, бүкіл Еуразия өркениетінің дамуында маңызды рөл атқарған жылқыны қолға үйрету процесі болған аймаққа Қазақстанның да кіргендігі анықталды.

Өткен ғасырдың 80-жылдарының бас кезінде далалық аймақтардан байырғы қала (протогород) өркениетінің ескерткіштері ашылды. Олар б.з.б. XVIII-XVI ғасырларға, яғни ерте қола дәуіріне жатады. Еуразия тарихының контекстінде қарастырсақ, ашылған байырғы қала мәдениеті хронологиялық тұрғыдан былайша орын алады: бұл Кіші Азиядағы Троя IV; материктік Грекияда ерте микен кезеңі; Мысырда ортаңғы (орта) патшалық дәуірі; Тигр мен Евфрат өзендері аралығындағы қала-мемлекеттердің дамыған мәдениеті.

Археологтар ашқан бұл өркениетке Арқайым мен Сынтаста (Синташта), Кент типіндегі ескерткіштер тән болып келеді. Бұл уақыттың қоныстары тікбұрышты, немесе жоспары бойынша дөңгелек, гипс пен сазбалшықтан тұратын арнайы блоктардан тұрғызылған қабырғалармен қоршалған. Қабырғаларында парапеттер, мұнаралар, лабиринтті есіктері, орлары мен шығып тұрған фортификациялық құрылыстары бар еді. Ішінде ақсүйектердің және қатардағы қауым мүшелерінің баспаналары (үйлері), қолөнер шеберханалары орналасқан. Орталық алаң ғұрыптық мейрамдар жиыны үшін пайдаланылды. Бұл қоныстарда, дәлірек айтқанда байырғы қалаларда (протогорода) көшелердің коммуникациялық, су жинайтын орын жүйелері болды. Ауданы 150-300 шаршы м баспаналар екі қабатты еді.

Қазба барысында қоладан жасалған қару-жарақтар мен еңбек құралдары, әшекейлер көптеп табылған. Ұсталар мен металлургтар байырғы қала маңына орналасқан некропольдардағы бай қабірлерден табылған ат-арбалы жауынгерлер сияқты қоғамның белді де сыйлы мүшелері болды. Мұнда ғибадатханалық кешендер де орналасты. Ұсақ тұрпатты тастан жасалған адам денесі түріндегі ғұрыптық мүсіндер табылған. Сірә, бұл ежелгі Месопотамия тұрғындары сияқты жыл сайын өтетін мейрамдарда құлшылық ететін құдайлардың бейнесі болар. Түрлі белгілері бар саз балшықтан жасалған «дәрі» (таблетка) пішінді табличкалар да табылған. Мүмкін бұл жазудың бастапқы белгілік жүйесі болар. Әдетте, жазудың шығуы мемлекеттіліктің басталуымен тығыз байланысты екендігі дәлелденген.

Байырғы қала (протогород) тұрғындары егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысқан қауымдар еді. Адамдар егін егіп, ирригациялық жүйелерді салды, асыл тұқымды мал өсірді. Металл құю, оның ішінде мыс пен қоланы өндіру ісі жоғары дәрежеге жетті. Мемлекеттілік қайнар-бастауларымен байланысты бұл өркениет экономикасының негізін осы қола металлургиясы құраған еді.

Айта кететін бір жайт, осы уақыттарда Батыс пен Шығысты жалғастырған болашақ Жібек жолының негізі біртіндеп қалыптаса бастаған болатын.

Монументті архитектурасы мен мыс өндірген көптеген қоныстары бар Орталық Қазақстанның беғазы-дәндібай мәдениеті кейінгі қола дәуіріне жатады. Бұл кезде Орталық Қазақстан мыс пен қола өндірілетін және олардан еңбек құралдары мен қару-жарақтар жасайтын ірі орталықтардың біріне айналды.

Қола дәуірінде Қазақстанда ерте көшпенділер мәдениеті қалыптаса бастайды және де мұны зерттеу қазақстандық археологияның маңызды бағыттарының бірі болып отыр. Қазіргі күні далалы және таулы аймақта

мемлекеттілігі, тұрақты сауда, мәдени және саяси байланыстары орныққан мәдени-дүниетанымдық қауымдастық өмір сүргендігін, мұнысын монументті жерлеу архитектурасынан, идеологиясынан, қауымының әлеуметтік бөліктерінен көруге болатындығы ғылыми тұрғыдан негізделген дала өркениеті жайлы сөз қозғалып жүр.

Археологтардың сақ мәдениетіне тиесілі бірқатар көрнекті ескерткіштерді, соның ішінде Есік, Шілікті обаларын, Түгіскен мен Ұйғарак кесенелерін, сақтардың Шірік-Рабат және Баланды сияқты қалаларын ашуы тарихи білім ауқымын мейлінше кеңейте түсті. Табылған жазбаша ескерткіштерге, көрнекті өнер туындыларына сүйеніп, Қазақстан аумағында б.з.б. I-мыңжылдық орта тұсында пайда болған сақтардың ежелгі мемлекеттері туралы айтуға да сөз қозғауға болады.

Сөйтіп, Қазақстан аумағындағы мемлекеттіліктің қайнар-бастауы тарихтың мыңжылға созылған қойнауына дейін барады, және де ол жөнінде қазір Ахемен әулеті тұсындағы Иран, ежелгі Грекия, Хань дәуіріндегі Қытай, Бактрия, Хорезм секілді көне мемлекеттер тарихының аясында баға беруіміз керек.

Б.з.б. III ғасыр мен б.з. III ғасырында Жетісуда Усунь (Үйсін), Оңтүстік Қазақстанда Кангюй (Қаңлы) мемлекеттік типіндегі бірлестіктер қалыптасып дамығандығын археологиялық дереккөздері анықтап отыр. Аталмыш мемлекеттердің тұрғындары мал шаруашылығымен қатар егіншілікпен де айналысты. Кангюй аумағында стационарлық баспаналары шикі (қам) кірпіштен тұрғызылған бекіністі қоныстар болды, қала салу ісі дамыды. Усуньдер мен кангюйлер мекендеген аумақтан жүздеген қоныстар мен қалалардың ашылуы бұрын бұл мемлекеттер көшпенді өмір салтын кешті деген қалыптасқан пікірді жоққа шығарады. Отырықшылық пен көшпелілік, егіншілік пен мал шаруашылығы бұл мемлекеттердің ұйытқысы (негізі) болды.

Көшпелі және отырықшы халық арасындағы экономикалық байланыстар жан-жақты сипатта дамығандығы анықталып отыр, өйткені мал және егіншілік өнімдері, қолөнер бұйымдары тұрақты түрде айырбасқа түскен еді. Айталық, даладан оазистерге (жазираларға) әскери іс жетістіктері, қару-жарақ, ат әбзелдері жеткізілсе, қалалық орталықтар мен жазиралардан далаға сәндік заттар, мата, бағалы бұйымдар апарылды. Оазис (жазира) пен дала шекараларында орналасқан бірқатар қоныстар көшпелілерге арналған белгілі бір бұйымдар түрін жіберіп тұруға маманданды.

Көшпелілер мен егіншілердің байланысы біртұтас әлеуметтік-экономикалық құрылым шеңберінде орнағандығы, ал малшылар мен отырықшы халық белгілі бір саяси немесе этносаяси бірлестік негізін құрағандығы толымды түрде дәлелденіп отыр.

Археологиялық ескерткіштер көрсеткеніндей, ерте орта ғасырлар кезеңінде отырықшы кангюй қоныстарының негізінде Сырдария өңірінде қалалардың қалыптасуы жүріп жатты. Мұндағы қала мәдениеті жергілікті отырықшы мәдени дәстүрлер мен дамуы жоғарырақ деңгейде тұрған Соғды қала мәдениетінің инновациясын бойына сіңірген болатын. Қазақстанның

оңтүстігі мен Жетісуда соғды эталоны, соғды үлгілері кеңінен тарала бастайды. Белгілі бір дәрежеде бұлардың таралуына соғдылықтардың халықаралық сауда жолдарының бойында орналасу үрдісі де өзіндік әсерін тигізген еді.

Бұл уақыттарда Орта Азиядағы қала мәдениетінің дамуына Шаш, Усрушан, Ферғана, Тохарстан секілді жазиралар мен қалаларға орныққан түріктер мәдениеті де күшті ықпалын тигізе бастаған болатын. Түрік-соғды мәдени синтезі деп аталатын Батыс түрік және Түргеш қағанаттар жүйесіндегі ерекшелік не себепті осында орын алғандығын және де оның Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жерінен мейлінше жарқын үрдістері көрініс табатындығын толымды түрде айғақтайтын дәлелдер керек екендігін айта кеткен жөн.

Дамыған және кейінгі орта ғасырлар кезеңінде де мал өсірушілер мен отырықшы халық арасында орныққан өзара байланыстар процесі – тарихтың ерте кездеріндегі экономикалық және мәдени байланыстар аясындағы заңды құбылыстары бойынша сипатталынады, мұндай саяси бірлестіктердің бірі Қарахан әулетінің мемлекеті болды. Қала мен дала мұнда екі антогонистік әлемді емес, оның экономикалық базасын құраған еді. IX ғасыр мен XIII ғасыр бас кезі аралығында Орталық Азиядағы қалалардың өсуі көп ретте көшпелілердің отырықшылыққа көшу үрдісімен байланысты болды. Олар қала мәдениетіне көптеген далалық элементтерді алып келді, нәтижесінде бұл уақытта өзіндік қала мәдениеті қалыптасқан еді.

Көшпелілер мен қалалықтардың мәдени және экономикалық байланысы кейінгі уақыттардағы Ақ Орда, Моғолстан мен Қазақ хандығының даму тарихын зерттеген кезде де байқалады.

Кейінгі ортағасырлық Отырар, Түркістан, Сайрам, Сауран, Сығанақ пен Созақ секілді қалалар көшпелілер мен отырықшылар арасындағы экономикалық байланыстардың орталығы болды, мұнда тек қана Оңтүстік Қазақстан қала тұрғындары мен Сарыарқа көшпенділері ғана емес, сонымен қатар Орта Азия, Еділ бойы, Шығыс Түркістан халықтары да мәдени айырбас пен сауда қатынастарын жүргізді.

Сөйтіп, Қазақстан археологиялық ескерткіштерін зерттеу түрлі мәдени дәстүрлердің өзара байланыстарының үрдісін қалпына келтіруге септігін тигізеді деуге болады. Сонымен қатар ол Қазақстан аумағы тарихи-мәдени тоғысу орталықтарының бірі болғандығын, көшпелі және отырықшы халықтың өзара әрекеттесуі мәдениеттерді байыта түскендігін дәлелдейтін базаны кеңейте түседі. Дәл осындай тоғысу шегінде Қазақстан халықтары мәдениетінің жетістіктері де жатқандығы анық.

Мәдениеттер диалогының жолы болған Жібек жолының рөлі де анықталып келеді. Ол ежелден Батыс пен Шығысты, Азия мен Еуропаны байланыстырып, еуразиялық идеяның негізін қалады. Қазақстан осы мәдени байланыстардың өзіндік көпірі мен ретрансляторы болғандығын да археологиялық материалдар дәлме-дәл көрсетіп отыр. Дәл осы Қазақстан қалаларынан түрлі діндер жайын айғақтайтын заттар кездескен, ондағы

мәдени эталондар, этностар қалдырған жарқын қалалық мәдениет өркениетіне тән дәстүр жаңа дәуірде де көрініс тапқан.

Археологияның Каир мен Бағдаттан Жетісу мен Шығыс Түркістанға дейін созылып жатқан ислам мәдениетінің бір бөлігі саналатын X-XII ғасырларға жататын дамыған орта ғасырлардағы Қазақстан қала мәдениетін зерттеудегі рөлі де зор. Оған тән «мұсылман ренесансы» түсінігі ортағасырлық Қазақстанды да түгелдей қамтыған еді.

Тарихи терминология мен дефиницияларды нақтылау да өзекті мәселелердің бірі болып табылады. «Мифологияны», «эпосты» және «аң стилі» (аң табы) жетістіктеріне жатқызылатын «көшпелі мәдениет», «көшпелі өркениет» терминдері айтарлықтай ыңғайлы емес сияқты. Дұрысы «далалық мәдениет пен өркениет» туралы сөз қозғаған жөн, бұл тек қана көшпелілікті емес, отырықшылықты да, мал шаруашылығын ғана емес, егіншілікті де, қала тұрмысын да бейнелейді.

Көшпелілік – далалық шаруашылықтың, өмір мен тұрмыстың бір бөлігі ғана. Қазіргі таңда сақтардың, түріктердің, қазақтардың қоныстары мен қалалары белгілі болып отыр, мұның өзі дефиницияларды нақтылай түсу керек екендігін аңғартады.

Қазақстанның ежелгі тарихы жер астында «жатыр». Оның мұрағаты – археологиялық ескерткіштер. Ал бұл тарих пен мәдениеттің өте нәзік «куәсі» және «құжаты». Сондықтан да, археологияның деңгейін сипаттай келе, тарих пен мәдениет, сондай-ақ археология ескерткіштерін де қорғаудың жай-күйін жақсарта түскен абзал. Тәуелсіз Қазақстан парламенті 1992 жылы алғаш рет «Тарихи-мәдени мұраны сақтау және пайдалану туралы» Заңын қабылдады. Оның преамбуласында «Тарихи-мәдени мұра халық тағдырының маңызды куәсі, оның қазіргі және болашақтағы дамуының негізі мен міндетті жағдайы, бүкіл адамзат өркениетінің құрамдас бөлігі ретінде барлық қауіп-қатерден үнемі қорғалуы тиіс. Қазақстан Республикасында мұны қамтамасыз ету өнегелі борыш және осы заң бойынша барлық заңды және жеке тұлғалар үшін міндетті» деп көрсетілген.

Бірақ бүгінгі күнгі нарықтық экономикалық қатынастарға байланысты салынып жатқан электростансалар құрылысы, магистралды каналдар, игеріліп жатқан өңірлердегі суландыру жүйелері аймағындағы қарқынды шаруашылық құрылыстары әсерінен өткеннің жүздеген ескерткіштері қиратылып жатыр, ұлттың мәдени қоры талан-таражға түсіп жатыр. Сондықтан да мәдени мұраны қорғау мен пайдалану туралы бүгінгі күн талабына сай жаңа заңдар мен заңдық актілер қажет екендігі байқалады.

Әдетте, мәдени мұраның көп түрлілігі мен бағалы қазынасы өркениетті қоғамның негізі, ұлттық және мемлекеттік сана-сезімнің интеграциялық құрауышы болып табылатындығы белгілі. Кең мағынадағы «мәдени мұра» өнегелілік нормаларды анықтайтын діл, мінез-құлық стереотипін, фольклорлық жүйедегі әлемдік бейнелер мен кезбе сюжеттерден музыкалық үлгіге дейінгі құндылықтарды қамтиды.

Мәдени мұраның заттық блогы халықтың материалдық зердесі іспеттес. Бұл блоктың маңызды бөлігін археологиялық мәдени мұра құрайды. Ол

замоктар мен қамалдардың қирандылары, жайылып кеткен жерлеу обалары, көне қоныстар мен қалалар қалдықтары, көздің жауын алатын монументтік құрылыстар секілді барлық археологиялық ескерткіштердің түрлерін қамтиды. Кәсіби мамандар тарапынан тиісті деңгейде қазылған және музейлендірілген олар өткен ғасырлар мен халықтар жайлы ақпараттар легін көрсетеді. Әлі зерттелмеген ескерткіштер адамзаттың мызғымас материалдық зердесін көрсететін баға жетпес ақпараттық қорды құрайды.

Өркениетті елдер мәдени мұраны қорғау мен пайдалану мәселелеріне үлкен ыждахаттылықпен қарайды. Дамыған елдерде тұрмыс деңгейінің жоғары болуы көпшілік туризмнің дамуына, бүкіл туристік индустрияның қалыптасуына экономикалық жағынан дем береді. Соған байланысты тиісті заңнама жетілдіріліп, оны ұйымдастырудың тиімді жолдары қарастырылуда. Барлық ежелгі нысандарды тақ меншігі деп жариялаған 1666 жылғы Швеция королінің указы әлемдегі алғашқы заңнамалық акт болып саналады. Одан бергі уақытта мәдени мұраға қатысты заңнамалық негіз халықаралық қауымдастық, соның ішінде ЮНЕСКО бағыты бойынша жетілдіріле түсті.

Мәдени мұра мен оған парасаттылық тұрғысынан қарау өркениетті қоғамның көрсеткіші іспеттес. Негізінен бұл заң шығару жағдайына да, өнегелілік көңіл ауанына да тиесілі. Бұл жерде Дания үлгісіне тоқталып кетуге болады. Мұндағы археологиялық ескерткіштерді қорғауға байланысты шыққан заңдар арасынан 1969 жылы қорғау мен қаржыландыруды нақтылап берген Мемлекеттік актінің мәні зор. Осы құқықтық және қаржылық негізде Даниядағы шаруашылық қызмет аясында 400-ден 500-ге дейін түрлі көлемдегі, бірақ елдің ұлттық игілігін сақтау мен зерттеуге мүмкіндік беретін қазба жұмыстары жүргізіледі. Қоғам психологиясында орныққан өнегелілік те тәнті етеді. Көненің көздері ұлттық мақтанышқа айналған, ал оларға ұқыппен қарау қоғамдық ділге интеграциялық құрауыш ретінде енген.

І-тарау

ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫН ЗЕРТТЕУ ТАРИХЫНАН

Қазақстанның археологиялық ескерткіштері туралы алғашқы мәліметтер ортағасырларлық қытай, араб, парсы тарихшылары, географтары мен саяхатшыларының еңбектерінде кездеседі. Олар өз еңбектерінде өздері тікелей көзімен көрген немесе өздеріне айтылған әңгіме бойынша мәлім болған қалалар мен қоныстардың жұрттарын, ғажайып туындыларды, бейнелерді айтып өтеді.

Жаңа заманда Қазақстанның өткендегісін ғылыми зерттеуде І Петрдің көне мұраларға ұқыпты қарауға, оларды суреттеу мен жинауға әмір берген жарлықтары, сондай-ақ оның бастамасы бойынша Сібірді және Ресейге іргелес жатқан Қазақстан жерін зерттеу мақсатымен қолданылған шаралар маңызды рөл атқарды. Осы әрекеттер нәтижесінде 1701 жылы Тобыл боярының ұлы С.Ремезов жазған «Чертежная книга Сибири» («Сібірдің сызба кітабы») жарық көрді. Онда географиялық деректермен қатар, қазақ сахарасының археологиялық ескерткіштері туралы мәліметтер де жинақталған.

Сібірге бірінші академиялық экспедиция көрнекті ғалым Г.Ф.Миллердің басқаруымен 1733 жылы ұйымдастырылды. Бұл экспедиция материалдарында Сібір мен Қазақстан археологиясына қатысты қызықты мәліметтер келтіріледі. Экспедиция құрамында өз заманының белгілі ғалымдары – профессор Г.Ф.Миллер, И.Гмелин, Л.Делаклоер, геодезистер А.Красильников, А.Иванов, Н.Чекин, М.Ушаков болған еді. Кейінірек оларға Сібірдің атақты тарихшысы И.Фишер қосылды. Экспедиция маршруты Тверь, Қазан, Екатеринбург қалалары арқылы жүрді. Тобылдан саяхатшылар Тара, Железинск, Ямышев, Семей бекіністері арқылы Өскеменге, одан Барнаул, Кузнецк арқылы Сібірге барды. 1740 жылы И.Гмелин Солтүстік Қазақстан болып, одан ары Жайықтың (Оралдың) жоғарғы ағысына дейін жетті. И.Гмелин еңбектеріне қарағанда, ол Қазақстан археологиясына қатысты қомақты материалдар жинақтаған, бірқатар ескерткіштердің сипаттамасын жасап, суреттерін салған.

Г.Ф.Миллер Ертіс бойында кең көлемді археологиялық барлау жүргізді, Ямышев бекінісінің аудандарында мен Өскемен маңындағы Үлбіде қазба жұмыстарын ұйымдастырды, оның қызметкерлері Ертіс алабындағы Қалбасын мұнарасы, Семь палат (Семей), Абылайкит замоқтары секілді көне құрылыстарды есептеп шығып, суретін қағазға түсірді.

1768-1774 жылдары Еділ бойы, Орал, Сібір мен Қазақстан халықтарының тарихын, географиясы мен этнографиясын зерттеу мақсатымен ұйымдастырылған екінші академиялық экспедиция Қазақстанда археологиялық зерттеу ісін жалғастырды. Экспедиция жұмыстарына өз заманының аса көрнекті ғалымдары П.С.Паллас, И.П.Фальк, И.Г.Георги, П.И.Рычков, Х.Барданес қатысты.

П.С.Паллас өз кезегінде И.Гмелин мен Г.Миллер жазған ескерткіштер туралы толымды сипаттама беріп, тарихи-мәдени талдау жасады. И.П.Фальк Солтүстік және Орталық Қазақстанда саяхаттады. Оның мұрағатында Қазақстанның тарихи топографиясы, археологиясы мен ескерткіштер тарихы туралы қомақты материалдар сақталуда.

И.П.Фальк экспедициясының белсенді мүшелерінің бірі Х.Барданес болды. Бұл Петропавлдан Аягөзге дейінгі Орталық Қазақстанды басып өткен алғашқы ғалым еді. Ол қазақ сахарасында қирағанына ұзақ уақыт бола қоймаған қалалардың көп екендігін айтады. «Аягөз өзені маңында қырғыздар (қазақтар) Ксу-Көрпеш (Қозы-Көрпеш) деп атайтын тастан тұрғызылған үлкен ғимарат қалдықтары көрініп тұр» - деп жазады.

Қазақстан географиясын, тарихи топографиясын мен археологиясын зерттеуге П.И.Рычков та мол үлес қосты. Оның бірқатар еңбектерінде, әсіресе «Топография Оренбургская» атты шығармасында археология сауалдары қамтылды. Ол алғашқылардың бірі болып «Татагай, Жубан-Ана, Белян-Ана» атауларымен белгілі «көне қалалар мен құрылыстардың» сипаттамасын жасады, және де баянауылдық үңгірлерге ғылыми бағасын берді. П.И.рычковты ежелгі кен өндіретін, соның ішінде мыс, қорғасын және қалайы кентастарын қорытатын орындар қызықтырған еді.

1771 жылы Н.П. Рычковтың Торғай мен Есіл далаларына жасаған сапарында жазған күнделігінде қызықты материалдар ұшырасады. Н.П.Рычков Ұлытау мен Атбасар аудандарындағы ескерткіштерді сипаттап берді, Есіл өзені бойындағы орасан зор үйінділер туралы айтып өтеді.

Ол Қараторғай өзені аңғарындағы алып обалардың кескініне таң-тамаша болып: «ежелгі халықтардың бейіті жай топырақпен үйіліп, 15 саженьнен асатындай биіктікке көтерілген, қоршауы 135-тей саженьге жетеді» деп жазған. Бұл құрылыстардың Н.П.Рычков қалай тұрғызылғандығына түсінбей әрі таңданыс білдіріп: «Мұндай алып құрылысты салу үшін қаншама адамдар қажет» деп жазды. Ол бұл обалардың мерзімін дәл анықтай алды, «обалар скиф патшасы немесе батырының құрметіне тұрғызылған» деп есептеді. Торғай өзенінің жоғарғы ағысы мен Арғанаты тауларынан Н.П.Рычков ескерткіштердің басқа түрлерін, соның ішінде көне қала мен ежелгі құрылыс қирандыларын да ашқан болатын. Оның жазбаларына қарағанда, қала ор мен жалмен қоршалған бекініс болып табылады: ол «төрт бұрышты замок іспеттес... Шығыс жағынан әлі күнге дейін ағаш қақпалардың орны көрініп тұр», қақпа бекініс ішіне қарай жолды бастайды. Бұрынғы тереңдігін жоғалтқан әрі қазіргі күні жайылып кеткен жал мен ор бұл орынның көнелігінен хабардар етеді. Қала үстінде черепицалар мен тастардың қалдықтарды көптеп жатыр».

XVIII ғасыр соңына қарай саяхатшылар Орталық Қазақстанды жиірек аралай бастады. Капитан И.Г.Андреев, тау-кен ісінің шенеуніктері М.Поспелов пен Т.С.Бурнашев (1800), Ф.Назаров (1813), Н.И.Потанин (1829), т.б. жүру бағыттары (маршруттары) мәлім. Олар өз жазбаларында белгілі бір дәрежеде қазақстан археологиясының сауалдарын да қамтып отырды. Каптиан И.Г.Андреевтің еңбектерінде Қазақстанның этнографиясы,

географиясы, тарихы жайлы мағлұматтардан басқа, Семей, Шыңғыс және Қарқаралы аудандары, тіпті Жетісу жеріндегі археология және тарихи топография туралы қомақты материалдар кездеседі.

1800 жылы Ямышев бекінісінен Қарқаралы, Сарысу далалары, Шу өзенінің төменгі ағысы арқылы Ташкентке тау-кен ісінің шенеуніктері М.Поспелов пен Н.Бурнаше өтті. Олар: «Қайсақ (қазақ) даласының көптеген жерлерінде, әсіресе Нұра өзені маңында ежелгі халықтардың обалары бар... Қайсақтардың (қазақтардың) мәлімдеуінше, олардың кейбірінде металдан жасалған заттар ұшырасады» - деп жазады. Бұлар сипаттаған ескерткіштердің тағы бір түрі «жерге кіріп тұрған, ер адам мен әйел адамдардың бет-пішіні дәрекі түрде салынған үлкен гранитті тастар (мүсіндер)» болып табылады.

Торғай даласы мен Аралдың солтүстік маңындағы кейбір археологиялық мәліметтер Бұхара хандығына барған (1803-1804) Гавердовский мәліметтерінде айтылады.

Сібір корпусы бөлімінің тілмәші, кезінде қокандық елшілерді алып жүрген Ф.Назаров та Орталық Қазақстанның археологиялық кешендері жайлы мәлімдейді. Ол Қаратау жотасындағы ескерткіштерге сипаттама жасады, Шымкент қаласын сипаттап берді.

Қарқаралы мен Шығыс Бетпақдала арқылы Семейден Созаққа дейін келген Н.И.Потаниннің де көрген-білгендері үлкен қызығушылық танытады. Ол Көкшетау, Темірші және Қызыл-Арай тауларынан тас мүсіндерді, чуд молаларын, немесе қола дәуірі ескерткіштерін, сонымен қатар Беғазы типіндегі алып тас қоршауларды көрген болатын.

XIX ғасырдың бірінші жартысында жаңа әкімшілік округтардың құрылуына байланысты Ресейдің шеткі аймақтарындағы, жекелей алғанда Орталық Қазақстан жеріндегі көненің көзіне деген қызығушылық арта түсті. Мұндай сауалдармен, негізінен, С.Б.Броневский, Л.Н.Герн, В.Старков, М.Красовский, т.б. офицерлер мен шенеуніктер айналысты. Қазақстан мен Алтайдың археологиялық тұрғыдан зерттелуі бұл аудандардың геологиялық ізденістерімен тығыз байланысты болды. Б.Ф.Герман, И.П.Шангин, Г.Розе, В.Ледебур, А.Гумбольдт секілді тау-кен инженерлері мен геологтар еңбектерінен Орталық Қазақстанның археологиясы бойынша мол материал табуға болады. Геологтарды ежелгі кен орындары, мыс пен қалайы өндеген жерлердің үйінділері, тас қашаған орындар, үңгірлер, жартас суреттері, көне суландыру жүйелері қызықтырған еді.

Орталық Қазақстанның ескерткіштерін сипаттап берген, мұнда түрлі дәуірге жататын археологиялық ескерткіштерді кездестірген тау-кен ісінің инженері И.П.Шангин жазбалары да қызығушылық тудырады.

Қола дәуірінің көптеген ескерткіштерін И.П.Шангин қазіргі Көкшетау өңіріндегі Байқошқар тауларынан тапқан. Имантау тауларынан кен орындарын ұшырастырған.

И.П.Шангин Есіл өзені алабында орналасқан бекіністік құрылыстарды мен қоныстарды да сипаттайды. Есілге құятын Аққайрақ өзенінен ол алты ежелгі бекіністі кездестірген.

Ол өзінің айтуы бойынша, Нұра өзенінен «бірқатар ежелгі архитектуралық құрылыстарды, соның ішінде Ботақай (Ботағай) сынды көне қала үйіндісін» ұшырастырған.

Шығыс көне жәдігерлерін жинақтаушылардың бірі Г.И.Спасский болды. Ол Сібір мен Қазақстан археологиясы жайлы көптеген қызықты мақалалар жариялады, еңбектерінде дала тайпаларының мәдениеті, ескерткіштер типтері жайлы ойлар айтылып, олардың сыныптамасы жасалынды.

Г.И.Спасскийдің көпжылдық ізденістері «О достопримечательнейших памятниках сибирских древностей» атты еңбегінде қорытындыланды, онда ол дала тайпалары мәдениеттерінің шығу тегі туралы өз көзқарасын баяндады және тас мүсіндер мен тасқа қашап түсірілген жазулар секілді ескерткіштер типтеріне анықтама жасады. Оның әлемге мәшһүр еңбегінің бір тарауы Қазақстан мен Сібір аумағынан табылған ежелгі жазбаларды сараптауға арналды. Онда археологиялық ескерткіштерді, жазуларды, жартас суреттерін, тас мүсіндер мен өзге де көне мұраларды қорғауға байланысты да сауалдар көтерілді.

Г.И.Спасский көптеген орхон және ұйғыр жазуларын ашқан, олардың тоғызын Ертістегі үңгірден, Бұқтармадан 12 км жерден және Зырьян кен орны маңынан тапқан. Кейбір руникалық жазулар туралы оған корреспонденттер айтқан болатын. Жазулардың бір бөлігін ол оқыту үшін шығыстанушы Абель Ремюзаға жіберген. Ертістен табылған орхон жазуы туралы Абель Ремюза пішімі бойынша солтүстік рунаға жақын және олар қытайлық деректемелерде «усунь атауымен белгілі болған және Христос туылғанға дейін 100 жыл бұрын Ертіс пен Зайсан көлінен батысқа қарай қоныстанған» халыққа тиесілі екендігі сөзсіз деп айтқан болатын.

Белгілі шығыстанушы-археолог П.С.Савельев еңбектерінен де бірқатар қызықты жайттарды кездестіруге болады. Оның айтуынша, «Маңғыстау ілкіде Хорезм мен Итиль арасында маңызды пункт болған. Маңғыстауда тастан тұрғызылған бекіністер, ғимараттар мен жерлеу ескерткіштерінің қалдықтары сақталған». П.С.Савельев XII-XIII ғасырларға жататын жазулар мен рулық таңбалар мәнін ашумен де айналысты.

1840-1843 жылдары географиялық, ботаникалық және топографиялық зерттеулер жүргізген академик А.И.Шренк экспедициясы Орталық Қазақстан тарихи ескерткіштері жайлы құнды материалдар жинастырды.

Қазақстан археологиясы жөнінде көптеген мағлұматтар С.Б.Броневский жазбаларында да бар. Ол Қарқаралы мен Аягөз округтеріндегі тарихи ескерткіштерге көп көңіл бөлді.

С.Б.Броневский белгілі Қызылкен замогын қарап шығып, оның толымды сипаттамасын жасады. Бұл әктас ерітіндісі арқылы дала тастарынан тұрғызылған екі қабатты ғимарат еді, оның жоспары айқыш (крест) тәрізді тұрпатта болып келді. Ғимараттың қабырғалары сыланған, жоғарғы қабаты төрт ағаш ұстын (колонна) арқылы бекіген, айналып өтетін галерея мен маңдайша қабырғасы (фронтон) болған еді. С.Б.Броневский ғимараттың ағаш бөлігі, сонымен қатар ұстындары қызыл бояумен сырланғандығын анықтады.

Сөйтіп, ХІХ ғасырдың орта шеніне қарай, негізінен, Орталық, Солтүстік және Шығыс Қазақстан бойынша едәуір материал жинақталды.

Бұл кезең үшін мақсатты зерттеулер нәтижесінде емес, көбіне кездейсоқ, жол-жөнекей алынған *мәліметтердің бастапқы жинақталу* (қорлану) фактісін атап кетуге болады. Қазба жұмыстары жайлы да байсалды сөз айтуға болмайды. Кейбір зерттеушілер обаларды қазып көрді, әйтсе де қазба жұмыстарының әдістемесін меңгермегендіктен, алдарына нақты мақсат-міндеттер қоймай, тек заттарды жинаумен ғана шектелді. Дегенмен, ескерткіштерді тіркеу, олардың картасын жасау, белгілеу фактілерінің атқарылғандығы белгілі, олар істеген жұмыстың құндылығы да міне осында. Бұл салада сол кезде атқарылған жұмыстардың көпшілігі әлі маңызын жоғалтқан жоқ. Қазақстан археологиясындағы осы уақытты бастапқы кезең ретінде сипаттауға болады.

ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ даласындағы көненің көздеріне Археологиялық комиссияның, Тарих музейінің, Мәскеу археологиялық қоғамы мен орталықтағы басқа да ғылыми мекемелердің назары ауа бастады. Құрамына Сырдария (Түркістан) және Жетісу облыстары кірген Түркістан генерал-губернаторлығының құрылуына байланысты жаңа өлкеге, соның ішінде оның өткеніне ден қою күшейе түсті.

Ш.Ш.Уәлиханов Қазақстанның археологиясын зерттеуге мол үлес қосты. Ол Шеңгелдінің қираған үйіндісін, Шілік өзені бойындағы қаланы сипаттап, Талғар қаласына тоқталып өтті. Ш.Ш.Уәлихановтың Жетісу археологиялық ескерткіштеріне зор қызығушылық танытып, осы тақырыпта арнайы еңбек жазуға талаптанды. Қазақстанның тарихи ескерткіштеріне қатысты оның көзқарастары «Географический очерк Заилийского края», «Дневник поездки на Иссык-куль» мен «Очерки Джунгарии» сынды еңбектерінде көрініс тапты. Бұл жұмыстарында автор ескерткіштердің ең басты типтерін анықтауға ұмтылды. Оның ойынша, Орталық Қазақстанда қазір иесіз қалған көне кен орындары (жезді-Кеңгір маңында), егістіктер (Түндігүр шатқалы), плиталары құрастырылған және тігінен қойылған қоршаулар, тас мүсіндер, үлкен обалар, ерте орта ғасырларға жататын архитектуралық құрылыстыр секілді ескерткіштердің кешені ұшырасады.

Жетісу ескерткіштерінен Ш.Ш.Уәлиханов көне қалалық қоныстарға ерекше тоқталып, олардың тарихи-мәдени маңызына мән берді, табылған қыштан жасалған су құбырлары, монеталар (мәнеттер) туралы жазды.

1862 жылдан бастап Қазақстанда В.В.Радлов археологиялық жұмыстар жүргізе бастады, алғашқы ғылыми негіздегі қазбалар оның есімімен тығыз байланысты. В.В.Радлов Солтүстік-Шығыс Қазақстан мен Сібірдегі ертедегі ескерткіштерді топтау және кезеңге бөлуді ұсынды. Бұл аудандар мәдениетінің тарихын ол мыс және қола ғасыры, көне темір ғасыры, жаңа темір ғасыры мен ертедегі орта ғасырлар кезеңдеріне бөлді. Алтайдағы тоң басқан ескерткіштерді, соның ішінде Берел қорымындағы обаларды ашып, қазба жұмыстарын жүргізу де В.В.Радлов еншісіне тиесілі, оның тоң астындағы ескерткіштерден алған жарқын материалдары жариялауы Алтайдағы «мұз құрсаулы обаларды» зерттеуге тың серпін берді.

Ғалымның еңбектері Қазақстан археологиясының дамуындағы ілгері басқан үлкен қадам болды.

1867 жылы Археологиялық комиссияның тапсыруымен орыстың белгілі шығыстанушысы П.И.Лерх Түркістан өлкесін зерттеді. Ол Сырдария бойындағы Сауран, Сығанақ қалаларының қирандыларын қарап шықты, Талас алқабының бірқатар қалаларының орындарында болды, Жанкент қалашығында қазба жүргізді. Өзі кездестірген ескерткіштерді тіркеумен, мұқият сипаттаумен қатар, ол жазбаша хабарларды іріктеп, олар туралы үзінділерді талдады және түсініктеме беріп кетті. Жазбаша дерек көздерін өзі тапқан археологиялық олжалармен салыстырып, қираған орындарды нақты тарихи қалалармен баламалады.

Археологияның дамуындағы үлкен бетбұрыс оқиға 1893-1894 жылдары В.В.Бартольдтың іс-сапармен осы аймаққа келуімен байланысты болды. Ол Шу мен Талас алқабының, Ыстықкөл қазаншұңқыры мен Іле өзені алқабының ескерткіштерін көріп шығады. Оның «Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью» («Ғылыми мақсатпен Орта Азияға сапар туралы есеп») еңбегі осы кезге дейін тарихи ақпараттың ғаламат үлгісі болып қалып отыр. Көптеген жазбаша дереккөздеріне сүйеніп В.В.Бартольд зерттеген ауданының тарихи-топографиясын суреттеді, археологиялық жағынан болашақтағы мәні зор ескерткіштерді анықтады және оларды ортағасырлық белгілі қалалармен сәйкестендірді. Ол Верный қаласының ауданындағы қалалық мәдениеттің ілкідегі қайнар-бастауларын атап өтеді. В.В.Бартольдтың осыдан кейінгі еңбектері Орта Азия мен Қазақстан халықтарының өткен тарихының бет-пердесін ашып берді. Оның іргелі ізденістері көптеген қалалардың тарихи топографиясын, олардың локализациясын, ежелгі және орта ғасырлардағы тарихи оқиғалардағы рөлін, түрік-соғды байланыстары тұсындағы қалалардың қалыптасуы мен дамуы тарихын зерттеуге негіз қалады. 1895 жылы Ташкентте құрылып, жергілікті зиялылардың өлкенің өткеніне, оның тарихына, сәулет және өнер ескерткіштеріне ден қоятын өкілдерін, әскери адамдарды, шенеуніктерді, өткенге қызығушылық танытатындарды біріктірген Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесінің ұйымдастырылуы да В.В.Бартольд есімімен байланысты.

Қоныстар мен қалалардың қирандылары, қорымдар, жартас суреттері, жазулар, мазарлар, эпиграфиялық және нумизматикалық материалдар, тас мүсіндер секілді нақты археологиялық ескерткіштер, ежелгі суландыру сауалдары үйірме отырыстарында көтеріліп тұрды. Үйірме мүшелері ескерткіштерге қазба жұмыстарын жүргізді. Үйірме қызметінің нәтижелері Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесі Протоколдары (ПТКЛА) сынды арнайы басылымдарда жарияланды.

Қазақстан аумағында 1904 жылы Түркістан үйірмесінің мүшелері К.А.Кларе мен А.А.Черкасов Отырар қалашығында қазба жұмыстарын жүргізді. Олар тереңдігі 2 м-ге дейін жететін траншея түсіріп, қазбадан керамика топтамасын, XVI-XVIII ғасырларға жататын монеталарды аршып алады. Қазақстанның көне мұрасын зерттеумен айналысқан үйірменің

белсенді мүшелері арасынан В.А.Каллаур, Н.Н.Пантусов, Н.П.Остроумов, Ә.Диваев, И.В.Аничков, А.А.Семеновты ерекше атап кетуге болады.

Николай Николаевич Пантусов Петербург университетіндегі шығыс тілдер факультетін тәмәмдап, шығыстанушы мамандығын алған еді. Ол араб географиялық әдебиеті туралы «С обозначением, как далеко простирались сведения арабских географов в глубь Средней Азии и какого достоинства эти сведения» атты шығармасы үшін алтын медальмен марапатталған болатын.

Н.Н.Пантусов «студенттік кезден бастап-ақ үлкен үміт күттіргендер» қатарына енген. Бірақ, университетте профессорлық атақ алу үшін дайындыққа қал деген ұсынысқа қарамай, Түркістан өлкесіне қызметке шақыруды құп алады.

1872 жылдың қыркүйегінде Н.Н.Пантусов Түркістан генерал-губернаторлығына жіберіліп, Жетісу облысындағы әскери генерал-губернаторында ерекше тапсырмалар бойынша шенеунік болып тағайындалды. Бұл қызметте ол 1908 жылға дейін болды.

Өз қызметін мүлтіксіз атқарған Н.Н.Пантусов тарих пен археологияны, нумизматиканы, этнографияны, лингвистиканы да зерттеумен айналысты. Н.Н.Пантусов Императорлық археология комиссиясының өкілі және Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің белсенді мүшесі болды.

Археология тарихында Н.Н.Пантусов есімі ең алдымен христиандық несториандық тастан жасалған құлпытастар мен оларға жазылған жазуларды Жетісудан тауып, зерттеуімен кеңінен танымал.

Жетісу облысындағы әскери губернатор шенеунігі болғандықтан, Н.Н.Пантусов көптеген жерлерді аралады.

Мәселен, Алтын-Емел болыстығына барған сапарында зерттеуші «оба, жартас жазулары мен суреттері» секілді «көненің көзі болып табылатын ескерткіштердің мол» екендігін айтып өтеді, Алтын-Емел тауларынан Асан тауларына дейін созылып жатқан ор (ойық) туралы аңыз-әпсананы жазып алды, Алтын-Емел тауы мен болыстығының атауының шығу төркінін саралады.

Ол Теректі шатқалы мен Көксу өзенінің жағалауларын мұқият зерттеп шығып, архар, жылқы, ит ерткен аңшылар, т.б. бейнелері бар көптеген жартас суреттерін тауып, сипаттап шықты және бедерін түсірді. Жол сапарларының бірінде Н.Н.Пантусов Таш-Рабат қирандыларын көреді де, оның толымды сипаттамасын және топографиялық жоспарын түсіріп, оны «құрылысшы бастапқыда үлкен етіп тұрғызуды ойлаған, бірақ құрылысы бітпей қалған» деп жазады.

1889 жылы Археологиялық комиссияның тапсырмасымен Н.Н.Пантусов үш оба қазады: олардың екеуі Көктем (Весновка) өзенінің оң жағалауынан, біреуі Қарасу мен Үлкен Алматы өзендерінің аралығынан қазылған еді. Ол 1890 жылы әскери инженер П.С.Нечогиннен алынған мәліметтерді тексеріп көру үшін Қызылағаш шатқалынан (Қапал қаласынан солтүстік-батысқа қарай) бірнеше оба қазады және Байқұлақ тауларының құздарындағы және Қаріпше шатқалындағы жартас суреттерін қарап шығады.

Н.Н.Пантусовтың ерен еңбектерінің бірі ретінде археологиялық ескерткіштерді қорғауға күш салуын айтуға болады.

Ірі шенеунік В.А.Каллаур да көненің көздерін қажымай зерттегендердің бірі болды. Түркістан археология әуесқойларының үйірмесі жұмыс жасаған алғашқы жылдан бастап-ақ В.А.Каллаур оның тұрақты мүшесі болып, жыл сайын Талас алқабы мен Сырдария аудандарындағы жаңа да қызықты көптеген мағлұматтарды жариялап тұрды.

В.А.Каллаур тарихи топография мен топонимика бойынша материалдар жинастырды, ескерткіштердің орналасуы мен атауларын ежелгі авторлардың еңбектерінде ұшырасатын орындар мен атаулармен байланыстырды. Бұл мағлұматтарды ол «Древние местности Аулие-Атинского уезда на древнем караванном пути на запад от Аулие-ата к границе Чимкентского уезда» атты мақалаларында жариялады.

Оған карта жасалып, онда сол кездегі орындар мен тұрғылықты мекендердің атауларымен қоса, жорамалмен ежелгі атаулары да берілді. Бұл жұмыс үшін ол Н.Ф.Петровский басып шығарған ежелгі араб сапарнамасын пайдаланды.

1900-1901 жылдары В.А.Каллаур Перовский уезіндегі Сауран және Приречный болыстықежелгі қалаларды, бекіністер мен обаларды картаға түсірді және де онда В.В.Бартольдтың пікірінше, алғаш рет Ашнас пен Сығанақ қалаларының орнын дәл анықталған еді.

В.А.Каллаур архитектуралық ескерткіштерге көп көңіл бөлді. Ол И.В.Аничковпен бірге Бесағаш ауылындағы ұстындарды (колонналардың) сипаттап жазды. Әулие-ата Қарахан, Ақ-Кесене, Көк-Кесене, Сырлы-там, Манас мазарларының да сипаттамасын жасады. В.А.Каллаур зерттеушілердің назарын Айша-биді мазарына аударып, халық арасындағы аңыз-әңгімелермен бұл ескерткіш жайлы мағлұматтарды толықтыра түсті.

1896 жылы қарашада ол ғылым үшін маңызды жаңалық ашты: Талас өзенінің жоғарғы ағысынан орхон жазулары бар тастар тапты.

Көне қалалар мен қоныстардың орнын қарап шығумен қатар В.А.Каллаур ежелгі суландыру құрылыстарын, соның ішінде Талас өзенінің төменгі ағысынан Қалмақ арықты, Сырдарияның сол жағлауындағы «Құтлықент, Майрам, Аққорған» қирандылары маңындағы суландыру жүйелерін, Көктал өзеніндегі бөгетті де қағазға түсірді.

Түркістан археология әуесқойларының үйірмесінің мүшесі Н.П.Остроумов Мамаевка кенті маңындағы монеталар қоймасын, Балықшы кентіндегі қабір үсті ескерткішін зерттеді, Жуантөбе қаласының жанындағы қорым обаларында, Таяқ-Салды және Альванкенд қалаларында қазба жүргізді.

Әбубәкір Диваев негізінен фольклорды зерттеумен айналысқанымен, археологиялық ескерткіштерге де назар аударып отырды. Ол Көк-Кесене мен Қорқыт-ата мазарлары туралы мақалалар жазды.

Археологиялық ескерткіштер жайлы қызықты мағлұматтарды үйірменің басқа мүшелері де хабарлап отырды: И.Т.Пославский Қаратау тас ғасыры құралдары мен Үшқарасу өзенінің жоғарғы ағысындағы тас мүсіндер

(балбалдар) туралы, Н.В.Руднев Сырдарияның сол жағалауындағы қалалардың қалдықтары жайлы, В.П.Лаврентьев Әулие-Ата төңірегіндегі ескерткіштер жөнінде, В.П.Панков Талас аңғарындағы үңгірлер мен обалар туралы мәлімдеді.

Солтүстік-Шығыс, Шығыс және ішінара Орталық Қазақстанның ежелгі ескерткіштерін Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімі, Семей әуесқой-өлкетанушылары, сондай-ақ 1883 жылы ұйымдастырылған Семей музейінің қызметкерлері зерттеумен айналысты.

Музейде Е.П.Михаэлистің белсенді әрекеттерінің нәтижесінде оның музейге тапсырған жеке топтамасының (коллекциясының) негізінде археология бөлімі ашылады. Музей топтамасын үздіксіз толықтырып отырғандар арасынан Ф.И.Альбрехт, В.Г.Герасимов, В.К.Галимонт, М.С.Сухотеринді ерекше атап кетуге болады.

Батыс-Сібір бөлімінің қызметкерлері көне ескерткіштер туралы мағлұмат жинастыру және қазба жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында жол сапарға шығып отырды. Бұл істе әсіресе Н.Коншин, В.Никитин, А.В.Адрианов, Б.Каменский, А.Белослюдов, Ф.Педащенко, В.Словцов қатты ынта-ықылас танытты.

Мәселен, Н.Коншин Павлодар мен Қарқаралы қалалары аралығындағы Семей облысының археологиялық ескерткіштердің тізімін түзді. В.Никитин Қарақаралы уезіндегі обалы қорымдар, жартас суреттері, тас мүсіндер және басқа да ескерткіштер жайлы мәлімдеді. Ол алғашқылардың бірі болып Семей облысы тарихына қатысты очерктер жазды, онда археологиялық материалдар да кеңінен пайдаланылған еді.

Отыз жылдай уақыт бойы Шығыс, кейіннен Батыс Сібір жерін А.В.Адрианов қажымай зерттеді. Ол ескерткіштерді тіркеу мен жан-жақты сипаттаумен қатар қазба жұмыстарын жүргізіп отырды. Кездестірген барлық ескерткіштерін зерттеуші оба, сақина тәрізді қаланды, бейнелі (фигуралы) қаланды, жазулар, тас мүсіндер, ежелгі кен орны секілді белгілі бір ескерткіштер тобына жіктейді де, бір жүйеге келтіріп, сипаттамасын жасайды.

1903 жылы Ф.Н.Педащенко Семей төңірегінен қызықты заттар топтамасын, соның ішінде тастан жасалған 72 дана, қоладан істелінген 54 дана, темірден дайындалған 8 дана бұйымдарды, көптеген қыш ыдыстардың сынықтарын жинастырып алады.

Орыс географиялық қоғамы Семей бөлімшесінің тапсырмасымен 1904 жылы Н.Коншин, 1909-1910 жылдары А.Л.Зуев Семей қаласының төңірегіне археологиялық барлау жүргізіп қайтты, Г.И.Бокий Шілікті өңірін аралап шықты.

1910 жылы В.Н.Каменский А.С.Белослюдов және В.Пилетичпен бірге Орта Азия мен Шығыс Азияны зерттейтін Орыс комитетінің қаражатына Семей облысындағы обаларды қазу үшін экспедиция ұйымдастырды, оның жұмысына сол кездегі тау-кен институтының студенттері Г.Бокий мен Н.Бобков қатысты. Ескерткіштерді қазу түрлі пункттерде жүргізілді: В.Каменский Кіші Қойтас шатқалында, Қызылсу және Қараөзек өзендерінде,

Қаражал кентінің төңірегінде; Н.Бобков – Үйгенбұлақ, Ашутасбұлақ пен Базарқа шатқалдарында; ал В.Пилетич Марқакөл көлінің маңы мен Күршім өзенінде болды.

1911 жылы В.А.Обручев Н.Н.Павловпен бірге Қалба жотасындағы ежелгі заманда алтын алған кен орындарын зерттеп шықты.

XX ғасыр бас кезінде археологиялық ескерткіштерді зерттеуге Орынбор мұрағат (архив) комиссиясы белсенді түрде араласа бастады. Оның мүшелері ескерткіштерді есепке алу мен сақтауға байланысты көптеген жұмыстар атқарды. Осы мақсатқа арналған арнайы анкеталар құрастырылып, мағлұмат жинастыру үшін жан-жаққа таратылды. Бұл есепке алынған ескерткіштер санын едеуір толықтыра түсті. Комиссия жанында музей жұмыс істеді, оның негізінде кейінірек Қазақстан Орталық музейі құрылды.

Мұрағат комиссиясының мүшелері арасында И.А.Кастаньені ерекше атап кетуге болады. 1904 жылы ол Жақсы-Қарғалы өзені алабынан (Ақтөбе қаласынан 45 км жерде) 6 оба, 1909 жылы 1 оба, ал 1911 жылы Ақтөбе уезінен 2 оба қазды да, қазба жұмыстары мен обалардан аршып алынған материалдарды толымды түрде баяндап берді. Сонымен қатар И.А.Кастанье көптеген қорымдарды, архитектуралық құрылыстарды, қоныстардың қалдықтарын қарап шыққан, зерттеген.

Осы кездері И.А.Кастанье 1910 жылға дейін белгілі болған Қазақстанның барлық археологиялық ескерткіштерінің толыққанды тізімін түзіп, сыныптамасын жасады. Әлі күнге дейін құндылығын жоғалтпаған оның «Древности Киргизской степи и Оренбургского края» атты еңбегінде Қазақстан көне мұрасын зерттеудің қорытындысы толымды түрде баяндалды.

Солтүстік-Батыс және Батыс Қазақстанды зерттеген басқа зерттеушілер арасынан Торғай мен Ақтөбе уездерінде қазба жұмыстарын жүргізген А.Л.Аниховскийді және де кездейсоқ табылған олжаларды жүйелі түрде хабарлап отырған И.В.Аничковты да атап кетуге болады.

Көптеген қоғамдар Ресей орталық археологиялық мекемесі болып табылатын Археологиялық комиссиямен тығыз байланыстар орнатты, бұл мекеме археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуге құқық беретін ашық парақтар берді және соңынан жұмыс қорытындыларын өз есептерінде жариялады. Комиссия атынан 1894 жылы В.Селиванов Көкшетау мен Атбасар қалалары маңында, 1898 жылы Г.Васильев Павлодар облысындағы Большая Владимировка селосы жанында, 1905 жылы Н.Козырев Ақмола облысында, 1911 жылы Ю.П.Аргентовский Петропавл қаласының төңірегінде, 1914 жылы Н.Я.Бортвин Петропавлдан оңтүстік-батысқа қарай 8 км жерде қазба жұмыстарын жүргізген. Кездейсоқ олжалар туралы мағлұматтар жүйелі түрде жарияланып тұрды, ал Археологиялық комиссия хабарларындағы қосымшаларда – түрлі қоғамдар жиналыстарында тыңдалған баяндамалар андатпасы (аннотациясы) және жергілікті газеттерде Қазақстан археологиясы жайлы берілген ақпараттар жарияланып тұрды.

Сөйтіп, *XIX ғасыр ортасынан 1917 жылға дейін созылған уақытты қамтитын Қазақстан археологиясындағы бірінші кезең* көзге айқын түседі.

1917 жылғы революциядан кейін археологиялық зерттеулер жалғастырылды, бірақ олар мемлекеттік негізде жүргізілді. 1919 жылы Санкт-Петербуркте Материалдық мәдениет тарихы академиясы, ал 1920 жылы Ташкентте Музей ісі мен көне ескерткіштерді, өнер мен табиғатты қорғаумен шұғылданатын Түркістан комитеті (Туркомстарис) құрылды. В.В.Бартольдтың ұсынысы бойынша, комитеттің ең таяудағы міндеті археологиялық карта жасау болды. Сөйтіп, ежелгі ескерткіштерді есепке алудың, зерттеудің, сақтаудың негізі қаланды.

Революциядан (төңкерістен) кейінгі алғашқы жылдардағы еңбектер ішінен археологтар П.П.Ивановтың Сайрамда және В.Д.Городецкийдің Жетісуда, Қазақстанның оңтүстігінде жүргізген ізденістерін, Орта Азия ертедегі тарихының ең ірі зерттеушісі М.Е.Массонның Сайрам қалашығы мен Түркістандағы Ахмет Ясауи кесенесі туралы мақалаларын атауға болады. Батыс Қазақстанда 1926 жылы М.П.Грязновтың Киргильд-1 және Киргильд-2 қабірлерін, Орал-Сай мен Құнанбай-сайды ашып, қазба жұмыстарын жүргізуі бай материалдар берді және андрон мәдениеті тек Батыс Сібірге тән деп орнығып келген тұжырымдаманы түбірімен өзгертті.

30-жылдары бірқатар ірі экспедициялардың зерттеулері республиканың көптеген аудандарын қамтыды.

Далалық ізденістер Павлодар аумағында да жүргізілді. Мысалы, П.Драверт Баян-ауыл (Баянаула) елді мекенінен солтүстік-батысқа қарай 7 км жерде орналасқан Жасыбай көлі маңындағы жазуы бар үңгірді қарап шықты. Көлдің шығыс жағынан ол өзектастар, пышақ тәрізді тілікшелер, жебе ұштары, қырғыштар, шлак кесектерінің топтамасын және мыс заттар жиыстырып алады. Мұндай материалдарды ол Сабынды көлінің төңірегінен де ұшырастырған, ал Баянауылдан оңтүстік-шығысқа қарай 5 км жерден көлемді обалар тобын кездестіргенін жазады.

1930 жылы Қазақстанның солтүстік облыстарындағы археологиялық зерттеулерді Б.Н.Граков жүргізді. Ақтөбе облысынан ол 500-ден аса ескерткіштер тауып, картаға түсірген, олардың басым бөлігі қола дәуіріне жатады.

Ақмола облысындағы жинақтау және тіркеу жұмыстарына Л.Ф.Семенов басшылық жасады.

1930-1936 жылдары Қостанай облысындағы Алексеев қонысы мен қорымында, ғұрыптық орында қазба жұмыстарын жүргізген О.А.Кривцова-Гракованың жұмыстарының ғылыми мәні жоары болды. Өзіне дейінгі әріптестеріне қарағанда О.А.Кривцова-Гракова бір кезеңге жататын жекелеген бірнеше ескерткіштерді тұңғыш рет қатар зерттеді, бұларды кешенді түрде зерттеу мұнда өмір сүрген тайпалар шаруашылығын, тұрмысын, материалдық және рухани мәдениетін толыққанды қарастыруға маңызды мүмкіндік тудырған еді.

1932-1933 жылдары П.С.Рыков жетекшілік еткен Материалдық мәдениет тарихы академиясының (Ленинград) экспедициясы Орталық Қазақстанда көне мұраны зерттей бастады. Экспедицияның М.П.Грязнов, М.И.Артамонов және басқалар мүшелері қола дәуіріне жататын қоныстар мен қорымдар,

скиф заманындағы обалар, XVII-XIX ғасырлардағы мола құрылыстарын тауып, зерттеді.

Орталық Қазақстан ескерткіштерін зерттеуге В.А.Селевин басқарған жаратылыстану-тарихи Бетпақдала экспедициясы (1935) да өзіндік үлесін қосты, ол сусыз далада кездескен шақпақтастан және металдан жасалған құралдары, қыш ыдыстары бар бірқатар орындарды анықтады, мазар секілді сәулет өнерінің ескерткіштерін қарап шықты.

1935 жылы КСРО Ғылым академиясы Материалдық мәдениет тарихы институтының С.С.Черников басқарған экспедициясы құрылып, ол 1937-1939 жылдары Шығыс Қазақстандағы қалайы, мыс пен алтын өндірген кен орындарын зерттеді. Ол металл өндірудің әрқилы түрлерін бөліп көрсетті, кен алу техникасы мен ежелгі кеншілердің құралдарын суреттеп жазды. Ежелгі кен өндірген орындардың көпшілігін ол қола дәуіріне жатқызылды. Степняк қаласының төңірегін зерттеу мақсатында С.С.Черников 1938 жылы барлау жұмыстарына шығып, қола дәуірінің бірқатар қоныстарын зерттеді, алтын өндірген ежелгі кен орындарынан б.з.б. I-мыңжылдыққа жататын біршама материалдар жинап алды.

1938 жылы С.В.Киселев Қарағанды облысындағы Бесоба, Жаңауыл жерлерінде археологиялық ізденістерін жүргізді. Бұл жұмыстардың нәтижесінде топырақ үйіндісінен тұратын сақиналар, тас үйіндісінен тұрғызылған обалар, «мұртты» обалар мен тастардың қаландылары секілді көптеген археологиялық ескерткіштер табылады. Қола дәуірінің материалдары алынған Бесоба қорымында қазба жұмыстары жүргізіледі.

Сарыарқа ежелгі ескерткіштерін, әсіресе көне тау-кен ісі мен мыс қорыту өндірісін зерттеуге Қ.И.Сатпаев та өзіндік үлесін қосты.

Қазақстан археологиясының бұл кезеңіндегі кең көлемдегі ізденістер А.Н.Бернштам басқарған Жетісу археологиялық экспедициясымен де тығыз байланысты. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі төрт далалық маусымда бұл экспедиция тарихи-археологиялық жағынан қызықты бірқатар қалаларда тікқазба (шурф) арқылы барлау жұмыстары мен стационарлық қазба жұмыстарын үйлестіріп, қызықты материалдар жинастырды. Ауқымы кең қазба жұмыстары ортағасырлық Тараз қаласы мен оның төңірегінде ескерткіштерде жүргізілді. Жұмыс нәтижесінде алынған археологиялық материалдардың кезеңдестірілуі жасалып, ғылыми жұртшылыққа ұсынылды, қала дамуының негізгі кезеңдері анықталып, мәдениетінің қалыптасу жолдары анықталды. Бұл, Қазақстан археологиясы үшін ортағасырлық қаланы тарихи-археологиялық тұрғыдан кешенді түрде зерттеудің алғашқы тәжірибесі болған еді.

Сол кездері құрылысы жүріп жатқан Үлкен Шу каналы өткен Шу алабы да интенсивті түрде зерттелінді.

Археологиялық материалдар негізінде сол кездері жасалған Жетісу археологиялық ескерткіштерінің сыныптамасы мен кезеңдестірілуі уақыт өте келе толықтырылғанымен және нақтыланғанымен айтарлықтай өзгерістерге ұшырай қойған жоқ.

1939 жылы Іле алабындағы ортағасырлық ескерткіштерді зерттеу басталды. Олардың орнын белгілеумен қатар, экспедиция Талғар және Дүнгене қалаларының үйінділеріне тікқазба (шурф) түсірді. Бұл зерттеулер солтүстік-шығыс Жетісу ортағасырлық мәдениетін тереңдете қарастыруға нақты жол ашты. Экспедиция жұмыстарын қорытындылаған мақаласында А.Н.Бернштам мұндағы отырықшылық-егіншілік мәдениеттердің даму жолдары туралы бірқатар пайымдаулар жасады. Жетісудың ежелгі және ортағасырлық археологиясына мейлінше ден қою экспедицияға қысқа мерзімде ірі көлемдегі барлау және қазба жұмыстарын жүргізуге мол мүмкіндіктер туғызды.

Жаңа материалдарды жүйелеу ортағасырлық қалалардың тарихи географиясына, соғдылықтар мен түріктердің мәдени байланыстарына, қалалардың қалыптасуына қатысты сауалдарды ғылыми тұрғыдан негіздеуге жол ашты. Мәселен, жаңа ескерткіштердің ашылуы, олардың дәлме-дәл мерзімін анықтау өз кезегінде А.Н.Бернштамға бірқатар қалаларды шынайы сәйкестендіруге мүмкіндік берді.

Қазақстан ғылыми мекемелерінің осы жылдарда қызметі жандана түсті. Қазақстанның Орталық музейі ескерткіштерді тіркеу, кездейсоқ табылған олжалардың есебін алу ісін және шағын қазба жұмыстарын жүргізеді. Баспасөзде Көксу өзеніндегі қалашық орны туралы және Жетісу ескерткіштері, бақанастық қалалар жайлы М.Тынышпаевтың және В.Д.Городецкийдің Талғар қонысы туралы мақалалары шығады.

1938 жылы Оңтүстік Қазақстан ескерткіштерін қорғау мақсатында Жамбылда Г.И.Пацевич басқарған Археологиялық пункт ұйымдастырылады. Г.И.Пацевич 10 жылдан астам уақыт бойы көне мұраларды тіркеуге алып отырды, Тараз бен оның төңірегіндегі қазба жұмыстарына жетекшілік етті және кездейсоқ табылған олжаларды жинақтады. Пункт Жамбыл облысының оңтүстік аудандарына және Шу өзенінің орта ағысындағы аудандарға экспедиция ұйымдастырды, ортағасырлық Тараздан Испиджабқа (Сайрам ауылы) дейінгі керуен жолдарының бойында орналасқан материалдық ескерткіштерді, яғни қала, бекініс қирандыларын, қоныстар мен обалы қорымдарды зерттеп, картаға түсірді. Одан басқа, олар Үшбұлақтау, Көйке-Білтау тауларының солтүстік сілемдері мен Жабағлы тауында барлау жұмыстарын жүргізді.

XX ғасыр 20 жылдарының бас кезі мен 40 жылдардың бас кезін Қазақстан археологиясының дамуындағы екінші кезең деп санауға болады.

1946 жылы Қазақстанда Ғылым академиясының құрылуына байланысты археологиялық жұмыстардың көпшілігін Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты жүргізеді. Осы кезден бастап археологиялық зерттеулер орталығы Алматыға ауысады, археология бөлімі ашылады, оның алғашқы жетекшісі болып Ә.Х.Марғұлан тағайындалынады. Археология бөліміне Е.И.Агеева, Г.И.Пацевич, Т.Н.Сенигова, А.Г.Максимова жұмысқа қабылданып, белсенді түрде ғылыммен айналыса бастайды, кейінірек олардың қатарына К.А.Ақышев, Г.В.Кушаев, Ә.М.Оразбаев, М.Қ.Қадырбаевтар қосылады. Жалпы алғанда, 1946 жыл

Қазақстан археологиясының дамуындағы жаңа кезеңнің, үшінші кезеңнің басы болды.

Құрылған бөлімнің алғаш ұйымдастырған археологиялық экспедициясы Ә.Х.Марғұлан басқарған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (ОҚАЭ) болды. Күні бүгінге дейін бұл экспедиция Сарыарқадағы көненің көздерін жүйелі түрде іздестіріп, зерттеп келеді, оның жұмысы жер ауқымдылығымен ғана емес, сонымен қатар зерттелетін ескерткіштердің хронологиялық диапазонының кеңдігімен де ерекшеленеді. Экспедиция неолит және энеолит дәуірлерінің тұрақтарын, андрон және дәндібай-беғазы мәдениеттерінің қоныстары мен зираттарын, б.з.б. VII-I ғасырлардағы жерлеу ғимараттарын, түрік заманы обаларын, ортағасырлық қалалар мен қоныстарды тауып, зерттеді және қазу жұмыстарын жүргізді. Ә.Х.Марғұлан орта ғасырларда Орталық Қазақстанның көшпелілер елі ғана емес, сонымен қатар отырықшы және қала мәдениеті орталықтарының бірі болғанын дәлелдеп берді. Мұнда Нұра және Сарысу алқаптарында, Ұлытау етегінен қолөнердің, сауда мен егіншіліктің орталықтары болған ортағасырлық қоныстар мен қалалардың қалдықтары табылды. Қалалар мен қоныстардың көпшілігі мыс, қалайы, күміс, қола, алтын өндіретін орындар болды.

Соғыстан кейінгі А.Н.Бернштам мен Е.И.Агеева басқарған Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (ОҚАЭ) екінші ірі экспедиция болды. Оның жұмысының қорытындысы Отырар шұраттарындағы, Шу-Талас өзендері аралығындағы, Қаратаудың солтүстік беткейіндегі, Сырдария алқабындағы қалалар мен қоныстар анықталған орындардың үлкен тобын зерттеу, картаға түсіру және хронологиясын анықтау болған еді. Қала топографиясын зерттеу мен қыш ыдыстарды сыныптау қала мәдениетінің мәдени-тарихи кезеңдерін түйіндеуге, Орта Азиямен болған қолөнер мен сауда, этносаяси байланыстардың бағытын анықтауға мүмкіндік берді.

Өткен ғасырдың 50 жылдарында ОҚАЭ-ның мәнді де маңызды жұмыстарының бірі деп Арыс өзені алабындағы Жуантөбе қаласы мен Бөріжар қорымындағы, Баба-Ата қаласындағы кешенді зерттеулерді айтуға болады, өйткені ортағасырлық ескерткіштер алғашқы рет кең ауқымда қазылған еді.

Қазақстанның оңтүстігіндегі Кангюй мемлекеті мәдениетімен салғастырылатын кангюй-қаратау (отырар-қаратау) мәдениетін жіктеп берген, сонымен қатар Ақтөбе қонысындағы қазба жұмыстарды, Қаратаудың солтүстік беткейлеріндегі қола дәуірі мен петроглифтер анықтаған зерттеулерді де ерекше атап кетуге болады.

Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясымен және Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясымен қатар 1945 жылдан бастап КСРО ҒА-ның С.П.Толстов жетекшілік еткен Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы Қызылорда облысында археологиялық зерттеулер жүргізді. Шірік-Рабат, Баландыда қазба жұмыстары басталып, Жетіасар шатқалындағы ескерткіштер, оғыздардың қалалары зерттелінді.

1947 жылдан бастап С.С.Черников басшылық жасаған Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы жұмыс істеді. Экспедицияның негізгі міндетіне

Өскемен мен Бұқтырма ГЭС-терінің салынуына байланысты су астында қалатын аймақта орналасқан ескерткіштерді анықтау және зерттеу кірді. Бұл жерден неолит дәуірінен орта ғасырларға дейінгі көптеген ескерткіштер тіркеліп, Шығыс Қазақстанның өткен тарихын сипаттайтын материалдар алынды.

Ш.Ш.Уәлиханов атындағы ТАЭИ археология бөлімінің қызметкері А.Г.Максимова өңірдің қола дәуірі туралы кандидаттық диссертациясын дайындады.

1948-1950 жылдары Қазақстанның батыс аудандарында И.В.Синицын жетекшілік еткен Саратов мемлекеттік университетінің археологиялық экспедициясы өзінің жұмыстарын жүргізді. Үлкен және Кіші Өзен өзендері аңғарында, Қамыс-Самар құйындысы мен Дұңғұл ауданындағы каспийлік құмдарда зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Нәтижесінде сарматтар дәуірі мен орта ғасырларға жататын көптеген ескерткіштер анықталып, қомақты заттық материалдар жинақталады.

1950 жылы Батыс Қазақстандағы Сарайшық қаласында Ә.Х.Марғұлан жетекшілік еткен Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы (БҚАЭ) жұмыс істеді. 1953 жылы Т.Н.Сенигова басқарған БҚАЭ неолит дәуірінің тұрақтарын, қола ғасырына және ерте темір дәуіріне жататын ескерткіштер табады.

1954 жылы Тарих, археология және этнография институты болашақта Қапшағай ГЭС-нің суы астында қалатын аймақты зерттеу мақсатында К.А.Ақышев басқарған Іле археологиялық экспедициясын ұйымдастырды. Алғашқы бір маусымның өзінде-ақ экспедиция сақтар мен усундер дәуіріне жататын обалардың үлкен тобын тапты, олардың арасынан зерттеуге үлгі-өлшеуіш (эталон) ретінде Бесшатыр қорымы тандап алынды.

Оңтүстік-батыс Жетісу аумағында Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің экспедициясы жұмыс істеді. Мұндағы археологиялық ізденістерді Г.И.Пацевич пен Л.И.Ремпель басқарды. 40-жылдар соңы мен 50 жылдары Қазақстан аумағынан бірнеше қызықты кездейсоқ олжалар табылды, олар жөніндегі ақпараттар ҚазКСР ҒА басылымдарында жиі басылып тұрды.

1954-1956 жылдары тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты Қазақстанның көптеген облыстарына арнайы археологиялық зерттеулер ұйымдастырылды, нәтижесінде қиай бастаған ескерткіштер жай-жапсары каузалды.

Қазақстан археологиясының 50-жылдардың орта шеніндегі аса жарқын жаңалықтарының бірі Оңтүстік Қазақстандағы Қаратауда ежелгі палеолиттік тұрғын-жайлардың табылуы болды. Оларды геолог Г.Я.Ярмак пен археолог Х.А.Алпысбаев тапқан еді. Бұл жаңалық қазақстандық археологияның жаңа бағытын – палеолитті зерттеудің негізін қалады.

Сайып келгенде, өткен ғасырдың 40-жылдарының аяғы мен 50-жылдары археологиялық зерттеулердің кең өрістетілуімен ерекшеленді. Олар Қазақстанның барлық өңірлерін қамтыды да, жұмыс аясына әр түрлі хронологиялық ауқымдағы ескерткіштерді енгізді. Бұл жылдардағы маңызды жаңалықтар арасында Қазақстанның оңтүстігіндегі палеолит ескерткіштері,

Іле өзені аңғарындағы сақтар мен үйсіндердің оболары, Таңбалытас шатқалындағы суреттер бар еді. Осы кездері Іле өзеніндегі Бесшатыр қорымында, Сырдария өңірі Шардара шатқалындағы үңгіме жерлеу (катакомба) орындарында, Баба-Ата ішкі қамалында (цитадель) қазба жұмыстары басталған еді.

Қазақстандық ғалымдармен бірге ескерткіштерді зерттеумен Мәскеу мен Ленинградтың (Санкт-Петербург - *авт.*) белгілі археологтары С.П.Толстов, А.Н.Бернштам, С.С.Черников, И.В.Синицын да айналысты. 1946 жылы басталған Қазақстан археологиясының дамуындағы бұл үшінші кезеңді 1960 жылы жарық көрген «Археологическая карта Казахстана» жинағы өзінше бір қорытындылап өтті, ол көп жылдарға созылған кең ауқымды археологиялық жұмыстардың қорытындысын жасады және оның ең перспективалы бағыттарын белгілеуге мүмкіндік берді.

Қазақстан археологиясының келесі төртінші даму кезеңі 60-70 жылдарды қамтиды. Бұл кезеңге жаңа ескерткіштерді тауып, оларды сипаттаған зерттеулер ауқымының кеңдігі ғана емес, сонымен қатар ірі ғылыми проблемаларды тереңдете шешу үшін көпжылдық стационарлық қазба жұмыстарын ұйымдастыру да тән еді.

Ә.Х.Марғұлан, кейіннен М.Қ.Қадырбаев, С.М.Ақынжанов басқарған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы бұрынғыдай қола ғасыры мен ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеуді алдарына басты мақсат етіп қойды.

Нәтижесінде тасмола мәдениеті мен андронов мәдени-тарихи қауымдастығының қорымдары зерттелді. Осы уақыттары қола дәуірінің 30-дай қоныстары зерттелінді. Олардың арасында Атасу, Ортау, Бұғылы, Ақсу-аюлы, Байбола, Жамантас, Тағыбайбұлақ секілді ескерткіштер бар.

Бетпақдаланың солтүстігінен Ақсай, Сартабан қорымдары, Атасу аңғарынан Қараөзек қорымы, сондай-ақ кен орындары зерттелінді. Қарқаралы және Баянауыл тауларының аудандарынан көптеген андроновтық ескерткіштер табылып, зерттелді. 1966 жылы Орталық Қазақстан археологиясына арналған Ә.Х.Марғұлан, К.А.Ақышев, М.Қ.Қадырбаев, Ә.М.Оразбаев дайындаған іргелі зерттеу жұмысы жарыққа шықты. Кейінірек, 1979 жылы Ә.Х.Марғұлан 50-60 жылдары шоғырланған материалдарды пайдалана отырып Сарыарқаның жарқын феномені болып табылатын беғазы-дәндібай мәдениетіне арналған монографиясын жариялайды.

Солтүстік және Орталық Қазақстанда кең көлемді қазба жұмыстарын жүргізген Г.Б.Зданович алынған материалдарды мұқият талдап, ескерткіштердің жаңа кезеңдестірілуі мен хронологиясын жасап шықты. В.В.Евдокимов қола дәуіріндегі Орталық Қазақстан тұрғындарының экономикасы мен демографиясына қатысты сауалдарды зерттеді.

Қазақстанның оңтүстігінде, Қаратау шатқалдарында, Сырдария алабында Х.А.Алпысбаев тас дәуірі ескерткіштерін қарқынды түрде зерттеумен шұғылданды. Мұндағы жұмыстарының кейбір қорытындысы Бөріқазған, Кемер, Қызылрысбек, Тоқалы, Дарбаза секілді ескерткіштердің

материалдары берілген оның 1979 жылғы монографиясында көрініс тапты. Солтүстік балқаш маңының орталық бөлігіндегі палеолиттік ескерткіштерді А.Г.Медоев басқарған отряд, Орталық Қазақстан палеолит дәуірі ескерткіштерін М.Н.Клапчук зерттеді. Бұл жылдары тас дәуірінің ескерткіштері Батыс Қазақстаннан, Маңғыстаудан табылып, зерттелді. Ертіс алабындағы, Павлодар облысындағы неолиттік тұрақтарда Л.А.Чалая басқарған экспедиция нәтижелі жұмыстар жүргізді.

Өткен ғасырдың 60-жылдары Жетісудағы сақ және усунь ескерткіштерін зерттеу де өз жалғасын тапты. Іле алқабындағы сақ және усунь мәдениетіне арналған монографияларында К.А.Ақышев сақтар мен усуньдердің шығу тегін қаузады, жебе ұштарының хронологиялық сыныптамасын жасады, ал Г.А.Кушаев Жетісудағы усунь мәдениетінің кезеңдестірілу этаптарын айқындап берді.

Әлемдік маңызы зор Қазақстан археологиясындағы елеулі жаңалық «Есік» обасының ашылуы болды, ол сақ мәдениетін, олардың мифологиясын, өнерін, жазуын, әлеуметтік құрылысын зерттеуге жаңа серпін берді. Ғылымда бұл олжа «Алтын адам» деген атпен кеңінен белгілі. Оның алтын әшекейлерін, киімін, бас киімін, қару-жарағын, керамикалары мен ыдыстарының біріндегі жазуын зерттеу сақ эконмикасы, олардың мәдениеті мен мифологиясы жайлы таным-түсініктерді өзгертті. Оған байланысты отандық және әлемдік ғылымда үлкен резонанс туғызған К.А.Ақышев пен Ә.К.Ақышевтің бірнеше мақалалары жарық көрді.

Орталық Қазақстандағы ескерткіштері «тасмола мәдениеті» деген атау иеленген сақ мәдениетін М.Қ.Қадырбаев зерттеді. Ғалым бұл мәдениеттің өзіндік ерекшелігін көрсетіп берді, кезеңдестірілу сауалдарын айқындап, ежелгі тайпалардың шаруашылығына талдау жасады.

Сармат уақытының құнды олжалары Батыс Қазақстандағы Лебедевка қорымынан табылды, одан ауқатты сарматтар мен ортағасырлық көшпенділердің жерлеу орындары аршылған.

Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан Жусалы ауданындағы жетіасар мәдениетінің ескерткіштерін Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының мүшелері С.П.Толстов, Л.М.Левина, Б.А.Андриановтар зерттеді. Жетіасар шатқалындағы жұмыстар өз жалғасын тауып, одан көптеген қоныстар мен қорымдар анықталды. Жаңа мәліметтер мен материалдар негізінде б.з. І-мыңжылдығындағы керамикаға арналған монография дайындалды. Арыс өңіріндегі отырар-қаратау мәдениетінің қоныстарын зерттеуді Н.П.Подушкин, кейіннен А.Н.Подушкин жүргізді.

70-жылдары Қазақстан археологиясының тағы бір бағыты – петроглифтерді зерттеу айқындалды. Егер бұрын осы археологиялық дерек көздерін зерттеу ретсіз және жүйесіз түрде жүргізіліп келсе, енді олар М.Қ.Қадырбаевтың, А.Н.Марьяшевтің, А.Г.Медоевтың арнайы зерттеу нысанына айналды. Қаратау сілемдері, Маңғыстау және басқа аймақтардағы жартас суреттеріне арналған қорытындылаушы ірі еңбектер солардың есімдерімен тікелей байланысты.

1969 жылы ҚазКСР ҒА Отырар археологиялық экспедициясын ұйымдастырды, ол 1971 жылы Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы (ОҚКАЭ) болып атауын өзгертті. Оны К.А.Ақышев басқарды. Отырар шұраттарындағы Отырар, Қостөбе, Көк-Мардан, Мардан-Күйік, Құйрықтөбе; Қаратаудың солтүстік беткейіндегі Түркістан, Раң және Күлтөбе қалалары көп жылдық тұрақты қазба жұмыстарына негізгі нысан етіп алынады. Қалалар мен қоныстардың орындарына қоса, экспедиция мүшелері түрлі дәуірдің обаларын, соның ішінде белгілі және бұрын зерттелген Бөріжар обасын, Шағаны, Көк-Марданды да зерттеді.

Отырар-төбе қаласының орнындағы XVI-XVIII ғасырлар қабаттарының деңгейінде кең көлемді қазба жұмыстары ұйымдастырылды. Көптеген тұрғын махаллалары, қыш және кірпіш күйдіру шеберханалары, қоғамдық құрылыстар – мешіттер, кесенелер, моншалар қазылып аршылды. Ауқымды қазба жұмыстары б.з. I-мыңжылдық бірінші жартысындағы Көк-Мардан қонысында да жүргізілді, одан да махаллалар, үйлер мен ғибадатханалар аршылған болатын.

Құйрықтөбе қаласының ішкі камалында VI-IX ғасырлар деңгейінен сарай құрылысы аршылды, оның салтанатты залынан құдайлардың бейнелері мен ақсүйектер көрінісі қашап жасалған бірегей тақталар табылы. Қала шахристанынан VI-VIII ғасырлардың, IX-XI ғасырлардың, XII ғасыр құрылыстарының кешендері, XIII-XIV ғасырларға жататын темір соғатын шеберханалар және X-XI ғасырларда жұмыс істеп тұрған алқалы мешіт аршылады.

Бөріжар қорымын қазған кезде жерлеу ғұрпына және ертедегі, орта ғасырлардағы тұрғындардың діни көзқарастарын көрсететін қызықты материалдар алынды. Экспедиция тобы Отырар шұраттарында, Қаратаудың оңтүстік және солтүстік беткейлерінде, Сауран маңында ирригациялық зерттеу жүргізді, кейінгі орта ғасырлардағы кәріздер жүйесін тапты.

Солармен қатар палеоэтнографиялық зерттеулер, атап айтқанда, қазақтардың отырықшылану үрдістерін анықтау мақсатында қазақ қыстауларын қазу жұмыстары жүргізілді (С.Ж.Жолдасбаев).

Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының жұмыстары республикалық археологияны жаңа деңгейге көтерді, соның нәтижесінде бірқатар жаңа ғылыми бағыттар белгіленді. Жұмыс қорытындылары бойынша К.А.Ақышев, К.М.Байпақов, Л.Б.Ерзакович, В.А.Грошев дайындаған бірнеше монография жарыққа шықты.

Тараздағы жұмыс нәтижелері осы қала жайлы жазған Т.Н.Сенигова монографиясында кеңінен баяндалды. Сырдариядағы Шардара ГЭС құрылысы аймағында 1959-1963 жылдары қазақстан-ресейлік археологиялық экспедиция жұмыс істеді. Материалдарын Г.А.Максимова, М.С.Мерщев, Б.И.Вайнберг, Л.М.Левина жариялады.

60-жылдардың орта шенінде Р.З.Бурнашева, В.Н.Настич есімдерімен байланысты қазақстандық нумизматика дами бастайды. Отырарды, Құйрықтөбені қазу барысында ауқымды мәнеттік (монеталық) материалдар жинақталды. Бұл бірен-саран олжалар ғана емес, көмбе қоймалары да

болатын. Мәнеттер тарихи мерзімді анықтайтын материал ретінде, сондай-ақ орта ғасырлардағы Қазақстанның саяси және экономикалық тарихын, оның сауда және мәдени байланыстарын зерттеуге арналған дереккөзі ретінде де зерделенді. Нәтижесінде, Қазақстандағы Отырар, Испиджаб, Түркістан, Жезд, Сығанақ, Тараз, Алматы қалаларында мәнет сарайларының жұмыс істегендігі анықталды.

Бұл кезеңдегі археологиялық жұмыстардың қорытындылары «Қазақ ССР тарихы» атты бестомдық еңбектің екі томында (Алматы, 1977, 1979) түзілді, онда археологиялық дереккөздері талданып, ежелгі және ортағасырлық Қазақстандағы тарихи үрдістер динамикасы көрсетілді.

Кезекті, бесінші, Қазақстан археологиясы тарихының кезеңі өткен ғасырдың 80-жылдары басталды. Ол ұйымдастыру жұмыстарындағы өзгерістермен сипатталынады. Облыстарда археологиялық орталықтар қалыптасады, археологиялық жұмыстар кеңейе түседі. Археологияның өзекті проблемаларына арналған көптеген мақалалар, монографиялық жұмыстар жарыққа шығады, археологияның жаңа бағыттары қалыптасады, археологияда жаратылыстану ғылымдарының әдістері қолданыла бастайды. Айталық, 1981 жылы Алматыда Қазақстан мен Орта Азия ортағасырлық қалаларына арналған бүкілодақтық жиын өтеді. Онда кейінгі орта ғасырлар археологиясы сынды жаңа бағыт дараланған еді.

1987 жылы Алматыда көшпелі және отырықшы мәдениеттердің өзара байланысына арналған Халықаралық симпозиум өтті. Көшпенділер мен отырықшы елдердің өзара байланысын зерттеу оған қатысты ілімнің шоғырлануынан және де осы проблемаға қатысты бұрынғы стереотипті бұзуға бағытталған ғылымның дамуынан туындаған еді. Осы кездері тарихтың түрлі кезеңдеріндегі мәдениетаралық байланыстарды және де бұл процестің жалпы да, белгілі бір өңірге (региондық) тән негізгі заңдылықтарын айқындауға деген сұраныс күннен-күнге артып келе жатқан болатын.

Осы кездері республика аумағындағы барлық ескерткіштердің ғылыми тізімдемесі – «Қазақстан тарихы мен мәдениеті ескерткіштерінің Жинағын» жасау оның негізгі міндеттеріне айналды. Мұндай энциклопедиялық басылым археология саласындағы стратегиялық зерттеулерге негіз болуға, сондай-ақ мәдени мұраны сақтау ісін жақсартуға қызмет етуі тиіс еді.

Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстанның тау-кен ісі мен металлургиясын, мал шаруашылығы тұрпаттарының барлық кезеңдерде дамуын, қолөнер, сауда және ақша айналымын, ауыл шаруашылығы мен ирригациясын қамтитын палеоэкономикалық зерттеулер де кең қанат жая бастайды.

Осы жылдары Қазақстанның далалы аймақтарында жарқын ашылулар болды. Мәселен, В.Ф.Зайберт бастаған археологтар Ботай қонысын ашып, энеолитке жататын ботай мәдениетін бөліп көрсетті. Қазіргі таңда бұл қоныстың кейбір мәдени қабаттары неолит дәуіріне жататындығы да анықталып отыр. Сонымен қатар қола дәуіріндегі мал шаруашылығы мен малшылық-егіншілік өркениеттердің Қазақстан мен Оралдың сыртқа

жағында болғандығын айқындайтын байырғы қала (протогород) типіндегі кешендер негіздемесін кеңейту мен тереңдетудің де сәті түсті.

Шүлбі ГЭС құрылысы аймағында 1980-1983 жылдары алғашқыда А.Г.Максимова, ал кейіннен С.М.Ақынжанов жетекшілік еткен Шүлбі археологиялық экспедициясы жұмыс істеді. Кең ауқымды археологиялық ізденістер тас, қола, ерте темір, ортағасырлық көшпелілер ескерткіштеріндегі қазба жұмыстарын, петроглифтерді зерттеу ісін қамтыды. Оның құрамында Ж.Қ.Таймағамбетов, З.С.Самашев, Ю.И.Трифонов, А.С.Ермолаева, т.б. жұмыс істеді.

Қимақтар мен қыпшақтардың жерлеу ескерткіштеріне қатысты материалдар отандық тарихнамада алғаш рет С.М.Ақынжановтың монографиясында толымды түрде көрініс тапты.

Тас дәуірінің ескерткіштерін зерттеу Қазақстанның географиялық жағдайы мен аумағының ауқымдылығы палеолиттік мәдениеттер эволюциясы мен ежелгі миграциялық үрдістер үшін маңызды екендігін көрсетіп берді. Айталық, Қаратау палеолит ескерткіштері Орта Азия, Қытай, Пәкістан, Үндістан, Моңғолия секілді іргелес және алыс жатқан өңірлердегі тұрақтармен ұқсастығы бар екендігі анықталды. Бұл ұқсастық көне мәдениеттердің даму жолы бір екендігін көрсетеді.

Қазақстан палеолитін одан ары тереңдете зерттеу мақсатында әрі сенімді хронологиялық жатыстыру үшін стратиграфиясы сақталған, мәдени қабаттары бұзылы қоймаған Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тұрақ (Оңтүстік Қазақстан), Шүлбі (Шығыс Қазақстан) ескерткіші секілді кешендердің маңызы зор екендігін Х.Алпысбаев, Ж.Таймағамбетов ізденістері көрсетіп берді.

Бұл зерттеулердің нәтижелері, жаңадан алынған материалдар Қазақстан аумағын алғашқы адамның қоныстану уақыты мен жолдарын жаңадан қарастыруға мүмкіндік берді.

Орталық Қазақстан мезолиті Қарағанды-ХV және Әкімбек тұрақтарының материалдары бойынша өрбітіледі. Қазақстан неолиті мен энеолиті ұзақ уақыт бойы аз зерттелініп келді. Жиыстырылған материалдар іргелес аумақтарда орналасқан ескерткіштердің оған ұқсас бұйымдарымен қатар қарастырылды. Өңірдегі неолит ықшамаудандарын бөліп көрсету, неолиттік индустрияның салыстырмалы-типологиялық сипаттамасы мен талдауының жасалуы атбасар секілді археологиялық мәдениетті бөліп көрсетуге жетеледі. Орал-Ертіс өзендері аралығындағы энеолит сан алуан шаруашылық-мәдени типтер арқылы бағамдалып, мал шаруашылығы (жылқы шаруашылығы) басым болған көп салалы шаруашылық ретінде сипатталынды.

Айтылып отырған кезеңдегі андроновтық зерттеулер байырғы қала мәдениетін кең түрде қарастыру және социум, идеология мен палеоэкономика арқылы зерделеулер бойынша дамыды. Өз кезегінде оған Еуразия қола мәдениеттерін зерделеуге жаңадан тың серпін берген Арқайым, Сынташты (Синташта), Кент секілді ескерткіштердің ашылулары да себепкер болған еді.

Ғылыми айналымға солтүстік Бетпақдалада орналасқан қоныстар мен қорымдардың жаңа мәліметтері енді. М.Қ.Қадырбаев пен Ж.Қ.Құрманқұлов монографияларында Атасу-1, Мыржық, Ақ-Мұстафа, Ақмая секілді ескерткіштердің материалдары бір жүйеге түсірілді де, ғылыми талдаудан өтті, археологиялық нысандардың орналасу заңдылықтары анықталды.

Аумағы 15 мың шаршы м жерді алып жатқан, қоланы балқытатын және одан қола бұйымдар жасайтын орталыққа айналған Атасу-1 ірі қонысынан алынған нәтижелердің маңызы өте зор. Қоныс аумағынан металл балқытатын кешендер мен шұңқыр-пештердің қалдықтары табылған.

Сонымен қатар Жетісу қола дәуірі бойынша да материалдардың шоғырлану үрдісі жүріп жатты, андронов мәдени-тарихи қауымдастығының ірі орталықтарының бірі болғандығын айғақтайтын бұл аймақтан ондаған қоныстар мен қорымдар табылды (А.Н.Марьяшев, А.А.Горячев).

Батыс Қазақстан қола дәуірі ескерткіштерін зерттеу барысында қызықты нәтижелерге қол жеткізілді. Г.А.Кушаевтың айтуынша, Батыс Қазақстанға андронов және қима мәдени-тарихи қауымдастықтарының тоғысуы тән, бұл қауымдастықтардың шекарасы Ор және Елек өзендерінің аралығынан өткен.

Ерте көшпенділердің ескерткіштерін және сақ, сармат, усунь, кангюй, хуннулар мәдениетінің проблемаларын, әлеуметтік-экономикалық өмірін зерттеу дәстүрлі түрде Қазақстан ғылымында маңызды орын алған.

Айталық, К.А.Ақышев ізденістерінде Алакөлден Таласқа дейінгі өңірде патша қорымдарын картаға түсірген материалдар негізінде Жетісу сақтары қоғамының бейнесін айқындаған тезис одан ары дамытылды.

Сақ (скиф) өнерінің шығу тегі де қарастырылды. А.К.Ақышев пікірінше, құлан бейнеленген алтын сырғалардың табылуы «аң» стилінің жергілікті негізі бар екендігін нақты дәлелдейді.

Скифтердің шығуы сауалдарына арналған ізденістер де пайда болды. Мәселен, оған қатысты еңбек жазған Р.Б.Исмагиловтың жазуынша, Қара теңіз жағалауындағы «патша» обалары кейбір белгілеріне қарағанда Жетісудағы сақ мәдениетін қалдырған көшпенділер тобының миграциясымен байланысты.

Сарматология саласындағы мәнді жетістіктердің бірі Г.А.Кушаевтың «Этюды древней истории степного Приуралья» атты еңбегі деуге болады. Онда аса құнды материалдар жүйеленген, соның ішінде көп жылдар бойы қазылған ескерткіштер негізінде олардың исседон және сарматтармен этникалық атрибуциясы нақтылана түскен, сармат тарихы VIII ғасырға дейін өз жалғасын тапқан.

Тұз тағыларының сүйек қалдықтарын зерттеу энеолит пен қола дәуірлеріндегі аңшылықтың дамуы бейнесін, мейлінше көп ауланған жан-жануарлар құрамын бөліп көрсетуге мүмкіндік берді (Л.А.Макарова, Т.Н.Нұрымов).

Керамикалық кешендерге жасалған технологиялық зерттеулер қола дәуірі кезінде Орталық Қазақстандағы құмырашылықтың даму дәрежесін, тұрғындар арасындағы түрлі байланыстарды, тайпалар миграциясын біршама пайымдауға жол ашты (В.Г.Ломан).

Бұл кезеңде петроглифтерді зерттеу де зор қарқынмен дамыды. Жоңғар Алатауының батыс сілемдері саналатын Ешкіөлмес жотасынан хронологиялық белгілері бойынша қола, ерте темір дәуірлері және орта ғасырлар сынды үш топқа бөлінетін жартас суреттерінің шоғыры табылды. Алғашқы топтағы суреттердің стилдік ерекшеліктері Ешкіөлместі мұндай ескерткіштер қатарынан дараландырады. Зерттеушілер Ешкіөлмес петроглифтерінің культтық сипатын атап көрсетеді.

З.С.Самашев Ертістің жоғары ағысындағы петроглифтерді зерттеді. Ол ғылыми айналымға көптеген ескерткіштер кешенін енгізді.

Түрлі өңірлердегі арбалар суретін зерттеу нәтижесінде б.з.б. IV мыңжылдық соңы мен III мыңжылдықта Еуразия аумағында доңғалақты (дөңгелекті) көліктің таралу бағыттары нақтыланды (В.Новоженов).

Қосөзен аңғары мен далалы аймақ секілді дөңгелекті көліктің шығуының екі орталығы туралы концепция жасалынды. Екінші орталықтың қалыптасуы бұл автордың (В.Новоженовтың) пікірінше, майкоп мәдениетін қалдырған мал өсіруші тайпалардың миграциясымен байланысты болуы ықтимал.

Маңғыстауда кеңінен таралған ұлутастан жасалған қабір үсті ескерткіштеріндегі қазақтардың суреттерін зерттеу бағыты да дами бастады. Олар қазақтардың заттай және рухани мәдениеті жайлы ақпарат беріп қана қоймайды, сонымен қатар ерте жартас суреттеріндегі дәстүр жалғастығын да айқындайды (З.С.Самашев, Ж.Жетібаев).

Бұл кезеңде «Ұлы Жібек жолы: мәдениеттер диалогы» атты халықаралық бағдарлама маңызды шаралардың бірі болды. Ол Қазақстанда дәстүрлі түрде қарастырылып жатқан ежелгі және орта ғасырлардағы кенттендіруге (урбанизацияға), қала мен даланың өзара байланысына қатысты сауалдарды қамтыды. Бұл бағытта К.А.Ақышев, Л.Б.Ерзакович, К.М.Байпақов, У.Х.Шәлекенов, Е.А.Смағұлов, Т.В.Савельева, С.М.Ақынжанов, В.А.Грошев, М.Е.Елеуов, С.Ж.Жолдасбаев, А.Н.Подушкин белсене жұмыс істеп жатты.

Кенттендіру, ортағасырлық қалалардың топографиясы, егіншілік пен ирригация, отырықшылар мен көшпенділер қарым-қатынасы, құмыра жасау ісі, қолөнер мен зергерлік, қалалар баспаналары, архитектуралық құрылыстар, сауда мен палеоэкономика, этномәдени тарих, қалалардың дамуы, т.б. сауалдар Қазақстан археологтарының үнемі назарында болды.

Жетісу қалаларын зерттеу барысында жаңа нумизматикалық мәліметтер алынады. Зерттеушілердің ойынша, Қостөбеден алынған VII-VIII ғасырлардағы мәнәттер (монеталар) Жамұқаттың Шашпен байланыс орнатқанын дәлелдейді, Шаштың өз кезегінде Талас алқабындағы саудаға үлкен ықпалын тигізіп тұрғандығы анықталды (Р.З.Бурнашева, С.М.Аитова).

Бұл кезеңдегі Қазақстан археологиясындағы жаңа бағыт археологиялық сәулет өнерін зерттеу болды. Алғаш рет архитектура тарихы бойынша монументтік құрылыстар мен қарапайым баспаналар зерделене бастады. Олардың арасынан Кедер мен Жамұқат сынды ерте ортағасырлық қалалардың сарай кешендерін, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың ғұрыптық ислами архитектурасын айтуға болады (З.Ж.Шарденова).

Сонымен қатар Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қала мәдениетінің өзіндік ерекшелігі туралы тұжырым жасалды әрі оның Орталық Азия мәдениеттерімен байланысы көрсетілді (У.Х.Шәлекенов, М.Е.Елеуов).

Қазақстандағы Жібек жолының тарихы, оның негізгі бағыттары мен олар бойынша тасылған тауарлар, таралған мәдени үлгілер мен діндер жайы толымды түрде сипатталынды (К.М.Байпақов).

Қазақстан тас мүсіндері жайлы, түріктердің ғибадатханалары мен жерлеу ескерткіштері жайлы мақалалар жарияланды (Ә.А.Новгородова).

Ежелгі түріктерге қатысты археологиялық материалдар қимақ және қыпшақтар бойынша жазба дереккөздерін зерттеуге байланысты ерекше өзектілікке ие болды (С.М.Ақынжанов).

Қазақстан археологиясы тарихнамасындағы жаңа маңызды да мәнді шаралардың бірі ежелгі және ортағасырлық тарих пен археологияны талдап қорыту болған еді.

«Қазақстан Республикасы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы» сериясы бойынша бірінші том – «Шымкент облысы» дайындалып, жарыққа шықты.

Қазақстан археологиясы әлемдік ғылымды жарқын ашылуларымен байытып қана қойған жоқ, сонымен қатар ежелгі және ортағасырлық Қазақстандағы қоғам дамуының негізгі кезеңдерін анықтап берді.

Археология ғылымындағы дамудың алтыншы кезеңін Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған 1991 жылдан бастауға болады. Бұл кездері ғылымға бір топ зерттеушілер келді. Олар М.К.Хабдуллина, К.М.Қарабаспақова, В.В.Варфоломеев, И.А.Кукушкин, Ж.Е.Смаилов, А.З.Бейсенов, М.С.Қасенов, Д.А.Талеев, М.Қожа, А.М.Досымбаева, З.Ш.Шарденова, Г.А.Терновая, Т.Мәмиев еді.

Кеңес Одағының ыдырауы, әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер қоғамда түрлі қарама-қайшылықтар тудырды. Бұрынғы идеологиялық шектеулердің алынып тасталуы, формациялық ұстанымнан бас тарту тарих методологиясына да әсерін тигізді. Сөйтіп, жаңа кезең бұрынғы идеологиялық ұстанымдарды қайта қарастыруымен сипатталынады, бір шетінен қоғамда этноцентристік сипаттағы тарихи мифтер де кеңінен белең ала бастаған еді.

Археологияда да бұл жайттардың кейбірі орын алды, бірақ 1991 жылы бәрі өзгере қалды деу аңқаулық болар еді, өйткені академиялық дәлдіктің арқасында мәдени мұраны зерттеудегі археологиялық бағыт бұрынғысындай қала берді, ал ғылыми әдебиет төңірегіндегі «тарихты қайта жазу керек» деген сөз археологиялық ізденістерді шарпи қойған жоқ.

Жаңа кезеңдегі аса ірі оқиғалардың бірі 1991 жылы Археология институтының ашылуы болып саналады.

Көрнекті ғалым, археолог, тарихшы, этнограф, шығыстанушы, филолог, академик Ә.Х.Марғұлан есімі берілген бұл Археология институты Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 28-тамыздағы №496 Қаулысымен және Қазақ КСР ҒА Төралқасының 1991 жылғы 6-қыркүйектегі №73 Қаулысымен Қазақ КСР ҒА Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және

этнография институты Археологиялық зерттеу орталығының негізінде құрылған еді.

Айта кететін бір жайт, мемлекет идеология, мәдени стратегия, ғылым сауалдарын назардан тыс қалдырмады. 1995 жылы ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік саясат бойынша Ұлттық Кеңес «Қазақстан Республикасындағы тарихи сана тұжырымдамасын» бекітті. 1999 жыл Ұлттық бірлік пен ұлт тарихы жылы болып белгіленді. 1998 жылы ақпанда ҚР Президентінің Жарлығымен Жібек жолы бойындағы тарихи орталықтарды қайта өркендету, түрік тілді мемлекеттердің мәдени мұрасын қорғау және жалғастыру, туризм инфрақұрылымдарын қалыптастыруға қатысты мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Ол тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін зерттеу, музейлендіру, консервациялау, қалпына келтіру секілді іс-шаралар кешенін қамтыды. ҚР Президентінің Жарлығымен 2002 жыл Мәдениетті қолдау жылы болып жарияланды. Ал 2004 жылы Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарламаға төменде біз арнайы тоқталып кетеміз.

Міне, бұл аталған мәдени шаралардың қай-қайсысы болмасын қоғам өмірінде, соның ішінде археология ғылымының дамуында маңызды рөл атқарды, жаңа ашылуларға тың серпін берді. Дегенмен, жыл сайын жаз айларында Қазақстан археологтары үзбей далалық ізденістер жүргізіп отырды. Нәтижесінде палеолиттен бастап кейінгі орта ғасырлар соңына дейінгі сан алуан ескерткіштер зерттелінді, күрделі проблемалар жан-жақты қарастырыла бастады.

Бұл кезеңде археологияның көптеген бағыттары жаңа қарқынмен дамыды. Орталық және Оңтүстік Қазақстанның палеолиттік ескерткіштерінің типологиясы мен кезеңдестірілуі толықтырылып, бірқатар мустье кешендері ғылыми талдаудан өтті (О.А.Артюхова).

Тобыл-Ертіс өзендері аралығындағы голоцен дәуіріне жататын құралдарға жүргізілген трассологиялық талдаулар атбасар мәдениеті кешендерінің шаруашылық жайттарын қалпына келтіріп, Солтүстік Қазақстандағы мезолит пен неолит тұрғындарының өмір салтын нақтылауға жол ашты (А.А.Плешаков).

Қола дәуірі соңына жататын Сарыарқаның археологиялық материалдары ғылыми талдаудан өтті, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан қола дәуірінде тіршілік еткен тайпалар мәдениетінің материалдары жүйеленді, Тамғалы шатқалындағы қола ғасырынан орта ғасырға дейінгі ауқымды хронологиялық диапазонды қамтитын бірегей ескерткіштер кешені зерттелінді (А.Н.Марьяшев, А.А.Рогожинский). 2005 жылы Тамғалы ЮНЕСКО-ң Әлемдік мәдени мұра тізіміне енді.

Сондай-ақ Тамғалы шатқалындағы ескерткіштер кешенімен бірге Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі де осы тізімге енді.

Ортағасырлық қалаларды зерттеуде Талас алабындағы, Шу мен Талас өңіріндегі, Орталық Қазақстандағы, Арал маңындағы, Солтүстік-Шығыс Жетісу мен Келес даласындағы қалалар мен қоныстар типологиясы

нақтыланды. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың ортағасырлық сәулет өнері зерттелінді.

Ортағасырлық көшпенділердің жерлеу ғұрыптары, ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан палеоэкономикасының жекелеген проблемалары, Орталық Азия петроглифтеріндегі сан алуан бейнелер, тас мүсіндер, құлпытастар қарастырылды.

Жыл сайын археологиялық зерттеулер барысында қосымша ақпарат беретін жаңа материалдар алынып, деректік қор құрамы толықтырыла түсті. Алынған археологиялық материалдар деректемелік базаны нығайтып, ескерткіштер типологиясы мен сыныптамасын зерделеуге және жетілдіре түсуге, жаңа археологиялық мәдениеттерді жіктеуге, шаруашылық-мәдени типтерді және тарихи-мәдени қауымдастықтарды нақтылауға, хронология мен кезеңдестіру сауалдарын қарастыруға жол ашты.

Қазақстан аумағында қазба жұмыстарын жүйелі түрде жүргізуде кейбір археологиялық экспедициялардың мәні зор. Айталық, Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (1946 жылдан бері жұмыс істеп келеді), Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы (1953 жылдан бері), Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы (1947 жылдан бері), Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы (1946 жылдан бері), Жетісу археологиялық экспедициясы (1954 жылдан бері), Сарыарқа археологиялық экспедициясы (1980 жылдан бері), Қазақстан-Ресей археологиялық экспедициясы (1992-2002 жылдары жұмыс істеді), Талғар археологиялық экспедициясы, Орал археологиялық экспедициясы (2000 жылдан бері), т.б. көптеген ғылыми нәтижелерге қол жеткізді. Олардан басқа көптеген археологиялық экспедициялар (Алматы, Түркістан, Шілікті, Тұран, Үйгентас, т.б.) да соңғы жылдары белсене қазба жұмыстарын жүргізіп келеді.

Ірі археологиялық экспедицияларды Қазақстан жоғарғы оқу орындары, басқа мекемелер де жасақтады. 1970 жылдан бері Қазақ Ұлттық Университетінде археология және этнология кафедрасы жұмыс істейді. Археология ғылымымен айналысатын мұндай кафедралар республиканың басқа оқу орындарында (ҚарМУ, ЕҰУ, ХҚТУ, ҚосМУ, ПМУ, т.б.) да соңғы жылдары ашылды. Олар сонымен қатар мамандарды даярлауда елеулі рөл атқарып келеді.

Археологиялық экспедициялар құрамында Франция, АҚШ, Италия, Германия, Польша, Бельгия, Жапония, Ресей Федерациясы, т.б. елдердің мамандары да қатысып отырады.

Әдетте, табиғи факторлар мен техногенді және антропогенді әсер етулер археологиялық ескерткіштердің бүлінуіне, қирауына және жойылып кетуіне әсерін тигізетіндігі белгілі. Сол себепті де тарихи-мәдени мұраны сақтау мен пайдалану жұмыстарының жалпымемлекеттік маңызы зор. Қазақстан аумағындағы археологиялық ескерткіштерді тізімге алудың алғашқы тәжірибесі 1960 жылы жарық көрген «Археологическая карта Казахстана» атты жинағынан бастау алады. 1981 жылдан бастап көптомдық «Тарих және мәдениет ескерткіштерінің Жинағын» құрастыру қолға алынған. Қазіргі таңда Шымкент (Оңтүстік Қазақстан) облысы мен Жамбыл облысының тарих

және мәдениет ескерткіштерінің Жинағы жарыққа шыққан. Сонымен қатар республика кейбір аудандар, ауылдық округтерінің де (Мәртөк ауданы, т.б.) жинағы жарияланып отыр. Мұндай энциклопедиялық сипаттағы ғылыми-ақпараттық жұмыстар ескерткіштердің орналасуын көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар оларды сақтауға, құрылыс жұмыстары кезінде кездейсоқ қиратылуға, қалпына келтіруге де көп септігін тигізеді.

Бүгінгі күні Қазақстан аумағынан үңгірлік тұрақтардан бастап кездейсоқ ұшырасқан бұйымдарға дейін есептегенде 450-дей палеолит, 50 шақты мезолит, 800-дей неолит ескерткіштері анықталған (Д.С.Байгунаков).

Тас дәуірін зерттеуге 1992-2002 жылдары біріккен Қазақстан-Ресей археологиялық экспедициясы (жетекшісі академик А.П.Деревянко; Қазақстан жағынан отряд басшысы Ж.Қ.Таймағамбетов) көп үлес қосты. Аталған экспедиция Қазақстанды түгелдей дерлік шарлап шықты. Қосқорған, Шоқтас (Түркістан-Кентау маңы), Қараүңгір, Қызылтау, Соркөл (Қаратау сілемдері) археологиялық нысандарында, Арал ескерткіштерінде (Арал маңы), Мұғалжар ескерткіштерінде (60 шақты орыннан; Мұғалжар таулары) зерттеу жүргізіп, Маңғыстаудан, Шығыс Қазақстаннан көптеген кешендер тапты. Бірнеше жылға созылған зерттеулер травертинді сақинасы бар Оңтүстік Қазақстан кешендерінде (Шоқтас-1-3, Қосқорған-1-3) шағын индустриялы өзіндік мәдениеттің қалыптасқандығын, Мұғалжар тауларындағы бірегей ашельдік дәстүрдің орын алғандығын, ерте голоцендік Шахантай (Қаратау) сынды ескерткіштердің даралығын дәлелдеуге мүмкіндік берді. Алынған материалдар тас индустриясының эволюциясын, тұрақтардың геоморфологиялық жағдайын, кезеңдестіру мен хронология сауалдарын, алғашқы қоныстану мәселелерін, жергілікті тас дәуірі мәдениеттерінің жайттарын, т.б. көптеген проблемаларды нақтылауға септігін тигізді.

Қола дәуірінің Орталық және Солтүстік Қазақстандағы көптеген ескерткіштері қазылып, бірегей материалдар алынды. Жезді өңіріндегі Талдысай шатқалындағы металлургиялық кешендері бар қонысты, Орталық Қазақстандағы Кент кешендері іргелі ғылыми ізденістерге бастама болды. Осы аралықта Беғазы-дәндібай, т.б. археологиялық мәдениеттердің жарқын ескерткіштері қазылды.

Айталық, Түркістан жазирасындағы Шербай қорымынан андроновтық материалдардың алынуы, Оңтүстік Қазақстан қола дәуірі туралы таным көкжиегін кеңейте түсті (Е.А.Смағұлов).

Жетісу қола дәуірі туралы да толымды мағлұматтар алынды. Көп жылдарға созылған жүйелі археологиялық зерттеулер мұнда Жоңғар Алатауы, Іле таулары мен оның солтүстік беткейлері сынды үш жерде ескерткіштердің шоғырланғандығын дәлелдеді. Жетісудың таулы аймақтарынан Түрген кешені, Бұтақты-1, Серектас, Асы қоныстары, Қызылбұлақ-1-2, Қалақай, Құйған-2, Көлсай, Ұзынбұлақ қорымдары секілді ескерткіштер кешенінің қазылуы, қола дәуірінің соңына жататын «көлсай» мәдениетін бөліп көрсетуге мүмкіндік берді. Көлсай типіндегі ескерткіштердің мәдени-хронологиялық атрибуциясы анықталып, оның

негізінде жергілікті сақ мәдениеті қалыптасқандығына пайымдау жасалды (А.Н.Марьяшев, А.А.Горячев, С.А.Потапов).

Үстірттегі Тоқсанбай кешенінен де қола дәуіріне жататын көптеген материалдар алынды. Бұл ескерткіштің ең көне материалдары алғашқыда археологтар тарапынан неолитке-энеолитке жатқызылғанымен, кейіннен жаратылыстану ғылымдары мәліметтерінің негізінде оның қола дәуіріне тиесілі екендігі тұжырымдалды (З.С.Самашев, А.С.Ермолаева, Т.Лошакова). Қазба кезінде табылған бұйымдар мен ескерткіштер құрылысы Тоқсанбайдың палеометалл кезінде ірі орталықтардың бірі болғандығын айғақтайды.

Ерте темір дәуіріндегі ескерткіштер мен мәдениеттер де тәуелсіздік жылдарында Қазақстан археологтарының үнемі назарында болды. Әсіресе, қола дәуірінен ерте темір дәуіріне өтетін кез ескерткіштерін қарастырудың маңызы артты. Бұл бағытта бірқатар археологтар нәтижелі еңбек етті. Сақ және усунь, кагюй, сармат, ғұн заманындағы біршама ескерткіштер зерттелінді. Іле Алатауындағы сақ және усунь қоныстары қазылып, кейбір ескерткіштер (Түзусай, Цыганка, Талғар-3) жайлы толымды мағлұмат алынды. Мұндағы зерттеулер американдық «Sweet Briar» колледжі мамандарымен бірге жүргізілді (жетекшілері К.М.Байпақов, К.Чанг). Нәтижесінде осы өңірдегі сақтардың отырықшы болғандығы, егіншілікпен айналысып, суландыру жүйелерін пайдаланғандығы анықталды.

Отырықшылық пен егіншіліктің ерте тұрпаттары (формалары) Сарыарқа ерте көшпенділерінен де байқалған. Мұндағы Селеті өзені бойындағы б.з.б. VII-VI ғасырларға жататын Тасқора-1-2 қоныстарынан көтерілген мәселеге қатысты мол ақпарат алынған.

Б.з.б. IX-VII ғасырларға жататын доңғал-кеңөткел өтпелі кезеңдерін біршама айқындайтын Бұғылы-1, Доңғал, Қарабұлақ, Ендірей ескерткіштерінде де қазба жұмыстары жүргізілген.

Қазақстан археологиясындағы маңызды жайттардың бірі Шығыс Қазақстан өңіріндегі Берел қорымында жүргізілген қазба жұмыстарын айтуға болады. Ондағы зерттеулерді бірнеше жылдардан бері З.С.Самашев басқарып келеді. Зерттеу жұмыстарына шетелдік мамандар (А.-П.Франкфор, т.б.) да көптеп қатысты. Қазба барысында скиф-сақ тайпаларының материалдық және рухани мәдениетін айғақтайтын мол мағлұматтар алынды. Палеогенетика, палеоэкология, т.б. ғылым салаларына қатысты жайттар көтерілді. Тоң басқан берелдік обалардан алынған мәліметтер жерлеу ғұрпына, ағаш құрылыстарына, аң стиліне, т.б. қатысты отандық тарихнама беттерін толықтыра түсті.

Ресейлік мамандар (В.С.Ольховский, т.б.) да отандық археологтармен бірігіп Арал-Каспий өңірін б.з.б. I-мыңжылдықта мекен еткен тайпалардың этномәдени және әлеуметтік-саяси тарихын зерделеді. Қазақстанның батыс өңіріндегі Бәйте-3, Сарықамыс пен Қаратон, т.б. ескерткіштерде қазба жүргізілді. Қызылүйік секілді сарматтардың ғибадатханасында қазба жұмыстары 2004 жылдан бері жүргізіліп келеді.

Жартас суреттерін зерделеу ісі кең қанат жайды. Археология институтының қызметкерлері 1991 жылы Франция Ұлттық ғылыми-зерттеу орталығымен бірігіп «Орталық Азия петроглифтерінің корпусы» атты бірнеше жылдық бағдарлама қабылдады. Бұл бағдарлама бойынша жартас суреттерінің әмбебап аумақтық-хронологиялық сызбасы жасалынды, мұндай ескерткіштер хронологиясын анықтаудың және көшірмесін түсірудің заманауи әдістері меңгерілді. Жетісу жерінен ең ерте кезі қола дәуіріне, ал соңғы кезеңі кейінгі орта ғасырларға дейін баратын 30-дан астам жартас суреттері анықталды. Көптеген ескерткіштердегі маңызды сюжеттер мен бейнелердің интерпретациясы жасалынып, жекелеген семантикалық блоктар қарастырылды.

Сондай-ақ қазақ этнографиялық суреттерінің (Түпқараған, т.б.), сағана-тамдардың, кесенелердің, қойтастар мен құлпытастардың жай-жапсары зерделеніп, ілкіден тамыр тартқан мәдениеттер жөнінде ғылыми ақпараттар кеңістігі ұлғая түсті.

Оңтүстік Қазақстандағы б.з.б. I-мыңжылдық соңы мен б.з. VII ғасырларына жататын Кангюй мемлекетінің тарихын көрсететін бірқатар археологиялық кешендер зерттелінді. Талас, Арыс және Сырдария өзендері бойынан алынған материалдар ерте ортағасырлық қалалар мен қоныстардың кангюйлік археологиялық нысандар негізінде дамитындығын дәлелдеп берді. Кейбір жұмыстарға Франция Ұлттық ғылыми-зерттеу орталығының қызметкерлері (Р.Бушарла, т.б.) де қатысты. Нәтижесінде жетіасар мәдениетінің материалдары, ескерткіштердің топографиясы мен хронологиясы нақтыланып, алынған материалдар талдаудан өтті және жүйеленді.

Арал өңіріндегі көпжылдық археологиялық ізденістерді қорытқан еңбектер да жарияланды. INTAS «Climan» гранты бойынша Аралдың солтүстік-шығыс бөлігінде геологтар, гидрогеологтар, топырақтанушылар, палеонтологтар мен археологтар кешенді зерттеулер жүргізді (жетекшісі Х.Оберхайсли). Тереңөзектен шығысқа қарай 120 км жерде Аралдың кеуіп кеткен орнынан XIV-XV ғасыр бас кезіне жататын екі қаланың орны анықталып, «Арал дағдарысы» тек қана XX ғасыр соңы мен XXI ғасыр бас кезінде орын алмағандығы дәлелденді (К.М.Байпақов, Д.А.Воякин).

Талас алабындағы Ақыртас кешенінде археологиялық зерттеулермен қатар музейлендіру жұмыстары да жүргізілуде (К.М.Байпақов, Д.А.Воякин, З.Ж.Шарденова).

Талғар қаласындағы қазба жұмыстары сан алуан құрылыстар, баспаналар орнын анықтап, алынған тұрмыстық-шаруашылық материалдар ортағасырлық Талғар қаласы Жетісудағы темір өндіретін ірі орталықтың бірі болғандығын дәлелдеп берді. Мұнда тіптен болаттың да өндірілгендігі анықталды (Т.В.Савельева, Н.М.Зиняков).

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі уақыт ішінде ортағасырлық қалаларды зерттеу ісі де зор қарқынмен дамыды. Далалық ізденістер нәтижесінде Құлан, Жуантөбе, Қостөбе, т.б. көптеген қалалардың мәдени қабаттары аршылып, тың мәліметтер алынды.

Қарлұқ жабғуының астанасы болған ортағасырлық Қаялық (Қойлық, Қайлақ) қаласымен салғастырылатын Антоновка қаласындағы XII-XIII ғасырларға жататын будда храмын зерттеу жұмыстары да аяқталды. Сондай-ақ XII-XIII ғасырлармен мерзімделінетін бай усадьба аршылды. Баспаналарды бірнеше пештермен жылытып тұрған кан жүйесіне қатысты қосымша ақпараттар алынды. Қаланың қызықты құрылыстарының бірі ретінде XIV ғасырға жататын хаммам-моншасы мен XII ғасырға жататын кесенені де атауға болады. Қазба барысында қыш ыдыстардың, металдан және шыныдан жасалған бұйымдар топтамасы алынды (К.М.Байпақов, Д.А.Воякин, Б.А.Железняков, М.М.Нұрпейісов).

Түркістан, Күлтөбе, Шойтөбе қалаларында зерттеу жұмыстары да өз жалғасын тапты.

Археологиялық барлау нәтижесінде Түркістан оазисінен бірнеше ортағасырлық қалалар табылды, олардың арасынан I-IX ғасырларға жататын Сидак қаласын ерекше атап кетуге болады. Түркістан қаласының төңірегіндегі материалдар мұнда оңтүстікқазақстандық ірі егіншілік мәдени орталық қалыптасқандығын дәлелдеді (Е.А.Смағұлов, М.К.Тұяқбаев, М.Е.Елеуов).

Бұл жылдары Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының (жетекшісі К.М.Байпақов) негізгі зерттеу нысаны Отырар қаласы болып қала берді. Мұнда XIII ғасыр соңы мен XIV ғасыр бас кезінде пайдаланылған мешіт орнында қазба жүргізілді. Бұл құрылыс Түркістанда Әмір Темір бұйрығымен салынған Қожа Ахмет Ясауи кесенесімен қатар тұрғызылған еді.

2000-2004 жылдары Отырар мен Отырар шұратындағы (оазисіндегі) қалаларда «Көне Отырар қаласын сақтау мен қалпына келтіру» атты ЮНЕСКО-Қазақстан-Жапония біріккен бағдарламасының негізінде археологиялық-консервациялық жұмыстар жүргізілді. Оның мақсаты қазба арқылы жаңа мағлұматтар алу, бұрын қазылған XIV ғасыр соңы мен XV ғасыр бас кезіндегі мешіт, XVII-XVII ғасырлардағы мешіттерді, XIII-XIV ғасырлардағы моншаларды, қыш құмыра жасау шеберханаларын, XVI-XVII ғасырлардағы қала махаллаларын консервациялау, ескерткіш нысандарын фортификациялау арқылы Отырарды археологиялық саябаққа және Ұлы Жібек жолы бойындағы туризм орталығына айналдыру еді.

2004 жылы бұл бағдарлама аяқталған соң, жұмыстар «Көне Отырарды өркендету» жобасы аясында жалғастырылды. Отырардағы далалық жұмыстармен қатар Құйрықтөбе қаласындағы моншада, мешітте қазба жүргізілді, мешіт пен сарай консервациясы, Мардан-Күйік фортификациясы жасалына бастады (К.М.Байпақов, Д.А.Воякин, Т.С.Дошанова).

Ортағасырлық түрік мәдениетін толымды түрде көрсететін басқа да ескерткіштер көптеп зерттелді. Мысалы, көне түріктер заманындағы қорымдар, ғибадатханалар, жартас суреттері жайлы еңбектер шықты (Л.Н.Ермоленко). Мерке, Шу алабындағы Жайсан өңіріндегі тас мүсіндер, жартас суреттері туралы ақпараттар ғылыми айналымға еніп, қазақ және орыс тілдерінде бірнеше монографиялар жарияланды (А.М.Досымбаева).

2000 жылдан бері Батыс Қазақстанда Орал археологиялық экспедициясы нәтижелі жұмыстар жүргізіп келеді. Экспедиция барысында алынған тың мәліметтер монографиялық еңбектерде көрініс тапты (А.А.Бисембаев, С.Ю.Гуцалов, т.б.). Мұндай орталықтар Қазақстанның басқа өңірлерінде де ашыла бастады.

Көптеген мамандардың (К.М.Байпақов, З.С.Самашев, У.Х.Шәлекенов, Е.А.Смағұлов, М.Е.Елеуов, Т.В.Савельева, А.Ә.Нұржанов, Ж.Смаилов, Г.А.Ахатов, т.б.) монографияларында осы орта ғасырлық мәдениетке қатысты сан алуан мәселелер көтеріліп, соны мәліметтер жарияланды.

Өткен ғасырдың 90 жылдарының бас кезінде К.М.Байпақов, В.Ф.Зайберт, В.Н.Логвин, Ж.Қ.Таймағамбетов, З.С.Самашев, т.б. мамандардың іргелі ізденістері бірнеше кітап болып шыққан болатын, уақыт өте келе археологтар жаңа мәліметтер негізінде бірнеше еңбектер жариялап үлгерді.

Жартас суреттеріне қатысты бірнеше іргелі еңбектер жарыққа шықты (А.Н.Марьяшев, А.Горячев, В.Новоженков, т.б.). Ол көне мәдениет туындыларын біршама толымды түрде сипаттауға жол ашты.

Соңғы жылдардағы мәліметтер негізінде қола дәуіріне жататын беғазы-дәндібай кешендері жайлы монография жарық көрді (А.З.Бейсенов, т.б.). Оған дейін жарық көрген Э.Р.Усманова, С.Жауымбаевтың монографиялары қола дәуірін зерделеуге тың серпін берген еді. Ерте темір дәуірінің сауалдарына қатысты бірқатар ізденістер шықты (К.М.Байпақов, З.С.Самашев, т.б.). Берел қорымындағы көптеген материалдар негізінде бірнеше іргелі еңбектер жарияланды (З.С.Самашев, т.б.). Тас дәуірінің зерттелуін, негізгі мәселелерін қарастырған еңбек жарыққа шықты (Ж.Қ.Таймағамбетов, Д.С.Байгунаков). Сонымен қатар қола дәуіріне жататын ескерткіштердің зерттелуін бір ізге түсірген, кейбір мәселелерін қаузаған тарихнамалық бағыттағы монография да жарық көрді (Ж.Қ.Құрманқұлов, Д.С.Байгунаков). Альбом-каталогтар, тақырыптық альбомда, т.б. да шығып тұрады. Белгілі бір өңірдің археологиясына, тарихы мен этнологиясына арналған жинақтар да соңғы жылдары көптеп шығып отыр. Сайып келгенде, Қазақстан археологтары тас дәуірінен кейінгі орта ғасырларға дейінгі аралықтағы түрлі мәселелерді қозғап, отандық тарихнамаға мол үлес қосты.

Шетелдік басылымдарда да Қазақстан Республикасының археологтар еңбектерін көптеп жариялап келеді. Отандық археологтар алыс-жақын елдерде өткен көптеген басқосуларда, жиындарда баяндамалар жасап жүр. Ғылыми жұртшылыққа Ресей Федерациясында, Францияда, Италияда, т.б. елдерде жарыққа шыққан еңбектер кеңінен танымал.

Қазақстан археологиясы тарихында орын алған бұл кезеңнің жарқын құбылыстарының бірі алыс-жақын елдердің мамандарымен байланыстардың күшеюі болып табылады. Отандық археологтар шетелдік гранттарға да қатысып отырады, олар бойынша да жұмыс істейді. Шетелдерде ұйымдастырылған көрмелер арқылы Қазақстан археологтарының жұмыстары мен жеткен жетістіктері көрсетіледі. Мәселен, «Алтын адам және Қазақстанның ежелгі қазыналары», «Қазақстанның ежелгі діндері» секілді

Археология институтының музейі ұйымдастырған көрмелер Италия, Франция сынды елдерден зор табыспен оралды.

Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы. Археология ғылымын дамытуға бірінші кезеңі 2004-2006 жылдарды, екінші кезеңі 2007-2009 жылдарды қамтыған Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы да зор қарқын берді. Бұл бағдарламаны Қазақстан Республикасы Президенті 2004 жылғы 13-қаңтарда (№1277) бекіткен. Бағдарламаның негізгі мақсаты деп, рухани және білім беру саласының дамытылуы, елдің мәдени мұрасын қорғау және тиімді пайдалануды атауға болады. Ал негізгі міндеттеріне елдегі маңызды архитектуралық және тарихи мәдени ескерткіштерді қайта қалпына келтіру, мәдени мұраны, соның ішінде ұлттық мәдениет, фольклор, салт-дәстүрді зерттеудің толық жүйесін жасау секілді күрделі мәселелер кіреді. Осыған орай мәдени мұраны сақтау мен қалпына келтірудің төмендегідей негізгі бағыттары нақтыланған:

- ерте және ортағасырлық ескерткіштерді археологиялық тұрғыдан зерттеу, солардың негізінде қорық-музейлер құру және оларды туризм инфрақұрылымы жүйесіне қосу;

- Қазақстанның бірегей тарихи, мәдени және архитектуралық ескерткіштерін реставрациялау, консервациялау және пайдалану;

- ғылыми білімді түсіндіріп тарату, тарих ғылымының теориялық мәселелерін жасау, ғылыми, көркем және энциклопедиялық әдебиеттерді шығару;

- республикадағы тарихи-мәдени мұраны қорғау мен белсенді түрде пайдаланудың ұтымды құрылымын жасау жөніндегі мәселелері мен оның міндеттері: облыстық инспекциялардың, реставрациялық ұйымдардың қызметтерінің басшылығын қамтамасыз ету, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі бекітілген бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру.

Міне, 2004-2006 жылдарға арналған Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының негізгі талап-мақсаттары мен міндеттері, жүргізілетін бағыттары осындай деп көрсетілген болатын. Нәтижесінде бұл бағдарлама бойынша көрсетілген мерзімде орасан зор жұмыстар атқарылған-ды. Бұл кездері – біріншіден, 35 тарих және мәдениет ескерткіштерінде реставрация жұмыстаыр аяқталды; екіншіден – маусымдық археологиялық қазба жұмыстары 30-дан астам көне қалаларда, қоныстар мен тұрақтарда, қорымдар мен обаларда атқарылды; үшіншіден - әрбір өңірдің ескерткіштер Жинаған жасауға ден қойылды.

Кез келген тарихи-мәдени кезеңнің ескерткіштерін бір ізге түсіретін осы Жинақтардың маңызы зор. Бұл жерде әңгіме облыстық тарихи және мәдени ескерткіштердің Жинағы туралы болып отыр. Бүгінгі таңда республикада Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл секілді бірнеше облыстың ғана Жинағы жарыққа шыққан. Керек болса Оңтүстік Қазақстан облыстық тарихи және мәдени ескерткіштер Жинағы кеңестік замандағы мағлұматтармен ғана шектелген. Яғни, Қазақстан археологиясының кеңестік кезеңдегі жетістіктері ғана Жинақта сөз болады. Одан бергі уақыт ішінде ашылған ескерткіштерді,

археологиялық олжаларды көрсету үшін Оңтүстік Қазақстан тарихи және мәдени ескерткіштер Жинағын қайтадан басып шығаруды қажет етеді.

Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Алматы, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстарының тарихи және мәдени ескерткіштер Жинақтары құрастырыла бастады. Бұл Жинақтарды құрастыру кезінде жаңадан археологиялық экспедициялар жасақталды. Мұның өзі Қазақстанда археологиялық ескерткіштерді іздестіруге тың серпін берді. Нәтижесінде бұрынғы сан алуан нысандар жайлы мағлұматтар бір ізге түсірілуімен қатар, бұрын белгісіз болып келген түрлі ескерткіштер ашылды. Сөйтіп, облыстық Жинақтарды құрастырудың арқасында түрлі тарихи дәуірлердің мұрасынан хабардар ететін деректік қор шоғырланды. Сол себепті біз атқарылған ауқымды жұмыстар арасынан тек осы Жинақтарды түзуге қатысты жайттарды баяндап өтеміз. Өйткені стационарлық жұмыстар жүргізілген түрлі тарихи-мәдени дәуір ескерткіштері жайлы мағлұматтардың көпшілігі осы еңбекте қамтылған.

Алматы облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді тауып ғылыми айналымға енгізу үшін 2004 жылы Еңбекшіқазақ, Райымбек, Көксу, Ақсу, Кербұлақ, Жамбыл, Алакөл аудандарында барлау-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Көксу ауданынан Мұқыр маңынан ерте темір дәуіріне жататын 10 қорым, Жамбыл ауданындағы Қарақыр мен Қарғалы-бастау тауларынан 5 қорым мен екі петроглифтер тобы, ғибадатхана, Лабасы тауынан екі шоғыр петроглифтер, қорым және қоныс, Көксу өзені алабынан 20 қорым, Ақсу ауданындағы Баянжүрек, Жоңғар Алатауы тауларынан ғұрыптық тастар, қоныс, сақ дәуіріне жататын ғұрыптық құрылыс және петроглифтер тобы анықталған. Кербұлақ ауданындағы Қоғалы, Жайнақ батыр, Тастыөзек, Шоқан, Кербұлақ ауылдары маңынан ірі обалардан тұратын темір дәуірінің қорымдары зерттелген. Еңбекшіқазақ ауданындағы Новоалексеевск, Есік, Қаракемер, Түрген қорымдары қайта қарастырылып, Шошанай-2, Сүмбе-4, Кіші Ақсу-1-2, Абат-1, Ақтам-1-3, Ардалаты-1-2, Мойынтоғай-1-2, Сарытоғай-1-2, Сөгетті-1 қорымдарының ғылыми анықтамасы қайтадан жасалды. Сонымен қатар 1958-1964 жылдары зерттелген Ақтасты қорымдары мен қоныстары қайтадан тексеруден өтті. Олардан басқа да ерте темір дәуіріне жататын бірқатар ескерткіштер ашылды.

2004 жылы Қызылорда облысының Жаңақорған, Шиелі аудандарындағы ескерткіштер тізімге алынды. Шиелі ауданынан анықталған ескерткіштердің жалпы саны 49 дана, олардың 38-і ерте темірден орта ғасырлар уақытына жататын қорымдар мен обалық қорымдардан (Бесбұлақ-1-5, Майтөбе, Егеулі, Дарбаза, Ақтөбе, Диірмен тау, Ақжар, Ақмая, Ақбұлақ, Дәуітбай саз, Берікқара, Қоскөл, т.б.) тұрады. Төрт жерден петроглифтер шоғыры шыққан. Ал Жаңақорған ауданынан көне заманнан кейінгі орта ғасырға дейінгі уақытқа жататын 68 қорым (Талап-1-11, Бесарық, Қараүңгір, Кепес, Қарауылтөбе, Қостөбе-1-2, Тоқтамыс, Бірлік, Қайнар, Аққолтық-1-2, Алашапан, Құмбұлақ-1-7, Қосүйеңкі, т.б.) анықталған.

Бұл жылы Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерінің Жинағын топтастырушы мамандар 6 маршрут бойынша

жүріп өтіп, барлығы 312 тарихи нысандарды тізімге алды. Олардың басым бөлігі қола және ерте темір дәуірлерімен мерзімделінеді. Сонымен қатар 170-тен астам нысандардың сипаттамасы жасалынды.

2005 жылы Алматы облысының жоғарыда аталған аудандарынан басқа Ескелді, Қарасай аудандарында да археологиялық жұмыстар атқарылды. Сонымен қатар басқа аудандардың елді мекендері маңындағы археологиялық нысандарды анықтау өз жалғасын тапты. Айталық, Еңбекшіқазақ ауданы аумағынан 70 шақты, Райымбек ауданынан 200-ге жуық, Қарасай мен Жамбыл аудандарынан 170-тей, Алакөл ауданының жерінен 38 археологиялық нысандар (қорымдар, петроглифтер тобы, қоныстар, ортағасырлық ескерткіштер, қоршаулар, т.б.) анықталған. Олардың басым бөлігі ерте темір дәуірімен мерзімделінеді.

Бұл жылы Қызылорда облысындағы Шиелі мен Жаңақорған аудандарында археологиялық зерттеулер жалғастырылды. Нәтижесінде Жаңақорған ауданындағы тарихи және мәдени ескерткіштер (жеке обалар, оба топтары мен қорымдар, ортағасырлық қоныстар, қалашықтар, қарауылтөбелер, петроглифтер тобы, дамбалар, кесенелер, тас құрылыстар) саны 256-ға жетті. Олардың ішіндегі жеке обалар саны 23, ал топты обалар мен қорымдар саны 160. Яғни, бұл ескерткіштер табылған нысандардың басым бөлігін құрайды. Шиелі ауданынан 22 жеке обалар, 30 топты обалар мен қорымдар, 11 ортағасырлық қоныстар, 5 қалашық, 1 қарауылтөбе, 17 петроглифтер тобы, 1 дамба, 14 кесене, 1 тас құрылысы анықталған.

Солтүстік Қазақстан облысында да археологиялық ескерткіштерді тізімге алу өз жалғасын тапты. Ақжар және Уәлиханов секілді аудандардан мезолит, неолит, қола ғасыры, ерте темір дәуірлеріне жататын тұрақ, қоныс, оба, топты оба, қорым, үйінді қорым, қыстау сынды 200-ден астам тарихи нысандар анықталған. Олардың арасындағы Ленинградское-1-6, Қарашай-1-3, Көмбайсор-1-4, Талшық-1-8, Ащысу-1, Қулықөл-1-8 сынды ескерткіштер болашақта зерттелуі қажет деген ойдамыз.

2006 жылы да Алматы облысындағы ескерткіштерді сипаттап, тізімге алу және ішінара қазу жұмыстары жүргізіле берді. Әсіресе Түрген отряды Райымбек, Ұйғыр, Панфилов аудандарында нәтижелі жұмыстар жүргізді. Далалық зерттеулер барысында бұл аудандардан 355 археологиялық ескерткіштер анықталған. Бұл ескерткіштердің басым бөлігі ерте темір дәуіріне жатады. Кейбір ескерткіштердің диаметрі 100-ден асады. Ал Қарасай отряды Жамбыл және Қарасай аудандарының аумағынан 20-30 нысан, Көксу отряды аудан жерінен 50 ескерткіш, Ақсу ауданы аумағынан 30 археологиялық ескерткіштер тапқан. Сонымен қатар Іле, т.б. аудандарда да зерттеу жұмыстары атқарылған.

Қызылорда облысына тиесілі Жинақты құрастырушылар Арал, Қазалы және Қармақшы аудандары аумағынан қола дәуірінен жаңа заман уақытына дейінгі ескерткіштер ретінде сипатталынатын 170-тей ескерткіштерді тізімге алған. Бірқатар ескерткіштердің ғылыми сипаттамасы қайта жасалғанымен, негізгі күш жаңа мағлұматтар алуға үшін жұмсалды.

Сонымен қатар, Ақтөбе облыстық тарихи және мәдени ескерткіштер Жинағын құрастыру жұмыстары да басталып кетті. Жекелген аудандардың ескерткіштері зерттеліне бастады. Солардың бірі Уіл ауданы болып табылады. Мұндағы Қайыңды, Көсембай, Саралжың, Қоңырат, Құмжарған, Қаратал, Қарасу, Көптоғай, Ақшатау, т.б. ауылдардың маңынан осы елді мекендермен аттас 55 тарихи ескерткіштер анықталған. Олардың арасынан бірегей деп 161 обадан тұратын Қырықоба кешенін де атауға болады.

Бағдарламаның 2007-2009 жылдардағы екінші кезеңінде де бірқатар ескерткіштерде қазба жүргізілді. Ендігі кезекте беғазы-дәндібай мәдениетінің ескерткіштеріне, солтүстік өңірдегі Кеңөткел археологиялық нысандарына, Жетісу жеріндегі жартас суреттеріне және де көптеген ортағасырлық қалаларға баса назар аударылды.

Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасын халыққа және өскелең ұрпаққа берері мол ғибратты тарихи шара ретінде бағалауға болады. Бұл бағдарлама аясында археология ғылымы бойынша мол жұмыстар атқарылды. Айталық, тас (Қошқорған, Шоқтас кешендері, т.б.), мысты-тас (Ботай қонысы, Шідерті-3, т.б.), қола (Талдысай, Токсанбай, Айбас-Дарасы, Кент, Кеңөткел-18, т.б.), ерте темір (Шілікті, Берел, Қызыл-Үйік, Қырыоба, Шірік-Рабат, т.б.) дәуірлеріне жататын, сонымен қатар ортағасырлық кезеңге жататын көптеген ескерткіштер (Бұзоқ, Талғар, Отырар, Ақыртас, Қойлық, Сарайшық, Мерке, Жайсан, Сығанақ, Сауран, Жуантөбе, Сидак, Қараспантөбе, Шымкент, Бөріжар, т.б.) соңғы ғылыми жетістіктер бойынша қазылып, орасан мол деректік қор жинақталды.

Әйтсе де, республикада бұл бағдарламадан басқа іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеу бағдарламалары бойынша көптеген жобалар атқарылып жатады. Олардың да үлесі жоғарыда аталған бағдарламадан артық болмаса, кем емес. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы осындай көп бағдарламалардың бірі ғана.

Сайып келгенде, Қазақстанның барлық өңірлерінде археологиялық ізденістер кеңейіп келеді, кешенді зерттеулер жүріп жатыр. Бұл мемлекет тарапынан өткенді зерттеуге қамқорлық туындағандығын көрсетеді.

II-тарау

ТАС ДӘУІРІ

Алғашқы қауым адамы өмір сүрген төрттік (антропоген) кезеңі 2 млн. жылдан астам уақыт бұрын басталды. Антропоген дәуірін оған дейінгі неогенмен бөлген өзіндік табиғи шекаралар ірі палеографиялық өзгерістер болған еді. Бұл уақытта Қазақстан аумағында тау түзілу үрдістері зор қарқынмен жүріп, Тянь-Шань, Алтай, Тарбағатай, Сауыр және Жоңғар Алатауы қалыптасады. Жер қыртысының тіке қозғалысы Қазақстан ұсақ шоқысының қазіргі рельефін қалыптастырды. Оның жекелеген телімдері жазықтық пен үстірттер қалыптастырып біршама көтерілсе, басқалары төмен түсіп, ойпаттар мен қазаншұңқырларға айналды. Әлбетте, олардың қуаң аймақта (аридная зона) орналасуы ежелгі гоминидтер тіршілік жағдайының әркелкілігіне және де сонымен қатар ұқсастығына себепкер болды. Қуаңшылық аймақтарға аумақты алғашқы игерудің ұзаққа созылуы, сондай-ақ гоминидтердің қалыптасуы мен дамуының өзгешеліктері тән болып келеді. Бірақ барлық рельеф түрлеріне ашық (жер бетінде) үлгідегі тұрақтардың абсолютті басымдылығы тән. Олардың көпшілігі кешенді түрде болып табылады, сонымен қатар ежелгі гоминидтердің бір және сол геоморфологиялық ауданда өте ұзақ уақыт (кейде бірнеше жүз мыңжылдықтар бойына) орналасқандығының іздерін сақтаған.

Өзінің қуаң өңірдегі жағдайына, жер аумағының кеңдігіне және табиғи-ландшафттық өңірінің алуан түрлі, жер бедері үлгілерінің көп мөлшерде болуына қарай Қазақстан Еуразияның қуаң өңірінің палеолитін зерттеуге үлгі-өрнек (модель) бола алады. Мұнда мынадай ірі өңірлер бар: Тұран және Каспий маңы шөлдері; Сарыарқа, Шығыс Қазақстан жазықтары мен ұсақ шоқысы (Н.Г.Кассин, Г.Ц.Медоев, т.б. пайымдауынша Торғайдың бүгілген жерінен шығысқа қарай жатқан барлық аумақ); Солтүстік және Солтүстік-Шығыс Қазақстан ойпатты жазықтығы – Батыс Сібір ойпатының қазақстандық бөлігі.

Бұл өңірлердегі палеолиттің даму тарихы, тұрақтар саны және олардың шоғырлануы біркелкі емес, мұндағы геологиялық-геоморфологиялық, өмір сүру жағдайлары, палеогеографиялық жағдайлардың тұрақтылығы немесе өзгерістерге ұшырауы және де климаттағы өзгерістер не болмаса ландшафттың ауысуына байланысты қоныс аудару (маусымдық және миграцияның өзге түрлері) мүмкіндігі де әрқилы.

Ылғалды мұхит ауасының өтуіне кедергі келтірген таулардың өсуі және су алаптарының азаюы Қазақстан аумағындағы климатты құрғақ ете түсті. Бірақ оны төрттік кезеңде бірнеше рет ылғалды климат алмастырды, кейде тауларды мұздық басты.

Жер шарының кейбір аудандарында антропоген дәуірін бөліп көрсету мұздықтар кезеңі мен мұздықаралық сатылардың ауысуына байланысты палеоклиматтық принципке негізделген. Әсіресе Еуропадағы мұздықтардың альпілік сызбасы жан-жақты зерттеліп, кеңінен қолданылып келеді.

Қазақстан мен Орта Азия аумағы мұз жамылғысы баспаған аудандар қатарына кіргенімен, мұнда мұздықтардың суық лебі сезіліп тұрды. Төрттік мұздықтар негізінен таулы аймақтарды қамтыды. Олардың саны мен ұзақтығы ғаламдық жайттар туғызған тек климаттағы құбылуларға ғана емес, қалыптасқан тау жүйесінің биіктігіне де тікелей байланысты болды. Бірқатар зерттеушілердің пікірінше, Қазақстандағы мұздықтардың саны, уақыты мен ұзақтығы әрбір тау сілемдері үшін әрқилы болуы ықтимал.

Плиоценнің аяғындағы апат пен төрттік кезең хал-ахуалды өзгертті. Гиндукуш пен Гималай, Қарақорым, Тянь-Шань мен Алтай муссондарды өткізбейтін бөгет (кедергі) қана емес, олар тіпті күллі ландшафтты да толық өзгертіп жіберді де, бірте-бірте қазіргі кескін-кейпіне әкеле берді. Мұзарт құрсауында өсіп келе жатқан тау қыраттары, уақыт өткен сайын бұрынғыдан бетер көтеріле түсетін кең көлемдегі жаңа жерлер, тегі, палеолит ареалындағы аумақтар өрнегін күнілгері анықтап қойғанға ұқсайды. Муссондар мен циклондар қозғалысының өзгеруі, қуаң аймақтағы климаттың қытымырланып қатая түсуі едәуір мол аумақтың құлазып, шөлге айналуына себепкер болды.

Қазақстанның әр өңіріне болып жатқан өзгерістер бірдей әсер ете қойған жоқ. Тұран мен Каспий маңы шөлдері аймағының жағдайы тұрақты болған. Каспий теңізі жағалаулары мен Үстірт қыратында палеолиттің ерте кездерінен бастап неолитке дейінгі тұрақты палеогеографиялық жағдайлардың болғандығы (қолайлы климат, аңшылық нысандары мен тұратын жерлердің көптігі), шикізаттың молдығы, ауыз судың шығып жатуы көптеген палеолит пен неолит тұрақтарының сақталғандығынан да аңғарылады. Сақталған тұрақтар топографиясы геологтардың жағалаулық сызбаның бірнеше рет өзгерістерге ұшырағандығын көрсеткен мәліметтерін нақтылай түседі.

Ұсақ шоқылар мен жазықтардың ұштасуы тән, түбі жайпақ кең аңғарлы Сарыарқа геоморфологиялық жағдайлары жағынан мейлінше тұрақты аймақ болған және болып та отыр. Мұнда палеолиттің эволюциясы ашельдің едәуір соңғы кезеңінен басталып, кейінгі палеолитке дейін созылады. Неолитке дейінгі ұзаққа созылған хиатус гидрожелілердің (гидросеть) өзгерістерге ұшырауына байланысты еді.

Тас ғасыры тұрақтары топографиясының өзіндік ерекшеліктері ежелгі адамдардың Сарыарқаның негізгі су айырығының бойымен өтіп, одан соң Солтүстік Балқаш өңіріне қоныстануы мүмкін екенін көрсетеді. Палеогеографиялық жағдайлардың тұрақтылығы, көші-қон жолдарының қалыпқа келуі және, тегінде, олардың өзгермеуі, сол сияқты жануарлардың (аңшылық нысандары) тіршілік ететін жерлері мен құстар жолының да бір қалпында қалуы, жақсы шикізат қорының жер бетіне шығып жатуы және тиянақты су көзінің болуы палеолиттің әртүрлі мәдениетін бойына дарытқан алғашқы ұжымдардың бір тұрақтарда, шығарылған шлейф конусында, терең шүнейітті өзен жағасында немесе суы тұщы бұлақтар жанында ұзақ уақыт тіршілік етуіне мүмкіндік берген. Тек жоғарғы плейстоценнің аяғында өте суық әрі құрғақ болған кезде су жүйелері біржолата бұзылды. Ұзақ жылдарға

созылған тоңданудың өрістеуі жағдайында Сарыарқаның көптеген аудандарында сол аймақты мекендейтін жануарлар мен бір кезде осы өлкеде дәстүрлі тіршілік етіп, кейін біржолата кетіп қалған гоминидтердің қалыптасқан байланысы үзіледі. Тек өтпелі аймақтарда, Сарыарқаның шетіндегі Ертіс өңірінде ғана эволюция неолитке дейін толастамады.

Өтпелі аймақтардың бірі Қаратау сілемдері (Сырдария маңы) болды. Оның географиялық жағдайының өзіндік ерекшелігі мынада: ол, бір жағынан, Солтүстік Тянь-Шань жоталарының сілемі болып табылады және соларға тән биіктік белдеуі бар, ал ең суық дәуірлерде, сірә, мұнда мұздық (мұзарт) орналасса керек. Екінші жағынан, ол екі ірі аймақты – Орта Азияның құмды даласы мен Бетпақдаланың саздақты даласын шектеп, бөліп тұр. Климаты жағынан Қаратау жотасының жағдайы ерекше қолайлы. Мұндай жағдай ұзақ уақыт бойы, кем дегенде жоғарғы плиоценнен бастап сақталып келген. Шөлді аймақта орналасу сол арадан қалың құм қатпарлары (шеттерінде) мен борпылдақ (немесе сары) топырақты (лесс) қабаттардың құрылуына себепші болған еді. Қаратау жотасындағы көпшілік аудандардың геологиялық құрылымы, мұнда көптеген жануарлар үйірлерінің үнемі тіршілік етуіне қолайлы жағдай жасады.

Сол себепті де осының бәрі ежелгі гоминидтің осы араны мекендеуіне жол ашқандығына таң қалуға болмайды, олар бұл маңнан қоректі де, су көздерін де, сондай-ақ өзендер жағалауы мен үңгірлерден, бортопырақты аудандардан тұраққа қажет жақсы орындар тапты. Алайда, шамасы, өтпелі (шекаралық) аудандардың бір ерекшелігі – уақиғалар мен құбылыстардың үзік-үзік және әртүрлі болып келетіні. Мысалы, Қаратау жотасының палеолиті кем дегенде екі эволюция сызығымен сипатталынады. Оның біріншісіне Кіші Қаратаудың куэст аудандары тән және ол зілмен қара шақпақтастарға (Бөріқазған, Тәңірқазған) негізделген. Ең ежелгі тұрақтар пенепленнің бір кездегі үстіндегі мүйісті-қыратты биіктеріне байланысты. Неғұрлым кейінгі – ашельдік, мустьелік және кейінгі палеолиттік тұрақтар куэсттердің баурайында орналасқан және де ерте палеолиттік орындармен үлкен хронологиялық айырмашылықта.

Екінші бағыт жақсы физикалық қасиеттері бар ашық-сұрғылт түсті шақпақтас негізінде дамыды және дайындамадан (заготовка) неғұрлым сапалы жарықшақ алуға негізделді. Мұның негізгі ескерткіші Ш.Уәлиханов атындағы тұрақ болып табылады. Оның бірегейлігі мынада: бұл тұрақтың күллі тіршілігі өзен арналары тоздырған, өзі борпылдақ сары топырақпен астасып, шеткі аймақтары кайназой шөгінділерімен ұласып жатқан үстірт тарихымен тығыз байланысты. Бәлкім, бұл палеолиттік тұрақтың эволюциясы Буденный (қазіргі Арыстанды – *авт.*) кенті маңындағы конгломераттарынан шыққан, А.Г.Медоев «арыстанды мәдениеті» деп көрсеткен палеолиттен бастау алатын шығар.

Дамудың үшіншісі, шөгінді жыныстар бағыты да байқалады. Геолог Б.Ж. Әубекеров мәліметі бойынша, Ш.Уәлиханов тұрағы ауданынан және өзге орындардан кейінгі палеолиттің бірнеше үлгілері табылған, олар өзінің

типологиялық ерекшелігі жағынан Сарыарқадағы саяқ мәдениетін еске түсіреді.

Әзірге Қазақстанның таулы аудандары жеткілікті зерттелмей келеді. Мұнда палеолит тұрақтарын іздестірудің қиыншылықтары жауын-шашынның мол жиналу ерекшеліктерімен және жер бедерінің тез өзгеруімен анықталады. Егер төрттік кезеңдегі шөгінділердің жиналуы күнгірт айтқанда Сарыарқада шамамен 10-20 м болса (Н.Н.Костенко, Б.Ж.Әубекеров, т.б. мәліметтері), онда тауларда төрттік шөгінділер қалыңдығы километрмен өлшенеді. Осындай жылдамдықпен рельефтің дұрыс формалары (терраса, т.б.) да бұзылады. Дегенмен ашель (?) мен мустье артефактілерінің Шарын өзені каньондарынан, Жоңғар Алатауының оңтүстік беткейлерінен табылуы Қазақстан таулы аймақтарын зерттеудің болашағы мол екендігін байқатады.

Қазақстан төрттік шөгінділері стратиграфиясын дайындаған геолог Н.Н.Костенко антропоген дәуірін төменгі, ортаңғы, жоғарғы және қазіргі антропоген деген төрт ірі бөлімдерге жіктейді. Антропогеннің алғашқы екі бөлімі өз кезегінде төменгі және жоғарғы қабаттарға, ал жоғарғы және қазіргі антропоген – тиісінше үшке бөлінді. Палеогеографиялық жағынан төменгі антропогеннің ерте кезеңі жылы, бірақ неогенге қарағанда онша ылғалды емес климатпен, тау жүйелерінің белсенді түрде көтерілуімен, ландшафтты аймақтардың қалыптасуы, біртіндеп саванналық өсімдіктерді далалық және жартылай шөлейттігі түрлердің ығыстыруымен сипатталады.

Төменгі антропогенге сай келетін хайуанаттар негізінен іле фауналық кешеніне кірді, олар - оверн мастодонты, оңтүстік орман пілі, Стенон жылқысы, т.б.

Төменгі антропогеннің екінші кезеңінің бас кезінде климаттық жағдайлар алдыңғы уақыттардағыдан айтарлықтай өзгере қоймады. Бірақ оның соңында күн суытты, оған Қазақстан аумағының шығыс және оңтүстік аудандарындағы жартылай мұзарттардың дамуы әсерін тигізді. Төменгі антропогеннің жоғарғы қабаты Шығыс Еуропа тирасполь фаунасы мен Пекин маңындағы Чжоукоудянь үңгіріндегі синантроп фаунасына жақын қошқорған фауналық кешенімен тығыз байланысты.

Шымкент облысындағы (ОҚО – *авт.*) шартты түрде негізгі олжалар табылған жер атауымен аталған бұл уақыттағы қазынды фауна құрамына орман мен қалың тал-шілік өскен өзендердің кең алқаптарын мекендеген орман пілі кірді. Өзендер бойындағы тоғайлар мен биік бұталы дала - ежелгі бизон мен ебедейсіз дала мүйізтұмсығы-эласмотерийдің, кең маңдайлы бұлан мен бұғы-маралдың ең ұнамды жерлері болды. Далада жабайы жылқылардың екі түрі: зебр тәрізді белгілері бар зюссенборней және кейіннен қолға үйретілген мосбах жылқылары өмір сүрген. Шөлді аудандарда мұнда іле фауналық кешенінен белгілі ежелгі түйелер әлі де тіршілік етіп жатты.

Орта антропогеннің бас кезімен климаттың жылу және ылғалдану фазасы тығыз байланысты, оны кейіннен екі рет таулы аймақтағы мұздықтар ауыстырды және күн суытты. Бұл кезеңге хазар фауналық кешені сәйкес келеді.

Ортаантропогендік уақытта Қазақстан тауларында белсенді тектоникалық қозғалыстар да жүріп жатты. Тау түзілу үрдістері де жүрді. Таулы аймақтардағы бірінен кейін бірі болған екі мұздық басуынан соң өзендер мен көлдердегі су режимі бұзылды, гидрографиялық желі (сеть) өзгерді. Қазақстан аумағында қазіргі үлкенді-кішілі өзен арналары қалыптаса бастады. Сырдария Қызылқұм ойпатындағы қақтар арқылы өзіне жол салды, Нарым-Бұқтарма өзендері аралығының жарылуынан және Ертіс алабы ішінара су жүргеннен соң Зайсаннан ағынды су ақты, ал Қапшағай үстіртінің тектоникалық көтерілуі нәтижесінде байырғы Іле өзінің орта ағысында көл қалыптастырды. Мұздықтардың еруі нәтижесінде Солтүстік Каспий маңы ойпатын Каспий теңізінің сулары басып қалды, ал ортаантропогендік дәуір соңында теңіздің көлемі кішірейді.

Қазақстанның жазықты аймақтарында (Ертіс маңы, Балқаш төңірегі) негізінен орманды-далалы және далалы, ал оңтүстігінде жусанды шөлейт басым болды. Тянь-Шань және басқа да тау сілемдерінде қарағай, шырша, қайың, жөке, қызыл қайың (граб), ольха өсті.

Ортаантропоген дәуірінде хазар фауналық кешені аталатын жануарлар кеңінен тарады. Бұталы далалар мен шалғындарда трогонтериев пілдері, ірі және олармен бірге қысқа аяқты жануарлар, тықыр жүнді мамонттар өріп жүрді. Мол қорек беретін шалғындарда және далаларда ұзын мүйізді бизондар мен үлкен мүйізді бұғылар жайылды.

Жоғарғы антропогенде суықтық сақталып тұрды, климат қазіргі уақытқа қарағанда әдеқайда суық болды. Бұл кезеңнен бізге мамонттық фаунаның немесе жоғарғы палеолиттік фауна қалдықтары жетті. Соңында, голоценде (қазіргі антропоген) осы күнгі климат және қазіргі уақыттағы фауналық кешен қалыптасты.

Антропоген дәуірінің геологиялық стратиграфиясымен палеолиттің археологиялық жіктеуі де жасалады. Төменгі антропогеннің ерте кезеңіне төменгі палеолиттік дошелль (олдувэй) және шелль, екінші, немесе төменгі антропогеннің жоғарғы қабатына кейінгі шелль мен ерте ашель сай келеді деп жорамалданады. Орта антропоген кейінгі ашельге сәйкес келеді. Жоғарғы антропогеннің кейінгі (жоғарғы) палеолитпен арақатыстылығы бар, ал қазіргі антропоген жаңа тас ғасырынан бастап барлық кейінгі дәуірлерді қамтыды.

Қазақстан аумағында ежелгі гоминидтер пайда болуының алғышарттарын адамзат тарихындағы өтпелі және ең маңызды кезеңдегі геологиялық-географиялық жағдайларды негізге ала отырып іздестіру қажет, ал ондай кезең плиоценнің екінші жартысы болып табылады. Ең ертедегі гоминидтердің Африка құрылығынан бастап қазіргі қуаң өңір мен Сібір аумағына дейінгі кең-байтақ жерде анықталған іздері алғашқы адамдардың өте ауқымды кеңістікте қолданғанын дәлелдейді. Қазір бір нәрсе айқын: 1,6 – 1 млн. жылдар аралығында-ақ Каспий маңы ойпатының ашық кеңістіктерінде, Тұран далаларында, Моңғолия мен Солтүстік Қытайда гоминидтердің тұрақтары болған. Плиоценнің палеогеографиялық жағдайлары таулары біршама аласа және климаты қолайлы Азия жазықтарын

ежелгі адамдардың алыс солтүстікке қоныс аударуына жәрдемдесе алды деп санауға мүмкіндік береді. Әсілі, ол кезде Қазақстан, Моңғолия мен Солтүстік Қытай Еуразияны қоныстанудың алғашқы кезеңдері үшін ең солтүстік аудандар болса керек.

Төменгі (ерте) палеолит

Палеолит дәуірі (ежелгі тас) адамзат тарихындағы ең маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Біздің ілкідегі ата-бабаларымыздың тік жүруге көшуі және қолдарының еңбек ету үшін босауы, алғашқы дөрекі өңделген еңбек құралдарының жасалуы адамзат қоғамының қалыптасуының бастамасы еді. Кейінгі бірнеше мыңжылдықтар дәуірі адамның биологиялық түр ретінде (*Homo sapiens*) біртіндеп қалыптасуы, оның еңбек құралдары мен өмір сүру салтының жетілуі, қоғамдық ұйымдасуының үдейі дами түсуінің уақыты болды. Жердің әрқилы түкпірлерінде адамның қалыптасуы мен даму тарихында, оның еңбек қызметінде ұқсастықтар өте көп және олар өзара тығыз байланысты болып келеді. Бұған қарағанда, Қазақстан аумағындағы адам эволюциясын әлемдік тарихтың құрамдас бөлігі деп қарастыруға болады.

Қазіргі кезде біздің арғы бабаларымыздың тұрмыс туралы осы заманғы түсініктер олардың тұрған жерлеріне, адам еңбектерінің қалдықтары - тас құралдарына, оларды жасағанда қалған өндіріс қалдықтарына, жан-жануарлар сүйектері түріндегі тағам қалдықтарына негізделеді. Сондай-ақ, бүгінде даму деңгейі артта қалған деп аталатын халықтар өмірінен алынған этнографиялық мәліметтердің де маңызы аз емес. Бұлар ежелгі адамзаттың заттай және рухани мәдениетінің кейбір қырларын мейлінше нақты түсінуге мүмкіндік береді. Бірақ, ең басты ақпаратты алғашқы қоғамның негізгі материалы болып табылатын – тастан жасалған еңбек құралдары береді.

Ежелгі адам өзінің дамуында бірінен соң бірі келген бірнеше кезеңдерден өтті. Бұлардың негізінде тасты өңдеу техникасының жетілуі және осыған байланысты еңбек өнімділігінің, заттай және рухани мәдениеттің өсуі жатыр.

Ғылымдағы қазіргі классификацияға бойынша, ежелгі тас ғасыры ұзақ-ұзақ үш хронологиялық дәуірлерді: *ерте (төменгі), орта және кейінгі (жоғарғы) палеолитті* қамтиды. Батыс Еуропа материалдарына негізделген ежелгі палеолит классикалық үлгі бойынша үш кезеңге: ерте - олдувэй, ашель; орта палеолит – кейінгі ашель мен мустье; кейінгі палеолит – ориньяк, солютре мен мадлен болып бөлінеді. Соңғы жылдары бұл үлгіге бірқатар түзетулер енгізілді. Бірқатар авторлар мустье мен кейінгі палеолитті межеге алып, палеолитті ежелгі және кейінгі деп бөледі. Көбінесе Африкадан табылған жаңа мағлұматтар негізінде, дошелльді қамтитын адамзат өмірінің ерте кезі бұл күнде олдувэй дәуірі деп белгіленеді.

Төменгі палеолиттің дошелль немесе олдувэй мәдениеті деп аталатын ең ежелгі кезі шамамен 2,5 млн. жылдардан 800 мыңжылдықтарға дейін созылды. Ежелгі палеолиттің кейінгі екі дәуірі – шелль мен ашель 800 мың жылдан 140 мың жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Көптеген зерттеушілер орта

палеолитті (кейінгі ашель мен мустье) б.з.б. 140-40 мыңжылдықтарға жатқызады. Кейінгі палеолит шамамен 40-10 мыңжылдықтарға сай келеді.

Ежелгі тас дәуірі - адамның және оның шаруашылығының қалыптасу уақыты өндіргіш күштердің төмен деңгейімен сипатталады. Долбарлы шаруашылық мәні табиғаттан дайын өнім алу: жабайы дәнді-дақылдарды, жемістер мен жидектерді жинау, аңдарды аулау сынды іс-әрекеттерден тұрды. Адамдардың қарым-қатынасы ұжым мүшелерінің экономикалық теңдестігіне, еңбектің табиғи түрде жыныс-жас жағына қарай бөлінуіне қарай құрылды және өзіндік бір сипаты жағынан ұжымшылдықта болды.

Адамдардың палеолит дәуіріндегі қоғамдық ұйымы күрделі де ұзақ даму жолынан өтті. Оның бастапқы кезеңі - бірігіп қорғану мен шабуылдау, аң аулау мен терімшілікпен айналысу үшін құрылған – тобыр болды. Руға дейінгі бұл әлеуметтік құрылым – түбірсіздігімен, қоғамдық қатынастардың дамымауымен, қауымдық-отбасылық шаруашылықтың жоқтығымен сипатталады (ерекшеленді), сонымен қатар оған некелік қатынастардың кейбір қырынан ғана реттелуі (көсемнің рөлінің күштілігі, т.б.) тән еді. Алғашқы қауымдық тобырдың өмір сүрген уақытына төменгі палеолиттің ең ерте сатысына – олдувэй кезеңіне жатқызылады.

Ашель заманында біртіндеп жаңа әлеуметтік құрылым – алғашқы қауымдық құрылыстың алғы шарттары пісіп жетіле бастайды. Ал мустье дәуірінде отырықшылық орнықты, жыныс пен жас мөлшеріне қарай еңбек бөлінді, қауымның алғашқы тұрпаттары байқалды. Кейінгі палеолиттегі адам ұжымы әлеуметтік жағынан алғашқы рулық қауымның кемеліне жеткен қатынастарымен сипатталады. Бұл сапалық секірім, көптеген зерттеушілер пайымдауынша неандертальдықтардың осы замандағыдай дене бітімі бар адамға (*Homo sapiens*) айналуымен тұстас келген.

Homo түрінің нақты ежелгі өкілдері бұдан 2,5 млн. жыл бұрын пайда болды. Бұл уақытта австролопитектер өмір сүргендігі туралы пікірлер бар. Қазір 1959-1963 ж. Олдувэй шатқалынан (Шығыс Африка) дөрекі шапқы құралдарымен (чоппер) бірге сүйек қалдықтары да табылған презинжантроп Жер шарындағы ең ежелгі еңбек етуге қабілеттілер ретінде саналады. Бұл ежелгі гоминидке ғалымдар «*Homo habilis*» («шебер адам») деген атау берді. Оның калий-аргон әдісі бойынша алынған абсолюттік жасы - 1 млн. 750 мың жыл.

*Homo habilis*тің ми көлемі (652 см³) антропоид маймылдар миынан біраз асады. Басқа бірқатар мәліметтер де, мысалы, тік жүргендікті айқындайтын, айқын білінетін табан имектігі, бұл тіршілік иесінің адам тәрізді маймылдардан ежелгі адамды бөлген шектен әлдеқашан өтіп кеткендігін көрсетеді.

Адам эволюциясының келесі қадамы *Homo erectus* («түрегелген адам») сатысымен байланысты. Бұл түрдің өкілдері тас ғасырында шелль-ашель мәдениеттерін қалдырған - питекантроп пен синантроп болды. Ява аралынан табылған питекантроптың ми көлемі 950 см³, ал Пекин маңындағы Чжоукоудянь үңгірінен алғаш рет қазып алынған синантроп миы 1075 см³ еді. Есте қаларлығы, синантроп сүйектерімен бірге түрлі тұрпаттағы

(формадағы) дөрекі тас құралдары, қатты отқа күйген тастар және төменгі антропоген фаунасындағы жануарлар сүйектерінің үлкен көлемде жатқан-ды.

Қазіргі уақытта осы заманғы адамның ең ежелгі түпкі отаны (ата мекені) мен расалық түрлердің тегі туралы бірыңғай пікір жоқ. Екі ғылыми болжам: *көпорталық* (полицентрлік) және *бірорталық* (моноцентрлік) кең тараған. Біріншісі бойынша, осы заманғы адам планетаның Еуропа, Азия, Африка, Австралия секілді бірнеше бөліктерінде қалыптасқан; бір-бірінен біршама бөлек (оқшау) түрлі қарқынмен *еуропа тектес* (*еурпеоид*), *моңғол тектес* (*монголоид*), *заңгі тектес* (*негроид*), *австралия тектес* (*австралоид*) үлкен расалардың қалыптасу үрдісі (процесс) жүрген. Бірорталық (моноцентрлік) ғылыми болжамын жақтаушылар, барлық расалық түрлер алғашқыда Солтүстік-Шығыс Африканың, Алдыңғы және Оңтүстік Азияның орасан зор аумағын мекендеген бір арғы ата-бабалардан тараған деп есептейді. Бұл алғашқы адамдарда осы заманғы расалардың бірде-бірінің нышандары болған жоқ, тек қана адам топтарының Жер шарының түрлі өңірлеріне мүмкіндігінше таралуы мен сонда тұрақтап қалуына орай, біртіндеп сол немесе басқа расалық түрлер қалыптасқан.

Соңғы уақытта ғалымдар тарапынан адамның Солтүстік-Шығыс және Оңтүстік-Батыс Азия сияқты екі облыста қалыптасуы жөніндегі теория ұсынылды. Дәл осы, экватордан солтүстікке қарай орналасқан тропикалық аймақтан ежелгі адамдардың қазба қалдықтары көп табылған-ды.

Кейінгі ашель мен мустье уақытында тас құралдарын жасау технологиясында және ежелгі адамның өмір сүру бейнесінде түбегейлі өзгерістер болып өтті. Бұлар неандертальдық аталатын адамның жаңа, жоғарғы дәрежедегі эволюциясы салдарынан өзгерген еді.

Жалпылама түрде *палеоантроптар* аталатын ашель-мустье дәуірінің адамдары, Жер шарының кейбір бөліктерін мұздық басқан, климаттың біршама суытқан жағдайында өмір сүрді. Төменгі палеолиттің бұл ақырғы кезеңінде қазіргі адамдар түрінің ата-бабаларының сыртқы кескін ерекшеліктері түпкілікті орнықты.

Мандайы көлбеу, қасының үсті доға тәрізді, бас сүйегінің аласа болуы, бет сүйегінің шомбалдылығы, тістері өте ірі, иек сүйегінің болмауы немесе нашар дамуы неандертальдықтардың басты өзгешелік белгісі болып табылады. Омыртқасындағы онша байқалмайтын бүгіліс пен аяғындағы тізесінің әлсіз түзулігі неандертальдықтардың жүрісі ебедейсіз болғандығын көрсетеді. Олар аласа бойлы (150-160 см) болды, енді бірақ та ми қауашағының көлемі 1300-1400 см кубқа жетті.

Кейінгі ашель мен мустье заманы палеолит адамы мен оның мәдениетінің дамуындағы жаңа кезең болды. Өндірістік қатынастарда ол дамыған тас өңдеу техникасына өтумен басталды. Мұның мәнісі сол, тас дайындамасының қысқа жағы бір немесе екі тегіс алаңқайша алу үшін шағылды. Бұл үшін сүйектен, ағаштан, мүйізден жасалған цилиндр тәрізді шой балға пайдаланылды. Сонан соң тегіс алаңқайшадан ұзынша зілмен тас тілікшелері шағып алынды. Тас өндеудің бұл жаңа тәсілі *леваллуа техникасы* деген атау алды.

Ашель заманында пайда болған дөңгелек өзектастардан құралдар жасау тәсілі де бұрынғыдай дами берді. Мұндай дайындамалардан тас тіліктерін дөңгелек өзектастың шетінен орта тұсына бірнеше соққы бағыттап отырып дайындады. Мустьеде құралдардың негізгі түрі *үшкір тас* пен *қырғыш* болды. Үшкір тас - пышақ ретінде және сабы ағаш найза, сүңгі ұшына пайдаланылса керек. Қырғыштар ағаш өңдеу, аң терілерін сыпыру, т.б. жұмыстарға пайдаланылды.

Бірақ, құрал-сайман жиынтығы бұл екі құрал түрлерімен шектелген жоқ. Олармен қатар алдыңғы дәуірлердегі тас құралдарының клеттон және «жалған» клеттон түріндегі жаңқалар, бифастар, унифастар, т.б. болды және дамытыла берді.

Мустье уақытындағы түрлі өңірлердегі ескерткіштерден әрқелкі құралдар түрлері мен оларды дайындаудың техникалық тәсілдері анық байқалады. Соңғысы бәлкім ашель кезеңінде, сондай-ақ әлбетте мустье уақытында ежелгі адамдар тобы мәдениетінде жергілікті (фациальды) ерекшеліктер болғандығы жайлы ойға жетелейді. Мұндай ерекшеліктер Қазақстан аумағына да тән.

Тас құралдарын дайындаудың техникалық-типологиялық өзгешеліктері сол немесе басқа ұжымды қоршаған табиғи орта, тас өңдеуде қалыптасқан дәстүр, шикізат ресурстары секілді түрлі себептер бойынша анықталды. Мустье адамының ірі жетістігі отты тұтатудың әрқилы жолдарын: ағашты ағашқа үйкелеу (ағаш таяқшасының үшкірленген жағын жұмсақ ағаштың ойығына салып, айналдырған) мен кентас минералдарына шақпақ тасты ұрып ұшқын алу болды. Отты игеру жануарлар еті мен майын нәрлі де жеңіл қорытылатын тағамға айналдыруға мүмкіндік берді.

Ежелгі палеолиттің кейінгі кезі ескерткіштердің көп түрлілігімен ерекшеленеді. Бізге жар астында немесе үңгірге кіре беріс тұста тұрақты ошағы бар қарапайым баспаналар, тұрақ-шеберханалар, шеберхана-тасқашау орны, маусымдық аңшылық қоныстары, аңшылық уақытша лагерьлер жеткен.

Неандерталь адамы климаттың ылғалдылығы мен күннің суыту жағдайында күрке түріндегі баспананы тұрғызды, ол шағын дөңгелек жертөле қазып, бұлардың қабырғасын жерге қазылған жануарлар сүйектерімен бекітті, жануарлар сүйектерінен ірі баспаналар көтерді. Ұзақ уақытқа арналған баспаналардың тұрғызылуы - адамдардың тұрмыс салты мен қоғамдық ұйымдасуында елеулі өзгерістер болғандығын көрсетеді. Сол заманда-ақ жартылай отырықшылық тұрмыс салты қалыптасқандығы жайлы айтуға негіз бар. Терімшілікпен айналысқан адамдар ұжымының бір бөлігі (әйелдер, балалар, қарт кісілер) тұрақты баспанада тұрды, ал келесі бір бөлігі – аңшылар тобына немесе отрядтарына біріккен ер адамдар, - олжа іздеп көшіп жүрді және аңды қаумалап ұстауға ыңғайлы орындарда уақытша лагерь тікті.

Тас қазатын жерлерден шикізат алу, аң аулау құралдарын дайындау, баспана тұрғызу, аңшылар әкелген олжаларды ұқсатып, тағам дайындау

сияқты еңбек үрдістерінің сан алуандығы табиғи түрде (жынысына және жасына қарай) еңбек бөлінісіне жеткізді.

Қоғамның негізгі ұясы жергілікті топ немесе аңшылар қауымы болды. Бәлкім, бұл қауымдарда сол кезде-ақ ру құрылымының қайсыбір қарапайым белгілері туралы, рухани мәдениеттің бастамалары жайлы айтуға мүмкіндік беретін қарапайым генеалогиялық байланыстар болған шығар. Ашель-мустье дәуірі палеоантроптардың біршама кең тарап қоныстанған уақыты болды; іс жүзінде ТМД елдерінің оңтүстік аудандарының бәрі неандерталь тұрпатты адамның мекендеген аймағына енді.

Қазақстан аумағында ежелгі палеолиттің екінші жартысына жататын көптеген ескерткіштер белгілі. Олардың біршама біркелкі таралуы мынаны көрсетеді: мустье дәуіріндегі адам Қазақстан аумағының оңтүстікте Қаратау жотасынан, солтүстікте Есіл өзенінің басталар жеріне дейінгі және батыста Сарысудың орта шенінен, шығыста Ертістің басталар жеріне дейінгі аудандардың көпшілігін игерген.

Қазірдің өзінде екі ірі мәдени аймақты – оңтүстік және солтүстік аймақты атауға болады.

Ежелгі тас ғасырының қазақстандық археологиясында әзірге дәстүрлі түрде палеолит дәуірін ежелгі, орта және кейінгі кезеңдерге бөлерліктей өлшемдер жоқ. Сондықтан Қазақстанның көне тарихының ескерткіштері жөнінде сипаттама екі – ежелгі палеолит пен кейінгі палеолит жайында берілген.

Қазақстан аумағынан ежелгі адамның қазынды қалдықтары әзірге табылған жоқ. Алайда қазақстанның оңтүстік аудандарындағы палеогеографиялық жағдай ежелгі адамның өмір сүруі үшін қолайлы болды. Мұны Оңтүстік Қазақстанда табылған, Оңтүстік-Шығыс Азия мен Африканың шелль-ашель уақытындағы тұрпайы құралдарына ұқсас ежелгі тас құралдар, Чжоукоудянь үңгірінен синантроппен бірге табылған фаунаға жақын ежелгі жануарлардың түр құрамы да көрсетеді.

Қазақстан аумағында ең ежелгі адамдардың мекендеуі үшін қолайлы аудандардың бірі Қаратау жотасы болды. Бұл жотаның маңайында және оған жақын аудандарда төрттік дәуірдегі мұздандудың ешқандай ізі болған жоқ. Біршама ылғалды, жылы климат ылғалды жерде қаулай өскен өсімдік, әр қилы фауна мұнда көне палеолит дәуіріндегі адамның өмір сүруіне қажетті алғы шарттар жасады.

Мұндағы ең көне еңбек құралдарының қатарына жататындар – Қаратау жотасының оңтүстік-батыс беткейіндегі Арыстанды өзенінің төменгі төрттік, ең жоғарғы жайылма сөресін құрайтын жентектелген қосындылардың ішінде Кеңірдек елді мекенінен табылған ауыр, тік бұрышты шақпақ тастар. Клектон тұрпаттас деп аталатын бұл ең ежелгі құралдардың одан анағұрлым кейінгілерден айырмасы – олардың соғатын қыр алаңқайшасы тым үлкен, ол тіпті тіпті бүкіл сынық көлемінің жартысынан көбірек. Олармен бірге бұл тас жаңқалары сындырылып алынған үлкен шақпақ тас дайындамалары, ұра-өзектастар да болды.

Кіші Қаратау жотасының солтүстік-шығыс бөлігіндегі ежелгі адам, шамасы, көбінесе окшау қыраттарда (останцаларда), аласалау төбелерде немесе мүйістерде (куэстерде), көне замандағы құрал жасалатын негізгі зат болып табылатын шақпақ тастары көп жерлерде тұрды. Мұнда, мәселен, радиусы 5-10 км жерден 12 палеолиттік тұрақтар табылған, шақпақ тастан жасалған 5 мыңнан астам құрал жиналған. Қаратауда табылған ерте ашель дәуіріне жататын неғұрлым ден қоярлық олжалар Шабакты, Тәңірқазған, Бөріқазған, Ақкөл-1, Қазанғап қоныстарынан алынды.

Шабакты қонысында көлбей жатқан қыраттың тегіс бетінен, клектон тұрпатты деп аталатын, арыстанды тас жаңқаларына ұқсас екі шапқы табылды. Біріншісі үш бұрыш пішіндес, сұрғылт-жасыл шақпақ тасты әктастан жасалынған; оның жұқартылған екі қырлы жұмыс шетінен имек жүз шығарылған. Шомбал қырғышты еске түсіретін екінші шапқының түрі сопақтау; бұл уақытқа тән тағы екі құрал табылған. Мұның бірі ірі малта тастан дайындалған жүзі жалпақ африкалық чоппингті еске түсіреді. Оның имек келген жұмысқа пайдаланылатын бөлігі екі жағынан ірі жарықшақтармен ұшталған, ал қарсы ұшы өңделмеген. Бір шеті ірі жарықшақтармен өңделгендіктен, құрал дөрекі шапқы іспеттес болып шыққан.

Бөріқазған мен Тәңірқазған қойнауларындағы тұрақтар ерте ашель дәуіріне жатады. Мұнда нақпа-нақ анықталған мәдени қалдықтар шыққан жерден төрт түрлі бұйымдар тобы табылған. Бұлар – шеті не бір жағынан, не екі жағынан жұқартылған дөрекі шапқы құралдар, жүзі мейлінше өткірленген ашельдік тұрпатты шапқылар, клектон тұрпатты зілмен тас жаңқалары, тұрпайы ірі ұра-өзектастар. Бәрі де желден жеміріліп, әбден көнерген. Мұндай тас құралдар жиынтығы Ақкөл-1 тұрағына да тән.

Ерте ашель уақытына жататын тағы бір ескерткіш Бетпақдалада, Шу өзенінің оң жақ жағасынан табылды. Шу өзенінің ең жоғарғы көне төрттік сөресінің бетінде, Қазанғап қойнауында табылған заттардың жатқан жерінің геологиялық жағдайлары олардың жасының төменгі палеолитпен тұстас келетінін көрсетеді. Жұқа қабат тығыз құмдақтың астында көміліп қалған тұрақтан 300-дей әр қилы тас бұйымдары аршылды. Олар карбонмен шамалас қоңыр сары шақпақ тастан жасалған. Табылған заттардың негізгілері – клектон тұрпатты тас жаңқалары. Шақпақ заттардан көп кездесетіндері – екі жақты (бифас) және бір жақты (унифас) шапқы құралдар, қырғыштардың азды-кемді пайызы, қол шапқылар, өзектастар және басқа да құралдар.

Қаратау тас құралдарының тұрпаттары және оларды өңдеу тәсілдерінің Африкада, Үндістанда, Пәкстанда, Қытайда табылған ежелгі заттарға типологиялық жағыан ұқсастығы Оңтүстік Қазақстанның аумағын адам сонау шелль-ашель дәуірінде мекендеген деуге мүмкіндік береді.

Қазақстанның ежелгі тұрғындары питекантроп пен синантроптың замандастары болған, бұлар эволюциялық дамуында *Homo erectus* кезеңіне сай келеді. Қаратаудың алғашқы тұрғындары от жағып, оны сөндірмей ұстай білген, ірілі-уақты хайуандарды аулаумен, өсімдік тағамдарын жинаумен

шұғылданған. Бұған Оңтүстік Қазақстанда ұзақ жылдар бойы зерттелген Қосқорған мен Шоқтас секілді бірегей ескерткіштерден қазып алынған материалдық қалдықтар куә бола алады.

Бұл ескерткіштер Оңтүстік Қазақстан Түркістан аумағындағы Қаратау жотасының оңтүстік-батыс беткейі мен Сырдария өзендері алаптарының аралығында орналасқан. Аталған аудан Азия орталығындағы шөлді және шөлейтті (аридті) аймаққа кіреді, оған бір шетінен Қарақұм құмдарының да жақын болуы азды-кемді септігін тигізеді. Бұл ескерткіштердің басқа археологиялық нысандардан айырмасы сол, бірқатар тас құралдары атқылаған судың айналасына қатып-семіп қалған травертинді сақиналардан қазып алынған. Еңбек құралдары мен тұз тағыларының сүйектері бірге жатуы олардың замандас екендігін де айғақтайды.

1993-1994 жылдары Қосқорғандағы археологиялық ізденістер кезінде алынған тас құралдарының жалпы саны 5 мыңға жуық және де техникотипологиялық жағынан ап-айқын кешенді құрайды. Шикізат көзі, сыртқы келбеті, типологиясы, дайындау технологиясы (екінші қайтара өңдеу), алғашқы жаңқалау жүйесі секілді белгілері бойынша кешен бір тектес. Тас құралдарын дайындау үшін түрлі жыныстар пайдаланылған, олардың арасында кварц, сұр түсті ірітүйіршікті құмтас, кварцит, шақпақтас, әктас, тасқа айналған ағаш та бар. Артефактілердің 70% кварц пен мел заманындағы ірітүйіршікті құмтастан жасалынған, бұл екі жыныс кесек және сынық түрінде де пайдаланылған. Қалған жыныстар, негізінен, мел заманындағы шағын малтатас түрінде. Жалпы алғанда, индустрия кейпі микролиттік, құралдардың орташа мөлшері (көлемі) 3-5 см, бірақ мұның өзі шикізат көзімен тікелей байланысты болуы неғыбайыл, сірә ол өзіндік технологиялық дәстүрді анықтаса керек. Алғашқы жаңқалау леваллуа техникасына жақын екендігімен сипатталынады, бірақ, әлбетте, өзіндік ерекшелік оны қошқорғандық леваллуа техникасы деп белгілеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ «цитрон» және радиалды техникалары да болған, бірақ олардың үлес салмағы мардымсыз. Өзектастардан (нуклеустерден) алынған дайындамалар (заготовка) қысқа түрпішінді, олар негізінен тас жаңқасына (отщеп) негізделген. Бифастық техника жоқтың қасы, оған қарағанда унифастар жиірек кездеседі. Екінші қайтара өңдеу түрлі типтегі түзетулерден (ретушь) тұрған, түзету венраль бөлікке қарағанда, дорсаль жақтан көбірек түскен. Түзетудің сатылы, қабыршақты типтері айқын байқалады. Клектон ойықшалары, кейде аралас ойықшалар да кездеседі.

Құралдар арасында, әлбетте, түрлі типтегі қырғыштар басым, олардың арасында мустье сүйір ұшы, кескіштер, ойықты құралдар, қырғыштар, малтатастан жасалған құралдар бар.

Негізгі тас бұйымдарын сипаттай келе, олардың Қазақстан мен Орта Азиядағы индустриялар қатарынан кездеспейтіндігіне назар аударма кеткен жөн. Оларға аздап Көлбұлақ (Өзбекстан) пен В.А.Ранов енгізген «сары топырақты» (лессовый) палеолит (Тәжікстан) материалдары ұқсас. Айта кететін бір жайт, қошқорғандық кешендер бірқатар белгілері бойынша Орталық Еуропадағы Вертешселеш (Будаиндустрия) пен Бильцингслебен

индустрияларына ұқсас (жақын) болып келеді. Вертешселеш тұрағының мерзімі бұдан бұрынғы 350-600 мыңжылдықтарды қамтиды. Қошқорған мен Шоқтас кешендеріне ұқсайтын индустрияларды шығыс өңірлерден де кездестіруге болады. Мәселен, Қытай жеріндегі Чжоу Коу-дянь үңгірі. Мұның барлығы, Қосқорған мен Шоқтас плейстоцен кезеңінде батыс пен шығысты жалғастырған бөлік болды ма екен деген көңілге пікір ұялатады.

Оңтүстік Қазақстанда анықталған ашель-мустье дәуіріндегі тұрақтар жаңа тұрпаттағы құралдардың бұдан бұрынғы уақыттағы ежелгі заттармен етене ұштасуымен сипатталады. Осындай ескерткіштер қатарына Көктал өзенінің шығыс жағындағы Тоқалы қойнауынан табылған үш кешен жатады. Тоқалы (1-3) тас құралдарының орналасу жағдайлары Бөріқазған мен Тәңірқазғанда табылған заттардың орналасуына өте ұқсас. Аталған жерлерден 300-ден астам тас бұйымдары жинастырылған, олардың басым бөлігін дөрекі имек жүзді малта тас құралдары мен көне зілмен қырғыштар құрайды.

Келесі бір тұрақ – Қызылрысбек, ол Ақкөл көлінен оңтүстікке қарай 20 км жердегі куэст қыратының бетінен табылды. Құрал жасау үшін пайдаланылған материал ұсақ түйіршікті шақпақ тастардың табиғи жыныстары мен шақпақ малтатас болды. Бірнеше рет дәлдеп жарылғаннан кейін тастар тұрпайы қол шапқыларына немесе тас балтаның ізбасары болып табылатын колун тұрпатты құралдарға айналдырылатын болған. 20 шаршы метр жерде құралдардың бірнеше түрі — екі жақты шапқылар, өзектас тәрізді шапқылар, дөңгелек өзектастардан шағылып алынған қырғыштар мен тас жаңқалары теріліп алынды.

Ашель-мустье дәуіріндегі адамдардың бірқатар тұрақтары Бурылтай (Боралдай) өзенінің биік жайылма серелерінен шықты. Мұнда ежелгі тұрпаттағы ірі ауыр тас жаңқаларынан басқа дөңгелек өзектастар, үшкіл тас тіліктері, арқа тұсы кең, қырлы тас тіліктері, сопақша қырғыштар, қара сұр үшкіл үлкен тас жаңқадан жасалған үшкіртас табылды. Бұл арада пайдаланылатын тастардың жоқтығы, тас саймандардың аздығы және өзгешелігі Бурылтай тұрақтарын аңшылардың шағын тобының аз уақыт болған жері деп есептеуге мүмкіндік береді.

Арыстанды өзенінің оң жағасында, Қарасу қойнауында зерттелген ескерткіштің түрі мүлде басқаша. Ш.Ш.Уәлиханов есімі берілген, бірнеше қабатты палеолиттік тұрақ Арыстанды өзенінің үшінші жайылма сөресінде болған. Бұл маңда, 10 мың шаршы метрден асатын жерде шақпақ және халщедон заттардың мол жиынтығы табылды.

Тас құралдардан басқа жабайы жануарлар сүйектерінің сынықтары мен ағаш көмірі бар материалдық мәдениеттің іздері көлбеу жатқан және алты қабатта болған; қабаттар сары топырақ арқылы бөлінген; сөйтіп, үш стратиграфиялық белдеу жасаған. Тұрақтағы заттар мустье пішінді. Олардың ішінде дөңгелек өзектастар, сынықтар, үшкір тастар, екі жағынан өңделген шапқы құралдар, қырғыштар, жонғыш-қырғыштар, кескіштер бар. Оның үстіне қырғыштар мен кескіштер сонау мустье заманында пайда болып, сол кезде көп кездесетін жұмыс аспаптарымен қатар қолданылған.

Мәдени қатпарлардың 7 метрдей қалыңдығы он мыңдаған жылдар бойы алғашқы адамдардың мекені болған тұрақтардың орналасу жағдайларының өте-мөте қолайлы болғанын көрсетеді. Екінші және үшінші стратиграфиялық белдеулердің арасынан алынған құмдақтың тегін талдау мустье заманындағы тұрақты маңы ашық дала болғанын дәлелдейді. Ірі дән ұрығы табылғаны назар аударарлық; мұның өзі қолдан өсірілген дәндердің ұрығына ұқсас. Тау шатқалдарында, Қаратау бөктерлерінде, Арыстанды өзенінің жағалары мен жайылмаларында көделі-бұталы алқаптар ойдым-ойдым ормандармен аралас болған; бұлардың ішінде қарағай, қайың, шегіршін, үйеңкі, грек жаңғағы, алма, тал, қызыл қайың, емен, жөке сияқты ағаш түрлері өскен.

Тұрақты мекендеушілердің негізгі кәсібі бизон, бұғы, киік, жылқы аулау болды. Шақпақ тас пен халцедон қорының жақындығы тұрғындарды еңбек құралдарын жасауға қажетті шикізатпен қамтамасыз етті. Тас заттарды өңдеу үшін сүйектен, мүйізден істелген құралдар - төстер, тас жарғыштар қолданылды.

Мустье мәдениетінің іздері Арыстанды өзенінің оң жағалауындағы Шақпақ қазаншұңқырынан да табылды. Бұлар - дөңгелек өзектастар, олардан алынған тас жаңқалары, тегіс қалақтар, оншақты басқаша түрдегі сынықтар. Шақпақ заттардың беттерін сарғылт тат басқан және типылданған. Құралдар жасайтын материал ретінде жартылай мөлдір сұрғылт боз шақпақ тастар пайдаланылған.

Қарасу поселкесінің маңында, Арыстанды өзеніне құятын Ащысай, Шөлтоғай, Майбұлақ, Қаратас сайларының шағын мүйістері мен жайылмаларының бетінде адамның қолымен сындырылған ақ және боз сұр жартылай мөлдір шақпақ тастардың біразы табылды.

Негізінде құралдар дөңгелек өзектастардың үшкіл сынықтарынан және қос қырлы ұзынша тас тіліктерінен жасалды. Тас тіліктері дөңгелек өзектастардан емес, бітімі жағынан призмаға ұқсас қатар қырлы өзектастардан шағылып алынды. Бұл тұрақтан табылған құралдардың ішінде кішкене шапқылар, қырғыштар, шеті түзетілген үшкіртастар бар.

Оңтүстік Қазақстанның басқа жерлерінде де мустьелік аңшылардың бірқатар қызықты тұрақтары табылды. Бұлардың қатарында Алғабас, Үшбұлақ, Шабакты, Бүркітті, Шалсай тұрақтарын атауға болады.

Алғабас тұрағы Шаян өзенінің жайылмасындағы үшінші сөреде орналасқан. Тас бұйымдардың көпшілігі - қысқа жалпақ тас жаңқалары мен ауыр үшкіл тіліктер; бұлар ақ және көгілдір ақшыл тығыз шақпақ тастан жасалған.

Үшбұлақ қойнауында (Қаратау қаласынан солтүстік-батысқа қарай 36 км) аңшылардың шағын топтарының қысқа мерзімді тұрақтарының ізі сақталған. Лагерь суатқа келетін аңдарды аңдауға ыңғайлы бұлақ түбіне салынған. Әсіресе, алтыншы бұлақ (Үшбұлақ-6) түбіндегі көмбелер тас бұйымдардың сипатын неғұрлым толық көрсетеді. Мұнда, бұлақтың басынан 3 м биікте, 1,6 метрдей тереңдікте, сарғылт сұр құмдақтың арасында жалпағынан жарылған ізі бар бірнеше әктас кесектері мен үш үшкіртас

табылды. Олардың бірі үшкіл тұрпатты, жұқа жартылай мөлдір, сарғылт сұр тығыз шақпақ тас жаңқасынан өте мұқият жасалған.

Байқадам үстіртінің оңтүстік-шығыс жағында, Шабакты өзенінен 200-250 м биік қыраттан бұдан гөрі ірілеу тұрақ ашылды. Бұл жерден шақпақ малта тастан жасалған 200-дей бұйым шықты.

Дегерес үстіртіндегі, қазір құрғап қалған Шалсай өзенінің сөре тәрізді алаңынан (Баба-Ата ауылы) мустьелік үшкіртастар табылды.

Палеолит адамының Ұзынбұлақтағы (Қаратау қаласынан солтүстікке қарай) қысқа мерзімді тұрағында бітімі мен жасалуы жағынан әр түрлі бірнеше тас құрал — қырғыштар, сыдырғыштар, кескіштер, қырғыш-кескіш тәрізді құрама құралдар барлығы анықталды. Сонымен қатар Ұзынбұлақ тас топтамасында көптеген ежелгі заттар — жүзі долбарлап жұқартылған шапқы құралдар, дөңгелек өзектастан шағып алынған тас саймандар бар.

Мустье заманының қызықты ескерткіштерінің бірі халцедоннан құралдар жасайтын ежелгі шеберханалар болып табылады. Үшбұлақ қойнауынан шығысқа қарай 3 км жердегі Бестөбе (Үштөбе) ұсақ шоқысының кейбір жерлерінде бозғылт және қызғылт сұр халцедон жердің бетіне шығып жатыр. Шоқылардың үстінде талай рет омырылған ізі бар халцедонның үлкенді-кішілі кесектері жиі кездеседі; олардың қасында өңделіп, өзектасқа айналдырылған ұсақ кесектер, сондай-ақ көптеген жалпақ, үш бұрышты және ұзынша тас тіліктері бар. Шоқылардың кей жерлерінде тас қашау өндірісінің қалдықтары өте көп кездеседі.

Қаратаудың солтүстік-шығыс беткейіндегі халцедон кендері мустье дәуірінен жаңа тас дәуіріне дейін талай мың жылдар бойына тас дайындайтын тұрақты орындар болғандығы анық.

Археологиялық материалдар Қазақстанның орталық және шығыс аудандарының аумағын ежелгі адам ашель-мустье дәуірінде игергенін көрсетеді.

Бұл кең аймақты мекендеудің бір ықтимал жолы Оңтүстік Қазақстан арқылы жүрді; онда төменгі палеолиттің бұдан да арғы заманғы мәдениеттері болғаны мәлім. Орталық Қазақстанда тас құралдарын жасаудың қаратаулық дәстүрлерін сақтаған ескерткіштер бар. Олардың ішіндегі ашель дәуірінің екінші жартысына жататын ең көнесі — Обалысай (Жезқазған (Қарағанды – *ред.*) облысының Жезді ауданы). Обалысай шоқысының оңтүстік бөктерінде көптеген кварцты малта тас шашылып жатыр; бұлардың ішінде әдейі сындырылғандығын аңғартатын бір топ заттар бар. Неғұрлым көңіл аударатындары — екі жақты шапқы құралдар мен екі өзектас (екі алаңды және бір жағы дөңгелек). Шапқы құралдар сопақша келген, екі жағы соғып жұқартылған малта тастан істелген.

Сарысу өзенінің орта шенінде, құрғақ Талдысай сайының шығысына таман Мұзбел оқшау қыраты созылып жатыр. Оның малта тастар қабатында, жер бетіне жақын жерде 114 заттан тұратын палеолиттік құралдардың топтамасы жиналды. Бұлар сопақ және ұзынша үш бұрышты тұрпаттағы микрокварцтық құмдақ малта тастардан жасалған. Кешеннің жартысын типологиялық жағынан тұрпаты дайын бұйымдар: бір - және екі жақты

шапқы құралдар, дөңгелек өзектастар, сыдырғыш тәрізді малта тастар құрайды. Мүзбел жұрт-орнынан табылған шапқы құралдар оны зерттеген маманның ойынша, Орта Азия, Пәкістан ескерткіштеріне ұқсас және олар тіпті мустье-соан мәдениеті ескерткіштерінің қатарына да жатады.

Мүзбел-1 аңшылар лагері тұрғындарының көп тараған жұмыс аспабы ойығы бар жалпақ малта тастар болды. Оларды жасау техникасы қарапайым: тегіс малта тастың үстіне бір-екі рет қатты ұрғанда пайда болған шұңқыр кейін жөнделеді. Ойық салу (шұңқырлау) техникасының дәстүрі Орта Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия палеолитінде мәлім болған, алайда онда жұмыс аспаптарының мұндай түрі некен-саяқ кездеседі. Домалақ бітімді бұл тас құралдар аңшылардың алыстан лақтыратын қаруы ретінде де қолданылуы мүмкін еді; бұл құралдар Оңтүстік Америкадағы далалық үндістердің аңшылық құралдарына – «бола» немесе «болас» деп аталатын тас шарларға ұқсас. Талдың қабығынан және жіңішке бұтақтарынан өрілген арқандарға байланған «боластарды» Мүзбел аңшылары суатқа келген киіктерге тасадан лақтыратын болған.

Жезқазғаннан оңтүстік-шығыс қарай 150 км жердегі Жаманайбат төбе-қыратынан тас құралдар кешені, соның ішінде жеті шапқы мен екі қырғыш табылды. Ұзынша, сопақтау шапқылар жалпақ ұра - тастар мен зілмен тас жаңқаларынан дайындалса, ал қырғыштар тас жаңқаның неғұрлым өткір қырын одан әрі жарықшақтап жұқарту арқылы жасалған. Топтаманың негізгі бөлігін ірі тас тілікті жаңқалар мен алевриттік құмтастың жарықшақтары құрайды.

Сарысу алабынан Қосмола мен Қызылжар қойнауларынан табылған палеолиттік заттар зерттелді. Қосмола малта тас қатпарларында мустьелік тұрпатты құралдар табылды, олардың арасында ұзынша үшкіл жарықшақтар сындырып алған із сақталған добал малта тас, бірнеше тас жаңқа мен үшкіл жарықшақтар, мустье дәуіріне тән екі үшкіртас бар. Қызылжардың бірінші жайылма сөресіндегі аллювиаль қатпарларынан бозғылт түсті шақпақ тастан жасалған шағын дөңгелек өзектас пен тас жаңқа табылған.

Төменгі палеолиттің аяқ кезіндегі тас заттардың үлкен топтамасы Есіл өзенінің жоғарғы бойынан, Қарағандыдан солтүстікке қарай Батпақ 8 және 12 қойнауынан жиналған. Плиоцен-төменгіплейстоцен дәуірлеріндегі құмдақ бетінен шақпақ - темір текті тастан жасалған 2000-нан аса зат табылды. Тастың сапасыздығынан тек көлемі шағын және өңделуі дөрекі өнімдер шығарылған. Табылған заттардың ішінде бір жақты шапқы, дөңгелек өзектастар сынықтары, шеттері қатарлас қысқа тас тіліктері, негізі шомбал үшкіл жарықшақтар мен тас жаңқалары бар.

Орталық Қазақстан оннан астам мустье мен кейінгі палеолит уақыттарының жұрт-орындары мен тұрақтары, соның ішінде екі мәдени қабаттан тұратын Вишневка және Өгізтау-1, 2 тұрақтары табылған. Соңғылары бұрынғы Жезқазған облысы (қазіргі Қарағанды облысы – *ред.*) Ағадыр ауданы аумағында шоғырланған. Мұндағы палеолит пішінді тас бұйымдары Өгізтау тауының етегіндегі бұлақ маңынан анықталған.

Арасында жонғыш, қырғыш, бифас, үшкірлі тас, чоппер және чоппинг тәрізді, сондай-ақ ойықты құралдар бар.

Өгізтау-1, 2 тұрақтарында дөңгелек және протопризма өзектастарының аралас жатуы, сонымен қатар үшкіл тас жаңқалары мен шеті бірдей тас тіліктерінің болуы, олардағы соққы алаңқайының тегістігі тас өңдеу техникасындағы өзгерістерді айғақтайды, мұның өзі тұрақ коллекциясын ерте мустье уақытына, бәлкім ашель дәуіріне де жатқызуға мүмкіндік береді.

Кейінгі жылдары түрлі уақыттарды қамтитын палеолит ескерткіштері көп табылған Орталық Қазақстан аумағын Қазақстанның ежелгі тас ғасырын зерттеу ісіндегі неғұрлым келешегі зор аудан ретінде санауға болады.

Балқаштың солтүстік төңірегі мен Ертістің сол жағалауынғы тас дәуірінің ең көп тараған ескерткіштері — тұрақтар-шеберханалар мен тас қашайтын орындар. Егер Сарысу аңғарында тас индустриясы сындырып жұқарту техникасына негізделсе, Балқаштың солтүстік төңірегінің және оған іргелес аудандардың ескерткіштерінде жарықшақ-дайындама өндірісі леваллуа техникасының ұзақ уақыт болуымен сипатталады, мұның өзі соңғы палеолитте де маңызын сақтады. Мұнда ол неғұрлым жетілген және кемелденген түрде мәлім.

Бұл аудандардағы заттардың негізгі үлгілері — заттың ұзына бойына қарай арнайы қисайтылған алаңы бар өзектастар. Әдетте, мұндай өзектастардан алынатын тас тіліктері радиалдық (шетінен ортасына қарай) опыру техникасы арқылы бір жағынан ғана алынды. Жарықшақтар мен тас тіліктер тұрпаты өзектастың бұрышты және ұзынша үш бұрышты бітімдеріне сай келеді. Тас тіліктері мен жарықшақтардың кескіш жүздері әдетте қосымша түрде түзетілмейтін еді.

Тас құралдарын жасауда леваллуа техникасы дамуды аңғартады. Ол бірақ Орталық Қазақстанның барлық аудандарында бірдей тарамаған еді, өйткені тас индустриясының сипаты әрбір жағдайда шикізат көзіне байланысты болды. Мәселен, Балқаштың солтүстік төңірегінде негізгі іске асар материал тақта-тақта сынықтар түріндегі қара, сұрғылт жасыл түсті, шақпақты девон алеврит болса, Балқаштың солтүстік-батыс төңірегіндегі Бәле тауындағы ежелгі адам порфиритті пайдаланды, ал Ертістің сол жағалауында сұр түсті, тығыз жентектелген кварцты құмтас негізгі шикізат болды. Оның үстіне, Орталық Қазақстанның ежелгі тұрғындарының леваллуа техникасы тас өңдеудің неғұрлым ертедегі дәстүрлерімен — клектондық және дөңгелек етіп жасайтын жарықшақ-дайындама өндірісінің жүйелерімен қатар жүрді.

Балқаштың солтүстік төңірегіндегі тұрақтардың көпшілігінде тас құралдар бүркелмеген және үстін топырақ баспаған күйде кездеседі және ашель дәуірінен бастап қоса есептегенде кейінгі палеолитке дейін тас дәуірінің әр түрлі кезеңдерін қамтиды. Мұның себебі былай түсіндіріледі - орта және соңғы антропоген дәуірлерінде Балқаштың солтүстік төңірегінің климатында күрт өзгерістер болған жоқ, сондықтан бір замандары адамдардың алғашқы ұжымдары көбінесе өздерінің арғы бабаларының тандап алған неғұрлым ыңғайлы жерлерін мекендеді. Әдетте, әр түрлі

дәуірлердің ескерткіштерін мәдени қабатқа қарай айырады, ал бұл аудандарда мәдени қабаттың қалыптасуына су мен желдің күшті әрекеті кедергі болды. Кейінгі палеолиттің ақырғы кезеңінде ғана ксеротермикалық климаттың басталуына байланысты адамдар Балқаштың солтүстік төңірегінің бір кездегі сулы, жасыл алқаптарынан кетуге мәжбүр болды.

Алайда Орталық Қазақстанның шығыс аудандарындағы палеолиттік ескерткіштердің бәрі бірдей аралас топтамалармен сипатталмайды. Олардың кейбіреулерінде ашель-мустье дәуіріндегі құралдар «таза» күйінде кездеседі. Бұған Орталық Қазақстанның солтүстік-шығыс жақ шетіндегі Құдайкөл көлінің жағасындағы тұрақ-шеберхана материалдары мысал бола алады.

Ежелгі адамдар көлдің жарқабағындағы палеоген тегінен құралған сөре алаңқайға орта антропогеннің басында, климат жылы және ылғалды болған дәуірде қоныстанған. Ал бұл қоныстарынан олар Сібірдің мейлінше (самарлық) мұздануы заманында кетті; бұл кезде Батыс Сібір мен Алтайдың мұзды аймақтарының арасында тұрған Ертістің сол жағалауында құрғақ және суық климат басталды.

Құдайкөл тұрағындағы құралдар тығыз жентектелген кварцты құмтастан жасалған. Олардың арасында үшкіл және тілік секілді сынықтардан жасалған 16 қол шапқы, жоғары жағы шағып түсірілген жаңқадан дайындалған 5 ауыр жонғыш бар. Алайда коллекцияның денін тік бұрышты және үшкіл тұрпатты бір алаңқайлы өзектастар (70 дана), сондай тұрпатты жарықшақтар мен тас тіліктері құрайды. Заттардың бүкіл кешені тас өңдеудің леваллуалық дәстүрінде жасалған.

Мустьеліктердің болған іздері Жоғарғы Ертіс өңірінен де табылды. Қанай аулы маңында Нарым жотасына оңтүстіктен жіңішке делювийлік-пролювийлік алаңқай жалғасады. Палеолиттік құралдар алаңқайды 10 метрдей тескен осы заманғы карьерден және оның айналасынан жиналды. Мүжілуі, жасалу техникасы және бітімдері жағынан бұл құралдар үш топқа бөлінеді. Ең ежелгі топқа жататын құралдарға мейлінше таттанып, мүжілген, үшкіл де көлемді тас жаңқасынан істелінген, соғар шеті барынша түзетілген үшкіртастар, дөңгелек өзектас және долбарлап түзетілен үшкіл тас жаңқалары жатады. Осындай тас жаңқалардың бірі қарьердің қабырғасын тазартанда 5 м тереңдіктен табылды; мұның өзі бұл топтың тым ерте кезге жататынын көрсетеді.

Құралдардың басқа екі тобы уақыты жағынан кейінірек жасалған. Бұларды жасау үшін пайдаланылған материал қара және жасыл малта тас болған.

Нарым өзенінің құйылысына жақын жерде, жағадағы малта тасты тұнбадан біраз заттар жиналды. Олардың ішінде бұрыс қырлы өзектастар, үлкен-үлкен қырғыштар, үшкіртастар, дөңгелек құралдар, көне тас жаңқалар бар.

Қанай тас құралдарының бір тобымен бірге табылған плейстоцендік жануарлардың сүйектерінің абсолюттік жасы 132-104 мың жыл деп белгіленген; мұның өзі палеолиттің археологиялық тұрғыдан дәуір-дәуірге бөлінуімен әбден үйлеседі. Алдыңғы Азия жөнінде белгіленуі бойынша

мустье дәуірі бұдан шамамен 40 мың жыл бұрын аяқталған, ал оның ұзақтығы 50-60 мың жыл болуы әбден мүмкін.

Шығыс Қазақстанда әзірше ең ертедегі құралдар мустьелік тұрпаттағы құралдар болғандықтан, Ертістің жоғарғы жағын адам алғаш рет мустье дәуірінде игерген деп топшылаған жөн. Бірақ Қазыбай секілді кейбір ескерткіштердің жекелеген бұйымдары ашель заманында мұнда адамзат мекендей бастауы мүмкін екендігін нақты көрсетеді.

Палеолит заманындағы маңызды орталықтардың бірі Ақтөбе облысындағы Мұғалжар ауданы болды. Мұғалжар тауында шикізат көздерінің мол болуы ежелгі адамдардың еңбек құралдарын асқан шеберлікпен жасауларына мол мүмкіндік бергендігі байқалады. Мұнда осы ғасырдың бас кезінде біріккен Қазақстан-Ресей археологиялық экспедициясы (жетекшісі академик А.П.Деревянко, Қазақстан жағынан отряд басшысы Ж.Қ.Таймағамбетов) жүргізген зерттеулер барысында 59 орыннан палеолиттік тас құралдары алынған. Бірнеше жылға созылған зерттеулер ашель заманындағы бифас, т.б. құралдардың көптеп табылуына өз септіген тигізген болатын. Осы кезден бастап ғылымда мұғалжарлық ашель туралы мәселе көтеріле бастады. 2009 жылы Қазақстанның тас дәуірін зерттеумен шұғылданатын экспедиция (жетекшісі Ж.Қ.Таймағамбетов) отрядтарының мүшелері (Д.С.Байгунаков, Ғ.Т.Бексеитов, Ғ.Т.Искаков, Т.Мамиров) Мұғалжар өңірінде зерттеулер жүргізді де, 37 орыннан тас дәуіріне жататын жаңа ескерткіштер тобын тапты. Олардан жиыстырылған еңбек құралдарының арасында ашель заманына жататын үш бұрышты бифас, ондаған өзектастар, бифастар, сондай-ақ тас жаңқалары, т.б. бұйымдар саны мол. Табылған археологиялық нысандардың басым бөлігі палеолит дәуіріне жатады. Сөйтіп, бұрынғы зерттеулерді қоса есептегенде Мұғалжар өңірінен 100 шақты палеолиттік орындар анықталған.

Жоғарғы (кейінгі) палеолит

Дене бітімі қазіргі кездегідей адамның (*Homo sapiens*) пайда болуы кейінгі палеолит дәуірімен байланысты. Осы уақыттан бастап гоминидтердің эволюциясында шешуші өзгеріс болады және нағыз адамзат тарихына біржолата көшу басталады.

Алғашқы *Homo sapiens* өкілдерінің пайда болуы әдетте б. з. б. 50-45 мың жыл бұрын болған делінеді. Оған тән белгілер 1868 ж. Франциядағы Кро-Маньон үңгірінде табылған бес қаңқаны зерттеу негізінде анықталды. Кроманьондық адамның сүйектері Еуропаның басқа географиялық аймақтарынан да табылды.

Кроманьондық адамның тұрпатында осы заманғы адамдарға тән ерекшеліктер айқын білінеді; маңдайы жазық, иіліңкі қас, сүйегі (көздің үстіндегі шығыңқы сүйектің орнына), бас сүйегі сопақ, иегі шығыңқы, мұрны жіңішке, көз шұңқыры кішкене, т. т. Кроманьондықтарға тән нәрсе — басының сопақтығына қарай маңдайы кең, беті өте жалпақ, жағы тікше және ми қауағы кең (1500-1800 см³), бойы биік (168-194 см), сүйектердегі бұлшық

ет бедері айқын көрінеді. Салыстыра зерттеу мынаны көрсетті: Homo sapiens ми қабығындағы адамның нақ қоғамдық өміріне тығыз байланысты бөліктері ерекше дамыған, бұлар оның жануарлық пиғылдары мен түйсіктерін тежеу рөлін атқарды. Адамдар алдарындағы міндеттерді шешкенде ортаның табиғат жағдайына бейімделу жолымен ғана емес, көбінесе ұжымдық жұмыс процесіндегі өндірістік жетістіктерді жүзеге асыру жолымен де шешті.

Кейінгі палеолит дәуірі — Жер шарының барлық климаттық аймақтарына адамның кеңінен тарай қоныстанған уақыты және нәсілдер мен нәсілдік топтардың қалыптасу уақыты.

Қазақстан аумағынан табылған жоғарғы палеолиттік адамның сүйек қалдықтары толық емес, кейбір сүйектер ғана бар, алайда едәуір үлесін Қазақстан алып жатқан Еуразияның ішкері бөлегін сонау арғы заманда протоеуроидтік раса түріндегі адамдар мекендеген деп топшылауға әбден болады.

Ақыл-ойлы адамның шығуы мен кейінгі палеолит дәуіріндегі адамзат қоғамының материалдық және рухани мәдениетінің одан әрі дамуы арасында тікелей байланыс бар, рулық қауымның қалыптасу үрдісімен, адам ұжымының қоғамдық ұйымдасуының өзіне тән алғашқы тұрпаты ретіндегі рудың шығуымен тікелей байланысты. Рулық ұйым барлық жерлерде ана тектес және шеше жағынан топтасты, ал әйелдер қауымда үстем жағдайда болды деп топшыланады. Сонымен, аналық ру өзара қандас туыстығы арқылы біріккен және шешелері жағынан шыққан тегі бір адамдардың экзогамиялық тобы болды. Сондай-ақ әйелдердің қоғамдық өмірдегі жоғары дәрежесі де қауымдық үй шаруашылығының өзгешелігінен, руды өрбітуші ретіндегі әйелдің отбасыдағы рөлінен туындады. Ежелгі адамдардың идеологиялық ұғымдарында ру бастығы және ошақ иесі ретіндегі әйелге табынушылықтың пайда болуы кездейсоқ емес.

Кейінгі палеолит дәуіріндегі адамның дүниетанымы күрделене түсті. Аңшылар магиясына табыну культі кең тарады; мұның негізінде жануарларға билік етуге оның бейнесі арқылы жетуге болады деп сенім жатты. Магияның әмбебап түрі сол кезде пайда болған алғашқы өнердің жарқын туындылары деп топшыланады. Оның басты тақырыбы — әр түрлі жануарлардың суретін салып, бітім-тұрпатын, мүсінін жасап бейнелеу еді. Сүйектен ойып немесе жұмсақ тастан қашап жасалған әйел мүсіндері жердің құнарлылығын, аналық қасиетті бейнеледі.

Адамның жаны туралы, жердегі тіршіліктің жалғасы сияқты о дүниедегі өмірі туралы ұғымдар күрделі әдет-ғұрыптық рәсімдердің пайда болуына әкелді. Өлген адамның денесіне қызыл жоса себілді, оның кеудесіне тесілген қабыршықтардан, жыртқыш аңдардың тістерінен жасалған алқа тағылды, аяғына мамонттың азуынан жасалған білезік кигізілді, киіміне моншақ тігілді. Өліктің қасына шақпақ тастан, мүйізден жасалған заттар қойылды.

Табиғат пен шаруашылық. Қалыптасып келе жатқан адам өмірі өрістеген табиғат жағдайлары өзгермелі болды. Бұл кез мұз дәуірінің аяғы еді. Қазақстанның көптеген таулы аудандарын соңғы мұздану басты. Оның іздері таулардың етегі мен белдеулеріндегі құлама тастар түрінде осы

уақытқа дейін сақталған. Ресейдің еуропалық бөлігінің солтүстігінде мұз қабатының кейін еруі және Кавказ жотасының солтүстік тарамдарының жаңа тектоникалық көтерілуі Каспий теңізінің деңгейін жоғарылатты, сөйтіп, бүкіл Каспий төңірегі ойпатын қайтадан теңіз суы басты. Жоғарғы антропоген басталған кезде тау жоталары едәуір көтерілді (жоңғар кезеңі) және жалпы климат ылғалдана түсті. Мұздықтар ерігенде судың молаюы, Сырдария мен Әмудария арналарының өзгеруі нәтижесінде Арал теңізі пайда болды.

Климаттың бірсыпыра суып, жалпы ылғалдануына қарамастан, ол замандағы өсімдіктер мен жануарлар дүниесі осы заманғыдан бай болды. Тянь-Шяньда, Орталық және Солтүстік Қазақстанда емен, қайың ормандары әлі де өсетін, дегенмен, бұл кезде жалпы алғанда орман азайып, оның орнына мол бұталы, көделі жайылым кебейді.

Еуразияның ұланғайыр жазығында мамонттық кешен деп аталатын өзінше бір үлгідегі фауналық кешен қалыптасты. Бұл кешеннің көп өкілдерінің қазынды қалдықтары Қазақстанның әр түрлі аудандарында да табылды. Оның негізгі түрлері мамонт, жүндес мүйізтұмсық, тур-бұқа, ұсақ бизон, үнгір аюы және жолбарысқа да, арыстанға да ұқсас жыртқыш аң болды. Олармен бірге жазық далада, тау шалғынында киік, арқар, бұғы-марал, елік және басқа ірілі-уақты хайуандар жайылып жүрді. Сол дәуірдің аяғында Алтай тауларында мамонттық кешеннің өзгеше бір нұсқасы қалыптасты. Мұнда негізгі хайуандармен қатар байкалдық қодас пен бұрғымүйіз бөкен тарды; мұның өзі осы ауданның фаунасының Байкалдың сыртқы жағын қоса есептегендегі Орталық Азияның хайуанат дүниесімен ұқсастығын көрсетеді.

Жоғарғы антропогеннің екінші жартысында елеулі-елеулі табиғи-климаттық өзгерістер болды. Азияның басқа жерлеріндегі сияқты, Қазақстанның аумағында да климат құрғап, жылына бастады. Өсімдіктердің азаюы, шөлдің ұлғаюы бәрінен бұрын шөп қоректі ірі жануарлардың тіршілік жағдайларына әсерін тигізді. Мамонттар мен жүндес мүйізтұмсықтар қырылып бітуге тиіс болды, олар біздің заманымыздан он мың жылдай бұрын өліп бітті. Жайық өзенінің сол жағасындағы ең соңғы мамонттардың бірі шамасы бұдан 8000 жыл бұрын өлді.

Палеолит дәуірінде ірі жануарларды аулау адам қорегінің басты негізі болды; ал ірі жануарлардың құруы адамның тұрмыс жағдайларын өзгертті. Енді орташа және ұсақ аңдарды аулау үшін неғұрлым жетілдірілген жаңа құралдар қажет еді. Аңшылар топтары кейде тамақ іздеп ұзақ сапар шекті. Кезіп жүрген топ-топ аңшылар тұрақтарының негізгі түрі жеңіл күркелер мен ашық далада от жағылған уақытша қостар бола бастады.

Өзектастардан тас тіліктерін жарып алу техникасы жетілдірілді; мұның өзі тасты дәл өндеуге алып келді. Мустье дәуіріндегі дөңгелек және үшкіл өзектастарды призма секілді өзектастар алмастыра бастады. Осындай бір өзектастан бұрынғы уақыттағыдай екі-үш тас тіліктерін емес, ондаған жұқа тас тіліктері алынды, олар жүзі қайта өңделмей-ақ іске жаратылды; ал кейбір құралдар қысып түзету арқылы өңделді. Осындай техника арқылы,

сынықтың жүзін қатты нәрсемен (таспен, сүйекпен, мүйізбен) басу арқылы көне замандағы шеберлер бітімі әр қилы құралдар жасай білді.

Құралдарды жасағанда адам отты шебер пайдаланды. Тасты бірте-бірте қыздырып, кейін суыту оның құрылымын өзгертті; мұның өзі құралдарды қысып түзету техникасы арқылы өңдеуді жеңілдетті.

Әр түрлі іске қолданылатын еңбек құралдары пайда болды. Кейінгі палеолитте жонғыштар, сүйір және доғал шетті қырғыштар, екі шеті жұқартылған тас тіліктері, бүйірлі және ортаңғы жүзді кескіштер, найза мен сүңгінің ұштары, шұңқырлы тас тіліктері, тескіштер секілді әр қилы құралдардың саны оннан асып кетті. Әсіресе тас тіліктері мен жаңқаларынан дайындалған кескіш құралдар көп еді, олардың үшкір бұрыштары кесекөлденең келетін шетіндегі тас тілігінің жазықтығына орналасып, кесетін жүз жасап омырылды да. Трассолог мамандардың есептеуінші кейінгі палеолитте пайдаланылған құралдардың (өзектастың бірнеше түрлері, қырғыштардың бірнеше түрлері, т.б.) жалпы саны жүзге жақындап қалған.

Кескіштердің көп болуы сүйек өңдеудің рөлі өсе түскенін көрсетеді. Бұл материалдан шақпақ жүзді және сүйек сапты құрама құралдар, қилы бұрғылар, тескіштер, ауланған жануарлардың терісін өңдейтін қырғыштар, найзалар мен сүңгілердің сүйек ұштары, шанышқылар, лақтырылатын найзалар жасалды. Сүйек инелер пайда болып, адам теріден киім тігуді үйренді.

Аң аулау шаруашылықта бұрынғыдай жетекші рөл атқара берді. Бірақ аңшылық құралдарының әр қилы болуы, аң аулаудың, жаңа әдістері (отты қолданып аңды қамау, оны ұстау үшін қамба қазу, арқанға байлап тас лақтыру, аран жасау) шаруашылық кәсіптің бұл түрінің өнімділігін арттырды. Алғашқы адамдар ыңғайлы жерлерде шанышқыларды, қысқа істік сүйектен жасалған долбарлы қармақтарды пайдаланып, балық аулады.

Адам бұрынғыша әр түрлі өсімдік тағамдарын: жабайы жаңғақ, жидек, жабайы сәбіз, қымыздық, жуа және кейбір өсімдіктердің түйнектерін теруді кәсіп етті.

Кейінгі палеолитте, әсіресе, оның климат суыған бірінші жартысында, адамдардың қоныстары кішігірім қырдың төбесіне жақсылап салынған баспаналар болды; бұлардың орнынан археологтар баспаналардың тіреуіштері қазылып орнатылған көптеген шұңқырларды және көп от жағылған жерлерді тауып жүр.

Жоғарғы палеолиттік адамның материалдық мәдениеті жер жүзінің әр түрлі аудандарында әр уақытта қалыптасты, сондықтан оның тарихи даму жолдары бірдей болған жоқ. Сірә, көбінесе тас құралдарды өңдеу техникасы жағынан айырмасы бар екі үлкен аймақ болды. Еуропа мен Алдыңғы Азияда ежелгі адам призмалық өзектасты өңдеудің жаңа техникасын өте ерте игерді. Африкада және Қазақстанның, Орта Азияның іргелес аудандарын қоса Орталық Азияда индустрияның негізгі формасы әлі көп уақытқа дейін тасты бөлшектеудің ескі леваллуалық техникасы болып қала берді. Мұнда тек кейінгі палеолиттің соңғы кезеңдерінде, мезолитке жуықтағанда ғана жаңа призмалық техникаға көшу басталады.

Тұрақтар мен жекелеген заттар. Қазақстан аумағында кейінгі палеолиттің толық зерттелген ескерткіштері көп емес. Жоғарғы палеолиттік өзге тұрпаттармен бірге Қазақстандағы тас құралдардың негізгі көпшілігінде тұтас ұзынша малта тастардан жасалған ежелгі шапқы құралдар, жүзі шығыңқы немесе имек ауыр қырғыштар, дөңгелек өзектастардан алынған үшкіл тас тіліктері бұрынғыша басты орын алады.

Көне замандары тас өңдеудің жергілікті қазақстандық-ортаазиялық әдістері соңғы палеолитте Алтай мен Сібірді мекендеушілердің арасында кеңінен тарады.

Балқаштың солтүстік төңірегіннің жоғарғы-палеолиттік ескерткіштерінің соңғы шекарасы осы заманғы антропогеннің басталуымен немесе геологиялық голоценнің басталуымен тұстас келеді. Нақ осы уақытта құрғақ климаттың басталуына байланысты ірі сүт қоректілерді аулайтын аңшылар тайпалары кеуіп қалған шалғын алқаптардан кетуге және мамонттардың, бизондардың соңынан ере отырып, солтүстікке қарай ылғалы мол аймақтарға қоныс аударуға мәжбүр болды. Олар Тораңғы өзенінің аңғарындағы, Түлкілі мен Семізбұғы тауларының бөктеріндегі көптеген тұрақтарда талай тас заттар: сына тәрізді өзектастар, өзектас-қырғыштар, шомбал дөңгелек тас жаңқалары мен пышақ тәрізді тас тіліктерге негізделген қырғыштар, ортаңғы қыры кесетін кескіштер, мустьелік бітімді үшкіртастар, «сібірлік» тұрпатты ауыр қырғыштар қалдырды. Орталық Қазақстанның басқа жерлерінен, мысалы, Батпақ-7, Қарабас-3, Ангренсор-2 жұрт-орындарынан да тас құралдар табылды.

Мустьелік Батпақ-8 ескерткішінің қасындағы бірінші тұрақтың (Батпақ-7) қалың мәдени қабаты бар. Онда мамонт фаунасына жататын сүт қоректілердің сүйектері табылған. Заттардың ішінен үш бұрышты және трапеция тәрізді жасалған әрі жан-жағынан жарылып алынған екі ірі тас тілігі ерекше көзге түседі.

Қарабас-3 жұрт-орнынан (Қарағандының оңтүстік-батыс жағында) порфириттен жасалынған 172 дана бұйым жиналды. Олардың ішінде дөрекі тас жаңқалар, екі дөңгелек өзектас, тас жаңқалары шағып алынған із байқалатын алты ұра-тас, үш дөрекі тас тілігі, шапқы құралдар және сүңгі ұшының сынығы бар.

Үшінші тұрақ Орталық Қазақстанның шығыс жақ шетінде (Екібастұз қаласының оңтүстік жағында), Ангренсор көлі солтүстіктен орап жатқан шоқының оңтүстік баурайына орналасқан. Бұл жерден яшмадан жасалған 1000-нан аса бұйым жиналды. Олар - көп аланды дөңгелекше келген сүйір өзектастар, соқпа қыры жақсы аңғарылатын қысқа және жалпақ тас жаңқалар, тас тіліктері, жонғыштар, шапқы тәрізді құралдар, қырғыштар, кескіш-тескіштер, сүңгінің жапырақ тәрізді ұштарының сынықтары.

Шығыс Қазақстан ескерткіштерінің ішінде де жарқын нысандар жеткілікті. Әсіресе олардың арасынан үш ескерткіш материалдары ерекше көзге түседі деуге болады.

Бірінші тұрақ Бұқтарма өзенінің құйылысына жақын жердегі кішігірім әкті үңгірге кіре берісте орналасқан. Батыс жағынан кіретін аузы бар үңгір

екі үңгіме қуыстан тұрады; бұлар екеуіне де ортақ кең әрі биік жаппа арқылы біріккен. Мәдени қабатты археологтар үш жыл бойы қазғанып, жер ошақ қалдықтарын, еңбек құралдарын, жабайы аңдардың сүйектерін тапқан. Жоғарғы-палеолиттік адамның аулаған аңдары Бұқтарма үңгірінде плейстоцендік және осы заманғы фаунаның ерекше назар аударарлық қоспасы болып шықты. Одан мамонт пен жүндес зубр, арқар, марал, үңгір қорқауы, қоңыр аю, құлан, қасқыр, Кноблех түйесі, елік, т.б. аңдардың сүйектері аршып алынған.

Топтамада (коллекцияда) тас тіліктерінен жасалған қырғыштар да кездеседі, олардың бірі жалпақ дөңгелек тастан жасалып, айналдырыла түзетілген; шеттері түзетілген және ұшы дөңгелек етіп жасалынған пышақ тәрізді шомбал тас тілігі, пирамида пішінді шағын өзектас, призма секілді өзектастан алынған тас тіліктері, екі шетінде де жұмыс ізі бар порфириттен жасалған тоқпақша бар. Бұлармен бірге малтатастан істелген шапқы құрал, жалпақ тас жаңқасынан жасалған қырғыш және түзетілмеген тас жаңқалары табылды.

Ертістің оң жақ жағалауындағы Новоникольское тұрағынан табылған тас құралдар 0,9-1 м тереңдіктен шыққан. Бұл заттар кешені Қазақстан аумағындағы жоғарғы-палеолиттік кезеңдегі мәдениетке тән. Мұнда үлкен тас жаңқадан дайындалған жұмыс шеті шығыңқы үш бұрышты тұрпатты қырғыш, үшкіртас түрінде түзетілген құрал, призма тәрізді өзектастар және олардан шағып алынған тас тіліктері, ақырында, тұтас малтатастан жасалған ауыр шапқы құрал бар.

Ал үшінші қоныс – Шүлбі. Ол бұрынғы Семей облысы (Шығыс Қазақстан – *ред.*), Новошұльба ауданы Старая Шұльба кентінен шығысқа қарай 3 км жерде. Ескерткіш Ертіс өзенінің оң жағасындағы, Ертіс өзенінің оң тармағы болып табылатын Шүлбі өзені сағасына жақын жердегі 35-40 метрлік сөреде орналасқан. Сөре құрылымы өте күрделі. Табандығы шақпақты сланецтерден, шоғырлы бөлігі – құм мен балшықты топырақтан тұрады. Кей жерлерінде оны кішігірім жыралар кесіп өтеді.

Мұнда аңшы-адам ұзақ тұрақтағандығын тас бұйымдары мен шағын ошақтар айқындайды. Тас бұйымдары барлық үш горизонттардан шыққан, бірақ олардың ең көбі 5000-нан астамы үшіншіден жинастырылған. Тас бұйымдар коллекциясында сүйір, сына, призма сипатты өзектастар, жонғыштар мен қырғыштар, үшкіртастар, тескіштер мен шой-балғалар ерекше көзге түседі. Малта тастан жасалған бұйымдар өте ірі көлемді, олардың қайсыбірі, әсіресе өзектастар дөңгелек әрі тығыз. Үшінші горизонттың еденін тазалау кезінде әрқайсысының диаметрі 15 см-ден кем емес 6 дөңгелек келген қара дақ анықталды. Бәлкім, бұл баспананың төбесін тіреп тұрған ағаш бағаналардың ізі болар. Одан басқа, малта тастардан соғылған 2 ошақ орны, диаметрі 25 см от орындары аршылған.

Олжалардың горизонттар бойынша біркелкі көлемде болмауы, жоғарғы горизонтта шағын тұрпатты құралдардың басымдығы, ал ірілерінің – төменгі қабаттарда кездесуі – тұрақты мекен еткен адамдардың палеолит пен неолитте өмір сүргендігін көрсетеді.

Шығыс Қазақстандағы тас құралдар табылған жұрт-орындар Алтай мен Сібірдің Сростки, Бирюса, Афонтова гора-2, Кокорево-2 жоғарғы-палеолиттік ескерткіштеріне ұқсас.

Оңтүстік Қазақстанда кейінгі палеолиттік ескерткіштер онша көп емес. Олардың арасынан Ащысай тұрағы зор қызығушылық туғызады. Оның қалдықтары Тұрлан өзенінің (Терісаққан; Шолаққорған кентінің батысында) биік сол жақ алаңқайында. Алаңқайдың сұр әктен тұратын жарының астыңғы қабатында құмдақ пен құм басып қалған 5-6 метр құлама және малта тас қабат бар; одан жоғары 12-14 м қалың саздақты, ол қалыңдығы 0,3-0,4 м жіктерден құралған. Саздақ қабат сөре тәрізді алаңқайдың бетінен 10 метр терең қазылғанда ашылды.

Қазба барысында жер бетінен 7,5-7,8 м тереңдіктен мәдени қабат аршылған. Одан 15 от орындары анықталған; бұлардың жанында хайуандардың (бизон, тау қойы, жабайы жылқы) уатылған сүйектері және әр түрлі шақпақ тас бұйымдары табылды. Ащысай тұрағының алғашқы аңшыларының қалдырған құралдары арасынан қырғыштар, үшкіртастар, пышақ тәрізді тас тіліктері, тескіштер кездеседі. Сонымен қатар призма және сүйір пішінді өзектастар, өндірістің көптеген қалдықтары аршып алынған.

Соркөл көлі (Байқадам ауылының шығысында) қазаншұңқырының екінші сөре тәрізді биікшесіндегі екі жерден тас бұйымдардың тағы бір топтамасы табылды; ондағы бұйымдарды жасауға шақпақ тас пайдаланылған - арқа тұсы кең бұрыс қырлы тас жаңқалары мен тіліктері, призма және сүйір тәрізді өзектастар, қырғыштар.

Сондай-ақ, бірқатар кейінгі палеолиттік көрнекті құралдары Үсіктас өзенінің үшінші алаңқайының жарқабағынан ашылды. Шағын алаңдағы қиыршық тастар мен малта тастар қабатынан шақпақ тас бұйымдары шықты. Тас жаңқаның бірі талай рет омырылған белгілер мен айнала түзетілген іздерді сақтаған. Басқа ондаған шақпақ тас бұйымдарының арасынан алдын ала талай рет өңделген белгілері бар, ұзын пышақ тәрізді жалпақ тас тіліктері ерекше көзге түседі.

Жетісу аумағы соңғы уақыттарға дейін Қазақстан археологиясы палеолитіндегі «ақтаңдақтардың» бірі болып келді, мұны ең алдымен өлкенің аз зерттелуімен түсіндіруге болады. Артефактілері ашық жатқан (барлығы 187 дана) жұрт-орындардан Шарын аңғарындағы Ақтоғай-1-4 ескерткіштерін айта кетуге болады.

Мұнда тұңғыш рет көп мәдени қабаттан тұратын Майбұлақ тұрағы ашылды. Ол Алматы облысында (Қарасай ауданы), Алматы қаласынан батысқа қарай 44 км жерде, Фабричный (Қарғалы) ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 1,5-2 км жердегі Іле Алатауының солтүстік беткейінде орналасқан. Айта кететін бір жайт, 1990 жылдар бас кезінен бастап жергілікті өлкетанушылар мен археологтардан Фабричный (Қарғалы) ауылы төңірегінде тас дәуірі ескерткіштері бар екендігі туралы ақпараттар түсе бастады. Аталған тұрақ сары топырақты төбешікте, тау баурайындағы шағын Майбұлақ өзенінің оң жағалауындағы өзімен аттас шатқалда орналасқан. Төбешік бұрын биіктігі 150-200 м тұтас бір жотаны құраған кертпештің бір

бөлігі болып табылады. Бүгінгі күні Майбұлақ тұрағы қираған нысандардың бірі, оның басым бөлігі құрылыс жұмыстарының барысында бұзылған. Қазіргі таңда ұзындығы 60-70 м солтүстіктен оңтүстікке қарай созылған төбешіктің тек шығыс бөлігі ғана сақталған. Жерден санағанда төбешіктің биіктігі 4-4,5 м-ге жетеді.

Қазба жұмыстары төбешіктің орталық бөлігінде жүргізілді, оның аумағы 130 шаршы м-ді құрады. Далалық жұмыстар кезінде қазба тереңдігі (траншеяның батысындағы аумағы 2x2 м шурф) 8 м-ге дейін жетті. Зерттеу барысында үш мәдени қабат (горизонт) анықталды.

I мәдени қабат. Тереңдікте жатқан қабат 0,7-2,1 м, сірә мәдени қабаттың басым бөлігі кейінгі уақыттардағы адамзат жұмыстарының әсерінен қираса керек. Тастар мен тас қаландыларынан тұрғызылған қола және ерте темір дәуірлерінің қабірлері көптеп кездеседі. Тас бұйымдар олармен араласып та жатқан-ды. Барлығы 75 дана артефакт табылған. Олардың арасында – призма пішінді пренуклеус, тас жаңақалары, тас тіліктері, өзектас секілді опырынды-тас, шағын тас тілікшелері бар. Тас тілікшелерінің сипаты аса айқын емес. Еңбек құралдарына пышақ, тас жаңқасынан дайындалған шетті (концевой) қырғыш ойықты құрал, бүйірлі (боковой) қырғыш, биік тұрпатты қырғыш пен шетті қырғыштың сынығы жатқызылған. Мәдени қабат шенінен күл қалдықтары шыққан.

II мәдени қабат. Ол 3,5-4,2 м тереңдікте. Мәдени қабат екі бөліктен тұрады. Барлығы 493 дана тас бұйымдары алынған. Одан тас жаңқалары мен тілікшелі жаңқаларды алу үшін жасалған біршама өзектастар шыққан. Параллель принципі бойынша жаңқаланған екі өзектас табылған, олар призма пішініне келіңкірейді, сондай-ақ бастапқы тұрпат (преформы), бастапқы өзектастар (пренуклеусы), тас жаңқалары, тас сынықтары, қабыршақтар жинастырылған, ал топтамада тілікшелер аз кездеседі. Құралдар да аса көп емес. Олардың қатарына кертікті (шип) қырғыш, тісті қырғыш, қырнауыштар, септелген (комбинированные) бұйымдар, ойықты бұйым, сүйір ұш жатады. Бұлардан басқа таспен қаланған бір ошақ орны мен екі оттың орны аршылған. Мәдени қабаттың бұл тереңдігінен күл қалдықтары көптеп ұшырасқан.

III мәдени қабат. 4,5-6 м тереңдікте. Бұл мәдени қабат шартты түрде бөлінген және де ол кейбір шаршы метрлерді ғана қамтиды. Мәдени қабаттан 68 дана бұйымдардың топтамасы алынған. Өзектастар жоқ. Топтамадағы опырынды тас тобына тас жаңқалары, тілікшелі тас таңқалары, тас тілікшелері жатқызылған. Еңбек құралдары қатарында екі қырғыш, қырнауыш, ойықты құрал, түзетілген (ретушированный) тас тіліктері бар.

Артефактілерді дайындаудағы шикізат көзіне жергілікті аса сапалы емес материалдар пайдаланылған. Олар Майбұлақ өзені жағасындағы қара-қоңыр, қара, сұр және қызыл түсті порфириттер, сондай-ақ өңделуі оңай жасыл түсті шақпақтас жынысы, сірә, соңғылары тұраққа басқа өңірлерден әкелінген сияқты. Олардан басқа бір дана сұр түсті шақпақтастанған (окремненного) құмтас (песчаник) құралы аршып алынған.

Сайып келгенде, Майбұлақ тұрағының тас құралдарын талдау жұрт-орыннан табылған индустрияның бірінші және екінші өндеуден өткендігін айғақтайды.

Тұрақта құралдарды өңдейтін арнайы орындар болған. Мұны малтатас, ұра-тас, түрлі көлемдегі плиткалар мен тас артефактілердің кейбір шаршыларда *in situ* бойынша орналасуы да айғақтап отыр. Мәдени қабаттардың қалыңдығы тұрақты адам баласы ұзақ уақыт қоныстанғандығын дәлелдейді. Жоғарыда айтылған фактілердің барлығы аталмыш қоныстың ұзақ уақыт тұрақ-шеберхана болғандығын көрсетеді.

Алынған тас бұйымдарының топтамасы қазбадан және тұрақ төңірегінен жиыстырылғандарымен қосып есептегенде 2 мыңнан асады. Майбұлақ тұрағы одан ары зерттеуді қажет етеді. Ол Оңтүстік-Шығыс Қазақстаннан табылған мәдени қабаттарының стратиграфиясы сақталған алғашқы табылған тұрақ болып табылады.

Кейбір өңірлерде палеолит дәуіріне жататын ескерткіштердің зерттелуі қанағаттанарлықсыз. Мұндай өңірлердің бірі солтүстік аймақтар. Дегенмен бұл өңірлерден табылған кейбір ескерткіштер назар аударуға тұрарлық. Мысал ретінде бұл жерде 1982 жылы ашылған Зеренді ауданындағы Жамантұз ауылынан оңтүстік-батысқа қарай орналасқан Ақтас тұрағын айтуға болады. Аталған тұрақтан жекелеген тас құралдары мен анықтала қоймаған жартас суреттерінен басқа түз тағыларының сүйектері көптеп табылған. Сүйектен жасалған кейбір еңбек құралдары едәуір қызығушылық туғызады. Палеозоолог мамандардың есептеуінше Ақтас тұрағынан табылған сүйектер кем дегенде мамонттық фаунаға енетін 18 түз тағысына тиесілі. Қазба кезіндегі сүйек қалдықтарының орналасуына қарап, зерттеушілер Ақтас тұрағын бес мәдени қабаттан тұрады деп топшылаған.

Қазақстанның кейінгі палеолиттік замандағы ескерткіштері жете зерттелмеген, ал Батыс және Солтүстік Қазақстан сияқты кейбір аймақтарда олар белгісіз дерлік. Бірақ қолда бар мәліметтер адамның және оның мәдениетінің прогресі жалғаса берді деген түйіндеме жасау үшін әбден жеткілікті. Қазақстан аумағында адамзат қоғамы дамуының үздіксіз болғанын неолит заманының табылған көптеген заттары дәлелдеп береді, ал төменде біршама толымды түрде сипатталынатын бұл заманды біз тас ғасырының кемелденген дәуірі деп атай аламыз.

Қорыта айтқанда, қазіргі Қазақстан Республикасының аумағынан палеолит дәуіріне жататын 450-дей ескерткіштер (үңгірлік тұрақтардан жекелеген тас құралдары табылған орындарды қоса есептегенде) табылып отыр. Олар Қазақстанның оңтүстік, батыс және орталық өңірлерінде көбірек шоғырланған. Ежелгі адамдардың бұл аймақтарды «біршама» тығыз қоныстануына табиғи жағдайлар, қоршаған орта мен жергілікті шикізат көздері де өз әсерін тигізсе керек.

Мезолит, неолит

Тас дәуірінің тарихында Қазақстан аумағында мезолит пен неолит заманы шамамен б.з.б. XII-X және III мың жылдықтардың арасындағы уақытты қамтиды.

Бірінші аталған дәуір атауы гректің *мезос* (орта) және *литос* (тас) деген сөздерінен қалыптасқан. Бұл дәуір алғаш рет XIX ғасыр соңғы ширегінде бөлініп көрсетілгенімен, ондаған жылдар бойы аталмыш терминнің дефинициясы ғалымдар арасында пікір-талас тудырып келді. Мамандар арасындағы түрлі көзқарастардың ұзақ уақыт орын алуын белгілі ғалым А.Л.Монгайт былайша түсіндіреді: «Материалдық мәдениет даму көзқарасынан алғанда, мезолит палеолиттің тікелей жалғасы болды, бірақ бұл уақытта аталмыш дәуір өнім өндіруді бастады, мұның өзі өз кезегінде мезолитті келесі неолиттік дәуірмен жақындастырады. Сондықтан да кейбір археологтар «мезолит» терминінен қашқақтайды және ерте мезолиттік ескерткіштерді эпипалеолит (эпи – грекше «соңынан», «кейінгі» деген мағынада) дәуіріне, ал кейінгі мезолиттік ескерткіштерді – протонеолитке (прото – грекше «түпкі», «алғашқы», «бірінші» деген мағынада) жатқызады немесе ... айтылғандай ... жоғарғы палеолит пен мезолитті миолит дәуіріне біріктіреді».

Неолит немесе жаңа тас дәуірінен металдарды кеңінен пайдалануға бет алған өтпелі дәуір әдетте энеолит немесе мысты-тас дәуірі деп аталады. Аңшылар мен балықшылар тайпаларында бұл дәуір археологиялық материалдар бойынша әр уақытта бірдей жеткілікті айқын түрде бейнеленбегендіктен, отандық тарихнамада ұзақ уақыт Қазақстанның энеолиті неолитпен бірге қарастырылып келді. Қазіргі таңда оны да жеке қарастыруға мүмкіндік туып отыр. Қалай болғанда да уақыты жағынан біршама қысқа осы замандардың барлығында да өндірістің және адам өмірінің көп салаларында маңызды-маңызды өзгерістер болды.

Ең алдымен голоцен дәуірінің орнығуымен тұспа-тұс келген ол замандағы табиғи орта қазіргі бейнеге көшті. Ол кейінірек қоғам дамуына, белгілі бір өңірлерде өзіндік шаруашылық типтердің қалыптасуына әсерін тигізді. Табиғи өзгерістер жануарлардың кейбір түрлерінің жойылуына (мамонт, т.б.) алып келсе, басқаларының өсіп-өркендеуіне жағдай жасады. Жануарлар дүниесінің түрлік құрамы өзгерді: енді аңшылардың аулау нысаны көбінесе бизон мен жылқы, жабайы ешкі мен киік, қоян мен үйрек болды. Осы түз тағыларын ұстау үшін аңшылықтың жаңа құралдары ойлап шығарылды. Аңдарды бірлесе қуалап, қамап ұстау әдісімен қатар жеке-жеке аулау да зор маңыз алды; балықшылық кәсібі өрістеді.

Айта кететін бір жайт, мезолит заманында ірі-ірі екі оқиға болды: садақ пен жебе ойлап шығарылды және микролиттер — үш бұрыш, ромб, трапеция, сегмент тәрізді шағын тас тілікшелері шықты. Ал неолит дәуірінде микролиттік индустрия ерекше кеңінен өрістеді. Микролиттер негізінде жебенің ұштары мен қыстырма құралдар жасауға жұмсалды: сүйек немесе ағаш саптың ұзына бойындағы қуыстарына ондаған ұсақ микролиттер

тығылды; нақ осылар құралдың өткір жүзі болып шықты. Желім ретінде тау балауызы, қара май, битум пайдаланылды.

Мезолит кезіндегі кейбір аңшылар тобы тұз тағыларының соңынан ілесіп, жиі қозғалып отырды. Олардың жедел түрде қозғалуы, жиі қоныс аударуы бұл кездегі ескерткіштердің көп табыла қоймауына алып келіп отыр. Себебі сол замандардан сақталған мәдени қабаттардың қалың болмауы, мезолит уақытына жататын стратиграфияны анықтау мүмкіндігін үнемі шектейді. Қазіргі таңда Қазақстан жерінен мезолит дәуіріне жататын 50 шақты ғана ескерткіштердің орны анықталған. Олардың ішіндегі ең көрнектілері: Оңтүстік Қазақстан Отырар жазирасындағы Маятас, Жаңашілік-1-3 тұрақтары, Ордабасы ауданындағы Бөген (су қойма маңы), Қаратау өңіріндегі Бүркітті, Шахантай мен Соркөл-1-2 кешендері, Орталық Қазақстандағы Қарағанды-15, Әкімбек, Талдыөзек-21, т.б. тұрақтары, Батыс Қазақстандағы Қарсы (Қаршы), Шәуші ескерткіштері, Торғай даласы мен солтүстік өңірлердегі Тұз, Дүзбай-6, Евгеньевка-1, Мичурин, Қарасор-5-6, т.б. Сонымен қатар Шідерті-3 (Екібастұз өңірі), Шүлбі (Шығыс Қазақстан), Тоқтауыл (Жезді аймағы) секілді бірнеше мәдени қабаттан тұратын археологиялық нысандардан да мезолит кезеңіне жататын бұйымдар топтамасы аршып алынған. Олардың барлығы мезолит дәуіріндегі адам баласының тыныс-тіршілігінен мол ақпарат береді.

Мезолитте адам баласы табиғаттан дайын өнімдерді алып отырды. Бұл дәуірідегі өнім өндірудің кейбір нышандары Таяу Шығыстың кейбір аудандарындағы археологиялық ескерткіштерден байқалған. Ал неолитте адамзат өнімді өзі өндіре бастады. Дегенмен Жер шарының солтүстік аудандарында табиғаттан дайын өнім алу ұзақ уақыт сақталды.

Неолит адамзат тарихында өнім өндіруге көшуді бастайтын ірі тарихи-мәдени кезең болып табылады.

Б.з.б. V мыңжылдықта басталған неолит тастың пайдалы қасиеттері барынша пайдаланылған дәуір болды. Еңбек құралдарын өндіру барған сайын мамандандырылды. Қысып түзету техникасының жетілдірілуімен қатар тас өңдеудің тегістеу, бұрғылау, арамен кесу сияқты жаңа технологиялық әдістері шықты, бірте-бірте қиын өңделетін тастар пайдаланылды, тас балталар, кетпендер, дәнүккіштер, келілер, келісаптар жасала бастады.

Дәуірдің аса маңызды белгісі мал өсіру мен егіншілік, яғни өндіруші шаруашылық деп аталатын шаруашылық туды; бұл өндіруші шаруашылық табиғаттың дайын өнімдерін иемдену орнына — жиын-терін мен аң аулаудың орнына келді.

Шаруашылықтың жаңа түрлерінің шығуының адамзат қоғамының дамуы үшін орасан зор маңызы болды, адамның еңбек кәсібінің саласын кеңейтті, сонымен қатар оның сипатын сапа жағынан өзгертті. Адамның экономикалық қызметінің одан кейін талай мың жылдарға созылған бүкіл тарихының дені шаруашылықтың осы екі формасының даму, жетілу тарихы болып табылады.

Неолит дәуірінде алғашқы халықтың қолы жеткен өндіргіш күштер дамуының деңгейі басқа да мәдени-тұрмыстық жаңалықтардың шығуына себепші болды. Қазақстанның ежелгі халқында кен кәсібі мен тоқымашылықтың бастамалары шықты, оған керамикалық ыдыс белгілі болды.

Әлеуметтік жағынан алғанда неолит дәуірі рулық қауым дәуірі болды; онда ұжымдық еңбек және өндіріс құрал-жабдықтарына ортақ меншік үстем болды. Сонымен бірге мұның өзі қоғамның ұйымдасу формаларының неғұрлым жоғары дамыған уақыты болды: тайпалар немесе тайпалық бірлестіктер құрылды. Тайпалар қандас-туысқандық байланысына қарай және шаруашылығының біртекті сипатына қарай біріккен бірнеше (саны азды-көпті) рулық қауымдардан құрылды.

Қазақстан аумағындағы әуелгі неолиттің ескерткіштері әзірше аз зерттелген. Алайда күмәнсыз жай сол, қазақстандық неолит бұрынғы КСРО аумағында жаңа тас дәуірінде болған тарихи-мәдени үрдістердің басты-басты бағыттарында дамыды. Бұл үрдіс неолиттік мәдениеттердің сан алуандығымен, Еуразияның табиғи-климаттық жағынан әр түрлі өлкелерінде ірі-ірі тарихи-мәдениеттік аймақтардың қалыптасуымен сипатталады; ал бұл аймақтар біртекті шаруашылық кәсіп арқылы, материалдық және рухани мәдениеттің ұқсас типтері арқылы бірікті.

Халықтың «мәдени қауымдастық» деген ұғым біріктіретін тарихи тұрғыдан қалыптасқан осындай топтарының біріне неолит дәуіріндегі ежелгі Қазақстанның тайпалары да енді. Зерттеушілердің пікірі бойынша, бұл қауымның шекаралары өте кең болған. Олар Қазақстан мен Орал маңынан басқа Батыс Сібірдің далалық аудандарын, Алтайды және Орта Азияның солтүстік аудандарын қамтыған. Бұл қауымға енген тайпалардың көпшілігі аңшылыққа, балық аулауға, жиын-терінге негізделген ұқсас шаруашылықпен шұғылданды, ал кейінірек оларда мал өсірудің, егіншіліктің және кен кәсібінің бастамалары пайда болды.

Бүгінгі таңда Қазақстан аумағынан 800-ден аса неолиттік ескерткіштердің табылғандығы мәлім, алайда олардың, басым көпшілігі іріктеліп қана зерттелді. Неолиттік тұрақтар орналасу сипатына қарай әдетте бұлақтық, өзендік, көлдік, үңгірлік тұрақ деп төрт түрге бөлінеді. Әдетте өзендік тұрақтарда, сондай-ақ көлдік тұрақтарда едәуір көп заттар табылады; мұның өзі бұл жерлерде адамның түпкілікті немесе ұзақ уақыт тұрғанын көрсетеді. Мұндай тұрақтардағы негізгі құрал-саймандар — пышақ тәрізді тас тіліктері және солардан жасалған бұйымдар.

Қазақстан аумағында бұлақтық тұрақтар неғұрлым көп тараған, өйткені шөл және шөлейт аймақтарда өзендер аз болады. Бұлақтардың жанындағы тұрақтар — көбінесе кезбе аңшылардың уақытша, маусымда тұрған жерлері. Қазақстанның шөл даласындағы неолиттік ескерткіштердің бір ерекшелігі сол, олардың көпшілігі — ашық (жер бетіндегі) тұрақтар.

Барлық тұрақтарда жергілікті материалдардан жасалған тас құралдар — жебелер мен найзалардың ұштары, балталар, қашаулар, пышақтар, қырғыштар табылды. Белгілі бір қаруларды жасау үшін тастардың түрлері

сараланып, іріктеліп алынатын болды. Шикізаттың әр алуандығы оны ұқсатудың әр түрлі техникалық тәсілдерін дамытып, жетілдіруге себепкер болды. Қазақстанның неолиттік ескерткіштері бірнеше аумақтық топ құрайды, бұл топтардың мәдениет жағынан бір-біріне жақын, туыс тайпалардың мекендеген аудандарына сай келуі ықтимал.

Қаратау жотасының ескерткіштері. Оңтүстік Қазақстанда, әсіресе, Қаратау жотасының солтүстік және оңтүстік бөктерлерінде, жаңа тас дәуірінің көп ескерткіштері ашылды. Бүркітті өзенінің жағадағы алаңқайларын зерттегенде мезолит дәуіріне жататын тас индустриясының үлгілері жиналды. Өзеннің оң жағасында малта тас қабатында көптеген мезолиттік шақпақ тас бұйымдары: жергілікті ұсақ түйіршікті шақпақ тастан дайындалан призмалық өзектастар, пышақ тәрізді тас тіліктері және олардың сынықтары табылды.

Халцедондық 140 бұйымнан тұратын ендігі бір топтама Бүркітті өзенінің жайылма үстіндегі Қойтас қойнауының солтүстік жағындағы екінші алаңқайын тазартқанда жиналды. Тас бұйымдардың ішінде пышақ тәрізді тас тілігінен жасалған бір қырлы мезолиттік трапеция ерекше көзге түседі; оның бүйір қырлары мен үстіңгі жағы тігінен түзетілген.

Мезолит дәуіріне жататын заттардың үшінші ірі тобы Ақтау тауының етегіндегі Үшбұлақ бұлағының арнасынан балшық қабатынан табылды. Қара және ақ майда шақпақтан жасалған бұйымдар жиынтығының ішінде қалам тәрізді, сүйір тәрізді, ұзындығы 3-6 см-дей призмалық өзектастар, шағын тас тілікшелері, тескіштер, трапециялар, қырғыштар да кездеседі.

Қаратау жотасының оңтүстік бөктерінде (Шымкент қаласының солтүстік-шығыс жағында) Қараүңгір өзенінің оң жағасына орналасқан Қараүңгір неолиттік үңгір тұрағын қазғанда неолит дәуіріне қатысты ең көп және көрнекі материал алынды. Мұнда қалың мәдени қабат сақталған; оның жоғарғы бөлімі ғана соңғы мезолиттен қоса есептегенде неолитке дейінгі уақытты қамтиды. Жер ошақтар мен от орындарының жанынан хайуандардың көптеген сүйек қалдықтары табылды. Ежелгі қараүңгірліктердің аулағаны аю, бұғы, жабайы бұқа, қабан, арқар, қоян, борсық болған. Үңгірді мекендеушілердің аңшылық қорегінде бұлардан басқа, қырғауыл, кекілік, тасбақа болды. Сірә, хайуандарды қолға үйрету басталса керек; мұны қолда ұсталған бұқа мен жер ошақтың қасындағы иттің сүйектері де дәлелдейді.

Қоныс тұрғындарының еңбек және аңшылық құралдары жұмырланған ұзынша қырғыштар, призма және қалам тәрізді өзектастар, бүйірлері ойылған және шеттері мұқалған тас тіліктері, тескіштер, садақ ұштары, шот-балталар, тас келісаптар, т.т. болды. Жүздері өңделгені бар, өңделмегені бар микролиттік тас тіліктері өте көп; бұлар құралдардың сүйектен немесе ағаштан жасалған сабына орнықтырылатын қыстырма ретінде қызмет еткен. Көптеген сүйек заттар — біздер (бігіздер), тескіштер, осы заманғы иненің ежелгі түрі — көзі бар инелер, тегістегіш-жонғыштар табылды, хайуандардың жауырындарынан жасалған құралдар да болды. Бұлар хайуандардың терісін ұқсату үшін қолданылды. Әсемдігі жағынан сирек кездесетін заттар — сүйектен істелген, сызықшалары бар өлшеуіш, тесілген

қауашақтардан, сызықша өрнегі бар азулардан, сүйек салпыншақтар мен моншақтардан құралған сәндік бұйымдар, хайуандардың топайларынан жонып жасалған мүсіндер шықты.

Қараүңгір үңгірінің тұрғындары керамикалық ыдыстарды қолмен жапсырып жасау әдісін игерген. Балшық ыдыстардың түбі дөңгелек етіп жасалды, ал олардың сырты кейде қызыл бояумен боялды. Көбінесе ыдыстардың жоғарғы жартысы тісті қалыппен түсірілген сызықшалар, ойықтар, мүсіндер түріндегі өрнекпен ажарландырылды. Өкінішке орай, біздің қолымыздағы Қараүңгір үңгірінен алынған материалдар дәстүрлі түрде кезеңдестіру мен хронология сауалдарын толыққанды шешуге мүмкіндік бермейді, сондықтан да барлық пікірлер жорамалдармен ғана шектеліп отыр.

Қазіргі таңда Қазақстан аумағынан *атбасар*, *маханжар*, *келтеминар* секілді бірнеше археологиялық мәдениеттер анықталған. Біз тек Қараүңгір үңгірінен алынған бұйымдарға ұқсас кейбір мәдениеттер мен кешендер материалдары жайында қысқаша мәлімет бере кетпекпіз.

Келтеминар мәдениетін (мәдени-тарихи қауымдастығын) С.П.Толстов бөліп көрсеткен (1946 жылы). Бұл *мәдениеттің таралу аймағы* – Ақшадария атрабы, Үзбой, Сарықамыс атрабы, Әмударияның сол жағалауы, Қызылқұмның ішкі бөлігі, Сырдарияның төменгі ағысы, Заравшанның төменгі өңірі.

Келтеминар мәдениетінің уақыты б.з.б. V мыңжылдықтың ортасы мен екінші ширегінен бастап б.з.б. IV мыңжылдықты қамтиды. А.В.Виноградов Қызылқұм неолитінің шеңберінде оның үш кезеңін бөліп көрсетеді: ерте неолит – дариясай – б.з.б. VII мыңжылдық соңы мен б.з.б. V мыңжылдық ортасы; орта неолит – жанбас – б.з.б. V мыңжылдық соңы мен б.з.б. IV мыңжылдық ортасы; кейінгі неолит – б.з.б. IV мыңжылдық соңы мен б.з.б. III мыңжылдық.

Заттай мәдениетінің сипаты. I. Алғашқы өңдеу. Алғашқы өңдеу өнімдерінің арасындағы негізгі дайындамалар (заготовка) көлемі 15-32x3-7 мм шағын тас тілікшелерінен, сондай-ақ тас тіліктерінің кесіндемесінен (сечения); Ақшадария (Жанбас-4) және Жоғарғы Үзбой (Құртыш-1) ескерткіштеріне тән көлемі 25-50x9-14 мм және де профилі тік орташа тас тілікшелерінен; сонымен қатар профилі аздап қайырылған тас тілікшелерінен тұрады. *II. Екінші қайтара өңдеу.* Негізін дорсаль жағынан келіп бүйір тұсынан түскен түзетулер құрайды, оған екі шетіне дорсаль жағынан түсірілген түзету де тән, ал вентраль жағынан түскен екі жақты түзету аса айқын емес. Құралдар жиынтығы жеті түрлі құралдардан тұрады, олардың арасындағы негізгілері: бір жақты шеткі және де қарама-қарсы түсірілген түзетулер, шеттері өткір емес әрі түбі шабылған қыстырмалар.

Шығу тегі. Қолдағы мәліметтер жиынтығы келтеминар мәдениетінің шығу тегі көп құрауышты (компонентті) екендігін және де оның негізінде оңтүстік құрауыштар басымдау екендігін көрсетеді (Археология СССР. Неолит Северной Азии. М., 1996).

Қараүңгір үңгірінен алынған материалдарды Орта Азиядағы *келтеминар*, *гиссар*, *орталықферғана* секілді неолиттік мәдениеттердің материалдық

қалдықтарымен салыстырып қараған кезде келтеминар мәдениетінде алғашқы жаңқалау техникасында, екінші қайтара өңдеуде, құралдар жиынтығында аздап болса да жақындық (ұқсастық) бар екендігін айта кеткен жөн. Сонымен бірге келтеминар мәдениетіне тән шағын тастық (микролит) белгілермен қатар мұнда кездесетін «дөрекі» өзектастар оны гиссар және орталықферғана мәдениеттерімен де байланыстыра түседі. Егер Қараүңгір үңгірінен алынған материалдық қалдықтар бірнеше кезеңдерге жатпайтын болса, онда біздің алдымыздағы құбылыс гиссар және орталықферғана мәдениеттеріне жататын еді. Және де, бұл жерде жеке мәдениет жайлы сөз қозғаған дұрыс сияқты, өйткені онда жазық жерлерге тән шағын тас пен малта тас құрауыштардың араласуынан тау беткейлерінде өзіндік мәдени құбылыс қалыптасқан секілді. Осыған байланысты Қараүңгір үңгірін зерттеп, қолындағы материалдар негізінде Қазақстанның оңтүстігінде өзіндік неолиттік мәдениеттің болғандығын айтқан Х.А.Алпысбаев көзқарасын жоғары бағалағанымыз абзал.

Қараүңгір үңгірінде нақты жерлеу орны жоқ. Бірақ кем дегенде екі адамға тиесілі тіс қалдықтары, қызыл түсті заттардың қалдықтары, әшекейлерде сақталып қалған тесіктер мен әшекейлер секілді фактілер өзіне ерексіз назар аудартады. Егер де бұл құбылыстарды кешенді түрде қарастырсақ, онда белгілі бір дәрежеде адамды жерлеу ғұрпы орын аландығын байқауға болатын сияқты. Остеологиялық материалдар мен сүйектен жасалған бұйымдардың, қабыршақ-ұлутастардың жақсы сақталуы антропологиялық материалдардың да осындай күйде сақталуы мүмкін екендігін көрсетеді. Әйтсе де біздің қолымызда бұл пайымдауды нақты дәлелдей түсетін одонтологиялық олжалардан басқа материалдар жоқ.

Қысқаша түрде Қараүңгір үңгірінен алынған адам тіс қалдықтарына қатысты пайымдауларға тоқтала кетелік. Ең алдымен, біріншіден, үңгірде адам қаңқасы толық жерленбеген болуы мүмкін, оның тек белгілі бір бөлігі, айталық бас сүйегі ғана жерленуі мүмкін. Мұндай сирек кездесетін жерлеу ғұрпы ерекше жосын-жоралғыға байланысты болуы да ықтимал. Мұндай ғұрып Месопотамияның халав мәдениетінде, Солтүстік Қазақстандағы Ботайда кездеседі, онда бірнеше жұлынмен бірге бас сүйек және қызыл түсті балшық ұшырасқан болатын. Айта кететін бір жайт, Қараүңгір үңгірінен табылған тістердің бірінен қызыл түсті затпен бірге мойынға іліп жүруге арналған тесік жасалғандығы анықталған.

Екіншіден, ол инициация ғұрпымен байланысты болуы мүмкін. Жас ерекшелік инициациясы түрлі ғұрыптар мен манипуляциялардан тұрды, бұлар жасөспірімдерді ересектерге тән қасиеттерге баулуы тиіс. Олардың арасында денені жаракаттау, әдетте тісті ұрып түсіру, т.б. болды. Мысалы, Австралияның шығыс және оңтүстік-шығыс бөлігіндегі тайпаларда ғұрып бойынша тіс, соның ішінде күрек тіс әдейі сындырылды. Қараүңгір үңгіріндегі тістер жас мөлшері 20-30-дардағы әйел адамдарға және 55-60 жастағы тағы бір адамға тиесілі болған, демек, шыдамдылыққа баулуға арналған ғұрып мұнда орын ала қоймаған секілді.

Үшінші пайымдау бойынша, тіс сүйектері магиялық жосын-жоралғыларда пайдаланылып, бойтұмар ретінде қолданылуы мүмкін.

Әлбетте, айтылған пайымдаулар мұндай олжалардың нақты мәнін ашуды бірден шеше қоймайды. Оны табысты шешу үшін кешенді жұмыстармен айналысқан абзал. Қараүңгір үңгірінен алынған құрал-саймандардың негізгі бөлігін сипаттауды аяқтай келе, Оңтүстік Қазақстандағы бұл ескерткішті одан ары зерттеу қажеттілігіне де назар аударған жөн дейміз. Тарихи-мәдени тұрғыдан Қараүңгір Орта Азиядағы келтеминар мәдениетінің ескерткіштеріне жақын екендігін де тағы бір рет айта кеткен жөн.

Оңтүстік Қазақстандағы бірқатар неолиттік тұрақтардан да (Тасқотан, Шілік, Дермене-1-4, Арыс-1, т.б.) нақты материалдар алынған. Олардың көпшілігінде қыштан жасалған ыдыстар жоқ. Мұны археолог Х.А.Алпысбаев кейбір жергілікті тайпалардың теріден жасалған ыдыстарды кеңінен пайдаланғандығымен түсіндіреді. Оңтүстік өңірдегі кейбір ескерткіштерде қыш ыдыстардың болмауы немесе болуы (мысалы, Қараүңгір үңгірі) мұнда көне замандарда-ақ сан қилы мәдениеттердің тоғысқандығын көрсетеді.

Арал маңынан табылған олжалар. Неолиттік ескерткіштердің жергілікті неолиттік мәдениет құрайтын келесі бір тобы Сырдарияның көне құйылмасынан белгілі. Олардың көбі Сырдарияның ежелгі сағасы болып табылатын Іңкәрдарияның құрғақ арнасынан, ірі құм жалдарын жел айдап әкетіп жататын қазаншұңқырлардан табылды. Тарихи-мәдени жағынан алғанда бұл ауданның ескерткіштері Орта Азияның солтүстік далалық аймақтары мен Оралдың сыртқы жағынның неолиті ортасындағы аралық қалыпта бола отырып, келтеминарлық мәдениетке де, Оралдың сыртқы оңтүстігі мен Аралдың шығыс өңірінің неолиттік мәдениетіне де ұқсас.

Жалпақ қойнауында алты тұрақ табылды; олардан жапсырылған керамиканың сынықтары және кварциттен жасалған құралдар жиналды. Балшықтан жасалған ыдыстардан көбі — мойны анық шығарылып жасалған ірі қыш құмыралар мен дөңгелек тостағандар. Бұлардың екеуінің де түбі томпақ немесе жайпақ. Ыдыстардың сырты тісті қалыппен басылған және сызып жасалған қарапайым өрнекпен ажарландырылған. Кварциттік бұйымдардың ішінде үсті мұқалған және шеті қисайтылған қыстырмалар, тас тілікшелері немесе тас жаңқаларынан жасалынған тескіштер көп.

Қосмола-4 және Қосмола-5 тұрақтарында шақпақ тас пен ақ кварциттен жасалған құралдар, өңделмеген пышақ тәрізді тас тілікшелер және балшықтан жасалған өзінше бір үлгідегі ыдыс жиналды. Бұл ыдыс бүтіндей ірі құм қосылған балшықтан жасалған, жұқа, әжептәуір жақсы күйдірілген, тегістелген, майдаланған; өрнегі жоқ дерлік, мұның өзі неолит үшін сирек құбылыс. Қыш құмыраның жиегі ғана қамыспен батырылып түсірілген ойықтармен, сызықшалармен сәнделген, ал оның сыртына біреуінде көлденеңнен қатар-қатар қамысты батырып ізі түсірілген, екіншісінде терең шұңқырлы және ирек сызықты өрнек салынған. Құмыралардың бітімдеріне бітімдері ден қоярлық. Дөңгелек тостағандар мен кейде ішіне қарай иілген мойны шығыңқы құмыралардан басқа, тұрақта төрт-бес науаның

фрагменттері кездесті. Осыған ұқсас кешен Әмударияның оңтүстігіндегі Ақшадария күймасынан, келтеминар мәдениетінің Дингильдже-6 және Кават-7 тұрақтарынан табылды. Олар б.з.б. III мыңжылдықтың бірінші жартысына — орта шеніне жатады. Егер Қосмола-4 және Қосмола-5 тұрақтарын сол уақытқа жатқызсақ, онда бұлар Сырдария өзенінің көне алқабындағы қазіргі кезде белгілі ескерткіштердің ішіндегі ең ежелгі ескерткіштер болып шығады.

Арал төңірегінен табылған кейбір ескерткіштер екі хронологиялық дәуірді қамтиды. Мысалы, неолит пен энеолитке жатады. Сексеуіл-1, Ақеспе неолиттік тұрақтарынан табылған заттардың ішінде екі жағы өңделген жебе мен сүңгі ұштары жоқ, бірақ оның есесіне трапеция тұрпатындағы қыстырмалар, көптеген ұсақ, дұрыс қырланған, пышақ тәрізді тас тілікшелер бар; ыдыстардың сынықтарында тісті қалыптың таңбасы қалған немесе түгел көлденең ирек сызықтар сызылған. Ал Сексеуіл-2 тұрағындағы жебелердің ұштары екі жағынан қысып түзету арқылы мұқият өңделген; олар ойықтау сағалы, қалақша бітімді келеді; сондай-ақ, найзалардың, сүңгілердің ұштары, көлемі мен бітімі әр түрлі қырғыштар бар.

Керамикалық ыдыстар — негізінде ұсақ, түбі жайпақ және дөңгелек; мойны дұрыс шығарылып, үстіңгі жағы жалпайтылған. Құмыраларға өрнек салу тәсілдері мейлінше әр алуан: сызықты (тік сызықты және ирек сызықты) тісті қалыптың таңбасын түсіру, әр түрлі геометриялық фигуралар болып шығатын ойықшалар салу болып келеді.

Соңғы жылдары Арал өңіріндегі бірқатар неолиттік ескерткіштерде зерттеулер жүрді. Олардың арасынан біріккен Қазақстан-Ресей археологиялық экспедициясы ғылыми айналымға енгізген Ақеспе, Арал, т.б. ескерткіштерді атап кетуге болады.

Орталық және Батыс Қазақстанның ескерткіштері. Орталық Қазақстанның аумағы неолит пен энеолит дәуіріне жататын тұрақтарға өте бай. Олар Қарағанды облысында және Қараторғай өзенінің аңғарында неғұрлым көп.

Орталық Қазақстанның неолиттік тұрақтарын мекендеушілер садақ пен жебені қолданып, тағы жануарларды аулаумен күн көрді. Жебелер бітімі жапырақ немесе үшкіл тәрізді, сағасы ойық болды. Аңшылар садақ пен жебелерден басқа найзалардың ұштарын көптен пайдаланды. Қалған барлық саймандар — қыстырмалар мен тас тілікшелер түріндегі микролиттер. Қоныстардың денінде қырғыштар көп кездеседі. Мұнда мезолиттік техниканың дәстүрлері айқын бейнеленген микролиттік кешендер үстем болды.

Батыс Қазақстан мен Орталық Қазақстанның шекарасында орналасқан Қараторғай тұрақтар тобы Батыс Қазақстандағы тұрақтарға ұқсас. Сонымен бірге оның материалы одан әрі шығысқа қарай таралатын және Орталық Қазақстанды түгел дерлік қамтитын жана техникалық тәсілдерді бейнелейді.

Балқаштың солтүстік-шығыс төңірегіндегі неолиттік ескерткіштердің дені бұлақтық қоныстар болып табылады. Мұнда құралдар дайындау үшін пайдаланылған негізгі шикізат — яшма, кварцит және түсі әр түрлі яшмалы

кварциттер болған; жылтыр сары опал және анда-санда порфирит пен қоңыр түсті порфирлер кездеседі.

Жардың жайпақ төбесіндегі кварцитті тас қашалған орын өзіне қатты назар аудартады; жардың етегінде бұлақ орналасқан, онда аздаған шақпақ сайман шықты. Бұлардың көбі (1000 данадан аса) тас қазылған жерден табылды. Мұнда тас жаңқалар, өзектас тәрізді сынықшалар, долбарлы жарықшақтар жиналды; бұлар алғашқы өндеудің осы жерде жүргізілгенін көрсетеді.

Жезқазған маңайынан табылған заттар соңғы неолит пен энеолитке жатады. Мұнда тастан жасалған көптеген балғалар, балталар табылды. Басқа саймандар топтамасы ірі көлемді тас жаңқаларынан тұрады.

Иманборлық тұрағы (бұрынғы Көкшетау облысы) осы аттас өзенінің сол жағасында орналасқан. Оның жарынан сүйектер, көмір, ұсақ шақпақ бұйымдар, ірі құралдар және керамика жатқан қабаты айқын көрінеді. Мұнда қырғыштар мен сыдырғыштар, балталар мен шоттар, тақтатастан жасалған құралдар мен тоқпақшалар, найзалар мен сүнгілердің ұштары табылды. Пышақтардың, оның ішінде орақ тәрізді пышақтардың көптігі шаруашылықтың негізін аңғартады. Жебелердің ұштары қысып түзету арқылы екі жағынан жұқартылған. Ірі шапқы құралдардың ішінен көзге түсетіндері — сланец тастан жасалған балталар; бұлар ірі сынықшалар арқылы екі жағынан жұқартылған. Бұл жерден күрзі тәрізді жалтырата тегістелген және бұрғыланған бұйымның фрагменті де табылды; мұның өзі тас өндеудің ерекше техникалық тәсілдері қолданылғанын көрсетеді. Бұның бітімі бір-біріне қосылған екі жарты шар сияқты. Қосылған жерінде ені 1,5 см-дей жайпақ белдік бар, ал бұйымның өзінің диаметрі 10,5 см. Сондай-ақ ара тәрізді, ірі қабырғалардан жасалған үш бұйым табылды; бұлар қисық пышаққа немесе ораққа ұқсас ішкі имегінде көптеген тістері бар.

Қыш ыдысты Иманборлық-2 тұрағының тұрғындары таспа әдісімен жапсырып жасаған. Сірә, жасалған ыдыстар отқа күйдірілсе керек. Ыдыстар әр түрлі: параболоид тұрпатты; ернеуі иілген және бүйірі шығыңқы; жиегі тік, мойны біраз ұзын және бірте-бірте кеңі беретін бүйіріне жалғасады. Өрнек салудың негізгі техникалық тәсілдері: әр түрлі тарақ тәрізді қалыптармен жасалған ойықтар және сызықшалар. Бұған қоса ыдыстардың беті кертпешелермен және шұңқыршалармен сәнделетін болған. Өрнек салу әдісі мен сурет композициясы жағынан алғанда бұл қыш кешен Орал ескерткіштерінің тобына өте ұқсас.

Иманборлық-2 тұрағының қыш ыдыстары мен Батыс Қазақстандағы тұрақтардың қыш ыдыстарының техникалық тәсілдері мен өрнек композициясының ортақтығы бұл өңірлерде шығыс шекарасына Наурызым қорығы енетін біртұтас этникалық-мәдени ареалдың болуы ықтимал екенін көрсетеді. Иманборлық-2 тұрағында, Солтүстік Қазақстандағы тұрақтар мен Оңтүстік Оралдағы қоныстарда нақ бір құрамдағы жануарлардың (жылқының, сиыр мен қой-ешкінің) сүйектері табылды.

Орталық Қазақстандағы Жезді төңірегінен бірнеше неолиттік тұрақтар зерттелген. Олардың арасындағы ең көрнектілері Талдысай елді мекені жанындағы Талдысай-2-3, Сарыбұлақ, Аяқбұлақ, т.б.

Батыс Қазақстан аумағында негізінен өзендік және көлдік типтегі тұрақтар көп тараған.

Үстірт қыратындағы қысқа мерзімді тұрақтар ерте заманға жатады. Мұнда табылған саймандар әр алуандығымен ерекшеленбейді: трапеция тәрізді құралдар, кескіштер ғана; қыш ыдыстар жоқ.

Батыс Қазақстанда келтеминар мәдениетінің кезінде С.П. Толстов ұсынған бір ғана нұсқасы бар. Бұл аталып отырған келтеминар мәдениеті Қазақстан мен Орта Азияның үлкен аумағы қамтиды. Тас индустриясы орташа және шағын көлемдегі тас тілікшелер түріндегі дайындамалармен, тас тіліктері сынықтары мен жаңқаларымен сипатталады. 1989-1990 жылдары Гурьев облысынан (қазіргі Атырау облысы – *ред.*) Шатпакөл, Құлсары-1-5, Шандыауыл, Қыземшек, Қайнар, Жыланқабак, Қойқара, Сарықамыс, Шаянды, т. б. тұрақтар мен жұрт-орындар табылған. Шатпакөл жұрт-орны Ембі ауданындағы Шоқпартоғай ауылынан 12 км солтүстікке қарай орналасқан. Тас бұйымдарынан пышақ тәрізді тас тіліктері мен жаңқалары бар. Қыш ыдыстар сынықтары бұлақ жанындағы шағын баурайдан табылған. Құлсары-1-5 тұрақтары Құлсары ауылы маңында шоғырланған. Олардың барлығы жол құрылысы мен газ құбырларын салу жұмыстарының нәтижесінде бүлінген. Көптеген тас заттар арасынан түзетілген немесе түзетілмеген пышақ тәрізді тас тіліктері, тас жаңқа мен тіліктерден даярланған қырғыштар, кескіштер, екі жағы өңделген сапты жебелер, бүйірі ойықты (анкош) құралы, өзектас пішіндес жарықшақтар және призма бітімді өзектастар айқын байқалады. Қыш ыдыстардың көпшілігі өрнексіз, тек кейбірінде ғана көлденеңінен түскен сызықтар бар, бұлардан тік немесе жоғары қарай сызықтар тартылған.

Шандыауыл Құлсары ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 22 км жерде. Тас бұйымдары кейінгі уақыттағы Аққызтоғай моласынан онша ұзақ емес жерден табылған. Бұлар - тас тілікті қырғыштар, екі шетті қырғыштар, тас жаңқалары мен қыш ыдыстары.

Қыземшек жұрт-орны Иманқара таулары маңынан, Жантерек темір жол станциясынан оңтүстікке – оңтүстік-шығысқа қарай 37 км жерден табылған. Тау үстінен призма тәрізді тұрпаттағы өзектастар, үстіндегі қырлары түзетілген тас тіліктері және қыш ыдыстар сынықтары жинастырылған. Осындай артефактілер Қайнар өзенінің биік жарларынан да табылған.

Жыланқабак пен Қойқара жұрт-орындарына «шырша» және майда «тарак» өрнектер салынған қыш ыдыстар тән. Тас бұйымдары жоғарыда аталған индустрияларға ұқсас.

Сарықамыс және Шаянды тұрақтары Гурев (Атырау – *ред.*) облысы Ембі ауданындағы Сарықамыс ауылынан оңтүстікке қарай 3 км жердегі құм төбелерінен табылған. Бұдан пайдаға асырылғандықтың ізі байқалмайтын пышақ тәрізді тас тіліктерінің үлкен бөлігі, үсті түзетілген бірнеше тас тіліктері, тас тіліктері мен жаңқаларына негізделген ойықты құралдар

жинастырылған. Қыш ыдыстар бөлшектерінде басылған қиғаш оюлар, көлденең сызық пен үш бұрыш тәрізді геометриялық фигуралар анықталды. Боялған қыш ыдыстар жоқ.

Жалпы алғанда, тұрақтар мен жұрт-орындардағы индустрия өңделуі мен жарықшақтануы бойынша жақын, олар: шеттері түзетілген, бір және екі шетті, үсті моқал және омырылған немесе шеті бір не екі жағынан тік тас тіліктері кеңінен тараған, шетті қырғыштар, тас жаңқа мен тіліктерге негізделген ойығы бар қырғыштар.

Шақпақ тас саймандары кей жағдайда Қараүңгір (Оңтүстік Қазақстан) үңгір мен Өзбекстан жер өңдеуші неолиті тас бұйымдарымен үндеседі. Мұның негізінде келтеминар мәдениетінің жергілікті нұсқасын батысқазақстандық ретінде бөлу заңды да.

Солтүстік-Батыс Қазақстанның тұрақтары уақыты жағынан неғұрлым бертініректегі тұрақтар болып табылады; оларды мекендеушілер пышақ тәрізді тас тіліктерді кеңінен пайдаланды, бұлардан қыстырма құралдардың жүздерін, жебелердің ұштарын, қырғыштарды жасады. Қыш ыдыстар бітімі жағынан да, өрнектелуі жағынан да ерекше; ирек сызықты немесе геометриялық тарақ тәрізді өрнек, не болмаса осы екеуінің қиюласуы тән болып келеді.

Бұл ауданның неолиттік тайпаларының мәдениеті Оңтүстік Оралдың, Солтүстік Қазақстанның және Арал маңының неолит мәдениетіне ұқсас; мұның өзі, сірә, ол дәуірде Солтүстік-Батыс Қазақстанда күрделі тарихи үрдістер болғанын керсететін болса керек.

Ырғыз өзені бойындағы тұрақтар тобы одан да гөрі соңғы уақытқа жатады. Бұл тұрақтардың тұрғындары бұйымдардың көпшілігін тас тіліктерден жасады.

Ырғыз ыдыстарындағы өрнектер тарақ тәрізді ірі қалыппен түсірілген. Мұнда өрнектелмеген ыдыстар да көп.

Осы белгілердің бәрі ырғыздық тұрақтар тобын Батыс Қазақстанның басқа неолиттік ескерткіштерімен жақындастырады.

Соңғы жылдары Батыс Қазақстан облысы аумағынан бірқатар ескерткіштер ашылды. Олардың арасындағы Сұлукөл-1-3, Аққұм-1-2, Сарыиван, Майтөбе, Жантемір тұрақтарынан тас құралдары мен қыш ыдысары көптеп табылған. Бұл ескерткіштердің тас топтамасында тас тіліктері басқа еңбек құралдарына қарағанда жиірек ұшырасады.

Жоғарғы Ертіс өңірінің қоныстары. Шығыс Қазақстанның неолиттік тайпаларының ең ірі қоныстары Ертістің жоғарғы өңірінде зерттелді. Бұларға Усть-Нарым мен Мало-Красноярка деревняларының жанындағы ескерткіштер жатады.

Усть-Нарым қонысынан 800 м² алаң аршылды. Шыққан заттардың дені, сондай-ақ баспаналардың, жер ошақтардың және шаруашылық шұңқырларының іздері 2,5-2,8 м терендіктен шықты. Қоныстың мәдени қабаты жұқа құм қабат арқылы екі белдеуге бөлінеді. Усть-Нарымда 25 жер ошақ пен от орны, көптеген тас құралдар табылды. Көне замандағы аңшылар мен балықшылар мұнда ағаштан жасалған жеңіл күркелерде және есігі өзен

жаққа қарайтын чумдарда тұрған. Қоныстан жабайы бұқаның, маралдың, еліктің, қабанның, құндыздың, түлкінің, суырдың сүйектері табылды. Сол жерден сүйектері шыққан қой-ешкі, сірә, қолға үйретілген болса керек.

Шығыс Қазақстан неолитінің Оралдың сырты, Батыс және Оңтүстік Қазақстан неолитінен өзіне тән ерекше бір белгісі сол, ондағы шақпақ тастан жасалған еңбек құралдарының ішінде геометриялық тұрпатты заттар— трапециялар, сегменттер, тағысын-тағылар мүлде жоқ. Мұндағы құралдар көлемі әр түрлі пышақ тәрізді тас тіліктері мен жаңқалардан жасалған. Саны он бес мыңнан асатын шақпақ тас бұйымдарының ішінде бір немесе екі жағынан түзетілген тас тіліктер, тас тіліктер немесе тас жаңқаларына негізделген әр түрлі қырғыштар, жонғыштар, сағасында ойығы бар жебе ұштары, ауыр тас тіліктеріндегі имек жүзді пышақтар, найзалардың ұштары, кескіш, тескіш құралдардың, орақтардың қыстырмалары, балталар, шоттар, қашаулар, тоқпақшалар, балық аулайтын қармақтардың бөлшектері бар.

Сүйек заттар аз. Бұлар — біздер (бігіздер), көзі бар инелер, ірі құстың сүйегінен жасалған, шырша тәрізді өрнегі бар ине қап және басқалар. Ойма өрнекпен сәнделген, сабының жоғарғы жағында ойық тесігі бар қыстырмалы сүйек қанжар ерекше назар аударады. Қанжардың жүзінде түзетілмеген өте жұқа шақпақ тас тілікшелері сақталған.

Тас саймандар көршілес сібірлік-алтайлық неолиттік тайпалардың заттарына әжептәуір ұқсас. Осының өзінде Усть-Нарым қыш ыдыстары Оңтүстік-Батыс Қазақстанның қыш ыдыстарына және Орта Азияның келтеминар мәдениетіне ұқсас. Ыдыс бүйірі түгел өрнекпен сәнделген. Өрнектердің ішінде тарақ тәрізді және жұмсақ қалыппен көлденең түсірілген таңбалар көбірек кездеседі.

Усть-Нарым қонысының қыш ыдысы «андроновтан бұрынғы» түрде және сірә, б.з.б. III мыңжылдықтың екінші жартысында тіршілік еткен адамдардан қалса керек; ол кезде Шығыс Қазақстан тайпаларында егін егу мен мал өсіру шыға бастаған болатын.

Мало-Красноярка деревнясы жанындағы неолиттік қоныс жасы жағынан біраз үлкен және б.з.б. III мыңжылдықтың бірінші жартысында орнаған. Атап айтқанда, қыш ыдысының өзгеше сипаты, сағасы дөңгелек және тік келген жебе ұштарының неғұрлым ертедегі түрлері, тас пышақтардың ежелгі бітімі осыны көрсетеді. Қоныстан 200-ден аса тас бұйымдар (тас тіліктер, қырғыштар, жебелердің ұштары, тескіштер, өзектастар, пышақтар) және саз балшық ыдыстардың сынықтары жиналды.

Семей жанында, Ертістің құмайт алаңқайындағы кездейсоқ жинауда көптеген әр түрлі тас құралдар, қыш ыдыстар сынықтары шықты. Неолит заманына жататын олжалар Семей облысы (Шығыс Қазақстан) Белокаменка ауылынан 2-2,5 км жердегі адамдар тастап кеткен Сатшықыз ауылы маңындағы Қызылсу өзенінің оң жағалауындағы екінші сөреден шыққан. Бұл жерде сөрені шақпақты сланецтер мен кварцтар жыныстары кесіп өтеді. Тұрақ биігірек телімде, кішігірім бұлақ үстінде орналасқан. Жанынан, өзен арнасымен қатар терең жыра өтеді, оның түбінен бүйір шеті түзетілген үшкіл тас тілігі мен қара-шақпақты жыныстан алынған тас жаңқа табылды. Тас

бұйымдары (олардың саны 100-ден асады) жер бетінен терілген. Заттардың таралған алаңы 900 шаршы метрді құрайды. Екі жерден түсірілген тікқазба (шурф) мынадай стратиграфияны анықтады: қалыңдығы 0,05 м шым, ұсақ тастар аралас сұр-сары құмдақ, ұсақ қойтастар мен ірі түйіршікті құмды малта тас. Көтеріліп алынған материал коллекциясын өзектастар, садақ ұштары, қырғыштар, пышақ тәрізді тас тіліктері, шағын тас тақталары мен өндіріс қалдықтары құрайды. Өзектастар призма бітімді, аморфты, көлемі кішігірім келген. Жұмыс шеті доғал келген, тас тіліктерінен жасалған шетті қырғыштар басым. Кейбіреулерінің бүйір жағы түзетілген. Жоғарғы тұрпатты қырғыштар да бар.

Жебе ұштары екі жағынан өңделген, онша үлкен емес. Жебе ұштарының дайындамалары да ұшырасады. Кейбір бұйымдар көлемі аса үлкен емес, екі немесе бір жағынан өңделген жүзі моқал тас тіліктеріне негізделген. Бұйымдар материалы, негізінен, яшма, халцедон, опал.

Солтүстік Қазақстандағы тұрақтар мен жерлеу орындары. Солтүстік Қазақстанның көптеген тұрақтарының ішіндегі ең назар аударатындары Ертістің Павлодар өңіріндегі көлдік типтегі тұрақтар.

Табылған заттардың ең ертедегі кешені Пеньки-1 тұрағынан шықты. Мұнда пышақ тәрізді тас тіліктері көп, олардан әр қилы қырғыштар, бұрғылар, жонғыштар, құрама құралдардың қыстырмалары, пышақтар, жебелердің ұштары жасалатын болған. Жебе ұштарының негізгі түрлері: үш бұрышты, сағасында ойығы бар немесе ойығы жоқ, көлемі кішкене, ішінара немесе екі жағынан түзетіліп өңделген. Қыстырмалардың ішінде геометриялық түрдегі, трапеция бітімді бұйымдар ерекше көзге түседі. Ондай трапециялар Батыс және Оңтүстік Қазақстанның, Оңтүстік-батыс Қарақұмның тұрақтарында табылған. Әдетте мұндай заттар мезолиттік немесе ерте неолиттік кешендерге тән.

Тұрақтағы қыш ыдыстардың бүйірі тікше, түбі дөңгелек немесе сүйірболып келген. Олар құм қосылған саз балшықтан жасалған. Ыдыстардың бүкіл сыртына айқын өрнектер салынған; оларда аралары шұңқырша ойықтармен бөлінген кезектесіп келген тура сызықтар, бұраң немесе ирек сызықтар басым болып келеді. Пеньки-1 тұрағының ыдысы Орталық және Батыс Қазақстанның ыдысынан мүлдем өзгеше, бірақ Орал және Батыс Сібір ескерткіштерінің, бәрінен бұрын Есіл мен Орта Ертіс аңғарларынан шыққан ескерткіштердің қыш ыдыстарына жақын. Материалдарды салыстыра талдау Солтүстік Қазақстандағы неолиттік кешендердің мынадай маңызды ерекшелігін айқындауға мүмкіндік берді: егер шақпақ сайман оңтүстік аудандардың материалдарына ұқсас болса, балшық ыдыстың бітімі мен өрнегі Батыс Сібір ескерткіштеріндегі ыдыспен бірдей екендігін аңғартады.

Пеньки-1 тұрағында жердің үстіндегі тік бұрышты баспаналар ашылды. Сірә, үйдің қамыспен жабылған ағаш қаңқасы болса керек. Үйлер қоныс-мекеннің шетіне айнала орналасқан; ортада бір қатар болып тізілген ашық жер ошақтары бар алаң болған. Оларда жазғы уақытта тамақ дайындалған.

Үйдің ішінде үш жер ошақ болды (бірі ортада, басқа екеуі екі жақта); мұның өзі үйде екі отбасы тұрған деп топшылауға мүмкіндік береді.

Қазақстан аумағында әзірге бірнеше неолиттік жерлеу орны ашылды, олар негізінен Солтүстік Қазақстанда. Жер бетінде жерлеу орнының ешқандай сыртқы белгісі жоқ. Барлық молалардан сүйектермен бірге жебелердің ұштары шықты; мұның өзі біздің арғы бабаларымыздың аң аулау кәсібімен одан әрі шұғылданғанын ғана емес, сонымен қатар олардың жиі-жиі соғыс жанжалына қатысқанын да көрсетеді. Молаларда қыш ыдыстар өте аз, ал кейбіреулерінде мүлде жоқ.

Неолит дәуіріндегі жерлеу ғұрпы туралы Железинка ауылы (Пеньки тұрағынан 100 км жерде) жанындағы молаға қарап неғұрлым толық пікірге келуге болады. Мола, сірә, рулық ұйымдағы ерекше дәрежеге ие болған әйелдікі болса керек. Сәндік заттардың, еңбек құралдарының көптігі, оның үстіне жерлеудің күнге табынуға байланысты ерекше ғұрпы осыны көрсетеді. Ондай әдет бойынша өлік кремацияланатын болған. Бұл жолы өлік толық өртелмеген; бұдан кейін денесінің қалдығы өлген адамның заттарымен бірге молаға көмілген; ол заттардың ішінде бас киімге тағылған, шеті ұсақ кертпешелермен сәнделген, орақ тәрізді сүйек қаптырма, жыртқыш аңдардың тістері, қауашақтан жасалған ірі моншақтар тізілген алқа бар. Мейлінше сәнделген киіммен бірге молаға еңбек құралдары (шот, сүйек біз), аңшылық құралдары (найзалардың, жебелердің тастан және сүйектен жасалған ұштары) және саз балшықтан жасалған, құты тәріздес, түбі домалақ, кішкене үш ыдыс салыныпты. Сол жерден құланның екі топайы табылды; бұлар қызыл жосамен боялған, бұл түс, ежелгі адамдардың ұғымынша, өртеу, отқа табыну рәсімін білдірген.

Академик Ә.Х.Марғұлан Жезқазған маңынан бірнеше неолиттік молаларды қазып, қызықты материалдар алған. Бұл жердегі Шом тауларынан қазылған аса терең емес қабірлерден еңбек құралдары, кентастар шыққан.

Қазақстанда мезолит пен неолит дәуірі кейбір өңірлерде жеткілікті дәрежеде зерттелмегеніне қарамастан, өзіне тән көптеген белгілері қазірдің өзінде-ақ мәлім. Ол дәуір дала аңшыларының мәдениеті дамыған уақыт еді; бұл аңшылар көшіп-қонып жүрді және қолайлы табиғат жағдайында өзендер мен көлдердің жағасында балық аулаумен де шұғылданды.

Аңшылар мен балықшылар дүниесі шеңберінде болған тығыз мәдени-шаруашылық байланыстар археологиялық материалдардан айқын көрінеді. Мұндай байланыстарды Орта Азияның солтүстік аймақтарын мекендеген келтеминар мәдениетінің немесе келтеминар мәдени қауымдастығының тайпалары жөнінде неғұрлым анық аңғаруға болады. Ол байланыстар бәрінен де гөрі Оңтүстік Қазақстанның және әсіресе Батыс Қазақстанның тайпаларында анық көрінді. Ежелгі байланыстар тізбегі сонау алыс солтүстік пен солтүстік-батыстағы Орал өңірі мен Батыс Сібірге жетіп жатыр. Солтүстік және Шығыс Қазақстан тайпаларының мәдениеті Орта Азия халқының мәдениетіне ұқсас белгілерін аңғарта отырып, сонымен бірге жаңа тас дәуіріндегі Алтай мен Байкал өңірі тайпаларына неғұрлым жақын болды. Сонымен, Қазақстанның неолиттік тайпалары мәдени дәстүрлерінің

ерекшелігі мен өзгешелігін сақтай отырып, көршілес аймақтар мен аудандардың тайпаларымен тығыз байланыста дамыды.

Қазақстан жерінде неолит заманында бірнеше археологиялық мәдениеттер болғандығын соңғы жылдары атқарылған далалық ізденістер нақты көрсетіп отыр. Археологиялық мәдениеттер туралы (хронологиясы, аумағы, жеке белгілері, ерекшеліктері, ескерткіштерінің жай-күйі, т.б.) ғалымдар арасында пікір-таластар тоқтай қоймағанымен, біз жекелеген кейбір мәдениеттерге қысқаша шолу кеткенді жөн санадық.

Ойықты мәдениеті. Соңғы жылдары Қазақстанның батыс өңірлеріндегі ойықты және төлес мәдениеттері жайлы кеңінен сөз қозғап жүрген археолог Е.А.Астафьевтің ойынша, екі мәдениеттің ұқсастықтары көп. Бұларды шақпақ тас индустриясын жарықшақтайтын тас тілікті техника біріктіреді, құралдардың басым бөлігі тас тіліктеріне негізделінеді, тас тілік дайындамалары орташа және ірі болып келеді, көбіне жүзін дөңестендіре түзету қолданылады, екінші қайтара өңделген құралдар көбірек ұшырасады.

Сайып келгенде, Каспий өңірі ертеден-ақ мәдени үрдістердің ошағына айналған. Бұл ретте әсіресе тұрғындары Каспий жағалауын мекендеген Маңғыстау ауданы мамандардың едәуір қызығушылығын танытады. Бір айта кететін жайт, мұндағы балықшылық үнемі көшіп-қонуды аса қажет еткен жоқ. Тұрақтар үшін жағалаудағы қолайлы жерлер таңдап алынды. Аңшылық қосалқы сипат иемденді. Бір жерде тұрақтап тұру балықшыларға ұзақ уақыт пайдалануға арналған баспаналар тұрғызуға алып келді. Жағалаудағы халықтың бір орында жиі отыруы ондағы мәдени дәстүрлердің сақталып қалуына жағдай туғызды.

Бұл фактілерді Ақтау қаласы маңынан 1984 жылы табылған Қосқұдық-1 тұрағының материалдары нақты айғақтай түседі. Тұрақ теңіздің қазіргі жағалауынан 1 км қашықтықта жатқан жоғарғы теңіз террасасында орналасқан. Тұрақтың сақталған 35 см мәдени қабатынан іргесі тастан қаланған каркасты-бағаналы типтегі үлкен құрылыс орны анықталған. Құрылыс српақша келген. Оның ауданы 16x14 м. Қабырғалары жергілікті тас-эктастардан қаланған. Мәдени қабатынан шақпақ тастан және тастардан жасалған бұйымдар, жапсырылған қыш ыдыстар сынықтары, теңіз ұлутастары мен олардан жасалған әшекейлер сынықтары аршып алынған.

Қосқұдық-1 тұрағының тас индустриясы көп ретте ойықты мәдениетінің дәстүрін сақтап қалған. Оның соңғы кезеңімен тұспа-тұс келеді. Онда асимметриялы трапециялар мен үшбұрыштар, орталы және түзетілген кескіштер, шетті қырғыштардың үлкен сериясы, шеті шабылған қырғыштар, «шағын кескіштер», аздап түзетуден кейін шеті сынған тас жаңқалары мен тас тіліктері кездеседі. Бұйымдардың жаңа түрлері де пайда бола бастайды. Олар қашау тәрізді құралдар, ұсақ сегменттер мен көптеген шағын бұрғылардан тұрады.

Қабыршақ-ұлутастардан жасалған моншақтар мен олардың дайындамасы қосқұдықтардың бұрғылау ісін жетік меңгергендігін айғақтайды. Олар жіп тоқуды да меңгерген. Мұны табылған ұршықбас тастардың сынықтары нақты аңғартады. Шаруашылығын сонымен қатар

жебе ұштары, әктастан жасалған атқыш-тастар мен ауды суға батырып тұратын тас-батырғы да нақты айғақтайды.

Қосқұдық тұрағынан алынған қыш ыдыстарының бір бөлігі ойықты дәстүріндегі ою-өрнек техникасы мен төменгі-еділ неолитінің композициясын сақтап қалған. Сондай-ақ жаңа типтегі ыдыс сынықтары да ерекше көз тартады. Ыдыстардың ернеулері ірілеу келеді, олардың көбінде тарақты ою-өрнегі бар және қыш ыдыс жасалынған саз балшық құрамында қабыршақ-ұлутас бөлшектері кездеседі. Мұндай қыш ыдыстары әдетте Еділ бойы мен Солтүстік Каспий маңындағы хвалын мәдениетінің материалдарынан ғана кездеседі. Бұл мәдениеттің ескерткіштері де Маңғыстаудан табылған. Олар шебір типіне жатқызылған. Бұлармен маңғыстаулық тайпалардың тарихындағы жаңа кезең, яғни энеолитке өту өте тығыз байланысты. Хвалын қыш ыдыстарының негізінде Қосқұдық-1 тұрағы б.з.б. V мыңжылдық соңы мен б.з.б. IV мыңжылдық алғашқы жартысына жатқызылған.

Ежелгі қосқұдықтықтардың наным-сенімдері мен жерлеу ғұрпын бірнеше олжалардан көруге болады. Баспана маңынан егде жастағы ер адамның жерлеу орны аршылған. Сол қырымен жатқызылған ол дөңгелектеу келген шұңқырға жерленген. Қасына жерлеу саймандары қойылмаған. Моланың үйіндісінен шақпақ тастан жасалған бұйымдар алынған. Тұрақ жанынан су жиналатын шұңқырлар, ұзындығы 5 м жыланның бедері, т.б. заттар қосқұдықтықтардың су стихиясына табынғандығын білдіреді.

2006 жылдан бері аталған аталған ескерткіш төңірегіндегі Қосқұдық-2 қонысы да зерттеліп келеді. Қазба барысында 232 шаршы м алаңқай аршылып, одан баспана, шаруашылық орындары анықталған. Мамандардың алдын-ала есептеуінше қоныстың ауданы 1500 шаршы м-ді құрайды. Аршылған мәдени қабаттан және қоныс аумағынан 5 мыңнан астам шақпақ тас бұйымдары (тас жаңқа, призма пішінді өзектас, қабырғалы тас тіліктері, кескіштер, қырғыштар, т.б.) жинастырылған. Табылған жебе ұштары (4 дана) келтеминарлық сипатта. Қыш ыдыстарының 940 сынығы жинастырылған. Олардың 134-нде ою-өрнегі бар. Мамандар қыш ыдыстарын 9 типке бөлген. Баспана ішінен және жанынан түрлі бұйымдармен қатар әктастан жасалған антропоморфты мүсін немесе ауды батырып тұратын тас-батырғыш (115x80x170 мм), «үтікше» (139x78x34 мм), «таяқша» (ұзындығы 61 мм), тастан жасалған заттар, ұлутас-қабыршақтар, т.б. аршып алынған. Табылған заттар мен мәдени қабатқа қарағанда Қосқұдық-2 қонысын адамдар ұзақ уақыт мекендеген. Оны жер бетіне салынған үлкен баспана орны да нақтылайды. Шақпақ тастан жасалған бұйымдар жиынтығы Қосқұдық-1 ескерткішімен үндеседі. Олар ойықты мәдениетінің кейінгі кезеңіне жатады. Қосқұдық-2 қонысының қыш ыдыстарында хвалын мәдениетінің дәстүрі басым, ал қыстырмалар мен тас тіліктерінен дайындалған жебе ұштары келтеминар мәдениетіне өте жақын. Қосқұдық-2 қонысында бірнеше мәдениеттердің бөлшектері тоғысып, мұнда өзіндік бірегей мәдени тип қалыптасқан. Алынған материалдарына қарағанда Қосқұдық-2 қонысы б.з.б. IV мыңжылдық соңына жатады.

Төлес мәдениеті. Қазақстанның батыс өңірінде таралған тағы бір археологиялық мәдениеттің бірі – төлес мәдениеті. Ойықты мәдениетінен төлес мәдениетінің тас индустриясының айырмашылығы сол, соңғы аталған мәдениетке тән құралдар мен дайындамалардың көлемі кішірек болып келеді, кей жағдайда кескіш опырынды дәстүрі жоғала бастайды, «шағын кескіштер», «мүйізді» және асимметриялық трапециялар, екі жағы өңделген жебе ұштары кездесе қоймайды. Бұл археологиялық мәдениеттің де негізгі ескерткіштерінің бірқатары Солтүстік-Шығыс Каспий маңы мен Маңғыстау жерінен зерттелінген. Олардың арасындағы ең негізгісі Ақтау-1 қонысы. Аталған ескерткішті зерттеу барысына баспана аршылып, одан неолит заманындағы көптеген бұйымдар жинастырылған.

Маңғыстаудағы Сауысқан құмдарынан да шартты түрде Үштаған-1 деп аталған тұрақтан төлес мәдениетіне келіңкірейтін көптеген заттар жинастырылған. Бұл тұрақтан 527 дана шақпақ тастан бұйымдары, 500-дей қыш ыдыстар сынықтары, ұлутас-қабыршақтар жиыстырылған.

Туесу құмдарындағы Сенек ауылы маңынан оншақты тұрақтар ашылған. Ескерткіштердің бір бөлігі тақырлар маңынан табылса, келесі тобы шағын қазаншұңқырлар жанынан анықталған. Әсіресе Сенек-10 тұрағынан біршама қомақты материал жиыстырылған. Археологиялық зерттеулер барысында тұрақтан шақпақ тастан жасалған 391 дана бұйым, 30 шақты қыш ыдыстар сынықтары, ұлутас-қабыршақтар алынған. Екінші қайтар өңделген құралдар жиынтығы 23 дана затты құрайды.

Сондай-ақ Сағыз өзені алабындағы Бекбеке-1, 3-4 тұрақтарының материалдары (тас индустриясы, қыш ыдыстары) да соңғы мәліметтер бойынша төлес мәдениетіне жатады.

Жалпы алғанда, төлес мәдениетінің Каспий маңындағы неолиттегі орнына келер болсақ, ол ойықты мәдениеттің соңғы кезеңіндегі нұсқасы іспеттес. Оның дамуына географиялық орта тікелей әсерін тигізген. Мәдениетті қалдырушылар маусымдық мезгілде көшіп-қонып жүруі де мүмкін сияқты. Өйткені төлес мәдениетінің кейбір ескерткіштері теңізден алыста жатқан аймақтардан да табылып отыр.

Төлес тұрақтарының жас мөлшерін анықтау күрделі мәселелерің бірі. Табылған келтеминарлық типтегі жебе ұштарына сүйенер болсақ, ол б.з.б. V мыңжылдық екінші жартысы мен б.з.б. III мыңжылдықты қамтиды. Төлестік қыш ыдыстарының бір бөлігі Тентексор тұрағына (C¹⁴ әдісі бойынша б.з.б. 5600 жылдар шамасы), ал «шырша» тәрізді ою-өрнектілері келтеминар мәдениетінің жанбас кезеңіне жақын келеді.

Атбасар мәдениеті. Өз атауын тұрақтары мейлінше шоғырланған Ақмола облысы Атбасар ауданынан алады. Оның таралу аймағы: далалы аймақтардағы (Есіл даласы) Есіл өзенінің алабы мен қазақ ұсақ шоқыларының солтүстіке-батыс бөлігі. Мәдениеттің қалыптасуы б.з.б. VII мыңжылдық соңы мен б.з.б. VI мыңжылдық бас кезіндегі жергілікті мезолиттік тайпалардың материалдық базасының негізінде өтті, оған Арал өңірі немесе Каспий теңізінің шығыс өңіріндегі халықтардың келуі де (келтеминар және ойықты мәдениеттері) өзіндік әсерін тигізсе керек. 200-дей

тұрақтары зерттелген, олардың 20 шақтысында қазба жұмыстары жүргізілген. Бұл кезеңнің аса көрнекті ескерткіштері: Виноградовка-2 (жоғарғы қабаты), Тельман-1, 10, Явленка селосы маңындағы тұрақтар, Карлуги, Боголюбово, Виноградовка-10, 14, Жабай-Покровка-3. Әдетте, атбасар мәдениетінің барлық тұрақтары Солтүстік Қазақстанның Есіл және Шағалалы секілді су артерияларының көне арналарында орналасқан. Сақталған іздеріне қарағанда жеңіл баспаналары жер бетінде орналасқан. Баспаналар шалаш секілді, жоспары дөңгелек және төрт бұрышты, ал ауданы 25 шаршы метрден астам болып келді. Атбасар тұрғындарының жиі қозғалып отырғандығын ескерткіштер топографиясы, индустриялар сипаты, мәдени қабаттарының аса қалың еместігі, шаруашылық сипаты да аңғартады.

Еңбек құралдарының жиынтығы бірегейлігімен көзге түседі. Ол тас тілікті дайындама (заготовка) мен құралдардан, екі жағы өңделген тас жаңқаларынан тұрады. Соңғыларының арасында жебе ұштары көп кездеседі. Осы кездері ірі қырғыштар мен пышақтар, жебе омырғыштары (отбойники) пайда бола бастайды. Айтылғандардың соңғы екі түрі шақпақ тасты екінші рет қайтара өңдеу кеңінен орын алғандығын да сипаттайды. Шақпақ тастары бар орындарда арнайы шеберханалар болды, олардан алынған шикізат көздірі алғашқы жаңқалаудан өтті. Тельман-1 тұрағында өзектастарды одан ары өңдеу жүзеге асырылған: мұнда тас тілік пен тас жаңқа түріндегі дайындамалар алынды да, олардан қыстырғыш (қыстырма) еңбек құралдыры жасалынды.

Сыйымдылығы 1-5 л қыш ыдыстарының пішіні жартылай жұмыртқа тәріздес болды. Оның қабырғалары тарақты ою-өрнектермен әшекейленді. Бірақ қыш ыдыстарының қалдықтары мен сынықтары аса көп көлемде емес.

Остеологиялық қалдықтар да айтарлықтай көп емес. Кейінгі уақыттарға жататын тұрақтарда, кейде орта неолитте жылқының, ірі қараның сүйектері ұшырасады. Сүйек қалдықтарының аса көп еместігі және сирек ұшырасуы оларды тұз тағыларына немесе үй малдарына жатқызуға мүмкіндік бере қоймайды. Бірақ фауна өкілдерінің осы жиынтығы б.з.б. III мыңжылдық бас кезінде Солтүстік Қазақстанда өнім өндіру қалыптаса бастағандығы жайлы сөз қозғауға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта біз бұл мәдениетке жататын әлі бірде-бір жерлеу ескерткішін білмейміз. Бірақ кейбір тұрақтардың (Виноградовка, Тельман, т.б.) шет жағынан тереңдігі 1 м, диаметрі 1,5 м-ге дейін шұңқырлар аршылған. Олардың түбінде қатып-семіп қалған от қалдықтары шыққан. Қола дәуірінде бұл өңірден кремация ғұрпы бойынша жерлеу орын алғандығын ескерсек, онда бұл жосын-жоралғының бастау осы кездері қалыптаса бастағандығын аңғарамыз.

Маханжар мәдениеті. Бізге белгілі бұл мәдениетке жататын ескерткіштердің басым бөлігі Торғай ойпатында орналасқан. Олардың арасындағы Маханжар, Соленое озеро-2, Дүзбай-1-4, 12, Сор-2, Бестамақ, Амангелді секілді тұрақтарда ғана мәдени қабат сақталған әрі жақсы зерттелінген. Тобыл өңірінен әзірге Алқау-2 тұрағы ғана белгілі болып отыр.

Ескерткіштер топографиясының сипаты: көпшілігі бірден тарылып кететін жайылмадағы кең телімде орналасқан. Кең жайылмадағы суда құстар көп болған сияқты. Ежелгі маханжарлықтар оларды да аулап күнелтсе керек.

Бүгінгі күнгі белгілі ескерткіштердің барлығындағы мәдени қабат құмнан немесе құмдасын қыртастан тұрады және ол белгілі бір дәрежеде ыдыраған. Тек Дүзбай-1 ескерткішінен ғана құрылыс қалдықтарын анықтаудың сәті түскен. Оған қарағанда, мұндағы неолиттік тұрғындар жерге жарты метрдей кіріп тұрған жартылай жертөлелерді мекендеген.

Маханжар мәдениетінің қолдан жасалған қыш ыдыстары жұқа қабырғалы болып келді және ұзынша пропорцияда болды. Мойын тұсы әдетте тарыла түсті де түбі конус тәрізді болып келді, кейде тиекпен аяқталды. Ою-өрнек әлі кеппеген қабырғаларына тісті («таракты») штамппен түсірілді. Композициясы көлденең және тік ирек сызықтардан, параллель басылулардан (басудан) және басқа да бөлшектерден (элементтерден) тұрды, тіпті кейде қыш ыдыстың сырты түгелдей әшекейленді.

Еңбек құралдарын дайындауда Тобыл өзені бойындағы тұрғындар тас тілік қыстырма (қыстырғыш) техникасын кеңінен пайдаланды. Әдетте олар тұрақтардан алынған барлық олжалардың жартысына жуығын қамтиды. Бұл кездері жергілікті шикізат көздерін пайдалану кеңінен тарай бастайды. Сонда да болса мезолитте белгілі болған екінші рет қайтара өңдеу тәсілдері, соның ішінде трапеция пішінді геометриялық қыстырғыштар дайындау сақталып қалды. Құралдың шетін түзету әдісімен және опырындыны кесумен қатар жалтырата тегістеу әдісі де қолданылғандығы анықталған. Сонымен қатар, ортасы тесік ұршықбас сынығы да табылған. Мұның өзі бұрғылау әдісінің де орын алғандығын және жіп иіру шыққандығын көрсетеді. Тас тіліктерден жасалған бұрғылар Дүзбай-2, Бестамақ-7 тұрақтарынан да белгілі. Маханжар мәдениетінде жебе ұштарының болмауы да едәуір қызығушылық туғызады. Сірә, олардың орнына бірнеше қыстырғыштан тұратын күрделі конструкция қолданылған сияқты.

Сөйтіп, неолит дәуірі мал шаруашылығы мен егіншіліктің, яғни өнім өндіру шаруашылығының қалыптаса бастауымен сипатталынады. Мұны кейбір мамандар (Г.Чайлд) «неолиттік төңкеріс» деп те атайды.

III-тарау

ПАЛЕОМЕТАЛЛ ДӘУІРІ

Энеолит

Көптеген тарихи-мәдени аймақтарда б.з.б. IV мыңжылдықта заттай мәдениетте түбегейлі өзгерістер басталғандығы мәлім. Бұл кездері адам баласы металл бұйымдар жасауды үйрене бастайды. Сондықтан да әлемдік тарихнамада палеометалл дәуірі ерекше маңызға ие, ал оған көпшілік мамандар энеолит пен қола дәуірлерін жатқызып келеді. Жаңадан пайда болған металл өз кезегінде тастан жасалған еңбек құралдарын түгелдей ығыстырып шығара қоймады. Энеолитте мыс бұйымдар кең тарала қойған жоқ. Оның жұмсақтығы, мыс өндірудің күрделілігі бұрынғыдай тасты кеңінен пайдалана беруге алып келді. Тас бұйымдарды жасаудың біршама қарапайымдылығы әрі шикізат көздерінің барлық өңірлердегі молдығы қола дәуірінде де олардың кеңінен пайдаланылуына алып келген болатын. Қазақстан жеріндегі энеолит дәуірі шамамен б.з.б. III-II мыңжылдықтарды қамтиды. Оның республика аумағындағы хронологиялық шегі әрбір мәдени-тарихи өңірлердегі тарихи дамумен тығыз байланысты. Шамамен мың жылдай уақытқа созылған бұл өтпелі кезең адамзат тарихында маңызды рөл атқарды, адам баласы өз дамуында жаңа сатыға көшті.

Энеолит дәуірі басталмас бұрын табиғатта кездесетін құрамында түрлі металы бар кентастар неолиттік адамдарды ерекше қызықтырғандығын айта кету керек. Кентастар неолиттік адамдардың сенімінше магиялық күшке ие болған, оны құдіреті күшті тылсым дүние туындысы деп есептеген. Мұны Ә.Х.Марғұлан зерттеген Орталық Қазақстандағы Шом тауларындағы неолиттік жерлеу орындарынан көруге болады. Бұл жердегі обаларға мәйітпен бірге кентастар қоса жерленген. Кентастардың не себепті түрлі түсті екендігін немесе күнмен шағылысқанда түсі құбылып тұратындығын түсінбеген неолит дәуірінің тұрғындары, олардың әйтеуір бір ерекше бір қасиеті бар екендігіне сенген. Кейіннен олар бірте-бірте кентастардың мәнін түсініп, оны игеруге көшсе керек. Бірақ ғылымда металл игерудің ең алғашқы қолданылған әдісі қайсы екендігі (суық немесе ыстық) жайлы ғылымдар арасында пікір-сайыстар тоқтамай келеді. Дегенмен көпшілігі бастапқыда табиғи кесек (самородок) металл пайдаланылған деп есептейді. Одан алғашқыда механикалық өңдеу арқылы пышақ, бігіз, ине, қармақ ұшын және басқа да бұйымдарды жасады.

Сонымен қатар барлық мамандар адам баласы ең алғашқы игерген металл «мыс» екендігімен келіседі.

Тағы да бір айта кететін жайт, энеолит (мысты тас) дәуірі адамзаттың мысты ашуымен ғана сипатталынып қана қоймайды, сонымен қатар қоғамдық өмірдегі бірқатар өзгерістермен де сипатталынады. Олардың ішінде алғашқы еңбек бөлінісі, жекелеген өңірлерде шаруашылық түрлеріне көше бастау, кейбір бұйымдар мен әшекейлердің шығуы мен жетілдірілуін де атап кетуге болады. Мысты алу оңайға түскен жоқ. Ол аса қымбат

дүниелердің бірі болған еді. Сондықтан да көптеген энеолиттік тұрақтарда мыстан жасалған бұйымдар некен-саяқ қана ұшырасқанымен, бұл тарихи-мәдени кезеңнің негізгі сипатын көрсетуге едәуір мүмкіндік береді.

Энеолит кезеңінде Еуразия аймақтарында егіншілік пен мал шаруашылығы қарқынды түрде дами бастағандығын, ондағы түрлі археологиялық мәдениетті қалдырған тайпалардың ертеден келе жатқан өзіндік мәдени дамуды бастан кешіргендігін далалық зерттеулер нақты көрсетіп отыр. Әсіресе Қазақстан энеолиті басқа өңірлерге қарағанда мүлдем өзгеше еді. Мұндағы табиғи-экологиялық орта мен оны адам баласының игеруі нәтижесінде мал шаруашылығына өту біртіндеп қалыптаса бастайды. Бұл кезде тас құралдарын пайдалану одан сайын жетіле түсті, тіпті ол жоғарғы деңгейге жетті. Адамзат тас өңдеудің соңғы жетістіктеріне осы кездері қол жеткізді де, өнім түрлерін кеңейте түсті. Дегенмен, бұл уақыттарда тілікшелі-қыстырма индустриясы өз мәнін біршама жоғалта бастады. Есесіне жебе ұштары асқан шеберлікпен жасалынғандығы байқалады. Энеолит дәуірінде климат біршама ылғалды болды. Мұның өзі ірі сүт қоректілерді көптеп өсіруге деген мүмкіндікті арттырды. Айта кету керек, бірқатар өңірлерде тіршілік еткен топтар (ру-тайпалар) белгілі бір шаруашылық түріне бейімделіп қана қоймады, сонымен бірге көптеген қосалқы шаруашылық түрлерімен (аңшылық, балықшылық, т.б.) де айналысты. Өйткені, демографиялық ахуал өнімге деген сұранысты күн өткен сайын арттырып отырды. Осыған орай Қазақстан далаларында жылқы өсіру кең етек жайды. Түбі жалпақ, ою-өрнегі мол қыш ыдыстар жасалынды, табиғатқа бейімделген баспаналар соғылды. Қыш ыдыстарындағы ою-өрнектер мен жартасқа түсірілген шимай суреттер энеолит заманындағы тұрғындардың дүниетанымы біршама күрделене түскендігін де аңғартады. Энеолит дәуіріндегі түрлі жартас суреттеріне қоңыр-қызыл жосамен бедерленген символдық белгілер, антропоморфты бейнелер тән болып келеді. Мұндай суреттер Ертіс алабындағы Смолянка, Бұқтарма өзендері бойынан, Манат және Жантас ауылдары маңынан, Монастырь көлдері қасынан, Өскемен қаласының төңірегінен табылған. Жасыбай көлі (Баянауыл ауданы) маңындағы үңгірлер мен жартас қуыстарынан да жан-жануарлар мен антропоморфты жан иелерінің суреттері XX ғасыр 30-жылдарынан бастап кеңінен белгілі. Осындағы бедерлерге ұқсас жартас суреттері Оңтүстік Қазақстан (Сусінген, Тесіктас, т.б.) мен Жетісу жерінен (Қапал-Арасан жаны) де анықталған. Әсіресе Шығыс Қазақстандағы Ұлан ауданындағы Ақбауыр үңгіріндегі 80-нен астам жануарлар суреттері мен символдық белгілердің мәні зор. Онда кейбір зерттеушілердің ойынша, аспан әлемі жайлы түсініктер де орын алған.

Өткен ғасырдың екінші жартысында зерттелінген кейбір ескерткіштер материалдары энеолит дәуіріндегі шаруашылық қаракеттерді толымды түрде сипаттайды (Л.Чалая). Солардың бірі Пеньки-2 тұрағы. Ескерткіштен алынған тас құрал-саймандар Пеньки-1 неолит тұрағында қолданылған тас өңдеу техникасындағы дәстүрлермен сабақтастықта дамығандығын көрсетеді. Сонымен қатар ол уақыты жағынан едәуір кейін шыққан:

құралдардың тұрпаттарының өзі өзгерген, тас тіліктерінің пайыздық мөлшері ғана емес, олардан жасалған бұйымдардың пайыздық мөлшері де азайды. Құралдар көбінесе әмбебап сипатта болып келеді, оларды өңдеудегі мұқияттық та төмендеген. Жебелердің ұштары неғұрлым сүйір болады; олардың қыры екі жағынан өңделген; сағасындағы ойықтары тереңдеу; сағасына келгенде бұл қырлар шығыңқы өткір тістер болып шығады. Қоныстан көптеген балталар мен шоттар табылды. Табылған жалпақ тас мүсін де өте қызық; онда аузын ашып тұрған бұланның басы мен мойны бейнеленген; көзі ойылған шұңқырша тәрізді, құлағы жымпитылып жасалған. Ол, сірә, ғұрыптық міндет атқарған болса керек.

Пеньки-2 тұрағының қыш ыдысы бірінші тұрақтың ыдысына ұқсас. Бірақ мұндағы ыдыстардың қабырғасы қалың, түбі жайпақ. Өрнек те өзгерген. Ыдыстар тарак тәрізді қалыппен түсірілген үш бұрыштар мен шұңқыршалардан тұратын күрделі композициямен сәнделген. Мұндай өрнектер қола дәуірінде андронов мәдениетінің ескерткіштерінде кеңінен тараған.

Ботай мәдениеті. Аталмыш мәдениетті (неолиттік атбасар мәдениетінде) ғылыми айналымға археология профессоры В.Ф.Зайберт енгізген. Ботай мәдениеті біршама түрде Солтүстік Қазақстан далалық энеолитін (Орал-Ертіс өзендері аралығын) толыққанды сипаттайды. Оның хронологиялық шеңбері б.з.б. III-II мыңжылдықтарды қамтиды. Әйтсе де, 2008-2009 жылдары алынған жаратылыстану ғылымдарының мағлұматтары (Англияда жасалған) Ботай қонысындағы кейбір төменгі мәдени қабаттар б.з.б. V мыңжылдыққа баратындығын дәлелдеп берді. Бұрын бұл мәдениеттің қалыптасуында атбасар және маханжар мәдениеттері елеулі рөл атқарғандығы айтылып келсе, ендігі жерде соңғы мәліметтер бойынша энеолиттік Ботай мәдениеті осындағы жергілікті неолиттен бастау алатындығы айқын болып отыр. Бірақ көршілес археологиялық мәдениеттердің де оған тигізген ықпалы зор болғандығын жоққа шығаруға болмайды.

Алғаш рет 1980 жылы ашылған Ботай қонысынан қазіргі таңда ондаған мың заттар – еңбек құралдары, қару-жарақтар, ыдыстар, әшекейлер жинастырылған. Сонымен қатар осы қоныс пен өзге ескерткіштерде (Васильковка-4, Баландино, Сергеевка, Красный Яр, т.б.) жүргізілген зерттеулер негізінде «ботай мәдениеті» 1983 жылы бөлініп көрсетілді. Негізгі ескерткіші – Ботай қонысы. Далалық ізденістер барысында одан бірнеше баспана орындары аршылған. Баспаналардан қырғыштар, пышақтар, қыш ыдыстары, жебе мен найза ұштары, сүйектен жасалған бұйымдар көптеп табылған. Қоныстың шаруашылық бөлігінен сан алуан заттар жиынтығы аршылып алынған. Әсіресе хайуанаттар сүйектері мен олардан жасалған бұйымдар көп ұшырасады. Адам қолымен жасалған заттардың (артефактілердің) арасындағы ең көбі шақпақ тастан жасалған бұйымдар болып табылады. Қоныстан табылған сүйектердің басым бөлігі – жылқы сүйектері. Зубр, бұлан, елік, тур-өгіз, аю, қасқыр, түлкі, күзен, ит, түйе, қарсақ, қабан, т.б. тұз тағылары мен құстардың сүйектері аздап болса да кездеседі. Ботай қонысынан алынған көптеген артефактілерге жасалған

типологиялық-трассологиялық талдау оның тұрғындары көп салалы кешенді шаруашылық жүргізгендігін, қоныс тұрғындары негізінен жылқы өсірумен айналысқандығын дәлелдейді. Гарпун секілді құралдардың табылуы мұнда балықшылық та дамығандығын көрсетеді. Баспана тұрғызу үшін пайдаланылған құрал-саймандар (балта, қашау, жонғы, кескіш, т.б.), қосымша құрал-саймандар (балға, кескіш, ұршық, болас, т.б.) да жеткілікті дәрежеде табылған. Қоныстан алынған сүйек сулықтар, айылбастар, ветеринарлық мақсатта пайдаланылған тескіштер, сонымен қатар өзге де сан мыңдаған еңбек құралдары ежелгі ботайлықтардың өнім өндіруге толық көшкендігін аңғартады. Ботай қонысының өзінен ғана қыш ыдыстарының 10 мыңнан астам сынықтары жиысырылған. Сақталу дәрежесі жақсырақ сынықтар негізінде 60 шақты қыш ыдыстар қалпына келтірілген. Бұлар, негізінен, мойын тұсы ашық немесе қабырғалары тік қыш ыдыстар еді. Ою-өрнек ыдыстың барлық жеріне түсірілді, ернеуіне дейін және мойын тұсының ішкі жағына да түсірілген. Өрнектері тарақ, жіп және цилиндр тәрізді бірнеше штамптармен түсірілгендігі байқалады. Ежелгі ботайлықтардың үй кәсібінде сүйектен заттар жасау кеңінен қолданылды. Сонымен қатар тері илеу, тоқыма бұйымдарын дайындау, ағаш өңдеу де дамыды. Сүйектен және мүйізден жасалған бұйымдарға аралау, бұрғылау, жону және жалтырата тегістеу, т.б. әдістер кеңінен қолданылды, тіпті оларды өңдеуге мыс құралдар да қолданылғандығы аңғарылады.

Әдетте өзен жағалауында орналасқан қоныстардың ауданы бірнеше гектар жерді алып жатады. Аталған мәдениеттің жарқын ескерткіші саналатын жоғарыдағы 15 га-лық Ботай қонысынан 158 баспананың іздері анықталған. Қазба барысында бір-біріне белгілі жүйе бойынша жапсарластырыла орналасқан, сөйтіп өзіндік махалла (квартал) құраған бірнеше баспаналар тобы анықталған. Баспана салу үшін алдымен тереңдігі 1 м, ауданы 20-70 м-ге дейін баратын 4-8 бұрыш тұрпатындағы (пішіндегі) қазаншұңқыр қазылған. Шұңқырдан қазып алынған топырақ оның шетіне үйіліп, биіктігі 1 м-дей жал құраған. Осылайша тұрғызылған қабырғаға бөренелер қойылып, олар төбеге қарай күмбезделе жабылған. Күмбез пішінді төбесі ағаш бұтақтарымен және шым қабаттарымен жабылып, оның ортасынан түтін шығатын тесік қалдырылған. Кірер есігі қабырғасынан түсірілді және оған шағын дәліз жалғасты. Ішінде, орта тұсындағы шұңқырда ошақ жағылды. Ошақ пен кірер есік арасын шаруашылық аймақ алып жатты. Баспана бүйірінен, әдетте, азық-түлік сақтайтын шұңқыр қазылды.

Ал Тобыл өзені бойындағы күмдақ қабаттарда өзгеше архитектуралық ерекшелік сақталған. Сірә, мұндағы баспана қабырғалары ағаштан тұрғызылған болуы ықтимал.

Ежелгі ботайлықтардың дүниетанымы біршама күрделене түскендігін жерлеу салты мен бірқатар символдық заттар да аңғартады. Көпшілік заттар (бойтұмар, т.б.) тотемизм, ата-баба аруағына табыну секілді ғұрыптардың қоғамда орын алғандығын нақты көрсетеді. Ботайлықтар туыстастарын қоныс аумағындағы көне баспаналарда жерледі, мүрде жанындағы қабырғаға жылқының бас сүйектері де қойылды. Баспаналардың біріндегі қабырға

астынан сазбен мумияланған ер адамның бас сүйегі шыққан. Табалдырыққа итті жерлеу де жиі ұшырасады.

Қазақстан солтүстік аймақтарындағы энеолит жайын қозғаған кезде Торғай өңіріндегі *терсек мәдениеті* жайлы да айтып өтуге болады. 1946-1951 жылдары азды-кемді жинастырылған материалдар негізінде А.А.Формозов энеолиттік терсек-қарағай мәдениетін бөліп көрсету қажет екендігін айтқанымен, мұнда далалық жұмыстар ұзақ уақыт жүргізілмегендіктен, бұл мәдениеттің ғылымдағы орны нақтылана қоймады. Осында 1970 жылдардан бастап зерттеулер жүргізген В.Н.Логвин кейіннен терсек мәдениетін бөліп көрсеткенімен, оның да тарихнамадағы орны нақты көрсетілген жоқ. В.Н.Логвин, С.С.Қалиева сынды археологтар ойынша «терсек мәдениеті» өз алдына жеке мәдениет болып табылады. Ал белгілі ғалым В.Ф.Зайберт оны ботай мәдениетінің батыс нұсқасы деп есептейді. Келесі бір ғалымдар (В.С.Мосин, С.В.Захаров) екеуінің өзара ұқсастығын айта келіп, оларды «ботай-терсек» мәдениеті деп атауды ұсынады.

Қалай болғанда да, «терсек мәдениетіне» жататын Қожай-1, Құмкешу-1, Бестамақ сынды ескерткіштер материалдары өзіндік бірегейлігімен көзге түседі. Әсіресе толымды түрде зерттелінген Қожай-1 қонысының материалдары назар аударуға тұрарлық. Бұл қоныс 1983-1985 жылдары зерттелінген. 1983 жылы 360 шаршы м жер аршылып, одан алты баспана орны мен тоғыз шұңқыр анықталған. 1984 жылы төрт баспана орны мен 17 шұңқыр 492 шаршы м телімнен аршылған. 1985 жылы жалпы ауданы 372 шаршы м телімнен төрт баспана мен 40 шақты шұңқыр аршылған болатын. Қазба барысында ондаған мың шақпақ тас пен басқа жыныстардың сынықтары, өзектастар мен өзектас тәрізді сынықтар, түзетілмеген тас жаңқалары, түзетілмеген тас тіліктері, тас тіліктерінен, жаңқаларынан жасалған құралдар (пышақтар, қырғыштар, жонғыштар, үшкіртастар, т.б.) шапқылар, үтікшелер, әшекей бұйымдар (моншақ, алқа, т.б.) дәнүккіштер, дискілер, т.б. аршып алынған. Олардан басқа сүйектен жасалған сан алуан бұйымдар мен қыш ыдыстар сынықтары да көптеп табылған. Сондай-ақ қоныстан қола дәуірінің де мол материалдары кездескен. Мамандардың есептеуінше, Қожай-1 қонысы маусымдық жазғы кент болған. Мұны қоныстағы жартылай жертөле секілді баспаналар орны анықтап берген. Қоныс баспаналарының сырты жеңіл ағаштармен немесе мал терісімен жабылған және де ішіндегі ошақтардан аса қалың емес күл орны анықталған. Остеологиялық материалдардың басым бөлігі қолға үйретілген мал сүйектерінен тұрады және де мұнда қысты күні тіршілік етпейтін тұз тағыларының сүйектері де ұшырасады. Мәдени қабаттан алынған еңбек құралдарына карағанда Қожай-1 тұрғындары мал шаруашылығымен және ішінара аңшылықпен айналысқан. Қоныс тұрғындары қыста Сырдария өңірін мекендеуі мүмкін екендігін орта-азиялық қосөзен аңғарындағы мәдениеттерге ұқсас қыш ыдыстары мен мыс бұйымдарға жасалған спектральды талдау да нақты көрсетеді. Терсектік бұл «мәдениет» зерттеушілер пікірінше б.з.б. III мыңжылдықпен белгіленеді.

Маңғыстау энеолиті. Маңғыстау тарихындағы энеолит шартты түрде алынған, көп жағдайда жалпы кезеңдестіруге сай келе бермейді. Б.з.б. V мыңжылдық соңы мен б.з.б. IV мыңжылдық бас кезінде бұл аумақтың жергілікті тұрғындары көршілерімен мәдени байланысқа түскендігі анық, сірә, солтүстіктен және оңтүстік-шығыстан келген тайпалар легі өзіндік мәдени әсерін тигізген. Алғашқы лек шебір типіндегі ескерткіштерден байқалады, ол Еділ-Жайық өңірінде кеңінен таралған энеолиттік хвалын мәдениетіне жатады.

Энеолит заманының тұрақтары мен жекелеген олжалары Бозашы жартыаралынан, Маңғысаудың орталығынан және жағалауларынан көптеп ашылған. Ең көрнекті тұрақ Бозашыдағы Шебір кенті маңындағы құмдардан табылған. Бұл жерден шақпақ тастар мен қыш ыдыстар сынықтарының екі үлкен шоғыры анықталған. Шоғырлардың өте тығыз орналасуы жер бетінде сақталмаған құрылыс орнына тән шекараны да байқатса керек. Телімнің мәдени қабатын тазалаған кезде шаруашылық шұңқырлары, қызыл бояулы құммен толтырылған және 105 дана ұсақ тас жаңқалары мен тас тіліктері бар ғұрыптық мақсатқа пайдаланылған шұңқыр аршылған.

Шебір типіндегі шақпақ тас топтамасы ірі тас тіліктері мен олардан жасалған құралдарымен дараланады. Құралдар жиынтығы жергілікті неолит тұрақтарынан алынған бұйымдарға ұқсас. Бірақ тері өңдеу үрдісін анағұрлым жылдамдата түсетін бүйірлі қырғыштар көбірек ұшырасады. Қашау тәрізді құралдар, бір жүзді пышақ, иықты бұрғы пайда бола бастайды. Тұрақтардан геометриялық микролиттер ұшыраса қоймайды. Жебе ұштары табылмағанымен, оны пайдаланбауы мүмкін еместігі белгілі, себебі құрамы күрделі олжалар жеткілікті дәрежеде кездеседі. Еңбек құралдары мен қару-жарақ жасауда жергілікті шикізат көздері пайдаланылғандығы анықталған.

Қыш ыдыстары қолдан жасалды. Ыдыстарға жұмыртқа секілді дөңгелек-конус тәрізді пішін берілді. Оның шеті ірі ернеуінен тұрды. Ою-өрнектер, қабыршақтарының қабырғаларынан дайындалды. Моншақтардың шеттері мұқият түрде жалтыратылды, ал тесігі қарсы бұрғылау әдісімен түсірілді.

Шебір тұрағынан шағын металл біз табылған. Оны Хвалын қорымынан алынған металл бұйымдарға ұқсас деуге болады.

Маңғыстауға келген тұрғындардың екінші легі орта-азиялық қосөзен аңғарынан келген. Ол Маңғыстаудағы Қошқар-ата ойпатының жағалауында орналасқан ескерткіштерден байқалады және де келтеминарлық олжалармен, соның ішінде Дингильдже-6 сынды нысандармен байланыста. Тұрақтың шақпақ тас құралдары арасынан бүйірі ойық тас тілікшелі жебе ұштары, асимметриялы ойықтары бар қашаулар, сырты доғалданған және бүйір шеті негізінен, тарақ штамппен түсірілді. Қарапайым геометриялық өрнекпен ыдыстың жоғарғы және төменгі бөліктері көмкерілді. Ыдыстың іші сол тарақпен тегістелді. Саз балшыққа ұлутас-қабыршақ бөліктері де қосылды. Ыдыстар жіп тәрізді әдіспен, қабырғасы жұқа етіп жасалды және де олардың сыйымдылығы 6-7 литрге жетті.

Шебір тұрғындары өздерімен бірге жаңа әшекейлер – теңізде тіршілік ететін моллюскілерден жасалған ірі моншақтар және диаметрі 3-6 мм

цилиндр тәрізді ұсақ моншақтар алып келді. Соңғылары теңіз үшкірленген қыстырма, шеті үш бұрышты бұрғы мен шағын бұрғыларды атап кетуге болады. Бұл құралдар келтеминар мәдениетінің дамыған және кейінгі кезеңдеріне тән.

Хронологиялық тұрғыдан Маңғыстаудағы хвалын және келтеминарлық әсердегі ескерткіштер замандас. Қошқар-ата-4 тұрағының қыш ыдыстары келтеминарлық кейіпте болғанымен шебірлік ыдыстарға да тән екендігі байқалады, айырмасы – тек олардың түбі жалпақ болып келеді. Өз кезегінде бұл мәдениеттер ойықты және төлес сынды жергілікті мәдениеттермен қатар өмір сүреді, мұны шебір типіндегі қыш ыдыстары бар Қосқұдық тұрағы секілді археологиялық нысандар материалдары растап отыр.

Б.з.б. ІҮ мыңжылдықтағы тарихи үрдістерді танып-білу Шығыс Каспий аумағында орын алған өнім өндіру экономикасымен (мал шаруашылығымен) тығыз байланысты. Егер бұрын бұл өңірге таяушығыстық мәдени ошақ аудандарынан қойдың таралуына себепкер болған деген басымдық берілсе, соңғы уақыттарда бұл пікір М.И.Итина мен В.А.Алекшин тарапынан теріске шығарылуда. Олар орта-азиялық қосөзен аңғарына мал шаруашылығы солтүстік далалы аймақтардан келу мүмкіндігі мол екендігін айтып отыр. Келтеминар мәдениетінің жоғарғы шегінің хронологиялық тұрғыдан кешуілдеуі және кейіннен Орта Азиядағы өнім өндіру шаруашылығының солтүстікке қарай ауысуы (б.з.б. III-II мыңжылдықтарда) Еділ-Жайықтық хвалын тайпаларында б.з.б. V-IV мыңжылдықтарда көшпенді (жылжымалы) мал шаруашылығы біршама дамығандығын нақты көрсетеді. Осы кездері хвалындықтар Маңғыстауға да келе бастайды.

Сөйтіп, Маңғыстау түбегіндегі энеолит бас кезіндегі археологиялық кезеңдестірілу мұнда жылжымалы мал шаруашылығы қалыптаса бастағандығын аңғартады. Белсенді қимыл жасаған келімсек тайпалардың жергілікті неолиттік тұрғындарымен араласуы кейінірек Маңғыстауда қола дәуірінде жаңа мәдениеттердің қалыптасуына алып келді. Дегенмен бұл кезеңдердегі уақыт шеңбері әлі нақты емес. Оны келешектегі далалық ізденістер нақтылайтындығы белгілі.

Энеолит дәуіріне жататын ескерткіштер *Сарыарқа өңірінен* де көптеп табылған. Мұндағы ескерткіштердің көпшілігі бұлақтардың жанында, өзен жағалауларында жиі орналасқандығы байқалады. Бірнеше мәдени қабаттардан тұратын Қарағанды қаласының маңындағы, Екібастұз өңіріндегі тұрақтар материалдары энеолит мәдени қабаттарының неолиттік кезеңдегі қабаттармен тығыз байланысты екендігін аңғартады. Көбіне энеолиттік ескерткіштер неолиттік археологиялық нысандардың тасасында қалып кетіп жатады. Себебі мыстан жасалған бұйымдардың сирек ұшырасуы, зерттеушілердің көптеген энеолиттік ескерткіштерді неолитке жатқыза салуына алып келген. Әрі екі кезең ескерткіштерінің бір орында ұшырасуы нақты бөліп көрсету мүмкіндігін шектейді. Сондықтан да Орталық Қазақстан неолиті әлі де болса нақтылай түсуді қажет етеді. Дегенмен, бірқатар зерттеушілер тарапынан Сарыарқаның кейбір энеолиттік ескерткіштеріне азды-кемді талдау жасалғандығын атап кету керек.

Екібастұз өңіріндегі энеолитті толымды түрде көп қабатты Шідерті-3 тұрағының материалдары да сипаттап береді. Бұл ескерткіштің энеолиттік мәдени қабатынан еңбек құралдары көптеп алынған.

Қорыта айтқанда, қазіргі таңда энеолит өтпелі мәдени-тарихи кезеңіне жататын Есіл өңірінде 6 қоныста кең көлемде қазба жұмыстары жүргізілген. Торғай ойпатынан 32 ескерткіш анықталған. Жүздеген ескерткіштер Орталық Қазақстан аумағынан белгілі болып отыр. Арал өңірінен ондаған ескерткіштер табылған. Басқа өңірлерде энеолиттік ескерткіштерді айқындау әлі күнге дейін кенжелеп келеді.

IV-тарау.

ҚОЛА ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ЕСКЕРТКІШТЕРІ Андронов мәдениеті: шығу мен кезеңдестірілуінің сауалдары

Неолит дәуірінің өзінде-ақ байқала бастаған шаруашылықтағы өзгерістер б.з.б. II мыңжылдықта егіншілік пен мал шаруашылығына негізделген дамыған экономиканың және жоғары деңгейдегі металлургияның қалыптасуына алып келді. Өнім өндіру типіндегі экономикаға көшу Қазақстан аумағындағы жағдайды түбегейлі өзгертіп жіберді.

Қола дәуіріндегі қоғамның үрдісі екі факторға тікелей байланысты еді, оның бірі палеометалл жасау болды. Ендігі жерде, қола – еңбек құралдары мен қару-жарақ жасау үшін пайдаланылатын негізгі шикізат көзіне айналды. Қазақстан кен байлықтарында қалайы-мыс кен көздерінің мол болуы, еліміздің аумағын ертеден-ақ металлургиялық ошақтардың біріне айналуына жол ашқан еді.

Экономиканы қайта құруға табиғи-климаттық өзгерістер де өз септігін тигізген болатын. Айталық, кейінгі қола дәуіріндегі суық-ылғалды фазаның орнына ендігі жерде құрғақшылық орнады. Бұл кездері далалы аймақтардың басым бөлігінде өзен арналарының судың азаюы, кейбір шағын өзендердің тартылып қалуы, көлдердегі су деңгейінің төмендеуі халықты экономикалық қайта құруларға жетелегендігі анық. Мұны археологиялық мағлұматтар да растап отыр.

Жалпы алғанда, Еуразияның төскейіндегі Сібір, Орал, Қазақстан мен Орта Азияның далалы аймақтарын туыстас тайпалар мекен өтті. Олар өзіндік жарқын мәдениеттер қалдырды. Ғылымда әсіресе ескерткіштері тұңғыш рет Батыс Сібірдегі Ачинск маңындағы Андронов елді-мекені жанынан ашылған «андронов мәдениеті» кеңінен танымал. Ұзақ уақыттар бойы зерттеушілер қола ғасырына жататын тек осы андронов мәдениетін ғана бөліп көрсетіп келді. Қазіргі таңда оның бірнеше мәдениеттерге тарамдалынатындығы белгілі болып отыр. Сондықтан да қола ғасырының тарихнамасында оны **«андронов мәдени-тарихи қауымдастығы»** деп атайды. Бұл кезеңнің қаншалықты дәрежеде өткендігі, шығу тегі, қалдырған ізі, халықтың заттық жағдайы, тұрмыстық, ғұрыптық салты қандай екендігі, ол кезде кімдер мекендегендігі, мәдениеті қай сатыда тұрғандығы, палеоэкономикасы мен әлеуметтік құрылымы, дүниетанымы, қоршаған ортаға көзқарасы, генетикалық байланысы, көрші қауымдастықтармен мәдени қарым-қатынасы сынды сан алуан сауалдар бірнеше археологиялық мәдениеттердің бөліп көрсетілуіне жол ашты. Жекелеген проблемалар бойынша қордаланған дүниелер бірқатар ғылыми конференцияларда көтерілгенімен, жылма-жыл жинақталып отырған мағлұматтар әлі де болса тың зерттеулер өз жалғастығын табуы қажет екендігін айғақтап берді.

Одақ көлемінде (бұрынғы КСРО) бірнеше рет ғалымдар арасында андронов мәдени-тарихи қауымдастығына арналған бас қосулар, пікір алмасулар өтті. Олардың арасында 1964 жылы желтоқсанда Ленинградта

(қазіргі Санкт-Петербург) өткен бүкілодақтық жиынды, әлденеше рет өткен «Андронов мәдени-тарихи қауымдастығының проблемалары» атты семинарларды ерекше атап кетуге болады. Өйткені, бұл форумдарда осы өркениетті зерттеуге ат салысқан мамандардың жиылып, кезеңдестірілу, хронология, таралу аймағы, мәдениеттермен ара-қатыстылығы сынды көптеген өзекті мәселелерге өз көзқарастарын білдіруі, андронов мәдени-тарихи қауымдастығын теориялық-методологиялық жағынан негіздеуге нақты жол ашқан еді. Алғаш рет 1970 жылдардың соңында осындай жиындардың бірінде «андронов мәдениетін» өз кезегінде «андронов мәдени-тарихи қауымдастығы» деп атауға шешім шыққанымен бұл атаудың ғылыми айналымға түпкілікті енуі ұзақ уақытқа созылды. Тіпті қазақстандық оқулықтарда әлі күнге дейін оны «андронов мәдениеті» деп атаумен шектеліп жатады. Сайып келгенде, андронов мәдени-тарихи қауымдастығының қалыптасуы мен орнығуы бірнеше ғасырларға, соның ішінде б.з.б. III-II мыңжылдықтар шегіне дейін созылған еді. Көпшілік мамандардың есептеуінше андронов мәдениеті өз кезегінде мәдени-тарихи қауымдастық ретінде б.з.б. XVI-XV ғасырларда қалыптасты. Бұл бірлестік ішінде алакөл және федоров мәдениеттерінің белгілері басқа мәдениеттерге қарағанда басымырақ байқалады. Алакөл мәдениеті Орталық және Батыс Қазақстанда, ал федоров мәдениеті Шығыс Қазақстан аумағында кеңінен таралды. Орталық Қазақстан мен Жетісу жерінде екі мәдениеттің белгілері қатар ұшырасып оырады.

Шындығына келгенде, қола дәуірі өркениетінің кезеңдестірілуі мен хронологиясын анықтау өткен ғасырдың 20-30 жылдары басталды. 1927 жылы С.А.Теплоухов Оңтүстік Сібірдегі қола дәуірі молаларының классификациясын жасады да, алғаш рет «андронов мәдениетінің» ескерткіштер тобын анықтап берді. Осы кезден бастап аталмыш мәдениетке ден қойылды да, ескерткіштері зерттеліп, орасан зор материалдары жинастырыла бастады. Республика аумағынан табылған қола дәуіріне жататын ескерткіштерді хронологиялық тұрғыдан М.П.Грязнов (1902-1987) алғашқылардың бірі болып 1930 жылдары таратып берді. Ол өзінің «Погребение бронзовой эпохи в Западном Казахстане» атты еңбегінде андронов мәдениетінің таралу аймағын батыс өңірлерге дейін белгілеп береді де, жергілікті жерде қалыптасқан екі нұсқасын көрсеткен еді. М.П.Грязновтың жорамалдауынша, батысқазақстандық андронов мәдениетінің нұсқасына тас сақина құрылысы, мүрдені жерлеу, қыш ыдыс иық тұсында түсіңкілік пен ою-өрнегіндегі кейбір элементтер тән болды. Бұл жайында көптеген ғылыми әдебиеттерде де айтылған. Әсіресе, М.П.Грязнов Қазақстан мен Алтай өңірінен табылған ескерткіштерден алынған қола бұйымдарды ерте, ортаңғы және соңғы қола деп бөле келе, жергілікті ерекшеліктерін сипаттап, соңғы қола дәуірі ерекшеліктеріне баса назар аударды.

Одан кейін 1933 жылы Шерубай-Нұра өзендері алаптарында зерттеу жүргізген П.С.Рыков «Работы в совхозе «Гигант» деген еңбегінде бірқатар ескерткіштердің (Дәндібай, Беғазы, т.б.) қазылуын сипаттап берді де, мұнда

калыптасқан өзіндік ерекшеліктерге кеңінен тоқталды. Кейіннен экспедиция мүшелері аршыған нысандарды М.П.Грязнов қарасұқ типіне жатқызады. Оның ойынша: Дәндібай, Беғазы секілді ескерткіштер қарасұқ мәдениетінің жергілікті нұсқалары; орталыққазақстандық қарасұқ уақытында өмір сүрген тайпалар мәдениеті алдыңғы андронов мәдениетінің негізінде, көршілес тайпа топтарымен тығыз мәдени қатынастар жасаудың әсерінен қалыптасқан; Дәндібай қорымындағы №2 оба ыдыстары жасалуы мен ерекшеліктеріне қарай екі топқа бөлінеді. Шындығына келгенде, бұл ескерткіштердің қазіргі таңда беғазы-дәндібай мәдениетін құрайтын эталонды нысандар екендігі белгілі. Бірақ, археолог тарапынан ХХ ғасыр алғашқы жартысындағы археологиялық ізденістерге сай ескерткіштердің өзіндік ерекшеліктерін бөліп көрсетілуі, болашақта далалық жұмыстар нәтижесінде жеке мәдениеттің (беғазы-дәндібай) орнын белгілеудің ғылыми іргетасын қалаған еді.

Өткен ғасырдың орта тұсында О.А.Кривцова-Гракова қола дәуірін зерттеуде зор табыстарға қол жеткізді. Бұл археолог 1931-1939 жылдары Қостанай облысындағы Алексеев кешенін, 1948 жылы Садчиковское қонысын зерттеді. Нәтижесінде, археолог тарапынан андронов мәдениетінің екі кезеңі бөліп көрсетілді. Ерте кезең, автордың пайымдауынша, қима мәдениетінің бірінші кезеңімен синхрондалынады, бұл кезде иық тұсы түсіңкі қыш ыдыстар таралса, кейінгі уақытында бүйірі шығыңқы және жапсырма валикті (мойын-білікті) құмыралар таралған. Оның ойынша: үшінші, өтпелі кезеңді бөліп көрсетудің реті жоқ, себебі, қыш ыдыстардың бәрі де Садчиковское және Алексеевское қоныстарындағыдай; екі ескерткіш бұйымдары бойынша б.з.б. I-мыңжылдық бас кезіне, яғни қола дәуірінің соңғы кезеңіне жатады. Дегенмен авторда абсолюттік мерзімдеудің болмауы, сонымен қатар «біртектес ескерткіштерді, не қорым, немесе қоныс» материалдарының біріне ғана сүйеніп хронологиялық классификацияны жасауға болады деуі оның пайымдауын едәуір олқылыққа ұшыратты.

Сонымен қатар осы кездері ғалым тарапынан Қожамберді қорымына қатысты батысандроновтық ескерткіштер дамуы жайлы да сөз өрбітілді. Мұны С.В.Киселев та қолдады. С.В.Киселевтың өзі 1949 жылғы еңбегінде андронов мәдениетінің бас кезін б.з.б. XVII-XVI ғасырлармен, қарасұқ мәдениетінің басталуын б.з.б. XIII-XII ғасырлармен белгіледі.

Зерттеушілердің көпшілігі 1948 жылы К.В.Сальников ұсынған кезеңдестіру мен хронологияны қолдап, ұзақ жылдар бойы оған сүйеніп келді. Бұл археологтың өзі де уақыт өте келе кезеңдестіруі мен хронологиясын сәл-пәл өзгертіп, нақтылап отырғандығын айта кеткен жөн. Ол Орал өңіріндегі андронов мәдениеті ескерткіштерінің кезеңдестірілуін федоров (б.з.б. II-мыңжылдық ортасы мен екінші жартысы), алакөл (б.з.б. XI-IX ғасырлар) және замараев (б.з.б. VIII-VII ғасырлар) сынды хронологиялық кезеңдерге бөлді. Кейіннен жаңа археологиялық мәліметтерге сай бұл хронологияға археолог тарапынан өзгертулер енгізілді: бірінші кезең - федоров (б.з.б. XVIII-XVII ғасырлар); екінші кезең - алакөл (б.з.б. XV-XII ғасырлар); үшінші кезең - замараев (б.з.б. XII-VIII ғасырлар).

Өткен ғасырдың 50-60 жылдары осы ғалымның кезеңдестіруі мен хронологиясына бірқатар ғалымдар сүйеніп, жергілікті жерлерде өзіндік нұсқаларды ұсына бастады. Айталық, Ә.М.Оразбаев Солтүстік Қазақстан қола дәуірінің ескерткіштерін дәл К.В.Сальников секілді хронологиялық кезеңдерге бөлді де, үшінші кезеңді жеке мәдениет деп көрсетті. К.А.Ақышев болса, Орталық Қазақстаннан федоров және алакөл кезеңдерін атап, соңғы кезеңдегі ескерткіштерді дәндібай мәдениетіне жатады деп қорытынды жасады. «Этапы развития хозяйства скотоводческих племен Казахстана и Южной Сибири в эпоху бронзы» деп аталатын 1957 жылы шыққан еңбегінде М.П.Грязнов замараев пен дәндібай кезеңдерін ерекше құбылыс екендігін атап көрсеткен еді. Ол андронов мәдениетінің хронологиялық мерзімін б.з.б. XV-XI ғасырларға жатқызды. Бірақ, М.П.Грязновтың бұл пайымдауы кейбір зерттеушілер (В.И.Мошинская, Г.Чайльд, К.Иеттмар) тарапынан сынға ұшырады.

Сондай-ақ 1955 жылы Е.А.Агеева мен А.Г.Максимова Павлодар облысы аумағынан қола дәуіріне жататын бірқатар ескерткіштерді тауып, ғылыми айналымға енгізгеннен кейін қола дәуірі ескерткіштерінен үш кезеңге тән нысандарды анықтады. А.Г.Максимова Шығыс Қазақстан қола дәуірі ескерткіштерінің де үш сатыға лайық кезеңдестірілуі мен хронологиясын жасады. Ғалымның айтуынша қарасұқ уақытымен синхрондалынатын нысандар бұл аймақта ерекше басымдық танытады.

1960 жылы С.С.Черников Шығыс Қазақстан қола дәуірі ескерткіштерін ұзақ жылдар бойы зерттей келе, қола дәуірінің бастапқы кезі б.з.б. XVIII-XVII ғасырларда басталады да, б.з.б. VIII-VII ғасырларда аяқталады деген тұжырымдаманы қабылдады. Өзі Шығыс Қазақстан қола дәуірі ескерткіштерін төрт кезеңге бөлді: бірінші, усть-буконь (б.з.б. XVIII-XVII ғасырлар); екінші, қанай (б.з.б. XVI-XII ғасырлар); үшінші, мало-красноярск (б.з.б. XII-VIII ғасырлар); төртінші, трушниково (б.з.б. IX-VIII ғасырлар).

1956 ашылып, 1959-1960 жылдары зерттелген Тастыбұтақ қонысы мен қорымының материалдарына сүйенген В.С.Сорокин де қола дәуірінің кезеңдестірілуі мен хронологиясына қатысты өз ойын білдірді. Бұл археолог барлық ор-ақтөбе нұсқасындағы ескерткіштер өзара синхронды, олар федоров типіндегі ескерткіштерден кейін, алакөлдік зират материалдарының алдындағы уақытқа жатады деп есептеді. Бұдан басқа көзқарас Е.Е.Кузьмина тарапынан айтылды. Қоныстар мен қорымдар кешенін талдау нәтижесінде Е.Е.Кузьмина үш хронологиялық сатыны атап өтті. Бұл сатылар: *кейінгі* – атакеңсай (Алакөл қорымы материалдарымен бір уақытта), *өтпелі* және *ерте* - үшқатын (Қожамберді /Кожумберды; қазіргі атауы - Кожанберля/ зиратымен замандас). Сонымен қатар кожамберді ескерткіштерінің федоровтық нысандармен ұқсас кейбір элементтер жайы да айтылды.

1964 жылғы симпозиумда К.В.Сальников «Об этапах и локальных особенностях западного варианта андроновской культуры» тақырыбында баяндама жасады да, бұрын андроновтық ескерткіштерге жасаған хронологиялық сыныптауын қайта қарастырды. Енді ол федоров пен алакөл кезеңдерінің арасында кожамберді (кожумберды) кезеңі болғандығын атап

көрсетті. Оның ойынша қожамберді кезеңі алдыңғы және кейінгі кезеңдермен генетикалық байланыста болған.

Кейінірек, ондаған жылдардан кейін барып Е.Е.Кузьмина андронов мәдени-тарихи қауымдастығының кезеңдестірілуін арнайы көтерді де, бұрыннан келе жатқан пікірлерге түзетулер енгізді. Ендігі кезекте зерттеуші ескерткіштерді төрт типке бөлді: петров (б.з.б. XVII-XVI ғасырлар); алакөл (б.з.б. XV-XIII ғасырлар); федоров (б.з.б. XV-XII ғасырлар); дәндібай (б.з.б. XI-IX ғасырлар) және амангелді (б.з.б. XIV-XIII ғасырлар; Солтүстік Қазақстан), атасу (б.з.б. XV-XIII ғасырлар; Орталық Қазақстан), алексеев (б.з.б. XII-X ғасырлар) секілді аралас топтар. Басқа да аралас топтарға сольилецк (Оңтүстік Орал маңы), қожамберді (кожумберды; Батыс Қазақстан), жетісу (Жетісу мен Ферғана) жатқызылды.

Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы және басқа да ғылыми зерттеулерді негізге алған Ә.Х.Марғұлан мұнда энеолит, ерте, ортаңғы және соңғы қола бір-бірімен генетикалық байланыста екендігін тұжырымдады. С.В.Киселев, Н.Л.Членова, т.б. зерттеушілердің беғазы-дәндібай мәдениетін қарасұққа тіреуіне тойтарыс беріп, оның шығу тегі жергілікті мәдениеттерден тұратындығын дәлелдеді. Сонымен қатар автор бастапқыда Л.Р.Кызласовпен бірге беғазы ескерткіштерін б.з.б. VII-VI ғасырлармен мерзімдеуінен бас тартты. Қазіргі таңда Ә.Х.Марғұланның Орталық Қазақстандағы ескерткіштерді, мәдениеттерді кезеңдестіруі мен хронологиясын жасауы былайша өрбітілген: «Археологиялық зерттеулер Орталық Қазақстандағы қола дәуірі мәдениеттерінің басталуы мен дамуын анықтауға мүмкіндік береді. Оны негізінен үш кезеңге топтастыруға болады. Алғашқы пайда болу кезеңі (б.з.б. III мыңжылдықтың аяғы мен б.з.б. XVII ғасыр арасы); ортаңғы, өркендеп дамыған кезеңі: екі сатыдан – Нұра (б.з.б. XVII-XV ғасырлар) және Атасу (б.з.б. XIV-XIII ғасырлар); соңғы кезеңі: ол да екі сатыдан – соңғы кезеңге өтпелі сәт (б.з.б. XII-XI ғасырлар) пен Беғазы-Дәндібай мәдениетінен (б.з.б. X-VIII ғасырлар) тұрады».

1970-1980 жылдары қола дәуірі ескерткіштерін зерттеу ісі зор қарқынмен дамығандығы белгілі. Алынған соны мәліметтер кейбір ескерткіштердің материалдары бұрынғы айтылған кезеңдестіру мен хронологияны қайта қарастыруға мүмкіндік берді. Мысалы, В.С.Стоколос алакөлдік және федоровтық ыдыстардың бір ескерткіштен ұшырасатындығын, тіпті алакөл қыш ыдыстары федоровтық ыдыстармен көмкерілгендігін айтып, кезеңдестіру мәселесіне сын көзбен қарау қажет екендігіне назар аударды.

Солтүстік Қазақстанда жүргізілген археологиялық ізденістер негізінде Г.Б.Зданович та өзінің жаңа кезеңдестіруі мен хронологиясын ұсынды. Ол қола дәуірін «дамыған» (өркендеген) және «соңғы» деген екі кезеңге бөлді. Алғашқысын үш кезеңге бөліп, оның біріншісіне – петров (б.з.б. XVI-XV ғасырлар), екіншісіне – алакөл (б.з.б. XIV-XIII ғасырлар), үшіншісіне – амангелді-бескөл (бишкуль) кезеңдерін (б.з.б. XII-XI ғасырлар) енгізді. Соңғы кезеңде оның ойынша мұнда федоровтық тайпалар келіп, алакөл тұрғындарымен белсенді қарым-қатынас жасаған. Соңғы қоланы

Г.Б.Зданович екі кезеңге жіктеді: замараев (явленка) кезі (б.з.б. XI-X ғасырлар) және ильинск (б.з.б. IX-VII ғасырлар).

Басқа археологтар да осы кездері өздерінің кезеңдестіруін қайта зерделей бастады. Т.М.Потемкина Тобыл өңіріндегі қорымдар мен қоныстардың қыш ыдыстарын саралай келе, энеолит пен қола дәуірінің кезеңдестірілуі мен хронологиясын 1980 жылдар орта тұсында былайша жіктеді: 1) энеолит – б.з.б. III-мыңжылдық алғашқы жартысы; 2) ерте қола дәуірі: а) бобрыкин кешендері – б.з.б. III-мыңжылдық екінші жартысы; б) одинов (вишневск) кешендері – б.з.б. III-II мыңжылдық тоғысар шегі – б.з.б. II мыңжылдық алғашқы ширегі; 3) дамыған (өркендеген) қола дәуірі: ерте алакөл: а) петров кезеңіне дейінгі ерте алакөл кешендері – б.з.б. XVII ғасыр екінші жартысы, б) петров типіндегі ерте алакөлдік кешендер – б.з.б. XVI ғасыр; алакөл кезеңі: а) петровтан кейінгі саты – б.з.б. XV ғасыр; б) классикалық саты – б.з.б. XV-XIV ғасырлар шегі мен б.з.б. XIV ғасыр; в) кейінгі саты – б.з.б. XIV-XIII ғасырлар; 4) соңғы қола дәуірі: а) ерте алексеев және олармен мерзімдес межов кешендері – б.з.б. XII-X ғасырлар; б) кейінгі алексеев кешендері – б.з.б. X-IX ғасырлар.

Мәдени-тарихи қауымдастықтың кезеңдестірілуі Н.А.Аванесова тарапынан да жасалды. Металл бұйымдарын саралай келе ол төмендегідей кезеңдестіруді ұсынды: 1) алакөл алдындағы кезең – б.з.б. XVII-XVI ғасырлар; 2) андронов мәдениеті – б.з.б. XVI-XII ғасырлар, ол алакөл (б.з.б. XVI-XIV ғасырлар), қожамберді (б.з.б. XIV ғасыр) және федоров (б.з.б. XIV ғасыр соңы мен б.з.б. XIII ғасырлары) кезеңдеріне бөлінеді; 3) замараев-бегазы мәдениеті – б.з.б. XII-IX ғасырлар. Автор алакөл ескерткіштері федоровтық кешендерден бұрынғы уақытқа жатады, алакөл нысандарында полтавкин және абашев тайпаларына тән ыдыс жасау дәстүрінің элементтері кездесетіндігін көрсететін ерте хронологиялық көкжиек (горизонт) байқалады, қожамберді типіндегі қыш ыдыстар алакөлден федоровқа өтетін кезеңге жатады деп жорамал жасады. Қыш ыдыстарды кезеңдестіруде кеңінен пайдаланған Н.А.Аванесова тұжырымдары көпшілік тарапынан нақты қолдау таба қойған жоқ. Сірә, металл бұйымдарға сүйенемін деуі кейде бекер болғандықтан да шығар.

Әйтсе де бұл зерттеуші кейіннен жоғарыда көрсетілген мәдениеттер кезеңдестірілуіне қатысты өз пікірлерін біршама өзгертті. Н.А.Аванесованың «Культура пастушеских племен эпохи бронзы азиатской части СССР» атты 1991 жылы жарық көрген монографиясында петров мәдениеті б.з.б. XVII-XVI ғасырларға, алакөл мәдениеті б.з.б. XV-XIV ғасырларға, қожамберді б.з.б. XIV ғасырға, федоров б.з.б. XIII-XI ғасырларға жатқызылған.

Негізінен алғанда, Н.А.Аванесова көп ретте Г.Б.Зданович сынды зерттеушілердің ізденістерін толықтай қолдады. Кезінде Г.Б.Зданович қола дәуірі мәдениеттерін Солтүстік Қазақстан материалдары бойынша былайша таратып берген еді: петров (б.з.б. XVII-XV ғасырлар); алакөл (б.з.б. XV-XIV ғасырлар); федоров (б.з.б. XIV-XII ғасырлар); мойын-білік (валиковая) қыш ыдыс (б.з.б. XII-IX ғасырлар) мәдениеттері. Бұлармен бірге өтпелі бірқатар кезеңдер аталынады, олар – кулевчинск (петров және алакөл мәдениеттері

аралығы), қожамберді (алакөл мен федоров мәдениеттері арасында) және федоров пен мойын-білікті (валиковая) қыш ыдыс мәдениеттері аралығындағы кезең.

1990 жылдардың бас кезінде КСРО-ң ыдырауы зерттеушілер арасындағы ғылыми байланыстарды біршама әлсіретті. Сондықтан да кейбір ғалымдардың андронов мәдени-тарихи қауымдастығына деген көзқарастары біршама уақыт көпшілік назардан қалыс қалып келді.

Бұл кездері М.Қ.Қадырбаев пен Ж.Қ.Құрманкұлов Бетпақдаланың солтүстігіндегі ескерткіштерді жүйелеп, кезеңдестірілуін жасады. 1992 жылы шыққан еңбектерінде аталған археологтар қола дәуірін екі кезеңге бөлді. Біріншісі: ерте кезең, б.з.б. XV-XIII ғасырларды қамтиды, екіншісі – кейінгі (соңғы) кезең, ол б.з.б. XII-VIII ғасырлар. Алғашқысы б.з.б. XV-XIV ғасырлардан және б.з.б. XIV-XIII ғасырлардан тұратын екі кезеңге бөлінеді. Сонымен қатар федоров-нұра, алексеев-атасу, беғазы-дәндібай, алексеев-сарғары типіндегі қыш ыдыстары жіктелді.

Оларға дейін Қостанай облысындағы Тобыл өзені бойындағы ескерткіштерді зерттеген В.В.Евдокимов та өз кезеңдестіруін ұсынған болатын. В.В.Евдокимовтың пікірінше дамыған қола дәуірі: 1) алакөл мәдениетінің а) петров (б.з.б. XVI-XV ғасырлар) және б) алакөл (б.з.б. II-мыңжылдық үшінші ширегі) кезеңдерін қамтыған; 2) алексеев мәдениеті: а) алексеев кезеңінен (б.з.б. XV-X ғасырлар) және б) сарғары кезеңінен (б.з.б. X-VIII ғасырлар) тұрады. Бұл археолог өркендеген қола дәуірі ескерткіштері алакөл мәдени-хронологиялық тобына енеді деп жорамал жасады. Б.з.б. II-мыңжылдық соңғы ширегінде черкаскуль және федоров мәдениеттерінің ескерткіштері пайда бола бастайды. Сондай-ақ алакөл және федоров мәдениеттерінің қатар өмір сүруі мүмкіндігі де айтылды. Кейінгі жылдары В.В.Евдокимов Солтүстік және Орталық Қазақстан өңірі үшін бірін-бірі алмастырған алакөл, беғазы-дәндібай, доңғал мәдениеттері тән деген пайымдауға көше бастады.

Осы жерде археолог В.В.Варфоломеевтің Орталық Қазақстан қола дәуірі ескерткіштерін кезеңдестіруге көп еңбек сіңіргендігін айта кеткен жөн. Ол ұзақ жылдар бойы қола дәуірі ескерткіштерін зерттеумен айналысып, бірқатар құнды пікірлерін ғылыми жұртшылық назарына ұсынды. 1980 жылдардың соңына қарай ұсынған ескерткіштерді, мәдениеттерді кезеңдестіруі мен хронологиясына уақыт өте келе ол да түзетулер енгізіп отырды. Қола дәуірінің соңғы кезін В.В.Варфоломеев кентке дейінгі (б.з.б. XI (XII?) ғасырлар), кент (б.з.б. X-IX ғасырлар) деп бөлді де, олар беғазы-дәндібай мен сарғары-алексеев мәдениеттерімен қатар өмір сүрді деп есептеді; одан кейінгі уақытқа доңғал мәдениетін (б.з.б. VIII- VII ғасыр бас кезі) жатқызып, оны кейінгі қола мен тасмола мәдениеттері аралығындағы өтпелі кезең деп көрсетті.

В.В.Варфоломеев кейіннен Сарыарқа соңғы қола кезеңін былайша таратты: дәндібай-сарғары мәдениеті (б.з.б. XIII-IX ғасырлар), ол «мойын-білікті (валиковая) кешендермен» байланыстағы ерте және «алексеев-сарғары кешендеріне тән қыш ыдыстары бар» кент (б.з.б. XII-X ғасырлар) секілді екі

сатыдан тұрады, ал үшінші кезең – доңғал (б.з.б. IX ғасыр) сатысы, бұл өңірдегі қола дәуірінің ақыры деп жүйелеу жұмыстарын жүргізді.

Орталық Қазақстан аумағында андроновтық дәстүрдің қалыптаса бастауын А.А.Ткачев нұртай кешендерімен байланыстырады. Өз дамуында оның ойынша нұртай мәдениеті екі кезеңнен өтеді: біріншісі (ерте) – бозінген (б.з.б. II-мыңжылдық бірінші ширегі), екіншісі (кейінгі) – сатан (б.з.б. XVIII-XVII ғасырлар). Кейінгі нұртай уақытында Шығыс Қазақстаннан мұнда қанай мәдени дәстүрі біртіндеп ене бастайды. Бұл ғалым нұра мәдениетін ерте (балықты; б.з.б. XVII пен б.з.б. XVI ғасыр бас кезі), ортаңғы (б.з.б. XVI-XV ғасырлар) және кейінгі (б.з.б. XV-XIV ғасырлар) деп ажыратып көрсетеді. Кейінгі қола дәуірінің дамуын А.А.Ткачев ерте (алексеев-сарғары, трушниково) және кейінгі кезеңдерге жіктейді. Дәндібай мәдениеті ерте кезде қызылтас және карасұқ тұрғындарының араласуынан қалыптасқандығын айтады да, оның жоғарғы мәдени қабаттары доңғал мәдениетімен жалғасады дейді. Доңғал мәдениетін А.А.Ткачев ерте, доңғалға (б.з.б. X-IX ғасырлар) және кейінгі, красногорға (б.з.б. IX ғасыр соңы – б.з.б. VIII ғасыр) бөлген.

Осы кездері А.А.Ткачевпен қатар В.В.Евдокимов та өзінің жаңа кезеңдестіруін жасады. Бұл археолог кезеңдестіруді жасаған кезде басқаша келіп, өзгеше кезеңдестіру матрицасын ұсынды. Автор алдымен Солтүстік және Орталық Қазақстан қола дәуірін ортаңғы және кейінгі кезеңдерге бөлді. Оларды полтавкин-петров, қима-андронов, мойын-білік қыш ыдыстар мәдениеті, нұр-доңғал этаптарына жіктеді. Полтавкин-петровқа (б.з.б. XX-XVI ғасырлар) – петров, қима-андроновқа (б.з.б. XVI-XIII ғасырлар) - алакөл мен федоров, мойын-білік қыш ыдыстар мәдениетіне (б.з.б. XIII-IX ғасырлар) – дәндібай-сарғары, нұр-доңғалға (б.з.б. IX-VIII ғасырлар) – доңғал мәдениеттері енгізілді. Сондай-ақ автор археологиялық мәдениет жүйе ретінде өз мәнін жоғалта бастағандығын айтады да, орта алакөл және классикалық федоров сатысын (б.з.б. XV-XIV ғасырлар) және алакөл-федоров сатысын (б.з.б. XIII ғасыр) бөліп көрсетеді. Мойын-білік қыш ыдыстар мәдениетіне келгенде зерттеуші өз кезегінде В.В.Варфоломеевтің «дәндібай-сарғары» терминін қолдана отырып, дәндібай-сарғары мәдениетінің аймақтық кезеңдестіруінде кент-алексеев сатысын (б.з.б. XII-IX ғасырлар) да атап өтеді. Ол Нұр-доңғал кезеңінің ескерткіштері Орталық Қазақстанда доңғал мәдениетінен, Солтүстік Қазақстанда загарин типіндегі нысандардан кездеседі деген де пікір айтады.

Жалпы алғанда, Солтүстік және Орталық Қазақстаннан басқа аймақтарда да қола дәуірі ескерткіштерін, мәдениеттерін кезеңдестіру мен хронологиясын жасау ішінара болса да жүргізіліп келеді. Мұны басқа өңірлерде қола дәуірі ескерткіштерін зерттеу қарқыны төмен екендігімен де түсіндіруге болады. Мамандардың біршама ден қойған аймағы - республиканың батысы өңірі. Батыс Қазақстанда өткен ғасырдың 70-80 жылдары зерттеулер жүргізген көрнекті археолог Г.А.Кушаев Орал-Еділ қола ғасырын сол кездердегі тарихнамаға сай үш кезеңге бөлген: 1) шұңқыр сатысы (б.з.б. III-мыңжылдық) – ерте қола ғасыры; 2) катакомба (және

полтавкин) сатысы (б.з.б. II-мыңжылдықтың алғашқы жартысы) – ортаңғы қола ғасыры; 3) қима (б.з.б. II-мыңжылдық екінші жартысы – б.з.б. I-мыңжылдық бас кезі) – кейінгі қола ғасыры.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жеріндегі қола дәуірі материалдарын зерделеген К.М.Қарабаспақова мұндағы ескерткіштерді үш хронологиялық топқа бөледі. Біріншісі - дамыған қола кезеңі (б.з.б. XVI-XIII ғасырлар). Екінші хронологиялық кезең (б.з.б. XII-X ғасырлар) - «кейінгі қола». Сонымен қатар ол қоладан ерте темірге көшер тұстағы өтпелі кезеңге (б.з.б. IX-VIII ғасырлар) тән ескерткішті де (Биен обасы) атап көрсетеді.

Қазіргі таңда бірқатар зерттеушілердің (Марьяшев, Горячев, Потапов, т.б.) далалық ізденістерінің арқасында кейінгі қола уақытымен мерзімделінетін Жетісу өңірінде осы аталған биен (Жоңғар Алатауы), көлсай (Күнгеі Іле Алатауы), беғазы-сарғары (Шу-Іле таулары) мәдениеттері анықталып отыр. Олардың хронологиялық мерзімі жаратылыстану ғылымдарының мәліметтерімен бекіген. Болашақта Жетісу жеріндегі қола дәуірінің мәдени дамуын сатылап нақты көрсету де қолға алынары анық.

Шығыс Қазақстан ескерткіштері

Шығыс Қазақстанның өзіндік ландшафты Алтай, Қалба жотасы мен Тарбағатайдың таулы және биіктаулы аудандарынан, солтүстіктегі далалы аймақтардан, оңтүстікте жартылай шөлейттер мен шөлдерден тұрады. Негізгі су артериясы Ертіс пен оның көптеген Бұқтарма, Күршім, Үбе, Шар, Қызылсу секілді тармақтары болып табылады. Топырағы құнарлы кең алқаптар, жайылымдар, таулардағы көптеген мыс, қалайы, алтын кен орындары, өзендердегі балықтардың молдығы, ормандардағы аңдардың көптігі мұнда қола дәуірінің дамуына айрықша әсерін тигізді.

Қазақстанның шығыс өңіріндегі қола дәуірін зерттеуге С.С.Черников, А.Г.Максимова, Ә.М.Оразбаев, Ф.Х.Арсланова, А.С.Ермолаева, т.б. мамандар мол үлес қосты.

Шығыс Қазақстандағы қола дәуірі тайпаларының мәдениеттері ерте, орта (ортаңғы) және кейінгі кезеңдерді нақты көрсететін ескерткіштерден тұрады. Әсіресе ортаңғы қола кезеңіне жататын ескерткіштер өте жақсы зерттелінген.

Бұл уақыттағы тайпалардың негізгі шаруашылығы мал шаруашылығы мен егіншілік болды. Тау-кен ісі мен металлургия жоғары дәрежеге жетті. Шығыс Қазақстан мыс, қалайы кендері мен алтын өндіру ошақтарының біріне айналды. Мұнда үй кәсіпшілігі де дамыған болатын.

Шығыс Қазақстанның кейінгі қола тайпаларының мәдениеттері Сібірдегі қарасұқ, Оралдың сыртындағы замараев және Орталық Қазақстандағы беғазы-дәндібай мәдениеттерімен синхрондалынады.

Неолиттік ескерткіштерден кейінгі *ерте кезге жататын нысандардың* бірі Қанай ауылы жанындағы мола болып табылады. Оның жоғарғы бөлігі тас плиталары тігінен қойылған шаршы түріндегі қоршау болып табылады. Қоршаудың қабырғалары төрт тарапқа бағытталған. Топырақтан қазылған

кабір шұңқырынан шалқасынан жатқызылып, басы батысқа қаратылған ер адам мен әйел адамның мүрделері аршылған. Қаңқа сүйектері ішінара қызыл жосамен боялған.

Мүрденің екеуі де андроновтық антропологиялық типке жатады.

Шығыс Қазақстан тұрғындарының *орта (дамыған) қола кезеңіндегі* мәдениеттері қоныстар мен қорымдардың үлкен-үлкен топтары бойынша айқын сипатталады. Мұны айғақтайтын жарқын материалдар Қанай ауылы, Зевакино селосы, Сарыкөл көлі, Кіші Қойтас, Нұрмамбет шатқалдары маңындағы қоныстардан, қорымдардан және ғұрыптық орындардан алынған.

Ертістің оң жағалауында орналасқан Қанай ауылы жанындағы қоныстан шаруашылық құрылыстары жапсарластырыла соғылған тік бұрышты пішіндегі баспана (алаңы 50 шаршы м шамасында) аршылған. Баспана жартылай жертөле түрінде. Құрылыс қабырғасының негізін бағаналар құраған, олардың арасы қамыспен толтырылып, саз балшықпен сыланған. Жер бетіндегі еденнен таспен қаланған үш ошақ орны анықталған. Оның екеуі тамақ пісіруге, үшіншісі баспананы жылытуға пайдаланылған. Шаруашылық құрылыстар негізгі баспанамен бірге жалпақ шатырмен жабылған. Тар дәліз секілді баспанаға кірер есік өзен жақтан түсірілген. Орталық бөлігі кірер есіктен аса биік емес далдамен (қоршаумен) бөлінген. Бөлінген бөлік шаруашылыққа пайдаланылған болуы ықтимал, онда мал төлдері ұсталса керек (бұзау мен лақ қаңқалары табылған).

Құрылыстардың бірінен мыс кентастары мен күлдерінің іздері бар қыш ыдыстың сынығы, ал келесі біреуінен құйма тұрпатының жартысы табылған. Қоныстың оңтүстік-шығыс шетінен салмағы 6 кг болатын бөлшектелген мыс кентасы анықталған. Қоныс жанынан балқыту пешінің қалдықтарымен қатар ағаш көмірлерімен бірге кентастар (10 кг) да табылған. Кентас, сірә, Нарым жотасында орналасқан жақын маңдағы кен орнынан тасымалдаған.

Қоныстың оңтүстік-шығыс бөлігінен үш қатар тас қаландысынан тұратын ғұрыптық орын қалдығы анықталған. Мал сүйектері, дәнүккіш сынығы, күл мен жанған отын қалдықтары, күйген сүйектер мұнда құрбандық шалу рәсімдері жүргізілгендігін нақты айғақтайды.

Сарыкөл көлі, Көкдомбақ пен Малый (Кіші) Қойтас ауылдары жанындағы қорымдар топырақпен үйілген обалардан тұрады, олардың түп жағында тізілген тас плиталары дөңгелек, шаршы және тік бұрышты қоршауларды құрайды. Бұл қорымдардағы заттай мәдениет пен жерлеу ғұрпы үйіндісі жоқ қоршауларға өте ұқсас болып келеді. Тас жәшіктерде, кейде тас плиталармен немесе ағаш жабындымен жабылған шұңқырларда әдетте мүрдені жерлеу жиірек ұшырасады, сонымен қатар ауық-ауық мүрдені өртеу ғұрпы да кездесіп тұрады. Ақсүйектердің қабірлері қыш ыдыстар мен сан алуан әшекейлердің көптеп шығуымен ерекшелінеді. Әшекейлердің көпшілігі қола немесе мысқа негізделген, алтын қаңылтырмен (фольга) қапталған. Бұлар ауызды (раструб) сырғалар, айналдырылған сым конустары, үшбұрыш, ойық пен каннелюр сипатындағы ою-өрнектермен көмкерілген «табанды» алқалар, параллель сызықтар түсірілген ромб пішінді пластинка, үш бұрышты пластинка, т.б.

Трушниково ауылы маңындағы қоныс, Мало-Красноярка аулы маңындағы қоныс пен қорым, Зевакино мен Измаилово қорымдарын зерттеу барысында алынған археологиялық мәліметтер *кейінгі қола дәуірін* біршама толымды түрде сипаттайды.

Трушниково қонысынан тік бұрышты пішіндегі жартылай жертөле түріндегі екі баспана аршылған. Бір баспана қабырғасының негізін жерге көміліп орнатылған бағаналар құраған, олардың арасы тоқылған ағаш бұтақтарымен немесе қоршауымен бекітілген. Қоныстан алынған қыш ыдыстар топтамасындағы құмыралардың мынадай түрі басым: иық тұсы дөңгеленген, ернеуі тік немесе аздап иілген және денесі мейлінше үлкен. Олардың мойындары біліктермен өрнектелген, сан алуан оюлар түсірілген. Сонымен қатар түбі дөңгелектене келген өрнекті жоқ ыдыстар да ұшырасады.

Кейінгі қола дәуіріндегі жерлеу ғұрпы туралы Зевакино қорымының материалдары мол мағлұат береді. Бұл қорымнан жүзден астам жерлеу құрылыстары зерттелген. Құрылыстар беті тас плиталармен және ағаш жабындымен жабылған тас жәшіктерден, тік және сопақша тұрпаттағы қабір шұңқырларынан тұрады. Желеген қабірлер басым болғанымен, бір мола шұңқырында екеулік, сонымен қатар үш, төрт кісі жерленген қабірлер де кездеседі. Аяқ-қолы бүгілген мұндағы мүрделер көбіне оң жақ бүйірімен жатқызылған, сол бүйірімен, кейде шалқасынан немесе ет-бетінен жатқызу сирек ұшырасады. Кейбір қабірлерден қызыл жоса, ағаш көмірі мен күйдірілген ағаш қалдықтары, ақіреттік ас қалдықтары (жылқы мен қойдың бас сүйектері, жамбас сүйектері, жауырыны).

Жерлеу инвентары қола пышақтардан, қанжарлардан, қыш ыдыстардан, металдан, тастан және сүйектен жасалған әшекейлер мен тұрмыстық заттардан тұрады.

Измаилов қорымы. Ол А.С.Ермолаева тарапынан зерттелінген. Қорым қабірлеріне жекелеген жерлеу және қосымша құрылыстардың болмауы тән.

Құрылысына, жерлеу салтына, қабірге қойылған материалдарына қарағанда айтылып отырған кезеңдегі қабірлерді екі топқа бөліп қарастыруға болады.

Біріншісіне 10 жерлеу қабірі кіреді, ондағы конструкция негізін шаршы және шаршыға жақын тұрпаттағы бүтін немесе құрама гранит тақтайлардан тұратын жәшіктер құрайды; олар қоршауы бар 8 жәшіктен және қоршаусыз 2 жәшіктен тұрады.

Екінші топ күрделі қоршаулардан және бай қабірлерден, сонымен қатар соңғы аталған орындағы әшекейлердің культтық сипаты басым екендігін білдіретін кешендерден тұрады. Құрылыстардың екі түрінде де мүрденің басын шығысқа қаратып жарлеу кеңінен таралғандығын да айта кету керек.

№24 қоршаудан өртелген жабынды немесе жерлеу өртінің қалдығы шыққан. Бірақ адам қаңқасы мен мүрдеге о дүниеде қажетті заттар отқа шалынбаған. Ал №25 қоршаудан от қалдықтары байқалмаған, есесіне оны білдіретін қызыл және қоңыр түсті жосаның аздап себілген қалдықтары анықталған.

Измаилов қорымындағы құрылыстар конструкциясы жағынан Орталық Қазақстандағы Саңғыру-1, Былқылдақ-1, Еңбек сүйгіш, Айдарлы секілді беғазы-дәндібай ескерткіштеріне ұқсас.

Екі топтағы олжалардың арасынан 50 шақты бүтін және бөліктерден тұратын қыш ыдыстар маңызды орын алады. Барлық ыдыстар тұрпаты (пішіні), ою-өрнек элементтері мен дайындау технологиясы бойынша үш топқа жіктелген.

Бірінші топтаға ыдыстар тұрпаты мен ою-өрнек элементтері бойынша Орталық Қазақстандағы беғазы-дәндібай ескерткіштеріне, Оңтүстік Сібір мен Алтайдағы қарасұқ ескерткіштеріне, Солтүстік Түгіскендегі кесенелер ыдыстарына өте ұқсас.

Екінші топты 17 дана қыш құмыра сынды ыдыстар құрайды. Олардың алтауында тарақты штамп, немесе үш бұрыш не қолмен басылған ойық сияқты ою-өрнек бар. Қыш құмыралардың бірінің мойынында жапсырылған білік бар, ал қалған үшеуінің ернеуі төмен қарай қайырылған.

Тұрпаты мен дайындау технологиясы бойынша бұл топтағы ыдыстар Солтүстік және Орталық Қазақстандағы сарғары-алексеев типіндегі, сонымен бірге Шығыс Қазақстандағы трушниково типіндегі керамикаға ұқсас.

Үшінші топқа шартты түрде 8 құмыра біріктірілген. Олардың екеуіне тән нәрсе – түбі дөңгелек және жапсырындысы бар.

Олжалардың қалған бөлігін ат әбзелдері, қару-жарақтар, қоладан, алтыннан, күмістен, сүйектен жасалған әшекейлер құрайды.

Материалдар кешені тек кейінгі қола дәуіріне жататын мәдениеттермен ғана емес, сонымен бірге ерте көшпенділерге тән мәдениетпен де өзара араласып жатуымен ерекшелінеді. А.С.Ермолаева пікірінше, бұл әзірге кейінгі қола мен ерте темір дәуіріндегі көшпелілер арасындағы этногенетикалық байланысты көрсете қоймайды, олардың қатар өмір сүргендігін және бір-біріне өзіндік тигізген әсерін жорамалдауға ғана мүмкіндік береді.

Солтүстік және Орталық Қазақстан ескерткіштері

Солтүстік және Орталық Қазақстанның қола дәуіріне жататын ескерткіштерін зерттеу тарихы патшалық Ресей тұсында басталып, кеңестік дәуірде өз жалғасын тапқандығы белгілі.

Солтүстік Қазақстаннан 1911 жылдың өзінде-ақ Ю.П.Аргентовский андроновтық ескерткіштерді Петропавл қаласы маңынан қазған болатын. Тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде бұл өңірде ҚазКСР ҒА-ң Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының экспедициясы жұмыс істеді. Оның құрамындағы қола дәуірін зерттейтін отрядты Ә.М.Оразбаев басқарды. Сол жылдары алынған дереккөздері бойынша Солтүстік Қазақстан қола дәуірі сатылары мен мәдениеттерінің кезеңдестірілуі жасалды. Дегенмен мұнда ұзақ жылдарға созылған жүйелі жұмыстар, соның ішінде қола дәуірін зерттеу ісі Петропавл педагогикалық институты мен Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-

өлкетану музейі ұйымдастырған Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясымен тығыз байланысты. Аталған экспедицияны бастапқыда Г.Б.Зданович басқарған еді.

Орталық Қазақстан аумағында 1946 жылдан бастап түрлі жылдары Ә.Х.Марғұлан, М.Қ.Қадырбаев, С.М.Ақынжанов, Ж.Қ.Құрманқұлов басқарған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы жұмыс істеп келеді. Кең көлемдегі археологиялық барлау және қазба жұмыстары мұнда ондаған қоныстар мен қорымдарды ашуға мүмкіндік берді. Олардың арасында қола дәуірінің ерте (нұра) кезеңіне жататын – Ақшатау, Бұғылы-1, Байбала-1, Қомағал, Қанаттас; атасу кезеңімен мерзімделінетін – Айшырақ, Саңғыру-2, Былқылдақ-1-3, Шерубай-Нұра, Қарабие; беғазы-дәндібай кезіне жататын – Ақсу-Аюлы-2, Ортау-2, Бағазы, Атасу, Мыржық, Бұғылы-2, Ұлытау секілді жүздеген қоныстар, қорымдар мен ғұрыптық орындар отандық тарихнамада кеңінен белгілі.

Қарағанды мемлекеттік университетінің археологиялық экспедициясы зерттеу жұмыстарының қомақты бір бөлігін атқарды. Бұл экспедицияны 1973-1976 жылдары Г.Б.Зданович, 1977 жылдан бастап В.В.Евдокимов басқарды. Қарағандылық археологтар ұжымының (В.В.Варфоломеев, В.В.Евдокимов, С.У.Жауымбаев, К.М.Қарабаспақова, И.А.Кукушкин, В.Г.Ломан, В.А.Новоженков, И.В.Рудковский, А.А.Ткачев, Э.Р.Усманова, А.Ю.Чиндин, М.Беделбаева, И.Н.Швец) бір бөлігі, негізінен, қола дәуірі проблемаларын қарастырумен айналысты. Нәтижесінде Қарағаш қорымындағы ерте қола кезеңіне жататын қабірлер, Сатан қорымындағы қабірлерден арба қалдықтары аршып алынды. Сонымен қатар Қопа, Нүркен, Әкімбек, Ташық, Бозінген, Алпымса, Нұртай, Майтан, Лисаковск, т.б. андроновтық қорымдар зерттелді. Қазба жұмыстары Қопа-1, Ұпайыс, Әкімбек, Домалақтас, Лисаковское, Ташық, Майоровка, Энтузиаст секілді қоныстарда да жүргізілді. Кейінгі қола дәуірін зерттейтін отряд Еңбек сүйгіш, Доңғал, Дермен, Самара, Шойындыкөл, Қарағаш секілді қорымдарда қазба жұмыстарын атқарды. 1985 жылдан бері байырғы қала (протогород) типіндегі Кент қонысы зерттелініп келеді. Көне металлургия мен тау-кен ісін зерттеуге С.У.Жауымбаев мол үлес қосып келеді.

Сайып келгенде, Солтүстік және Орталық Қазақстан қола дәуірінде біртұтас тарихи-мәдени өңірді құрады. Өйткені, қола дәуірінің барлық даму сатыларында бұл аумақтарда айтарлықтай өзгешеліктер байқала қоймайды.

Петров мәдениеті. Бұл мәдениеттің бекіністі қоныстары мен обалы қорымдары Оңтүстік Оралдан, Оңтүстік-Батыс Сібірден, сондай-ақ Батыс, Солтүстік және Орталық Қазақстаннан көптеп табылған. Қазақстан аумағынан ұшырасқан қоныстар мен қорымдар б.з.б. XVIII-XVI ғасырларға жатады.

Қоныстар. Өңірде Амангелді-1, Кеңөткел-5, Семиозерное-2 секілді 3 бір мәдени қабатты қоныстар, Новоникольское-1, Петровка-2, Боголюбово-1 сынды көп мәдени қабатты қоныстар толымды түрде зерттелінген.

Петров мәдениетіне жататын қоныстарға тән нәрсе – онда бекіністік (қорғаныстық) құрылыстардың болуы; әдетте қоныс айналасында терендігі

1,5-2,5 м-ге, ені 3,5 м-ге дейін жететін оры болды, оның ішкі және сыртқы бөлігі топырақ жалмен (үйіндімен) көтерілді. Ішкі жал негізгісі болды, ол кейде ағаш құрылыстарымен бекітіліп, күшейтілді. Жал мен ор периметрі бойынша қонысты қоршаған жүйені құрады, не болмаса қоныс орналасқан жердегі тік жарға, ойдымға жалғасты. Қоныс ауданы 5-9 мың шаршы метрге жетті. Қорғаныс құрылыстарымен кірер есікке немесе ордың тармақталып кеткен жерлеріне қарама-қарсы орналасқан шұңқырлар тікелей байланысты. Әдетте шұңқыр қабырғалары саз балшықпен мұқият сыланды. Шұңқырға малдың бас сүйегі мен қаңқасының үлкен бөліктері, қыш құмыралар, ғұрыптық оттар да салынды.

Қорғаныстық (бекіністік) құрылыс ішіндегі кенттерде баспаналар өте тығыз орналасқан еді. Баспаналар көбіне 1-2 қатар болып жапсарластырыла орналастырылды, сондай-ақ бос телімдер мен алаңқайлар да кездеседі. Баспаналардың дені жер бетіне салынған тік бұрышты тұрпаттағы қима ағашты, тамбур тәрізді есігі бар құрылыс еді.

Қола құюшылардың баспана-шеберханасы Семиозерное-2 (Қостанай облысы, Семиозерное ауылы) қонысынан анықталған. Бұл қоныс 5 баспана мен шаруашылық кешеннен тұрады. Жоспары бойынша баспана тік бұрышты, жер бетіне салынған, қима типінде, ұсақ қазаншұңқырлы. Кіретін есігі тамбур пішінді. Баспана көлденең қабырға арқылы екіге бөлінген. Ауданы үлкен бөлігінде шеберхана орналасқан, мұны қазба барысында табылған мыс кентастарын қорытатын пеш, шаруашылық шұңқырлары, кентас пен күл қалдықтары нақты айғақтайды.

Баспананың кіші бөлігінде тұрмысқа арналған шаруашылық шұңқырлары, 1-2 ошақ орны орналасқан.

Петров қоныстарындағы өзіндік деталь – баспаналардың едені астында балалар қабірінің болуы. Жерленгендердің бас жағынан сәбидің қаңқа қалдықтары мен қыш құмыра сынықтары табылған.

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл бойындағы Петровка ауылы маңынан топырақпен тұрғызылған балалар қорымы зерттелген. Қорымнан ұзындығы 0,5 м-ден 1 м-ге шейін жететін, ені 0,4 м-ден 0,8 м-ге дейін баратын, тереңдігі 0,8-1,1 м болатын 32 қабір шұңқыры аршылған. Молалардан 1-3-ке дейін қыш құмыралар, кейде мал (қой, ешкі) сүйектері шыққан, біреуінен әшекейлер алынған.

Ерекше әлеуметтік топқа жататын жауынгер-еркектердің немесе арбалы-жауынгерлердің қабірлері Солтүстік Қазақстандағы Кеңес, Ұлубай, Берлік, Новоникольское қорымдарынан, Орталық Қазақстандағы Сатан қорымынан зерттелген.

Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданындағы *Сатан қорымы* 3 арбалы-жауынгерлердің оба асты қабірінен тұрады. Оба үйінділерінің диаметрі 8,6-13,3 м, биіктігі 0,6-1,15 м аралығында. Үйінді астынан ені 1,5-3,5 м, ені 0,35-0,85 м шамасындағы орлар және ордың ішкі жағынан айналдыра тігінен жерге қазылып қойылған тас плиталарынан тұратын сақина тәрізді қоршау шығады. Әрбір оба астындағы алаңқайда бір-бір шұңқырдан кездеседі. Батыстан шығысқа қарай бағытталған қабір шұңқырларының көлемі – 3,5-

3,8x2-2,65 м, тереңдігі – 1,07-1,37 м аралығында. Оңтүстік-батыс сектордағы қоршаудың плиталары жанынан берілген асты нақты айғақтайтын мал сүйектері мен қыш ыдыстар қалдықтары кездесіп отырады. Қорымдағы №1 обаның батыс бөлігінен жартылай күйген арба қалдығы сақталып қалғандығы анықталған. №3 обада көлденеңінен қойылған кеспелтек пен тас плиталарымен жабылған, тұрқы жонылған қалың бөренелерден тұратын қима сақталған. Оған қойылған мүрденің тонаушылық кезінде қатты бүлінгендігі байқалады. Моладан қыш құмыралардың сынықтары, тік бұрышты пішінде келген 15 шақты сүйектен жасалған сулық (әбзел жиынтығы), қоладан жасалған көз секілді алқа, паста моншақтар, шақпақ тастан жасалған жебе ұшы табылған. Басқа қорымдардағы оңтүстік-шығыс бағытындағы қабір шұңқырларының көлемі 4,0x2,5 м-ге, тереңдігі 1,2-1,5 м-ге жетті. Мүрделер бір бүйірімен қойылды.

Мүрделермен бірге бай да сан алуан заттар қойылғандығын Челябинск облысының оңтүстігіндегі тоналмаған Синташта қорымының кейбір обалары да нақтылай түседі. Мұнда зерттелген 40 шақты бейіттерден металдан, сүйектен, тастан жасалған 200-ден астам бұйымдар (мыс балта, төлкесі жабылмаған найза ұшы, тас түйреуіш, жебе ұштары, қыш құмыралар, т.б.) табылған. Бұл қорымнан алынған заттарға ұқсас бұйымдар Солтүстік Қазақстаннан да көптеп табылғандығын айта кетуіміз керек.

Кейбір оба астындағы алаңқайдан немесе топырақ қабаты жанындағы қабір шұңқырының шетіндегі саз балшықтан жасалған «көпшікке» жылқы қаңқалары «шауып бара жатқандай ат» секілді етіп орналастырылған. Кейде бейітке жылқының бас сүйегі мен тұяқтары ғана қойылды.

Екі доңғалақты (дөңгелекті) соғыс арбасы немесе күйме қалдықтары да табылған. Арба доңғалағы қабірдің түбіне қойылғандықтан, оның шеңбері мен кегейінің (спица) іздерін нақты анықтауға мүмкіндік алынған, байқалған іздері бойынша доңғалақ диаметрі 1-1,2 м, күпшегінің (ступица) аралығы 1,2-1,4 м болғандығы анықталған. Мұндай күйме Сатан қорымындағы материалдар бойынша қалпына келтіріліп отыр. Онда жартылай өртелген доңғалақтың, платформаның (бәлкім бүйірі де) қалдықтары бізге жетіп отыр.

Доңғалақ шеңбері (обод) терімен қапталғандығы туралы қосымша мәліметтер алуға да мүмкіндік алынды, сірә бастапқыда шеңбер шикі терімен қапталды, ол кепкеннен кейін шеңберді қысып тұрды да, кәдуілгі шина секілді қызмет атқарды. Тері ішкі жағынан сүйек шегелермен бекітілді. Мұндай 4 шеге табылған. Ішкі жалпақшаның ортасынан айналдырыла кертпе ойықтар түсірілді де, оларға күпшектер орналастырылды. Кегей орнатылған және білік (ось) өткен бір күпшек те сақталып қалған. Күйме-арбаның платформасы ағаштан жасалған, көлемі 1,2x0,67-0,75 м.

Жерлеу кешендеріндегі орталық бейітке жапсарластырыла салынған балалар мен жасөспірімдердің қабірлері сопақша келген шағын шұңқырлардан тұрды.

Сатан қорымындағы молалардан қыш құмыралар көптеп табылған. Олар көлденеңінен түсірілген сызықтармен, бүйірі тең үшбұрыштармен, ирек сызықтармен, қолмен ойылған ойықтармен көмкерілген.

Петров мәдениетінің құмыралары Орал мен Ертіс аралығындағы далалы және орманды-далалы аймақтарда біркелкілігімен ерекшеленеді. Ыдыстар матаға оралған үлгіде немесе қалыпта (шаблонда) жасалды.

Бұл кезеңге егіншілік, мал шаруашылығы мен қола күйө өнері тән. Құмырашылық, сүйекті өңдеу ісі, арба жасау дамыды.

Алакөл мәдениеті. Бұл мәдениеттің ескерткіштері б.з.б. ХҮ-ХІІІ ғасырлармен мерзімделінеді. Алакөлдiктер мәдениетi петров тайпаларының мәдениетiне негiзделген болатын.

Мейлiнше кеңiнен танымал қоныстары – Алексеевское, Перелески-2, Явленка-1, Петровка-1, Атасу-1. Алынған мәлiметтер қоныстар ауданы 10 мың шаршы метрден аспағандығын көрсетедi. Қоныстар өзендер жағалауларында орналасты. Баспаналары жартылай жертөле тәрiздi, олардың тiкбұрышты пiшiндегi қазаншұңқыры 0,6-1,3 м тереңдiкке жеттi, ауданы 100 м-ден 200 м-ге дейiн аумақты алып жатты. Өзен жақтан жасалған есiгi, әдетте, дәлiз тәрiздi, оның ұзындығы 1-5 м аралығында болды. Баспана екi бөлiкке бөлiндi. Оның еденiнен сопақша шұңқыр түрiндегi, тас қаландысы немесе саз балшықпен көтерiлiп жасалған 1-ден 8-ге дейiн ошақ орындары аршылады. Кейбiр баспаналардан өнiмдердi сақтауға арналған шетi шыбықтармен өрiлген немесе саз балшықпен қабырғасы бекiтiлген шұңқыр-құдықтар аршылған. Күл-қоқыс, тағам қалдықтары, сүйектер салынған көлемi шағын шаруашылық шұңқырлары да кездеседi.

Баспаналар қабырғасы мен жабынының (шатыры) құрылысы каркасты-бағаналы болды. Бағаналар қабырғаны бойлай белгiлi бiр аралықта қазылып қойылды да, тiгiнен кеспелтектермен, бөренелермен немесе саз балшықпен сыланған шыбықтармен бекiтiлдi. Орталық қатардағы бағаналар баспана шатырын екi жақты (двухскатная) болған деп топшылауға мүмкiндiк бередi. Жалпақ шатырлардың, тiптi пирамидалы-текпiшектi жабынның болуы да мүмкiн екендiгiн естен шығармаған жөн. Баспана шатырлары ағаш бұтақтарымен, бұталармен жабылып, күл араластырылған саз балшықпен сыланды. Қабырғасы мен жабынының құрылысына қолдағы (жергiлiктi) материалдар пайдаланылды. Егер орманды-далалы және iшiнара далалы аймақтарда құрылыс материалы ретiнде ағаш қолданылса, онда Орталық Қазақстан секiлдi далалы аймақтарда биiктiгi бiр жарым метрге дейiн жететiн тас плиталар қабырғаға пайдаланылып келдi. Баспаналардың еденге жақын қабаттарынан және толтырылған қазаншұңқырдан құмыралар, қола пышақ-найзалар, бiр немесе екi жүздi пышақтар, бiгiздер, тас балталар мен кетпендер, құйма қалыптар, жебе ұштары, ұршықтың бастары, т.б. тұрмыстық-шаруашылық заттар көптеп аршылып алынған.

Алакөлдiктер қайтыс болған өз руластарын қоныс маңындағы биiк төбелерге жерледi. Солтүстiк Қазақстанда мұндай қорымдар қатарына Перелески, Алексеевский, Конезавод жатады.

Кейбiр бейiттерден бiр немесе екi қатарлы бөренелi қималар кездесетiндiгi анықталған. Айталық, Перелески қорымындағы №2 обаның қирамаған бөлiгiнен екi қатарлы бөренелi қима мен көлденеңiнен тығыз етiп қойылған ағаш сабақтарынан жасалған жабын қалдықтары аршылған.

Орталық Қазақстаннан обалық үйінділер сирек кездеседі. Мұнда сақина тәрізді келген, бүйіріне дейін жерге көмілген қоршау түріндегі тас плиталар жиірек кездеседі. Көптеген қоршаулар 1-ден 9-ға дейін қосалқы құрылыстардан тұрады. Диаметрі 12-18 м болатын оба үйінділерінің биіктігі 0,9 м-ге дейін жетеді. Айталық, Қарағанды облысындағы Майтан қорымынан 51 (негізгі қоршау) мен 62 қосалқы құрылыс зерттелген. Көптеген қоршауларда 1-ден 5-ке дейін ғұрыптық орындар ұшырасқан, қазба барысында олардан қыш ыдыстар, мал сүйектері (бас сүйек, құйымшақ, т.б.) табылған. Қайтыс болған адамдарды көбіне сол бүйіріне және де ішінара оң бүйіріне жатқызып, аяқ-қолын бүгіп, қолдарын бетке жақындата орналастырып жерледі. Мұндай поза ана жатырында жатқан баланы, яғни жер-ана жатырында жатуды еске түсіреді. Екі адамның қатар жерленуі де кездеседі: ер адам мен әйел адам, балалы әйел адам, кейде олардың беттері бір-біріне қаратылды.

Қабірге қыш құмыралар, әшекейлер, еңбек құралдары қойылды. Молаға 1-3, кейде 4-5 ыдыс қойылды, олар мүрденің бас жағына, көкірек тұсына таяу қойылды, аяқ жағына қойылған ыдыстар өте сирек ұшырасады.

Әйел адам киіміне тағылған әшекейлер, негізінен, қоладан, кейбіреулері пастадан, сүйектен дайындалды. Айталық, Қостанай жеріндегі Тобыл өзені өңіріндегі қорымдардан моншақтар, қапсырмалар, алтын қаңылтырмен қапталған білезіктер, шашбаулар, сақиналар, бір жарым есе қайырылған самай алқалары, т.б. көптеп табылған.

Әшекейлердің күнделікті өмірде де, о дүниелік өмірде де өзіндік мән-мағынасы болды, өйткені олар эстетикалық талғамды көрсетті, сонымен қатар таңбалық, діни-магиялық қызметтерді атқарды. Олар адамдардың өмірінде маңызды рөл атқарды, одан дүниетанымдық, соның ішінде циклдық идея мен адам өмірінің толассыз дамидығы туралы таным-түсініктерді аңғаруға болады. Мысал ретінде бұған кеңірек тоқтап кететін болсақ, Солтүстік және Орталық Қазақстан жеріндегі 7 петровтық-алакөлдік қорымдардан алынған 13 шашбаулықтарды зерттеген археолог Э.Р.Усманова пікірінше, олар әйел адамның қоғамдағы статусын білдірген: кәмелетке толған қыз (бірінші типтегі шашбаулық), қалыңдық (екінші тип).

Әдейілеп әшекейлер мен шашбаулықтарды жерлеу кезінде бүлдіру ғұрпы өлген адаммен ара-қатынасты ұзу ретінде, ал бұларды молаға қою әлеуметтік статусын сақтауға ұмтылуды білдіруі мүмкін.

Ер адамдар жерленген молалардан еңбек құралдары мен қару-жарақтар (екі жүзді қола пышақтар, жебе ұштары, қайрақтастар, сүйек сулықтар, т.б.) көптеп аршылып алынады.

Алакөл ескерткіштерінде мейлінше көптеп кездесетін археологиялық материал қыш ыдыстары болып табылады. Олардың өзіндік белгілері, сипаттары бар және де осы археологиялық дереккөзі арқылы алакөл мәдениетінің өзіндік ерекшеліктері нақты аңғарылады. Алакөл типіндегі ыдыстарда мойын тұсынан денесіне өтер тұста кертпеші болады, денесінің екі немесе үш бөлігіне (мойын, дене, түбі) ою-өрнектер (топтастырылған көлденең және ирек сызықтар, тік бұрышты үшбұрыштар, жеңілделген

меандр) түсіріледі. Ою-өрнектер кеспе сызық арқылы, кейде тарақты штамппен түсірілді, сондай-ақ түрлі пішіндегі қолмен басылған ойықтар да кездеседі. Өрнекті қыш құмыралармен қатар банка пішіндегі ою-өрнекті немесе өрнегі жоқ ыдыстар да ұшырасады.

Ою-өрнектің ең көп таралған комбинациялық элементтері – тең бүйірлі штрихты үшбұрыштармен үйлескен горизонтальды сызықтар, үшбұрышты ойықтармен қатар орналасқан ирек сызықтар, меандрлы тең бүйірлі үшбұрыштар, көлденең сызықтармен немесе үшбұрышты келген ойықтармен үйлескен меандр, көлденең сызықтар мен ирек сызықтар қатары.

Алакөл мәдениеті андронов қоғамының тұрақты түрде дамыған уақытын айғақтайды. Бұл кезде қоныстарды қоршаған бекіністік құрылыстар болмайды, арбамен қоса жерлеу ғұрпы кездесе қоймайды. Молалардағы арбалы-жауынгерді салт атты малшы алмастыра бастайды. Шаруашылықтың мал өсіру мен егіншілік секілді түрлері дами түседі, қола құю ісі, тоқымашылық, құмыра жасау мен үй кәсіпшілігі өркендейді.

Федоров мәдениеті. Бұл мәдениеттің ескерткіштері б.з.б. XV-XI ғасырлармен мерзімделінеді.

Федоров мәдениетінің хронологиясы пікір таластар туғызып келеді: кейбіреулер оны хронологиялық тұрғыдан алакөлден кейін қойса, басқалар оларды қатар қояды. Бірақ алакөлдік ескерткіштер шығыс өңірлерде, федоровтық ескерткіштер батыс өңірлерде кездесе қоймайды.

Федоров қоныстарынан анықталған және зерттелген баспаналардың қирау дәрежесі оларды нақты қалпына келтіруге мүмкіндік бермей отыр. Әзірге баспана тұрғызуда екі тенденция байқалған: оның бірі жер бетіне салынған каркасты шағын құрылыстар болса, екіншісі тікбұрышты жартылай жертөле типіндегі құрылыстар.

Айталық, Петропавлдық Есіл өңіріндегі бір мәдени қабаттан тұратын Бишкуль-4 қонысынан ауданы 140 м, пішіні (тұрпаты) шаршы тәріздес, бұрыштары қатты дөңгеленген каркас үйдің бөлігі аршылған. Баспананың қазаншұңқыры аздап материктік бөлікке дейін қазылған. Дәліз тәрізді шығар есігі шағын кертпе түрінде. Баспананың орталық бөлігінен көлемі 1,3-1,8 м бөренелі рама анықталған. Раманың және бағаналық шұңқырлардың орналасуына қарағанда, сәл қисайтылған баспана қабырғалары төменгі бөлігі қазаншұңқырға тірелген, жоғарғы бөлігі бөренелі рамаға жалғасқан кеспелтектерден немесе бөренелерден тұрған. Өз кезегінде рама баспананың ішкі шекарасынан 1,5-2 м кейін орналасқан тігінен қазылып қойылған бағаналарға тірелген. Шатырының жоғарғы бөлігі орталық рамаға (оның қалдықтары еденнен аршылған) бекітілді, және де оның астына ошақтар орналасты. Сайып келгенде, баспана кесілген пирамида секілді тұрпатты иемденді. Жылыту үшін қабырғасы шыммен, күлмен өрілді.

Тікбұрышты жартылай жертөле типіндегі ірі құрылыстар Петропавлдық Есіл өңіріндегі Новоникольское-1 (№4 баспана) мен Атасу-1 (жарағанды облысы) қоныстарынан анықталған. Айталық, атасу-1 қонысындағы баспаналар ауданы 150-200 шаршы метрді қамтиды. Федоровтық баспаналар

ішінара Қарағанды облысындағы Усть-Кенетай мен Әкімбек қоныстарында да сақталған.

Тұтас архитектуралық ансамбльді көрсететін жалғыз федоровтық баспана кешені Икпень-1 (ортаңғы мәдени қабат) қонысынан қазылған. Бұл қоныстан тұрпаты сопақша келген, тереңдігі 0,2-0,4 м, ауданы 80-120 м 8 құрылыс-жертөле аршылған. Баспанаға кіретін жалғыз есік бұрышынан немесе қабырғасынан түсірілген. Еденнен 1-ден 4-ке дейін ошақ орны, 2-5 шаруашылық және 10-32 бағаналық шұңқырлар, ұралар, тереңдігі 3 м-ге дейін жететін және қабырғасы бұтақпен өрілген алакөл мәдениетіне тән 1-2 құдықтардың орындары анықталған. А.А.Ткачевтың пікірінше, мұндағы құрылыстар өз мәні бойынша қауым мүшелеріне, сүйек өңдеуші және металлургтардың баспана-шеберханаларына, культтарға қызмет ететін адамдарға арналған баспаналарға бөлінеді.

Икпень-1 қонысының қыш құмыралар топтамасы 6 бүтін және 500-ден астам ыдыс сынықтарынан тұрады. Ыдыстар мұқият жасалған, сырты көбіне жылтыратылған, илеуінде құм мен шамот (отқа төзгіш күйдірген топырақ), ішінара ұсақ тас (ірі құм), слюда, қабыршақ кездеседі. Ою-өрнекті түсіруде көбіне «тарақты» техникасы басымдық танытады. Тұрпаты (пішіні) бойынша ыдыстар 2 топқа жіктелген: профилі жатық ыдыстар және банка-ыдысы секілді профилі әлсіз құмыралар. Ыдыстардың бір бөлігі қатарлата басып ою әдісі бойынша белгілі аймақтарына сай «мойыны мен денесі көрсетіле тарақты штамппен өте көркем өрнектелген». Алғашқы топ ыдыстарында геометриялық – бұрышы қисық үшбұрыштар, тікбұрыштар, теңбүйірлер, меандр, фестон, «кілем өрнектері» сияқты ою-өрнектер тән. Жартылай кесінді техникасымен түсірілген мейлінше «көркем» ыдыстардағы ою-өрнектер – көлденеңінен түсірілген сызықтар, кертіктер мен ойықтар, қисық сызықтар, шыршалар. Екінші топтағы көлденең сызық, шырша, ойық, кертпеш түрінде түсірілген ыдыстар ою-өрнегі де осы техника бойынша жасалған.

Қазба барысында жапырақ тәрізді пышақтар, төлкелі чекан (металл бұйымдардың бетіне басып нақыш бедер салу үшін қолданылатын аспап), құйылған самай сақинасы мен балтаның бөліктері, сүйектен жасалған екі тесікті сулық, саз балшықтан жасалған құйма қалыптар сынықтары шыққан.

Обалар жерлеу құрылысының үштен бірін құрайды, ал қалған екеуі тікбұрышты және дөңгелек тұрпатты (пішінді) қоршаулардан тұрады.

37 қоршаулар мен обалардан, сондай-ақ шағын қоршау түріндегі 3 құрылыстардан 47 бейіт, соның ішінде 25 тас жәшік, 14 топырақ шұңқыр, 6 циста, қиыстырылған 2 жәшік-циста анықталған. Бейіт тереңдігі 0,45-тен 1,55 м-ге дейін, сонымен қатар мейлінше терең, 1 м-ден асатын бейіттердегі жәшіктердің тас плиталары 0,5 м-ге дейін көмілген.

Бейіттердегі мүрде батыс-шығыс және оңтүстік-батыс – солтүстік-шығыс бағыты бойынша жерленген.

37 моладағы жерлеу ғұрпы мынадай: 24 молада мүрденің сүйектері жерленген, 13 молаға өртенген мүрде қалдықтары қойылған.

Кейбір жерлеу құрылыстарының ерекше белгісі бір-бірімен ішкі және сыртқы болып үйлескен қос қоршаудың, тіпті үшеулік қоршаулардың кездесуі деуге болады. Өзгеше жерленгендер қалпы (позасы) да ұшырасады, мысалы Ә.Х.Марғұланның пікірінше, Қанаттас қорымындағы №11 қоршау бейітіне адам жүресінен отырған күйінде жерленген.

Жерлеу қабіріне 1 немесе 2 ыдыс қойылды. Қола және басқа бұйымдар сирек кездеседі.

Қорымдардағы қыш құмыралар кешені ыдыстар, банкалар түрінен тұрады. Ә.Х.Марғұлан кезінде нұра (федоров) кезеңіне тән қыш құмыралардың жалпы сипаттамасын көрсетіп берген болатын. Профили жатық ыдыстардың мойыны сыртқа қайырылған, ернеуі жатық, кейде қырлы болып келеді. Түбі жалпақ, кейде табандығы болады. Банка секілді ыдыстардың ернеуінің астындағы, денесінің жоғарғы бөлігіндегі ою-өрнектер аса айқын емес болғанымен, түсірілу техникасы келесі топтағы қыш құмыраларға ұқсас.

Ә.Х.Марғұлан федоровтық қыш құмыралары бар кешендер арасынан Бұғылы-1 кешенін ерекше бөліп көрсетеді. Оның бейіттерінен алынған қыш құмыралар өзгешелеу. Олар аздап «ваза» тұрпатына (пішініне) келіңкірейді. Кейде табандығы да ұшырасады.

Беғазы-дәндібай мәдениетінің ескерткіштері. Кейінгі қола дәуіріне жататын ерте беғазылық кезең Ақсу-Аюлы-2 жерлеу кешені (Қарағанды қаласынан оңтүстікке қарай) бойынша толымды түрде сипатталынады. Ол біртекті топырақ обалардан тұрады, оның сақиналы қоршау негізі бүйірінен қазылып қойылған ірі гранит плиталардан құралады.

Ақсу-Аюлы-2 кешеніндегі ең үлкен обаның биіктігі 2 м, диаметрі 30 м. Үйінді астынан бір-бірімен қиыстырылған төрт тас құрылысы шыққан. Олар үш қоршаудан және төрт үлкен плиталардан тұратын өте ірі тас жәшігінен тұрады. Бірінші, сыртқы қоршаудың бүйірінен жерге қазылып қойылған ірі тас плиталарынан тұратындығы анықталған. Екіншісі арнайы таңдап алынған тікбұрышты плиталардан көлденеңінен қалау техникасы бойынша өрілген қоршау. Оны өру сол замандағы жер бетінен басталған. Түп жағындағы қабырғалары тік, жоғары қарай ол біршама ішке қарай ойыса түседі. Үшінші кіші қоршау екіншісімен қабысады. Жоспары бойынша ол тікбұрышты тұрпатта және де бұрыштары аздап дөңгелене түседі. Екінші қоршау сияқты ол да эллипс пішінді. Оның батыс және шығыс қабырғалары жанынан бір-бірден үлкен плита тік тұрғызылып қойылған. Бұл плиталарға құрылысты жапқан жабынның негізгі салмағы түскен. Жерлеу құрылысының орталық бөлігіндегі ауданы 4 шаршы метр және тереңдігі 1,5 м-ден астам топырақ қабатындағы шұңқырда көлемді тас жәшік орнатылған, оның беті екі үлкен плиталармен жабылған. Жерлеу камерасының едені қиыршық тас, ұсақталған тас пен саз балшық араластырылып құйылған. Тас жәшікте ұзынынан созылып жатқан адамның қаңқасы болды.

Бұл обадан алынған қыш ыдыс өтпелі кезеңді көрсететін қыш құмыра үлгісі бола алады. Пішіні мен ою-өрнегі бойынша ол андроновтық құмыраларға өте жақын. Оның ернеуі сызықпен түрленген үшбұрыштармен

және кертпешті ойықтармен көмкерілген. Денесінің жоғарғы бөлігін мәнерлі меандр жолағы мен үлкендігі бұшақтай дөңгелек ойықшалар алып жатыр. Мұндағы ою-өрнекті түсіру техникасы Орталық Қазақстандағы кейінгі қола дәуіріне тән болып келетін көлденең тісті ірі тарақты штамп болып табылады.

Беғазы-дәндібай мәдениетінің дамыған кезеңіне Беғазы, Айбас-Дарасы, Аққойтас, Дәндібай, Ортау-3, Саңғыру-3 некропольдері және де Ұлытау, Шортанды-бұлақ, Қарқаралы-3 қоныстары жатады. Бұл қорымдар мен қоныстар баспана мен культтық архитектуралық-құрылыстардың озық үлгілерін жасаудың біршама аяқталғандығын да білдіреді. Бұл кездері мейлінше әсем кесенелер салынды. Сонымен бірге бұл кез шар тәрізді қыш құмыралардың жаңа түрлерінің көптеп жасалуын да айғақтайды. Олардың арасынан Беғазы қорымының тас плиталардан тұрғызылған қоршаулары ерекше орын алады.

Беғазы құрылыстары бұрыштары әлемнің төрт тарапына бағытталған шаршы пішінді бір не болмаса екі камерадан тұратын кешендер болып табылады. Ішкі шаршының қабырғалары жерге қазылып қойылған, тігінен жалпақ гранит плиталармен қапталған немесе көлденеңінен бут тастарымен қаланған. Құрылыстың қазылған бөлігіндегі борттан жоғары қарай биіктігі бір метрден астам жер бетіне қабырға тұрғызылған. Ол айналдырыла тігінен қатарластырыла қазылып, бір-біріне тығыз қиюластырылған ірі гранит плиталармен қапталған.

Беғазы ескерткіштерін тұрғызуға сұр түсті гранит тастары таңдап алынған. Кейбір тікбұрышты плиталар салмағы үш тоннаға дейін жетеді. Беғазы кешендеріне жататын ірі құрылыстарының бірі шаршы түріндегі қоршаудың сыртқы жағындағы көлемі 9,6х9,6 м, ішкі жағының өлшемдері – 6х6 м. Қоршаудың ішкі қабырғасы плиталармен қапталған және 0,7 м-ге дейін қазылған. Қаландының жалпы биіктігі 2,1 м, оның жер бетіндегі биіктігі 1,3 м. Екінші ішкі қабырғаның да биіктігі 1,3 м. Қаптама қаланды арасы тас қиыршықтарымен толтырылған, оған саз балшық құйылып, мұқият тапталған.

Беғазы «кесенелерінің» қызықты ерекшеліктерінің бірі ғұрыптық заттар мен құрбандық шалуға арналған алтарьдың болуы. Бұл «жер үстел» немесе құрылыстың табанын қазу барысында қазаншұңқырда жасалған сөре. Үстелдің үстіне майлар және органикалық қалдықтар сіңіп қалған. Осында құрбандық шалу іздері мен қой сүйегінің үлкен шоғыры сақталынған. Құрбандық үстеліне қыш ыдыстар да қойылды. Мұнда әшекейлер мен қару-жарақ бұйымдары да тұрды.

Кейінгі кезеңде алдыңғы уақыттағы күрделі жерлеу құрылыстарын қоршаусыз ірі тас жәшіктер түріндегі қарапайым құрылыстар алмастыра бастайды. Бұны айғақтайтын ескерткіштер Қарақаралы маңындағы Кент тауларынан, Айдарлы, Бұғылы-2, Құрылыс шатқалдарынан да табылған.

Қыш ыдыс алдыңғы уақыттағы дәстүрді әлі де болса сақтап қалды. Бірақ бүйірі шығыңқы, мойыны қысқа, ернеуі сыртқа қайырылған қазандық пішінді ыдыстар, жағалы деп аталатын ыдыстар және де мойын тұсына білік

жапсырылған ыдыстар үлесі басымдық таныта бастайды. Кертпеш, айқыш, шырша түріндегі ою-өрнек тегіс штамппен түсірілді. Кейбір ыдыстарға ойық түсірілді, тырнақпен басу жасалды, жарты ай, дақыл дәні (пісте) таяқша арқылы әсемделіне берілді. Жекелеген ыдыстардың мойын тұсы ыдыс ішінен дөңгелек таяқша арқылы шығарылған «маржандармен», яғни шығыңқы дөңгелекшелермен көмкерілді.

Кейінгі қола уақытына жерлеу құрылыстарынан басқа Суықбұлақ, Тәгібұлақ қоныстары да жатады.

Тас қабырғалы баспаналар конструкциясында өткен уақыттағы дәстүр сақталынғанымен жер бетінде тұрғызылған құрылыстар саны көбейе түседі. Үйлер тікбұрышты типте салынды, оның солтүстік және шығыс жағынан шығар есігі бар тас құрылыстары жапсарластырылды. Сыртқы қабырғалар қалың болып тұрғызылды, кейде тіпті 1,5-1,7 м-ге жетті; олар екі қатарлы жерге қазылып қаланған тас плиталарынан тұрды, олардың арасы ұсақ тастар аралас топырақпен толтырылды. Ішкі тұратын жер мен құрылыстар арасындағы далда (қалқа) да тастан соғылды, бірақ олар аса қалың емес еді.

Орталық Қазақстанның кейінгі қола дәуіріндегі тайпалары Оңтүстік Оралдың (замараев мәдениеті), Алтай мен Енисейдің (қарасұқ мәдениеті) туыстас тайпаларымен тығыз қарым-қатынаста дамыды. Дала кеңістіктері бір-бірінен бөліп жатқан бұл облыстардың материалдық мәдениетін сипаттайтын қыш құмыра бұйымдары, қола құралдар, тұрмыс заттары мен әшекейлердің жақындығы, көне тайпалардың тығыз мәдени және экономикалық өзара байланыс орнатқандығын дәлелдейді.

Кент қонысы. Қола дәуіріндегі, беғазы-дәндібай мәдениетіндегі қызықты ескерткіштердің бірі Кент қонысы болып табылады. Оны В.В.Варфоломеев бастаған археологтар ұжымы зерттеген. Бұл қоныс Қарағандыдан оңтүстік-шығысқа қарай 220 км жердегі Кент тауларындағы мәдени шағын ауданның орталығы. Негізгі су көзі – Қызылкеніш өзені. Мұнда кейінгі қола дәуірінің 12 қонысы мен 10 қорымы шоғырланған.

Кейінгі уақыттардағы құрылыстар аумағы қамтыған мәдени қабат алаңы 150 000 шаршы метрді қамтиды. Бұл қазіргі кездегі Қазақстандағы ең үлкен қоныс. Кентпен бірге жақын маңдағы өзеннің сол жағалауындағы Алат, Алат-1-2 қоныстары да бір мезгілде өмір сүргендігі анық. Кент пен осы үш қонысты Қызылкеніш өзені бөліп тұрған. Бұлай болғанда аталған төрт қоныс ауданы 300 шаршы метрді, ал құрылыстар саны 130-ды құрағаны анық. Қызылкеніш алабындағы құрылыстардың жалпы саны – 167. Барлық үй орындарының бір мезгілде өмір сүре қоюы неғыбайыл. Шартты түрде алғанда, аңғардағы 100 баспанада ғана адамдар өмір сүрген. Әрбір үйді бір отбасы мекендеді. Олар 12-14 адамнан тұратын түрлі отбасылар болса керек.

Шаруашылық мал өсіру мен егіншілік сынды кешенді сипатта болды. Орталық Қазақстан далаларындағы егін өсіру жанама айғақтарға негізделген: қоныстар өзен жайылмасында орналасқан, қазба барысында қоладан жасалған орақ-шалғылар, ладья секілді курантты дәнүккіштер, тас келсаптар мен кетпендер алынған. Кенттен бір тас кетпен табылған. Тамаққа деген

кажеттілік түгелімен жоғары қарқынды мал шаруашылығы, сондай-ақ мал өнімдерін егіншілік өнімдеріне айырбастау арқылы қанағаттандырылған.

Кент тауларын мекендеушілер, бүкіл Сарыарқада тіршілік еткен тайпаластары секілді ірі қара, қой мен жылқы өсірді.

Қаракұйрық, марал, құлан, қабан, қасқыр, бұлан, қарсақ, архар, ірі құстарды да аулады. Үй малдарының ішіндегі саны аз жануар түйе болды.

Кент тауларындағы беғазы-дәндібайлықтарда жылқы мен қойдың үлес салмағының ұлғаюы мал шаруашылығының жылжымалы бола бастағандығын аңғартады. Бұл енді андроновтықтардағы бақташылық емес еді. Ол жартылай көшпелі шаруашылық болды. Бірнеше шағын кенттерден тұратын шағын ауданның орталығы Кент қонысы еді. Оның орталықтық жай-күйі, өлшемдері, баспаналар саны мен өзге де кейбір параметрлері оны ірі елді-мекен ретінде ғана емес, жаңадан қалыптасып келе жатқан қала ретінде сипаттауға да мүмкіндік береді.

Ежелгі қоныстардың қалалық статусы бірқатар археологиялық белгілері бойынша анықталынады: 1 – ауданы; 2 – тұрғындар саны; 3 – монументтік (храмдық) архитектурасы; 4 – ауыл шаруашылық округтері; 5 – қолөнер өнімдері; 6 – айырбас; 7 - әлеуметтік стратификация.

Әдетте бұл қала формуласы археологиялық зерттеулерде абсолютті емес.

Қола дәуіріндегі Сарыарқа мал өсірушілерінің кенттері аса үлкен емес, олар 0,1-2 га шамасында. Өте ірі елді-мекендердің пайда болуы олардың рөлі ерекше болғандығын көрсетеді.

Кент қонысынан қоғамдық мәні бар құрылыс деуге лайық «Үлкен қоршау» деп аталатын кешен зерттелген. Ол жоспары бойынша тікбұрышты болып келген, ұзындығы бойынша СБ – ОШ бағытта.

Қалпына келтірілген «Үлкен қоршаудың» биіктігі 1 м шамасында. «Үлкен қоршау» қоғамдық салтанаттарды, сонымен қатар ғұрыптық жоралғыларды өткізуге арналса керек.

Қазба барысында 100-ден астам бүтін қола бұйымдары табылған.

Сүйек пен мүйізден жасалған бұйымдар өте көп. Қолданбалы өнердің мұндағы тамаша үлгілерін кәсіби сүйекшілер дайындау әбден ықтимал.

Кент қонысынан алыс жатқан өңірлердің тұрғындарымен өзара қарым-қатынас орнағандығын айғақтайтын мол мағлұматтар алынған.

Кент қоныстарындағы қыш құмыралар арасынан ортаазиялық кейінгі уақыттағы Намазга-6 шарық ыдыстары, сондай-ақ қарасұқ, елов, түгіскен ыдыстары да табылған.

Қызылкент аңғарындағы 10 қорымнан 240 бейіт құрылыстары анықталған. 60-тан астам конструкциялар қазылған. Құрылыстар арасында гранит тастары жалпағынан бір қабат (I тип) етіп қойылған (бірнеше қабаты өте сирек ұшырасады) шаршы секілді келген қоршаулар басым. Қоршау ішінде тігінен орнатылған плиталардан тұратын тікбұрышты немесе шаршыға ұқсас жәшік орналасқан. Мүрде жер бетіне (материк), үстіне немесе одан 5-10 см төмен деңгейде қойылған. Мұндай қоршаулардың өлшемдері 1,2x1,4 м-ден, 4,0x4,1 м, ал жәшіктерінің өлшемдері 0,6x0,8 м-ден 1,4x1,6 м-ге дейін барады.

II типтегі құрылыстар үлкен көлемділігімен ерекшеленеді (қоршаулар 9,0x8,5 м-ге дейін, тас жәшіктер 2,7x3,0 м-ге шейін); қабырғаларының қаландысы көп қабатты; мола қабырғасы жанында құрылыс ерітіндісін жасауға арналған аса терең емес шұңқырлары кездеседі; жерлеу кабірінде қыш ыдыстардың үлес салмағы ұлғая бастаған. II типтегі құрылыстар өз уақытында кесене атауын иемденген және де Ә.Х.Марғұланның Беғазы, Бұғылы-3, Саңғыру-1, Айбас-Дарасы, Дәндібай некропольдерін қазуы барысында кеңінен танымал болған. Кесенелерге жоғарғы әлеуметтік деңгейдегі адамдардың жерленгендігі ешқандай күмән туғызбайды. Кейбір осы аталған кесенелерден ондаған қыш құмыралар, алтын бұйымдар, қола заттар молынан шыққан.

Осындай кесенелерге жерленген көсемдердің тұрғылықты жері қыста Кент секілді қоныстар болды, ал жазда далалық тұрақтар болған еді. Көсемдер әскери отрядтар мен сауда керуендерін жасақтады, жылқыны алысқа пайдалана отырып, экспедициялар ұйымдастырды.

Кент тұрғындарының басты экспорт көзі металл болған деуге болады. Оның өндірісі мен таралуын жергілікті элита өкілдері бақылап отырды. Бұл жағдай кен көздері мол Орталық Қазақстанның көптеген өңірлеріндегі археологиялық кешендерден де анық байқалады. Жергілікті кәсіпшілер өз өнімдерін малға, мал өнімдеріне айырбастаса керек.

Бұл дала ақсүйектерінің әлеуметтік жай-күйі мал санының артуына байланысты күшейді, оған олар бақылауын орнатқан кең ауқымды металлургиялық өндіріс те өз септігін тигізді. Нәтижесінде қоғам мүшелері арасында мүліктік қатынастар күшейе түседі. Осы кездері мемлекеттік құрылымның қалыптасу үрдістері жүріп жатты.

Шығыс Сарыарқа аумағында Кентке ұқсас бірнеше бірлестіктер болғаны анық. Олардың бірқатарын Мыржық, Шортандыбұлақ, Бұғылы-2, Беғазы-1 төңірегіне локализациялауға болады. Бұл ескерткіштер Кентке уақытына сәйкес және де аумағы бойынша оған өте жақын келеді, әрі сүйектен жасалған олжалары мен металл бұйымдары мол. Олардың төңірегіне қоныстар мен қорымдар көптеп шоғырланған. II типтегі құрылыстар, яғни кесенелер де жеткілікті.

Мұнда да мемлекеттіліктің қалыптасуына байланысты үрдістер де жүріп жатқан болатын.

Жетісу археологиялық ескерткіштері

Жетісу жеріндегі қола дәуірі ұзақ жылдар бойы нақты зерттеліне қойған жоқ. Мұны ескерткіштердің жүйелі түрде зерттелмеуімен түсіндіруге болады. Әйтсе де қолдағы мағлұматтар қола дәуірінде Жетісу жері де ірі мәдени ошақтардың бірі болғандығын дәлелдеп отыр. Әсіресе соңғы 20 жылдай уақыттан бері атқарылған далалық ізденістер мұнда бірнеше археологиялық мәдениеттердің орнын анықтауға мүмкіндік берген болатын.

Кейбір тұжырымдар бойынша б.з.б. ХҮ ғасырдан бастап андроновтық тайпалар оңтүстікке қарай жылжи бастады. Дегенмен бұл кездерде орын

алған дала тұрғындарының миграциясы туралы ғалымдар арасында біркелкі байлам жоқ. Кейбір мамандар осы уақыттарда халық саны артты, олардың оңтүстікке және оңтүстік-шығысқа жылжуы жайылым жерлердің жетіспеушілігінен туындады деп есептейді. Басқа зерттеушілер андроновтықтардың қоныс аударуының негізгі себебін б.з.б. II-мыңжылдық ортасындағы құрғақшылықпен байланыстырады. Табиғатта орын алған өзгерістер андроновтықтарды Жетісудан жаңа жайылымдар іздестіруге мәжбүрледі. Бұл кезеңде жылқыны көлік ретінде мініп жүру кеңінен таралған болатын, мұның өзі алысқа қарай миграция жасауға да мол мүмкіндік берген. Дегенмен, бұл көзқарас археологиялық материалдар бойынша нақтылана қоймаған, себебі көпшілік мамандардың пікірінше: жылқыны мініп жүру кеңінен таралған уақыт андроновтықтардың қоныс аударуынан кейін орын алған. Расын айтқанда, табиғаттағы өзгерістер, халық санының артуы және жаңа жерлерді игеру андронов тайпаларының Жетісуға қоныс аударуына себепкер болған деуге болады.

Жоңғар Алатауындағы тау алдында, Іле Алатауының шығыс бөктерлерінде және Күнгеі Алатауында сібірлік андронов мәдениетінің дәстүрі анық байқалады. Қорымдардан алынған әйел адамның әшекейлері арасынан кең ауызды сырғалар көптеп кездеседі, жерлеу ғұрпында мүрдені өртеу салты басымдық танытады. Десе де бірқатар ескерткіштердің өзіндік өзгешеліктері байқалады. Мысалы, Көлсайдан және Шелек өзенінің жоғарғы ағысындағы Ұзынбұлақ, Алғабас қорымдарынан ағаштан жасалған жерлеу камералары кездеседі. Ал Жетісудың оңтүстік-батысында мұндай белгілер сиректеу ұшырасады.

Жетісудың батыс бөлігінде андроновтықтар б.з.б. II мыңжылдық ортасында пайда болса керек, өйткені Тамғалы шатқалындағы, Аңырақай мен Кіндіктас тауларындағы ең ежелгі ескерткіштер осы уақытпен мерзімделінеді. Шамамен осы кездері қоныстанушылардың бір бөлігі Көксу өзенінің аңғарына жылжыды, бірақ Жоңғар Алатауындағы тау алды жазығын қоныстанудың мерзімі б.з.б. XII-X ғасырларды қамтиды.

Б.з.б. XI-X ғасырларда Түрген, Асы, Шелек, Кеген өзендерінің аңғарларындағы биік таулы жайылымдар игерілді.

Кейінгі қола дәуірінде Көксу өзеніндегі Талапты, қазіргі Алматы қаласының аумағындағы Тереңқара, Баянжүрек тауларындағы Тасбас қоныстарында адам баласы тіршілік етіп жатты. Олардан басқа көптеген ескерткіштердің материалдары Жетісу жеріндегі қола дәуірі жайлы мол мәлімет береді.

Сөйтіп, Жетісу аумағын қола дәуірі тайпаларының игеруі бірнеше жүз жылдықтарға, соның ішінде б.з.б. VIII ғасырға дейін созылды.

Жетісу аумағынан қола дәуірінің қорым, қоныс және жартаc суреттерінен тұратын көптеген ескерткіштер ашылған. Жетісудың оңтүстік-батыс бөлігінде қорымдар Құлжабасы мен Шу-Іле тауларының жоталары аралығында; Ой-Жайлауда және Аңырақай тауларында орналасты. Жетісудың солтүстік-шығыс ескерткіштері Көксу өзені аңғары мен Жоңғар Алатауындағы биіктаулы үстірттен, Баянжүрек тауларынан, Көлсай мен

Шелек өзендері алабынан табылған. Ал Жетісудың орталығындағы ескерткіштер Алматы маңындағы Майбұлақтан, Ақсай ауылы жанынан, Алматы қаласының аумағынан және де биік таулы аудандардан, Асы, Саты, Кеген өзендері алабтарынан ашылған.

Алғашқыда андроновтықтар даланың шағын өзендері жағалауын қоныстанды. Жетісудағы қоныстар баспаналар мен шаруашылық құрылыстардан тұрады. Б.з.б. XII-X ғасырларда халық тау алды аймақтарға жылжыды. Б.з.б. II-I мыңжылдық шегінде Іленің сыртындағы Алатау, Күнгеі Алатау мен Жоңғар Алатауы игерілді. Бірнеше ондаған баспаналардан тұратын қоныстар пайда бола бастайды. Солардың бірі – Мұздыбұлақ. Құрылыс салу техникалық тәсілдері де бұл кездері түрлене түседі. Егер алғашқы кездері андроновтықтар жартылай жертөле түріндегі баспаналар тұрғызса, кейінгі қола дәуірі кезеңінде баспаналарды тау баурайларын пайдалана отырып тұрғызды, яғни жартас жыныстарын табиғи қабырға ретінде қолданды. Қоныстар жылы әрі қысты күні температура мейлінше жоғары оңтүстік баурайларда орналасты.

Жетісу жерінде Орталық Қазақстанға тән малға арналған шаруашылық құрылысы мен жататын орны қатар тұрғызылған баспаналар өте сирек ұшырасады. Мұнда тас плиталарынан тұрғызылған құрылыстар да жоқтың қасы. Дөңгелек және тікбұрышты пішіндегі жартылай жертөлелер бұл өңірдегі кең таралған баспана еді. Кей жағдайларда бағана шұңқырларының орналасуы, бөренелер мен қамыстардың қалдығы бойынша баспана шатыры екі құламалы (двухскатный) болған деп анықтауға болады. Үлкен үйлерде кейде төрт құламалы шатырлар кездеседі. Көптеген баспаналарда біртіндеп үйдің ішіне түсетін дәліз болды.

Әдетте, бүйірінен жерге қазылып қойылған тас плиталардан соғылған ошақ үйдің ортасында орналасты, оның күлін қырнап алуға арналған ойығы болған еді. Кейбір қоныстардан саз балшықтан жасалған сопақша пішінді ошақтар ұшырасқан. Бір бөлмеден тұратын баспаналарда кейде екі-үш ошақ орны кездеседі, мұның өзі баспана әлденеше рет қайта жабдықталып отырғандығын аңартады.

Ендігі кезекте археологтар тауып, зерттеген кейбір қоныстарға сипаттама жасап кетелік.

Асы қонысы. Асы өзенінің жағалауында, теңіз деңгейінен 2400 м биік жерде орналасқан. Қонысты А.Н.Марьяшев зерттеген. Қазбаға дейін жер үстінен қоныс аумағын қоршап тұрған қаз-қатар тізілген тас қаландылары анықталған. Қазба барысында үлкен бір баспананың үш қабырғасының негізі аршылған. Баспана қабырғасының қалыңдығы 0,5 м-дей болған. Бұл баспана жерге 1,2-1,3 м кіріп тұрған, қабырғалары таспен қаланған жартылай жертөле іспеттес. Кеспелтекпен көтерілген шатыры екі құламалы болса керек. Шатыр тіреулік ағаш бағаналарға тірелген. Саз балшықпен сыланған еденнен де осындай бағаналардан қалған шұқыр іздері анықталған. Үй далдамен (қалқамен) бөлінген бірнеше бөлек жайлардан тұрды.

Баспанадан табылған қыш құмыра оны кейінгі қола дәуіріне жатқызуға мүмкіндік береді. Жануарлардың сүйектеріне жасалған радикаміртекті

талдау ескерткішті бұдан 3040 жыл бұрын игерілгендігін көрсетеді, яғни ол бұл ескерткіштің жас мөлшерін б.з.б. XI ғасырға жатқызады.

Қоныстан ірі қара мен қойдың сүйегі көп шыққан, есесіне жылқы сүйегі өте аз.

Қоныстың орналасқан жері бұдан 3 мың жылдай уақыт бұрын андроновтықтар Жетісудың биік таулы жайылымдарын игергендігін дәлелдейді.

Талапты қонысы. Аталмыш қоныс Көксу өзенінің биік жағалауында, теңіз деңгейінен 800 м биіктікте, Ешкіөлмес жотасының төменгі жағында орналасқан. Оны А.Н.Марьяшев пен А.А.горячев зерттеген.

Көксу алабы ежелден өмір сүруге қолайлы аймақ болды. Мұнда қыс далаға қарағанда жылы болды, өйткені тау жотасы аңғарды солтүстіктен келетін суық желдерден қорғады, сондай-ақ таудың оңтүстік беткейлерінде қар бола қойған жоқ, мұның өзі қыста малдың жайылуына біршама қолайлы жағдай туғызды. Өзен жайылмасын тоғай алып жатты.

Өзеннің оң жағалауынан зерттеушілер 15 км-ге дейін созылып жатқан жерден көптеген көне қоныстар, қорымдар мен ғибадатханалар тапқан. Бұл өңір б.з.б. II-мыңжылдық соңғы ширегінде адамзат тығыз қоныстанған экологиялық аймақ болды.

Қонысты қазуға дейін оның үстінен тікбұрышты тұрпаттағы (пішіндегі) тас қаландылары анықталған, дәнүккіш пен тас келсап сынықтары жинастырылған. Қоныстың негізгі бөлігін өзен суы шайып кеткен. Қоныстың сақталған бөлігінен бірнеше тастан қаланған жертөлелер мен көлемі 16x18 м, жерге табаны 1 м-дей кіріп тұрған бір «үлкен» үй орны аршылған. Оның кірер есігі «Г» пішіндес. Баспананың ортасында ауданы 2,4x2,2 м, тас плиталары бүйірінен қаланған, күлі тола ошақ орналасқан. Ошақтан шығысқа қарай шұңқырлар орны анықталған. Шұңқырлардың бірі таспен қаланған, ол алдын ала-ақ сақтау қоймасы деп мамандар тарапынан анықталған. Екінші шұңқыр мал сүйектеріне, сынған ыдыс қалдықтарына толы, ол қоқыс салатын орын деп белгіленген.

Баспана еденінен қайрақ, пышақ тәрізді тас тілік, тас пышақ, жонғы, кетпен, ыдыс қақпағы, ұршықбас секілді тұрмыстық заттар алынған. Баспанаға шығыстан кірер ауыздағы қабырғадан жасалған шағын қуыстан екі бүтін құмыра табылған. Бұл ыдыстардың кішісі үлкен құмыраға салынған. Құмыраларға салынған заттар үйді бәле-жаладан қорғауға арналса керек. Талапты қонысында адамдар ұзақ уақыт өмір сүрді (б.з.б. II мыңжылдық соңы мен б.з.б. I мыңжылдық бас кезі), ал оның тұрғындары мал шаруашылығымен және егіншілікпен айналысып, кешенді шаруашылық жүргізді. Тұз тағыларын да аулады.

Тұрғындары негізінен қой өсірді, олардың үлес салмағы 75%, өсірілген сиырлар 20%, жылқы 5%.

Ой-жайлау қорымы. А.Н.Марьяшев зерттеген бұл қорым Кіндіктас тауларындағы үстіртте орналасқан ең үлкен ескерткіштердің бірі. Ол жыра шетінде орналасқан, 2500 шаршы м жерді алып жатыр және де шаршы, трапеция пішінді тас қоршаулардан тұрады. Қоршау ішінде бүйірінен

қойылған тас плиталарынан тұратын жәшіктер орналасты. Олардың беті жалпақ плиталармен жабылды. Жәшік ішінде ересек адам жерленді. Осындай үш моладан адамдардың қосарланып жерленгендігі анықталған. Бір-бірімен жапсарласқан жәшіктер конструкциясы да ұшырасады. Жас балалар шағын жәшіктерге және қабір шұңқырларына жерленді. Қайтыс болған адамдардың денесі бүгіліп, басы батысқа қаратылды.

Мүрдені өртеу ғұрпы да кездеседі. Мұндай жағдайда өртенген сүйектер мен күл секілді мүрде қалдықтары молаға қойылды.

Осыған ұқсас конструкциялар мен қабірге қойылған заттар Қарақұдықтан, Таңбалыдан, Құлжабасы, Аңырақай мен Қордай тауларынан да кездеседі.

Жетісудағы кеңінен танымал ескерткіштердің бірі кезінде А.Г.Максимова зерттеген *Қарақұдық қорымы* болып табылады. Ол Шу-Іле тауларының солтүстік-шығыс беткейлерінде орналасқан. Қорымдағы тас плиталарымен жабылған жәшіктерге балалар мен жасөспірімдер жерленген. Ересек адамдар тас плиталармен жалпағынан қаланған және беті жабылған цистада жерленген. Дөңгелек, сопақ және тікбұрышты келген қоршауларда балалардың, ересек адамдардың кейбір жәшіктері орналасқан. Сүйек қаңқаларының аяқ-қолы бүгілген, бастары батысқа, солтүстік-батысқа бағытталған. Балалар қабірінің (кейбірі тас плиталармен жабылған) бас жағында бір-бірден ою-өрнексіз саз балшықтан жасалған ыдыс қойылған. Ересек адамдардың қабірінен үлкен ыдыстардың сынықтары, қола моншақтар мен сыртқы жағынан ілмек секілді ұстағышы бар қола айналар табылған.

Жетісудың шығыс өңіріндегі таулы аудандарда басқаша жерлеу ғұрпы мен өзгеше конструкциялар кеңінен таралған болатын. Шелек өзені алабында тас плиталарынан тұратын тікбұрышты үлкен қоршаулар анықталған. Мұндағы қоршаудың ортасында, тереңдігі 2 м-ге жететін шұңқырда бірнеше тянь-шаньдық шыршадан тұратын ағаш құрылысы орналасқан. Осындай жәшіктерден міндетті түрде кремация ғұрпы бойынша жерленген бірнеше адам қалдықтары, қыш құмыра мен қола әшекейлері кездеседі. Мұндай типтегі қорымдар Көлсайдан, Алғабас, Ұзынбұлақ, Жылысай ауылдары маңынандағы қорымдардан зерттелінген.

Алматы қаласы аумағында ескерткіштер. Іле Алатауының тау алды аймағында орналасқан Алматы қаласын бірқатар тау өзендері кесіп өтеді. Ертеден-ақ бұл жерлер адам баласының тіршілігіне қолайлы өңір ретінде белгілі. Тау алды аймағы қоныстан 2 күндік жол жүрумен-ақ малды тез арада тауға немесе далалы аймақтарға жаюға мүмкіндік берді. Мұнда егіншілік те дамыды. Орман, тас және саз балшықтың мол болуы қоныс құрылыстарын салуды жеңілдетті және тез арада баспана тұрғызуға мүмкіндік берді, нәтижесінде Алматы аумағын б.з.б. II-мыңжылдықта андроновтықтар қоныстанды.

Өңірдегі және қала аумағындағы археологиялық ескерткіштер өкінішке орай қазіргі замандағы құрылыстарға байланысты қатты қираған.

Бірақ Алматы қаласы аумағындағы қойма-олжалар (көмбелер) мен бірнеше сақталып қалған қоныстар тұрғындар тыныс-тіршілігі жайлы қызықты ақпараттар легін берді. Алматының түрлі аудандарынан құрылыс жұмыстары кезінде қола дәуірінің кездейсоқ олжалары көптеп табылған. Аса қызығушылық туғызатындары «Каменский» мен «Түрксіб» қоймалары. Алғашқысы «Каменское плато», кейінгісі «Түрксіб» санаториялары маңынан табылған болатын. Біріншісі 1 м тереңдіктен, екіншісі 3 м тереңдіктен анықталған. Бұл қоймалардан қола дәуіріне жататын тұрмыстық-шаруашылық заттар (қашау, қыш құмыра, балта, найза ұшы, пышақ, орақ, келсап, т.б.) заттар алынған.

Қоймалардың ең ерте кезге жататын уақыты – б.з.б. XIV-XII ғасырлар, ал кейінгілері б.з.б. XII-X ғасырларға жатады.

Тереңқара қонысы. Алматы қаласының солтүстік шетінде орналасқан бұл қоныс зерттеуші Ф.П.Григорьевтің пікірінше уақытша және маусымдық болған. Оның тұрғындары дөңгелек, аздап жерге еніп тұрған баспаналарда өмір сүрді. Жүргізілген қазба жұмыстары қоныс тұрғындары мал өсірумен және егіншілікпен айналысып, кешенді шаруашылық жүргізгендігін анықтап берді. Соның ішінде мал шаруашылығы басымдық танытқандығы анықталды. Мұны маусымдық баспаналардың салынуынан да көруге болады. Қоныстан ернеуі мен мойын тұсында ою-өрнегі бар қыш құмыра, дәнүккіш пен тас келсап табылған. Ыдыстың бір бөлігі шарықта дайындалған. Үшбұрыш түрінде қызыл бояумен түсірілген көркем суреттері бар ыдыстар да ұшырасады. Мұндай көркем суретті қыш құмыралардың ұшырасуы, сол кездің өзінде-ақ жергілікті тұрғындар Орта Азиямен, соның ішінде осы техника орталықтарының бірі болған Ферғанамен тығыз байланыс орнатқандығын көрсетеді. Қоныс б.з.б. IX-VIII ғасырлармен мерзімделінеді.

Бұтақты-1 қонысы. Алматы қаласының оңтүстік-шығыс шетінде, Көктөбе тауларының баурайларында орналасқан бұл қонысты А.А.Горячев басқарған отряд зерттеген.

Қоныс Жарбұлақ (Казачка) өзенінің жарлы оң жағалауындағы биік жотада орналасқан. Ескерткіш аумағы өзеннің оң жағалауындағы ұзындығы 1,5-2 км, ені 1 км-дей тегіс террасаны алып жатыр. Археологиялық кешеннің негізгі бөлігі қазіргі уақыттардағы құрылыстар әсерінен қираған, оның тек батыс бөлігі ғана аздап сақталып қалған.

Археологиялық зерттеулер нәтижесінде сақталып қалған осы телімнен бірнеше баспана орны анықталған. Олардың арасынан шаршы түріндегі, ауданы 120 шаршы метрге жуық жартылай жертөле аршылған. Оның оңтүстік-шығыс бөлігінде біртіндеп еденге түсетін пандус түрінде кірер есік болған. Құрылысты салу үшін алдымен тереңдігі 1,2 м қазаншұңқыр қазылған. Қазаншұңқыр қабырғасын айналдыра бағана-тіреуіштер орнатылған. Баспана қабырғасы жіңішке бөренелермен және кесінді ағаштармен тұрғызылып, іші-сырты қызғыш келген жоса қосылған саз балшықпен сыланған. Орталық бөліктегі ошақтың айналасынан төрт ірі ағаш бөренелер орны анықталған, олар шатыр конструкциясындағы тіреулер болса керек. Шатыры төрт құймалы, онда түтін шығатын тесіктің де болуы

ықтимал. Тіреу бағаналарының барлығы таспен бекітілген. Баспана құрылысына тяньшаньдық шырша пайдаланылған. Баспананы аршу барысында тұрмыста және шаруашылықта қолданылған заттар (қыш құмыра, келсап, дәнүккіш, болас, қайрақтас, сүйектен жасалған бойтұмар, тескіштер, т.б.), мал сүйектері (қой, жылқы), қола бұйымдар (ине, тескіш, сакина, т.б.) алынған. Қыш құмыралар жасалуына және сипатына қарағанда Орталық Қазақстанның алакөл мәдениетінің ыдыстарына ұқсас болып келеді, бірақ жекелеген пішіндер мен ою-өрнектер Шығыс Қазақстандағы федоровтық кешендерге де келіңкірейді. Радиокөміртекті талдау мәліметтері ескерткіштің б.з.б. XII-XI ғасырларда қирғандығын нақты көрсетіп берді. Егер қола дәуірінде ескерткіштер ұзақ уақыт пайдаланылғандығын ескерсек, онда оның қалыптасуы б.з.б. XIV-XIII ғасырларда орын алғандығын жорамалдауға болады.

Жетісу жеріндегі жарқын ескерткіштердің бірі жартас суреттері болып табылады. Тасқа қашап салынған мұндай суреттер сол кездері өмір сүрген адамдардың дүниетанымы, жосын-жоралғылары мен шаруашылығы жайлы молынан хабар береді. Андронов тайпаларының кеңінен танымал болған мұндай «ашық аспан астындағы ғибадатханалары» Таңбалыдан, Ешкіөлмес, Құлжабасы және Баянжүрек тауларынан табылған.

Таңбалы ғибадатханасы Алматы қаласынан солтүстік-батысқа қарай 170 км жерде орналасқан. Ондағы қола дәуіріне жататын петроглифтер шатқалдың төменгі бөлігінде шоғырланған, тас плиталарына, ірі жартас блоктарына және де баруға болатын қолайлы жерлерге салынған. Бұл ескерткішті, А.Г.Максимова, А.Н.Марьяшев, А.С.Ермолаева, А.Рогожинский, т.б. зерттеген.

Таңбалыдағы ғибадатхана (мінәжат орнында) орталығындағы жартастар өзіндік амфитеатрды құрайды. Сірә, осы жерде күн мен құнарлылық культтарына байланысты жосын-жоралғылар атқарылған болса керек. Құз жартастардың жоғарғы ярустарының бірінде басы күн шуағын шашып тұрған фигура бедерленген. Төменде айнала қол ұстасып әндетіп билеп жүрген адамдар бейнеленген. Олардың арасында қару-жарақ ұстаған, бас киім немесе маска киген адамдардың, босанып жатқан әйелдің бейнелері секілді түрлі топтарды бақылауға болатындықтан, орталық көріністе қола дәуірінің адамдары пайымдаған әлемнің құрылымы, үйлесімділігі бейнеленген деуге болады. «Күн басты» кейіпкерлердің жоғарыда орналасуы жоғарғы әлем туралы түсінікті білдірген, ал одан төменде қасиетті аңдар мен адамдар бедерленген. Таңбалыдан күн басты құдайлардың барлығы 25 бейнесі табылған, олардың басым бөлігі б.з.б. XIV-XI ғасырлармен мерзімделінеді.

Бұл жерден құрбандыққа шалынған немесе шалынып жатқан өгіздің бірнеше айқын көріністері белгілі болған.

Қола дәуіріндегі басқа да қызықты ескерткіштердің бірі *Ешкіөлмес* тауларындағы Көксу өзені алабындағы петроглифтер шоғыры болып табылады. Ескерткішті А.Н.Марьяшев, А.А.Горячев, С.А.Потапов зерттеген. Ешкіөлмес петроглифтері 15 шатқалда орналасқан және де батыстан шығысқа қарай 10 км-ге созылып жатыр. Бұл жерден түрлі тарихи-мәдени

дәуірлерге жататын суреттерді кездестіруге болады, олардың ең ежелгілері қола дәуіріне жатады. Петроглифтердің сюжеттері де әр алуан: соғыс сахнасы, арбалардың суреттері (100-ден астам), адамдардың алыптармен күресі, босанып жатқан әйел, «күн басты» кейіпкерлер, аңшылық сәттері, мал айдау, жекелеген тұз тағылары, т.б. Кейбір суреттер жұқа бедер арқылы түсірілген.

Құлжабасы тауларындағы петроглифтер шоғыры да қызықты. Оның қызықты болатын себебі, мұнда 1 метрден асатын өгіздердің суреттері кездеседі. Бұл б.з.б. II-мыңжылдық ортасында осы хайуанаттың культы кеңінен таралғандығын дәлелдейді. Жабайы жылқылар үйірі бейнеленген көріністер де ұшырасады.

Сонымен, Жетісу жерінің түрлі табиғи аймақтарында кездесетін ескерткіштерді қазу қола дәуірінде адам баласы өңірдің табиғи жағдайларына бейімделе бастағандығын қарастыруға мүмкіндік береді. Шығыс аймақтарға қарағанда батыс өңірлер ертерек игерілгендігі анықталған. Ол кезде далалы өңірдегі шағын өзен жайылмалары игерілді. Одан соң тайпалардың бір бөлігі Шу-Іле тауларына, Аңырақайға, Хантауға жылжыды. Хантау тауынан 3-4 шаршы км аумақты алып жатқан бірнеше ірі қорымдар анықталған. Таңбалы, Құлжабасы, Ой-жайлау қорымдарынан алынған жерлеу инвентары Орталық Қазақстан материалдарына жақын.

Қоршаулар мен жерлеу камералары құрылысы, керамикалық ыдыстары және қоладан жасалған әшекейлердің (спираль тәрізді әшекейі бар білезік пен моншақтар) ұқсастығы да байқалады. Қыш құмыраларға жасалған ғылыми талдау Жетісудағы жаңа жерлерге федоров және де алакөл мәдениеттерінің дәстүрлерін алып келген тайпалар қоныстанды деп қорытынды жасауға мүмкіндік беріп отыр.

Шығыс аудандар, әсіресе биік таулы аймақтар батыс өңірлерге қарағанда кейінірек, яғни б.з.б. XII-X ғасырларда игерілді. Мұнда федоров мәдениетінің дәстүрі басымдық танытады. Сонымен қатар Іленің сыртындағы Алатаудың шығыс бөлігінен ағаш конструкцияларында ұжымдық жерлеуі, мүрдені өртеу ғұрпы бар Қазақстан үшін жаңа ескерткіштер типі пайда бола бастайды. Олар андроновтықтардың биік таулы жайлауларға жылжуын және де б.з.б. II-мыңжылдық соңына қарай көшпелі мал шаруашылығының бастапқы кездегі қалыптасуын зерделеуге мүмкіндік береді.

Оңтүстік Қазақстан қола дәуірі ескерткіштері

Мұндағы ортаңғы қола дәуірін Қаратаудың солтүстік беткейлеріндегі Таутары қорымы сипаттайды. Оны А.Г.Максимова зерттеген. Бейіт үсті ескерткіштері – бүйірінен қазылып қойылған тақта тастардан (таст плиталарынан) немесе жер бетіне қойылған тастардан тұратын тікбұрышты, шаршы түріндегі, сопақша, дөңгелек келген қоршаулар. Жерлеу кейде тақта таспен жабылған топырақ шұңқырларда атқарылды. Мүрдені өртеу ғұрпы басым болған. Өртелген сүйектерді көбіне қабір шұңқырының батыс жағына

бір немесе бірнеше жерге үйіп қойды немесе түбіне шашып тастады. Қабірге бірден беске дейін тағам салынған ыдыстар қойылды.

Ыдыстардың түбі жалпақ, олар екі тұрпатты: банка мен иық тұсы дөңгеленген немесе мойынынан денесіне өтер тұсы аздап кертпіштелген қыш ыдыс. Олардың өрнегі, негізінен, тарақты штамппен көмкерілген. Әдетте ыдыстың мойын тұсы, денесінің жоғарғы бөлігі, кейде түп жағы және де түбі өрнектелген. Тең бүйірлі кескінді үшбұрыш, үзілген сызық, меандр, басылған үшбұрыш түріндегі ою-өрнектер кеңінен таралған. Банка түріндегі ыдыстардың ою-өрнегі жоқ немесе тең бүйірлі үшбұрыштармен өрнектелген. Қоладан және алтыннан жасалған ұсақ бұйымдардың дені әшекейлер болып табылады. Олардың арасында «табанды» және тесігі бар сопақша алқалар, сауытшалар, жүзіктер, тескіштер, моншақтар, алтынмен қапталған сымнан жасалған самай сырғалар, пастадан, шыны тәрізді массадан жасалған моншақ, киімге тағылатын қола қапсырмалар бар.

1976 жылы жүргізілген жүйелі де жоспарлы археологиялық жұмыстар Қазақстанның оңтүстік аймақтарынан да қола дәуірінің ескерткіштерін табуға септігін тигізген болатын. Мұнда Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының бағыттық-ізвестіру (обалық) отряды Қызылорда облысы Жаңақорған ауданында далалық жұмыстар жүргізеді де, аудан жерінен бірнеше археологиялық кешендер табады. Отряд Бесарық өзені жағасындағы қола дәуіріне жататын Күйікті қорымынан бірнеше тік бұрышты қоршауларды қазады. Зираттағы көлемі әрқилы алты секциядан тұратын қоршаудан Таутары кешенінің материалдарына ұқсас сан алуан заттар алынады. Зерттеушілер (Ә.К.Ақышев) Күйікті зиратын андронов мәдениетінің кейінгі кезеңіне жатқызады да, онда жерленген тайпа өкілдері Орталық Қазақстан тайпаларымен мәдени байланыс орнатқан деп жорамал жасайды. Оны ең алдымен қыш ыдыстары, қабір құрылыстары айқындап берген еді.

Жалпы алғанда, Оңтүстік Қазақстаннан 1970-1990 жылдар аралығында табылған қола дәуірі ескерткіштерінің зерттелу тарихы А.А. Рүстемовтың «К вопросу изучения эпохи бронзы Южного Казахстана» мақаласында бір жүйеге түсірілген. Онда автор республиканың оңтүстігінде зерттеулер жүргізген ғалымдардың (А.Г. Максимова, Ә.К. Ақышев, т.б.) жұмыстарын қорытындылай келе 1980 жылдары ашылған бірқатар ескерткіштердің материалдарын ғылыми сараптамадан өткізеді. Автор ең алдымен қола дәуірі ескерткіштері шоғырланған аудандар қатарына Арыс, Келес өзендері алабын, Қаржантау, Қазығұрт, Боралдай тауларын қосады. Ол әсіресе қазіргі Бәйдебек ауданындағы (бұрынғы Алғабас – *авт.*) Жамбыл ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 20 км жерде орналасқан Ақтөбе атты қорым обаларына ерекше көңіл бөлген. Мұнда №43 обаны қазған кезде тас плиталы қабірден (100x60 см, тереңдігі 70 см) түбі жалпақ андроновтық типтегі өрнексіз құмыра сынықтары шыққан. А.А. Рүстемов мұндай құмыралар Таутары ыдыстарына ұқсас дейді де, ескерткішті жас баланың бейіті болған деген пікірге келіп, хронологиялық мерзімін б.з.б. XI-IX ғасырлармен белгілейді.

1982 жылы Шымкент педагогикалық институты жабдықтаған археологиялық экспедицияның іздестіру отряды қазіргі Ордабасы ауданындағы Бөген су қоймасы (оған құятын Бөген өзенінің сол жақ жағасындағы су шайған жалдан) аймағынан андроновтық типтегі өрнегі әлсіз байқалатын екі құмыра (бірінің биіктігі 20 см, дене тұрқы 20 см, ернеуінің дм 18 см, түбінің дм 11 см; екіншісі одан кішілеу) аршып алады. Бұл қыш ыдыстарды мамандар Орталық Қазақстандағы беғазы-дәндібай мәдениетіне жақын және б.з.б. XI-IX ғасырларға жатады деп есептейді.

2000 жылы сәуір айында Түркістан археологиялық экспедициясы (жетекшісі Е.А.Смағұлов) Түркістан қаласынан оңтүстікке қарай 5 км жерден қола дәуірінің Шербай қорымын тапты. Қорымның аумағы 1800 шаршы м, одан әр дәуірге жататын 20-дан астам жерлеу құрылыстары анықталған. Олар үш топқа (Шербай-1-3) бөлінеді. Қазба кезінде ерте темір дәуірінің бастапқы кезіне жататын 1 қабір (ерте сақ заманы, Шербай-1, №7-қабір), одан кейінгі уақытқа жататын 2 мола (қауыншы мәдениетіне тән; Шербай-1, №4, 13 қабір) аршылған. Қола дәуірінің ескерткіштерінен (Шербай-1, №1-3 қабірлер; Шербай-3, №1 қабір) андроновтық мәдени-тарихи қауымдастыққа тән мал өсірушілердің материалдары алынған. Қабір шұңқырларынан (беті ағашпен жабылса керек, үсті топырақпен үйілуі де мүмкін) 1-5 дана қыш ыдыстар, кремацияланған адам сүйектері (Шербай-1, №11 моладан ғана басы батысқа қаратылған, аяқ-қолы бүгіліп, сол жағымен жерленген мәйіт қалдықтары шыққан), металл бұйымдар алынған. Металл бұйымдар арасында қоладан, күмістен жасалған білезік, кеудеге тағылатын тоғалар, моншақтар да кездеседі. Зираттағы қола дәуіріне жататын ескерткіштер материалдары Оңтүстік Қазақстандағы Таутары қорымына өте ұқсас екендігі анықталған. Археологтар Шербай қорымын андронов мәдени-тарихи қауымдастығына енетін федоров мәдениетіне жатқызады. Мұны С14 әдісімен қабірлерден алынған б.з.б. ХҮІ-ХІҮ ғасырлар деп көрсеткен мерзім де нақтылай түседі.

Солтүстік Түгіскен – кейінгі қола дәуірінің ескерткіші. Оны М.А.Итина зерттеген. Сырдарияның төменгі ағысында, Арал төңірегінде кейінгі қола дәуірінің бірегей кешені – Түгіскен кесенелерінің ең ерте уақытқа жататындары 4, 5 және 7-ші кесенелер тікбұрышты (54x28x10-12, 48x32x10-11 см) шикі (қам) кірпіштен тұрғызылған. Жоспарында сыртқы шаршы қабырғалармен ұштасатын дөңгелек (диаметрі 14 м) негізге алынған. Ішкі қабырғадан сәл шыққаннан кейін (1,6 м қашықтықта) дөңгелегінен 8 немесе 12 тікбұрышты кірпіш колоннасы орнатылған, қазір одан екі метрдей бөлік қана сақталған (5а кесене). Ары қарай осы сақинадан 1,3 м қашықтықта орнатылған төрт немесе сегіз колонна үшбұрыш тұрпатты болып келеді. Осындай бір-бірден колонналар құрылыстың әрбір сыртқы төрт бұрышында болған (4 және 5а кесенелер). Бірінші, үлкен сақина колонналары өзара жұқа кірпіш қабырғамен (5а кесенесі) немесе өрілген екі қабырғамен жалғасқан.

5а кесенесінде кірпіш қабырғаның сыртқы жағынан саз балшықтан жасалған «орындықтар» орнатылған, олар колонналар арасын толтырып тұрған, және де кірпіш қабырға тіреуіш қызметін атқарған. Бұл 5а кесенесіндегі камера ауданын бөліп тұрған екінші қатардағы колонналар

өзара байланыса қоймаған. Сөйтіп, колонналар жүйесі тікбұрышты камераның ортасында орналасқан сыртқы және ішкі дәліздерге бөлінген. Соңғысы 4 және 5а кесенелерінде тереңдетілмеген, тек колонналармен шектелген; 7 кесенеде ол 0,2-0,3 м тереңдетілген, және де оның қабырғасына көлденеңінен жатқан бөрене кеспелтектері қойылған. Кесенеге кірер есік шығыс жақта болған және де ол тікелей ішкі дәлізбен жалғасқан. Сыртқы дәлізге кіру кейбір кесенелерде (5а, 7) мүмкін болмаған, өйткені ол өтетін жер қалдырылған екі қабырғамен бөлініп тұрған. Барлық кесенелер үстірт үстіндегі жер бетіне тұрғызылған.

Кірпіш колонналарымен қатар, оларды қайталай ағаш бағаналар да тұрған, бұлардан тек едендегі шұңқырлар сақталған. Сөйтіп, кесене ішінде айналып өтетін дәліздер жүйесі қалыптасқан. Ортада орналасқан бөлмеден және дәлізден қыш ыдыстар, қоладан жасалған құралдар мен қару-жарақтар, алтын әшекейлер алынған. Орталық бөлмеге қойылған мүрде кесенемен бірге өртелген.

6 кесене Солтүстік Түгіскендегі кейінгі уақытқа жататын ең ірі кешендердің бірі. Бұл жоспары бойынша дөңгелек келген (диаметрі 25 м шамасында) жерлеу құрылысы болып табылады, ол шикі кірпішпен (50-60x25-30x10 см) өрілген цилиндр секілді орталық массивтен (диаметрі 15 м) тұрады, оған шаршы түріндегі жерлеу камерасы енген. Массив сыртқа қоршау сақинасымен қоршалған, олардың арасында ені 2,05 м дәліз орналасқан. Шығыс жағынан ішкі және сыртқа қабырғаларда 1 м шамасында өтетін жер қалдырылған. Жерлеу камерасының (өлшемі 7,8x6,9 м) бұрыштары әлемнің төрт тарапына қаратылған және де ежелгі жер бетіндегі деңгейден 1,3 м тереңдікте қазылған, одан жоғарыда жұқа қамыс қабатының үстіне өрілген кірпіш қаландысы тұрған. Қаланды өрілгенге дейін батыс қабырғаның тлпырақ бөлігінен екі шұңқыр қазылған. Олардың бірі қабырға астынан 2 м тереңдікке дейін барады, және де одан сүйек қалдықтары, бәлкім сиыр қаңқасы шыққан. Бұл «құрылыс іргесін қалау кезіндегі құрбандық». Жерлеу камерасының қабырғалары қалың қамыс пен бұтақтармен бекітілген, сірә бұл сырғауыл мен бағаналар есебінен ұсталып тұрған тоқыма болса керек.

6-шы кесене – ақсүйектің қабірі. Мұны ең алдымен бір бөлігі шарықта жасалған ыдыстардың (60-тан астам) аса бай топтамасы да дәлелдейді. Оны алтыннан жасалған олжалардың бөліктері де растайды. Мұнда ақсүйек әйел, тіпті абыз әйел жерленсе керек.

Солтүстік Түгіскеннің барлық кесенелері бір мәденитке жатқанымен, олардың арасынан сыртқы қабырғасы шаршы түріндегі 4, 5а және 7 кесенелерді ең ерте кезге, сыртқы қабырғасы дөңгелек келген 4а, 5в, 6, 15 кесенелерді кейінгі уақыттарға жатқызуға болады. Кейінгі кезеңдегі ескерткіштер қатарына сол кірпіштерден өріліп, кесенеге жапсарластырылған қоршауларды да атауға болады.

Едені сазбен сыланып, оған циновка төселінген. Қабырғалары, сірә, қола шегелермен қағылған кілеммен немесе киізбен сәнделген сияқты. Мұның бәрі де мүрдемен бірге өртелген.

Үлкен кесенелерге жапсарластырыла шикі кірпіштен тік бұрышты бөлмелер соғылған, олардың ішіне қабір шұңқырлары орналасты. Жапсарлас құрылыстар ауданы 35-50 шаршы м аралығында. Бұларда да мүрде өртелген. Обаларда қыш ыдыстар саны өте көп. Олардың бірінен 40-қа жуық қыш ыдыстар, сондай-ақ алтын мен ақық моншақтары, қола түйреуіш, алтын сырға шықты.

Жерлеу инвентары ішкі дәліздерден және камералардан табылған. Жапсарлата салынған қоршаулардан алынған олжалар жерлеу шұңқырын алып жатқан барлық аумақтан кездескен. Түгіскен кесенелерінен ерте замандарда тоналғанына қарамастан, қазба кезінде қоладан, жартылай бағалы тастардан, алтыннан жасалынған әшекей бұйымдар, қыш ыдыстар топтамасы жинастырылды. Бұл жерден шарықта және қолдан жабыстырылып жасалынған 200-дей бүтін ыдыстар табылды. Қолдан жапсырылған ыдыстар андроновтық дәстүрді сақтаған, мұндай ыдыстарға ойық немесе үшбұрыш, ромб, меандр түріндегі тарақты өрнектер түсірілді.

Ыдыстардың бір бөлігі – құмыра мен табақтар сұр, қоңыр және қара түспен жалтыратыла көмкерілген. Бүйірі дөңгелек ыдыстар дандыбай-беғазы ескерткіштеріндегі қыш ыдыстар кешеніне ұқсас. Шарықта жасалынған ыдыс-аяқ сұр түспен көмкерілген; қысқа мойынды, бүйірі жарты шар тәрізді. Ал, қабырғалары кедір-бұдырлы. Геометриялық өрнекпен сәнделген, ақ пастамен толтырылған мойыны қысқа жалтыр ұстағышсыз құмыралар да ұшырасады. Түгіскен кесенелері бұл олжаларға қарағанда б.з.б. X-VIII ғасырлармен мерзімделінеді.

Барлық кешендерден, соның ішінде 5б кесене сіндегі жерлеу қабірінен сұр не болмас қоңыр түсті жалтыратылған қыш құмыралар табылған. Олар ашық келген немсе табақша түріндегі түбі жалпақ, өрнексіз ыдыстар. Мұндай артефактілер Хорезм өңіріне кеңінен таралған әмірабад кешендеріне (б.з.б. VIII ғасыр) тән.

6-шы кесенеден егіншілікпен айналысатын мәдениеттерге тән екі хум табылған.

Жапырақ тәрізді төлкесі жасырылған және үкісі тар жебе ұштары да үлкен қызығушылық туғызады. Мұндай типтегі жебе ұштары Әмударияның төменгі ағысындағы, Солтүстік, Шығыс және Орталық Қазақстандағы ескерткіштерден табылған және де олар б.з.б. IX-VIII ғасырлармен мерзімделінеді.

Ғылыми әдебиеттерде «киммерлік тип» деген атаумен кеңінен танымал жапырақ тәрізді қола қанжар б.з.б. II-мыңжылдық соңы – б.з.б. I-мыңжылдық бас кезімен мерзімделінеп келеді.

Түгіскен кесенелерінен табылған әшекейлер арасынан ағаш негіздемеге орнатылған үш конус бекітілген ілгегі бар алтын қалқанды сырға ерекше назар аударуға тұрарлық. Ортаңғы конус алтыннан жасалған, ал шеткілері күмістен істелінген болса керек, олар өте нашар сақталған.

Ілгекке орнатылған бір немесе екі қоңырауша түріндегі ірі сырғалар да табылған, олар сыртынан екі немесе үш жарты сфера пішінді тоғалармен әшекейленген.

Солтүстік Түгіскеннен табылған әшекейлер қатарына күмістен және қоладан жасалған екі түйреуішті жатқызуға болады. Алғашқысының бас жағы екі сақина түрінде жасалған да, оған жарты сфера түріндегі алтын тоғалар кигізілген. Оның пішіні Алдыңғы Азия мен Үндістанда қола дәуірінде белгілі болған биспираль басты түйреуіштерге еліктеуден туындаса керек. Екінші түйреуіш басы бұрыштары «қосалқылы» ромб түрінде. Ол Арал өңірінен оңтүстікке қарай жатқан аймақтардағы ескерткіштерге тән болып келеді. Сонымен қатар металл бұйымдарды жарты сфера түрінде тоғалармен әшекейлеу тәсілдері шығыстан енгендігі белгілі.

Күміс түйреуіш пен қоңыраушалы сырғамен бірге бір кешеннен алтыннан және ақықтан (сердоликтен) жасалған моншақтар (соңғысының оңтүстік өңірлерден әкелінгендігіне шүбә жоқ) да табылған.

Солтүстік Түгіскен жерлеу орындарынан табылған барлық заттар бұл ескерткішті қола дәуірінің соңғы кезеңіне, соның ішінде б.з.б. X-VIII ғасырларға жатқызуға мүмкіндік береді. Мұнда андронов мәдени-тарихи қауымдастығының дәстүрі сақталған. Бұл қоршауларда жерлеудің орын алуынан (мұнда мүрдені өртеу кең таралған), мүрделердің басы батысқа қаратылуынан да байқалады. Конус тәрізді сырғалардың андроновтық екендігі даусыз мәселе, бірақ андроновтық, дәлірек айтқанда федоровтық қыш құмыралар пішіні мен ою-өрнегі мұнда кеңінен таралған.

Сырдария сағаларында жүргізілген зерттеулер дамыған қола дәуірінің көптеген тұрақтарын зерделеуге мүмкіндік берді, әсіресе оңтүстік аймақтарда, Іңкәрдария сағаларында андроновтық мәдениетке жататын ескерткіштер көп (бірен-сараны алакөл мәдениетіне, басым бөлігі федоров мәдениетіне жатады). Мұның бәрі федоровтық мәдени құрауыш Солтүстік Түгіскен материалдары үшін жергілікті болған деп топшалауға итермелейді.

Маңызы жағынан екінші орында әмірабад құрауышы (компонент) тұрды, ол қыш құмыралар бойынша нақты байқалады. Оның орын алуы Әмударияның төменгі ағысын мекен еткен тұрғындармен кейінгі қола дәуірінде орнатылған байланыстармен де түсіндіруге болады.

Солтүстік Түгіскен кесенелерінің архитектурасы мен мәдениеті Орталық Қазақстанның беғазы-дәндібай ескерткіштерімен ұқсас екендігін де жоққа шығаруға болмайды. Бұл жекелеген жоспарлардан, ыдыстардың тұрпатынан да байқалады. Солтүстік Түгіскен мәдениетінде оңтүстік әсері де қатты байқалып қалады. Оны шикі кірпіштен тұрғызылған кесенелердің күрделі архитектурасынан да байқатады.

Солтүстік Түгіскен кесенелері Қазақстан мен Орта Азия тұрғындары арасында болған күрделі әлеуметтік және этномәдени үрдістерді көрсетеді. Олар өз кезегінде мүліктік және әлеуметтік теңсіздікке алып келген мал шаруашылығының дамуына, артық өнімнің ұлғаюына, айырбас рөлінің артуына байланысты болған еді.

Батыс Қазақстан ескерткіштері

Б.з.б. II-мыңжылдықта Батыс Қазақстан аумағын андроновтық (алакөл) тайпалар мекен етті.

Мұнда қола дәуірінің қоныстары мен қорымдары көптеп ашылған. Ескерткіштерді зерттеу ісіне И.В.Синицын, М.П.Грязнов, В.С.Сорокин, Г.В.Кушаев, т.б. мамандар қатысқан болатын.

Ерте қола ғасырына жататын ескерткіштер салыстырмалы түрде айтқанда, аса көп емес.

Бұл кезеңнің ыдыстарының түбі жалпақ, пішіні банка тәріздес болып келеді. Суреттердің композициялық құрылысы мен ыдыстардағы ою-өрнек типтерінің өзара қатыстылығы біркелкі емес. Оның үшбұрыш, шаршы және сопақша түрінде ойықтап басу кең таралған бөлшектер болып табылады. Өрнекпен ыдыстың қабырғалары мен түбі де көмкерілді.

Екінші топтағы ыдыстарда тарақты штамппен және таяқшамен түсірілген суреттер басым. Өрнектер тігінен, көлденеңінен және толқынды келген сызықтардан, тігінен түскен ирек сызықтар мен кескінді үшбұрыштар алаңынан тұрады.

Б.з.б. II-мыңжылдықтың екінші ширегінде шаруашылықта өнім өндіру типі түпкілікті орнығады, ал қола металлургиясы даму шегіне жетеді. Ортаңғы қола дәуірі мәдениетінде бірін-бірі алмастырған үш кезең байқалады. Оның бірі, ерте кезі, кезеңнің қалыптасу тарихымен байланысты, бұл кездері жергілікті ерте қола дәуірінің тайпаларына Арал өңірі арқылы ежелгі егіншілік орталықтардың оңтүстік мәдениеттері әсерін тигізе бастайды.

Ал соңғы кезеңінде андронов және қима қауымдастықтарының мәдениеттері белсенді түрде өзара байланысқа түседі. Батыс Қазақстан мәдениетіне Еділ өңіріне кең таралған қима мәдениеті қатты ықпалын тигізе бастайды.

Бұл кезеңнің баспаналары, әдетте, аса үлкен емес, едені жерге 15-20 см-ге дейін кіріп тұрған, сондықтан да оларды жер бетіне салынған құрылыс түріне жатқызуға болады. Баспаналар пішіні тікбұрышты, олардың шатырын ұстап тұрған бағана-тіреуіштен қалған шұңқырлар жақсы сақталған. Үйдің қабырғасы бөренелерден көтерілді. Еден ірі өзен құмдары араластырылған саз балшықпен сыланды. Тағам дайындау үшін және баспананы жылытуға шетіне тастар қойылған ұңғымалы ошақтар пайдаланылды.

Батыс Қазақстан далаларында орманның жоқтығы *Тасты-Бұтақ қонысында* баспаналардың салынуындағы ерекшеліктердің қалыптасуына алып келді. Мұнда бағаналық конструкциялар өте сирек қолданылды, есесіне тас кеңінен пайдаланылды. Одан ішкі далда (қалқа) соғылды, ошақ қоршалды, түрлі шаруашылық қажеттіліктер үшін қаландылар жасалды.

Тасты-Бұтақ-1 қорымындағы мола үстіндегі конструкциялар дөңгелек, сопақша және бұрыс пішінді тас қоршаулардан тұрады. Қоршаулар тігінен қазылып қойылған тастардан да, өзара ешқандай материалдармен дәнекерленбеген тақта тастардан да тұрғызылған. Молаларда аса терең емес шұңқырлар немесе тас жәшіктер болды. Қорымдардан жеке адамның, қосарлана (жұбымен) жерленген адамдардың қаңқалары анықталған. Анықталған қосарлы (жұпты) жерлеуде түрлі жыныстағы адамдар мен балалардың қабірлері басым, сондай-ақ балалы әйел адам қабірлері де

кездеседі. Жерлеу, негізінен, мүрдені қою ғұрпы бойынша атқарылды, мүрдені өртеу ғұрпы да ұшырасады. Қайтыс болған адам сол немесе оң жақ қырынан бүгіліп жатқызылды, қолының саусақтары бетіне қарай қойылды. Бейіттердегі ыдыстар саны бірден беске дейін, бірақ екі ыдысты қою жиірек кездеседі. Ыдыстар дәстүрлі түрде жерленген адамның бас жағына қойылған. Қола білезіктер, пасадан жасалған моншақтар, қабыршақтастардан жасалған әшекейлер де табылған.

Батыс Қазақстан кейінгі қола дәуірі тайпаларының мәдениетінде екі кезең байқалады. Б.з.б. I-мыңжылдық бас кезіндегі бірінші кезеңде батыстық тайпалар Еділ бойындағы қима мәдениетінің ықпалына ұшырады.

Кейінгі қола дәуіріндегі тайпалар дамуындағы екінші кезең мәдениеттің бірден ауысуымен (өзгеруімен) тікелей байланысты. Андронов-қима қауымдастықтары қамтыған Еділ бойындағы, Орал өңіріндегі, Қазақстан мен Батыс Сібір оңтүстік жазығындағы барлық аумақты «мойын білік» («валиковая») құмыра мәдениетін қалдырған тайпалар мекендейді. Олар қола дәуіріндегі тұрғындарға тән дәстүрлі өзен террасаларындағы жайылмаларды мекендеген, және де олардың қоныстарында б.з.б. VIII-VII ғасырларға дейін тіршілік жанданып жатқандығы анықталған. Бұл уақыттағы қоныстардан сопақша келген жартылай жертөлелер аршылған. Жартылай көшпелі мал шаруашылығына бейімделгендіктен тайпалар жиі қоныс аударып отырды, соның нәтижесінде жер бетіне сопақша келген жеңіл баспаналар да салынды.

Батыс Қазақстандағы қола дәуірінің аяқталар тұсындағы тайпалар ерте темір дәуіріндегі сақ-сармат мәдениетінің қалыптасуына қатысты.

Соңғы жылдары Үстіртте З.С.Самашев пен А.С.Ермолаева жетекшілігімен Тоқсанбай, Айтман, Маңайсор-1-3 қоныстары секілді бірқатар қола дәуірінің ескерткіштері зерттелді. Бұл қоныстарда адам баласы ұзақ уақыт тіршілік еткен, оны кейде үш метрге жететін қалың мәдени қабаттар да растап отыр. Ең ерте кездегі қоныстар бұдан төрт мың жыл бұрын қалыптаса бастаған болатын.

Үстірттегі көптеген қоныстар жардың мүйістерінде орналасты, олардың бір бөлігі үстірт шетінен бөлініп, тектоникалық процестер нәтижесінде өзіндік қалдық төбешіктерге айналды.

Ландшафт жағдайларына жасалған ғылыми талдау, ежелгі адамдардың қоныстанатын кезде бірнеше факторларды ескергендігін көрсетеді, ең алдымен қорғану тұрғысынан қолайлы стратегиялық жайы, ішетін судың болуы, аң аулайтын жердің жақындығы мен суатқа келетін кәсіптік жануарлардың болуы ескерілген еді.

Баспаналар қазаншұңқыры дөңгелек пішінді болды және де материктік саз балшық қабатында жетті. Тоқсанбай қонысының шет жақта орналасқан кейбір құрылыстары екі деңгейлі құрылыс болған сияқты, мұнда төменгі қабаттың шатыры үстінгі қабаттың едені болғандығы байқалады. Құрылыс материалы ретінде қабыршақтас пен әктас пайдаланылды. Қабырға түбіне ірі блоктар қойылды, олардың үстіне көлденеңінен көлемі шағын тас плиталары өрілді.

Баспана едендегі ошақ арқылы жылытылды.

Қоныстардың көп метрлі мәдени қабаттарынан табылған қомақты остеологиялық материалдар мұнда бақташылық мал шаруашылығы мен жануарлардың маусымдық миграциясына негізделген аңшылық орын алғандығын, бұлар Үстірт тұрғындарының осы дәуірдегі шаруашылық негізін құрағандығын айғақтайды.

Металлургия мен тау-кен ісі де тұрғындар өмірінде маңызды рөл атқарды, бұған мыстан жасалған пышақ, бігіз, білезік, бекіткіш, мыс кесектері, күл қалдықтары, металл қорытуға арналып жасалған ыдыс, кентастарды үгітетін келсаптар секілді көптеген заттар да дәлел бола алады. Metallургиялық орталық болған әрі негізгі олжалар табылған қоныс ауданынан бір телім даралана түседі. Мұндағы өнеркәсіпте жергілікті кентастар пайдаланылған деп топшыланады.

Металлургиялық өндірістің дамуына қарамастан, шаруашылықта шақпақтастан жасалған еңбек құралдары мен қару-жарақтар кеңінен пайдаланылды. Тастан жебе ұштары, сүңгі, бұрғы, жонғыш, қырғыш, үгіткіш, т.б. жасалынды.

Табылған артефактілер арасынан бір шеті қойдың басы секілді жасалған тас үккіш ерекше қызығушылық танытады. Мұндай қойдың басы сияқты мүсіндік бейнесі бар заттар Еуразия аумағынан көптеп табылған.

Тоқсанбай қонысынан қашау, тескіш, бігіз, жалтыратқыш, штамп, құрал дайындамасы секілді сүйектен жасалған бұйымдар да көптеп ұшырасқан. Жалтыратқыштар қыш құмыра жасау мен тері өнеркәсібінде пайдаланылды. Ыдыстардың сыртын сылау және ою-өрнек түсіру үшін штамп пен шпатель қолданылды. Бігіз, тескіш, түткіш құрал, қашау тері мен ағаш өңдеуде пайдаланылды.

Ең көп шыққан материал – қыш құмыра. Керамикалық ыдыстардың пішіні, ернеуін модельдеу, ою-өрнек декоры сан алуандығымен және өзіндік ерекшелігімен сипатталады.

Қыш ыдыстардың ою-өрнегін түсіру үшін сызу, тесу, тарақты штамп тәсілдері пайдаланылды. Үстірт қоныстарындағы қыш ыдыстардың ою-өрнек жүйесі элементтердің, мотивтер мен композициялардың әркелкілігімен сипатталады.

Ою-өрнектегі кеңінен тараған негізгі сюжет өзара үйлескен көлденең сызық, еңістелген кесінді, ирек сызық, шырша, ромб болып табылады. Штрихты үшбұрыштар, ромбылар, меандр оларға қарағанда көп тарала қоймады.

Үстірт пен онымен іргелес аумақтардың тұрғындары осы уақыттардағы Орал, Сібір, Қазақстанның далалы аймақтары, Ортаазиялық қосөзен аңғары мен Иран таулы өңірлеріндегі этномәдени үрдістерге араласты.

Үстірттегі соңғы жылдардағы ашылулар тоқсанбайлық материалдарға жақын Еділ-Орал өңіріндегі бірқатар ескерткіштер материалдарының мәдени-хронологиясын нақтылауға мүмкіндік беріп отыр.

Өткен тарих қойнауындағы көріністерді қалпына келтіруде, ілкі замандардағы миграциялық процестерді анықтауда үстірттік қола дәуірі ошағының маңызы өте зор.

Үстірттің қола дәуіріндегі мәдени орталықтардан қашықта (алыста) жатуы ерекше тоқсанбай мәдени феноменін қалыптастырды. Ежелгі популяциялардың Үстірттегі табиғи-климаттық ерекшеліктерге бейімделу тетіктерін, олардың шаруашылық-мәдени даму деңгейін білу, Еуразия этномәдени массивтерімен байланыстарының дәрежесін анықтау, сонымен қатар дүниетаным сауалдарын шешу Қазақстан археологиясының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Қола дәуіріндегі шаруашылық, мәдениет және қоғам

Мал шаруашылығы мен егіншіліктің дамуы. Қола дәуірінің ерте кезеңіндегі қоныстардан жинастырылып алынған сүйек материалдары Қазақстан аумағындағы адам баласы айналысқан маңызды іс үй маңындағы бақташылық болғандығын айтуға мүмкіндік береді. Мал табынында бұл кезде ірі қара басым болды.

Үй маңындағы бақташы мал шаруашылығынан біртіндеп жайлауға өту үрдісі де көп ұзамай басталып кетті. Жайлаулық мал шаруашылығында малшылар бір жайылымнан екіншісіне көшіп отырды. Бұл кезде табын арасында ұсақ мал (қой, ешкі) мен жылқының үлесі ұлғая бастады.

Дамыған қола дәуірінде жылқы сүйрететін күш ретінде пайдаланылды және салт мінілді. Көлік құралы ретінде жылқыны пайдалану далалы аймақтар мен биіктаулы жайылымдарды игеруге мүмкіндік берді.

Ежелгі мал шаруашылығы экстенсивті түрде болды. Жайылымдар ауданын игеру мен кеңейту, тебінге (қыста қар астынан жем-шөп алу мен алыс жерлерге жету) шыдамды жылқы, қой түрлерін өсіру мал санының артуына алып келді. Қола дәуірінің соңғы кезеңінде Қазақстанның далалы аудандарында мал шаруашылығы негізгі шаруашылық саласына айналды және көшпелі мал шаруашылығына жақын тұрпат (пішін) иемденеді.

Мал шаруашылығымен бірге неолит дәуірінен бастап Қазақстан аумағында егіншілік те дами бастайды. Қола дәуіріндегі тайпалар шаруашылығында мал шаруашылығы мен егіншілік бірін-бірі толықтырып тұрды және де өзара тығыз байланыста болды.

Ерте қола дәуіріне жататын қоныстардан тастан және бұғының мүйізінен жасалған кетпендер (шоттар) табылған. Тастан дәнді үгуге арналған дәнүккіш, үккіш, келсап, келі секілді құралдар жасалды. Астықты жинау кезінде бастапқыда қола пышақтар, кейінгі қола дәуірінде түрлі типті қола және мыс орақтар айдаланылса керек. Шағалалы қонысынан қола шалғы табылған.

Мейлінше жетілдірілген құралдардың пайда болуы дәнді дақылдарды өсіру ауданын да арттырды. Егін алқаптарында, негізінен, бидай, қара бидай, тары өсірілді. Қоныстарды қазған кезде құмыралардан тары ботқаның күйген қалдықтары шыққан. Солтүстік Қазақстандағы Алексеев қонысына жақын жотаның үстіндегі ғұрыптық шұңқырлардан құдайларға құрбандыққа берілген бидай сабағы мен дәні аршып алынған. Шығыс Қазақстандағы

Малокрасноярка қонысынан табылған қол орақ жүзінде дәнді-дақылдарды өңдеген іздер сақталған.

Қазылған барлық қоныстардан дәнүккіштер, дәнді ұнтақтап ұнға айналдырға арналған тік бұрышты және дөңгелек келсаптар шыққан. Орақпен егін орды, сондай-ақ малға жем-шөп даярлады. Қоймалар мен қоныстарда олардың көп болуы егіншілік ауқымы мен маңызын көрсетеді. Жер тас кетпендермен қопсытылып, өңделді.

Тау-кен ісі, металлургия. Мал шаруашылығы мен егіншілікпен қатар түрлі кентастарды алу, тас пен сүйек өңдеу де маңызға ие болды. Қазақстан аумағы мыс, қалайы мен алтын сынды пайдалы қазбалар бай екендігі белгілі. Мыс (Жезқазған, Зыряновск, Қаршыға, Жалтыр, Ащылы, Күшікбай), қалайы (Атасу таулары, Қалба мен Нарым жоталары) мен алтын (Степняк, Қазаншұңқыр, Балажал, Ақжал, Дайбай, Майқапшағай, Ақабек) кен-орындары бұл аумақтың көне металлургиялық орталықтардың бірі болғандығын айғақтайды. Ежелгі замандарда мысты тотықтанған кентастарды алу мен балқыту ісі кең қанат жайды.

Бұл уақытта ежелгі кеншілер құрамында мыс пен қалайысы мол тотықтанған кентастарды (малахит, азурит, кассетерит) өндірді. Қопсыма кентастар өндірілді, борпылдақ кентастар тастан жасалған тоқпақшалар мен балғалармен қарапайым «қайлалау» әдісі арқылы алынды. Тығыз кентастарға «отпен уату» әдісі қолданылды, өзек үстіне немесе қуысқа от жағылды да, тас әбден қызған кезде оған су құйып, жарылуын қамтамасыз етті, содан кейін балға және қайламен жұмыс істеді. Құрамында металы бар жыныстарды тері қап арқылы сыртқа шығарды.

Онымен қатар кентас денесінің астын үңгіді, содан кейін балға арқылы кентастың ең тәуір кесектерін опырып алды. Терең қазылғанда төбесі басылып қалмау үшін ағаш тіреулер орнатты. Алайда шахталар талай рет құлап, кен қазушыларды басып қалды. Үңгімелерден адам қаңқасы мен олардың жанындағы шірімей сақталып қалған ішінде кентас бар тері қаптар ежелгі кен орындарын зерттеу кезінде ұшырасқан. Шахта жанындағы суда бос жыныстарды ажырату үшін алынған кентас жуылды және уатылды. Ұсақ етіп уатылған кентасты қонысқа апарды да, ондағы арнайы қорыту пештерінде балқытты. Мұндай пеш қалдықтары андроновтықтардың Атасу, Суықбұлақ, Қанай ауылы маңындағы қоныстарын қазған кезде табылған. Қазіргі уақытта көне металлургиялық орталықтары бар бірнеше қоныстар (Талдысай, т.б.) белгілі болып отыр.

Пеш жанынан күл, мыс құймалары аршып алынған. Құрал жасау үшін қорыту процесінде мысқа қалайы қосылды да, металл қажет қалыпқа жеткізілді. Ежелгі кеншілер қалайы көлеміне қарай қола омырылғыш, немесе керісінше, неғұрлым жұмсақ және иілгіш болатындығын білді.

Қазақстан аумағында қола дәуірінде өндірілген кен көздерінің ауқымы халықты шикізатпен қамтамасыз етіп қана қоймағандығын, сонымен қатар металдың бір бөлігі дайындама және бұйым түрінде айырбасқа түскендігін де көрсетеді.

Қазақстан тау-кен-металлургия облысын (ТКМО) археолог Е.Н.Черных Еуразия тау-кен-металлургиялық облыстары жүйесінде алғаш рет бөліп көрсеткен. Ол бүкіл Орталық Қазақстанды және Солтүстік Қазақстанның бір бөлігін қамтиды, және де Қазақ ұсақ шоқыларын, немесе Сарыарқаны, яғни солтүстікте Батыс Сібір жазығынан оңтүстікте Балқаш көліне дейінгі аймақты, батыста Торғай ойпаты мен шығыста Алтай мен Тарбағатай тау тарамдарына шейінгі жерлерді алып жатыр.

Осы кең байтақ ауданда мыс пен полиметалдың ондаған кен орындары ұшырасады. Олардың барлығы, түгелдей ежелгі замандардан бері өндіріліп келеді.

1946 жылы Ә.Х.Марғұлан жетекшілігімен Орталық және Солтүстік Қазақстанның археологиялық ескерткіштері, соның ішінде ежелгі тау-кен ісі мен металлургия нысандары жоспарлы түрде зерттеліне бастады. Ол Н.В.Валукинский, С.С.Черников, М.Қ.Қадырбаев, Ж.Қ.Құрманқұлов, Э.Ф.Кузнецова, С.У.Жауымбаев, С.А.Берденов есімдерімен тығыз байланысты. Одан бергі жарты ғасырдан астам уақыт ішінде көне кен орындары көптеп зерттелінді, бірегей конструкциялы мыс қорытатын агрегаттары бар жиырмадан астам қоныстар қазылды.

Орталық және Солтүстік Қазақстан аумағындағы ежелгі тау-кен өндірісі жайлы қомақты мағлұматтар алынды. Қазақстан ТКМО-ның кендері жайлы мәліметтер жасалды. Кен алынған уақыттар мен өндірілген кеннің ауқымы анықталды. Қола дәуіріндегі қазақстандық ТКМО-ның орны нақтыланды. Кен өндіру әдіс-тәсілдері, пайдаланылған құрал-жабдықтар, саймандар жайлы сөз өрбіді.

Қазақстан ТКМО шеңберінде жекелеген орталықтар бөлінген. Мұндай орталықтар саны алтау. Олар: Көкшетау, Баянауыл, Успенск-Қарқаралы, Жезқазған-Ұлытау, Балқаш.

Көкшетау орталығы Қазақ ұсақ шоқыларының солтүстік-батыс тау тарамдарындағы Көкшетау қыратын қамтиды. Мұндағы жер қойнаулары ірі кен орындары болмаса да, сан алуан пайдалы қазбаларға, соның ішінде мыс пен қалайыға толы.

Зерттеушілер Имантау карьерінің үйінділерінде 48 мың тонна, ал Алтынқазғанда 12-15 мың тонна мыс кентастары болғандығын есептеп шығарған.

Осы аумақ шеңберінде мыс өндіру ісінің іздері Боровое, Шалқар, Шағалалы, Сарғары, қоныстарынан, Имантау көлі жанынан анықталған. Аталған қоныстардың материалдары кейінгі қола дәуірінің соңғы кезеңіне жатады.

Бірақ көкшетаулық кен орындарынан алынған кентастар тек аталған пунктерге ғана түскен жоқ, ол одан ары петропавлдық Есіл өңіріндегі қоныстарға дейін таралса керек. Имантау кен орны солтүстікке қарай 120-130 км жерде орналасқан Петровка-2, Новоникольское-1 қоныстары секілді орындар үшін осы аймақтағы бірден-бір кен көзі болғандығы анық. Көкшетау ТКМО-н б.з.б. ХҮІІ-ХҮ ғасырларға жатқызуға болады.

Баянауыл орталығы Баянауыл тауларының айналасында орналасқан.

Айтылып отырған ауданның ең ірі нысаны Бозшакөл мысты-порфирлі кен орны болып табылады. Өз қоры бойынша ол Қазақстандағы Жезқазған мен Қоңыраттан кейін үшінші орынды иемденеді деп саналады. Геологтардың айтуына қарағанда, Бозшакөлде кен өндірудің ісінің ежелгі іздері көптеп байқалады. Одан басқа көне кәсіпкершілік нысандарының қатарына Ескіжұрт (Спасское), Тезекбайсор, Анненское, Александровское, Сарыадыр, Қазанауызды жатқызуға болады. Олардың әрбірінде бұрынғы кездегі игеру жұмыстарының іздері сақталған, бірақ дәл уақытын анықтау әзірге мүмкін болмай отыр.

Баянауыл ТКМО-ндағы кен орынды игерудің басталғандығын жанама түрде болса да айғақтайтын қола дәуірінің зерттелген жалғыз ескерткіші көне металлургтердің қонысы Тағыбайбұлақ болып табылады. Қоныс кейінгі қола дәуірімен мерзімделінеді.

Успенск-Қарқаралы орталығы Сарыарқаның қақ ортасында, батыста Сарысу өзенінен шығыста Шыңғыс тауларының ең шеткі тарамдарына дейінгі ұсақ шоқылардың ең биік бөлігін алып жатыр. Успенск-Қарқаралы орталығындағы ең ежелгі кен орындары қатарына жататыны – Успенск. Онда Қ.И.Сатпаевтың есептеуінше, ежелгі замандарда 200000 тонна кентас алынған. Успенск кен орнындағы тотыққан кентастардағы мыс үлесі 16%.

Ал Ольгинское-Алмалы және Алмалы-Ақбиік кен орындарын қамтитын Алмалы кентас алқабынан тереңдігі 8-10 м-ге жететін 18 және 17 көне кен шығарылған орындар анықталған.

Бесшоқы полиметалл кен орнынан алғаш рет күміс, мыс және қорғасын кентастары бар ежелгі үйінділер табылған.

Успенск-Қарқаралы ТКМО-ндағы маңызды көне кен орындарының қатарына өткен ғасырдың орта тұсында ашылған Қызылтас тауындағы Самомбет пен Берқара полиметалл кен орындарын жатқызуға болады. Олар басқаларына қарағанда Қазақстан қола дәуірі ескерткіштеріндегі металдан жасалған жарқын бұйымдар сериясы белгілі болған Қарқаралы қоныстары мен Кент қонысына жақын орналасқан.

Қарағанды қаласынан шығысқа қарай 70 км жерде Алтынтөбе ежелгі кен орны бар. Кен орны ауданынан бай металл жабдық-саймандары бар қола дәуірінің жерлеу орындары анықталған. Қоспа-бөлшектерге қарағанда табылған бұйымдардың химиялық құрамы кен орнынан алынған кентастар құрамына ұқсас. Бұйымдар мен кентастар құрамы өте бірегей екендігі анықталды, сол себепті зерттеушілер оларды мыстың жеке химиялық тобына бөлді. Оған қорғасын мен висмуттың мол құрамда болуы, күшәла мен сүрменің аздығы, никельдің төмен болуы мен алтынның жоқтығы тән.

Успенск-Қарқаралы ТКМО аумағынан мыс пен қола балқытқан өндіріс орталықтары көптеп табылып, зерттелген. Металлургиялық өндіріс іздері Энтузиаст, Усть-Кенетай, Сораңғы, Зеленая Балка, Жосалы, Қомыттың-Қарашоқысы, Қарқаралы-1-2, Упаис, Мырзашоқы, Суықбұлақ, Ақ-кезең, Шортандыбұлақ, Бұғылы-1, т.б. қоныстардан байқалған. Олардың көпшілігі кейінгі қола дәуірінің ақырғы кезіне жатады.

Жезқазған-Ұлытау орталығы Қазақстан ТКМО-ң батысында орналасқан. Оның аумағына Ұлытау, Арғанаты таулары мен оларға шығыстан қосылып жатқан ұсақ шоқы массивтері кіреді. Дәл осы жерде, дәлірек айтқанда Ұлытау тауларынан оңтүстік-шығысқа қарай 60-70 км жерде әлемдегі ірі мыс кен орны Жезқазған орналасқан. Оның кенді алқабының ауданы 100 шаршы км шамасында. Жезқазған кен орнынан кентас алу қола дәуірінен бастап кейінгі орта ғасырларға дейін жалғасқандығы анықталған. Осы уақыттардың ішінде Жезқазған қойнауынан миллион тоннадан астам кентас алынған, ондағы мыс 10 мың тоннадан кем емес.

Петро қыратындағы кен алынған орын ең ежелгі уақытқа жататындығы анықталған.

Жезқазған қойнауынан алынған кентастарды қорыту сол жерде жүзеге асқан. Оның телімдерінен қола дәуірінің көптеген қоныстары анықталған, олардың арасындағы ең ірілері – Кресто-Воздвиженское (Кресто), Милықұдық, Айнакөл, Сорқұдық, Златоуст. Жезқазған төңірегіндегі Тасқұдықтан, Ақшиден, Құлманнан да кентастар алынып, өңделген. Қоныстардың материалдары (қыш құмыра, тастан жасалған еңбек құралдары, т.б.) ежелгі кен орындарынан алынған материалдармен ұқсас, және де олардың арасында байланыс болғандығына ешқандай шүбә жоқ.

Металлургиялық өндірістің қалдықтары Ұлытаудағы өзімен аттас қоныстан да алынған. Мұнда кентастар мен күл-қалдықтан (шлак) басқа ежелгі металлургиялық ұсақ және ірі құмтастардан жасалған балға, келсап, үгіткіш секілді еңбек құралдары да көптеп табылған.

Ұлытау қонысынан 5-10 км жерде құрамында қалайы бар шашыранды тобы анықталған. Бұл топқа Нөгербекдарасы, Қызылтасдарасы мен Айбасдарасы кіреді. Олардағы каситерит құрамы мейлінше жоғары – 1000-2000 г/м (куб).

Мұнда қола дәуірінің Талдысай қонысы зерттеліп жатыр. Оның алғашқы нәтижелері қоныстағы металлургиялық өндіріс қалдықтарын анықтап отыр. Қазба барысында металл қорытатын пеш орындары, шеберхана бөліктері, сан алуан еңбек құралдары алынған.

Солтүстік Бетпақдала орталығы Бетпақдала шөлінің солтүстік бөлігі мен Қазақ ұсақ шоқысының оңтүстік-батыс шетін қамтиды.

Солтүстік Бетпақдала ТКМО-ның негізгі кен базасына Кенқазған, Ефимовское мен Мыйқайнар кіреді. Кенқазған карьері бүгінгі күні Қазақстандағы сақталып қалған ежелгі кен орындарының бірі болып табылады. Оның өлшемдерін қазіргі уақыттардағы өндірістермен салыстыруға болады: карьердің ұзындығы 500 м-ге, ені 80-100 м-ге, тереңдігі 5-10 м-ге дейін жетеді. Ежелгі тау-кен ісінің көлемі 570000 м кубқа жеткендігі есептелген. Жалпы алғанда, одан 300000 м куб кентас алынған, ол шамамен 80000 тонна мысқа тең.

Аталған үш орыннан кен көздерін алып, өңдеудің басталған кезі кейінгі қола дәуіріне жатуы әбден ықтимал.

Жоғарыда аталған үш кен орнынан алынған кентас қоныстан солтүстік-шығысқа қарай 100 км жердегі Атасу ықшам ауданына қорыту үшін

жіберілген деп есептелінеді. Бұл ықшам аудандағы қоныстар қатарына кеуіп кеткен Атасу өзенінің орта ағысындағы Атасу-1, Мыржық, Атасу-2 (Ақ-Мұстафа) мен Ақмая секілді ескерткіштер кіреді. Олар басқа ескерткіштерден мыс қорыту өндірісі бойынша дараланады.

Атасу қоныстарынан оңтүстікке қарай 120 км жердегі және Кенқазғаннан оңтүстік-шығысқа қарай 100 км орналасқан Оңтүстік Болаттау кен орны да қызығушылық туғызады. Ерте кездері Оңтүстік Болаттаудан кен өндірілгендігін табылған тау-кен ісінің тас құралдары да растайды, олар карьер шетінде және түбінде көптеп шашылып жатыр. Бұлар негізінен түрлі көлемдегі балғалар, қайлалар, кен уатқыштар еді.

Балқаш орталығы Солтүстік Балқаш төңірегін қамтиды. Мұнда өз көлемділігі бойынша Қоңырат пен Саяқ секілді кен орындары белгілі. Олар өз қоры бойынша Қазақстандағы ірі мысты-кенді орындар болып табылады. Қоңырат кен орны Балқаш қаласынан солтүстікке қарай 17 км жерде. Мыс тау деген атпен Қоңырат жергілікті халыққа ежелгі уақыттан белгілі болды. Тек шығарылған үйінділерінде ғана 225 мың тонна тотыққан мыс кентастары болғандығы анықталған.

Шамамен Қоңыраттан шығысқа қарай 200 км жерде кен орындарының Саяқ тобы (Саяқ-1-5, Тастау, Молдыбай, Берқара желі, Орталық Жамбас) орналасқан.

Саяқ тобына енетін кен орындарында ежелгі қазылған кен көздері бірнеше жүзге жетеді. Қазылған жердің орындары жайылып кеткен шұңқыр сияқты немесе кен денелерімен бірге 90-100 м-ге созылған тар саңылау секілді карьерлер болып табылады. Алынған кентас осы жерде балқытылды. Айналадағы төбешіктердің барлығынан металлургиялық қалдық күл көптеп кездеседі. Әлбетте, ежелгі замандарда бұл жердің табиғаты өзгеше болғандығы анық, ал оның шөлге айналуы көне металлургиялық қызметінің әсерінен де болған сыңайы бар.

Отын туралы сөз қозғаған кезде Саяқтан оңтүстікке қарай 100 км жерден геологтар тапқан қызықты олжа туралы баяндап кетуге болады. Мұнда Қаратал өзенінің төменгі ағысындағы қалың тоғай арасынан металлургиялық қалдық күлдер мен тотыққан мыс кентастарының кесектері табылған. Құрамы бойынша олар саяқтық кентастарға қатты ұқсас. Сірә, Саяқ кентастары, сонымен қатар басқа да шөлді аймақтардағы кен орындарынан алынған кентастар басқа да алыс өңірлерге тасымалданған сияқты. Оның себебі, ежелгі металлургиялық кентасты қорыту үшін жеткілікті дәрежеде су мен отын қажет еді. Демек, Қаратал ағаштары Саяқта кентас балқытқан ежелгі металлургиялық үшін отын көзі болған сияқты. Қалай болғанда да, оған жақын отын көзі жуық маңнан байқала қоймайды.

Сөйтіп, Қазақстан ТКМО-дағы кен орындарын пайдалана бастау, жоғарыдағы мәліметтерге қарағанда кемінде б.з.б. ХҮІІ-ХҮ ғасырларда басталған сияқты. Бұл хронологиялық шектің әлі де келешектегі ғылыми ізденістер нәтижесінде көнелене түсетіндігі анық.

Қазіргі уақыттарда геологтар кен көздерінің қорын, соның ішінде өңделгендерінің санын асқан дәлдікпен есептеп шығарған. Қазақстан

металлогениясы бойынша ірі мамандардың бірі академик Г.Н.Щерба барлық мәліметтерді мұқият талдаудан өткізе келіп, кең түрде өндірістік қазба жұмыстары басталған ХІХ ғасыр ортасына дейін кен орындарынан кем дегенде 450 мың тонна мыс алынған деп есептеп шығарған. Егер балқытуға құрамында орта есеппен шамамен 5% кентас алынған десек, онда алынған кентастың жалпы көлемі 10 млн. тоннаны құрайды. Кенді Алтайда, Мұғалжар, Шығыс Қазақстан мен Жетісудағы ірі кен орындарын есепке алмағанда, Орталық және Солтүстік Қазақстан кен орындарына алынған кентастың 80%, яғни 8 млн. тоннадан астам өнім тиесілі болған. Бұл сан Қазақстан ТКМО-ндағы жекелеген кен орындарының мәліметтеріне сәйкес келеді.

Үй кәсіпшілігі. Мал шаруашылығы тек қана тағам өнімдерін ғана емес, сонымен қатар киім мен аяқ-киім дайындау үшін де шикізат берді.

Қола дәуіріндегі тоқымашылықтың болғандығын қарапайым тоқыма станогының гүрзі тастары, яғни сүйектен, тастан және саз балшықтан жасалған ұршықтың басы секілді олжалар да растайды. Бұйымдар биязы жүнді қой мен ешкінің түбітінен тоқылды.

Қола дәуірінің тайпалары жабайы конопля, зығыр мен қалақайдан өсімдік жіптерін дайындады. Олардан шаруашылыққа қажетті арқан есті, балық аулайтын тор жасады.

Қабірлерден табылған аяқ-киім қалдықтарына қарағанда, ол теріден жасалды, өкшесі болмады, тарамыс жіптермен тоқылды және де толарсақ тұсынан баумен байланды.

Ерлер мен әйел адамдар құлақты жауып тұратын жүннен және теріден тоқылған бас киім киді. Үстіңгі киім де жүн маталардан дайындалды. Ол екі жағына бірдей қаусырмалы болды немесе жоғарғы бөлігінде кесінді қалдырылып, сол жағынан бір түймемен түймеленді.

Әйелдердің киімдері көйлектен, бас киімнен және тері аяқ-киімнен тұрды. Әдетте, жүн матадан тоқылған көйлек тізеден біршама түсіп тұрған еді. Жеңі ұзын болды. Олардың қайырмасына қола моншақтар тізілді. Юбка белінен бастап алдыңғы жағынан ақ пасталы моншақтармен көмкерілді. Маталар қанық қызыл, көкшіл қызыл бояумен түстелді.

Қабірлерден табылған көптеген әшекей заттарға қарағанда әйелдер құлақтарына жалпақ алтынмен қапталған сырға мен сақина таққан, мойындарына гривна немесе қола моншақтар, қолдарына білезік пен жүзік тағып жүрген. Киімнің мойын тұсына айналдырыла шыныдан жасалған ұсақ моншақтар тағылды, көкірек тұсына дөңгелек қапсырмалар жапсырылды. Кейде өрнектелген табан, дөңгелек және ромб түріндегі қосымшалар, белбеу құрсаушасы кеңінен таралды. Әшекей және қорғайтын зат ретінде ерлер де, әйелдер де ұлутастар, жыртқыш аңдар мен үй жануарларының азу тістерін тағып жүрді.

Қоныс тұрғындарының тіршілігінде қыш құмыра жасау маңызды орын алды. Оладың барлығы шаруашылық пен тұрмыста қолдану үшін жасалды. Қола дәуіріндегі құмырашылардың басым бөлігі әйелдер болған еді.

Ыдыстар қолдан жапсырылып дайындалды. Ыдыстардың көпшілігі (қабырғасы тік немесе аздап шығыңқы банка тәрізді) жіпті (ленталы) техника бойынша жасалды. Ыдысты қалыпқа салу әдісі де болды, мұндай қалыптың рөлін ішіне сулы құм толтырылған жүн матадан жасалған қап атқарды. Жалтыратылғаннан кейін ыдыс беті тегіс те тығыз күйге енді, ал күйдірілгеннен кейін сұйықтықты жақсы сақтайтын қасиетке ие болды. Ыдыстар, әдетте, өрнектелді. Әшекей-ою алдын-ала көз мөлшерімен-ақ күйдірілгенге дейінгі ылғалды немесе аздап кепкен саз балшыққа түсірілді. Ыдыстарды күйдіру ашық отта жүзеге асқан болуы керек. Кептіру кезінде ыдыстардың жарылып кетпеуі үшін саз балшық майсыздандырылды, оған ұнтақталған кварц, қабыршақ, құм, кейде шамот қосылды.

Қола дәуіріндегі тайпалардың көркемдік талғамы мен мәдениеті туралы әшекейлер мен өнер туындыларынан да байқауға болады. Өте сирек болса да, «аң» стилінде жасалған заттар да кездеседі. Олардың арасында сүйектен жасалған жануарлардың бастары да бар.

Ер адамның басы бедерленген Нұра өзені жағалауынан табылған тас келсап та мамандардың қызығушылығын тудырып отыр. Сонымен қатар осыған ұқсас өнер туындылары басқа өңірлерден де ұшырасқан.

Қола дәуірінің тайпалары үнемі жетілдіріліп отырған қару-жарақ та жасады. Қару-жарақ құрамында ағашқа отырғызылған төлкелі және ұшы жапырақ секілді пішінді ұшы қоладан жасалған жебелер болды. Қоян-қолтық ұрыста ұшы қоладан жасалған найза, шоқпар, балта (айбалта) қоладанылды. Кейбір жауынгерлер сүйек немесе ағаш сапқа кигізілген қола қанжар ұстады. Қола дәуірінің кейінгі кезеңінде саңырауқұлақ басы тәрізді және айқышқа келіңкірейтін түгелдей қоладан жасалған қанжарлар пайда бола бастайды.

Қоғам. Отбасы қауымы өндіруші ұжым болды, ал ұжымдық еңбекте меншік ортақ болған еді. Уақыт өте келе, әсіресе кейінгі қола дәуірінде күшейген жекелеген отбасылар өзімен-өзі болуға ұмтылды, мұның өзі отбасылық меншіктің шығуына алып келді.

Қола дәуірінің ерте және орта кезеңінде, тайпааралық қатығыстардың күшейген кезінде қоныстарды қоршап тұрған ор мен жал үйінділері пайда болады. Қорымдардан табылған қоладан және сүйектен жасалған жебе ұштары да тайпааралық қақтығыстардың болғандығын айғақтайды.

Қола дәуірінің соңғы кезеңінде рулардың ыдырауы мен одан жекелеген отбасылардың шаруашылығының бөлініп шығуы нәтижесінде баспана да өзгереді. Баспаналар далда арқылы дербес отбасыларға арналған жабық секцияларға бөлінеді.

Мүліктік теңсіздік шыққандығын қорымдардан алынған материалдар баяндайды. Қола дәуіріндегі қорымдардан қатардағы қауым мүшелерінің кедей қабірлерімен бірге аса бай қабірлер де кездеседі.

Кент қонысы, беғазы-дәндібай мәдениетінің кесенелері, шеттен әкелінген заттардың пайда болуы аксүйектердің бөлінгендігін көрсетеді, ал бұл өз кезегінде қоғамда саяси үрдістің басталғандығын, байырғы мемлекеттік бірлестіктердің қалыптаса бастағандығын дәлелдейді.

Дін, культ және өнер. Қола дәуірі тайпаларының өмірі мен жақсы тұрмысы табиғатқа тәуелді болды, сондықтан да адам оған табынды. Әрине, ең алдымен күнге, отқа, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне табынған болатын. Күн құдай нышанын жан-жаққа шашырап тұрған күн сәулесі түрінде берілген әшекейлік тоға-жапсырмалардан, ыдыстардағы меандр өрнектерінен көруге болады.

Қола дәуірі тайпаларында отқа табыну культы орын алды, мұны осы дәуірде кеңінен таралған мүрдені өртеу ғұрпынан көруге болады. Өртелген сүйек қалдықтары қола дәуірінің түрлі кезеңдеріндегі жерлеу орындарынан кездеседі. От, ежелгі адамдардың түсінігінше, мүрдені зұлымдықтан (сұрқиялықтан) тазалады және өлген адамды жындардан қорғады. Қола дәуірі тайпаларында ата-баба әруақтарының культы мен о дүниедегі өмірге сенім болды.

Қола дәуірінде құрбандық шалу ғұрпы келіп шығады. Құрбандық шалатын арнайы орындар қоныстардың жанында орналасты.

Күнге, отқа, айға, жұлдызға, сонымен қатар қорғаушы-әруақтарға құрбандық шалынды.

Адам ой-танымының дамуы оның өзі мен табиғат туралы түсінігін күрделендірді, діни көзқарастарының қалыптасуына жағдай жасады.

Қола дәуіріндегі діни түсініктер мен культтар, ежелгі адамдардың өнері туралы маңызды ақпаратты жартас суреттері – петроглифтер береді. Олардың шоғарлануы рудан тайпаға дейінгі қоғамдық бірлестіктер пайдаланған түрлі деңгейдегі ғибадатханаларды білдіретіндігі анықталған.

Петроглифтерде адамның әлем құрылымы туралы түсінігі жарқын көрініс тапқан. Көптеген сюжеттер мифтермен тікелей байланысты, сондықтан да қазіргі заман адамына оны түсін қою қиын. Құйрығынан асылған, аң терілерін жамылған адамдардың, күн басты құдайлардың және түрлі жабайы хайуанаттардың көптеген бейнелері кездескен. Жартастарда қолын жоғары көтерген немесе жекпе-жекке шығуға даярланып тұрған кейіптегі екі ер адамның бейнелері жиі ұшырасады. Андроновтықтардың жартасқа салынған сурет өнері ежелгі адамның Әлем құрылысы жайындағы мәжусилік (пұтқа табынушылық) түсініктермен тікелей байланысты болды.

Мұндай бейнелердің мифологиялық сипаты ең алдымен бөлшектерді тым асыра суреттеу бойынша анықталынады. Қазба материалдары, және де петроглифтер бойынша шынайы ұрыстарда қола балта, найза мен садақ негізгі қару-жарақ түрлері болғанымен суреттерде соңында тас шары бар үлкен күрзілер (шоқпарлар) көрсетілген. Мифологиялық сюжеттерде басты кейіпкер пайдаланған қару-жарақтың архаикалық немесе ирреалды сипаты әрдайым көрсетіліп отырады. Әдетте тек қару-жарақ қана емес, кейіпкердің ер адамдық күші де айқын көзге түсерлік түрде беріледі. Қаһарманның жоғарғы әлеуметтік топтағы арбалы жауынгерлер қатарына кіретіндігін білдіретін асылып тұрған құйрық суреті де жиі кездеседі.

«Арқа тұстарын» бір-біріне беріп, зұлымдық күштерімен соғысып жатқан немесе бірігіп қандай бір құбыжықпен алысып жатқан екі кейіпкерді суреттеген сюжет өте кең таралған. Көптеген зерттеушілер мұндай

көріністерді ежелгі заманда таралған ағайынды-егіздер культымен байланыстырады.

Қола дәуірінде кең таралған басқа тағы бір маңызды сюжет арба болып табылады. Оларды ежелгі адамдардың түсінігінше тек бахадүрлер ғана емес, арбамен құдайлар да жүрген, және де ең алдымен Күннің өзі арбаны пайдаланған. Кейде арбалар қарапайым түрде бедерленді, дегенмен әрбір терте, доңғалақ, белағаш, т.б. бөлшегі мұқият суреттелгендері де ұшырасады.

Құрбандық шалу, би билеу, ғұрыптық жекпе-жек, аң терісін жамылу секілді ғұрыптық жосын-жоралғы мен салт-дәстүр бейнеленген көріністер де ерекше қызығушылық оятады. Мұндай сюжеттер әдетте ғибадатхананың орталық бөлігінде, ғұрыптық іс-әрекеттер атқарылуы мүмкін жазық алаңқайлар алдында орналасады.

Орталық Азия ғибадатханаларында немесе мінәжат орындарында ғұрыптық жекпе-жек суреттері жиі кездеседі. Жетісуда айбалтамен жекпе-жекке шығу көрінісі Таңбалы, Құлжабасы, Қарақыр секілді барлық ірі ғибадатханаларда ұшырасады. Қарақыр суреттерінде тек жекпе-жек қана емес, сонымен қатар жеңімпазға арналаған сый да берілген сияқты. Айталық, айқасып жатқан екі адам суреті жанында екі аттың шылбыр ұстап тұрған адам бейнеленген. Сюжеттердің бұлайша сәйкес келуі бірнеше жерлерден ұшырасып отырады. Бәлкім, мұндай күрделі сынақтан кейін адамдар айрықша құқық иемденген арбалы-жауынгерлер тобына өткен де шығар. Көріністе бедерленген аттар мұндай жағдайда соғыс арбасына арналды.

Жартас суреттерінде қару-жараққа қатысты басқа да ғұрыптық іс-әрекеттер де кездеседі. Таңбалы мен Құлжабасыдан айбалта ұстап билеп жүрген адамдар ұшырасатындығы белгілі. Мұндай би кезінде билеуші адам бірден көршісіне қарай қисайған, егер ол одан секіріп кетпесе, онда оған балта тиген. Осындай ғұрыптарды одан кейінгі уақыттарда ежелгі авторлар сипаттап жазып кеткен.

Өңірдегі Құлжабасы мен басқа ғибадатханаларда бейбіт би билеп жүргендер бейнесі, қару-жарақсыз адамдардың, кейде кебенек кигендердің де суреттері бар. Мұндай билер мен ғұрыптар ең алдымен құнарлылық культына арналған. Хайуанаттар терісін жамылған, маска мен костюмдер киген адамдар ежелгілердің түсінігінше жер асты күштерімен және әруақтармен байланыстырылды. Кебенек кигендердің биі жабайы аңдар әруақтары, жер асты күштері секілді түнек пен зұлымдыққа қарсы қайырымдылықтың күресін бейнеледі.

Үйлесімділік пен хаос арасындағы күрес жартас суреттерінде адам мен алыптар арқылы бедерленген. Алып, дәу немесе жын әрдайым стихиялық күш, оларды қаһарман жеңуі керек немесе билігін мойындатуы тиіс.

Мифологиядағы немесе шынайы тарихты бейнелейтін маңызды құбылыстарды сипаттайтын көптеген көріністер сан алуан таңбалармен бірге қосақталынып жүреді. Әсіресе «көз секілді» таңбалар жиі ұшырасады. Мұндай таңбалар күйме мен арбаны қарапайым етіп көрсетуден шығуы да мүмкін. «Көз секілді» таңбаның мәні қозғалыс, кеңістік не болмас уақыт

бойынша орын ауыстыру, яғни тірі адамдардың құдайлар аспаны мен жер астындағы әруақтар әлемі арасындағы байланыс.

Петроглифтерде әлі зерттеушілерге түсініксіз таңба-белгілер көп, олар – тор, баспана жоспары, ирек сызықтар, т.б. Доңғалақты бейнелеген таңбаның мәні белгілі, ол дәстүрлі түрде Әлемді, Дүниені, уақыттың жүрісін бейнелейді.

Ғибадатханалардағы ежелгі суреттердің маңызды қабаты өгіз, жылқы, тау теке, жабайы аңдарды құрайды. Шөппен қоректенетін аңдарды аулау көрінісі жиі кездеседі.

Құнарлылық символы болған жыланның (тау теке де) бейнесі де жиі ұшырасады. Жылан тек құнарлылық қана емес, сонымен қатар даналықтың, мәңгілік өмірдің, құпия сақтаудың және де өлімнің символы болды. Жылан әруақтар мен өлілердің жер асты әлемінде, жер бетіндегі адамдар әлемінде де өмір сүре беретіндіктен, ежелгі адамдар оны екі әлемді байланыстырушы күш ретінде қабылдады. Жыланның қабығын шешіп қалдырып кетуі мәңгілік өмір мен оның даналығы туралы мифтердің келіп шығуына алып келді. Сондай-ақ, жыланның шағып алуы өлім әкелді, яғни адамды ол жер бетінен жер астындағы әлемге апарды. Тау теке мен жыланның біріккен суреті мүйізі жылан секілді ешкі бейнесінде кездеседі. Мұндай бейнелер Орталық Азиядағы ғибадатханалардан, соның ішінде Саймалы-Таштан (Қырғызстан) белгілі болған, бірақ олар Құлжабасы мен Қарақыр тауларынан да табылған.

«Күн басты» құдайлардың бейнесі сирек кездескенімен, олар өте маңызды туынды ретінде саналады. Олар ірі ғибадатханаларда және міндетті түрде орталық бөлікте ұшырасады. Бәрінен көп кездескен жері – Таңбалы, Ешкіөлмес, Құлжабасы таулары, Қарақыр ғибадатханасы.

Антропоморфты құдайлардың бейнесі қола дәуіріндегі адамдардың діни түсініктері өзгеріске ұшырай бастағандығын айғақтайды. Шаруашылық пен жеке меншіктің дамуы әлеуметтік топтардың, өзіндік иерархияның, адам қоғамындағы бағыныштылықтың қалыптасуына алып келді. Осыған ұқсас иерархия жоғарғы күштер арасында да болмай қоймайтын еді. Жоғарғы күштердің төменгі қабатына мифтік қаһармандарды, әруақтарды, алыптарды, ал ортаңғы қабатына қасиетті хайуанаттарды, жоғарғысына – антропоморфты құдайларды жатқызуға болатын сияқты. Мұндай өзіндік Әлем «қабаттарын» бедерлеген көріністер Таңбалыдан анықталған, және де орталық бөлікте орналасқан.

Қасиетті жануарлар арасынан ең алдымен өгіздің бейнесін ерекше бөліп көрсетуге болады. Өгіз бейнесін қасиеттендіру шаруашылықтағы бұл жануардың маңызына, алғашқы ата-баба мен рудың қорғаушысы болған өгізге қатысты тотемдік түсініктердің сақталуына байланысты болған еді.

Келесі бір қасиетті жануар ешкі (тау теке) болды. Бұл жануар құнарлылық символы болған еді. Құнарлылық әруақтары ешкі терісін киді. Құлжабасы тауларынан садақпен жабайы ешкіні атып тұрған мүйізді ешкі маскасын киген адам суреті табылған. Таңбалыдан ешкі терісін жамылғандар бейнесі кездескендігі белгілі. Жетісу ғибадатханаларында жабайы ешкіні аулап жатқан садақшылар суреттері кеңінен таралған.

Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан петроглифтерінде қос өркешті түйе бейнесі маңызды орын алады. Бұл жануар далалық тайпалар өмірінде үлкен рөл атқарды, өйткені дала мен шөл арқылы алыс қашықтықтарға көшуге мүмкіншілік берді. Нәтижесінде қола дәуірінде түйе культы қалыптасты. Түйелердің бейнелері ең көп кездескен Қаратау жотасы болып табылады. Ондағы Арпа-Өзен ғибадатханасындағы жартастарда айналасында жануарлардың ұсақ суреттері бар көлемі 1,5-2 м түйе бейнелері қашап салынған.

Егіншіліктің дамуы нәтижесінде Күн культы ерекше маңызға ие бола бастайды. Осыған байланысты антропоморфты фигуралардағы жоғарғы құдайлардың басы сәулесін шашып тұрған дөңгелек күн пішінінде берілуі кездейсоқтық емес.

Қару-жарак ұстанған жауынгерлер мен арбалы сарбаздардың сан түрлі кескіндері жауынгерлік культтың қалыптаса бастағандығын көрсетеді. Арбаны жүргізіп отырған және жалғыз өзі соғысып жатқан жайынгер уақытының негізгі бөлігін әскери іске машықтануға арнауы тиіс, сондықтан да арбалы сарбаздар шаруашылық қызметтерден босатылды да, кәсіпқой жауынгерге айналды. Шаруашылық қызметтерден босатылудан басқа жауынгерлер соғыс олжасының бір бөлігін алу, әскери кеңестерге қатысу сияқты өзге де артықшылықтар иемденсе керек.

Құрбандық шалу культы, ең алдымен өгізді құрбандыққа шалу, сірә, құнарлылықпен қамтамасыз ету және әлемдік тепе-теңдікті сақтап тұру үшін жасалған сияқты. Өгізді құрбандыққа шалу культы Таңбалы ғибадатханасында өте айқын берілген. Көріністердің бірінде қозғалмай тұрған өгізді балтамен басынан ұрып тұрған адам бейнеленген. Адамның арқа тұсында солярлық таңба көрсетілген, бұл болып жатқан іс-әрекеттердің культтық мәнін көрсетеді. Оның жанындағы көрші жартасқа буаз сиыр (ішіндегі бұзауы да) қашап салынған, ал одан ары өгіз үстінде тұрған құнарлылық жоғарғы құдайы суреттелген.

Ғибадатханалардың мыңжылдықтар бойы қызмет етуін былайша түсіндіруге болады: қола дәуірінде қалыптасқан негізгі культтар өз мән-мағынасын келесі дәуірлерде, тіпті дамыған орта ғасырларға дейін де жойған жоқ. Ертедегі таным-түсінік ұшқындары аздап өзгеріске ұшырағанымен халық жадында ұзақ уақытқа дейін сақталып келді.

V-тарау

САҚ, УСУНЬ, КАНГЮЙ, ХУННУ, САВРОМАТ ЖӘНЕ САРМАТТАРДЫҢ ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІНДЕГІ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Скиф-сақ проблемасы

Ұшы-қиыры шексіз еуразиялық шөлді және шөлейтті аймақтарда б.з.б. II-I-мыңжылдықтар шегі мен б.з.б. I-мыңжылдық бас кезінде мал шаруашылығының көшпелі формасы мен темір металлургиясының таралуы сынды маңызды оқиғалар орын алғандығы белгілі.

Мал шаруашылығына тән жаңа формалардың кеңінен таралуы бірқатар факторлардың өзара әрекетінен туындаған еді. Олардың арасынан зерттеушілер табиғи-климаттық жағдайды; мал шаруашылығын жүргізу тәсілдерінің жетілдірілуін; шөлді және шөлейтті аймақтарға бейімделген малдың түрлік құрамының қалыптасуын ерекше атап көрсетеді. Бұл байлықтың көзі болған мал санын көбейтуге және айырбас жасауға ұмтылудан келіп шыққан мүліктік және әлеуметтік дифференциацияның өсуіне байланысты туындаған әлеуметтік қатынастардың жаңа деңгейі де еді. Осы кездері арбалы-жекпелі көлік тарала бастады; жылқы шаруашылығы одан ары дами түсті; «қатал» сулық пайда болды және атты салт міну қалыптасқан еді.

Қалыптаса бастаған кезден және ерте орта ғасырларға (б.з. V ғ.) дейінгі кезеңдегі көшпелі қоғамдарды ерте темір дәуірі немесе ерте көшпенділер дәуірі деп атау орын алған. Ол белгілі бір аумақтарда өткен дәуірлік үрдістер мәнін ашып көрсетеді, сондай-ақ тайпалық және этникалық құрылымдардың өздеріне тән заңдылықтары бойынша тарихи дамуын сипаттайды. Көшпелі мал шаруашылығын зерттеген мамандар көшпеліліктің күрделі екендігіне, оның шығу тегі мен эволюциялық үрдістері бір сарынмен жүрмегендігіне баса назар аударған.

Еуразия тұрғындарының жаппай және тез арада отырықшылықтан көшпелілікке өтуіне күмән келтірген сақтар мәдениетінің ірі зерттеушілерінің бірі С.И.Руденко пайымдаулары қызықты. Оның пікірінше, үнемі қозғалыста жүрген таза көшпелілер өте сирек, өйткені малшылардың басым бөлігі белгілі бір дәрежеде отырықшылықпен және егіншілікпен байланыста болған, мұның өзіне географиялық факторлар септігін тигізген. Зерттеушінің «мал табындары мол, ең алдымен қой мен жылқы өсірген бай және өте бай малшылар» ғана көшіп-қонып жүрді және бұл олардың артық дәрежелілігі (айрықша құқығы) болды деген пікірі де қызықты.

Б.з.б. I мыңжылдықтың алғашқы ғасырларында халықтың бір бөлігінің көшпелі өмір салтын ұстануы жаңа археологиялық мәдениеттердің қалыптасуына алып келді. Өзіндік ерекшеліктеріне қарамастан олардың барлығы бірқатар жайттардан түзілген белгілі бір тұтастықты құрайды.

Бұл бірқатар жайттар – ұқсас өмір сүру ортасы мен осыған орай біркелкі тіршілік жағдайлары, алыс аумақтармен тез арада мәдени байланыс орнатуға

дайын тұрған жылдам қозғалушылық, әлеуметтік-экономикалық дамудың жақын деңгейі, және де, қима-андронов мәдени қабатына апаратын жалпы генетикалық негіз еді. Мәдениеттер арасындағы ұқсастық бірнеше біркелкі емес «скиф-сібір тұтастығы», «скиф-сібір қауымдастығы», «скиф әлемі» секілді терминдер арқылы таңбаланады. Соңғы «скиф әлемі» термині біршама бейтарап, сондықтан да ол көп қолданылады. Мәдениеттердің жақындық сипаты ертескифтік дәуірде қалыптасады, бірақ оның жекелген бастаулары мен тамырларын қола дәуіріндегі ежелгі мал өсірушілердің мәдени байланыстары мен қарым-қатынастарынан да көруге болады.

Дәл осы қола дәуірінде Еуразия далаларына еурпеоидты (еуропа пішіндес) антропологиялық тип тарала бастайды, ол әсіресе кейіннен скифтер заманында басымдық танытқан еді. Дунайдан Моңғолияға дейін қоныстанған еуразиялық көшпенділер қауымдастығының ең жарқан мәдениеті бұл тайпалардың скиф триадасында көрініс тапты, оның құрамына өзара жақын қару-жарақтың типтері, ат әбзелдері мен өзіндік скиф-сібір аң стилі кіреді. Бірақ скиф-сібір әлеміндегі көшпелі мәдениеттер мазмұны одан да кең. Оған скиф қазандары, ішінара монументтік өнер ескерткіштері – бұғы тастар, петроглифтер, кей жағдайлардағы жерлеу орындарының құрылысы де кіреді.

Шығыс Еуропа ерте темір ғасыры мәдениеттері үшін алғашқы кезеңдісіру Қара теңіздің солтүстік жағалауындағы скиф ескерткіштерінің негізінде жасалды. Кейінірек шығыс көшпенділерінің археологиялық мәдениеттері скиф ескерткіштеріне сәйкестендірілді.

Соңғы уақыттарға дейін скиф мәдениетінің басталған мерзімі б.з.б. VII ғасыр екінші жартысы деп саналып келді. Бірақ қазіргі кезде скиф кезеңінің басталуы б.з.б. IX-VIII ғасырлар деген көзқарас жиірек айтылып келеді.

Қазақстан мен Орта Азия үшін сақ және савромат мәдениеттерінің ерекшелігі ежелгі мемлекеттердегі отырықшы-егінші халықпен көршілес орналасудан және олармен белсенді түрде араласудан көрінеді. Солтүстік сатраптары ішінара кіріп жатқан Ахемен әулеті державасына, дайлардың көшпелі тайпалары құруға қатысқан, сонымен қатар билеуші династияларының негізін қалаған Парфия мемлекетіне жақын болу, сондай-ақ көшпелі тайпалардың Грек-Бактрия патшалығын күйретуге қатысуы қазақстандық тайпалардың материалдары мен рухани мәдениетінде көрініс таппай қоймады. Қазақстан мен Орта Азияның көшпелі және отырықшы қауымдастықтары біртұтас экономикалық, тіпті саяси құрылымдар да құрды, олар бір-біріне тұтастай тәуелді болып, өзара үнемі араласуға мүдделі болды.

Сақтар

Қазақстан аумағын б.з.б. I-мыңжылдықта жинақтап алғанда «сақ» деген көптеген тайпалар мекендеді. Сақ тайпалары Солтүстік Қара теңіз өңірі мен Днепр бойын мекендеген скифтердің және Еділдің төменгі ағысы мен Оңтүстік Орал маңында тіршілік еткен савроматтардың, Кир және I Дария уақытындағы парсылардың, Александр Македонский дәуіріндегі гректердің

замандастары болды. Ахемен (ахеменидтер) сына жазуларынан тұратын дереккөздерде сақтардың хаумаварга-сақтар (хаома сусынын дайындайтын сақтар), тиграхауда-сақтар (шошақ бөрік киетін сақтар), парадрайа-сақтар (теңіздің ар жағындағы сақтар) секілді үш топқа бөлінгендігі айтылады.

Сақтар тарихын білу үшін ежелгі парсы, элам және аккад тілдерінде жазылған Дарий мен Ксеркс секілді патшалардың жазбалары, сонымен қатар «Авеста» деп аталатын ежелгі ирандықтардың зороастриялық дінінің кітаптар жинағы едәуір қызығушылық туғызады. I Дарийдің Бехистун жазуындағы бесінші бағана, Накши-Рүстемдегі «а» жазуы, Персепольдағы «е» мәтіні және де Ксеркстің «дәулер туралы жазуы» да ерекше маңызды.

Грек және латын тілдеріндегі антикалық дереккөздері де өте құнды. Олардың арасынан Геродоттың еңбегі («Тарих») айрықша дараланады. Қазақстан тарихы үшін Еуразия көшпенділері туралы толымды мағлұматтар беретін оның төртінші кітабының маңызы аса зор. Ахемен әулеті билік құрған уақыттағы тарих жайлы бірқатар құнды мәліметтерді Ксенофонт, Ктесий және де кейінгі авторлар – Арриан, Полиен, Диодор, Полибий, Плиний, Птоломей, Страбон қалдырған. Бірақ олардағы Қазақстан аумағында өмір сүрген сақтар туралы нақты ақпараттар аса көп емес және де көбіне үзінділерден тұрады.

Ең ерте кездердегі ежелгі парсы сына жазбаларындағы мәтінде Қазақстанды мекендеген тайпалар «сақ» деген жалпы атаумен берілген. Бұл термин, авесталық «тур» атауына қарағанда иран, грек-латын, кейіннен қытай дереккөздерінде кеңінен таралды.

Геродот та басқа көптеген грек авторлары секілді сақтарды скиф деп атады, кейде оған «азиялық скифтер» терминін қосып та отырды. Бірақ грек дереккөздерінде ахемен әулеті сына жазбаларында кездесе қоймайтын массагет, савромат, аргиппей, аримаспы, асси, пасиан, сакараука сынды атаулар да бар.

Жоғарыда аталған тайпаларды ежелгі парсы және антикалық дереккөздерінің негізінде қазіргі Қазақстан мен Орта Азия картасына орналастыру сауалдары түпкілікті шешілген жоқ. Соңғы уақыттарға дейін теңіздің ар жағындағы сақтарды орналастыруда екі көзқарас қалыптасқан болатын. Біріншісі бойынша, олар Арал теңізі маңынан шығысқа, сондай-ақ Әмудария мен Сырдарияның төменгі ағысында орналасты. Бұл сауалдың негіздемесіне I Дарийдің сақтарға жасаған жорығының бағыты туралы баяндаған Бехистун жазуындағы бесінші бағана-жолдың екінші бөлігін қалпына келтіру алынған еді. Қалпына келтірілген Бехистун мәтіндерінің бөлігін, сонан кейін Накши-Рүстем мен Персеполь жазуларын антикалық дереккөздерінің мағлұматтарымен салыстыру теңіздің арғы жағындағы сақтар мен «Соғдының арғы жағындағы» сақтарға массагеттер, дайлар, каспийлер сай келетіндігі жөнінде пайымдау жасалды.

Сақ-парадрайалар деп Қара теңіз аумағын мекендеген еуропалық скифтерді атау қажет деген де көзқарас айтылды.

Ахеменидтер патшалары Дарий мен оның алдындағы II Кирдің сақтар мен массагеттерге қарсы жорығы тарихи тұрғыдан дәлелденген факт болып

табылады. Бұл оқиғаларды толымды түрде сипаттап жазған Геродот массагеттер жерін «Аракс өзенінен ары шығысқа бағыттағы» Каспий теңізінен шығысқа қарай орналастырады. Кир мен Дарийдің жүріп өткен жорық жолдары тарихнамада дау-дамай туғызып келеді. Ғалымдардың бір бөлігі Дарий алдындағы патшаның жолымен қайталап жүріп, сақтарды Әмударияның сыртында, Арал теңізінің жанында кезедістірді десе, басқалары Кир массагеттермен Үзбой өзенінің бойында (Әмударияның қазір кеуіп кеткен тармағы) шайқасты, ал Дарий сақтардың жеріне Әмударияның орта ағысынан өтті деп пайымдайды. Көзқарастар алшақтығына қарамай-ақ, бір нәрсе белгілі, ол – екі жорық та сақтар мен массагеттерге қарсы бағытталған еді. Географиялық тұрғыдан алғанда бұл өңір Каспийдің шығысы мен Үзбайдан Сырдария өзеніне дейінгі аймақ пен Арал маңы болып табылады. Массагеттер одағы дербик, абии, апасиак секілді тайпаларды да біріктірсе керек.

Сонымен қатар тиграхауда-сақтары Шаш, Тянь-Шань мен Жетісуда тіршілік еткен деген де көзқарас бар.

Страбонның сөзіне қарағанда, массагеттерден солтүстікке қарай, «Меотидадан жоғары» даи тайпалары қоныстанған. Антикалық авторлар оларды бұрын Геродот жазып кеткен массагеттер иемденген жерге орналастырады. Бұл айалғандардың бәрі де даилардың алғашқыда массагеттерден солтүстікке қарай жатқан облыстарды мекендегені, немесе олардың конфедерациясына кіргендігі туралы баяндайды. Б.з.б. III ғасыр орта тұсында даилар (дахтар) Каспийдің оңтүстік-шығыс жағында, Парфия шекарасында пайда болып, массагеттердің тарих сахнасындағы орнын басады.

Ежелгі парсы сына мәтіндерінде сақтардың солтүстігінде өмір сүрген тайпалар мен халықтар туралы ештеңе айтылмайды, тек Авестада ғана сайрим атауы аталып өтеді. Толымды ақпарат беретін ежелгі грек дереккөздерінде савроматтар туралы айтылады, бұл тайпалар сайримдермен байланысуы да мүмкін.

Геродот скифтерден солтүстікке қарай өмір сүргендер қатарында аргиппейлерді жатқызады.

Исседондар тайпаларын Геродот агриппейлерден шығысқа қарай орналастырады. Исседондардың айтуына қарағанда – деп жазады Геродот, олардан жоғарырақта аримаспылар мен «алтын қорыған самұрық» тайпалары өмір сүреді. Аримаспы және алтын қорыған самұрық тайпалары мекенін мамандар сол кездері ірі алтын кендері орналасқан Қазақстанның шығысы мен Алтай өңірімен байланыстырады. Исседондардың Орталық Қазақстан далаларын мекендегендігін топшылауға болады.

Б.з.б. VIII-IV ғасырлардағы Еуразияның этникалық және саяси картасы ала-құла болуымен ерекшеленеді. Бұл уақыттарда жақын және алыс жатқан тайпалар, халықтар, мемлекеттер арасында біршама тұрақты экономикалық, саяси және мәдени байланыстар орнады, әскери қақтығыстар да болып тұрды. Қазақстан аумағын мекендеген тайпалар Орта Азия, Алтай, Сібір,

Солтүстік Моңғолия мен Қытайда тіршілік еткен туыстас халықтармен өзара байланыс орнатып, қарым-қатынас жасады.

Оңтүстіктегі сақтар ахеменидтер заманына дейін-ақ «Үлкен Хорезм», «Бактрия патшалығы», Ассирия мен Мидия секілді мемлекеттік бірлестіктермен, ал б.з.б. VI ғасыр ортасында Персиямен тарихи байланыстарға түсіп отырған болатын. Мәселен, Кир сақтармен одақ құрып, Лидия патшасы Крезбен соғысуы кезінде олардың көмегін пайдаланды. Одақ жасаға қанағаттанбаған Кир сақтар мен массагеттерді бағындырмақшы болды. Парсылардың жаулап алу жорықтары қиян-кескі қарсылыққа тап болып, Кир жорығы толығымен жүзеге аспады.

Кирдің жаулап алу жорықтарын I Дарий жалғастырды. Ол аз уақыт болса да жекелеген сақ тайпаларын, соның ішінде хаумаварға сақтары мен каспийлерді бағындыра алды. Бұл тайпалар Ахемен әулеті империясының XV сатрапиясының құрамына кірді. Сақтар ахеменидтер әскерінің құрамында қызмет етті. Олардың бір бөлігі тіпті парсы патшасының жеке ұланына (гвардиясына) да кірді.

Б.з.б. VI ғасыр соңы мен V ғасыр бас кезінде ежелгі Шығыста грек-парсы соғыстарының басталуына орай ірі саяси оқиғалар пісіп-жетілді. Кейбір сақ тайпалары бұл соғыстарда одақтастар мен жалдамалылар есебінде парсылар жағында соғысты. Гавгамелы маңындағы ұрысқа, мәселен, сақтардың жеңіл атты әскері қатысты.

Б.з.б. IV ғасырдың 30-жылдары Александр Македонский басқарған македондық-гректер соңғы Ахеменид, III Дарий Кодоманның армиясын талқандап, Орта Азияға баса көктеп кірді.

Гректердің баса-көктеп енуіне Орта Азия тайпалары мен халықтары табан тіресе қарсыласты. Александр Македонский әскеріне қарсы күресте сол кездері Қазақстанның оңтүстік аудандарын мекендеген тайпалар, соның ішінде массагеттер белсенді қарсылық көрсетті. Әскерімен бірге Сырдариядан өтпек болған Александр Македонский әрекеті нәтижесіз болды, оны сақ жебесі жаралады. Тек үш жылдай уақытқа созылған қиян-кескі соғыстардан кейін ғана македондық-гректер Орта Азия халықтарын уақытша бағындыра алды. Сырдарияның арғы бетіндегі сақ тайпалары өз тәуелсіздігін сақтап қалды.

Усуньдердің саяси тарихы

Бұл Қазақстан аумағындағы ірі мемлекеттік бірлестіктердің бірі. Батысты усуньдердің шекарасы Шу мен Талас өзендеріне дейін жетті, тіпті Қаратаудың шығыс беткейлеріне шейін де жетуі ықтимал. Усунь иеліктерінің орталығы Іле мен Шу өзендерінің алабы, Ыстықкөл қазаншұңқыры болды.

Усунь терминінің мән-мағынасы әлі күнге дейін анықталмаған. Ол қытайлық иероглифтік жазба бойынша ғана белгілі, қазіргі таңдағы дыбысталуы қазақтың *үйсін* атты этнонимдерінің бірімен, тайпа атауымен, яғни Ұлы жүз құрамындағы этникалық құрауыш атауымен толық үндеседі. Көптеген зерттеушілер бұл транскрипциядан Орта Азия тарихында кеңінен

танымал *асиан* этнонимін көруге бейім. Бірақ, жаңа зерттеулер асиан терминіне басқаша түсінік беруде: *асиан* термині *яття* этнонимінің диалектикалық нұсқаларының бірі болуы мүмкін, ал оның дәстүрлі көне қытайлық транскрипциясының формасы қазіргі қытай тілінде *юечжи* болып дыбысталатын иероглифтер болған.

Усунь терминінің транскрипциясына қатысты интерпретацияның тағы бір нұсқасы бар. Қазіргі қытай тіліндегі *у-сунь* болып дыбысталатын екі иероглиф *а-сман*, яғни «аспан» болып оқылады.

Усуньдер үш бөлікке бөлінді: сол қол, орталық, оң қол (әрқайсында он мың әскер болды).

Усуньдер ілкіде Орталық Азияда болған күшті этносаяси бірлестіктердің бірі саналды. Усунь мәдениетінің ескерткіштері Жетісу, Ферғана (ішінара) және де Шығыс Түркістан аумақтарына таралған. Б.з.б. II ғасырда 630 мың адамнан тұратын усуньдер атты әскер мен жаяу садақшылардан тұратын үлкен әскер шығара алатын еді. Усунь күнбиінің жеке жасағында және тақтың екі мұрагерінде 30 мың атты әскер болды, олардың әрқайсына әскердің 10 мыңы тиесілі еді. Б.з.б. 73 жылы-ақ усуньдер аумағы сол (шығыс), оң (батыс) және күнби басқаратын орталық сияқты үш бөлікке бөлінді, және де барлығы «оған бағынатын». Усунь күнбиінің резиденциясы Чананьнан (Қытай) 8900 ли қашықтықтағы Чигу қаласында орналасты.

Усунь тарихы бір-біріне қарсы тұрған хунну мен Хань (Қытай) саясатының жақтастары арасындағы өзара қырқыстарға толы. Айталық, б.з.б. 60 жылдар соңында хунну патшайымынан туылған күнби Унгуймидің баласы – Уцзюту, патшалық құрып отырған Нимиді (Куанван) өлтіріп, билікті тартып алды да, өзін күнби деп жариялады. Б.з.б. 14 жылы ұлы күнби Цылими кіші күнби Мочжэньцянның тапсырмасы бойынша өлтірілді. Усунь мемлекетінің өркендеуі б.з.б. 45-14 жылдары елді Цылими басқарған тұсқа сай келесе керек, өйткені ол «билікті қолында мығым ұстаған» еді және де оның иелігінде «мүлгіген тыныштық пен бейбітшілік орнады».

Усуньдер қол астына немесе ықпалына бірқатар иеліктер мен тайпалар түскендігі жайлы сөз қозғауға негіз бар. Мысалы, «Цяньханьшуда» усунь «өзіне көптеген иеліктер бағындырып алды», ал «Даваньчжуаньда» - «көрші жатқан ұсақ иеліктерге шапқыншылық жасады» делінеді, мұны Янь Ши-гу «бағындыра салысымен-ақ, вассалдарына айналдырады» деп толықтырады. Мұндай тайпалар мен иеліктер қатарына хюсюнь, гуаньду (цзюаньду), юйту, немесе уш кірсе керек.

Басқа мемлекеттермен одақтастық қарым-қатынастарды усуньдер неке арқылы да орнатып отырды. Мәселен, б.з.б. 69 жылы Вэн-Гуйми өзінің Диши есімді қызын усунь билеушісі Кучи Гяньбиньге берді. Усуньдермен одақтасуға мүдделі болған Хань империясы мен хуннулар, күнбилерге қыздарын беріп отырды.

Кейбір іргелес жатқан аумақтағы билеушілер дұшпандары шабуыл жасаған кезде усуньдерден жәрдем сұрады.

Хань дәуіріндегі династиялық хроникаларда усуньдердің саяси тарихынан алынған фактілердің мазмұндамасы б.з.б. III ғасырға дейін жетті.

Үзік-жарық мағлұматтар кейінгі кездердегі, соның ішінде Ортаңғы империя тұсындағы дерекөздерде кездеседі. «Бэйшу» (Юаньвэй әулетінің тарихы) кітабында 437 жылы усуньдер Хань сарайына елшілер жіберген деп айтылады.

Көптеген зерттеушілер усуньдер түрік тілді халық болғандығы жайлы айтады. Дегенмен соңғы уақытқа дейін усуньдердің түрік тілді екендігіне күмән келтіруші көптеген мамандар, оларды қазақ халқынан аластатуға ұмтылып келді.

Археологиялық материалдар, әсіресе Жетісу жерінен алынған мәліметтер түрік кезеңіне дейінгі уақытта усуньдердің осы кең байтақ аумақта өмір сүріп жатқандығын дәлелдейді. Онымен тұрмақ, осы мағлұматтар аздап түрік қағандарының бақылауында болғанымен ежелгі усуньдердің мәдениеті бұрынғы өмір сүрген жерлерінде дами бергендігін нақты дәлелдейді. Тіпті б.з. X ғасырында дереккөздерінің беттерінде *усунь* атауы кездеседі.

Сол себепті де, ежелгі усуньдер мен қазақ халқының құрамына енген үйсіндердің генетикалық байланысы бар екендігі туралы айтуға барлық негіздеме бар. Яғни, ұлтымыз орта ғасырлардағы миграциялық процестер нәтижесінде қалыптасты деген концепция шындыққа жанаспайды. Қазақ халқы – ежелден келе жатқан автохтонды халық.

Кангюй мемлекеті

Б.з.б. II ғасырда Қазақстанда бірқатар жаңа мемлекеттік бірлестіктер қалыптаса бастайды, олардың арасында Кангюй мемлекеті де бар.

Тарихнаманың ауқымды болғанына қарамастан, кангюйлерді зерттелуі әлі де қанағаттандырмайды. Бұған әртүрлі интерпретация тудыратын үздік-создық әрі қарама-қайшылықтан тұратын шектеулі жазба дереккөздері себепкер болып отыр. Пікірсайыс туғызатын мәселелердің бүкіл тобы осы кезге дейін «кангюйлер проблемасын» дейтін болып табылады. Мемлекеттің аумағы Оңтүстік Қазақстан, Ташкент жазирасы (оазисі) (Өзбекстан), Сырдария, Жанадария, Қуандарияның көне сағалары мен Жетісудың оңтүстік-батысының бір бөлігін қамтыған кең байтақ жерді алып жатты. Мемлекеттің мейлінше күшейген кезінде оған Сусе, Фумо, Юени, Ги (Цзи), Юегань секілді бес «кіші иелік», сондай-ақ Янцай бағынды. Алайда олардың орналасуы даулы мәселе ретінде қалып келеді.

Кангюй мемлекеті мен оның иеліктерінің орналасу мәселелерінің тарихы ресейлік шығыстанушы И.Бичуриннен басталады, ол оның орналасқан жерін Сырдария өзенінің солтүстік жағындағы далалы аймақтар деп белгілеген. «Шицзи» мәтініне берген түсініктемесінде ол: «Кангюй иелігі қазір Ұлы жүз және Орта жүз қазақтары көшіп-қонып жүр Сырдарияның солтүстік жағындағы далаларды алып жатыр» деп атап өткен. «Шицзиде» кангюйдің орналасуы туралы былай делінген: «Кангюй Даванның солтүстік-батысында шамамен 2000 ли жерде жатыр. Бұл - әдетте 200000 әскері бар тұрмысы юечжиліктерге ұқсайтын көшпелі иелік. Кангюй Даваньмен шектес

және күшінің әлсіз болуына қарай оңтүстікте юечжиліктердің билігін, шығыста хуннулар билігін таниды». Үлкен Хань әулетінің келесі бір хроникасы «Цянь Ханьшудың» «Жерге орналасуды суреттеу» деген тарауында Кангюйге арналған бөлім бар, онда сөзбе-сөз келтіргенде былай делінген: «Кангюй билеушісі Лоюень елінде, Уананьнан ол 12300 ли жердегі Битянь қаласын мекендейді. Ол уәкілге (наместникке) тәуелді емес. Әміршінің жазда болатын жеріне Лоюеннен жеті күнде жетуге болады... Халқы 120000 отбасынан, 600000 адамнан тұрады; әскер саны 120000 адам. Әдет-ғұрпы (тұрмысы) Үлкен Юечжиен бірдей. Кангюйлер шығыс жағында хуннуларға бағынады».

XX ғасыр орта тұсында олардың орналасуы мәселелері жөнінде екі көзқарас: 1. Кангюйлер Ташкент жазирасынан Хорезмге дейінгі ортаазиялық қос өзен арасындағы кең байтақ жерді алып жатты; 2. Кангюй иелігі Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы аңғардан Ташкентке дейінгі алқапта шоғырланды, ал байырғы жерлері Сарысу өзенінің орта ағысына, Шуға шейін созылып, Ұлытау тауларына дейін орналасқан деген көзқарастар қалыптасты.

Бірінші көзқарасты С.П.Толстов мейлінше дәлелді қорғады. Ол Кангюй жері шығыста Ферғанаға дейін жетті, оңтүстікте Парфиямен және Бактриямен шекараласты, батыста оған Бұхара оазисі мен Хорезм кірді деп есептеді. Бес иелік былайша орналасты: Сусе – Қашқадариядағы Шахрисябс облысында; Фуму – Зеравшан өзеніндегі Кушания облысында; Юени – Ташкент оазисінде; Ги – Бұхарада; Юегань – бүкіл мемлекеттің орталығы болған Хорезмде.

С.П.Толстовтың бұл мәселедегі негізгі қарсыласы А.Н.Бернштам Кангюйдің шығыс шекарасы Талас өзені бойымен өтеді деп санады. Кейінірек, б.з. III ғасырында Цзиньши мағлұматтарына қарағанда, ол тіпті Іле өзеніне дейін жеткен. Ол Кангюйдің бес иелігін былайша орналастырады: Юегань – Хорезмде; Ги – Сырдарияның төменгі ағысында; Фуму – Жаңақорғаннан солтүстік-батысқа қарай Қазалыға дейін; Сусе – Сырдарияның орта ағысы, Арыс өзенінің алабы, Қаратау беткейлерінде; Юени – Ташкент жазирасында. Оған жекелеген археологиялық мәдениеттер сәйкес келеді: Ташкент жазирасында – қауыншы мәдениеті; Сырдарияның орта ағысында – кангюй-қаратау мәдениеті; Қуандарияның ежелгі салаларында – жетіасар мәдениеті; Сырдарияның төменгі ағысында – «батпақты қалалар» мәдениеті таралған. Сырдарияның орта ағысындағы жерлер кангюйлердің байырғы жері болған. А.Н.Бернштам пікірінше, мұнда Авеста, Махабхарата мен Шахнаме тарихи ескерткіштерінде аңыз болып айтылатын Кангха елі нақ осында орналасқан.

Бұл көзқарасты кейіннен қазақстандық зерттеушілер негізге алды.

Дегенмен Кангха елінің атауы түрлі сипаттағы ежелгі жазба дереккөздерінде б.з.б. XIV ғасырдан бастап мәлім болғанымен, б.з.б. IV ғасыр соңындағы оқиғалардан жақсы хабардар антикалық авторлар Кангюйлерге тоқталмайды. Сырдария бойындағы аймақта «Кан үйі» б.з.б. III ғасырда, тіпті б.з.б. II ғасырда көтерілген деп топшылауға болады.

Айта кету керек, бұл кезеңде Орта Азиялық қос өзен аңғарында юечжилердің негізгі бөлігінің оңтүстікке, сол жағалаулық Бактрияға ығысуы басталды, олар осы аймақтарға тұрақтап қалды да, бес иелікке бөлінді, мұның өзі Кангюйлермен салыстырғанда олардың әлсіреуіне алып келмей қоймайтын еді, сөйтіп Кангюйге оңтүстік пен батысқа қарай экспансия жасауға мол мүмкіндіктер ашылды. Осы уақыттарда (б.з.б. II ғасыр соңы мен б.з.б. I ғасыр бас кезі), сірә, кангюйдің жоғарыда аталған бес иелігі пайда болса керек, сондай-ақ ол өзіне Янцайды (Арал-Каспий өңіріндегі сармат-алан тайпалар одағы), Яньды (Орал маңындағы сармат тайпалары) бағындырады. Қытай жөнінде кангюй билеушілері өздерін тәуелсіз, тіпті батыл ұстаған, бұл жөнінде б.з.б. I ғасырдың аяғында Батыс өлкесіндегі Хань уәкілі императорға былай деп хабарлаған: «...Кангюй, керісінше (Усуньге карағанда) өркөкірек, батыл және де біздің жіберген елшілер алдында басын июге ешбір көнбейді. Онда уәкілден (наместниктен) жіберілген шенеуніктерді усуньдердің елшілерінен төмен отырғызады. Тамақты әуелі солардың кнэздері мен ақсақалдарына, сонан соң ғана уәкілдің елшілеріне тартады...».

Кейіннен, б.з.б. 47-46 жылдары кангюй билеушісі солтүстік хуннулар шаньюйі Чжи Чжижді (Шөжені) қуатты Хань одақтасы болған усуньдермен күресінде қолдады.

Б.з. III-IV ғасырларында Кангюй Орта Азия қос өзен аңғарындағы, Арал маңындағы өз үстемдігін жоғалтады да, бірқатар тәуелсіз иеліктерге бөлініп кетеді. V ғасырда ол император сарайына елшілік жіберген елдердің қатарында аталады. Сірә, бұл кезге қарай кангюйлер орнында пайда болған ұсақ иеліктер эфталиттік мемлекеттерге тәуелді болса керек.

Кангюй тайпаларының тілі туралы сауал әлі түпкілікті шешілген жоқ, зерттеушілердің бірі олардың тілін солтүстік-иранға жатқызса, келесілері оларды түрік тілді болды деп есептейді. Б.з. I-мыңжылдық орта тұсында Ортаңғы және Төменгі Сырдария ауданындағы этносаияси жағдай өзгереді. Оған түркі тілдес тайпалар басып кіреді.

Чжан Цянь заманынан бері қытай тарихнамасында кангюй тұрғындарын сипаттағанда оның мәдениетінің көшпелі сипатына баса назар аударып, оны «көшпелі иелік» деп атау дәстүрге айналды. Алайда қытай хроникасы басқа бір жерінде кангюйлерді балшықтан соққан қорған ішінде тұратын халық ретінде хабарлайды. Астаналық қаласы Битянь деп аталады, бірақ билеушісі мұнда үнемі тұрған жоқ, өйткені оны жазғы ордасы (резиденциясы) да болған еді. Соңғы айтылған мәселе бас орданың маусымдық сипатта болғанын, билеуші топтың жартылай көшпелі өмір сүргендігін дәлелдейді.

Кейінгі жылдары жинақталған археологиялық мәліметтер кангюйлер мәдениеті мен шаруашылығы туралы таным-түсінікті мейлінше кеңейтті.

Бір кездерде кангюйлер мекендеген аудандардан археологтар көптеген қоныстар мен қорымдарды анықтады. Бұл ескерткіштер қауыншы, отырар-қаратау, жетіасар археологиялық мәдениеттеріне жатқызылды. Біріншісі Ташкент жазирасына; екіншісі – Сырдарияның орта ағысынадағы Қаратау

беткейлерінен Таласқа дейінгі аудандарға; үшіншісі – Қуандария мен Жаңадария аңғарларына таралған.

Кангюй дәуірінде Орталық Азия аймақтарына салыстырмалы түрде сипаттама берген кезде Сырдарияның сағасынан Ферғанаға дейінгі біртұтас мәдени-шаруашылық өңір айқындалынады. Ол өңірге егіншілік-малшылық экономика, монументті архитектура мен фортификация, елді-мекендердің жетекші үлгісі ретіндегі аздап бекініс жасалған қоныстар, ақша айналымының шектеулігі тән болған.

Сонымен бірге, қауыншы және отырар-қаратау мәдениеті бір-бірімен тығыз байланысты болғандығы анықалған. Үш мәдениеттің дамуындағы алғашқы кезеңнен мәдени байланыстар қауыншы – отырар-қаратау – жетіасар секілді оңтүстіктен солтүстікке қарай бағытталғандығын көруге болады. Бұл, б.з.б. I-мыңжылдық соңындағы көшпелі тайпалардың жылжуымен байланысты болса керек.

Екінші кезеңнің бас кезінде жетіасар мәдениетінде Сібір, Тува, Моңғолия заттай мәдениеттерінің элементтері айқын байқала бастайды. Мұнда жаңа этникалық топтардың келуіне орай, жетіасар халқы Сырдарияны бойлай жоғары жылжиды, ал отырар-қаратау мен қауыншы мәдениеттерінің өкілдері Батыс Ферғана, Соғды, Бұхара мен Хорезмге жылжи түседі. Үшінші кезеңде барлық сырдариялық мәдениеттерге және Ташкент жазирасы арқылы Жетісуға Соғды ықпалы күшейе түскендігі байқалған.

Осы уақыттарда Қаратау мен Сырдарияның орта ағысына түркілердің келгендігі және де олардың жетіасар халқын Сырдария мен Әмударияның төменгі ағысына қарай ығыстыра бастағандығы да байқала түседі.

Хунну мемлекеті

Б.з.б. I-мыңжылдықта қазіргі Моңғолия оңтүстігіндегі Ордостан Каспий маңына дейінгі Орталық Азияның ұлан-байтақ кеңістігін шығу тегі мен этникалық құрамы жөнінен әр түрлі тайпалар мекендеген.

Шаруашылықтың біртіндеп дамуы, тұрмыстың біршама ортақтығы, этникалық жақындық, саяси тәртіп факторлары Орталық Азияда бірқатар мемлекеттер мен бірлестіктердің құрылуына алып келді. Солардың бірі Хунну мемлекеті болды. Б.з.б. III ғасыр соңындағы қытай дереккөздерінде пайда болған *Хунну* (сюнну) атауы шығу тегі әртүрлі тайпаларды біріктірген және оқтын-оқтын өз билігін Тынық мұхиты мен Солтүстік Қытайдан Алтай мен Жетісуға дейін, ал кейінірек одан әрі батысқа да ара-тұра таралып отырған саяси құрылымға қатысты болды.

Хунну (сюнну) этнонимінің мазмұны мен нақты қалай айтылатыны әзірше айқын емес. Зерттеулердің көрсетіп отырғанындай, оның ежелгі қытайлық транскрипциясы гректер мен ертедегі орыс жылнамаларының *фруна* (труна) түріне тіреліп жатыр. *Трун* және *гун* терминдері түрлі аудандарда болған бір этносаяси бірлестіктерге қатысты қолданылды.

Хуннулардың жоғарғы билеушісін қытай авторлары шаньюй деп атайды. Б.з.б. 206 жылы ғун тайпаларының басшылығына Мөде шаньюй

келді. Мөде билік еткен алғашқы жылдардың өзінде-ақ Қытайдың шекаралық аудандарына жорықтар жасап оған күйрете соққы берді. Кескілескен күресте Мөде әскери-саяси қуаты басым Хань әулетін сюнну-ғұндардың Ордостағы көшіп жүретін жерлерінен дәме етуден бас тартуға мәжбүр етті. Хань императоры Гаоцзу Мөденің алдында бас иіп, онымен «бейбітшілік пен туыстық туралы келісім-шартқа» қол қоюға мәжбүр болды, бұл шарт бойынша шаньюйге өз үйінің ханшасын әйелдікке беруге және жыл сайын «сыйлық» түрінде салық төлеп тұруға міндеттенді, кейіннен ол салықты үнемі төлеп тұрды.

Шығыста хуннулар «шығыс ху» тайпаларын бағындырды, ал оның құрамына, шамамен алғанда Керулен мен Онон алқаптарында мекендеген құрамына сяньби және ухуань тайпалары кіретін еді. Батыс пен солтүстік-батыста хуннулар юеди (юеджи, юечжи, иозы, ұлы ружы) тайпаларына қауіп төндірді. Хунну шаньюйінің қол астына қазіргі Кореядан Батыс Қытайға дейінгі аумақ бағынды, солтүстіктегі Хунну конфедерациясына кірген тайпалар Байкалдың сыртындағы оңтүстік аудандарға дейінгі жерлерді алып жатты.

Дереккөздерінде хунну жорығының алтайлық бағыты туралы айтылады. Шежіреші б.з.б. 201 жылы хуннулар солтүстікке және солтүстік-батысқа қарай жылжи отырып, Хуньюй, Цюйшэ, Динлин, Гэжунь және Синьли елдерін бағындырғандығын хабарлайды. Мәтінге берілген түсініктемеде әлгі аталған бес елдің хуннулардан солтүстікке қарай орналасқандығы айтылады, сірә, ол батысында Кем (Енисей) өзенінен Іле алқабына дейін созылып жатса керек.

Одан кейінгі онжылдықтарда хунну тайпалары күшейіп, батыста да белсенді қимыл көрсете бастайды. Б.з.б. 177 жылы Мөде көршілеріне қарсы өз бетінше қимыл жасады деген сылтаумен өзінің батыстағы түктерін (кнэздерін) юедилерге қарсы жорыққа аттандырады. Хунну атты әскері, Чжанье-Ганьчжоу ауданы маңында юечжилерге күйрете соққы берді және сонымен бірге жаңадан қалыптасып келе жатқан хунну коалициясының шетінде бірнеше ұлыстарды бағындырды.

Хунну қоғамы б.з.б. I ғасыр ортасында өзінің вассалдық иеліктерінен айрылып қана қоймай, Хуханье шаньюй басқарған оңтүстік және Чжи Чжи шаньюй қол астындағы солтүстік топтарға бөлініп кетті. Оңтүстік хуннулар Ордос аумағын мекендеп қалды, ал солтүстік хуннулар өз тайпаластарының қысымымен Саян мен Байкал көлі маңына қарай ығысады.

Хуннулар өмірінде мал шаруашылығы басты рөл атқарған. Бұл жөнінде Сыма Цянь былай деп жазады: «Қытайдың солтүстігінің сырт жағын мекендей жүріп, олар өздерінің малымен бір жайылымнан екінші жайылымға көшеді. Үй малынан жылқы, ірі қара және қой-ешкі өсіреді; біразы түйе, есек ұстайды. Шөптің қалың, судың мол болуына қарай бір жерден екінші жерге көшіп жүреді... Шонжарларынан бастап бәрі де үй малының етімен тамақтанады, олардың терісін киім қылады, жүн мен аң терісін жамылады». Әсіресе хуннулардың өмірінде жылқы ерекше маңызды рөл атқарды. Ал қой

еті, тері, жүні кеңінен пайдаланды. Қой терісі мен жүнінен киім, аяқ киім жасады, жүннен киіз басты.

Малының бәрі дерлік бүкіл жыл бойына жайып бағылды.

Хуннулар отырықшылық пен егіншілікті де білген. Дереккөздерінде «солтүстік жерлерде суық ерте түседі, тары себуге қолайсыз болса да, хуннулар жерінде тары себіледі» деп айтылады. Байкал сыртындағы Нижне-Иволгинское қала жұртын қазған кезде еденді сылаған балшық арасынан туралған сабан шықты. Нақ осы жерден қысқы, тұрақты жартылай жертөлелер табылды, олар кан (кәң) жүйесімен жылытылған. Қазба кезінде тары дәндері, шойын түрендер, темір орақ, тас дәнүккіштер пен астық сақтайтын ұралар аршып алынған. Бір шетінен, қайтыс болған адам жерленген ағаш қималары да хуннуларда отырықшылық болғандығын дәлелдейді.

Аңшылық та хуннулар өмірінде маңызды рөл атқарды. Бұл жөнінде дереккөздерінде былай делінген: «... балалар қойға мініп, садақ тарта алады және құстар мен тышқандарды ата біледі; біраз өскен соң олар түлкілерді және тамақ жейтін қояндарды атады... Олардың арасында орнаған ғұрып бойынша, тыныштық кезде мал бағып, оған қоса құс пен аң аулайды, сөйтіп тіршілік етеді». Хунну қабірлерін қазған кезде киік (антилопа), қабан, құлан, жабайы бұғы, елік, қоян, түлкі, т.б. түз тағыларының сүйектері көптеп табылған.

Қабірлерде керамика – құмыралар, көзелер, саптаяқтар аз емес, олар қолдан жапсырып және құмырашы ұршықшасында дайындалған, мұның өзі қыш-құмырашылықтың дамығанын дәлелдейді. Басқа жақтан әкелінген жібек маталар, әшекей бұйымдар, айналар, нефриттен жасалған заттар да жиі ұшырасады.

Хунну әскерінің негізін жылдам қозғалатын атты әскер құрады. Атқа мінген сарбаз садақ пен жебемен қаруланды. Қазба материалдарына қарағанда, садақтар екі үлгіде жасалды. Ертедегі садақтар ағаштан иілді, ал оның адырнасы тарамыстан жасалды. Садақтың жан-жағы сүйек қаптырмалармен қапталды (барлығы жетеуге дейін), екі ұшында адырнаны байлайтын кертпеші бар екі қаптырма, ортасына – жебе атылатын жеріне трапеция тәрізді қаптырма орнатылды. Осылайша садақтың иілгіштігі күшейтілді. Садақтың ұзындығы 70-80 см-ге жетті. Жебеге үш қырлы темір ұш салынды. Мұндай садақтар мен жебелер сауыт киген жауды атуға арналған еді. Ғұн жауынгері дөңгелек және сопақша пішінді, шыбықтардан тіреу орнатылған ағаш жақтаулы қалқанды да пайдаланған.

Дереккөздерінде хуннулар 24 руға бөлінді деп айтылған. Бұл қазақстандық көптеген оқулықтарға еніп кеткен мәлімет. Алайда мұны соңғы кездері кейбір мамандар уақытында дұрыс аударылмаған мәтін деп те есептейді. Сондықтан да хуннуларда өзек болған негізгі рулар қанша екендігі белгісіз. Деректемелерде кейбір рулардың аттары айтылады. Қалай болғанда да, олардың басында ақсақалдар тұрғандығы анық. Сонымен қатар, ақсақалдар кеңесі мен халық жиналысы (құрылтай) секілді рулық құрылыс институттары да сақталды. Дереккөздері «ғұндардың жыл сайын үш рет

Лунциде бас қосатын әдеті бар еді, онда жылдың бірінші, бесінші және тоғызыншы айында «сюй» деп аталатын күні көк рухына құрбан шалынады... осындай жиналыстарда рубасылары мемлекеттік істерді талқылайды, ат бәйгесі мен түйе жарысын тамашалайды» деп хабарлайды.

Қабірлерден алынған материалдар хунну қоғамында мүліктік теңсіздік жайын айқын сипаттайды. Хуннуларда әскери тұтқындар мен қол астындағы өңірлердің тұрғындарынан құралған құлдар болды. Олар үй қызметшілері, бақташылар, қолөнершілер және жер жыртушылар ретінде пайдаланылды.

Елді шаньюй басқарды, оның қолында шексіз дерлік билік болды. Одан кейін түменбасы аталған бекзадалар (кнэздер) тұрды. Олар шаньюйдің ұлдары, бауырлары немесе жақын туыстары болатын. Олардың әрқайсысы өздеріне тиісті аудандарда көшіп-қонып жүрді. Түменбасылар өз иеліктерінде мыңбасы, жүзбасыларды тағайындай алатын еді. Алайда шаньюй өзіне бағынбаған немесе жазықты болған түменбасылардың жерін қайтарып алатын, өз кезегінде түменбасылар да жүзбасыларға, онбасыларға қатысты нақ сондай құқық иемденді. Лауазымдар мен жоғарғы шендер мұрагерлік жолмен беріліп отырды. Хуннулар түрік тілді халық болды.

Хунну қоғамы секілді бірлестікке тән нәрсе - әкімшілігі мен күштеу аппараттары бар мемлекеттіліктің қалыптасуы еді, ішінара ру-тайпалық құрылысты алмастырған органдар жаңа жағдайларға бейімделіп, ішінара олармен астасып та жатты.

Савроматтар, сарматтар

Б.з.б. VІІ ғасыр мен б.з.б. III ғасырда Қазақстанның батыс өңірін савроматтар, кейіннен сарматтар мекен етті.

Зерттеушілердің пікірінше, скиф және савромат тайпаларының тікелей ата-бабалары андронов және қима мәдени-тарихи қауымдастықтарының ескерткіштерін қалдырған тұрғындар арасынан шыққан.

Авестада сайрима атауы кездеседі. Көне грек дереккөздерінде савроматтар туралы айтылатын толымды ақпараттар бар, соларды сайримдермен салғастыруға болатын сияқты.

Бірақ «савроматтар» да, «сақ», «скиф», кейіннен «түрік» терминдері секілді авторлар тарапынан екі мағынада қолданылды. Біріншіден, тайпаның өз атауы ретінде, екіншіден – тілі мен мәдениеті туыстас тайпалардың үлкен тобын біріктіретін термин ретінде.

Олар туралы Геродот былай деп жазады. Аңызға қарағанда, савроматтар скиф жігіттерінің амазонкалармен некесінен туған. Амазонкалар Фермодонт түбіндегі шайқастан кейін эллиндерге тұтқынға түсіп, үш кемемен Қара теңіз арқылы жіберілді. Жүзіп келе жатқан кезде амазонкалар барлық ер адамдарды өлтіреді, және де кеме желкенін басқаруды және ескектер пайдалануды білмегендіктен, ұзақ уақыт толқынмен жүзді. Соңынан Меотида көлінің жанындағы еркін скифтердің жеріндегі Кремнаға келеді. Келген жауынгер әйелдермен соғысқаннан кейін скиф жігіттері олармен некеге тұрды және өздерінің мүліктерінің бір бөлігімен амазонкалар

тұрағына өтті. Бірақ амазонкалар өз күйеулерін скиф елінен Танаистың арғы бетіне өтулерін өтінді, мұны олар жігіттерінің әкесін өлтіргендіктен әрі елге үлкен зұлымдық әкелгендіктен бұл жерде тұру санасына кері әсер ететіндігімен түсіндірді. Жігіттер бұған келісімін береді. Танаистен өткеннен кейін олар үш күн шығысқа және Меотидадан үш күн солтүстікке қарай жүреді. Келген соң, осы өлкеде тұрақтап қалады. Археологиялық олжалар мұны растайды. Дон мен Еділ өзендері аралығында, Еділдің сырты мен Оралда зерттеушілер савроматтармен салғастырған біртұтас археологиялық мәдениеттің болғандығы анықталған.

Бұл аңызда савроматтар туралы қызықты бірнеше мағлұматтар бар және ол ең алдымен әйел адамдардың ерекше жағдайын көрсетеді, олар атты салт мініп жүрген, садақ атып, сүңгілерді лақтырған, ер адамдармен бірге аңға шыққан, тіпті жорыққа шығып, ерлермен бірдей киім киіп жүрген. Әйел адамдардың жұмысына үйренбеген. Ешқандай қыз жауды өлтірмей тұрмысқа шықпаған. Мұндай өмір сүру дағдысын савромат әйелдері ілкіден жүргізіп келген. Геродот баса көрсеткен бұл аңызда савромат әйелдерінің ерекше қоғамдық жай-күйі шынайы бейнеленген деуге болады.

Савромат тайпалары батыста Қара теңіз жағалауындағы скифтермен көршілес тұрды, олармен сауда жүргізді, әскери одақтар құрды немесе әскери қақтығыстарға түсіп отырды. Оңтүстікте сақтар мен савроматтар ахеменидтер уақытына дейін-ақ «Үлкен Хорезм» және «Бактрия патшалығы», Ассирия мен Мидия, ал б.з.б. VI ғасырдан бастап Персия секілді мемлекеттермен байланыста болған еді.

Б.з.б. V-IV ғасырларда скифтер мен савроматтар арасындағы бейбіт қатынастар бұзылды. Савроматтардың скиф жерлеріне шапқыншылықтары, бәлкім бейбіт өтулері ұзаққа созылды және бұл үрдіс интенсивті түрде өтті, сөйтіп савроматтардың бір бөлігі Еуропаға қоныс аударады. Антикалық дереккөздеріне қарағанда б.з.б. IV ғасырдан бастап Донның төменгі ағысы, бәлкім Қара теңіздің солтүстік жағалауының бір бөлігі де сарматтарға қарады.

Скиф және савромат иеліктеріндегі шекаралық аймақтардағы саяси жағдайды өзгерткен оқиғалар Оңтүстік Орал, Каспийдің солтүстік-шығыс маңы мен Еділдің сыртқы жағындағы көшпелілердің көне замандардағы жылжуынан туындаған жаңғырық болуы да ықтимал. Соңғысы өз кезегінде көшпелілер мен отырықшы халық арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды күшейткен Александр Македонскийдің жорығымен де байланысты болуы мүмкін. Дәл осы шығыс көшпелілері Дон мен Еділ өзендері арасындағы халықты жылжитты немесе оларға қосылып кетті, бұл б.з.б. IV-II ғасырлардағы грек авторларының шығармаларында көрініс тапқан, ендігі жердегі дереккөздерінің беттерінде «сирмат» және «сармат» этнонимдері пайда болып, кейбір контекстерде савроматтарға қарсы қойылады. Б.з.б. IV ғасыр мен б.з.б. III ғасыр бас кезіндегі авторларда бір мезгілде «сирматтар», «сарматтар» және «Сарматия» атаулары пайда бола бастайды.

Кем дегенде б.з.б. IV ғасыр соңынан, Оңтүстік Орал мен Еділдің сыртқы жағынан көшпенділердің батысқа қарай жаппай қоныс аудару кезінен бастап шағын отрядтармен Дон мен Днепр өзендерінің аралығына дейін өткен сарматтар скифтерді мазалай бастайды. Мұндай оқиғаларды б.з. II ғасырында өмір сүрген Лукиан Самосатский өз шығармаларының бірінде өте тамаша сипаттап жазып кеткен. Ол сарматтардың күтпеген жерден және тұтқиылдан шабуылдап, скифтерді тырқырата қуғандарын, көптеген ержүрек адамдарын өлтіргендігін, басқаларын тірідей әкеткендерін, олжаны алып кеткендігін жазады. Б.з.б. III ғасырдан бастап ұзаққа созылған экономикалық дағдарысты басынан өткізген Скифия сарматтардың тегеуіріне шыдай алмады. Үнемі болып тұрған шапқыншылықтар мен Донның төменгі ағысы мен Меотиданың солтүстік-шығыс жағалауы аудандарынан жекелеген сармат тайпаларының кездейсоқ қоныс ауыстырулары скифтердің жаппай миграциясымен аяқталды, бұдан кейін Дон мен Днепр аралығындағы Қара теңіздің солтүстік жағалауындағы даланы сарматтар бақылауында ұстай бастады.

Б.з. IV ғасырында Оралдың далалы аумақтарынан ғұндар өтеді. Ғұндар ордасының құрамында сарматтардың бір бөлігі Гибралтар жағалауына дейін жетеді, басқа бөлігі Қара теңіздің солтүстік жағалауы мен Дон төңірегінде қалыптасқан ерте ортағасырлық жаңа этникалық бірлестіктер құрамына өтеді.

Далалы өңірдегі тұрғындардың ең басты және оларды керек-жарақпен қамтамасыз ететін өмір салты көшпелі мал шаруашылығы болды. Сарматтар, негізінен, жылқы мен қой өсірді. Даланың құрғақ жағдайындағы жайылымдарды пайдаланудағы шекті өлшем факторы су көздері болды. Сондықтан да, археологиялық ескерткіштердің көпшілігі ірі су артерияларының бойында орналасуы кездейсоқ емес. Тым континентальды климаттағы қысқы жағдайларда мал өсірушілер рельефі біршама жарылып кеткен малға ықтасын болатын аудандарға көшіп отырды. Батыс Қазақстандағы мұндай аудандар қатарына оңтүстік пен шығыс құм массивтері кіреді.

Шығыс Қазақстан археологиялық ескерткіштері

Ерте темір дәуіріндегі ескерткіштердің көпшілігі Шығыс Қазақстанның басты су артериясы болып табылатын Ертіс өзені алабында орналасқан. Обалы қорымдар Қалбы жотасының солтүстік және оңтүстік беткейлерінде, одан ары Шыңғыстау оңтүстік-батысына қарай және Тарбағатайдың батыс аудандарына дейін шоғырланып жатыр. Өлкенің оңтүстігінде олар Зайсан қазаншұңқырында тараған. Шығыс таулы аймақтарда Нарым, Бұқтырма өзендері жағалауларында және де соңғы аталған өзеннің көптеген сағаларына тарай орналасады да, Таулы Алтай аудандарының ескерткіштеріне барып ұштасады.

Сақтардың ең үлкен «патша обалары» Шілікті аңғарында және Бұқтарма өзенінің жағалауындағы Оңтүстік Алтай тауларында шоғырланған. Табиғи

тасы көп Шығыс Қазақстанның таулы аудандарында көптеген обалар тас үйінділерінен тұрғызылған (Берел, Қатон, Майәмір). Ертістің жоғарғы ағысы жағалауындағы үйінділер топырақ пен малта тастан тұрғызылды, бірақ жерлеу қабіріне түгелдей дерлік тас пайдаланылды. Құлынды даласымен қабысатын Ертістің орта ағысындағы жазық аудандарда обалар топырақтан көтерілді (Жолқұдық, Чернореченск, Иртышское, Боброво, Леонтьевка).

Шығыс Қазақстанның пайдалы қазбалары ерте темір дәуірінде де игерілген. Кенді Алтайдың полиметалл белдеуінен 850-ге жуық кеніштер мен кен орындары бар.

Бұл кезеңнің ескерткіштерін В.В.Радлов, С.С.Черников, М.П.Грязнов, С.Н.Руденко, Н.В.Полосьмак, В.И.Молодин, З.С.Самашев, Ә.Т.Төлеубаев, Ғ.Қ.Омаров, т.б. мамандар зерттеген.

Ғылымда Шығыс Қазақстан сақтарына тиесілі заттай мәдениеттің мынадай үш басты-басты кезеңдері бөліп көрсетілген: майәмір – б.з.б. VII-VI ғасырлар; берел – б.з.б. V-IV ғасырлар; құлажорға – б.з.б. III-I ғасырлар.

Майәмір кезеңі Нарым өзенінің жоғарғы ағысындағы Майәмір даласындағы обалы қорым атауымен аталған.

Таулы Алтайдың қарапайым майәмір обалары көбінесе іргесін белдеулей қоршаған аласа тас үйінділерінен тұрды. Қабір лақыттары тікбұрышты етіп қазылды, олардың қабырғалары ағашпен шегенделді және бір қабат бөренелермен жабылды. Майәмір ескерткіштерінен жиегі шығыңқы және дөңгелегінің ортасында тұзағы бар қола айналардың, сыртқы ілмешектері өте кішкене үзеңгі тәріздес қола ауыздығы бар жүгендердің ертеректегі түрлерінің, үш тесікті немесе ортаңғы тесігінің орнына ілмешегі бар айшықтардың өте мол жиынтығы табылды. Майәмір заманының қолданбалы өнеріне көбінесе атылғалы тұрған жыртқыштың, жүріп келе жатқан немесе жүруге ыңғайланған жануарлардың бейнесі тән.

С.С.Черников қазған *Шілікті обасы* Шығыс Қазақстанның далалық бөлігінің тамаша ескерткіші болып табылады, ол 51 үйіндіден тұратын үлкен қорымның құрамына кіреді. Басқа жерлердегі сияқты, мұнда да ұсақ обалар жоқ. Қорымның үйілген топырағының диаметрі 100 метрге, биіктігі 8—10 метрге дейін жетеді. Бұл — жүздеген жылдар бойы кісі жерленген, тайпалар мен ру көсемдерінің үлкен зираты.

Обаны қазу жұмыстары оның құрылымын қайта қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Жердің бетінен аумағы 58 шаршы метрдей, тереңдігі 1 метрдей шұңқыр қазылған. Оның ішіне балқарағайдың жуан бөренелерінен шаршы қима жасалған, бөліктерінің қабырғалары екі, ал тебесі бір қатар бөренелерден тұрады; бөренелер жылжып кетпес үшін шұңқырдың қабырғалары мен ағаш құрылыс арасына уатылған тас толтырылған. Қиманың бұрыштары бөренелердің бір-біріне тиер жерінде күйдіріліпті. Ағаш моланың ішінде, батыс жақ қабырғасы жанында, жонылған қалың тақтай еденде 40-50 жастағы еркек пен 50—60 жастағы әйел және олардың жанына қойылған заттар жатты. Өліктерді қабірге шығыс жағынан жалғасқан дәліз-дромос арқылы кіргізген. Жерлеп болғаннан кейін дромос бөренелермен жабылып, бүкіл құрылыс уатылған ірі тастармен көмілген. Содан кейін тығыз сары түсті балшықтан үйінді тұрғызылып, оның үстіне майда

малта тас араласқан топырақ үйілген. Алғашқы түрінде обаның диаметрі 45 м, биіктігі шамамен 10 м үйінді болған. Кейін бірте-бірте шөгіп, қазатын кезде оның диаметрі 66 м, ал биіктігі 6 м болды.

Басқа да көптеген обалары сияқты, Шілікті моласы да көне заманда-ақ тоналған.

Тоналғанына қарамастан, обада өте бағалы заттар: ертеректегі жебелердің ассиметриялы-ромб түріндегі деп аталатын ұңғылы қола ұштарының он үші салынған былғары қорамсақтың қалдығы, темір заттың сынығы және ертедегі қолданбалы өнердің 524 алтын бұйымынан тұратын жарқын үлгілері сақталған. Олардың арасында қорамсақтарды сәндеген, аяқтары бұгулі бұғы түріндегі қаптырмалар (14 дана), басы бұрулы бүркіттердің (9 дана), шиыршықтала бүктетілген қабыланның (29 дана) бедерлі мүсіндері, жұқа қаңылтырдан қиып жасалған қабандардың мүсіндері (12 дана), балық бейнесі, перуза тас еткермеленіп, майда домалақ алтын түйіршіктермен әшекейленген, қанаттары жаюлы құс түріндегі қаптырма және басқа неғұрлым ұсақ зергерлік әшекейлер бар.

Шілікті обасы б.з.б. VII-VI ғасырлар аралығына жатқызылады. Бұл Қазақстанның солтүстік далалық өңіріндегі ең ертедегі «патшалық» оба және Евразия аймағындағы сондай обалардың бірі. Мұнда Еуразия далаларындағы мал өсіруші тайпалардың қолданбалы өнері айқын көрсетілген. Шілікті обасындағы аң стиліндегі бірқатар көркем туындылар (аяқтары бұгулі бұғы, шиыршақтала бүктетілген қабылан, басы бұрулы бүркіттер) сақ-скиф дүниесі өнерінің алғашқы үлгілеріне жатады.

2003 жылы Шілікті қорымынан конструкциясы осыған ұқсас, ағаш қимасы мен оба үйіндісінен тұратын тағы бір «патша обасы» Ә.Т.Төлеубаев жетекшілігімен қазылды. Осы археологиялық нысанды қазған экспедиция құрамында археолог Ғ.Қ.Омаров та қажырлы еңбек етті. Шілікті-1-3 тобындағы бұл обадан (Шілікті-3, №2 оба; Бәйгетөбе) алтын киімді адамның қалдықтары табылған. Обаның биіктігі 7,9 м, диаметрі 97,4 м. Обаның өзі үш қабаттан тұрады. Ең жоғарғы қабаты топырақ, шым және құм араласқан қиыршық тастан көтерілген. Екінші қабаты үйілген тас оба. Тас оба (тас сауыт?) астында самырсын қарағайларынан қималанып салынған қабірхана (биіктігі 3,5 м) орналасқан. Онда бір адам ғана жерленген. Оның шығыс жағынан үлкен (ұзындығы 15,6 м, тереңдігі 1 м) және кіші (ені 0,8 м) екі жер асты дәліз (дромос) аршылған. Дромостан қабірханаға кіретін есіктің ені 1,2 м, биіктігі 1 м. Қабірхана екі қатар самырсын бөренелермен қималанып көтерілген. Араларына тас толтырылған. Қабірхана ерте замандарда-ақ тоналған, алайда мұнда жерленген ақсүйектің киімі мен бас киімін әшекейлеп тұрған бұйымдардың біразы тонаушылар траншеясында түсіп қалған, оларды археологтар тапты. Далалық ізденістер барысында 3-Шілікті қорымының Бәйгетөбе обасынан жалпы саны 4303 дана алтын заттар аршып алынған. Олардың 153 данасы мәлін маскасы, 36 данасы бүркіт-самұрық, 20 данасы бұғы, 39 данасы қасқыр (аю), 1 данасы арқар бейнесінде, алынған заттар арасынан әсіресе бесжұлдыз салынған түйме-қаптырма ерекше көз тартады. Сондай-ақ көңірдекше (63 дана), жартышар (141 дана), қоңырауша

(23 дана) түріндегі және басқа да көптеген салпыншақтар мен қапсырмалар, алтын тілікшелер алынған. Шілікті алтындарындағы негізгі ерекшелік, мұнда басқа өңірлерге қарағанда құйма алтын басым. Санкт-Петербург ғалымдары В.Скрипкин мен Н.Ковалюктың дендрохронологиялық сараптамасы бойынша ағаш ғимараттың салынған мерзімі шамамен б.з.б. 810-760 жылдар аралығын қамтиды.

Берел кезеңінде Шығыс Қазақстан ежелгі мал өсірушілерінің мәдениеті айқын да мәнерлі және де аяқталған кейіпке ене бастайды.

Таулы аудандарда бұрын белгілі болған топырақ шұңқырда ағаш қимасы мен жылқылары жерленген тастан қаланған обалар түрі жаппай таралады.

В.В.Радлов, С.И.Руденко, М.П.Грязнов, Н.В.Полосьмак, В.И.Молодин, В.Д.Кубарев, З.С.Самашев секілді мамандардың кеңінен танымал қазба жұмыстарының нәтижесінде ескерткіштердің бұл түрі Шығыс Алтайдың Пазырық обаларынан нақты байқалады.

Бұл кезеңнің жарқын ескерткіштерінің бірі Берел обасы болып табылады.

Берел қорымы Қазақ Алтайының аумағында Қазақстан, Моңғолия мен Ресей Федерациясы шекараларының тоғысқан жерінде орналасқан. Онда тізбектеле орналасқан отыздан астам обалар бар. Жер бетіне тұрғызылған ірі конструкциялар ежелгі көшпенділердің мұнда өз көсемдерін жерлегендігін, солар үшін күрделі жерлеу-ғұрыптық құрылыстарын тұрғызғандығын айғақтайды. Аңғардың биік орналасу жайы мен табиғаттың тартымды көркі бұл кеңістікті қасиетті деп тануға алып келген еді.

Бәлкім, ежелгі көшпенділер жергілікті табиғи-климаттық жағдайдың ерекшелігін ескеріп, қолдан тоң жасауға болатын осындай арнайы жерлеу конструкциясын салған да шығар. Қалай болғанда да, ол арқылы Алтайдың ежелгі көшпенділері өмірін сипаттайтын бірегей деректер – киім, аспап, сонымен қатар ең маңыздысы адамдар мен жануарлардың мумияланған қалдықтары сақталған.

Мұнда алғашқы археологиялық қазба жұмыстарын 1865 жылы В.В.Радлов жүргізді. Берел обаларын қазбай тұрып-ақ В.В.Радлов Катанда өзені бойынан тоң басқан обаны аршыды, онда матадан, киізден, жүннен, бұлыңғыр терісі мен жібектен жасалған киімдер, ағаштан істелінген бұйымдар, сонымен бірге ат қосып жерленген адамдардың қалдықтары тамаша сақталған болатын.

Берел обасының үйінділерінің бірін аршыған В.В.Радлов тонаушылар байқамаған заттар тапты. Ол өз күнделігінде былай деп жазды: «Обаның ортасындағы мола төбешігінің астында ірі тастармен және топырақпен толтырылған ұзындығы 2 сажын және ені 2,5 сажын қабір шұңқыры болды. Біз тереңдігі 1 аршынға баратын бұл моланы ішіндегілерінен тез арада-ақ тазалап шықтық, бұдан кейін біздің жұмысымыз кенеттен тоқтап қалды. Мұндағы жер қатып-семіп қалған, және де молаға жан-жақтан су өткен».

Моладан ағаш қабықтары астынан төрт-төрттен (4 қатар) қойылған 16 жылқы қалдықтары шыққан.

Бал қарағай ағашынан ойылып жасалған, бұрыштары самұрықтың қола мүсіндерімен әшекейленген қима-табыттан қазба барысында адам сүйектері, қыш ыдыс, пышақ, қанжар, қылыш табылған.

1998-1999 жылдары негізгі зерттеу нысаны болған обаның диаметрі 30 м-ден, бастапқы кездегі биіктігі 2 м-ден астам болған. Зерттеулерді З.С.Самашев басқарған археологиялық экспедиция жүргізді.

Обаның өзі күрделі архитектуралық құрылыс болып табылады. Оба үйіндісінің тастары бейберекет қойыла салынбаған, ол арнайы тандап алынған түрлі көлемдегі плиталардан, домалақ тастар мен малта тастар қатарынан тұрады.

Үйінді табанына ірі плиталардың қойылғандығы және де тігінен орналастырылған тас плиталар қоршауы анықталған.

Оба үйіндісі астындағы моладан көлденеңінен жатқандары кеспелтекпен қабыстырылған, үш қатар бөренеден қиыстырылып жасалған, бал қарағай қимасы (лақыт) шыққан. Оның үсті үлкен кеспелтектермен, аралары «куриль шайы» бұтақтары аралас ағаш қабықтарымен жабылған. Жерлеу қима-камерасының ауданы 3,43x1,85x1,26 м. Дендрохронологтар қабірхананың кейбір бөренелері алдын-ала дайын болып тұрғандығын анықтаған. Бұл олардың үй құрылысында кеңінен пайдаланылғандығын да көрсетсе керек.

Қиманың ішіндегі, әбден суланған тас плиталарынан тұратын моланың түбіне астау-саркофаг қойылған. Оны бүтін бал қарағайдан дайындаған, үстін мұқият сүрлеген және өңдеген, оған ағашты шіруден сақтайтын арнайы қоспалардың қосылуы да ықтимал. Астаудың сыртқы жағынадағы бүйірден арнайы шабылып қалдырылған кертпеге төрт тесік жасалған, олардың көмегімен астау-саркофаг жерлеу камерасына түсірілген. Астаудың беті бұрыштары алтынмен қапталған төрт қола самұрық мүсіндері орнатылған қақпақпен жабылған.

Астауда жас мөлшері 35-40 шамасындағы ер адам жерленген, оның жанына кейіннен әйел адам қойылған. Антропологтардың алдын-ала қорытындысы бойынша ол ер адамнан егде тартады. Өлген адамдардбасына ағаш «жастық» қойылған. Көсемнің шашы екі өрімнен тұрады. Оның қайтыс болмай тұрып сақал мен мұрт қойып жүргендігі анықталған. Ер адамның бас сүйегінің төбесінен тесік анықталған, ол шамамен күрзімен ойылған. Сірә, көсем-жауынгерге медициналық көмек көрсетілсе керек, емші оның жарақатынан сүйек жарықшақтары мен ұйыған қанды алып тастауға тырысқан, мұны аяқталмай қалған трепанация іздері нақты айғақтайды. Оның әскери өмір салтынан түрлі кездері бітіп кеткен қабырға мен омыртқа сүйектерінің сынған жерлері де хабар береді.

Ежелгі берелдіктердің жерлеу ғұрпында күрделі салт орын алды, қайтыс болған адам денесі жерге көмгенге дейін сақталды. Оны жүзеге асыру үшін арнайы шөптер арқылы мүрде бальзамдалды. Жерленген адамдарға қола моншақтар, жұқа алтын қаңылтыршалар тағылған киімдері кигізілді. Киімде көрініс тапқан байлық пен сән-салтанат жерленгендердің жоғарғы әлеуметтік статусын да көрсететін еді.

Көсем қасына қойылған он үш ат маңайдан арнайы аспаппен (чекан) алдын-ала ұрып өлтірілді де, қиманың сыртына екі қатар етіп қойылды. Жеті жылқыдан тұратын төменгі қатар жоғарғы қатардан ағаш бұтақтары мен шөп-шалам арқылы бөлініп тұрды. Бұл жирен сәйгүліктердің басы күн шығатын жаққа, яғни шығысқа қаратылған. «Тоң басу» феноменінің арқасында жануарлардың тек терілері ғана емес, жұмсақ еттері, сондай-ақ салтанатты әбзелдері де сақталып қалған еді.

Қазақстандағы ең ерте кезге жататын ер (егер) де осында сақталған. Әсіресе жыртқыш аң терісі жабылған ер ерекше көз тартады. Ерді жауып тұрған киіз аппликациясында тұяқты жануарды жұлқылап (азаптап) тұрған жыртқыш аңның бейнесі түсірілген. Аттардың бірінің үстінен алынған ерге ағаш бұталарынан қиыстырылған қалқан жапсырылған.

Ат әбзелдері барельф пен мүсін жасау техникаларын үйлестірген түрлі тәсілдерді қамтыған көптеген ағаш бұйымдар әшекейлерінен тұрады. Бұл бұйымдар: тоға, сулық, алқа, беткі жағы алтын қаңылтыршамен және қалайымен қапталған, ал ішкі жағы тесік арқылы жүген бөліктеріне жапсырылған белбеу ажыратқыш, т.б.

Скиф-сібір аң стилінде жасалған қару-жарақтар, ат әбзелдері оның әскери-аристократиялық сипатын да көрсетеді.

Аң бейнелерінің шеңберіне бұғы, бұлан, құстар мен тау текелер, мысық тұқымдас жыртқыштар, жергілікті фауна өкілдері кіреді. Алайда таңғажайып самұрықтар бейнесі ерекше орын алады, өйткені оның бейнесі түрлі жануарлармен астасып жатты: артына қайырылып жатқан ұзын құйрықты мысық тұқымды жыртқыштың денесі, жыртқыш құстың тұмсығы, ұшы спираль тәрізді оралған мүйіз, т.б.

Жануарлар айқасының суреті аң стиліндегі кең тараған бейнелердің бірі болып табылады. Мұндай сюжетке құрылған олжалар берел топтамасында да көптеп ұшырасады: бұғыға немесе тау ешкісіне шабуылдап тұрған мысық тұқымдас жыртқыш бейнеленген алқа; өз құйрығын тістелеп тұрған самұрық; жұлқылып тұрған көріністі бейнелейтін самұрық тұмсығындағы тұяқты жануардың үлкен көлемді басы, т.б.

Алыстан алтынмен апталған, күміспен қапталған секілді көрініс беріп тұратын тау ешкілерінің мүйізінен тұратын салтанатты маска мен ат әбзелдері ағаштан жасалып, алтын қаңылтыршамен және қалайымен қапталған.

Берел кезеңінің аяқ кезіне таман барлық жерде қоланы темір ығыстырып шығарады. Қола ауыздықтарының орнына шығыршықты темір ауыздықтар шығады; қысқа ақинақ-семсерлер мен пышақтар да темірден жасалады.

Б. з. б. III ғасырға таман Шығыс Қазақстанның археологиялық ескерткіштерінің түрлері мен құрылымы өз сипатын өзгертті. Тарбағатай мен Ертістің жоғарғы бойы аралығындағы далаларда *құлажорғалық үлгідегі* деп аталатын жерлеу құрылыстары таралады.

Тас жәшіктер қырынан көміліп, үстін тақтатастармен жапқан төрт және одан да көбірек қашалмаған көлемді тақта тастардан құрастырылған. Өліктерді шалқасынан, созылған күйінде, басын батысқа не шығысқа қаратып жерлеген.

Тек бірнеше жағдайларда ғана оң жақ қырынан бүрістіріп жерленгендер кездесті. Үстіне оба тұрғызылды.

Құлажорға үлгісіндегі ескерткіштердің заттары кешенінің арасында ең көбі қыш ыдыстар болды. Қыш ыдыстар аласа жұмыр мойынды жатаған құмыралар, кіренке тәрізді көзелер, ілмек сияқты сабы бар дөңгелек түпті, бүйірлі және аласа текшелер түрінде болып келеді. Жетісуда таралған қола қазандарына ұқсайтын тік және көлденең құлақтары бар қыш қазандарының едәуір сирек түрлері де кездесті.

Орталық Қазақстан сақтарының тасмола мәдениеті

Тасмола мәдениетінің өзіндік белгісі «мұртты обалар» деп аталатын ерекше ескерткіштер болып табылады. Мұртты обалардың түрлері көп, бірақ олардың барлығы дерлік біртұтас сәулет өнері кешеніне кіреді. Үйілген топырақ астында өлікті жерлеу үшін қазылған терең сопақша шұңқыры бар үлкен оба оның негізін құрайды. Үлкен үйіндіге жақын, әдетте шығыс жағынан, кіші оба салынатын болған. Оның астына, сол заманғы жердің бетіне, жанына қыш ыдыс қойылып, ат жерленген. Сонан соң кіші обадан шығысқа қарай бағытталып, шет жақтарында дөңгелек тас құрылыстары бар, доға тәрізді ені 1,5-2 м, ұзындығы 20-200 м тас тізбектері қаланған. Сөйтіп, «мұртты» обалар үш құрылыстан тұрады: адам жерленген үлкен оба, әдетте жылқы мен қыш ыдыс қойылған кіші оба және тас тізбегінің қатары. Негізгі обаға мүрде мен сан алуан заттар қойылады. Кіші обادا қабір шұңқыры жоқ. Оның үйіндісінің астынан, сол кездегі жер бетінен (материктен) әдетте жылқы қаңқасы немесе оның жекелеген сүйектері (бас сүйек, құйымшақ), ал шығыс жағына бір (екеуін қою өте сирек) қыш ыдыс шығады. Жоғарыда сипатталған «мұртты» оба түрі кеңінен таралған, дегенмен оның өзге де нұсқалары кездеседі. Мысалы, кіші оба шығыста емес, үлкен обаның оңтүстік жағында орналасқан қосарланған (қатарланған) обалар. Бұл ретте олар, әдетте, бір көлемде болады. Тек бір ретте ғана кіші обаның үлкен оба үстіне тұрғызылғандығы кездескен, алайда барлық кезде кешеннің үш құрамы да ұшырасады.

Хронологиялық жағынан тасмола мәдениетінің ескерткіштері екі кезеңге бөлінеді: б.з.б. VII-VI ғасырлар және б.з.б. V-III ғасырлар. Мәдениеттің бірінші кезеңі жерлеу саймандарының белгілі бір жиынтығымен сипатталады. Олар – қола жебе ұштары (төлкесі шығыңқы қос қанатты және үш қалақты), сабының жоғарғы ұшы кесек және көбелек тәріздес қаптамасы бар қанжар (ақинақ), қола ауыздығы бар жүген (сулық), қола айналар.

Бұл мәдениетті Ә.Х.Марғұланнан кейін зерттеулерін жалғастырған М.Қ.Қадырбаев бөліп көрсеткен. Қазіргі таңда тасмола мәдениетінің ескерткіштерін А.З.Бейсенов зерттеп жатыр.

Мәдениеттің екінші кезеңіне төлкелі үш қырлы жебе ұштары, «шығыршықты ауыздық», қола айналар тән.

Бірінші кезең ескерткіштерінің жарқын көрінісі Тасмола-1 қорымындағы 19-обаның бейіті деуге болады. Оның диаметрі 8 м, биіктігі 0,3 м тас үйіндісі болды.

Солтүстік тас қатарының ұзындығы 52 м, ені 1,5 м болатын оңтүстік қатары – 46 м. Ескерткіш бір үйіндіде негізгі және кіші обалар мәні біріктірілген қосарланған обалар нұсқасы болып табылады. Сондықтан обаның оңтүстік-шығыс жағынан екі қыш ыдыс сынығы, ал орталық бөлігінен мола табылған. Ол тастармен бекітілген және ұзындығы 1,8 м, ені 0,8 м, тереңдігі 1,5 м тікбұрышты құрылыс түрінде келген. Түбінен шалқасынан жатқан, басы солтүстікке қаратылған әйел адам қаңқасы аршылған. Оның астында қамыс төсеніші болған. Мүрденің оң жақ жамбасынан диаметрі 19 см дөңгелек қола айна, табан сүйектері астынан екі қойдың бас сүйектері табылған. Қаңқаның сол жағынан тікбұрышты пішінді қайрақтас жатқан, оның үстіне пышақ қойылған. Сол аяғын бойлай жылқының бас сүйегі мен жауырыны орналасқан. Жылқының тістерінде үзенгі тәріздес үш тесікті қола ауыздық (сулық) «қысылып» тұр. Сонымен қатар жүгеннің белбеулерінің қалдықтары мен қола моншақтар, және де оларды сәндеп тұрған тоғалар табылған.

Тасмола мәдениетіндегі ат әбзелдері түрлі пішіндегі жүген мен сулықтардан тұрады. Үзенгі секілді аяқталатын және қосымша тесіктерден тұратын, кейде ондай тесіктері болмайтын, сонымен қатар тік бұрышты үзенгі секілді келген, шығыршықты сулықтар тасмола мәдениетіне тән болып келеді. Жүгендер де пішіні жағынан әркелкі: үш тесікті мүйізді және сүйекті; екі тесікті ілмек секілді; қоладан, темірден жасалған және алтын көмкерілген үш тесікті; үш ілгек тәрізді. Сулықтар мен жүгендердің шығу тегін Кавказдың сыртқы жағынан, Алдыңғы Азиядан іздестірген жөн сияқты, өйткені мұнда осы әбзелдердің сан алуан түрлері б.з.б. II-мыңжылдық соңы мен б.з.б. I-мыңжылдық бас кезінде кеңінен таралған болатын. Олардың ең ерте кездеріндегілері сүйектен жасалып, біртұтас затты құрады.

Жүгеннің бұл түрімен Қазақстан ерте көшпенділерінің танысуы б.з.б. VII ғасырға дейін скиф-сақ тайпаларының Алдыңғы Азияға жасаған жорығы кезінде орын алуы да мүмкін. Бірқатар авторлардың (Бейсенов, Смаилов) пікірінше, Талдысай қорымынан (Ұлытау өңірі) алынған ауыздықтар тасмола мәдениетіне дейінгі кезеңге жатады. Тасмола қойнауынан табылған көмбені Ж.Қ.Құрманқұлов б.з.б. VIII-VII ғасырлармен мерзімдеген. Тасмола мәдениетіне дейінгі кезеңге жатқызылған ауыздықтар Талдысайдан басқа Измаиловка, Ақ-Мұстафа қоймаларынан да шыққан.

Қола пышақтардың екі түрі бар: сабының ұшы сақина түріндегі шығыршықты және сабы көзге айқын түсерліктей бөлінбеген пышақтар. Соңғысы қола дәуірінен бастап белгілі. Темір пышақтар қола пышақтар пішінін қайталайды, алайда олар тасмола мәдениетінің екінші кезеңінде ғана пайда бола бастайды.

Дөңгелек қола айналардың да бірнеше түрлері болды: диск шетіндегі қаусырылатын өңірі биік және ортасында ілгегі бар (дөңгелегінің кенересінде биік жиекшесі бар); диск ортасында ілгек орналасқан; ұстағышы фигуралы келген; ұстағышы (сабы) қатты шығыңқы; бүйірінде ілгегі орналасқан және тік бұрышты кертпелі, т.б. Алғашқы түрі ең ерте кезге жатады және б.з.б. VI ғасырдан бастап кездесе бастайды. Ұстағышы бар айналар б.з.б. V ғасырда пайда болады. Осындай айналардың ондаған данасының арасының жекелеген түрлері де ұшырасады. Мысалы, Қарамұрын-1 қорымындағы айналардың сабының түп жағы екі тау ешкінің бейнесімен бітеді.

Молалардан сопақша және дөңгелек келген, тағандары (аяқтары) бар табак түріндегі құмтастан жасалған ғұрыптық ыдыстар да кездеседі.

Кеңінен таралған олжалардың бірі қыш ыдыстар болып табылады. Көпшілігінің ернеуі тік немесе аздап сыртқа қайырылып келген, ол бірте-бірте түбі жалпақ жартылай сфера түріндегі тұрпатқа жалғасады. Ыдыстар түгелдей қолдан лента түрінде жасау әдісі бойынша дайындалған. Саз балшыққа ұнтақталған гранит пен кварцты құм қосылған. Илеуінің қалың қабатты болуы оны күйдіру сапасының төмен болғандығын көрсетеді.

Қоладан, алтыннан, мүйіз бен сүйектен жасалған аңдардың мүсіні мен рельефті бейнелері табылған.

Мысалы, обалардың біріндегі жылқының бас сүйегі жанынан табылған екі тау ешкінің қола мүсіндері ерекше қызығушылық туғызады. Екеуі де бір құйма қалыпта құйылған, содан кейін қосымша өңдеуден өткен. Іші қуыс архар мүсінінің бірнеше даналары табылған. Басқа әшекейлер арасында қабан, бұлан бейнеленген тоғалар да бар. Марал мүйізінен самұрық басы тәрізді етіп жасалған және көп фигуралар түсірілген сыртқы киім қапсырмасы да табылған. Б.з.б. VI-V ғасырларда барыс, арыстан секілді жыртқыш аңдар фигурасын алтыннан жасау, алтын қапсырма дайындау кеңінен тарала бастайды. Олар жылқының маңдайындағы белдеуді және киімдерді сәндеу үшін қолданылды.

Қару-жарақ арасында жебе ұштары көптеп ұшырасады. Олар екі түрге бөлінеді: төлкесі шығыңқы екі қанатты және үш ұшты сапты. Қарамұрын-1 қорымындағы обалардың бірінен тері қорамсық қалдықтары шықты, одан үш қатар етіп қойылған 46 жебе ұшы аршып алынды. Ағаш сабының ұзындығы 60 см болғандығы анықталды. Жебе ұштарының 42-сі қоладан, 3-і сүйектен, 1-і ағаштан жасалған.

Сапты жебе ұштары үш бұрыш пішінді үшкіріне дейін жететін қалақтардан тұрады.

Б.з.б. VI ғасырдың екінші жартысында жоғарыда аталған жебе ұштарымен қатар үш қанатты төлкелі (ұңғымалы) жебе ұштары пайда бола бастайды, олар б.з.б. V-IV ғасырларда кеңінен таралады. Бұл пішін скифтер мен савроматтардан алынса керек. Шамамен осы уақыттарда төлкесі жабық және кертiгi шығыңқы үш қырлы жебе ұштары да кеңінен тарала бастайды.

Қару-жарақтардың келесі бір түрі – ақинақ-қанжар. Ол аса көп кездесе қоймайды. Б.з.б. VI ғасырға жататын Нұрманбет-4 қорымынан алынған ақинақтың жүзінен үлкен сабы бар және де ол одан 5 см ғана қысқа. Сабы саңырауқұлақ тәрізді болып біткен. Қанжарлар белбеуге арнайы металл құрсау көмегімен бекітілген. Белбеу көшпенді өмірінде маңызды рөл атқарды. Тасмолалықтар теріден жасалған белбеу тақты, оны қола қапсырмалармен әшекейледі. Мұндай белбеулер Орталық Қазақстанның бірқатар ескерткіштерінен табылған. Ескерткіштерден алынған заттарға қарағанда, тасмолаға дейінгі бастапқы фаза доңғал-кеңөткел өтпелі кезеңімен ұштасып жатуы да мүмкін.

Жетісудың сақ обалары

Обалар Жетісу ландшафтындағы ең көркем бөлшектер болып табылады. Олар көлемі, биіктігі бойынша өзгешеленеді және тізбек, шоғыр мен қорым алаңшаларын құрайды. Араларындағы ең танымалдары – Алматы, Талғар, Новоалексеевский, Қоғалы, Бұрындай, Есік, Түрген, Шелек, Кеген, Мерке, Жетітөбе, Үштөбе, Берікқара қорымдары. Олардың барлығы зерттелген, ішінара қазылған, ал Есік, Бесшатыр секілді қорымдар бүкіл әлемге танылды. Өкінішке орай, қорымдардың көпшілігі қираған, обалардың бір бөлігі жер бетінен сүріліп тасталған, тегістеліп кеткен және олардың орнына құрылыстар салынған.

Жетісу ерте көшпелілерінің тарихын зерттеп, алғашқы талдап қорыту М.П.Грязнов пен А.Н.Бернштамға тиесілі.

Жетісу көшпелілерінің археологиясын зерделеуге К.А.Ақышев, Е.И.Агеева, Г.В.Кушаев, И.И.Копылов, А.Г.Максимова, А.К.Ақышев, Б.Н.Нұрмұхамедов қомақты үлес қосты.

Әсіресе Іле алқабындағы сақтар мен усуньдердің мәдениетін талдап қорытқан еңбектің маңызы ерекше (К.А.Ақышев, Г.В.Кушаев). Онда өткен ғасырдың 60-жылдарының бас кезіндегі барлық белгілі материалдар жүйеленген, мәдениет тарихының кезеңдестірілуі нақтыланған, шаруашылық, қоғамдық қатынастар және де осы халықтардың шығу тегінің сауалдары зерттелген.

Өткен ғасырдың 50-60-жылдары Талас өзені алқабында ерте көшпенділердің обаларын зерттеу кеңінен қанат жайды (А.К.Абетеков, Ю.Д.Баруздин).

Талас алқабымен ұштасып жатқан Қырғыз жотасының солтүстік беткейіндегі ескерткіштер зерттелінді (А.Г.Максимова, 1970; 1972; 1975). Шу алқабындағы (А.К.Абетеков) және Ыстықкөл қазаншұңқырындағы қазба жұмыстары қайта жанданады.

Жетісуда, еуразиялық далалар белдеуінің басқа бөліктері сияқты ерте сақ ескерткіштері жеткілікті дәрежеде зерттелінбеген. Олар көбінесе қабірі онша бай емес және «скиф триадасына» енетін жеке олжалары бар жекелеген молалар түрінде ұшырасады.

Молалар үш түрлі: әдеттегідей шұңқырлар, ұңғыма және тас жәшіктер. Сірә, соңғыларын қола дәуірінен сақталған сарқыншақ құбылысы ретінде қарастырған абзал. Жерлеу мүрдені орналастыру бойынша да ерекшеленеді: солтүстік-батыс және солтүстік-шығыс. Кейде қайтыс болған адам жанындағы жеке шұңқырға жылқы да жерленді. Молаға ғұрыптық (ақіреттік) ас – қойдың еті қойылды. Қабір инвентары бай емес және біртекті, оған тіпті қару-жарақ та қойылған жоқ. Қабірлерден кейде ат әбзелдері (сулық, айылбас, т.б.) де аршып алынады. Бұл кезеңде, әсіресе оның соңғы кезінде аң стилінде дайындалған қолданбалы өнер туындылары белгілі бола бастайды. Тұрмыста халық қарапайым қола пышақтарды, ағаштан және сүйектен жасалған тарақтарды пайдаланды. Түбі дөңгелек жапсырма ыдыс пішіні бойынша бірден өзгеріп, ішінара мата қалыпта, ою-өрнек салынбай дайындалды. Көбелек тәрізді ұштығы бар қола және темір ақинақтар, ұңғымасы бар ромб пішінді тұрпаттағы жебе ұштары және кездейсоқ табылған өзге де бұйымдарды ерте скиф мерзіміне сай келетін ерте сақ уақытына жатқызылады. Сөйтіп, «скиф триадасына» енетін барлық үш құрауыш (қару-жарақ, жүген-ноқта жиынтығы, аң стилі) Жетісу сақтарының ерте кездегі мәдениетінен көрініс тапты деуге болады.

Ерте сақ кезеңіне бірқатар қоладан және темірден жасалған ұштығы көбелек тәрізді және зооморфты қанжарлар да жатқызылады. Мұндай қанжарлар Текеліден, Биже қоймасынан табылған. Бұлар туралы төменде азды-кемді сөз болады.

Б.з.б. V-III ғасырлар. Ерте сақ кезеңіне қарағанда сақ заманының ескерткіштері бірнеше есе көбейе түседі, мұның өзі өлкедегі тұрғындар саны едәуір ұлғайғандығын аңғартады. Жетісу мен Тянь-Шаньның барлық негізгі аудандарын осы уақытта сақтар мекендеген болатын. Байлықтың шоғырлануы нәтижесінде Есік пен Бешатыр секілді көлемді жерлеу құрылыстарын тұрғызуға жағдай жасалды.

Қорымдардың бірнеше тобын бөліп көрсетуге болады, материалдардың шоғырлануы барысында олардың әрқайсысы дербес археологиялық мәдениеттерді құрауы ықтимал.

Шу мен Талас аңғарындағы сақ ескерткіштерінің тобы патша обаларынан (Жетітөбе) және Іле өзені бойындағы қатардағы қауым мүшелерінің молаларына ұқсас қарапайым халықтың бейіттерінен тұрады. Мүрде жанына бір-екі дана ыдыстар, әшекейлер, қола жебе ұштары қойылған, олардың арасында сапты үш қауырсынды және үш қырлы төлкелі жебе ұштары да кездеседі.

Шу аңғарының түрлі орындарынан сақ заманының жүзі тік, ұштығы көбелек тәрізді және кеспелтек секілді немесе антенна сияқты келген қанжарлар, түбі конус тәріздес құйма қола қазандар сияқты сан алуан қола бұйымдар кездейсоқ табылған.

Бешатыр қорымы. Бұл қорым Іле өзенінің оң жағалауындағы Желшалғыр тауының қойнауында, Алматы қаласынан шығысқа қарай 170 км жерде орналасқан. Қорым солтүстіктен оңтүстікке қарай 2 км-ге, шығыстан батысқа қарай 1 км-ге созылып жатыр және де ол 31 обадан тұрады, олардың 21-і таспен, ал қалғандары қиыршықтас және топырақ үйінділерімен жабылған.

Обалар қорымда жүйесіз орналасқан, алайда солтүстік және оңтүстік топтарға жіктелінеді. «Үлкен оба» деп аталған ең үлкен оба қорымның солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Оның диаметрі 104 м, орташа биіктігі 15 м. Үйінді төбесі қиық конус тәрізді, жалпақ төбесінің диаметрі 32 м. Обаның тас жамылғысы табаны жағалай тығыз етіп бірнеше қабат теселген, бұл — орасан зор үйінді орнатқан цоколь секілді болып көрінеді. Үйіндінің солтүстік және оңтүстік жақтарында төменге қарай түсетін ордың (ені 2 м) ізі байқалады. Үйіндінің айналасынан 5-7 метр қашықтықтан тас дуал етеді (ені 2 м және сақталып қалған биіктігі 50-60 см). Үйіндімен қатар бір басы кемілген ірі тас бағандардан (менгирлерден) және үлкен қой тастардан қоршау түрінде тұрғызылған дөңгелек құрылыстар салынған. Үлкен обаның айналасында барлығы 94 қоршау бар. Кейбір тік тұрған тас бағандарға қазақ ру-тайпаларының таңбалары қашап салынған. Обаның солтүстік-шығыс жағында тағы да осындай жеті қоршау бар, олар оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созылып жатыр. Олардың жанынан қыш ыдыстардың көптеген сынықтары табылды, қыш қазандардың тұтқалары кездеседі. Қазылған қоршаулардың көпшілігінде тайыз жерден күл-ыс дақтары табылды, екеуінен сүйек қалдықтары, керамиканың сынықтары мен моншақтар шықты. Сірә, қоршаулар табыну мақсатына арналып, отқа табынуға және құрбан шалу ғұрпына байланысты болуы ықтимал.

Басқаларынан солтүстікке таман орналасқан Бірінші Бесшатыр обасының диаметрі 52 м, биіктігі 7 м. «Үлкен» оба секілді оның да төбесі жалпақ болды. Үйінді үш қабаттан тұрады. Жоғарғы қабат төбесінен бастағанда қалыңдығы 1 м-ге жететін және негізінен 3 м болатын таспен жабылған. Ең қалыңы екінші қабаты, ол қалыңдығы 3,5 метрден 13 метрге дейін жететін топырақ пен қиыршақтастан тұрады. Үшінші немесе төменгі қабатының астында Тянь-Шань шыршасының өңделген тұтас бөренелерінен салынған үлкен ағаш құрылыс табылды. Сағана үйілген топырақ астына жерленген адамның үстіне тұрғызылған, бұл түгелдей жер бетіндегі құрылыс.

Сағанасы дәлізден (дромостан), тамбурдан (қабірдің алдыңғы кірер аузы) және жерлеу камерасынан тұрады. Дәліз ұзын, биік және төбесі жабылмаған ауданы 5,75x1,50 м құрылыс, оның биіктігі 5 м-ден астам. Тамбур жерлеу камерасының шығыс қабырғасына жалғасады. Дәліз көлденеңінен қойылған кеспелтектер арқылы екі бөлек жайға бөлінген. Жерлеу камерасы бұрыс шаршы пішінінде, бұрыштары әлемнің төрт тараптарына бағытталған, 16 қатар Тянь-Шань шыршаларынан тұрады. Төбесі мен шатырына қабырғасын бойлай бөренелер төсеніші қойылған. Төсеніш қалыңдығы 7-8 бөренеден тұрады. Қабырғасын сыртқы және ішкі жағынан тігінен қазылып қойылған 16 бөрене ұстап тұрған. Барлық бөренелері жақсы өңделген: бұтақтары мен бұдырлары тегістеліп, қабығы аршылған. Бөлменің қабырғасын құрайтын бөренелер мұқият тегістеліп, бір-біріне тығыз қиюластырылған. Бөренелерде қашау мен пышак іздері жақсы сақталған. Тасымалдау үшін олардың екі шеті мен ортасына арқан байлайтын керткік түсірілген. Жерлеу бөлмесінің бөренелерден тұратын жалпақ төбесі шиден есілген арқандармен буылған қамыс төсеніш қабатымен жабылған.

Жерлеу ғұрпынан кейін бөлмеге апаратын есікке ірі тастар қаланып, дәліз белігі қиыршақ тас араластырған кесек тастармен төбесіне дейін бекітіліп тасталған. Осыдан кейін ғана жерлеу құрылысының үстіне тас пен қиыршақ тас аралас көлемі 5 м-ден астам зор үйінді үйілген.

Жерлеу камерасы тоналған. Еденді үйіндіден тазалағаннан кейін ер және әйел адамдар қаңқаларының, жануарлардың шашылып жатқан сүйектері, беймәлім бір бұйымның ағаш аяғы аршып алынған.

Басқа Бесшатыр обаларында да дәл осындай архитектура сақталған, алайда олар оба мен сағана көлемдері бойынша бір-бірінен өзгешеленеді. Мәселен, «Үшінші» обадағы қазба жұмыстары үйіндінің 17 қабаттан тұрғандығын анықтауға мүмкіндік берді, сонымен қатар обаны айналдыра бастапқыдағы биіктігі 1 м-ден астам қабырға болғандығын дәлелдеді. «Алтыншы» обаның (диаметрі 52 м, биіктігі 8 м) ұзындығы 55 м шамасында жерасты жолдары мен катакомбалары болды. Жолдардың күмбезі жарты шеңбер тәрізді, жерасты жолдарының биіктігі 1,1 метрден 1,68 метрге дейін, ені 75—80 см-ге шейін жетеді.

Қорымдағы обалардан басқа алты қоршау анықталған, оның төртеуі обалардан батысқа қарай, қалғандары солтүстік-шығыстағы төбешікте орналасқан. Қорым жанындағы тігінен қойылған тастардан (менгирлерден) тұратын бұл қоршаулар дербес ескерткіштер емес, олар обалар архитектурасына қосымша құрылыстар болып табылады. Олардың бірқатарына тау ешкі, қабан мен қасқыр бейнелері қашап түсірілген.

Шағын обалардың үйіндісі топырақтан және өзен малта тастарынан тұрғызылды. Үйінді астында ұзынша келген топырақ шұңқыр орналасты, әдетте ол шығыстан батысқа қарай бағытталды. Мүрдені шалқасынан жатқызып, басын батысқа қаратып жерледі. Шұңқырдың беті ағаш кеспелтектермен жабылды. Бесшатыр жанында орналасқан Қызылауыз қорымындағы екі бейіттен ұжымдық жерлеу салты анықталған; олардың біріндегі мүрделер екі қатар (ярус) етіп жерленген.

Әдетте, камераның оңтүстік және батыс жағына ыдыстар, ал солтүстік жағына тақайдан жасалған еденге мүрде қойылды. Бесшатыр қорымы б.з.б. V-IV ғасырлармен мерзімделді.

«Есік» обасы. Ол Алматы қаласынан шығысқа қарай 40 км жердегі 40-тан астам обадан тұратын үлкен қорымның оңтүстік шетінде орналасқан. Обаның диаметрі 60 м, биіктігі 6 м. Үйінді көп қабатты (3-4 қабат), малта тас қабаты қиыршық-сазды қабатпен ауысып отырады. Үйінді астында екі қабір: орталық және бүйірдегі (оңтүстік) қабірлер бар. Орталық қабір түгелімен тоналған. Бүйірдегі қабір сол күйінде сақталған.

Жерлеу камерасы немесе лақыт Тянь-Шань шыршасының өңделген бөренелерінен салынған, оның көлемі: ішінен өлшегенде 2,9x1,5 м, сырты — 3,3x1,9 м, бөренелер қабатымен қоса алғандағы биіктігі 1,3-1,5 м.

Қабір құрылысы былайша тұрғызылған: әуелі ұзына бойы батыстан шығысқа бағытталған тікбұрышты қабір шұңқыры (қазаншұңқыр) қазылған. Оның түбіне бөрене қима-лақыт жасалған. Оның құрылымы өте қарапайым: ұзындықтары бірдей бөренелерді көлденеңінен лақыттың қабырғасы болатындай етіп қаластырған. Бұрыштарында бөренелер өзара байланбаған, тек түйісіп қана тұр, лақыттың ұзын және көлденең қабырғаларындағы бөренелердің ұштары қабірдің опырылып түспеуі үшін кезек-кезек ұмсындырылып шығарылған. Лақыттың қабырғаларына бөренелер бес қатар етіп салынып, ол үстінен де ұзын қабырғаларына көлденеңінен қойылған бөренелермен жабылған. Түбіне жақсылап өңделген он тақайдан бір біріне жақсы қиюластырып еден төселген. Еденге өлік пен неше түрлі нәрселер қойылған.

Еденнің өлік жатқызылған тұсына ұсақ алтын қаптырмаларымен әшекейлеп тігілген мата төсеніш төселген. Төсеніш үстіне тамаша сәнді киімі кигізіліп, бес қаруы түгел асылған өлік қойылған. Орныққан салт бойынша, өлік аяқ-қолы созылып, басын батысқа, бетін жоғары қаратып шалқасынан жатқызылған, оң қолының саусақтары кіндігінен төмен қойылып, сол қолы бір жағына созылып жатыр.

Оң жағында бел тұсына ағаш қыны бар темір семсер қойылған. Қару ілетін аспалы белдікке алтын қаптырмалар мен жолбарыс басының бедерлі бейнесі бар өткерме шегелеген. Белдіктің сол жағына шауып бара жатқан бұлан мен ат пішінінде жасалған екі алтын тілігі жапсырылған, қайыспен қапталған ағаш қыны бар темір ақинақ ілінген. Оның әшекейлері арасынан белдіктің аспалары үшін жасалған, бүктетілген қасқырдың бедерлі бейнесі салынған цилиндр формалы екі қаптырма-тоға ерекше көз тартады.

Сол қолының қарында алтын үшты символды жебе, одан жоғарырақ сабы жалпақ алтын таспамен бунақтала оралған камшы, одан жоғарырақ - ішіне қола айна мен қызыл бояу салынған шағын жібек қоржын жатты.

Лақыттың еденіне өлік тамағы салынған және ғұрыптың ыдыстар қойылған. Жазуы бар күміс тостаған мен оқшауырақ тұрған алтынмен апталған қола тегененің де соларға жататыны анық. Оның ішінде жыртқыш құстың тұмсығы мен тырнақтары түрінде жасалған бірнеше мүсіндік алтын тіліктер жатыр.

Оңтүстік қабырғаны бойлай ағаш ыдыс, оның арт жағында — екі қатарда төрт табақша, ал алдыңғы жағында — тегене мен ожау тұрды. Келесі қабырға жанына қыш құмыралар бір-біріне түйістіріліп, бір қатарға тізіліп қойылған, олардың алдында тегенелер орналасқан, тегенелердің арасында екі күміс тостаған мен қасық бірге қойылған. Күміс тостағандардың біріне 26 әріптен (таңбадан) тұратын жазу жазылған. Қола аяқ бөлек, қаңқаның бас жағында тұр. Лақыттың шығыс қабырғасы жағындағы еден бөлігі заттардан бос. Сірә, лақыттың есігі оның шығыс жағында болса керек. Жерлеу ғұрпы жасалып, дене қойылған соң лақыт қысқа бөренелермен жабылып, шұңқыр топырақпен көмілген де, сонан соң топырақ үйілген.

Антропологтардың анықтауынша, Есік обасына жерленген адам 17-18 жасар. Ол алтынмен мол тігілген сәнді киім киінген. Басына түгелдей түрі де, көлемі де әр түрлі алтын қаптырмалармен сәнделген, төбесі шошақ, биік (65-70 сантиметрге дейін) бас киім киген. Бас киім жылқы барыс, тау теке, құс бейнеленген 150-дей алтын қаптырмалармен және тоғалармен сәнделген. Есік жауынгерінің мойнында - ұшы жолбарыстың басы іспеттес алтын алқа, сол жақ сырғаларында - перузадан жасалған салпыншақтары бар, көз салған алтын сырға болған.

Үстіне мата көйлек кигізілген, оның өңірі мен жеңдері неше түрлі алтын қаптырмалар мен тізбелер араластырып, әшекейлеп, кестеленген; көйлектің сыртынан киілген қызыл бояумен боялған былғары бешпенттің өн бойы жолбарыстың басы бейнеленген алтын тоғалармен және үш сала жапырақ формасындағы кішкене тоғалармен қапталған. Бешпенттің сыртынан зооморфтық стильде жасалған, көздің жауын алатын он алты көлемді қаптырмамен қапталған құрама белдік тағылған. Белдіктің оң жағына қызыл қынға салынған ұзын темір семсер, сол жағына бұлан мен жылқы бейнеленген алтын қаптырмалар шегеленген қыны бар темір ақинақ ілінген. Шалбар тігісі бойымен ұсақ алтын шеттіктермен әдіптелген және балақтары бешпенттегідей алтын қаптырмалар шегеленген саптама етікке сұғындырылған. Сақ жауынгері саусағына екі алтын жүзік таққан, олардың біреуі — сәнді бас киім киіп қырын қарап тұрған адамның бас бейнесі бар алтын (жүзік-мөр). Есік обасындағы қабірдің мерзімі б.з.б. IV ғасырдың соңы мен б.з.б. III ғасыр бас кезі деп белгіленіп отыр.

Қатардағы сақтардың қабірлері (б.з.б. VII—IV ғасырлар). Сақ заманындағы қатардағы қауым мүшелерінің қабірлері көлемі, бейіттік құрылыстың құрылымы мен қойылған заттары жөнінен бесшатырлық және есіктік үлгідегі патшалық қабірлерден мүлдем өзгеше.

Сақ мәдениеті алдыңғы кезеңінің (б.з.б. VII—VI ғасырлар) мұндай жерлеу орындарына Қарғалы-1 және Алтынемел-2 қорымдары жатады. Қарғалы-1 қорымы осылай аталатын қойнаууда (Алматыдан батысқа қарай) орналасқан. Мұндағы обаларға да тас үйінді тұрғызылған, олардың астында сүйек салынған тас жәшіктер болды. Сүйектер созылған күйінде, бастары солтүстік-батысқа қарап жатты. Зерттеушілер Қарғалы-1 қорымының мерзімін б.з.б. VIII—VII ғасырларға, қоладан сақтарға өтетін өтпелі дәуірге жатқызады.

Жуантөбе қорымындағы обалар да сақ мәдениетінің алдыңғы кезеңіне жатады. Олардың көлемі шағын, өзеннің малта тастары аралас топырақтан үйілген. Қабірлерде адам сүйектері көлденең қойылған ағаштармен жабылған, ұзына бойы батыстан шығысқа қарай бағытталып, жер шұңқырларда жатты. Жерленгендердің жанынан табылған қола ауыздықтар, пышақтар, сүйек пен ағаштан жасалған тарақтар, моншақтар, тартпалардың қола айылбастары және керамикалық ыдыстар Жуантөбе мерзімін б.з.б. VI—V ғасырлар деп белгілейді.

Соңғы сақ заманының (б.з.б. V—IV ғасырлар) ескерткіштері біршама жақсы мәлім. Бұл уақытқа Қадырбай-3, Қарашоқы және Қызылауыз сияқты ескерткіштер жатады.

Шолақ тауларында, Іле өзенінің оң жағасында орналасқан Қарашоқы қорымында қазылған оба топырақ пен қиыршық тас араласқан шағын үйіндіден тұрады, үйінді үстіне дөңгелек қоршау мен оның сыртынан қоршалған тағы бір қоршаудың тастары орналасты. Мүрде жерден қазылған шұңқырға жерленген. Қабірдің ішінен б.з.б. V-IV ғасырларға жататын жебелердің ұңғылы (төлкелі) қола ұштары табылды.

Биже көмбесі. Жоғарыда сақ мәдениетінің ең ерте кезеңі б.з.б. IX-VIII ғасырларға жататындығы айтылды. Жетісуда сақтардың ерте замандарда жасалған бұйымдарының кешені «Биже көмбесі» ретінде кеңінен танымал. Оның құрамына ауыздықтар кіреді. Олар қоладан құйылып жасалған, тікбұрышты және жартылай сопақша келген тірекшелерден, қосымша саңлаулардан тұрады. Біліктерінің үстіне кесінді және тікбұрыш, шаршы түрінде келген ою-өрнектер түсірілген. Сулықтың тыянақ тірегі екі түрлі, біріншісі – аздап иілген, үш тесікті, қоладан жасалған, ортаңғы тесігі ұзынша келген. Оның бір шетіне диск тәрізді шығыршық орталық тесіктегідей сол жалпақшада орналасқан, келесі шеті түбі кеңейе түскен конус тәрізді жасалған. Екіншісі – доға тәрізді, оның дөңгелек үш тесігі бар. Оның эллипсоидты бір шеті қалыңдау болып келген, келесі шеті конус секілді. Аттың ауыздық-жүген жиынтығына тау ешкінің басы бейнеленген қола ұштық та кіреді. Олардың кесілген конус секілді ұңғымасы бар. Ал басқа заттар – белбеу тартпаларын сәндеп тұрған сақина түріндегі қола тоғалар, ілгек қапсырма және екі алқа. Қойма б.з.б. VIII ғасырдың екінші жартысымен және б.з.б. VII ғасырмен мерзімделінеді. Осы ауданнан кездейсоқ табылған ұзындығы 39 см қола қанжар да қызығушылық туғызады. Бұл қанжар б.з.б. VIII ғасырмен мерзімделінеді. Аталған олжалар Жетісуда түбі қола дәуіріне барып тірелетін сақ мәдениетінің қалыптасуы б.з.б. VIII ғасыр мен б.з.б. VII ғасырда орын алғандығын көрсетеді.

Жалаулы көмбесі. Өз атауын көмбе Алматыдан шығысқа қарай 200 км жердегі ауылдың атынан алған. Кездейсоқ табылған олжалардың барлығы ХХ ғасыр бас кезінде көмілген киіз қапта жатты. Бұл заттардың барлығын белгісіз көмбе іздеуші тоналған обалардан қазып алған. Олардың саны екі жүзден, салмағы бір жарым килограмнан асады, бұйымдар арасында белбеу бөлшектері, киім мен бас киім әшекейлері, сондай-ақ кеудеге тағатын пектораль бар. Пектораль сопақша келген көлемді пластина түрінде, оның шеттері оралған алтын сыммен сәнделген. Шеттерінде бау тағатын ілгектері сақталған.

Пектораль үсті сақ өнеріне тән «аяғы бүгілген» кейіптегі 4 қатар болып тізілген миниатюралы тау текелердің мүсіндерімен көмкерілген. Жануарлардың дене тұрқына пекторальдың біртекті сары түсін «шашып жіберетін» перуза, ақық және басқа да түрлі-түсті тастарды орнату үшін ойықшалар (ұялар) қалдырылған.

Белбеу жиынтығындағы қапсырмалар миндаль түрінде жасалған. Қапсырманың беті, ал олар екі-екеуден белбеуге бекітіліп, шеңбер құрайды. Олар да пектораль сияқты тау ешкісімен және алтын шарикті түйіршіктермен оқаланған. Белбеудің теріден жасалған негізін «жасырып» тұрған бөлшектеріне «шырша» түріндегі өрнек түскен тікбұрышты құрсаулар кіреді.

Мүйіздері бұтақты ағаш секілді келген қос бұғы мүсіні түрінде кездесетін қапсырмалар ерекше көз тартады. Бұғысы құйылып жасалған екі қапсырмада «қанатын жайып тұрған» бүркіт бейнесі де ұшырасады.

Көмбеден тау ешкісін жұлмалап тұрған барыстың штампты қапсырмасы, сондай-ақ «желістен шоқыраққа өткен» кейіптегі жапырақ алтыннан ойылып жасалған тау текелердің бейнесі де бар.

Жүн түріндегі оқаланған көлемді үш бұрышты пластина да қызығушылық туғызады. Оның қолданыстағы мәні түсініксіз, дегенмен мұны киім әшекейі деген абзал. Бұрын киім мен бас киімді сәндеп тұрған конус тәрізді алтын әлеміштер (алқалар) өт көп.

Көмбенің мерзімін анықтауда көлемі үлкен және шағын бұғы түсірілген тоғалардың маңызы зор. Олардың бір былайша сипатталынады.

Тоға алтыннан жасалған: салмағы 6,15 г, ең үлкенінің көлемі 31x25 мм. Тоға үшбұрыш-жүрек тәрізді сипатта, жануарлар мүсіні мен мүйізінің ішкі тұрпаты сияқты қалыптастырылған. Сонымен қатар тоға аздап асимметриялы: бір бұғы екіншісінен сәл жоғары орналасқан. Ол балауыз қалыпта құйма техникасы бойынша жасалып, кейіннен кескішпен өңделген. Тоғаның келесі бетінде бұғының сауырына бір-біріне бұрыштала түскен екі жалпақ ілгек жасалған.

Саңлаушалардың көптеп кездесуі бұғылардың мүсінін модельдеу ерекшелігін көрсетеді, олар арқылы жануарлардың көз, құлақ, мұрын, ауыз, мүйіздерінің тармақтары берілген. Тұмсық тәрізді тұрпаттағы саңлаушалар бұғының иық және жамбас тұстарына түсірілген; сондай-ақ жануарлардың аяғын модельдеуде де пайдаланылған.

Саңлаушалар басқа материалдармен жабылуы да мүмкін, мәселен, затқа екі немесе көп түс беру мақсатында оған түрлі-түсті тастар орнатылуы да ықтимал. Дегенмен, алайда, мынадай нұсқа да орын алуы мүмкін: тоға ішкі жағынан күңгірт мастикамен (жапсыру үшін жасалған қою замазка) көмкерілген, ол

кепкеннен кейін тегістеліп, саңылаушаларды толтырған да, декоративті тас кейпіне түскен.

Сірә, саңлаушалар арнайы түрде ештеңемен жабыла қоймаған, алайда тоғаның бекітілген негізін күңгірттеу барысында бейнелер полихромдық әсер қалдырған.

Б.з.б. VІІ ғасыр бас кезі мен б.з.б. VI ғасырмен мерзімделінетін осы тоғаға ұқсас мұндай бұйымдар Алтай мен Минусин қазаншұңқырында кездеседі, сол себепті де қарастырылған тоғаны осы уақытқа жатқызуға болады. Бұл мерзімді жоғарыда біршама айтылған Шілікті қорымынан табылған дәл осындай алтын тоғалар да нақтылай түседі. Салтанатты киім киген сақ аристократиясы өкілінің киімінен алынған Жалаулы көмбесінің қалған бұйымдары да осы уақытқа жатқызылады.

Усунь археологиялық ескерткіштері

Б.з.б. III-I ғасырлардағы ерте кезең. Б.з.б. III-II ғасырлар шебінде Жетісу мен Тянь-Шаньның тарихында жаңа кезең басталады, ол б.з.б. II ғасырда Орталық Азиядан осында көшпелі юечжи және усунь тайпаларының қоныс аударуымен байланысты да еді. Көп ұзамай усуньдер жергілікті сақ тайпалары мен юечжилердің бір бөлігін бағындырады. Алайда юечжилердің басым бөлігі Орта Азияға қарай жылжып, онда болашақ Кушан империясының негізін қалады.

Усунь одағына жергілікті сақ тайпалары, сондай-ақ юечжилердің бір бөлігі қосылғаннан кейін бірлестіктегі халықтың саны 630 мың адамға жетті. Дегенмен Жетісу мен Тянь-Шань тұрғындарының негізгі халқы сақ тайпалары болып қала бергендігі әбден мүмкін. Жергілікті тұрғындардың басым болуы археологиялық ескерткіштер құрамынан да байқалуы тиіс болды. Жазба дереккөздеріне қарағанда, Жетісу мен Тянь-Шань тұрғындары этникалық жағынан әркелкі болған. Мұнда сақ, юечжи және усуньдер тіршілік еткен. Мұны бір кезеңге жататын әртүрлі типтегі археологиялық материалдар да толығымен растайды әрі қуаттайды. Тек белгілі бір археологиялық ескерткіштерді нақты бір этностармен байланыстыру азды-кемді қиындықтар туғызып келеді.

Усуньдердің көне мәдениеттерін зерттеумен А.Н.Бернштам, Е.И.Агеева, А.Г.Максимова, К.А.Ақышев, Г.В.Кушаев айналысқан.

Топырақты мола обалары усунь кезеңіндегі жергілікті халықтың негізгі бейіттерін құрайды. Олардан б.з.б. I-мыңжылдық ортасынан бастап сақ кешендерінің тікелей дамуын көруге болады. Бұл б.з.б. V-IV ғасырлардағы сақ кезеңінің *Қызылауыз-1* қорымындағы материалдар мен б.з.б. III-II ғасырларға жататын *Қапшағай-3* ерте усунь ескерткішінің заттар кешенін салыстырғанда анық байқалады. Екі қорымның обалары тізбектеле орналасқан. Үйінді табанында, оның астында немесе үстінде тас сақинасы болған. Қабірлердің негізгі түрін ағашпен жабылған топырақ мола құрайды. Екі ескерткіштегі мүрделер басы батысқа немесе солтүстік-батысқа бағытталған. Молалардан қой сүйектері, бір-екі ыдыс және де аздаған темір мен қоладан жасалған ұсақ-түйектер алынады.

Сақ және усунь кезеңдерінің мәдениеті мен ескерткіштерінің тығыз генетикалық байланысын көптеген зерттеушілер ескерген. Мұны «сақ-усунь мәдениеті», «сақ-усунь ескерткіштері» секілді терминдердің пайда болуы да нақты түсіндіреді. Барлық мәліметтер Жетісу ерте көшпенділерінде ұзақ уақыт біркелкі қарапайым жерлеу құрылыстары, өзара жақын жерлеу ғұрыптары мен құрал-саймандары сақталғандығын көрсетеді. Бұдан шығатын қорытынды, усунь уақытындағы ескерткіштер тобын қалдырған халықты жергілікті сақ тұрғындарының ағынымен сәйкестендіруге, ал қорымдардың өзін кейінгі сақ ескерткіштері ретінде қарастырса да болады.

Жетісудан археологтар мейлінше кең таралған ескерткіштердің тобын бөліп көрсетеді. Біріншісі – құрылысы біркелкі және құрал-саймандары аз, топырақ қабатынан қазылған молалар (үйілген обалар).

Обаларға тізбектеле орналасу тән. Кейінгі кезеңде бұлайша орналасуды жүйесіздік алмастырады. Мүрде топырақ қабатынан қазылған молаға қойылды, кейде оның қабырғалары ағашпен бекітілді. Үсті ағаш жабындымен немесе тас плиталарымен жабылды. Мүрделер ұзынынан шалқасынан жатқызылды, басы әдетте батысқа қаратылды, кейде ол аздап ауытқуы да мүмкін. Молаларға түгелдей дерлік бір қаңқадан қойылған. Қайтыс болғандардың барлығы мола түбіне жатқызылған. Одан әдетте бірекі ыдыс, анда-санда темір немесе қола пышақ табылады, ал әйел адамдардың қабірінен сәндік заттар мен әшекейлер, соның ішінде айна, темір ине мен кейде жоғарғы жағынан құс мүсіні бедерленген түйреуіш, сақина, алқа, темір білезік, моншақтар шығып отырады. Қару-жарак өте сирек кездеседі. Кейінгі кездегі молалардан семсер мен сүйектен жасалған жебе ұштары табылады. Көптеген молалардан ғұрыптық астың қалдығы – қой сүйектері алынады. Шет елдерден әкелінген заттар мен бағалы металдан дайындалған бұйымдар өте сирек. Бірқатар молалардан дәнүккіштер алынған.

Қыш ыдыстарының мата қалыпта жиі дайындалғандығы анықталған. Ыдыстың пішіні: жартылай сфера түріндегі тостағандар мен шеттері жалтыратылған табақтар, көзелер мен ілгек секілді сапты немесе сапсыз алмұрт пішінді саптыаяқтар.

Ағаштан дайындалған ыдыстар пен ағаш үстелдер де кеңінен таралған.

Іле Алатауы аңғарындағы өзендер мен Іле алабынан усунь кезеңіндегі ескерткіштердің үлкен топтары анықталған, бұл халық санының артқандығын да көрсетеді. Бұл аудандардан араларын бос кеңістіктер алып жатқан 20-дан астам қорымдардың үлкен шоғыры анықталған. Мұндай таралуды тұрғындардың ру-тайпалық топтасуының көрінісі деуге болады.

Жетісудағы ескерткіштер арасынан қабырғалары таспен қаланған топырақ молалар бар *Талғар қорымы* (Талғар қаласының шетінде) ерекше көзге түседі. Шұңқырлары ағаш жабындымен жабылған. Молалардың көпшілігі тоналған, алайда алтын әшекейлер, темір пышақтар мен қыш ыдыстары аздап та болса сақталған. Молалардың біренен бұрын қызыл тері киімге тағылған алтын қаңылтыршадан жасалған 500 шақты тоғалар шыққан. Бұл жерден саз балшықтан істелінген мөр табылған, оған тау теке басы

салынған қанатты хайуан бедерленген. Келесі бір моладан адамның бет әлпеті схемалы түрде полихромдық стильде дайындалған қапсырма табылған. Қорымның мерзімі б.з.б. II-I ғасырлар шебінде белгіленген.

Жетісу шығысындағы Қаратал өзенінің аңғарында орналасқан *Теңлік қорымының* обаларынан б.з.б. III-I ғасырларға жататын бай қабір аршылған. Мұндағы көшпенді ақсүйек киімі жүздеген алтыннан жасалған көркем тоғалармен сәнделген, соның ішінде жабын киген салт атты бейнесі де бар. Осы жерден алтынмен қапталған және мол түрде әшекей салынған аса таяқ секілді істікше немесе түйреуіш табылған. Одан басқа қола айна, алтын қаңылтырмен әшекейленген ағаш қобдиша да шыққан.

Теңліктен алынған қапсырмадағы ат бейнесі жергілікті жылқы жынысы туралы ой түйуге мүмкіндік береді. Оған қарағанда жергілікті жылқылар ірілігімен ерекшеленген, олардың кеудесі үлкен, ірі басты және жуан мойынды болып келген. Бұл бейнелер Еуразия аумағынан табылып кеңінен танымал болып отырған жылқы бейнелерінен біршама өзгеше.

Жетісудың басқа аудандарынан да усунь кезеңінің ескерткіштері көптеп ұшырасады. Олар тіпті көрші мемлекеттердің аумағынан да молынан зерттелген (Бернштам, Абетеков, т.б.). Мәселен, Шу аңғарындағы Тоқмақ қаласынан (Қырғызстан) оңтүстікке қарай орналасқан *Бұрана қорымынан* б.з.б. III-I ғасырларға жататын қызықты материалдар алынған. Қырғыз Алатауының солтүстік етегінде орналасқан төрт қорымнан 70 шақты обалар қазылған. Мұндағы жерлеу ғұрпы мен алынған материалдар (әшекейлер, керамика, т.б.) Қазақстан аумағындағы ескерткіштерге көп жағдайда ұқсас болып келеді.

Талас аңғарындағы молаларға ақіреттік ас ретінде қой еті қойылған. Табылған қабір саймандары жұпыны: бірен-саран темірден дайындалған бұйымдар (пышақтар, түйреуіштер), әшекейлер мен керамика ғана алынады. *Қараша* қорымындағы обалардың бірінен рельефті өрнегі бар саздан жасалған мөр табылған, ол да Талғар қорымынан алынған мөр секілді жеке меншік мүліктерін таңбалауға арналған.

Усунь мәдениетінің ескерткіштері Талас өзені аңғары мен Қаратау өңірінен де зерттелінген. Қаратаудың солтүстік-шығыс беткейлеріндегі Берікқара қорымынан обалардың 30 астам тобы анықталған, олардың жалпы саны 450-дей. Бұл жерден 1938-1939 жылдары А.Н.Бернштам 40-тан астам оба аршыған. Мұндағы үйінділер көлемі бойынша жіктелінеді: ірі обалардың диаметрі 50 м-ге, орташа обалардың диаметрі 25 м-ге, кіші обалардың диаметрі 4-12 м-ге дейін жетеді. Үйінділерде сақина, жарты ай немесе сүрлеу түріндегі тас қаландылары қаланған. Молалар қатты тас аралас топыраққа ойылып жасалынған. Олар батыстан шығысқа қарай созылып жатыр. Мүрделер шалқасынан жатқызылған, басы батысқа қаратылған, кейде солтүстікке қарай аздап ауытқушылық та байқалады. Тонау нәтижесінен олжалар аз шыққанымен, табылған құрал-саймандар әрқилы болуымен көзге түседі.

Қабірлердің екі хронологиялық тобы жіктелінеді: ең ерте (I) – б.з.б. IV-III ғасырлар және тым кейінгі (II) – б.з.б. II ғасыр мен б.з. I ғасыры аралығы,

соңғысына зерттелген обалардың басым бөлігі жатқызылған. Ерте топ ең алдымен қыш ыдыстар түрлері бойынша жіктелінген, олардың арасында түбі дөңгелек тостағандар, ұстағышты саптыақтар мен шүмекті шәйнек тәрізді ыдыстар басым. Бұл топқа жататын қабірлерді мерзімдеуде аузында құс тістеп тұрған арыстан бедерленген қола айылбас олжа негізге алынған. Берікқара қорымындағы ерте кезең хронологиясы б.з.б. III-II ғасырлар болуы мүмкін екендігі анық.

Б.з.б. III-I ғасырлардағы материалдар Қаратаудың солтүстік беткейіндегі *Тамды қорымынан* да табылған. Обалар «мұртты» тас қаландысы бойынша ерекшелінеді. Мүрде топырақ қабатынан қазылған көлемді шұңқырға қойылған, оның беті ағаш жабындымен жабылған. Кейбір молалардан басы солтүстік-батысқа қаратылған төрт мүрдеге дейін кездескен. Тамдыдағы ер адамдардың қабірлерінен темір ақинақ бөліктері, сапты үш қанатты шанышқысы түсіңкі темір жебе ұштарының жиынтығы, жапырақ пішіндес ұңғылы найза ұшы, толыққанды анықтала қоймаған бір зат пен қорамсақ ілгегі шыққан. Қолдан жасалынған екі ұстағышты түбі дөңгелек және шүмекті шәйнек тәрізді құмыралар Берікқара қорымындағы ыдыстарға ұқсас болып келеді.

Б.з.б. III-I ғасырларға жататын басқа қорымдардан ұштығы дөңгелек темір түйреуіштер мен пышақтар, тас кетпен, түбі дөңгелек тостағандар, құмыралар мен саптыаяқтар табылған.

Қарастырылған ескерткіштерден алдыңғы уақыттардағы сақтарға тән жерлеу ғұрыптарының дәстүрі анық байқалынады. Берікқара мен Тамды материалдары Жетісу үшін белгіленген сақ уақытындағы және одан кейінгі усунь заманындағы жерлеу ғұрпы мен құрылыстары, қабір саймандары арасындағы мәдени ұқсастықтарды екшеген ұстанымдарды нақты бекіте түседі.

Б.з.б. III-II ғасырлардағы ұңғып қазылған ескерткіштер де пайда бола бастайды, алайда олардың басым көпшілігі біздің заманымыздың алғашқы ғасырларымен мерзімделінеді (V ғасырды қоса).

Ұңғып қазылған қабірлер көлденеңінен қойылған бөренелермен жабылған. Қайтыс болған адам қасына әдетте ақіреттік ас (қой етінің бөліктері), темір пышақ пен қолдан жапсырылған бірнеше қыш ыдыстары қойылады. Кейбір молалардан темір жебе ұштары мен садаққа тағылған сүйек жапсырма да табылған. Сондай-ақ ағаш үстелдер, ет кесетін ыдыс пен ағаш тостағандар да ұшырасады, ал әшекейлер аз.

Орта және кейінгі кезеңдер (б.з. I-V ғасырлары). Жетісу көшпенділері тарихи дамуында біздің заманымыздың алғашқы ғасырлары келесі кезеңді бастайды.

Алайда, жаңа тұрғындар легінің келуіне және мәдениеттегі елеулі өзгерістерге қарамастан, археологиялық материалдар б.з. I-мыңжылдық алғашқы жартысындағы дамудан мирасқорлық жолды (жалғастықты) нақты көрсетеді. Мұны I-III ғасырлармен, тіпті I-V ғасырлармен де мерзімделінетін Іле аңғарындағы усунь қорымындағы кейінгі топқа жататын ескерткіштер де дәлме-дәл нақтылайды. Мола құрылысы, жерлеу ғұрпы және мүрде жанына

қойылған құрал-саймандар алдыңғы уақыттарға жататын ескерткіштермен генетикалық байланыста екендігі анық байқалады.

Оба үйіндісі астынан қазылған қабірде жерлеу дәстүрі жалғаса береді. Тас плиталармен жабылған қабір шұңқырлары пайда бола бастайды. Қайтыс болған адамдар шалқасынан жатқызылып, басы батысқа қаратылған, кейде бұл бағыт солтүстікке қарай аздап ауытқып отырады. Қыш ыдыстар тұрпаты б.з.б. III-I ғасырлардағы кешендерге ұқсас болып келеді. Алғашқы рет шарықта жасалған жалпақ түпті көзелер мен тостағандар секілді жекелеген ыдыстар пайда бола бастайды. Кейбір ыдыстарда күйіп кеткен астың қалдықтары сақталған. Молалардан қой сүйектері (ақіреттік ас қалдықтары) жиі кездеседі. Қару-жарақтан темір семсер бөліктері, ұңғылы үш қанатты темір жебе ұштары кездеседі. Жиі ұшырасатын әшекейлер арасында темір түйреуіш, спираль тәріздес алтын сырға, каури қабыршақтары бар. Берікқара-2 кейінгі кешенінен қытай қола айнасының бөлшегі мен нефрит тостағанша шыққан. Сырттан әкелінген заттар көшпенділерде біздің заманымыздың шебінде Хань мемлекетімен байланыс орнату нәтижесінде пайда бола бастайды.

Қаратау қорымдарындағы жерлеу ғұрпы мен заттай мәдениеттің усунь кезеңіндегі Жетісу ескерткіштерімен елеулі ұқсастығын бағамдаған А.Г.Максимова Қаратаудың солтүстік беткейін усунь жерінің шеткі аймағы деп қарастырады.

Соңғы жылдары усунь ескерткіштерінің бірқатары зерттелінген.

Солардың бірі – *Шаңырақ қорымы*. Ол Алматы қаласының аумағында орналасқан. Қорым үш обадан тұрады, олардың әрқайсысы биіктігі 3 м-ге, диаметрі 40 м-ге дейін жететін топырақ үйінді болып табылады. Көне замандарда оба биіктігі жайылып кеткен топырағана қарағанда одан биік болған, шамамен 4-5 м-ге жеткен. Өкінішке орай, әдеттегідей археологтар тоналған обаларды қазған. Далалық ізденістер барысында әшекейлердің жекелеген бөліктері, қыш ыдыстар мен шашылған қаңқа қалдықтары аршып алынған. Обаларды тонау «мұқият» жүргізілген.

Әйтсе де Шаңырақ обаларын қазу жерлеу конструкциясына қатысты қосымша материалдар алуға мүмкіндік берген. №1 обаның тас сақинасы болған, оның диаметрі 30 м, биіктігі 2,5 м. Оңтүстік-батыс бөлікте обадан тыс диаметрі 1 м тас қаландысы анықталған, оның ғұрыптық құрылыс болуы әбден мүмкін. Мүрде батыс-шығыс бағытындағы тік бұрышты қабір шұңқырына (тереңдігі 0,85 м) қойылған. Солтүстік қабырғасынан ұзындығы 2 м-ге дейін байқалған дәліз (дромос) аршылған.

№2 оба диаметрі 32 м-ге, биіктігі 2,97 м-ге жеткен. Аршылғаннан кейін қабір шұңқырының ауданы 2,90x3,05 м, тереңдігі 67 см тікбұрышты жоспарда болғандығы анықталды. Мола шұңқырының солтүстік шетінен солтүстік-шығыс бағытта дәліз (дромос) түскен. Дромос ені 65-70 см, ұзындығы 11 м. Оба құрылысы зор қызығушылық туғызады. Қабір шұңқырының шетінен бастап саз балшықтан мола үсті құрылысы тұрғызылған, оның табанындағы ені 1,5 м, диаметрі 6x6,5 м. Конструкция үстіне топырақ үйілген, ол өз кезегінде тас сауытпен қапталған, тас сауыттың

табанынан бастап есептегендегі диаметрі 28 м. Мола шұңқыры ағашпен жабылғандығын, шірік ағаш қалдықтары да аңғартады.

№3 оба үйіндісін аршыған кезде де саз балшықтан соғылған қабір үсті конструкциясының жекелеген бөліктері анықталған. Мүрде оба ортасындағы ұзындығы 3,5 м-ге, ені 3 м-ге, тереңдігі 1,5 м-ге жететін топырақ қабатынан қазылған қабірге қойылған. Мола шұңқырының еденіне өзен малта тастары төселген, қабырғалары ағашпен қапталған. Қазба барысында киімге тағылған алтын қаңылтыршадан жасатылған ромб, тікбұрыш, дөңгелек пішіндегі тоғалар (18 дана), моншақтар, қатты татталған темір тарак, шеге, т.б. заттар алынған.

Қабірлердің бірінен алынған алтын жалатылған қола түйреуіштер (8 дана) ерекше көзге түседі, олар шашты бекітіп тұру үшін пайдаланылған. Барлық түйреуіштердің түйіршікті басы мен кесіндісі дөңгелек білігі (сабағы) бар, ал ұзындықтары 10-16 см.

Жалпы алғанда, зерттелген обалардың жалпылама сипаты (түрі, қабір шұңқырының бағыты, қабір құрал-саймандар) б.з.б. III-II ғасырларға жатады және де Усунь дәуірімен тығыз байланысады.

Каменка обалы қорымы Алматы қаласының аумағында өзімен аттас кент жанында орналасқан. Белсенді түрде жүргізіліп жатқан құрылыстар әсерінен қорымдағы көптеген ескерткіштер жойылып кеткен. Мұндағы обалар топырақтан және тас пен топырақ аралас үйінділерден тұрады. Обаларды зерттеу барысында 11 мола аршылған. Молалардан тастан және сүйектен жасалған заттар топтамасы, керамика бөліктері, моншақтар (түрлі материалдардан дайындалған), қола және алтын әшекейлер (сырға, жүзік, алқа, т.б.) шыққан. Каменка қорымындағы үйінділерден берілген асқа пайдаланылған ыдыстардың сынықтары, ал тас қаландысы - тас сауыттардан сан алуан бұйымдар (дәнүккіш, курант, үгіткіш, келі-келсап, төс, т.б.) алынған. Мәселен, №10 шағын обаның сауыт қаландысынан он бес шақты шаруашылық-тұрмыстық бұйымдар аршылған. Түрлі обалар маңынан от жағылған ғұрыптық алаңқайлар анықталған.

Қорымдағы ерекшеліктің бірі түрлі конструкцияның ұшырасуы болып табылады, моланы толтырудың өзіндік тәсілдері: құйылған пахса, қам кірпіш қаландылары, таспен, топырақпен тұрғызу. Мола түрлері: жоспары сопақша немесе тікбұрыштылау келген қабырғалары тік қарапайым шұңқырлар; қабырғаны бойлай текпішек жасалған тікбұрышты шұңқырлар және екі текпішекті – иықты молалар. Катакомбалар тұрпаты жоспарында сопақша және күрделі болып келеді. Соңғыларында жалған түсетін шұңқырлары мен молалы терең камералы кездеседі. Жалған түсетін шұңқырлар де катакомба секілді ерекше. Олар жартылай дөңгелек тұрпатта, бір рет шұңқырдың (№13 оба) іші таспен толтырылғандығы және оның қаераға өтетін жері болғандығы анықталған. Басқа бір ескерткіштегі (№21 оба) жалған шұңқырға басы оңтүстікке қаратылған жылқы жерленген. Жерлеу камерасы ұзынша келген, еніне қарай созыла түскен.

Каменка қорымындағы тағы бір ерекшелік оба үйінділері қатары астынан екі және одан көп қабірлердің кездесуі деуге болады. Мұндағы өзгешелік

әрбір мүрде жеке молаға жерленген. Кейбір молалар түбіне бор ұнтағын сеуіп тастау анықталған, ал №11, 16, 19 обалардан бор кесектері байқалған. №23 обадағы 1-моладан құмырашының еңбек құралы – сүйек пластина аршып алынған.

Қорым обаларының көпшілігі тоналғандықтан, оның хронологиясын нақты анықтау едәуір қиындық туғызады.

№19 оба қабірінен әйел адамның алтын әшекейі (сырға мен алқа) табылған. Әшекейлерді жасауда бұйымды «пирамида» көзтанамен оқалау тәсілі қолданылған, ал сақина қалқаншасы инкрустация тәсілімен сәнделген. Осы ерекшеліктер обалы кешенді III-IV ғасырлармен мерзімдеуге мүмкіндік береді.

Усуньдердің қоныстары. Жартылай көшпелі, жартылай отырықшы өмір салты ертедегі сақтар мен усуньдердің қыстау-қоныстар мен қоныстар салуына себеп болғандығын аңғартады. Жоғарыда айтылғандай, Усунь мемлекетінің Чигу-чен – қызыл аңғардағы қала – атты астанасы болған. Хань жылнамашылары бұл атауға «чен» деген қосымша жалғауға болады деп тапқан, сөйтіп бұл арқылы олар қамал-қала үлгісіндегі бекіністі қоныс дегенді білдірді. Әзірге Чигудің қай жерде орналасқандығын анықтау белгісіз болып қалып отыр. Өйткені усуньдердің көптеген қоныстары анықталған. Шу аңғарындағы усуньдердің Луговое қонысын А.Н.Бернштам 1938 жылдың өзінде-ақ зерттеген болатын. Қазба барысында таға тәріздестіріліп саз балшықпен жасалған ошақпен жылытылатын шикі кірпіштен тұрғызылған баспаналар аршылған. 1962 жылы К.А.Ақышев басқарған археологиялық экспедиция Кеген өзенінің алабынан Ақтас қонысын тапқан. Қоныс кешені 5 баспанадан және бірнеше шаруашылық құрылыстарынан (қора-қопсылардан) тұрған. Құрылыстар арасындағы «шаршы бөлме» қоныстың орталығы болған, оған ауданы 126 шаршы м «үлкен аула» жалғасқан, бұл бөлмеге ұзын да еңсіз дәліз арқылы кірген.

Баспаналар плита тастардан балшық лай құйылып қаланған. Әрбір тұрғын үй үлкен бөлмеден, ұсақ қосалқы жайлардан және мал қамайтын қашалардан тұрды. Барлық құрылыстар бір-біріне жапсарластырылып салынды. Едендері балшықпен сыланған, жер еден болды. Тұрғын бөлмелердің едендерінде шаршы түрінде тастан қаланған ашық ошақтар орналасты. Жер ошақ үйді жылытты және онда тамақ пісірілді. Қыс кезінде үй ішінің тіршілігі ошақтың айналасында өтті, оның маңынан тамақ салынған қыш ыдыстар, тас дәнүккіштер табылған.

1994-2005 жылдары Іле Алатау өңірінен усуньдердің ондаған қоныстары анықталған. Бұл өңірде қазақ-американ археологиялық экспедициясы (К.М.Байпақов, Ф.П.Григорьев, К.Чанг) нәтижелі зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу барысында Алматыдан аса қашық емес жерлердегі Талғар, Цыганка, Талдыбұлақ өзендерінің аңғарларынан бірқатар ескерткіштер табылды. Сол кездері Түзусай, Цыганка-8, Талдыбұлақ қоныстарынан тұрғын үйлер, жартылай жертөлелер мен шикі кірпіштен жер бетіне тұрғызылған баспаналар қазылып, сан алуан материалдар жиналған болатын. Жаратылыстану ғылымдарына тән зерттеу әдістерін кеңінен қолдану

экспедицияның археологиялық жұмыстарының ақпаратын мейлінше ұлғайтқан еді.

Радиокоөміртекті анализ көмегімен қоныстардың қалыптасуы мен пайдаланылған уақыты анықталынды. Айталық, Түзусай қонысы 6 мәдени қабаттан тұрады, олар б.з.б. IV ғасыр мен б.з. I ғасыры аралығындағы уақытты қамтиды; ал Цыганка-8 қонысы б.з.б. VII ғасырдан бастап б.з. I ғасырына дейінгі жететін мәдени қабаттарды қамтиды. Бұлар бастапқыда сақ, кейіннен усунь қоныстары болған еді.

Палеоботаникалық зерттеулер бидай, арпа, тары дәндерін анықтап берді, ал Түзусай қонысынан күріш пен күріш қауызы табылды. Қоныстардан табылған бидай сұрыптарының бірі тек қолдан суарып өсіргенде ғана шығатындығы белгілі болып отыр.

Жетісудағы Талғар шағын өңірі тұрғындарының шаруашылығы ерте темір дәуірінде мал шаруашылығы мен егіншілікке негізделген кешенді шаруашылық болғандығы анық. Іле Алатауының тұрғындары құнарлы тау алды солтүстік беткейлерінде қой, ешкі және жылқы өсірумен бірге қолдан суарылмайтын (богара) және қолдан суармалы егіншілікпен де шұғылданды, тары, арпа, бидай, бәлкім күріш те өсірді. Алайда, соңғы аталған дақыл Ферғана мен Қытайдан әкелінген шет елдік өнім болуы да ықтимал.

Сақ-усунь заманында шоғырланған қоныстардан орта ғасырларда ірі қалалар келіп шықты. Сөйтіп, мәдени жалғастық үздіксіз дами берді.

Жетісу көркем қоласы. Табылған олжалардың көпшілігі Алматы аумағымен және оның төңірегімен тікелей байланысты. Әдетте, бұлар кездейсоқ табылған көмбелер. Көмбелер тау алды аймағынан, әдетте шөбі шүйгін әрі жері құнарлы қоныстардан табылады. Осында тіршілік еткен ерте көшпенділер – сақтар мен усуньдердің көмбелері, б.з.б. VIII ғасырдан б.з. IV ғасырына дейінгі аралықта мерзімделінеді. Алайда бұйымдардың көпшілігі б.з.б. I-мыңжылдық екінші жартысынан б.з. III-ғасырына дейінгі кезеңде жасалынған. Көбіне қызығушылық тудыратын көмбелер құрамында шырақ, үстел, қазандық болады, сонымен қатар қанатты барыстар мен жолбарыстар, қодастар мен зебу-өгізі, түйелер мен жылқылар, тау текелер, қасқыр мен құстар, сондай-ақ адамдардың мүсіндері де кездеседі. Соңғы аталғандар қарулы жауынгерлерді – салт атты садақшыларды бейнеледі. Кейбір мүсіндер, сірә әйел адамдардың (киіміне қарағанда) мүсіні ғұрыптық үстелді қолымен көтеріп тұрған «атлант рөлін атқарды». Мүсіндермен әдетте ғұрыптық бұйымның шеттері мен бұрыштары, шырақтардың шеттері мен жалпақшалары әшекейленді, кейде олар «шырақдан» (шырақ) ретінде, ішінара болса да ұстағыш-сап, қазан аяғы секілді де пішінде пайдаланылды.

Көне шеберлердің қолымен жасалынған көпшілік бұйымдар қолөнердің аса көркем туындылары қатарына жатады. Саналы адамдар табылған жәдігерлерді көне заман куәсі ретінде музейлерге өткізіп отырған. Айталық, XX ғасыр басында Алматы ауданынан табылған, шартты түрде «Жетісулық алтарь» деп аталған олжа Санкт-Петербургтағы Эрмитажға жеткізіліп, зерттеу нысанына айналған. Нәтижесінде бұл қола үстел-алтарь ғұрыптық

мәнде жасалған, оны ежелгі сақ және усуньдер жосын-жоралғыларды жүргізу үшін пайдаланылған деп топшыланған.

1979 жылы М.Қ.Қадырбаев Алматының оңтүстік бөлігіндегі Үлкен Алматы өзенінің сол жағалауынан алаңқайды қазған. Бұл жерден жоспары дөңгелек келген, аумағы 130 шаршы метр алаңқай аршылған, ол 0,4 м тереңдікке дейін қазылған. Зерттеушілердің пікірінше, «ғибадатхананың» (мінәжат орнының) ұзақ уақыт жұмыс істеп тұрғандығын сазды платформа-алтарь, жағылған от қалдықтары, құрбандыққа шалынған мал сүйектері (қой мен сиыр), құю қалпы, керамикалық ұршықбастар, жапсырып жасалынған қыш ыдыстары (тостаған, көзе, банка, хумшы) нақты көрсетеді. Дегенмен табылған заттар сақ-усунь молаларынан алынған бұйымдардан аздап өзгешелеу. Алаңқайдан шырақ (шырағдан), бүтін қазандық және тағы екі қазандықтың бөліктері шыққан. Көлденең ұстағышты қазандықтардың бірі темірден дайындалған, бөліктері сақталған қалған екеуінің тағандары бар. Ғибадатхана алаңқайы жоба бойынша бұрын топырақ жалмен немесе қабырғамен көтерілген.

Сақ және усунь ғибадатханалары (мінәжат орындары) оларды тұрғызған адамдардың күрделі түсінігінен хабардар етеді. Ғибадатхана мен одан табылған заттар арасынан шырақ-қазандық-құрбандық үстелі секілді триадаға ден қою тегіннен тегін емес еді. Әрбір заттың өзіндік қадір-қасиеті болды. Оларға сан алуан жыртықшы аңдар мүсінінің жасалынуы белгілі бір таным-түсініктен келіп туындады. Айталық, шырақта бейнеленген жолбарыс образы космогониялық сипатта да болды, ол Ғарыш шекарасын қорғап тұрды. Көпшілік сюжет отқа табынуды білдіреді. Сонымен қатар шырақта мүсінделген бейнелер жарықты, жыл мезгілдерінің ауысуын, қоршаған орта мен тылсым-дүниенің байланысын, зұлымдық пен қайырымдылық арасындағы күресті, т.б. білдіреді.

Келесі бір құрбандық үстел Алматы қаласының оңтүстігіндегі «ашық аспан астындағы ғибадатханадан» табылған. Ол – конус тәрізді жасалған нәзік тұғырға орнатылған табақша. Бұл заттың табақшасында негізгі танымдық ой-өріс қамтылған. Оның шетіне зебудің скульптуралық мүсіндері осы жануарға тән өркештерімен қоса берілген. Сиыр (өгіз) тұмсығы аздап түсіңкі және солға, сыртқа қарай қаратылған. Салт аттылардың екі мүсіні табақтың жалпақ бөлігіне орнатылған, бұлардың тек біреусі ғана сақталынған. Салт аттылар қарама-қарсы беттерге қаратылған. Қолдарында М-тәрізді пішіндегі тартылып тұрған садақ бейнеленген. Сайып келгенде барлық композиция экспрессияға толы және де мұнымен бірге шиеленісіп тұрған жағдайды күтіп тұрған сәт – жайылып жүрген хайуанаттар қатып қалған, жылқы төрт тағандап тұра қалған, садақ адырнасы тартылған, тағы бір сәт... одан жылдам түрде ысқыра жебе ұшады. Бұл көрініс нені білдіреді? Сірә, әлемнің төрт тарапын қорғап тұрған салт атты Әлем тауының шыңдарын мекен ететін күн құдайы Митраны бейнелейтін шығар. Көне замандардағы түсініктерге қарағанда, Митра – мол мүмкіншіліктері бар құдай, бұл ретте ол жайылым әміршісі, жердің сақшысы, ғарыш әлемінің қорғаушысы ретінде бейнеленген.

Алайда көріністі тағы басқалай түсіндіруге де болады. Шырақта жын-перімен күресіп жатқан Митра құдай бейнеленген, және де ол найзағай – жебе – көмегімен қара түнекті сейілтіп, жын-пері тұмшалаған өмір нұрын қайта шашып тұр. Ол жауын-шашын, жерге өмір нәрін беретін бұлтты сипаттайтын сиырларды аспанға жайып тұр. Сөйтіп, қыс пен қараңғылық кері шегініп, сиырмен бірге сайылатын көктем мен жарық келеді.

Үшінші шырақ – Алматыдағы Ремизовка маңынан табылған, бұл да нәзік таған-тұғыр мен шетті (өңірлі, қаусырлы) табақшадан тұрады. Табақшаның ортасына бес жан-жануардың мүсінінен тұратын композиция жасалынған: өлген тау теке, екі қасқыр мен екі қарға. Тау теке бір бүйірімен жатыр, алдыңғы және артқы аяқтары созыла жайғасқан, пышақ пішіндес мүйізі қайырылған. Түрегеп тұрған бір қасқыр мүсіні теке тұмсығының үстіне төне түскен, екіншісі қарама-қарсы жақта оның сауырының үстінде. Мүсіндер құйылған, іші қуыс, арқа тұсында білте орнатылған дөңгелек тесігі бар. Қасқырлар тұмсығымен құрбан болған хайуанға төніп тұр, тістері мен азу тістерін айқара ашқан. Құлақтары басына жабысқан. Көздері тамшы пішіндес, ұзынша келген. Денелері ұзын, іші тартылған, табандары мығым, тырнақтары ірі, құйрықтары ұзын.

Басқа екі жағында кішкентай шаршы тұғырға бөтеннің олжа қалдықтарын күтіп отырған екі қарға мүсіні жабыстырылған. Қарғалардың бастары бір жаққа қарай аздап қисайған, тұмсықтары қатты қайырылған, көздері дөңгелек келген. Құстардың қанаттары жиналған, денелері аздап алға қарай созылған.

Ыдыстың шетіне (қаусырына) 16 мысық тұқымдас хайуанның (барыс немесе жолбарыс) іші қуыс қола мүсіндері жабыстырылған, олар бірінен кейін бірі сағат тілінің жүрісі бойынша, аса сақ кейіпте орналасқан. Олардың ауыздары ақсиган, көздері тамшы тәрізді пішінде, дөңгеленген құлақтары, мұрындары айқын бедерленген; табанында бес тырнағы бар, құйрықтары ұзын әрі ұштары сақина секілді оратылған.

Жоғарыда сипатталған шырақтар секілді табақшадағы көріністің мифтік мағынасы бар екендігі анық. Табақшада бейнеленген кейіпкерлер усуньдердің генеалогиялық аңызында кездеседі. Қытай дереккөздерінде усунь билеушісі күнби (гуньмо) деп аталынды. Оның әкесі усуньдерді басқарған, бірақ оларға юечжилер шабуылдап, әкесін өлтірген. Алайда күнби тәрбиешісі қашып шығып, нәрестемен бірге Сюнну еліне келеді. Тәрбиеші баланы шөптің үстіне қойып тамақ іздеп кетеді, қайта оралған кезінде ол баланың жалғыз өзі емес екендігін, оны қасқыр қаншығы тамақтандырып жатқандығын, ал төбеде тұмсығында еті бар қарға ұшып жүргендігін көреді. Сөйтіп, күнби құтқарылады, ал қасқыр мен қарға усуньдер үшін қасиетті түз тағылары болып саналады.

Дегенмен көрініс семантикасының басқа да нұсқалары болуы да ықтимал.

Табақшадағы композиция ортасында ұсталынған таутеке орналасқан, оның бейнесі сақтар мен усуньдердің жартас суреттерінде кеңінен таралған.

Таутеке бейнесі таудың культымен, құнарлылықпен тығыз байланысты. Таутекемен От құдайы – Агни байланыстырылды.

Қасқыр, әдетте, шөп қоректі жануарларға, бұл ретте таутекеге қарсы қойылды. Қасқыр бейнесі түн мен қыс түнегімен байланыстырылды. Шөп қоректі жануарлардың жер бауырлап келе жатқан қасқыр секілді жауы болған сияқты, Митра немесе Күн мен Жарық құдайлары жаюға алып шығатын және қорғайтын аспан үйірінде де мифтік қасқыр сынды өзінің жауы болды.

Қарашадан ақпанға дейін созылған қыстың ұзақтығы «көкжал уақыты» атауын иемденгендігі белгілі. Және де көріністегі қарға жөнінде де бірер сөз айта кеткен абзал. Әдетте жалпыадамдық түсініктерде бұл құс аспан мен күннің бейнесі болып табылады. Ә.К.Ақышевтың пікірінше, Есік обасынан табылған қанжар ұштығындағы қос самұрық Әлем ағашы үстінде отырған құстар туралы мифті білдіреді, бұл жерден олар барлық әлемді бақылап, уақыт ағымын «қадағалап» отырады. Бәлкім, өлтірілген таутеке қасындағы жарық пен отты білдіретін қарғалар аспанмен, ғаламмен байланыстырылған шығар, сөйтіп олардың қасқырлардан жеңілуі жыл мезгілдеріндегі өзгерістерді, яғни бұл жерде жарықты жеңген түнек пен жазды ығыстырған қысты бейнелеуі де ықтимал.

Жетісуда қоладан жасалған қасиетті заттар арасында қазандықтар (қазандар) да ерекше орын алады. Қазіргі таңда Алматы музейлеріне мұндай қазандықтардың ондаған данасы қойылған. Көмбелерден табылған қазандықтар саны 1-ден 10-ға дейін жетеді, бірақ ғибадатханалар (мінәжат орындары) мен культтық қола кешендеріне қатысы жоқ жекелеген даналары да ұшырасады. Қазандықтар денесі жартылай сфера тәрізді немесе тұрқы конус секілді тағанға орнатылған, тағандары кейде жыртқыш аң табаны немесе аша тұяқты мал аяғы секілді болып та сәнделген, үш тағанды қазандар сирек ұшырасады. Тағаны қайырылған жерінде арқар, айдаһар тәрізді хайуандар мен құлақты жануарлар (бәлкім құлан) бедерленген қазандар да кездеседі.

Қазандық денесі (тұрқы) әдетте жылтыратылады, кейде білікпен, жартылай сопақша, үш бұрыштармен сәнделінеді. Оларды тасымалдау үшін шетіне ұстағыштар не болмаса құлақтар жасалынады. Құлақтары бір-біріне қарама-қарсы қойылған екі немесе айқыш секілді орнатылған төрт дана болады, соңғысында екі құлағы тігінен, екеуі көлденеңінен орнатылады.

Шетінен шығып тұрған құлақтары тігінен орналасқан жұмыртқа пішінді қазандықтар да ұшырасады. Мұндай құлақтар әдетте бүркеншікті шеге (кнопка) түрінде әшекейленеді.

Кейбір қазандықтардың су ағары (шүмегі), көлденеңінен ұзын келген құлақтары да болады.

Қазандықтар сыйымдылығы әркелкі: 5-7 литрден жүз шақты литрге дейін жетеді.

Талғар қаласынан шығысқа қарай 7 км жердегі Орман қонысынан кейінгі уақытта табылған қазандар көмбесі алты данадан тұрған, олар бір-бірінен көлемі, құлақтар саны мен әшекейлері бойынша ерекшелінеді.

Әлбетте, қазандықтар саны кездейсоқтықты білдірмесе керек, олар ғибадатхана тиесілі болған жекелеген ұжымдардың (отбасы, ру, тайпа) санын да білдірген секілді. Қазандықтардың сыйымдылығы олардың ғұрыптық қолданыстағы мәніне тікелей байланысты болды.

Қазандардың символикалық мәні Геродоттың скифтер туралы әңгімесінде де келтіріледі: «... Скифтердің Ариант атты патшасы скифтер санын білгісі келді. Бұл үшін ол әрбір скифке бір-бірден жебе ұшын алып келуге бұйрық берді, оны тыңдамағандарды өлтірем деп қорқытты. Сонда скифтер орасан көп жебе ұштарын алып келді, нәтижесінде патша олардан өзіне ескерткіш соқпақ болды: ол жебе ұштарынан... мыс ыдыс жасаттырып, оны Эксампайға қоюды бұйырды». Жасалған ыдыс өте үлкен еді: қабырғасының қалыңдығы алты саусақ, ал сыйымдылығы 600 амфораға тең болды. Сөйтіп, бұл «патша-қазаны» әскердің өте мол екендігін, скиф патшасының құдыреттілігін білдірді және де Ариант патшалығының символы болды.

Қоладан жасалынған ғұрыптық көмбелердің үшіншісі құрбандық үстелдері болған еді. Олардың бірнеше даналары ғана белгілі. Арасынан «жетісулық алтарь» деп аталынған көмбе ғылыми әдебиеттерде кеңінен танымал болып отыр.

Үстел – тікбұрышты (113x126 см), шеттерінің (қаусыры) биіктігі 6,5 см-ге дейін жетеді, әрбір жағына көлденеңінен тасымалдау үшін ұстағыш (кұлақ) жасалынған. Сондай-ақ биіктігі 22 см-ге жететін дөңгеленген төрт аяғы (тағаны) бар. Шетін бойлай ритмикалық қайталаумен қанатты барыс (жолбарыс?) бірінен кейін бірі орналасқан. Олардың саны 30 болған, бірақ 25 ғана сақталынған. Бейнелер жоғарыда сипатталған Алматы маңынан табылған шырақтағы қанатты барыстар мүсінін дәлме-дәл қайталайды.

Үстел шетіндегі қанатты барыс мүсіндері шырақтағы хайуанаттар секілді кеңістікті қорғап тұрғандығы сөзсіз, бәлкім бұл кеңістік сақтар мен усуньдердің жері де шығар.

Басқа құрбандық үстелдеріндегі бейнелер де көз тартады. Мәселен, бұрыштарына қодас бейнеленген құрбандық үстелі де ерекше.

Аяқтары түйе табандарына (аяқтарына) ұқсас етіліп жасалынған тағы бір үстел табылған.

Үстелдердің қолданыстағы орны түсінікті, оларға қазанда пісірілген құрбандық еттері қойылған, оны культтық салт пен салтанатты жиынға қатысушылар жеген, бұл ең алдымен жаңадан оянған табиғатқа, көктемгі күн мен түннің теңелуіне арналған Жаңа жыл – Наурызды тойлау болуы да мүмкін. Бұл Еуразия халықтарындағы маңызды да, ең көне мейрам болып табылады.

Қарғалы көмбесі Іле Алатауындағы теңіз деңгейінен 2300 м биіктіктегі Қарғалы қойнауынан табылған. Ондағы ерекше көз тартатын нәрсе тәті (диадема). Ол екі бөліктен тұрады. Оның ұзындығы – 35 см, ені 4,7 см. Оның ішкі беті толған күрделі өсімдік тектес өрнектің ортасында тұрған аңдардың, құстардың, адамдардың бейнелері; бұлар қалыппен қысу әдісімен салынған. Мұнда араларында феникс бедерленген басын артқа бұрып салынған марал

мен ұрғашы марал; бұдан соң үстінде әйел отырған қанатты жолбарыс; одан кейін үстінде құс ұшып бара жатқан, арқасына әйел отырған айдаһар; тағы да тұғырда тұрған қанатты ат; ұшып бара жатқан құс; үстінде аю мен құсы бар әйел ерттеген ешкі; арқасына әйел отырғызған арқар нақышталып салынған. Барлық композиция жылқы мүсіндері арқылы үш бөлікке бөлінген, орта тұсында айдаһар орналасқан, оның оң және сол жағындағы жануарлар шеруі бір-біріне қарама-қарсы тұр. Жануарлардың көздеріне сердолик пен альмандин қойылған, денелеріне перуза орнатылған. Тәтіні ең алғаш рет зерттеген А.Н.Бернштам бұл сәндік зат абыз (бақсы) әйелдің бұйымы дей келе, олжаны б.з.б. I ғасыр мен б.з. II ғасыры аралығындағы уақытпен мерзімдеді. Бұл зерттеуші бейнелердің семантикасында Иран мен Қытай культтық ықпалдары да көрініс тапқан деп пайымдады.

Жаңа зерттеулер бейнелердің мәнін, шығу тегі мен көріністер мағынасын біршама толымды түрде түсінуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде Қарғалы қабірінің мерзімі анықталынды, ол б.з.б. II ғасырға жатады. Тәтіні Бактриядағы Тіллә-тепе патша қабірі, Хохлачтағы сармат молалары, Жетісудағы Есік обасы, Таулы Алтайдағы Уландрык ескерткіші секілді археологиялық нысандардың бірегей олжаларымен салыстырып қарастыруға жол ашылды. Тәтідегі бейнелер Еуропа мен Азияда кеңінен таралған құдай ана мен құнарлылық құдайы Диониспен тікелей байланысты. Грек культі шығыс халықтарының күн мен түн теңелген күн Наурыз мейрамымен тамаша үйлескен. Табиғаттың дамуын тоқтатып, қайта жандандыратын ежелгі грек құдайы – Дионис культі, мысырлық Осирис, фригиялық Аттис, сиропфиникиялық Сабасийге қатты ұқсас. Александр Македонский жорығынан кейін бұл культ Еуразия аумағында кеңінен таралып, жергілікті құдайлармен бірге астасып кетті. Дегенмен грек немесе грек-бактриялық пішін бейнелеу өнерінен көрініс тапты, мұны усуньдерге тиесілі әрі б.з.б. II ғасырмен мерзімделінген Қарғалы тәтісіндегі сюжетті талдау да нақты көрсетеді. Дионис культінің таралғандығын Шелпек (Чельпек) ескерткішінен табылған құрбандық үстеліндегі әйел мүсіндері де растайды. Бұларды, сірә, Дионистің әйелі Ариаднамен байланыстырған жөн. Ол Орта Азия пантеондарындағы басты құдай Анахита – Минамен үйлескен-ді. Аталмыш байланыс шелпектік және қарғалылық олжалардағы кейіпкер әйелдердің киім үлгісіндегі ұқсастықтан да байқалады. Қарғалы тәтісі дионистік мейрамды сипаттайтын секілді. Дионис қабыланда отырғызылып бейнеленді, жолбарысқа отырғызылуы сирек. Дионистік культтің басты хайуандары – марал, ешкі мен аю. Тәтіде бейнеленген су құстары – аққу-қаздар құнарлылықты сипаттады. Қарғалы тәтісінде әлем жаратылысының үш өрісі көрсетілген: Өмір ағашының тамырлары кететін – жер асты; адамдар мен жануарлар өмір сүретін – жердің беті; құдайлар мен құстар тіршілік ететін – аспан әлемі. Тұғырдағы, дәлірек айтқанда тау шыңдарындағы жылқы бейнесі күнді, ерекше құдай нұрын көрсететін еді. Жетісу көшпенділерінің идеологиясында бұл синкреттік образдардың таралуына Ұлы Жібек жолындағы байланыстар әсерін тигізген болатын.

Қарғалы тәтісімен бірге көмбеден алтыннан жасалынған көптеген бұйымдар табылған. Бұлар – қос өркешті түйе бейнеленген, перузамен әшекейленген екі сақина; таутеке бейнеленген он тоға; адамды кеміріп жатқан тышқан бейнесі бар перузалы сырға, сонымен қатар перуза жапсырылған қапсырмалар.

Усунь өнерінде күрделі таным-түсініктердің, діни ұғымдар мен мифологияның көрініс табуын өзге де олжалардан көруге болады.

Арал маңы сақтарының ескерткіштері

Ерте сақ ескерткіштері. Бұл кезеңге Оңтүстік Түгіскен мен Ұйғарақ қорымындарындағы қабірлер жатады. Оңтүстік Түгіскен қорымынан 50 оба анықталған, оның 38-і қазылған, Ұйғарақтан 80 шақты оба анықталған, оның 70-і аршылған.

Оңтүстік Түгіскен қорымы екі кешенге бөлінеді. Олардың біріншісі 12 обадан, екіншісі – оңтүстік – 29 обадан тұрады. Солтүстік Түгіскен некрополында тоғыз оба орналасқан. Оңтүстік Түгіскен б.з.б. VII-V ғасырлармен мерзімделінеді, сондай-ақ б.з.б. V ғасыр обалары қорымның оңтүстік бөлігінде топталған, ал ең ерте кезге жататындары оның солтүстік шетінде шоғырланған. Ұйғарақ қорымының обалары б.з.б. VII-VI ғасырлармен мерзімделінеді; б.з.б. V ғасыр обалары бірен-саран ғана, олар үш топта шоғырланған – шығыс (30 шақты), орталық (27) және батыс (21).

Оңтүстік Түгіскен мен Ұйғарақ қабірлерінде жерлеу ежелгі жер бетінен қазылған топырық шұңқырларға мүрдені қою (жерлеу) ғұрпы бойынша атқарылды, алайда мүрдені өртеу салты да кездеседі. Барлық жағдайда үстіне оба тұрғызылған. Обалардың сақталған биіктігі 0,3-2 м, диаметрі 10-40 м шамасында.

Мүрденің жерленуіне қарағанда қайтыс болған адамды шалқасынан қамыс төсенішке жатқызған, басын батысқа немесе оңтүстік-батысқа қаратып, бұтақтармен және қамыспен өрілген жеңіл ағаш каркас құрылыс ішіне қойған. Құрылыс іздері шіріп кеткен не болмаса жанып кеткен дөңгелек бағана шұңқырлары түрінде сақталған. Жерлеу құрылысының айналасы шыбық-шөпшектермен және қамыс қабатымен жабылған. Жоспары бойынша бұл құрылыстар дөңгелек, сопақша келген, тік бұрыштылары сирек кездеседі. Баған шұңқырларының шеңбері бір қатар, алайда оның ішіне шаршы бұрышында төрт бағанадан тұрғызылған камера секілді құрылыс жасалған. Кейде шеңбер екі бағаналар қатарынан да тұрды.

Оңтүстік Түгіскен мен Ұйғарақ обаларындағы жерлеу ірі тік бұрышты топырақ қабірлерінде жүзеге асырылған.

Бірінші, ең көп таралған типіне шығыстан батысқа қарай бағытталған көлемі 2,7x2,3 – 4,5x3,7 м, тереңдігі 1-2 м шұңқырдағы қабірлер жатады. Әдетте жерлеу шұңқырын көлденеңінен ағаш бөренелер жауып тұрды. Бұл конструкция үстіне қамыс қабаты немесе ұсақ бұтақтар төселді. Қамыс моладан шыққан топырақ пен шұңқыр айналасындағы жер бетіне де төселді, содан кейін барып оба тұрғызылды. Кейде шұңқырды айналдыра одан

біршама қашықтықтан қамыс қабатымен жабылған аса терең емес ор қазылды. Оңтүстік Түгіскенде Ұйғараққақарағанда отпен байланысты салт іздері жиі кездеседі. Шұңқырдың ағаш жабындысын жиі өртеген, алайда оны дереу топырақпен сөндіріп отырған, нәтижесінде құрылыс толық жана қоймаған. Мүрдеге от тимеген.

Бірінші типтегі қабірлер б.з.б. VII-V ғасырлармен мерзімделінеді.

Екінші типтегі қабірлер тек қана Түгіскеннен кездескен. Бұл тік бұрышты келген топырақ шұңқырлары не болмаса бұл үш обаның камералары аласа жалмен қоршалған. Оба үйіндісі жал сақинасы шеңберінде тұрғызылған және қазіргі таңда сақтала қоймаған.

Барлық молалар ағаш жабындымен жабылған. Екінші типтегі қабірлер б.з.б. VI ғасырмен мерзімделінеді.

Үшінші типтегі жерлеу құрылыстары тек Ұйғарақтан ғана анықталған, қазылған бұлардың саны 13. Басым бөлігі оба тобының батысында орналасқан. Салыстырмалы түрде алғанда бұлар тар тік бұрышты, сопақшаға жақындау келген, көлемі 1,75x1,4-3x1,63 м топырақ шұңқырлар. Олардың тереңдігі 0,62-1,35 м аралығында, сонымен қатар өте ұсақ молалар да кездеседі. Сырық негізінде жатқан шыбықпен және қамыспен жабылған. Үшінші типтегі қабірлер б.з.б. VIII-IX ғасырлармен мерзімделінеді.

Төртінші типтегі қабірлер Түгіскеннен белгілі және бай қабірлерімен ерекшеленеді (қазылғандарының саны алтау). Бұлар тік бұрышты қабір шұңқырлары (2,5x3-3x3 м, тереңдігі 2-2,5 м) болып табылады, қабір бұрыштары әлемнің төрт тарапына бағытталған және оңтүстік-шығыс жағында ұзын (5-12 м) дәліз-дромосы болады. Шұңқыр мен оған жақын дромостың бөлігі әдетте жиі өртеп, бірден сөндіріп тастап отырған ағашпен жабылған. Бір рет қана моланы айналдыра жер бетінде болған оттың іздері байқалған. Бұрыштарына бағана типіндегі шұңқырлар қазылған, ал мүрде мола қабырғасынан бөлініп тұрған ор арқылы жер «үстел» үстіне жатқызылған сияқты орналастырылған. Барлық молалардан өлікті жерлеу салты анықталған. Мүрденің басы шұңқырдың диагоналі бойынша шығысқа – солтүстік-шығысқа қаратылып, «салт атты кейпінде» арқасымен созыла жатқызылды. Барлық «дромосты молалар» б.з.б. X ғасырмен мерзімделінеді.

Оңтүстік Түгіскен мен Ұйғарақ обаларындағы жерлеу құрылыстарының орналасуы мен кейбір ғұрыптық элементтері Солтүстік Түгіскеннің кейінгі қола кесенелерімен үндеседі.

Оңтүстік Түгіскен мен Ұйғарақ қабірлерінің көпшілігі, өкінішке орай, тоналған.

Әдетте, барлық тоналған қабірлердегі құйымшақ сүйектері сол күйінде, ешкім тиіспеген қалпында сақталған, қаңқаның басқа бөліктері мен бас сүйектерін тонаушылар шашып немесе лақтырып кеткен. Бұл мейлінше құнды заттар басқа, кеудеге және қолға тағылған деп топшылау жасауға мүмкіндік береді. Сірә, мүрдені молаға киімімен және бас киімімен жерлеген, олар ұсақ моншақтармен және алтын қапсырмалармен әшекейленген. Түгіскен қорымындағы №54 обадан (б.з.б. V ғасыр) алтын қаңылтыршадан жасалып, аппликация түрінде белбеуге тағылған өрнекті жапсырмалар

алынған. Көптеген қабірлерден халцедон, сердолик, т.б. тас жыныстарынан дайындалған моншақтар кездескен. Ұйғарақтағы әйел адам қабірлерінен білезік, ер адамдар моласынан сырға табылған. Қоладан және темірден жасалған пышақтар ер адамның да, әйел адамның да аяқ жағынан алынған. Сірә, жылқының жерленуін көрсетуі тиіс болған ат жүгендері, 100-ден астам қабірлерден кездескен, олардың көпшілігі ер адам мен әйелдердің аяқ тұсынан алынған.

Керамика әйелдердің және ер адамдардың қабірлерінен ұшырасқанымен, барлығында жоқ. Әдетте ол жапсырылған бір ыдыс, кейде оның саны екеуге дейін жеткен. Тәртіп бойынша олар мүрденің аяқ жағында тұрған.

Ер адамдардың қабір құрал-саймандарында қару-жарақ маңызды орын алады. Олар: қола жебе ұштары (кейде жебе ұштарының шоғыры кездеседі, сірә, олар қорамсаққа салынса керек), қайрақ таспен бірге болатын қоладан және темірден жасалған қанжарлар, ұзын темір семсерлер. Бір рет биметалл күрзі ұшырасқан.

Әйел адамдардың қабірлерінде жиі кездесетін құрал-саймандар: диск тәріздес қола айна, тас алтарь, жалпақ етіп өңделген сүйек (бояу езуге арналған), шаруашылық заттар (дәнүккіш, ұршықбас, т.б.).

Б.з.б. VII-V ғасырларындағы керамика жапсырмалы ыдыстар түрінен тұрады. Олар шамот пен ұсақ әктас бөлшектері қосылған саз балшықтан дайындалған, түсі сұр не болмаса қоңырқай, кейде сырты сұйық балшық қаптамамен көмкерілген, онда қызыл бояудың аққан іздері байқалады. Биік тік мойыны бар және жайпақ түпті, көбінесе жылтыратылған, алмұрт бітімдес ыдыстар керамиканың негізгі түрлері болып табылады. Шүмегі түтікше ыдыстар Түгіскен мен Ұйғарақтағы б.з.б. VI ғасырдағы қабірлерден табылды, Қазақстан аумағындағы басқа сақ кешендерінде олар ұшыраспады. Сонымен бірге Оңтүстік Түгіскен мен Ұйғарақта бір не екі тұтқасы бар жапсырма сапты аяқтар, ернеуі ішіне қарай аздап емеурілген, бүйірі шығынқы тостағандар да кездесті.

Арал маңындағы ерте сақ қабірлерінен б.з.б. VII-V ғасырларда кездесетін тас алтарь немесе құрбандық ыдысының екі түрі бар: бірінің аяғы бар, екіншісінің аяғы жоқ. Аяқсыз құрбандық ыдыстар тұрпаты сопақша және тұмсық тәріздес болып бөлінеді. Олардың жанында бояу жағылған малта тастар жатады, құрбандық ыдыстардан бояу іздері немесе отты имитация жасайтын қызыл реальгар секілді заттар да ұшырасады. Алтарь кездескен әйел адамдардың қабірі абыз моласы ретінде қарастырылады, ал олардан табылған айналардың магиялық мәні де болған сияқты.

Ең көп таралған Арал өңірі сақтарының қару-жарағы садақ пен жебе болып табылады. Садақ қалдықтары табылмаған, алайда жебе ұштары молынан ұшырасқан. Молалардағы жебе ұштары әдетте қорамсақта жатқан. Түгіскендегі б.з.б. V ғасырға жататын обалардың бірінен 50 шақты жебелері (ұзындығы 70 см) бар қорамсақ табылған. Қорамсақ теріден жасалған. Оның төменгі шеті алтын жапсырма тоғалармен әшекейленген. Үстіңгі жағында алтын қапсырма қаусарып тұрған клапаны болса керек. Қорамсақты сол жаққа тағып жүрген, жебе ұштары тәртіп бойынша төмен қаратылған. Сүйек

жебе ұштары (екі қалақшалы ромб түрінде, ұңғымалы) да кездесіп отырады. Мұнда да жебе ұштарының басты-басты екі түрі – қысқа сапты және ұңғылы түрі қатар қолданылған. Б.з.б. VII-V ғасырлардағы обалардан ұңғылы және сапты металл жебе ұштарының болуы тән. Қысқа мойынды жебе ұшының орнына б.з.б. VI ғасырдың екінші жартысында қанды басы үш қанатты немесе үш қырлы ұңғылы жебе ұшын қолдану басқа аудандарға қарағанда ертерек басталды. Б.з.б. V ғасырға қарай сапты жебе ұштарын ұңғылы (төлкелі) үш қалақты және үш қырлы жебе ұштары (б.з.б. VI ғасырда кеңінен таралған) біртіндеп ығыстыра бастайды.

Қанжарлардың екі түрі белгілі. Бірі қоладан, келесісі темірден жасалды. Алғашқысының ұштығы саңырауқұлақ тәрізді, екіншісінің айқыштамасы (балдағы) көбелек түрінде.

«Савромат әлемімен», оның ықпалымен байланысты болған қару-жарақтардың біріне б.з.б. V ғасырға жататын обалардан алынған ұзын темір семсерлер жатады. Қазба кезінде табылған осындай бір семсердің ұзындығы 1,25 м-ге жеткен, оның сопақша келген сабы, көбелек тәрізді айқыштамасы бар. Семсер ағаш қынапта жатқан, қынаптың сырты алтын қаңылтыршадан жасалған қапсырмалармен сәнделген. Оның айқыштама тұсында арқардың басы бедерленген. Жүзінің орта бөлігіне қасқырға келіңкірейтін фантастикалық аңның бейнесі түсірілген. Тағы бір семсер (ұзындығы 1,1 м) сабының екі бүйіріне білік жасалып, бүйрек түріндегі айқыштама орнатылып, соңында ол тырнақ тәрізді ұштыққа айналған. Бізге қынаптар жете қоймаған, бірақ аң стилінде бейнелер түсірілген тік бұрышты алтын пластина сынығы соның жапсырмасы болуы ықтимал.

Ерте сақ жүгендері де ерекше қызығушылық туғызады. Ұйғарақтағы қабірлердің жартысынан дерлік жүгеннің қалдықтары – ауыздықтар, айшықтар, әр түрлі қапсырмалар, сондай-ақ тартпалардың айылбастары табылған. Кейбір ауыздықтардың, айшықтардың түрлері мен оларды жасау әдістерінде, айылбастарында және жүген жиынтығының бірқатар заттарында ғана емес, сонымен қатар сол жиынтықтарға кіретін заттардың өз құрамында да ұқсастық байқалады. Алайда Ұйғарақтағы ер-тұрман ауыздық пен айшықты бірге құйып шығарған ерекше үлгіде болды. Сондай-ақ, үш тесікті мүйіз не қола айшықты, үзеңгі түріндегі шығыршықты ауыздықтары бар жүгендер де ерекше үйлесімімен көзге түседі. Ұштары тікбұрышты жұмыр келген және қосарлы қондырмалы айшықтары бар, бітімі өзгеше ауыздықтардың Арал өңірінен көптеп табылуы бұл ауданның осындай үлгідегі жүген жасайтын орталықтардың бірі болғанын көрсетеді. Ат әбзелдері құрамына кірген заттардағы алтын қапсырмалар, тоғалар мен жапсырмаларға аңның бейнелері түсірілген. Хайуанаттар бейнелерінің арасында бұғы, киік, жылқы, таутеке, қабан, арыстан, барыс не қабылан, жыртқыш құс, түйе бар. Бұл заттардың жасалу әдістері мен стилі Арал өңірі сақтарының мәдениетін скифтік-сібірлік өнер дүниесіне енгізеді.

Арыстанды бейнелеу Арал маңы сақтарының тұрақты тақырыптардың бірі болып табылады. Ең ерте кезге (б.з.б. VII-VI ғасырлар) жататын төрт олжа бар, олар отырған арыстандар түсірілген төрт пластина. Жалпы алғанда,

Оңтүстік Түгіскеннің № 45 обасындағы б.з.б. VII-VI ғасырларға жататын кешеннен отырған арыстанның бейнесі салынған тартпаның екі тоғасы (дәл сондай тоға Ұйғарақта да бар), басы артына қарай бұрулы отырған арыстандарды ойып салған төрт алтын тілік табылды. №31-обадан Алдыңғы Азиядағы ежелгі түріне ұқсас түрегеп тұрған арыстан мүсіні бар алтын қаптырма табылды. №53-обадан табылған жүріп келе жатқан арыстандардың мүсіндері осындай үлгіге еліктелінгені анық, бірақ аң мүсінін орналастыруда өзгеріс бар, көздерін дөңгелек дерлік етіп жасаған, жалы жоқ.

Скиф-сібір өнерінде кеңінен танымал жыртқыш құстың бейнесі Сырдарияның төменгі ағысындағы сақтардың да өнерінде көрініс тапты. Көбіне өз ерекшеліктерімен салынған жыртқыш құстың басы түріндегі қаптырмалар көп, әдетте оны өз ерекшеліктеріне әбден бейімдендіріп бейнелейді.

«Скиф әлемінде» кеңінен танылған жылқы бейнесі жекелген заттарға салынған. Әсіресе бұл жерде екі қола қапсырма өзіне ерекше назар аудартады, мұнда жылқылардың басы геральдикалық тұрғыдан берілген, олардың бірінде ат тұяғы түріндегі ілгек орналасқан.

Құйрығының ұшын қайқайта иген және аяғының нобайы бар белгісіз бір жыртқыштың мүсінінің бергі жағына өзінің көрнектілігі жөнінен екі бұғы өте тамаша бейнеленген алтынның жалпақ тілігі (Оңтүстік Түгіскен б.з.б VII ғасыр) Арал өңірі сақтарының бейнелеу өнерінің ертедегі үлгілері қатарына жатады.

«Скиф әлемінде» кеңінен мәлім таутеке мен қабанды бейнелеу де Арал өңірі сақтары өнерінде кездескен. Олардың басқа заттарда бейнеленген түйенің басы секілді жергілікті мотивке жататындығы сөзсіз.

Аң стилі өнерінде фантастикалық хайуандардың бейнесі жиі кездесіп отырады. Олардың бейнесі хайуанаттар әлеміне кіретін түрлі өкілдердің бейнесімен астасып жатады. Оңтүстік Түгіскен қорымындағы обадан алынған семсер қынабына тағылған алтын жапсырма дәл осындай өнер туындысын көрсетеді. Онда жерге бірінен кейін бірі жабысып жатқан екі фантастикалық аң бейнеленген. Сауыры мен бұралаңдаған құйрығы мысық тұқымдас аңдарды еске түсіреді, басы аттың басына ұқсас, тістерін ақситқан араны қасқырдыңкіне ұқсайды. Иық тұсына үш бұрыш түрінде ою-өрнек түсірілген.

Оңтүстік Түгіскен мен Ұйғарақ кешендерінен сақ әлемінің оңтүстік ортаазиялық және алдыңғы азиялық елдермен байланыс жасағаны (бейнелеу өнерінде арыстан мен қабылан, шеттен әкелінген ыдыстар, моншақтар) нақты көрініс табады. Шығыс Арал маңындағы ерте сақ ескерткіштерінен табылған олжалар кейбір бейнелердің алдыңғы азиялық екендігін дәлелдейді. Сонымен қатар іргелес аймақтарға тән бірқатар олжалар да анықталып отыр.

Арал өңіріндегі, Орталық және Солтүстік Қазақстандағы, Жетісу жеріндегі ерте сақ мәдениеттерінің өзара жақындығы аңғарылады.

Арал маңындағы Жаңадарияның орта ағысындағы аңғардан табылған сақ ескерткіштерін зерттеу нәтижелері, олардың б.з.б. V ғасыр соңы мен б.з.б. V-IV ғасырлар шебінен б.з.б. II ғасырға дейінгі уақытты қамтитындығын

дәлелдеп отыр. Мұндағы бірқатар ерекшеліктер (таралу типі, керамикалық кешен, жерлеу ғұрпы мен құрылыстар) Шірік-Рабат қаласының атауынан келіп шыққан *шірік-рабат мәдениетінің* ғылымда орын алуына мүмкіндік берді, қазіргі күнде археология тарихнамасында оның өзіндік орны бар.

Көрсетілген уақытқа алты бекіністі қоныстар (Шірік-Рабат, Бәбіш-Молда, Баланды, Қабұлқала (Шағырлы), Шірік-3, Сеңгірқала) мен 200 шақты бекінісі жоқ қоныстар жатады. Соңғы аталғандардың басым бөлігі ирригациялық құрылыстар аймағымен тығыз байланысты. Сондай-ақ екі жүзден астам жер бетіне салынған қабір құрылыстары, біраз оба үйінділері, екі топырақты оба мен бірнеше колөнер кешендері (күйдіретін пештер, мүсін жасау өндірісі мен күйдіруге жерлер, шеберханалар) де белгілі. Аталған ескерткіштердің тек кейбіреулерінде ғана қазба жұмыстары жүргізілген.

Б.з.б. IV-II ғасырлардағы ескерткіштер Жаңадарияда өткен кезеңдегі Сырдарияның төменгі ағысындағы (Ұйғарақ, Оңтүстік Түгіскен қорымдары) сақ тайпаларының мәдениеті негізінде қалыптасты және оған Орта Азия оңтүстігіндегі егіншілік жазираларының да күшті мәдени ықпалы тиді, бұл құрылыс техникасынан, архитектуралық ерекшеліктен, қыш құмыралар тұрпатынан да байқалады.

Оңтүстік ықпал б.з.б. IV-II ғасырларда Сырдария төменгі ағысындағы сақ тайпаларының мәдениетіне жаңа келбет әкелгенімен, ерте сақ ескерткіштерінен сақталған мирасқорлық тек керамикадан ғана емес, сонымен бірге жерлеу ғұрпынан да байқалады.

Шірік-рабат мәдениеті ескерткіштерінің топографиясы тайпалардың ирригациялық жүйелер аймағындағы жазираларды қоныстанғандығын байқатады. Магистраль канал секілді ірі суландыру жүйелері өте сирек кездеседі. Сірә, ескі арналарда жасалған су қоймаларына жауын-шашынды жинап, пайдалану үлкен маңызға ие болған. Жазиралардың жалпы ауданы әрқелкі. Мәселен, ең үлкені – Бәбіш-Молда 10 мың гектар, ал Баланды 150-200 гектар шамасында.

Шірік-Рабат қаласы Жаңадария жағалауындағы төбешікте орналасқан. Жоспары сопақша келген, ол бүкіл төбешіктің үстін қамтиды (850x600 м). Ежелгі қамал (б.з.б. IV-II ғасырлар) ауданы 4 га-дан астам, ол екі қабатты дуалмен қоршалған. Осы уақытқа орталық бөліктегі тікбұрышты бекініс те жатады. Ескерткіштің оңтүстік жағын ортағасырлық уақыттағы дуал қиып өтеді, оған ежелгі дөңгелек кесене қосылған. Сол кездері кейінгі уақытқа жататын тікбұрышты цитадель де салынған. Қала ормен қоршалған (ені 40 м шамасында, дуал түбінен есептегендегі тереңдігі 4 м). Ежелгі қамал қабырғасында (қалыңдығы 4,5 м) оқ ататын галерея (ені 1,8 м) орналасқан. Қабырға тікбұрышты кейіптегі одан 6 м шығып тұратын мұнаралармен күшейтілген. Мұнарада да, қабырға сияқты кірер-шығар жерінде бір биіктікте оқ атуға арналған орын болды. Қаладағы тұрғын жайлар ескерткіштің оңтүстік бөлігіндегі, ішкі қорғаныс қабырғасының жанынан түсірілген шағын қазбадан анықталған. Мәдени қабаттың жалпы қалыңдығы 2 м-ден асады, жоғарғы қабаты XII-XIII ғасырларға, төменгі қабаты б.з.б. VI-II ғасырларға жатады.

Қала аумағындағы ескерткіштердің ең ежелгі тобы топырақтан тұрғызылған алты обадан тұрады, олардың төртеуі орталық тікбұрышты бекініс шебінде орналасқан. Бір оба қазылған. Қаладан сонымен қатар екі жерлеу сағаналары аршылған.

Алғашқыда Шірік-Рабат бекіністі қала-қамал болған сияқты, оның аумағына бастапқыда обаға, кейіннен кесенелерге тайпа көсемдері жерленді.

Шірік-Рабат қаласы мен оның төңірегіндегі ескерткіштерді соңғы жылдары Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Шірік-Рабат археологиялық экспедициясы (жетекшісі Ж.Құрманқұлов) зерттеп жатыр. Мұнда бірнеше ескерткіштер аршылып, тұрмыстық-шаруашылық заттар, қару-жарақтар, қыш ыдыстар алынған. Алтыннан жасалған заттар ерекше көз тартады. Табылған қыш ыдыстардың бірінен грек тіліндегі жазу анықталған. Онда Тир құдайға арналған сөздер жазылған. Соңғы жылдардағы зерттеулер Шірік-Рабат өңірінің тұрғындары алыс-жақын елдермен тығыз мәдени-экономикалық байланыстар орнатқандығын нақты дәлелдейді.

Жаңадарияның келесі бетінен Шірік-3 бекіністі қонысы ашылған. Оның жоспары – бұрыштары дөңгеленген тікбұрыш (108x122 м). Кейбір жерлерінде биіктігі 1,5 м-ге жететін оқ ататын ойықтары бар бекініс қабырғалары (ені 3 м-ден астам) сақталған.

Бәбіш-Молда жазирасында Бәбіш-Молда-1 қаласы мен Бәбіш-Молда-2 кесенесі орналасқан. Қала бекіністі, сызбасы бұрыс, дуалмен қоршалған. Солтүстік бөлігінен мөлшері 100x100 м шаршы түріндегі «цитадель» көзге түседі.

«Цитадельдің» ортасында «Үлкен үй» деп аталған шаршы түріндегі ғимараттың (44x44 м) қалдықтары сақталған. Ол оқ ататын орындары бар пахса қабырғамен қоршалған. Ғимарат дәліз секілді бөлмелер арқылы екіге бөлінген. Ғимараттың солтүстік-шығысы мен оған залдың оңтүстік жағынан кіретін бөлігі аршылған. Стратиграфиялық жағынан «Үлкен үйдің» үш кезеңі анықталған.

Қаладан «донжон» аталған нысан толығымен аршылған. Бұл «цитадельдің» оңтүстік-батыс бұрышына жақын орналасқан бекінісі мықты қамал (30x30 м). Оның қабырғалары 4-5 метрлік биіктігін сақтап қалған, массив ішінен бірінші қабатта қаланған күмбезді бөлмелер аршылған. «Донжонды» қазу барысында үш құрылыс кезеңі анықталған. Күмбезделген бөлмелер тұрғын жай болғандықтан, олардан мол археологиялық материалдар алынған, олардың негізінде шірік-рабат мәдениетінің ерте кезеңі жіктелінеді.

Қала тіршілік еткен кейінгі кезеңмен ескерткіштің оңтүстік жағындағы құрылыстар тікелей байланысты. Ол жартылай дөңгелек келген әрі қабырғадан шығып тұрған мұнаралы дуалмен қоршалған. Ескерткіштің мұндағы бөлігінен, яғни оңтүстік-батысынан жеке тұрған, шикі кірпіштен көтерілген ғимарат қалдықтары, сондай-ақ жартылай жертөлелер немесе мүсіндер мен түйіршіктерді өндірген орындар анықталған. Бекініс қабырғаларын бойлай орналасқан каркас-бағаналы жайлардың қабырғалары да байқалған.

Баланды орталық кешені үш ескерткіштен тұрады: Баланды-1 шағын камалы, оған жалғасып жатқан қоныс пен Баланды-2-3 атты екі қабір құрылыстары.

Бәбіш-Молда-1 ескерткішіндегі «үлкен үй» жоспары кірер есіктен басталып, екі көлемді мұнаралармен жиектелінетін өсті анфиладты ғимаратымен ерекшелінеді. Үйдің шығыс бөлігінен аршылған жоспары мұнда ерекше жағдайларға және қабылдауларға арналған салтанат залы болғандығын аңғартады. Бұл кешеннің жоспарлану принципі ахеменидтік архитектураға тән.

Сол себепті де Бәбіш-Молда-1 «үлкен үйінің» құрылысын кейінгі ахеменидтік сатрап резиденциясы қатарында қарастырған жөн, мұндай құрылыстарды салу Ахеменидтер державасының күйреуі алдындағы солтүстік шеттегі сатраптықтарда жүзеге асқан болатын. Тек Сырдарияның төменгі ағысындағы аумақ Ахеменидтер державасы құрамына енгеннен кейін ғана, мұндағы б.з.б. IV ғасырда шикі кірпіштен соғылған монументтік құрылыстарды, керамика кешендерде осы бағытта байланыстыруға болады, олар Орта Азия оңтүстік аудандарынан (Соғды, Парфия, бәлкім Бактрия), Ахеменидтер державасының шығыстағы егіншілікпен айналысатын шеткі облыстарынан табылған заттарға ұқсас болып келеді. Осылайша, археологиялық материалдар Ахеменидтер державасының қиыр солтүстік-шығыстағы иелігіне енген кейінгі сатраптық орнын Сырдария арнасындағы жартылай отырықшы көшпенділер жерінен алдын-ала анықтауға мүмкіндік беріп отыр.

Жаңадариядағы монументтік ғимараттар құрылысы мен бекініс қабырғаларын тұрғызу Орта Азия оңтүстік аудандарынан әкелінген шеберлер мен қолөнершілер көмегі арқылы жүзеге асқан сияқты. Бұл керамикалық материалдар бойынша да анық байқалады.

Сырдарияның төменгі ағысындағы шірік-рабат мәдениетінің монументтік құрылыстары мен бекіністі қоныстарына алдыңғы кездегі сақ тайпаларының тұрақты және уақытша қоныстары негізін құрушы болды, оларда шикі кірпіш құрылыстарының іздері жоқ. Шірік-рабат мәдениетінің күрделі әрі алуан түрлі жерлеу ескерткіштерінен де жергілікті дәстүр мен сыртқы әсер байқалып қалады. Олардың барлығы екі топқа бөлінеді: топырақ қабірлер мен жер үсті кесенелері. Дегенмен екі топқа жататын белгілі ескерткіштер арасынан зерттелгендері әлі де аз болып отыр.

Баланды-1 – жоспары тікбұрышты бекініс (80x130 м), ол кейбір жерлерінде биіктігі 3 м-ге дейін жететін шикі кірпіш қабырғамен қоршалған. Бұрыштары мен ұзын қабырғаларын бойында оқ атуға арналған орындары бар жартылай дөңгелек мұнаралар тұрғызылған. Бекініске кіретін есік солтүстік-батыс қабырғада болған секілді. Ескерткіште шағын барлау қазбалары жүргізілген, алынған нәтижелер Баланды-1 «үлкен бекіністі үй» деп қорытындылауға мүмкіндік берді, оның кешенінде түрлі-түсті сылақпен әшекейленген салтанат залдары анықталған.

Керамикалық материалдарына қарағанда ескерткіш шірік-рабат мәдениетінің екінші кезеңіне жатады.

Шірік-Рабат қаласында орналасқан үлкен обалардың бірі толығымен қазылған. Оның үйіндісінің (диаметрі 60 м, биіктігі 3,5 м) астындағы материктік топырақтан үлкен, шаршы секілді (7,5x7,2 м, тереңдігі 2,5 м) жерлеу камерасы табылған, оның оңтүстік жағындағы дәліз-дромосы ұзын (16,5 м) әрі тар (0,9 м). Алты тік текпішектер арқылы түсетін дромос түбі камера түбінен 0,5 м биік. Құрылыстың барлық қабырғалары балшықпен жұқа етіп сыланып, әктелген. Дромос пен жерлеу камерасы алты қабат қамыс төсенішпен жабылған. Оба ежелгі заманда-ақ тоналғандықтан, адам сүйегі сақталмаған. Құрал-саймандар арасынан сақталғандары – екі құмыраның бөлшектері, алтыннан жасалған кішкентай бір бұйым, ұңғылы үш қанатты қола жебе ұшы мен жүзі енді, сабы жалпақ (сірә, көбелек айқыштамалы (балдақты) және ұштығы сопақша) темір семсер (ұзындығы 85 см).

Обалардағы қатардағы қабірлер қоныстың сыртында орналасса керек, алайда олардың топырақ үйінділері сақталмаған. Бұған сірә, Баланды-4 қорымынан қазылған қабір айғақ бола алады. Қабірдің өзі қатты шайылып кеткен. Қабір шұңқырының 40 см-дегі тек төменгі бөлігі ғана сақталған, ол сопақша келген (5,3x3,8 м), оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созылып жатыр. Қабір шұңқырының оңтүстік қабырғаынан текпішек іздері сақталған, ол сірә дромостың текпішектері болған. Шұңқырдан бастары оңтүстік-шығысқа бағытталған жеті мүрде табылған. Барлығы аяқ-қолдары созыла шалқасынан жатқызылған, тек бір мүрденің ғана аяқтары ромб түрінде кездескен. Қабір құрал-саймандары 11 қыш ыдыстан, темір қанжардан, қоладан жасалған ұңғылы үш қалақты жебе ұштарынан, спираль тәрізді қола сақинадан, шыны моншақтар мен алқадан тұрады. 11 ыдыстың тек екеуі ғана шарықта дайындалған.

Тағы бір топырақ қабатынан жасалған қабір құрылысы Бәбіш-Молда-2 ескерткішінен солтүстікке қарай 800 м-ден қазылған. Ол, шағын табиғи төбешікке (қазіргі тақыр деңгейінен 2,7 м биік) орналасқан, жоспары шаршы түріндегі алаңқай (5,5x5,5 м), шеттері текпішек секілді. Алаңқай бұрыштары әлемнің төрт тарапына бағытталған.

Жоғарғы текпішектерден (ені 70-75 см) алаңқай бұрыштары жанынан және орта тұсынан сақталып қалған алты ірі көзе тәрізді ыдыстар шыққан, олар ашық отқа күйдірілген, ішінде жас балалардың сүйектері болған. Екінші текпішектен шұңқырға жерленген үш мүрденің қалдықтары анықталған. Алаңқайдан 1,5 м солтүстік-батыста жатқан бірінші қабірге ересек адам жерленген, оның басы оңтүстік-батысқа қаратылып, аяқ-қолдары бүгіліп қойылған. Ал алаңқайдан 70-75 см жатқан екі қабірдің бірі ересек адамға, екіншісі жасөспірім балаға тиесілі. Екі мүрде де арқасымен жатқызылған, бірінің басы солтүстік-батысқа, келесісінің басы оңтүстік-шығысқа бағытталған. Жас жеткіншектің бас жағынан қызыл балшықтан дайындалған құмыра секілді қыш ыдыс алынған. Орды аршыған кезде екі ұңғылы үш қалақты қола жебе ұштары, тастан дайындалған заттың бөлшектері шыққан.

Шірік-рабат мәдениетінің екінші топтағы қабірлері жер бетіне тұрғызылған кесенелер болып табылады. Мұндай құрылыстардың

жиырмадан астамы белгілі. Олар бір-бірінен және қоныстарды 0,5-10 км қашықтықта орналасқан.

Сыртқы түріне қарап, оларды екі түрге бөлуге болады: жоспары – шаршы және дөңгелек.

Бәбіш-Молда-2 құрылысы өлшемдері 21x21 м, биіктігі 7 м-ге жететін монументтік қабір ғимараты болып табылады. Негізіндегі цоколь (30x30 м, биіктігі 3,5 м) алты қатар пахса блоктарынан тұрады. Ғимараттың жоспары симметриялы – жалғасқан екі күмбезді дәліз күмбезделіп жабылған жерлеу камерасының бұрыштарын шектейді. Дәліздің бүйірінде айуан (айван) түріндегі бөлмелер орналасқан, олар аркалы өтетін дәліздермен жалғасқан және өз кезегінде айналмалы дәлізге қарай ашылады, ал оның іздері ескерткіштің солтүстік беткейінен табылған. Бөлменің қабырғалары алебастрмен сыланған. «Мүрдені шығарып қою салты» еденде немесе сыпада жүзеге асқан, бәлкім қабір зембілдері мен тақтайша үстелдерге де атқарылған болар. Қайтыс болған адамдардың жанына құрал-саймандар молынан қойылған. Тіпті тоналғаннан кейін де алтын тоғалар, сырғалар, моншақтар (алтыннан және асыл тастардан дайындалған) қалған. Кесенеден табылған керамикалық кешендердің қаладан және оның екінші (ішінара бірінші де) құрылыс кезеңінен шыққан қыш ыдыстарға ұқсастығы аңғарылады. Кесене керамикаларының арасынан балшықтан дайындалған оссуарийдің немесе білік жапсырылған табыттың бірнеше бөлшектері де кездескен.

Дөңгелек қабір құрылыстарының ішіндегі ең ерте кезге жататыны Шірік-Рабат қаласының оңтүстік-шығыс бөлігіндегі ғимарат (диаметрі 38,5 м, сақталған биіктігі 8,5 м) болып табылады. Оның ішкі кеңістігі ортасында кесіп өтетін екі қабырғасы (қалыңдығы 3 м) бар төрт шаршы (әрқайсысы 5,9x5,9 м) бөлікке бөлінген. Солтүстік бөлмелері дараланғанымен, оңтүстік дәліз арқылы жалғасқан. Оңтүстік-шығыс бөлмеге оңтүстік жақтан кіретін 10 метрлік дәліз жалғасқан. Қалың сыртқы қабырғадан 7,25 м биіктіктен жоспары шаршы түрінде кішкене дәліз (ені 0,5 м) өткен, оның әрбір жағынан екі тікбұрышты ұңғыма (4x1,3 м) арқылы шағын камераларға өтетін тарлау орын жасалған. Ғимараттың астынан шағын цоколь соғылған, бөлме едендеріне кірпіш қаландысы төселген, ал кіретін тар дәлізге пандус істелінген. Қабырғаны бойлай кең әрі биік сыпалар созылып орналасқан, оларға қайтыс болған адамдардың денесі мен құрал-саймандар қойылған. Одан кейін мүрдені өртеу ғұрпы жүзеге асырылған.

Жоспары дөңгелек кесенелердің (диаметрі 15-20 м) басым бөлігі пахса блоктары мен тік бұрышты шикі кірпіштерден (негізгі стандарты 50x30x12 см) тұрғызылған, және де қазіргі жер бетінен 3-5,5 м биіктігін сақтап қалған.

Кесенелерді зерттеу, олардың басым бөлігінің ішінен қайта-қайта құрылыс жасалғандығын көрсетіп берді, олардың барлығы бірнеше рет өлікті жерлеу үшін пайдаланылды, сондай-ақ бір кесененің өзінде кремация да жасалды, ағаш табыттарға, зембілдерге мүрдені қойып жерлеу де жүзеге асқан болатын.

Жоспары дөңгелек қабір құрылыстарының арасынан күмбезді Баланды-2 кесенесі (диаметрі 16 м, сақталған биіктігі 4,5 м) де айрықша көзге түседі.

Оған кіретін есік ғимараттың оңтүстік бөлігінде орналасты және ол аркамен жабылған портал түрінде болды. Орталық дөңгелек бөлме (диаметрі 5,5 м) жалған күмбезбен жабылған. Ғимарат сырты үш бұрыш «күректермен» өңделген. Кесене ілкі замандарда тоналған, сондықтан да тек қабір құрал-саймандарының тек қалдықтары, соның ішінде керамикалық кешендер мен ағаш табыт пен зембілдердің бөлшектері ғана сақталған.

Шірік-рабат мәдениетінің кесенелерін зерттеу, олардың арасындағы ең ерте кезеңге жататындары алғашқыда өртелген айналмалы дәліздері барлары деп санауға мүмкіндік береді.

Шірік-рабат мәдениетінің жалпы мерзімі б.з.б. IV-II ғасырларды қамтиды.

Сармат мәдениетінің (әсіресе аумағы жағынан жақын жатқан Оңтүстік Орал маңындағы ескерткіштерді алып қарастырғанда) материалдарындағы қару-жарақтардың ұқсастықтарына қарағанда, шірік-рабат мәдениеті б.з.б. V-IV ғасырлар шебінде басталуы да ықтимал.

Шірік-рабат мәдениетіне жататын археологиялық нысандардан сан алуан керамика алынып, зерттелінген. Олар: көзе, қазандық, тостаған, табақша, т.б. Цилиндрлі су ағары бар көзелерді де ерекше айта кетуге болады. Қазандық секілді ыдыстар басқаларына қарағанда өте сирек ұшырасады. Қыш ыдыстардың кең таралғандарының бірі жұмыртқа тәріздес көзелер еді. Жапсырылып істелінген ыдыстардың бір бөлігі ою-өрнекпен сәнделінген. Қызыл және қызыл-қоңыр ангоб жағу да кеңінен орын алған. Шірік-рабат мәдениетіне тән қыш ыдыстардың бір бөлігі Орта Азия аудандарындағы (Ежелгі Парфия, Соғды) керамикалармен де үндеседі. Бұл ұқсастық көне байланыстардың түбі кейінгі ахеменидтер кезеңінде бір орталықтан (бәлкім, Парфия немесе Бактрия аумағанан) таралғандығын да аңғартатын сияқты.

Табылған қару-жарақтар өте аз, себебі қатардағы кесенелерде олар тіптен жоқ, ал бай кесенелер өз заманында-ақ тоналып кеткен. Әйтсе де ең көп ұшырасатындары – жебе ұштары. Әсіресе төлкесі шығыңқы және жасырынған үш қалақты және үш қырлы жебелер көп кездеседі.

Шірік-Рабат қаласындағы обадан табылған жалғыз семсер б.з.б. V-IV ғасырлармен мерзімделген.

Сақталуы нашар бір қанжар пластиналы темір сауыт бөлшектерімен бірге Шірік-Рабаттағы дөңгелек қабір ғимаратынан табылған.

Ат әбзелдерінен тек бір бүтін екі тесікті мүйіз сулық қана ұшырасқан.

Бәбіш-Молда-2, Шірік-3 кесенелерінен, Шірік-Рабаттың дөңгелек және шаршы пішінді кесенелерінен әшекей бұйымдары көптеп табылған. Бұл ескерткіштерден алтыннан, күмістен және қоладан жасалған тоғалар, сырғалар, алқалар, сақиналар, қоңыраулар мен ахемендік халцедон мөрі аршып алынған. Әсіресе шыныдан, алтыннан, тастан (яшма, гагат, сердолик, янтарь, ляпис-лазурь, халцедон) дайындалған моншақтар сан алуандығымен ерекшелінеді.

Сән үшін бояу жағатын заттар кешені (сүйектен және қоладан жасалған қасықтар, шағын ыдыстар, т.б.) де табылған. Өрнектелген сүйек пластиналар

да ұшырасады. Піл сүйегінен дайындалған ойықшалардың бірінде көк паста болған. Сүйектен дайындалған бөлшектер сәндік сандықшалар қабырғасын әшекейлеп тұрған.

Шірік-рабат мәдениетін қалдырған тұрғындырды жазба дереккөздері бойынша белгілі бір тайпамен немесе халықпен етене жақындастырудың маңызы ескерткіштердің тек географиялық орналасуынан ғана емес, сонымен бірге оларды зерделеу негізіндегі бірқатар пайымдаулардың жасалуынан да туындайды. Біріншіден, шірік-рабат археологиялық кешенінің Сырдария төменгі ағысындағы (Ұйғарак, Оңтүстік Түгіскен) сақтар мәдениетінен бастау алуы, кем дегенде, б.з.б. VІІ ғасырдан б.з.б. II ғасырға дейін осы аумақтағы тұрғындардың этникалық біртұтастығын жорамалдауға жетелейді. Екіншіден, шірік-рабат мәдениетінің кешендерін дай (дах) тайпаларымен немесе С.П.Толстов пікірінше, апасиактармен байланыстыруға ұсыныс жасауға толық негіз бар.

Отырар-Қаратау мәдениетінің ескерткіштері

Отырар-Қаратау мәдениетінің қоныстары мен қорымдары Қаратаудың оңтүстік және солтүстік тарамдары аудандарында, Арыс пен Бөген өзендерінің аңғарларында, Сырдарияның орта ағысында орналасқан, солтүстікте Қаратаудың солтүстік-шығыс тарамдарынан оңтүстікте Изақұдық құмдарына дейін таралған.

Бұл аудандардағы археологиялық зерттеулер тарихы 1867 жылғы П.И.Лерхтің осында келуінен басталады. Мұнда келген ол түрлі тарихи дәуірлерді қамтитын бірнеше ескерткіштерді сол кезде анықтаған болатын.

XX ғасырдың 40-жылдарынан бастап күні бүгінге дейін зерттеулер өз жалғасын тауып келеді. Осы аралықта мұнда түрлі археологиялық экспедициялар жұмыс істеді, әлі күнге дейін ғылыми ізденістер өз жалғасын табуда. Далалық зерттеулермен шұғылданған археологиялық экспедициялар мен отрядтарды А.Н.Бернштам, Е.И.Агеева, Г.И.Пацевич, К.А.Ақышев, К.М.Байпақов, Л.Б.Ерзакович, Л.М.Левина, Е.А.Смағұлов, Н.П. және А.Н.Подушкиндер, А.Н.Грищенко, Б.А.Байтанаевтар басқарды.

«Отырар-қаратау мәдениеті» атауын алғаш рет Л.М.Левина кезінде А.Н.Бернштам «Отырар-қауыншы» деп атаған мәдениетті бөліп көрсету үшін қолданды.

Қыш ыдыстарды зерттеу негізінде Л.М.Левина мәдениет хронологиясын нақтылады. Оның бірінші кезеңі б.з.б. I ғасыр мен б.з. III-IV ғасырларына жатады.

Қазір өңірді көп жылдар бойы зерттегеннен кейін отырар-қаратау мәдениетінің таралған аумағынан бірнеше ірі орталықтарды бөліп көрсетуге болады. Ең алдымен, бұл мәдениетке атау берген Отырар жазирасы (оазисі), өз кезегінде одан ескерткіштердің бірнеше тобы бөлініп отыр.

Олардың бір бөлігіне Отырар қаласы мен одан 15 км радиуста орналасқан қалалар мен қоныстар кіреді. Бұлар көптеген ғасырлар бойы тіршілік жалғасып жатқан ірі қалалар: Отырартөбе (бірінші ғасырдан XVIII ғасырға

дейін), Пышақшытөбе (бірінші ғасырдан XII ғасырға дейін), Құйрықтөбе (бірінші ғасырдан XIV ғасырға дейін), Алтынтөбе (бірінші ғасырдан XII ғасырға дейін), Мардан-Күйік (бірінші ғасырдан XV ғасырға дейін), Жалпақтөбе (бірінші ғасырдан XII ғасырға дейін). Осындағы 250 шаршы км шамасындағы ауданда түрлі көлемдегі төбе түріндегі ондаған қоныстар орналасқан, олардың арасынан Қаламтөбе, Ақтөбе тобы, Шөлтөбе, Қараұншықтөбе, Шошақтөбе, Ботайтөбе, Қайнартөбе, Мәслихат және де Талтақай-1-2, Қоңыртөбе қорымдары ерекше көзге түседі.

Келесі бір орталығы Көк-Мардан қаласы болған шағын жазира (микрооазис) Арыс өзенінің сол жағалауында орналасқан. Мұнда Арыс өзенінің көне сағаларында және Арыстың өзінде ұзындығы 15 км және ені 5 км 45 шаршы км ауданда Пұшық-Мардан, Солтүстік Қостөбе, оңтүстік Қостөбе, Сейітмантөбе, Шөлтөбе, Шаштөбе, Ахайтөбе, Тостағантөбе және басқа қалалар мен қоныстар орналасқан.

Көк-Марадан қаласының жанында жеке тұрған төбешік түріндегі бірнеше некропольдар бар және олар канал маңында да кездеседі.

Бөген өзенінің төменгі ағысында орталығы Бозұқтөбе қаласы саналатын шағын жазира бар және де қаладан 5-7 км радиуста, 40 шаршы км ауданда Бозұқ, Ақтөбе, Кішітөбе қоныстары орналасқан.

Солтүстік жағалаудағы шағын жазира орталығы Оқсыз қаласы болып табылады.

Түркістан жазирасында Иқан, Дөдвен, Қарашық-1, Сидак, Қаратөбе, Сырдарияның сол жағалауында Мейрамтөбе, Абызтөбе, Келінтөбе секілді орталық-қалалары бар бірнеше шағын жазиралар ерекшелінеді.

Қаратаудың оңтүстік беткейлеріндегі әдетте жазыққа шығар жердегі тау өзендерінің бойында ондаған қоныстар арасынан Қайырхантөбе, Шаштөбені атап кетуге болады.

Жаңақорған жазирасында, Сырдарияның оң жағалауында Ордакент қаласы, Сығанақ жазирасында Сығанақ қаласы орталық болды. Қаратаудың солтүстік беткейлерінде Созақ, Баба-Ата, Құмкент орталық-қалалары болған ондаған қалалар мен қоныстар орналасқан. Бұл жердегі Баба-Ата Ақтөбесі, Тарсатөбе, Алтынтөбе, Шаян Ақтөбесі секілді қоныстар белгілі. Талас өзенінің төменгі ағысында Шаруашлық пен Тектұрмас қалалары, ал орта ағысында Тараз қаласы орталық болды. Арыс өзенінің орта ағысында Жуантөбе, Қараспантөбе, Шортөбе қалалары, Бадам өзені бойында Күлтөбе, Қостөбе, Төлебейтөбе қоныстары ірі орталыққа айналған еді. Мұндағы Бөріжар, Қараспан, Күлтөбе қорымдары да тарихнамада кеңінен танымал.

Арыстың жоғарғы жағы мен салаларында Ұзынтөбе, Жартытөбе, Төрткүлтөбе қалалары мен қоныстары орналасқан. Талас жотасының тау алды аймағында көптеген қалалар, қоныстар мен қорымдар бар. Олардың арасындағы Шымкент және Сайрам қалалары ең ірілері.

Аталмыш мәдениеттің қоныстары өзен жағалауларында орналасты және жанында қорымдары болды. Олардың ең ерте кезіне Ақтоған, Абызтөбе, ішінара Сырдариядағы Ордакент, Қаратаудың солтүстік беткейлеріндегі Ақтөбе қоныстарын жатқызуға болады. Соңғы аталған қоныс жанындағы

қорымнан қауыншы және жетіасар мәдениеттерінен өзгеше жерлеу құрылысы анықталған. Қауыншы мәдениетіне тән катакомбалы жерлеу бұл ауданнан табылмаған.

Отырар, Түркістан жазираларынан қолдан жасалған платформалар мен наустарға жерлеу орын алғандығы анықталған.

Арыстың орта ағысындағы обалардан катакомбалы жерлеу мен наустарға мүрдені орналастыру ғұрпы анықталып, зерттелген.

Өзеннің жоғарғы ағысынан, Бадам өзенінің аңғарынан сары топырақты үйінді астындағы қабірлер зерттелінген.

Қыш ыдыстар тобынан түбі жалпақ және аузы кең, корпусы аздап шығыңқы, көлбеу (құламалы) иық тұсы біртіндеп аса биік емес мойнына жалғасқан банка тәрізді пішіндегілері анықталған. Ыдыстың шет жағына тігінен екі ілгек тәрізді ұстағыш бекітілген. Мұндай пішіндегі ыдыстар қауыншы мәдениетінде көптеп кездеседі. Айналып тұрған тұғыр көмегімен қолдан жасалған қызыл саз балшықты қыш ыдыстары басым, ал сырты ақ, қызыл-қоңыр түспен көмкерілген станокта жасалғандары сирек кездеседі. Хумдардың иық тұсы көлбеу келген, қысқа мойнынан бірден кертпе, кейде білік арқылы қайырылған. Ернеуі кесігі бойынша үш бұрыш немесе сопақша келген. Бұл ыдыстар жоғарғы бөлігіндегі пішіні бойынша кангюй уақытына жататын хорезмдік ыдыстарға ұқсас.

Ірі қыш құмыра секілді ыдыстар кесігінде кішкентай үш бұрышты немесе дөңгелек келген ернеуі бар, мойны кең әрі аласа, иық тұсы бірден көлбеу түскен, денесі дөңгелек. Ыдыс шетінің жоғарғы жағына ілгек тәрізді ұстағыш үнемі жапсырылып отырған. Бұған сәйкес келетін ыдыстардың жоғарғы жағы жалпақ толқынды кесінділер қатарымен өрнектелген.

Қыш құмыралар тұрпатына (пішініне) келер болсақ, кесінді ернеуі шағын үш бұрыш немесе дөңгелек келген ауызы кең ыдыстарды бөліп көрсетуге болады. Көбісінің мойны ұзын, олардың ортаңғы тұсынан көлденеңінен білік өтеді. Жетіасар мәдениетіне тән шетінде бір немесе екі су құяры (шүмегі) бар ыдыстар да ұшырасады. Қыш құмыралардың бір бөлігінің иығы мойын тұсынан бірден алыстатылып жапсарластырылған.

Табақтар мен тостағандар ашық, аса биік емес, тұрпаты жартылай сфера түрінде, шеті қарапайым етіп жасалған немесе бөліп көрсетілген білік түсірілген, олар көбіне қызғыш ангобпен көмкерілген және жалтыратылған, сондай-ақ жетіасар мәдениетінің материалдарына ұқсас болып келеді. Қызыл ангобпен көмкеріліп жалтыратылған тік келген немесе ауыз шығатын тесігіне қарай қабырғасы жұқа саптыақтар да ұшырасады. Иығы мен денесі көлденеңінен кедір-бұдырланған ыдыстардың (әдетте өте үлкен) саны өте көп. Жоғарыда қарастырылған бұл кешен біздің заманымыздың шегімен немесе б.з.б. I ғасыр мен б.з. III-IV ғасырларымен мерзімделінеді.

Б.з. I-мыңжылдық орта тұсымен (V-VI ғасырлар) мерзімделінетін келесі кезеңге қоныстардың көп бөлігі жатады. Бұл кезеңдегі бірінші топ керамикасында қазандық тәрізді ыдыстардан басқа түбі тегіс, тігінен қойылған ілгек секілді екі ұстағышты, ойық пен шұңқыры сабынның жоғары жағында орналасқан банка тәрізді саптыаяқтар кездесе бастайды. «Ас үйлік»

ыдыстардың шеті мен денесіне білік, таяқшамен бөлу немесе қолмен басылып толқын тәрізді ою-өрнек түсірілген, конус секілді жапсырма-томпақша жапсырылған. Бұл кезеңнің ескерткіштерінен өгіз басы секілді тұғырлар (тығырық) да кездескен, олар қауыншы мәдениетіне тән болып келеді.

Екінші топтағы хум, ірі ыдыстарға шаршы сипатындағы ернеулердің орын алуы тән. Қыш құмыралар денесі кәдуілгі алмұрт секілді еді, олардың мойыны кең, көлденеңінен ілгек секілді ұстағышы болды, ұстағыштың бас жағы мен арқа тұсын бойлай ойықтар мен шұңқыршалар түсірілді. Кейбір қыш құмыра ернеуі ауыз қуысы секілді жасалды, оның сыртында шағын білік болды, көпшілігінің мойын тұсы көлденеңінен түсірілген кедір-бұдырлармен сәнделді, кейбірі цилиндр секілді, кейде аздап қысылған тұмсық сияқты, басқаларының су ағары ыдыс шетінде орналасты. Мұндай ыдыстар қызыл-қоңыр және қара жұғынды мен аққан ізді ою-өрнектермен ғана емес, сонымен қатар кесіп өткен ирек сызықтармен де сәнделді. Ауыз қуысты жұмыр білікті қыш құмыралардың көпшілігі қызыл-қоңыр ангобпен көмкеріліп, жалтыратылған.

Саптыаяқтардың денесі сопақша келген, оның ілгек тәрізді тігінен жапсырылған ұстағышы болды, ұстағаштың жоғарғы бөлігіне қойдың қайырылған мүйізі секілді жапсырма немесе схемалы түрде қойдың басын бейнелейтін кертпеш орнатылды. Бұлар қауыншы мәдениетіне тән еді.

Үшінші кезеңге (VI-VIII ғасырлар) Мардан-Күйік, Құйрықтөбе, Бәйгеқұм Ақтөбесі қалаларының мәдени қабатын, Баба-Ата қаласының төменгі қабатын, Бөріжар сияқты қорымдарды жатқызуға болады. Бұл кезеңдегі бірінші топ керамикасына бөліп тұрған кертпе немесе саусақпен жұлған секілді жапсырма біліктің кеңінен қолданылуы тән. Бұл білік ернеудің төменгі бөлігіне түсірілген, кейде мойын тұсына орналасқан, ал денесіне орналасу өте сирек ұшырасады. Кейбір ыдыстардың ернеуі керткі, ойық пен симметриялы орналасқан жапсырмамен өрнектелген үш бұрыш немесе шаршы тәрізді жұмыр болып келеді. Жалпақ және конус пішінді кескінді ою-өрнегі бар қақпақтар да кеңінен таралды.

Екінші топтағы ыдыстар арасында қызыл-қоңыр және қара аққан із бен жұғынды керамикалар бұрынғысындай кездесе береді.

Хумдардың көпшілігінде кейде саусақпен ұзынынан басып өрнек түсірілген шаршы түрінде кесілген ернеулер ұшырасады. Қыш құмыралар тұрпатында алдыңғы уақыттағы ыдыстар пішіні (жұмыртқа тәрізді және ұзынша-сопақша денелі, биік және кең ауызды, су құйылатын жері бар) сақталынды. Мойыны тар, су құятын шеті ұзын келген ыдыстар да кездеседі. Ауыз қуысы тәрізді ернеулі қыш құмыралар да өте көп. Иығы мен денесін түгелдей кедір-бұдыр жауып тұрған ыдыстар да табылған.

Алғашқы ғасырдан бастап VIII ғасырға дейін қарастырылған қыш құмыралар кешені Ташкент жазирасындағы қауыншы мәдениетімен және аздап Төменгі Сырдариядағы жетіасар мәдениетімен тығыз байланысты. Сонымен қатар бұл аудандағы керамикада өзіндік ерекшеліктер де болған. Мәселен, мойнының астына білік түсірілген хумдар, мойын тұсына

көлденеңінен білік түсірілген қыш құмыралар, кедір-бұдырлардың сан алуан түрлі және көлемі әрқилы құмыра денелеріне түсірілуінің кеңінен таралуы, т.б.

Қалалар мен қоныстар салу, баспаналар сипаты, қоғамдық құрылыстар. Көк-Мардан, Оңтүстік Қостөбе, Мардан-Күйік қалаларында жүргізілген қазба жұмыстары қала топографиясын білуге мүкіндік беріп қана қоймайды, сонымен бірге тұрғындардың белгілі бір шаруашылық түріне мамандануын анықтауға, демографиялық аспектілерді, қоғам құрылымындағы әлеуметтік мәселелерді шешуге жол ашады. Қалалар мен қоныстардан алынған материалдар қоғам мүшелерінің тыныс-тіршілігінен молынан хабар береді.

Махалла (квартал) құрылыстардың негізгі бірлігі болды. Қалалардың махаллаға бөлінуі заңдылық еді. Ол қоғамдағы адамдар тобының туыстық қатынасына, белгілі бір кәсіпке мамандануына, діни сеніміне қатысты қалыптасты. Махаллалардың шығу уақытын мамандар ғасырлар қойнауынан іздестіреді.

Ерте ортағасырлық қалалардың қалыптасуы б.з. I-мыңжылдық орта тұсына сай келеді. Махаллалардың қалыптасуы да осы уақытқа жатқызуға болады, алайда олардың қалыптасуы одан мейлінше ерте кездері орын алғандығы белгілі. Бұл кезең Орта Азия мен Қазақстан халықтары үшін күрделі бетбұрыс болды: патриархалды отбасы қауымының орнына шағын отбасы келді. Ол меншік формаларының дамуы (қауымдық-рулықтан жеке меншікке көшу) мен шаруашылықтың даму сипатына (натуралды шаруашылықтан тауар-ақша қатынасына өту) тікелей байланысты болды. Әлбетте, бұл үрдіс отырықшы халық арасында да, көшпелілер ортасында да біркелкі болған жоқ, сондай-ақ шағын отбасылармен қатар патриархалды отбасы қауымдары да сақталған еді. Аға ұрпақ әке мен шешеден тұрды, олармен бірге үйленген барлық ұлдар өмір сүрді. Көшпелілер мен жартылай көшпелілерде шағын отбасымен бірге экономикалық және аумақтық бірлігі бар мейлінше кең әлеуметтік бірлестік орын алды. Мал мен өнім өндіру құралдары әрбір отбасыда иелігінде мұрагерлік жолмен қалып отырды.

Көк-Мардан махаллаларының тұрғындары белгілі бір туыстық-отбасы топтарына жатса керек. Махаллада туыстық қатынастағы жекелеген отбасыларға тиесілі 4-тен 6-ға дейін үйлер болды. Олардың бәрі қалалық ортадан махалланы жоспарлау арқасында оқшаулануға ұмтылған сияқты.

Әрбір отбасылық-туыстық топтың діни ғұрыптар атқаратын орны, өз зираты болса керек. Расын айтқанда, Оңтүстік Қазақстаннан әзірге тек бір махалладан ғана ғұрыптық құрылыс анықталған, ол Көк-Мардан қаласынан табылған. Басқа қалалар мен қоныстардан бұл мақсатқа махалладағы бір үй пайдалануы ықтимал. Бұл пайымдау тағы да Көк-Мардан материалдарына негізделген, себебі одан үй ғибадатханасы анықталған, ол махалла ғибадатханасы рөлін де атқарған сияқты.

Көк-Мардан некрополи қабір шұңқыры бар көлемі орта есеппен 10x10м, биіктігі 2 м-ге дейін жететін саз балшықты платформа сияқты жекелеген құрылыстардан тұрады. Әрбір құрылыста орталық қабір көзге түседі, жас

балалардың қабірлері платформаға қарай шоғырланған. Сол себептен де мұндай кез келген құрылысты махалла қауымының зираты деп анықтауға болады.

Оңтүстік Қазақстан қалалары мен қоныстарынан алынған қазба материалдары тек кедей немесе тек бай махаллалардың болғандығын көрсетпейді. Сонымен бірге жекелеген үй иеліктері ауданындағы өзгешеліктер, табылған олжалар сипаты бір махаллада мүліктік жағдайы әркелкі дербес отбасылардың болғандығы туралы сөз қозғауға мүмкіндік береді.

Таксономия, жоспарлау, еден жайы (жер бетіне немесе жерден төмен), жабын сипаты, ошақтың орналасуы мен құрылысы секілді маңызды принциптердің қолданылғандығын баспаналардың типологиясы да нақтылайды. Анықтайтын негізгі белгілердің бірі үйді жоспарлау болып табылады, сол себепті де баспаналар эволюциясында ең алдымен үйдің бастапқы өзегін нақтылап, одан түрлі жолдар (сегментация, қосылу) арқылы белгілі бір баспана кешендерінің қалыптасуын айқындау қажет. Бұл ретте баспана сипаты әлеуметтік, экономикалық және экологиялық факторлар бойынша анықталды. Архитектуралық шешім мен құрылыс техникасына этникалық өзгешелікке барып тірелетін мәдени дәстүршілдік ықпал етуі мүмкін.

Үйлердің үш түрі көзге айқын түседі.

Бір бөлмелі жер бетіне салынған үй жоспары бойынша шаршы немесе тік бұрышты болып келеді. Жоспары, жиһаз-мүлкі осындай жерге аздап кіріп тұрған үйлер де оған ұқсас. Ошақтар ашық түрде, олар тікбұрышты немесе артқы бөлігі дөңгеленген, бұл күлді алу үшін қолайлы.

Каминдер, немесе «қабырға ошақтар» қабырғаға ойып жасалған әркелкі көлемдегі сфера түріндегі ойықтардан тұрады. Еден бетіндегі ошақтар мен каминдердің функционалдық мәні біркелкі емес: алғашқылары үйді жылыту және тамақ жасау үшін қолданылды, екіншілері нан пісіруге пайдаланылды. Хумдар, артық өнімдерді сақтауға арналған ыдыстар үйдің бұрышы мен сыпаларда (суфа) орналасты. Сақтау үшін олардан басқа күйдірілмеген саз балшықтан жасалған бөшке тәрізді және дәл осындай шикі балшықтан жапсырылып жасалған астау секілді ыдыстар пайдаланылды.

Үй иеліктерінің ауданы өзгеріп тұрады: үлкендері – 35-тен 45 шаршы м-ге дейін, кішілері 12-ден 20 шаршы м-ге шейін. Ауданы 20-35 шаршы м үйлер бәрінен көп (85%). Үйдің көлемі жабын (шатыр) сипатына да әсерін тигізді. Үлкен үйлердің жабынына төрт бағана-тіреу қойылды. Орташа үйлерде тіреуіш ретінде бір бағана-тіреу қолданылды, оған ұзынынан бір немесе айкастырылған екі бөрене тіреліп тұрды. Кішкентай үйлер жабынын тек қабырға ғана көтеріп тұрса керек.

Екі бөлмелі үйдегі екінші бөлме сегментация арқылы бастапқы шаруашылық-тұрғынжайдан іргелі қабырғамен бөлінген. Үйдегі қоймалардың орналасуы жатын бөлмеге қарағанда әр түрлі: үйдің ішкі жағында, алдында (анфиладты жоспар) және бүйірінде. Қоймалар ауданы 8

шаршы метрден аспайды. Мұндай үйлер Көк-Мардан, Мардан-Күйік қалаларынан аршылған.

Көп бөлмелі үйлер үштен беске дейінгі бөлмелерден тұрады, олардың бірі сыпасы екі немесе үш қабырғаны бойлай орналасқан жатын бөлме. Едендегі ошақ дөңгелек немесе тік бұрышты алаңқай секілді, оның жанындағы камин, шаруашылық бөлік жататын жайдың негізгі бөлшектері болып табылады. Қоймаларда хумдар, саз балшықтан жасалған үлкен ыдыстар тұрды. Оған Қостөбе, Пұшық-Мардан қалаларындағы құрылыстар үлгі бола алады.

Баспаналардың барлық аталған типтері I-мыңжылдық соңынан бастап Оңтүстік Қазақстан қалалары мен қоныстарында дәстүрлі түрде сақталды. Олар Алтын-Асар (Сырдарияның төменгі ағысы), және де көрші өңірлердегі, мысалы VII-VIII ғасырларға жататын Гардани-Хисор қоныстарындағы қазбаларға өте ұқсас болып келеді. Гардани-Хисордағы бір, екі, үш бөлмелі үйлерде II тәрізді сыпалар, дән сақтайтын ыдыстар болды. Егер бір бөлмелі үйлерді шаруашылық және жататын жайға бөлу онша байқала қоймаса, екі бөлмелі үйлердің біреуі қойма қамбадан тұрғандығы анық. Баспаналарды өзара жақындастыратын тағы бір бөлшектің бірі – үйді жылыту үшін, тамақ дайындау үшін екі-үш ошақтың салынуы болып табылады. Гардан-Хисордағы күмбезді ошақтар (Көк-Марданда каминдер) түбінде саз балшықтан жасалған нан пісіретін тапалар орналасты.

Пенджикент пен Көк-Мардандағы төрт бөлмелі үйлер жоспарында ортақ белгілер бар. Оңтүстік Қазақстандағы баспаналар Балалық-тепе, афригидтік Хорезм, Памир, Зеравшанның жазық бөлігіндегі кешендерге ұқсас.

Қалалардың тұрғын жайларынан ғұрыптық және зайырлы сипаттағы құрылыстар да бірден байқалады. Мәселен, Көк-Мардандағы төрт үйден «ғұрыптық бұрыштар» анықталған, алайда мұндай үйлердің санын сақталуы нашар болғандықтан дәл анықтау мүмкін болмай отыр. Қоныстар мен қалалардан табылған саз балшықтан және алебастрдан жасалған пұттар олжалары ғибадатхана секілді ғұрыптық бөлмелердің болғандығын растайды, мұндай заттар Қайрағаш усадьбасынан да анықталған.

Махаллалық ғибадатхана тек Көк-Мардан қаласынан табылған. Ғибадатхананың тікелей аналогтары жоқ, бірақ оған ұқсас орындар Гуяр-қала қаласындағы залдан анықталған, онда қабырғаға мүйіз түріндегі жапсырмалар орнатылған қуыс жасалынған.

Архар мүйізді әшекейлер, пұттар, керамикадағы зооморфты сюжеттер табыну нысаны болған Топырақ-қала қаласындағы храмның ашылуы Хорезмдік кушан-афригид мәдениетіне қойдың культы кеңінен тараған сырдариялық мәдениеттің ықпалын көрсетеді.

Қоңыртөбе қорымы Отырар жазирасындағы толымды зерттелген ескерткіштердің бірі болып табылады. Ол қаладан батысқа қарай 0,3-0,4 км жерде орналасқан және ауданы 12-13 га телімді алып жатыр. Бұл телімнің оңтүстік бөлігінде жоспары сопақша келген, біршама жайылып кеткен биіктігі 2,5 м, ауданы 35x45 м төбешік орналасқан. Төбешікті аршу барысында бір-біріне тығыз жапсарласа жатқан тоқсан шақты қабір анықталған. Қабірлер төбешіктегі қазіргі жер бетінен 0,4-1,5 м аралықтағы

тереңдікте жатыр. Мүрделер төменгі жағына шикі кірпіш қойылған аса терең емес шұңқырларға, сондай-ақ қарапайым тік бұрышты шұңқырларға жерленген. Мүрделерге ешкім тимеген, олар анатомиялық тәртіп бойынша, мәдени қабатымен бірге жатыр.

Көлемі 0,6-0,75x1,8-2,2 м камераға органикалық төсеніш төселді де, оған мүрде қойылды. Қаңқалар шалқасынан жатыр, қолдары дене қасында, саусақтары жамбас сүйек жанында немесе олардың астында, не болмаса еден бетінде; аяқтары созылған, тізелері кейде айқастырылған; бас сүйегінің беті жоғары қаратылған. Бас жағына, аяқ жағына керамикалық құмыра қойылған, кейде құмыраның аузы саптыаяқпен жабылған. Мүрденің жанына әдетте қойдың алдыңғы аяғы мен жауырына қойылды, бұл Орта Азия бүйірлі-катакомбалы қабірлеріне тән дүние болып табылады. Әйел және ер адамдардың жерлеу инвентары бірден өзгешеленеді. Алдын-ала жасалған антропологиялық зерттеулер табылған жиырма бас сүйектің он бесінде сақиналы деформация болғандығын дәлелдеп берді.

Ер адамдардың қабірлерінен белбеудің темір айылбастары шығады. Олар: тілі жылдам қозғалатын қарапайым дөңгелек айылбастар; өтпелі темір құрсау түрлері; рамасы төрт бұрыш секілді келген темір айылбастар. Бір ретте қаңқадан қоладан жасалған айылбастар мен «ирек тәрізді» жапсырмалары бар екі белбеу шыққан: айылбас жанындағы жапсырмалары белбеудің бөлігін (20-25 см) жауып тұрған. Қола айылбастар басқа да қабірлерден шыққан. Қираған қабірден бірегей бір айылбас табылған, оның дөңгелек рамасы жасыл нефритпен көмкерілген, ал тілі мен жылжымалы қалқаншасы үш жерден қола шегемен бекітілген.

Ер адамдардың қабірінен шағын пышақтардан басқа әйел адамдардың қабірінен де кездесетін темір қанжарлар шығады, ұштығы жоқ жүзінің ұзындығы 30-40 см. Сонымен қатар темірден жасалған үш қалақты сапты жебе ұштары да табылады. Бір рет шіріп кеткен сүйек пластина шыққан, ол садаққа тағылған жапсырма болса керек.

Әйелдердің қабірінен сан алуан моншақтар (тау хрусталі, шыны паста, ақық, маржан, янтарь), графит кесекті сүрметас таяқшалары; ешкі мүсіні секілді қола бойтұмарлар; қола айналар; сүйектен жасалған, басына мүсін салынған шашқа тағатын түйреуіштер аршып алынған. Мүрделердің бағытталуы да өзгеше. Әйел адамдардың қаңқаларындағы бас сүйектер көбіне оңтүстік – оңтүстік-шығысқа, ал ер адамдар басы әдетте солтүстік – солтүстік-шығысқа қарай бағытталған.

Ересек адамдар қабіріндегі тұрақты жерлеу ғұрпынан бір-екі өзгешелік байқалады: бірқатар қабірлерде мүрде бүйірімен жатқызылған, ал екі жағдайда хумға салынған.

Бірқатар қабірлерден қаңқа айналасын қоршап тұрған шикі кірпіш іздері байқалмаған. Сүйек қаңқа оң немесе сол жақ бүйірімен жатқызылған, қолдары көкірек тұсында бүгілген, аяқтары да түрлі деңгейде бүгіле түскен. Ал бұл қабірлерден табылған заттар осындағы материалдық кешенге ұқсас екендігі анықталған.

Бүйірінен жатқан хум қабірінен басы солтүстік – солтүстік-шығысқа бағытталған жас өспірім бала қаңқасы аршып алынған. Қаңқа күл төселген төсеніш үстіне қойылған, басы хумға сыймаған, оған иық тұсы саусақпен басылған ойықтар арқылы өрнектелген көлемді бір ыдыс «кигізілген». Мүрде жанына заттар қойылмаған. Оның жанындағы қабірде басы солтүстік-шығысқа қаратылған ересек адам «жатты». Ол хум қабырғаларының сынықтарынан жасалған қабатқа қойылған, үстіне күл себілген және ернеуі жылжып кеткен хумның екі бөлігімен жабылған. Бас сүйектің сол жағынан ұштары жабыла қоймаған қола жүзік секілді сырға шыққан. Белбеуінен пышақ, қабылдағышы бар дөңгелек темір айылбас, жамбас сүйегінің астынан жоны шығыңқы тағы бір пышақ аршып алынған.

Жас балалардың мүрдесі терең емес шұңқырлардағы құмыра секілді үлкен ыдыстар мен хумдарға салынып жерленді. Кейбір жағдайларда балалар қабірі әйелдермен бірге болды. Балалар қабіріне әдетте 2-ші типтегі шағын көзелер қойылды, кейде 2-3 моншақ, қабыршақ алқалары да кездеседі.

Жерлеу ғұрпының қызықты бір көрінісі қола белбеулі мүрдені аршыған кезде анықталған. Мұнда мүрде ағаш күлінің жұқа қабатына қойылған, оның үсті де қызу бар күлмен жабылған. Мүрдені қызып тұрған күлмен жабу басқа да қабірлерден анықталған.

Кей жағдайларда бас сүйектің бет жағынан, әдетте жақ сүйегінің төменгі жағынан, оның астынан, ауыздан, бетті бойлай жатқан жұқа мыс пластиналар да шығады. Олардың ені 3-5 см, ұзындығы 8-10 см. Үш пластинадан қарапайым өрнекті құрайтын дөңгелек ойықтар басып түсірілген. Пластиналардың қолданыстағы мәні анықталмаған. Бәлкім олар бетін жабын жауып тұрған мүрденің ерніне (көзіне?) қойылған да шығар. Әдетте пластиналар үстінен шіріп кеткен мата қалдықтары анықталынады.

Жерлеу инвентары. Қыш құмыралар мен көзелер тазартылған қабірлердің 90%-нан кездескен. Қыш құмыралардың екі түрі бар, бірінде су ағатын жері болса, екіншісінде мұндай бөлік жоқ. Көзелерді де ұстағышына қарай екі типке бөлуге болады: сақина түріндегі ұстағыш иық тұсына немесе ортаңғы бөлігіне орнатылады; ұстағыш иық тұсы мен ернеуді біріктіріп тұрады. Керамикалардың көпшілігі қауыншы мәдениетінің қыш ыдыстарына ұқсас болып келеді.

Көп шыққан олжалардың қатарына моншақтар да жатады. Олар хрусталь мен сердоликтен жасалған дөңгелек және қырланған ірі моншақтар болып табылады. Сонымен қатар қабырғалы және дөңгелек шыны пастасынан дайындалған моншақтар да ұшырасады. Қара ақық, цилиндр тәрізді ұсақ маржандар, дөңгелек жұмыр янтарьлар да кездеседі. Миниатюралық құмыралар түріндегі керамикалық моншақтар да өте қызықты.

Кей жағдайларда ер адамдар мен әйел адамдар қабірлерінен бір сырға да табылады. Олардың типі әркелкі. Қола сымнан жасалған басы біріктірілмеген сақина секілді мұндай сырғалардың орталық бөлігі аздап жұмыр, ұштары үшкірленіп келеді. Қола сырғалар сақина іспеттес, олардың бір шеті спираль-конус алқаны құрайды. Жұқа қола жапырағынан іші қуыс етіп жасалған конусқа алқа орнатылса керек. Төменгі бөлігіне ойықша түскен жұмыр күміс

сырға табылған. Әйелдердің үш қабірінен қаңқа мен мойын сүйегі арасынан және сол шынтағынан екі-екіден тұрған тау теке түріндегі қола бойтұмарлар аршып алынған. Бұлар кеуде тұсында хрустальдан, сердолик пен паста моншақтарынан түзілген алқа жиынтығына кірген. Бір рет мұндай заттар кешенінің жиынтығында қола қоңырау мен үлкен ине түріндегі тескіш те болған. Келесі бір әйелдің қабіріндегі алқа құрамына тек бір ғана тау теке түріндегі бойтұмар, тұз тағыларының сүйектерінен жасалған алқа кірген.

Әйелдердің шаштары сүйектен жасалған түйреуіштермен сәнделді. Мойындарын екі сақина түріндегі бекітілген қола шынжыр жауып тұрды. Сопакша келген күміс алқа-кулон жасалуы жағынан өте өызықты. Оның ортасына қызыл тас (гранат) орнатылған, ұсақ түйіршікті белбеумен оқаланған. Пластинаның шетіне де түйіршіктердің тағы бір қатары орнатылған.

Қазба кезінде байқалған нәрсе және алдын-ала олжаларға жасалған талдау аршылған қабірлердің біртұтас мәдени-тарихи кешенге кіретіндігін пайымдауға мүмкіндік береді. Аталмыш қорымның жерлеу ғұрпы мен олжалар құрамы бұрын зерттелген Мардан (Талтақай) қорымындағы материалдарға жақын екендігін нақтылады. Сағаналардан қазылған мұндағы қабірлер б.з.б. I ғасыр мен б.з. II ғасырларына жатады, ол «У-шу» типіндегі монеталар мен кедір-бұдыр өрнегі жоқ қыш құмыралар негізінде анықталған.

Ғұрпы бойынша заттар кешеніне Қыркескен қорымы да жақын, ол б.з. II-IV ғасырларымен мерзімделген. Көк-Мардан қаласының жанындағы қорым материалдары да бұларға өте ұқсас.

Мардан-Күйік қорымынан табылған жекелеген заттардың түрлері Орта Азия, Қазақстан, Еділ маңы, Солтүстік Кавказ өңірлеріндегі ескерткіштер материалдарынан да белгілі болып отыр. Айталық, бастың мүсіні жасалынған сүйек түйреуіштер Орта Азия ескерткіштерінен кездесетін әдеттегі жағдай. Жартылай бағалы тастар салынған, түйіршіктермен оқаланған медальондар Еуразия далалы аудандарында кейінгі сармат заманында кеңінен таралған болатын. Б.з. IV-V ғасырларына жататын Бурабай маңындағы қабірден алынған заттар кешені де оларға ұқсайды. Аталмыш қорымнан алқа-медальон; қиыстырылған (септелген) айылбастар; қос пирамида тәрізді сердолик моншақтар; үш қалақты темір жебе ұштары; сондай-ақ дөңгеленген, бір шеті спираль секілді шиыршықталып төмен қарай түсірілген, екі ұшы бір-біріне қайыстырылған, жұқа сым түріндегі алтын сырғалар табылған. Б.з. IV-V ғасырларына жататын Қанаттас қорымынан көлденеңінен тар күміс қапсырмалар жапсырылған белбеу аршып алынған. Мұндай бұйым онымен бір мезгілдегі Қызыл-Қайнар қонысы жанындағы бейіттен де табылған. Сол себепті де Қоңыртөбе қорымын III-IV ғасырларға, бәлкім, VI ғасырларға да жатқызуға болатын сияқты.

Бөріжар (Бөржар) қорымы. Оңтүстік Қазақстандағы ауқымды да, толымды зерттелген нысандардың бірі ретінде Бөріжар қорымы Орталық Азия археологиясының тарихнамасында бұрыннан белгілі. Бөріжар қорымы Арыс өзенінің жоғарғы террасасы мен оның беткейлеріндегі кең аумаққа созылып жатқан (8 км) обалар шоғырынан тұрады деп сипатталынады.

Алайда, бүкіл қорым алқабы «түрлі кезеңдерге жататын обалар кешенінен, жекелеген молалардан тұрады, олар уақыт өте келе бір үлкен массивке айналған» деп те көрсетіледі. Қазба жұмыстары оба астындағы катакомбаларда, оба астындағы қабірлер мен жер үстіндегі сағаналарда жүргізілген. Катакомбалар міндетті түрде террасаның жоғарғы жағында және беткейдің ең жоғарғы бөлігіне орналасады. Ал сағаналар беткейдің төменгі жағында. Сағаналар орнында қалыптасқан жоталар алып жатқан беткейдің террасасы төменгі террасада орналасқан Жуантөбе қаласына қарай бағытталған. Катакомбада жерленген обалы қорым материалдары ерте уақытқа жатады (б.з.б. I ғасыр – б.з. IV ғасыры). Бөріжар қорымы (катакомбалы жерлеу мен сағаналарда жерлеу) Арыс өзенінің орта ағысындағы Жуантөбе мен Қараспан секілді ірі екі қаланың қорымы секілді.

Дәлізді (дромосты) катакомбалардан тоналған ұжымдық қабірлер тазартылған. Керамика, сондай-ақ құты сауыт (фляга), темір пышақ сынықтары, моншақтар табылған. Қыш ыдыстарына қарағанда, катакомбалар I-IV ғасырларға жатады. Осы уақыттарда Жуантөбе мен Қараспан қалалық қоныстары қалыптасқан болатын.

Сағаналарға қойылған оба астындағы қабірлер үстіне құрылыстар салынған. Олардың жер бетіндегі жоспары тік бұрышты тұрпатта және де шикі кірпішпен күмбезделген жабынмен жабылуы да ықпимал.

№1 сазана диаметрі 20 м-дей, биіктігі 2,8 м жота астынан аршылған. Жайылмаға қараған солтүстік беткейі тік болып келген. Екі жерлеу камерасына өтетін жері бар бұл сағананың негізіндегі ұзындығы 15 м, ені 12 м. Жерлеу камералары еденінен бастап есептегендегі қабырғасының биіктігі 1,2 м, ал солтүстік-батыс шетіндегі сыртқы бөлігінің биіктігі 1,8 м.

Құрылыс кезінде, камералар еденінің деңгейінен бастап, құрылыс қабырғасы көтерілген пахса платформа салынса керек. Оның камера ішіндегі сыртына ірі малта тастар қаланған, ал үстіне саз балшық құйылған. Камераларға кіретін есіктері орналасқан оңтүстік-батыс қабырға қалыңдығы 1,3-1,25 м (1,2 м биіктік деңгейінде), 1,2 м биіктіктегі оның еңістігілігі 0,3 м. Камераларды бөліп тұрған қабырға қалыңдығы 0,7 м.

№1 камера көлемі 2,3x2,8 м. Оған ені 0,4 м, биіктігі 0,9 м, ұзындығы 1,5 м жебе ұшты арка арқылы өтуге болады. Тегіс еденіне алдымен тас төселіп, бетіне саз балшық құйылғандығы анықталған. Камераға кіретін тұс бүйірінен қаланған көлемі 50x25x10 см кірпішпен өрілген.

Камераның солтүстік-батыс бұрышынан, қазіргі жер бетінен 1,05 м тереңдіктен қыш құмыраның (биіктігі 46 см) ауызы аршып алынған. Бұл деңгейден адам қаңқасының шашылып кеткен сүйектері (саусақ, жамбас, тіс, жақ сүйек бөлігі) кездесе бастаған. Еден астындағы қабаттан (тереңдігі 1,1-1,25 см) шіріген және шашылып жатқан қаңқа сүйектері ұшырасқан. Солтүстік-батыс қабырғадан ірі құмыраның бір бүйірімен жабылған бас сүйек аршылған. Қасынан басқа да құмыралардың сынықтары аршып алынған.

Сағана еденінен, шамамен орта тұсынан басқа бір қаңқаның жамбасы мен аяқ сүйектері тазаланған. Қалған сүйектері камераның еденінде шашылып

жатыр. Бұл деңгейден тағы бір қаңқаның сүйектері, соның ішінде төменгі жақ сүйегі, қабырға, иық және жамбас сүйектері анықталған.

Сөйтіп, №1 камерадан мүрделер жерленген еденнің екі деңгейі (қабаты) анық байқалған. 2,2 м тереңдіктегі алғашқы еденге өзен малта тас төселіп, саз балшық құйылған. Бұл еденнен бас сүйегі жоқ екі қаңқа шыққан. Ол жерден екі темір пышақ, белбеудің екі ірі айылбасы, жебе ұштары табылған. Еденнен 20 см жоғарырақта екінші еден анықталған. Одан бас сүйегі бар қаңқа мен екі қыш құмыра шыққан.

№2 камераның ауданы 2,1x2,7 м. Камераға өтетін жер №1 камераға ұқсас болғанымен, оған шикі кірпіш өрілмеген.

1,1 м тереңдіктен аздап қисайып жатқан, аяқтары 1,55 м тереңдіктен анықталған бас сүйегі жоқ қаңқа аршылған. Қаңқа анатомиялық тәртіппен жатқан, бірақ бас сүйегі, оң аяғы жоқ, сол аяғының сүйектері тізеден төмен, саусақ сүйектері шашылып кеткен. Мойын омыртқаларының тұсынан алқаның сан алуан моншақтары мен жүзік сияқты қола сырға жинастырылған. Мұның сағана жартылай бұзылған кездегі кейінгі замандарда жерленген кешен екендігі анық.

№2 камераның алғашқы едені 2,2 м тереңдікте болды. «Түсірілген» қабірді алып тастағаннан кейін 1,75 м деңгейден негізінен еденде тұрған шашылған қаңқа сүйектері, құмыра ернеулері шыққан. Бұл қалыңдығы 0,35-0,4 м болатын едендік қабаттан 7-ден кем емес қаңқа тазартылған. Өйткені солтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс бұрыштарға үйілген 7 бас сүйек пен ұзынша келген құйымшақтар табылған. Олардың арасынан 6 қыш құмыра (үш құмыра, 3 көзе); қола айна сынығы, 8-ден кем емес жебе ұштары (темір, үш қалақты, сапты); темір айылбастар мен пышақтар; 2 қола айылбас (аяқ киімдікі болуы мүмкін), қола түйреуіш; 2 сүрме тас таяқшасы; 2 янтарь, 4 хрусталь моншақтар; үш тас ұршықбас; шарикті-алқалы сырға; гранат орнатылған және түйіршіктер жапсырылған алтын кулон аршып алынған.

№2 сағана біріншісінен оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Қазбаға дейін ол диаметрі 8x9 м, биіктігі 1 м-дей жайылып кеткен дөңгелек төбешік түрінде болды. Сағана шаршы пішінді. Сыртқы контуры бойынша өлшемі 3x3 м, жерлеу камерасының өлшемі 2x2 м. Сақталған биіктігі 0,7-0,75 м.

Камераға кіретін есік оңтүстік-шығыс қабырғаның ортасында орналса керек, алайда бұл қабырға ішінара тонаушылар тарапынан бұзылған. Еденге ұсақ және орташа өзен малта тастары төселген.

Камераны тазалау барысында қазіргі жер бетінен есептегенде 0,2 м тереңдіктен қола айылбас табылған. 0,3 м тереңдіктен қола айнаның бөлігі шыққан.

Қалған олжалар жерлеу камерасының еденінде шоғырланған. Бұл жерден екі бас сүйек пен толық сақталған екі қаңқа аршылған. Сүйектердің барлығы солтүстік-батыс қабырға жанына үйіліп қойылған. Сүйектер арасынан екі жебе ұшы, темір пышақ сынығы, 6 қола тоғадан тұратын белбеу жиынтығы (екеуі «жалған айылбас») алынған.

Сағаналардағы (наустардағы) жерлеулер Сырдария өңірінде, зеравшанда, Жетісуда исламға дейінгі уақыттарда кеңінен таралған болатын. Бөріжар

сағаналарына ұқсас ескерткіштер Ташкент жазирасынан және көршілес Түркістан жазирасынан (Шаға мен Сидак некропольдері) да белгілі болып отыр. Олар ерте орта ғасырлармен мерзімделінеді. Аршылған Бөріжар сағаналары VI-VIII ғасырлармен мерзімделген.

Сағаналардың бір бөлігі V-VI ғасырлармен мерзімделінеді.

Қауыншы мәдениетінің ескерткіштері

Бұл мәдениет қоныстар мен некропольдар, жерлеу ғұрпы, қыш ыдыстары бойынша бөлінген. Өз атауын Ташкент қаласы маңындағы Қауыншы қаласының атынан алған, мұнда 1933, 1935 және 1937 жылдары археолог Г.В.Григорьев алғаш кең көлемде қазба жүргізген болатын, ол алынған керамикалық материалдарды даму бойынша Қауыншы-1 және Қауыншы-2 деп екі кезеңге бөлген еді. Бірінші кезеңді ол б.з.б. II-мыңжылдық соңынан б.з.б. I-мыңжылдыққа дейін, екіншісін сақ заманымен – б.з.б. VI ғасырмен мерзімдеді. Кейіннен С.И.Тереножкин Қауыншы-1 кезеңін б.з.б. II-I ғасырларға жатқызды, ал Қауыншы-2 кезеңін б.з. шебімен белгіледі. Ал белгілі ғалым С.П.Толстов өз кезегінде Қауыншы-1 кезеңін б.з. I-II ғасырларымен мерзімдеген еді.

Жаңа ескерткіштердің ашылуына орай біртіндеп Қауыншы мәдениетінің шекарасы анықталды: оңтүстік-шығыста – Ангрэн-Шыршық-Келес алаптарынан Құрам жотасына дейін кіретін Ташкент жазирасы, батыста – Сырдария өзенінің сол жақ жағалауы. Солтүстік-шығыста бұл ауданға піскем, Шатқал мен Талас аңғарларындағы аудандар кіреді. Зерттеушілердің пікірінше, қауыншы мәдениеті Келес өңірінде кеңінен таралған.

Қауыншы мәдениетінің керамикасын зерделеген Л.М.Левина оның дамуындағы үш кезеңді бөліп көрсетеді: б.з. I-мыңжылдық шебінен IV ғасыр бас кезі; IV-VI ғасырлар және VII-IX ғасырлар.

Шардараға жақын жердегі Ақтөбе қонысы қауыншы мәдениетінің жақсы зерттелген ескерткішінің бірі болып табылады. Ол Сырдарияның сол жақ жағалауында орналасқан. Қала орны үш жағынан дуалмен (жалмен), ал Сырдария жағынан пахса қабырғамен қоршалған. Қала орнының орталығында орналасқан биіктігі 20 метрге жуық сопақша төбе ерекше көзге түседі. Төбе аумағында және Ақтөбе-2-нің басқа бөліктерінде қазба жұмыстары жүргізілген. Қазбалардың біреуінен Сарай үйі толық аршылды. Ол тікбұрышты, көлемі 28x18,5 м болып шықты. Сарай шаршылап жатқан бес жайдан, кіру кешені мен құрылысты батыстан шығысқа қарай орап өтетін екі дәлізден тұрған. Оның орталығында шаршы зал (3,6x3,6 м) бар, ол басқа жайлардың барлығымен арка арқылы өтетін жолдармен байланысқан. Бір кездерде оның төбесі жалпақ етіп жабылған. Зал қабырғаларының биіктігі қазіргі кезде 6 метрге жетеді. Зал еденінің ортасында құдық бар. Үй солтүстік-батыс бұрышқа салынған, мұржасыз камин үлгісіндегі ошақпен жылытылған.

Залдың айналасына орналасқан жайлар доғалана иіліп, ал олардың біреуі күмбезделіп жабылған, бұл күмбез Орта Азия мен Қазақстандағы ертедегі

үлгімен жабылған күмбездердің бірі болып табылады. Ғимарат конструкциясында шатыр маңызды рөл атқарады, оған баспалдақ және төбедегі тесік арқылы шығуға болатын еді.

Қазба барысында б.з. I-мыңжылдық бас кезіндегі ескерткіштерге ұқсас керамиканың бай жиынтығы: көзелер, саптыаяқтар, табалар, хумдар, шүмекті құмыралар жиналды. Керамикалық ыдыстардан басқа I-IV ғасырларға жататын ұршықбастар, жебелердің үш қыры бар ұңғылы ұштары, алтын сырға, бір жүзді пышақтар, сүйек ұршықтар, қола сақина, қызыл шыныдан көз салынған алтын қапсырма табылды.

Сарай кешенінің мерзімін белгілеу үшін күмбезді жайға жерленген адамның табылуының ерекше маңызы бар. Мүрде батыс қабырғаны бойлата қойылған, ағаштан жасалған торлы табытқа жерленген. Мүрде басы батысқа қаратылып, шалқасынан жатыр. Керек-жарақтары да ерекше: ағаштан жасалған екі ыдыс, көз салып, қара тас орнатылған, күміс пен алтын құймасынан жасалған сырға, қорамсық пен садаққа арнап жасалған қап (футляр), сүйекпен әрленген ағаш садақ, темір қанжар, екі темір айылбас жатты. Құрал-саймандарға қарағанда, адамды IV-V ғасырларда жерленген деп айтуға әбден болады, демек қоныс өмірінің жоғарғы хронологиялық шегі б.з. IV ғасырдың бас кезіне жатады.

Қауыншы мәдениетінің бірінші кезеңіне топырақ үйіндісінен тұратын обалар мен олардың астындағы дәлізді катакомбалар тән. Катакомбалар ішіне бір немесе ұжымдық қабірлер қойылды. Қару-жарақ болмайды.

Екінші кезеңіне тән нәрсе – қоыстар санының артуы. Катакомбалар мен олардың ұзын өсімен перпендикулярлы дәліздермен (дромостармен) қатар бүйірлі және топырақ шұңқырға жерленген қабірлер пайда бола бастайды. Жеке адам жерленген қабірлер саны едәуір арта түседі. Қабір құрал-саймандар арасында қару-жарақ пайда бола бастайды.

Ыдыс-аяқ жиынтығы бірінші кезеңдегі тұрпатты (пішінді) қайталайды. Бұл сол баяғы ұстағышты науа еді, алайда «өгіз басы» қойылған тұғырларды қой бастары бейнеленген тұғырлар алмастырады. Осы уақытта керамикада жетіасар мәдениетінің белгілері байқала түседі: мойын тұсына кедір-бұдыр салу, денесін жалтырату, ернеуіне шүмек орнату.

Үшінші кезеңге оның соғдылық мәдениетке жақын болуы тән. Мәселен, керамикаға штампты ою-өрнек салына бастады.

Біздің заманымыздың алғашқы ғасырларындағы қауыншы мәдениетін зерделеуде Сырдарияның оң жағалауында, Шардара аймағында орналасқан қорымдардың мол материалдары көп септігін тигізеді. Шәушікүмнан мейлінше көп (57 дана) обалар зерттелінген. Мұнда негізгі жерлеу түрлерінің бәрі ұшырасады: камерасы дәлізге (дромосқа) перпендикуляр орналасқан I-типтегі катакомба; II-типтегі катакомба – дәліздің жалғасы болып табылатын камералар; бүйірі қазылған молалар; қарапайым топырақ молалар. Бір аумақта түрлі құрылысты молалар болуы осы дәуірдің өзіндік ерекшелігі болып табылады және ол барлық аудандардан ұшырасады.

Қорымдарды қалдырған тұрғындардың іргелес аймақта орналасқан қоныстармен орнатқан тығыз байланыстары айқын байқалады.

Қорымдарды қазу. Катакомбалы жерлеу Шардара ауданындағы үш пункттен анықталған. Жаман-Тоғай қорымындағы төрт обадан текпішекті дәлізі бар катакомбалар табылған. Әсіресе қираған №9 оба олажалары қызықты. Камерадан тік бұрышты ұстағышы бар тұғырлы ысталған мыс қазан табылған. Қазан тұрпаты бойынша біздің заманымыздың шебіндегі хунну қазандарына қатты ұқсайды. Келесі бір катакомбадан мойыны тар және спираль тәрізді өрнегі бар қыш құмыра шықты, ол да хунну ыдыстарына тән. Сол жерден аң бейнелерімен нақышталған сүйек айылбас шыққан.

№14 обадағы мүрде катакомбадағы қамыс төсеніш үстінде жатты, сол жағына металл ұштығы мен айқыштығы жоқ ұзын темір семсер қойылған. №14 обадан басқа үш оба біздің заманымыздың шебімен мерзімделген.

Ақтөбе қорымынан қазылған барлық обалар I-типтегі катакомбалардан тұрады. Басқа қорымдардан өзгешелігі катакомбаға кірер есік шикі кірпіштермен (40x40x12; 35x35x12 см) өрілген. Молаларда екі және төрт қаңқа болған. Қайтыс болған адамдар шалқасынан, басы шығысқа қаратылып, аздап солтүстікке немесе солтүстік-шығысқа қарай ауытқи жатқызылған. Сірә, катакомбалар отбасылардың қабірханасы болған. Обалар тоналған. Ирек (толқынды) сызықтармен өрнектелген көзелер мен құмыралардың ұстағыштары болды немесе болмады да. Сыр бояу араласқан жұғындыны жағу тәсілі де кеңінен қолданылған. Банка тәрізді, құмыра секілді және конус сияқты ұстағышты саптыаяқтар да сан алуан.

Мола құрылысы, жерлеу ғұрпы мен ішінара құрал-саймандарына қарай катакомбалық қабірлер біздің заманымыздың алғашқы ғасырларына жатады. Ақтөбе қорымындағы материалдар онымен көрші тұрған және сол уақытпен сай келетін Ақтөбе-2 қонысының қыш ыдыстары мен бұйымдарына ұқсас болғандықтан, қорым I-III ғасырлардағы осы қоныстың отырықшы халқына тиесілі болған деген пайымдау жасалды.

Катакомбалардың көпшілігі Ақтөбе қорымынан 15 км солтүстік-батысқа қарай жердегі Шәушікүм қонысы жанында орналасқан Шәушікүм қорымынан табылған. Сопақша тұрпаттағы катакомбалар батыс-шығыс сызығы бойынша созылып жатыр. Дәліздер тік бұрышты, тар әрі ұзын. Олар, әдетте, текпешекті (сатылы) болып келеді және камераға оңтүстік жақтан жақындайды. Молаларда түгелдей бір адамнан жерленді. Мүрделер шалқасынан жатқызылып, бастары шығысқа қаратылған (аздап солтүстікке немесе оңтүстікке ауытқыған). Қайтыс болған адамның жанына бай құрал-саймандар мен ғұрыптық ас (қой еті) қойылды. Молалардың бірінен лақа балықтың қылтанағы да табылған.

Қабірден алынған құрал-саймандарына қарай әйел және ер адам молалары ажыратылады. Ер адамдардың қабірінен металл ұштығы мен айқыштығы жоқ темірден жасалған екі жүзді семсер мен қанжарлар табылған. Тек бір семсерде ғана тік қола айқыштық болған. Жүздерінде іші матамен оралған ағаш қынапқалдықтары сақталған. «Ғұн типіндегі» деп аталатын күрделі садақтан тек сүйек жапсырмалары ғана сақталған. Темір жебе ұштары үш қалақты. Тұрмыс заттары қарапайым пышақ пен тілі

жылдам қозғалатын темір айылбастардан тұрады. Ат әбзелдерінен ауыздықтар сақталған. Кейбірі алтын қаңылтырмен жабылған. Әйел адамдардың қабірінен сапты жалпақ қола айналар, жануарлар сүйектерінен жасалған бойтұмарлар, темір сақианалар, жүзіктер, сан алуан моншақтар мен саз балшықтан жасалған ұршықбастар секілді сәндік заттар мен әшекейлер табылған. Қыш көзелер ер адамның да, әйел адамның да қабірлерінен шығады. Камера дәліздің жалғасы болған катакомбаларда кірер есік таспен немесе қамыспен жабылған (II-тип). Мұндағы керамика I-типтегі катакомбалардан табылған ыдыстардан сәл өзгешелеу. Өзіндік құты сауыт (фляга) ерекшеленеді. Жекелген заттардың кейбірі де ерекше. Үшінші типтегі жерлеу ескерткіштері бүйірлі молалардан тұрады. Олардың барлығы аздап батысқа немесе шығысқа қарай ауытқи меридиан бағытта созылып жатыр. Бүйірлі қазбаның қуысы батыс және шығыс қабырғаны бойлай қазылған. Оған кірер ауызға тас немесе шикі кірпіш (39x39x12-15 см) қаланған. Молалардан қару-жарақтар – темір қанжар мен үш қалақты сапты жебе ұштары, садақтың сүйек жапсырмалары табылған. Түбі жалпақ көзелер, ұстағышты саптыаяқтар, т.б. да аршып алынған. Шәушікүм қорымындағы бүйірлі қабірлердің II-IV ғасырлардағы Төменгі Еділ маңындағы кейінгі сармат және де Ферғана, Ташкент пен Бұхара жазираларындағы ескерткіштермен ұқсастығы байқалады.

Мұндай молалар Ташкент жазирасынан, Ахангаран өзені алабынан, Күл-Ата қаласының маңынан да анықталған.

Қарапайым топырақ молалар қарастырылған қорымдарда көп кездесе қоймайды. Шәушікүм қорымындағы екі обадан сары топырақ үйіндісі астындағы бұрынғы жер бетіне салынған тас қоршау табылған. Ер адам жерленген қабірдің бірінен темір семсер бөлшектері, қола сырға мен екі ыдыс – құмыра мен түбі дөңгелек тостаған алынған. Керамика өзге жерлеу типтеріндегі ыдыстардан өзгеше, бірақ кейбір ыдыстар сол типтерге жататын құмыралардай сырланған.

Жетіасар мәдениетінің ескерткіштері

Жетіасар мәдениетінің негізгі кешені Аралдың шығыс маңында, төменгі Сырдария-Қуандарияның ежелгі сағаларындағы алабтағы аллювиаль жазықтықта орналасқан. Жетіасар ескерткіштерінің таралған оңтүстік шекарасы Жаңадарияның құрғақ арнасынан солтүстікке қарай өтеді.

Жетіасар ескерткіштерін алғаш рет 1946 жылы зерттеп, жеке мәдениетке бөлген С.П.Толстов болып табылады. Ол өз атауын ескерткіштер мейлінше шоғырланған Жетіасардан алған. Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының көп жылдық зерттеулерінің нәтижесінде жетіасар мәдениетінің ескерткіштері толымды түрде зерделенген, ал қазба материалдары мен зерттеулер материалдары Л.М.Левинаның бірнеше монографияларында баяндалған.

Аталған ауданда Жетіасар мәдениетінің дамуындағы үш кезеңді белгілеуге және оның IX ғасырға дейін жеткен жоғарғы шекарасын анықтаудың сәті түсті.

Жетіасар мәдениетінің бастапқы мерзімі нақты анықтала қойған жоқ. Ескерткіштерді одан да ұсақ хронологиялық кезеңдерге бөлуге мәдениеттің сыртқы біркелкілігі ғана емес, сондай-ақ тіпті шағын жетіасарлық қалалардың өзінде мәдени қабаттардың қалың екендігі де қиындық туғызып отыр. Бұл ұмтылыстар I кезең ішіндегі хронологиялық бөлуді, яғни мәдениеттің бастапқы кезін тұспалдап бөлуге жетелейді. Бірнеше ескерткіштердегі стратиграфияға қарап, жетіасар мәдениетін I, II, III секілді үш хронологиялық кезеңге бөлуге талпыныс жасалды. Бұл кезеңдердің алғашқысын, шамамен шартты түрде б.з.б. I-мыңжылдық ортасынан соңына дейін мерзімдеуге болатын сияқты; екіншісі – б.з.б. соңғы ғасырлар мен б.з. алғашқы ғасырлары, ол II-IV ғасырлармен аяқталынуы мүмкін; үшіншісі – V-IX ғасырлар.

Жетіасар мәдениетінің қайнар-бастаулары қола дәуірінің соңына барып тіреледі.

Жетіасар мәдениетінің 47 қаласы белгілі. Олардың барлығы көп мәдени қабаттан тұрады және мықты қорғаныс жүйелерімен күшейтілген, бекініссіз қоныстары жоқ.

Қалалардың барлығы өзен сағаларына таяу жерлерде орналасқан және обалы алқаптармен қоршалған.

Әдетте бір салаға немесе арна теліміне жақын араға шоғырланған және бір-бірінен 2-8 км қашықтықтағы бес-алты шағын қалалар бір топты құрайды, олардың арасынан бір қала өзінің көлемі бойынша дараланады.

Бірінші кезеңдегі жетіасарлық қалалардың барлығы дөңгелек не болмаса сопақша жоспардағы биіктігі қазіргі жер бетінен 8-20 м, ауданы 0,5-10 га екі қабатты төбе түрінде.

Әрбір қаланың өзегін күрделі фортификациялық жүйесі бар көп қабатты үлкен үй құрайды. Әдетте жоғарғы алаң үш жағынан (барлық жағынан қоршалу сирек) екінші, одан да төмен алаңмен қоршалған, ол да дуалмен қоршалып тұрған. Жетіасардың ерте кезеңінде төменгі алаңда көлемді құрылыстар болды, олар мал қора да болуы мүмкін. Кейіннен төменгі алаңға да жоғарғы алаң сияқты баспаналар тығыз салынып кетті. Сөйтіп, ол екеуі біртұтас баспаналар кешенін құрады. Тек екі қалада ғана үшінші бөлік болды, солтүстік жаққа орналасқан бөлік те дуалмен күшейтілді. Осындай қалалардың бірінде (Жетіасар-2) орталыққа қосылған үшінші бөлікте қолдан жасалған су алабы болған, тек кейіннен оның аумағына өзге екі бөлік сияқты тұрғылықты секциялар салынып кеткен.

Барлық құрылыстар пахса мен жоспары тік бұрышты үлкен форматтағы шикі (қам) кірпіштен соғылған.

I кезеңнің фортификациялық құрылыстары кейде кірпіш қаландысымен де үйлесті. Кейде шикі кірпіштер (50x30x9 және 60x30x9 см) жұқа пахса қатарымен алмастырылған кездер де болды, мұндай жағдайда қабырғаға тас қаланған сияқты көрінетін. Бұл кезеңнің ғимараттары көбіне күмбезделіп

жабылды. Күмбездер пішіні трапеция тәрізді үлкен шикі кірпіштермен (45-50x23-25x25-30 см) аздап қисайып немесе қисайтылмай, сақина сияқты қиыстырыла көтерілді. Бөлмелер өтпелі-аркалар арқылы байланысты. Ірі бөлмелер, сарайлар және екінші алаңдағы құрылыстар жалпақ шатырмен жабылған сияқты. Ағаш тіреуіштер шатырды ұстап тұрды. Есікке де ағаш пайдаланылды.

I кезеңнің соңына қарай бекініс құрылыстары шағын көлемдегі шикі кірпіштер (40-42x26-30x9-10 см) қатарымен өрілді. Мұнаралардың күмбезді жабындары бұрынғы ерте кезеңдегідей ірі трапеция пішіндес кірпіштермен тұрғызылды.

Сыпалар, ошақтар, каминдер бүйірінен қойылған шикі кірпіштерден немесе олардың сынықтарынан жасалды, соңынан саз балшықпен сыланды. Ұсақ далдаға каркас ретінде ағаш пайдаланылды.

Жетіасар құрылыс техникасы жоғарғы деңгейге жеткен, мұны күмбездер конструкциясы да растайды.

Барлық жетіасар қалаларының мықты қорғаныс жүйелері болды, қала ішіндегі әрбір алаң өз бекініс қабырғаларымен (дуалдарымен) қоршалды. Қазба жұмыстары фортификациялық құрылыстардың даму динамикасын анықтауға мүмкіндік берді. Бастапқыда сопақша келген бекіністің өзегі (шамамен 45x50 м) периметрі бойынша пахса блоктары мен шикі кірпіштер арқылы көтерілген мықты дуалмен қоршалды. Бекініс қабырғасына шахмат тақтасының тәртібі бойынша үш немесе екі қатар оқ ататын тесіктер жасалды. Қамал ішіне екі қабатты күмбезді бөлмелер орналасты. Кейіннен бекініс қабырғасының сыртына мұнара мен биік табанды оқ ататын галереялар тұрғызылды, соңғыларына қайтадан мұнара жапсарлатыла салынды, бірақ оның платформасы биік еді, бұл мұнараларға жаңа дуалдар соғылды.

Баспана. Жетіасар қалалары ішінде түгелімен баспаналар салынған қамал іспеттес. Жетіасар ескерткіштерінде жүргізілген қазба жұмыстары қала ішіндегі ерте кезге жататын екі түрлі жоспардағы құрылыстарды жіктеуге мүмкіндік беріп отыр. Мәселен, Жетіасар-2 қаласының жоғарғы алаңында бастапқы қамалдың ішінде ұзын да тар күмбезді бөлмелер қатары орын алғандығы, олардың біразы екі қабатты болып, бір-бірімен арка арқылы жалғасқандығы белгілі.

Одан соң ішкі құрылыстың басқа түрі пайда бола бастайды. Бұл жоспар кең ауданда қазылған Жетіасар-12 қаласынан жап-жақсы байқалған. Мұнда, белгілі бір дәрежеде және тығыз тапталған ерте кездегі жоспардағы бөлмелер, бір типтегі тұрғынжай секциялары болғандығы анықталған.

Секциялар екі-үш бөлмеден тұрады. Негізгі тұрғынжай интерьері – екі қабырғадағы (үш қабырғада сирек) кең сыпа мен орталықта орналасқан ашық ошақ; бұлар барлық келесі кезеңдегі қабаттарға тән еді.

Әрбір секция оқ ататын дәліздің бір бөлмесімен жалғасып тұрды, олар бейбіт күндері қосымша тұрғынжай немесе шаруашылық бөлмелері ретінде пайдаланылса керек.

Әрбір секциядағы әрдайым үлкен ауданды алып жатқан негізгі және басты тұрғынжайларда түгелімен ортада ашық ошақ болды, еденнен төмен жатқан оның жоспары сопақ немесе тік бұрышты еді, шеттеріне саз балшықтан бүйір (борт) жасалды. Олар кірер есіктің екі жағындағы сыпа шетіне шағын доға тәрізді балшық білік арқылы жалғасып жатты. Пәс әрі кең сыпалар қарама-қарсы тұрған қабырғаларды бойлай салынды және орталық бөлікте оны өтетін жер бөліп тұрды.

Негізгі тұрғынжайлардан дәнүккіш тұғырлары кездескен.

Сондай-ақ секцияның негізгі тұрғынжайының басқа да жоспарлары болды. Бұл нұсқадағы негізгі тұрғынжайдың ішкі жоспарында есік орталық бөліктен емес, бұрыштан шығарылды. Есіктің кірер алдындағы кеңістік немесе өзіндік тамбур басқа бөлмелердің ауданынан биік (1,5 м және одан да биігірек) тар кірпіш қабырғасымен (ұзындығы 1,5-2 м) бөлініп тұрды. Бөлменің үш қабырғасына П-тәрізді сыпа орнатылды, ол бірінші жоспардағы тұрғынжайға қарағанда біршама тар және биік. Бөлменің орта тұсына еденнен төменірек дөңгелек жоспардағы ашық ошақ орналасты, оның бүйірлері жоғары еді және оған трапеция тәрізді жоспардағы алаңқай жалғасты, оған кесілген конус сияқты тұрпаттағы екі «ошақ тұғыр» қойылды.

Негізгі тұрғынжайлардан басқа әрбір секцияда бір-екі қосалқы бөлмелер болды, олардың кейбірі тұрғын бөлме болуы да ықимал, дегенмен ол шаруашылық қарекеттерге пайдаланылды. Бұл бөлмелердің ішкі кеңістігінде әдетте қабырғаға жабысқан бірнеше ошақтар, шаруашылық шұңқырлар, қоймалар болған. Астықты (әдетте бидай) сақтау үшін ыдыс ретінде қалың қабырғалы күйдірілмеген сопақша және дөңгелек келген құмыралар пайдаланылды. Бұл қам (шикі) ыдыстар жетіасар мәдениетіне тән және ерте кезге жататын ескерткіштердің барлық құрылыс горизонттары мен кезеңдерінен кездеседі. Кейде мұндай қосалқы шаруашылық-тұрғынжай бөлмелерде бір-екі ошағы бар аласа сыпалар да табылады. Түрлі секциялар алып жатқан аудан көлемі аздап қана өзгереді.

Жерлеу құрылыстары. Әрбір жетіасар қаласының жанында жүздеген, мыңдаған жерлеу құрылыстарынан тұратын қорымдар орналасқан, олардағы ескерткіштердің екі түрі бар – оба астындағы топырақ қабір мен сағана-лақыттар (склеп).

Оба үйінділері сақтала қоймаған және қазіргі жер бетінен түсті дақ түрінде немесе обаны жиектей өскен өсімдіктер шоғырының орды бөліп тұруынан ғана байқалады. Ордың диаметрі 8-20 м шамасында өзгеріп тұрады. Оңтүстік жартысында қосқыш (ені 1,2-2 м) болады. Әрбір үйінді астында әдетте бір қабір болады, алайда бірнеше рет екі не одан көп топырақ қабірлердің ұшырасқандығы тіркелген. Қабір шұңқыры солтүстік-оңтүстік бағытта. Қабір шұңқырының шығыс қабырғасынан ыдыстар мен мал сүйектері (қой немесе сиыр) қойылған шағын қуыстар аршылған. Бірнеше қабір шұңқырын бойлай шағын әрі аса терең емес орлар қазылған. Мүрде қамыс төсенішпен оралған, оны шалқасынан ағаш қабығына немесе тоқылған қамысқа жатқызған. Жерлеу құрал-саймандары бір-үш ыдыстан тұрады, бұл жерде міндетті түрде «ас үй» көзесі, құмыра, саптыаяқ немесе тостаған

қойылады. Ыдыстардың бір бөлігі қуыстардан, ал бір бөлігі мүрденің аяқ тұсынан алынады. Алайда мүрденің бас жағына қойылған ыдыстар (әдетте көзелер немесе құмыралар) кездесетіндігі аңғарылған. Жауынгер-сарбаз қабірінен пышақ пен қанжардан басқа сүйек жапсырмалы күрделі садақ пен жебе ұштары да жиі табылады. Әйел адамдардың қабірінен қола айна, бор кесегі, өзен қабыршақтары, сырға, моншак, білезік жиі кездеседі.

Жетіасар жерлеу құрылыстарының екінші тобын «жер асты» және «жер үсті» секілді екі типке бөлінетін сағана-лақыттар құрайды. Екі типтегі сағана-лақыттар жоспары тік бұрышты шикі кірпішпен тұрғызылған және кірпіш күмбезбен жабылған.

Жер асты сағана-лақыттар арнайы қазылған қазаншұңқарға салынған кірпіш камера түрінде болып келеді. Тік бұрышты (орташа 5,5x4 м) немесе шаршы (5x5 м) жоспарлы камераның $\frac{3}{4}$ бөлігі жерге кіріп тұрады және кірпіш күмбезінің үсті топырақпен жабылады. Кейбір жағдайларда топырақпен жабылған қабырға үстінен және ішінара камера күмбезі арқылы көлденеңінен өтетін екі қатарлы кірпіш қаландысы да анықталған. Қаландының сытқы шеттері камера қабарғасындағы сызықтан 3,5-4,5 м қашықтықта тұрады. Камераның ішкі бөлігі жоспары бойынша тік бұрышты (орташа алғанда 3,6x2 м), оның екі немесе үш қабырғасына жатын-сыпа (лежанки-суфа) орналасты. Оңтүстік жағынан камераға дәліз тәрізді аркалы текпішекті жол түседі де, сағана-лақыт қабырғасынан 1-1,5 м шығып тұрады. Сағана-лақыт күмбезі трапеция пішінді шикі кірпіштен соғылды. Камера ішіндегі еден, қабырға мен сыпа балшықпен сыланған.

Киізге немесе қамыс жабынға оралған мүрделер сыпа үстіне шалқасынан жатқызылып қойылған. Олардың жанындағы сыпаға және еденге керамика, еңбек құралдары мен қару-жарақ қойылды. Әйелдердің қасына бор кесегі, қабыршақ, әдетте мата қапшыққа салынған қола айна қойылған. Сыпа арасындағы еденге от жағылды.

Сағана-лақыттар бірнеше рет пайдаланылды, әрқайсысында бірнеше жерлеу орындары болды. Әрбір жерлеуден кейін арка секілді өтетін жер кірпішпен қаланып, сыланды.

Жер үстіндегі сағана-лақыттар да жоспары бойынша тік болды, оңтүстік жағындағы дәліз секілді кірер есігі камерадан 1,5 м шығып тұрды, пахса блоктары мен бірнеше қатар шикі кірпіштерден (40x30x9 см) тұрғызылған камера қабырғалары стилобат платформаға (биіктігі 80 см-ге дейін) орнатылған. Камера ішінен (5,6x2,6 м) қабырғаны бойлай биік жатын-сыпа соғылды. Кіретін арка балшықпен қалың етіп сыланған. Қамыс жабын қалдықтарына қарағанда, жер бетіне салынған сағана-лақыттарға жерленгендер де сыпаларға қойылған.

Екі типтегі сағана-лақыттарға бай қабір құрал-сайман қойылғанымен, зерттелген ескерткіштердің ежелгі замандарда тоналғандығы байқалады, кейбір қаңқалардың жатысына қарағанда, тонау жерлеуден өткен соң жүзеге асқан, алайда кейбір сағана-лақыттарда күміс және қола тоғалы, алтын, күміс, қола әшекейлері бар киім қалдықтары шыққан. Бір рет қана металл

тоға, алқа және шыны моншақтармен әшекейленген матадан жасалған бас киім қалдықтары сақталғандығы анықталған.

Керамика. Жетіасардағы ежелгі тұрғындардың заттай мәдениеті өзіндік ерекшеліктерімен көзге түседі, бұл ең алдымен қыш құмыра жасау өндірісінен байқалады. Құмыраны отқа күйдіретін пеш қалдықтары табылған. Мәдениет өмір сүрген кездегі бүкіл керамикаға тән нәрсе, онда ерекше біртұтастық пен өзіндік кешендік, пропорция мен ою-өрнек тұрақтылығы, архаизм мен консерватизм сақталған.

Жетіасар мәдениетінің бүкіл керамикасы екі топқа бөлінеді.

1 топ (бірнеше жүз) көзелеріне сұр түсті ангоб жағылған және сыртында күйенің іздері сақталған. Бірінші типке жататын негізгі ыдыстардың түбі жалпақ болып келеді. Ыдыстардың көпшілігі ою-өрнексіз, бірақ кертпекті, денесі немесе иық тұсына жапсырылған бүршік және кейде бүршіктермен жалғасып жатқан жарты ай секілді өрнектері де кездеседі.

2 кезеңнің бас кезінде ғұндардың металл қазандарының тұрпатын (пішінін) түгелдей қайталайтын ыдыстар пайда бола бастайды. Көзе немесе хум сияқты ірі ыдыстар мәдениеттің барлық кезеңдеріне тән. Сыртына қызыл-қоңыр қою ангоб жағылып, жалтыратылған. Олардың барлығы дөңгелек, шар тәрізді тұрпатқа жақын, тік мойынды, ернеуі шағын, диаметрі түбінен бір жарым есе үлкен болып келеді. 2 топтағы ыдыстар арасынан бәрінен де құмыралар кеңінен таралды. Құмыралар денесі қампиған, одан кертпектеле бөлінген ұзын мойыны тік келген, бір-екі білікті, қарапайым шеті әдетте кішкентай үш бұрыш не болмаса дөңгеленген, бір (егер ұстағышы болса), екі су ағарлы.

Табақтар мен тостағандар жетіасар ескерткіштерінің (қала, қорым) барлығынан кездескен. Олар жұқа қабырғалы. Саптыаяқтардың көпшілігінің денесі құмыраларға ұқсас болып келеді.

Қару-жарақ, ат әбзелдері. Жетіасар ескерткіштерінен қоладан, сүйектен және темірден жасалған жебе ұштары, күрделі садақтың сүйек жапсырмалары, қанжарлар табылған. Шағын үш қалақты сапты темір жебе ұштары сирек ұшырасады. Қола және темір жебе ұштарына қарағанда, сүйектен жасалған жебе ұштары кеңінен таралған. Олар қабірлерден де, қала мәдени қабаттарынан да көптеп кездеседі. Бұл артефактілердің барлығы мұқият жалтыратылып, тегістелген. Кейбірінің тұрпаты оқ сияқты.

Бірінші кезеңдегі мәдени қабаттардан екі тесікті мүйізден және сүйектен жасалған сулықтар табылған, мұндай сулықтар б.з.б. I-мыңжылдық орта тұсында және екінші жартысындағы ескерткіштердің материалдарына ұқсас. Сулықтардан басқа табылған ат әбзелдерінің қатарына ірі жануарлардың сүйектерінен дайындалған алдыңғы ердің ішкі бөлігі сияқты зат та жатады.

Сүйектен, тастан және металдан жасалған бұйымдар. Әзірге ежелгі жетіасарлық тұрғындардың өз зергерлік немесе шыны жасау өндірісі туралы айтуға мүмкін болмағанымен, күл шоғыры, жарамсыз болып шыққан қола бұйымдардың сынықтары металлургиялық өнеркәсіп жайында сөз қозғауға мүмкіндік береді, ал сүйек ою ісі мен шеберханалар жайлы жануарлар мен балық сүйегінен жасалған көптеген заттардың табылу фактісі де растаса

керек. Осындай шеберханалардың бірі Жетіасар-12 қаласындағы тасталған мұнарадан шықты.

Онда шеберхана ұйымдастырылып, күрделі садақтардың сүйек және мүйіз жапсырмалары, т.б. заттар дайындалған. Мүйіз және сүйек жалтыратқыштар, қырғыштар, тескіштер көп, пышақ пен бігіз саптар, сулықтар, түрлі тұрпаттағы жақсылап жонылған жебе ұштары, айылбастар мен алқалар, сақина мен жұқа шынжыр-моншақтар жетіасарлық оюшылардың жоғарғы деңгейдегі шеберлігін дәлелдейді.

Жетіасар қалаларындағы мәдени қабаттардағы үнемі көптеп табылатын олжалар – сүйек тескіштер, тас қайрақтар, жалтыратқыштар, дәнүккіштер, т.б.

Жүзі тік және арқа тұсы жайлап дөңестелген темір пышақтардың нашар сақталған бөліктері көптеп кездеседі. Бірен-саран темір ірі қармақ ұштары табылған.

Киім-кешек пен әшекейлер. «Жетіасарлықтардың» киімі жөнінде сөз қозғауға мола шұңқырлары мен жер асты сағана-лақыттарынан табылған – кенеп пен жібек маталардан жасалған көйлек, кафтан мен бас киім қалдықтары аздап мүмкіндік береді. Жетіасар-2 қорымындағы №1 сағанадан алтын түсті жібектен дайындалған әйел адамның кафтанында жасыл түсті геометриялық өрнек бар және де алтындатылған теріден жасалған ромб пен үш бұрыш түріндегі жапсырмалармен, күміс тоғалар қатарымен көмкерілген.

Жетіасар-12 қорымындағы №1 сағана-лақыттан алынған сары-қоңыр түсті кафтан тері мен қызыл түсті кенеп аппликациялармен өрнектелген және де мойыны мен жиектеріне (белге дейін) жарты шар түріндегі металл тоғалар қатары түсірілген, ал жендеріне тігінен Сирияда өндірілген көк шыны бисер моншақтар қатары (кемінде он-оннан үш қатар) тағылған. Күміс және қола тоғалар киімнің кеуде тұсын жиі әшекейлегендігін, кейде жеңін де көмкергендігін басқа жерлеу құрылыстарында сақталған материалдар да растайды. Бірнеше рет кафтан астында қызыл түсті ұзын көйлек болғандығы байқалған. Жетіасар-12 қорымындағы сағана-лақыттардың бірінен бас киімнің бір бөлігі шыққан, оның қою қызыл түсті матасына күмістен және қоладан жасалған тоғалар тағылған, бұл заттың төменгі шеті терімен қапталуы да ықтимал. Бас киімнің көк шыны моншақтармен бірге құйылған жұқа металл пластиналар жіппен тағылған, екі жаққа орналасқан олардың әрқайсы 12-ден. Тері белбеу мен етіктің қалдықтары, етіктің қола айылбасы және тоға-жапсырмалар «жетіасарлықтардың» биік етік киіп жүргендігін дәлелдейді.

Жетіасар мәдениетінің әшекейлеріне моншақтар, сырғалар, білезіктер, сақиналар, алқалар, тоғалар кіреді. Қабірлер мен қалалардың мәдени қабаттарынан янтарь моншақ олжалары жиі табылып жатады. Көгілдір түсті мысыр фаянсынан дайындалған дөңгелек қабырғалы моншақтар, цилиндр секілді маржандар, паста және дөңгелек шыны, сонымен қатар шыны көзді, халцедоннан жасалған дөңгелек моншақтар б.з.б. ІҮ-ІІІ ғасырларға және б.з. алғашқы ғасырларынан белгілі. Жетіасар ескерткіштерінен сақина олжалары

сирек табылған. Сүйектен, темірден және қоладан дайындалған білезік калдықтары да кездесіп қалады.

Жетіасар кешеніндегі толып жатқан қола сырғаларды екі типке жатқызуға болады: ұштары бір-біріне кіріп тұрғандай пішіндегі сақина түріндегі және ортаңғы бөлігі шығыңқы жүзік сияқты.

Бірінші кезеңнің соңына жататын қабірлердің бірінен сапасы төмен алтыннан жасалған көлемді сырға аршып алынған, оның қола иіні мен шыны орнатқышы болған.

Осы кезеңге күмістен және қоладан дайындалған белбеу ұштарын, дөңгелек және сопақша жоспардағы тілі жылдам қола және темір айылбастарды да жатқызуға болатын сияқты.

Бірінші кезеңнің соңына екі серіппелі пластина фибула (түйреуіш) да жатады, мұндай бұйым IV ғасырда Польшадағы пшевор мәдениетінде де кеңінен таралған.

Қола айналар басқа да көптеген заттар сияқты қабірлерден де, қалалардың мәдени қабаттарынан да табылған. Әдетте бұл жалпақ диск, көбіне шеті шығыңқы және дискпен бірге құйылған сапты.

Культық бұйымдарға, сірә, аң-құс түріндегі қола алқа-бойтұмарларды жатқызуға болатын сияқты.

Саз балшықтан және алебастрдан адамның қарапайым түрінде жасалған пұттар да табылды, олардың бір бөлігі боялған.

Бірінші кезеңге парфяндық гемма да жатады. Халцедоннан дайындалған сасанидтік геммалар да бар.

Мысыр, Сирия, Үндістан елдерінде өндірілген тас және шыны моншақтардың, сонымен қатар жібек маталардың, кейінгі парфян және сасанидтік геммалардың табылуы жетіасарлықтардың кеңінен жолға қойылған сауда байланыстарын да айғақтайды.

Шаруашылық, әлеуметтік ұйымдасу. Қалаларда тіршілік еткен тұрғындардың шаруашылығы кешенді сипатта еді, олар балықшылық пен аңшылық аздап орын алған мал өсірумен және егіншілікпен айналысты. Тұрмыс қарекетінде маңызды рөл атқарған мал шаруашылығы түліктер арасында ірі мүйізді қараның көбірек өсірілуімен сипатталады. Тұрғынжайлар бірінен түйе мен үй шошқасы сүйектерінің бірге табылуы да қызығушылық туғызады.

Егіншілік те маңызды болды. Ирригациялық құрылыс іздері Қуандария алабының барлық аумағынан анықталған, барлық мәдени қабаттардан шыққан дәнүккіштер, тары мен арпа дәндері егіншілік маңызын айғақтай түседі. Сондай-ақ бірқатар қалалардың маңынан су жиналатын алаптар анықталған. Оны өзен суларының азаюы нәтижесінде адамдар жасауға мәжбүр болса керек.

Балық қылтанақтары мен қабыршақтары, балық аулайтын ілгек, сонымен қатар тұз тағыларының сүйектері тұрғынжайлардан көптеп аршып алынған, бұл «жетіасарлықтардың» натуралды шаруашылығында балықшылық пен аңшылық едәуір орын алғандығын айғақтайды.

Алғашқы кезеңде жетіасар мәдениеті Сырдарияның орта ағысындағы (қауыншы және ең алдымен отырар-қаратау) аудандардағы мәдениеттермен тығыз байланыста болды. Соңғы екеуімен жетіасар мәдениетін көп ортақ дүниелер (қала салу ісі, керамика дайындау, т.б.) байланыстырады. Бұл ортақ белгілер белгілі бір дәрежеде физикалық-географиялық жағдайға байланысты шаруашылық типінің бірдей болуымен де түсіндіріледі. Ұзақ уақытқа созылған тығыз қарым-қатынас орнатқан жетіасар мен отырар-қаратау мәдениеттерінің тұрғындары этносаяси байланысқа кеңінен түсіп отырды.

Хунну (сюнну) көне атрибуциясының сауалдары

Көшпенділер мәдениеттеріне жататын белгілі бір материалдардың ерекшеліктерін зерделеген кезде көптеген авторлар хунну археологиялық ескерткіштерінің сауалдарын да қарастырды, жекелеп алғанда Сырдарияның орта ағысындағы, Ферғана мен Солтүстік Қырғызстандағы оба астында жерге көмілген (катакомбалы) кешендердің тұрғындарына тән жайттар қозғалды. Олардың ғұндарға тән екендігіне қатысты – бірде біздің заманымыздың алғашқы ғасырларындағы жарқын кешендердің ерекше белгілері бойынша анықталса, келесіде этникалық көрсеткіштері ретінде жерлеу ғұрпының жекелеген бөліктері (оба астында жерге көму), енді бірде IV-V ғасырларға жататын заттық материалдар жиынтығы (қару-жарак, зергерлік бұйымдар, қазандар) мен жерлеу ғұрпының белгілері (оттың, жылқы сүйектерінің болуы) алынып отырды (А.Н.Бернштам).

Хунну ескерткіштерінің атрибуциясы солқылдақтау екендігі арнайы зерттеулерде айтылған. Мәселен, С.С.Сорокин Ферғана мен Талас аңғарындағы оба астында жерге көмілген (подбойно-катакомбные) қабірлердің басым бөлігі жергілікті мәдениеттерден бастау алатындығын біршама дәлелді түрде айтып кеткен.

Ғылыми айналымға жетіасар мәдениеті мен оралдық-қазақстандық ғұн-сармат кешендері материалдарының енуі Батыс Азия даласындағы ортаазиялық халықтың миграциясына байланысты этномәдени үрдістердің археологиялық бейнесін қайта қарастыруға алып келді. Бұл туралы археологтар С.Г.Боталов пен С.Ю.Гуцалов жазып жүр. Б.з.б. I ғасырдың екінші жартысындағы қытай хроникасы Сун-шу шаньюй Чжи-Чжи кангюйлермен бірге усуньдерге қарсы одақ құрып, өз тайпасын Кангюй иелігінің шығыс шекарасына алып келеді деп жазады.

Осы уақыттарда жетіасар некропольдеріндегі шикі кірпіш сағаналарымен қатар көшпелілердің солтүстікке бағытталған тік бұрышты шұңқыры мен бүйірлі қуысты обалары, хунну пішінді қазандар, керамикалық ыдыстар мен Ерте Хань дәуіріндегі қытай айналары пайда бола бастайды. Томпақасар, Алтынасар қорымдарындағы топырақ оба астындағы иықты және қуысты шұңқырдағы жерлеу кешендерінің Ильмовая Падьтағы Көкел (Кокэль) хунну және хунну-сармат кешендерімен ұқсастығы байқалған, әсіресе олардың Солтүстік Қытайдағы Даодуньцзы кенті жанындағы қорым материалдарына жақын екендігі анықталған. Қуыстардағы мал сүйегі ұқсастықтың жарқын

элементі мен этномәдени белгісі болып табылады, сондай-ақ қабірлерде сиыр бас сүйегінің болуы хунну мәдениетінің маңызды көрсеткіші ретінде белгіленген. Жетіасар екі құрауышты керамикалық кешені ыдыстардың екі тобынан тұрады, Бірінші топқа көшпелілердің ашық бейнедегі, «еден үстінде» күйдірілген, дөрекі иленген әрі біркелкі араластырылмаған, сұр түспен көмкерілген ыдыстары жатады. Бұл ыдыстардың түбі жалпақ, ұзынша пропорцияда, тұрпатының профилі жатық, мойыны ауыз қуысы тәрізді болып келеді. Екінші топтың ыдыстары құмырашы айналмасында дайындалған және көрікпен күйдіру әдісімен отқа қақталған. Олар: түрлі тұрпаттағы ыдыстар, хумдар, құмыралар, т.б. Л.М.Левина пікірінше, ыдыстардың бұл түрлері бұрын қалыптасқан жергілікті дәстүрді жалғастырады не болмаса Сырдарияның орта ағысы, Ферғана мен Тянь-Шань өңірі секілді іргелес этномәдени орталықтардың ықпалынан қалыптасқан. Бұлардың қатарына, ғұн типіндегі керамикалық қазандар енетіндігі сөзсіз.

Б.з. II ғасырында хуннулар маусымдық миграцияның дәстүрлі аймағы болған Орал-Арал өңірін белсенді түрде игере бастаған сияқты.

Сөйтіп, осы кезден бастап, зерттеушілердің топшылауынша, хуннулар Оңтүстік Оралдың орманды-далалы жиегінде пайда болады.

Батыста хунну II-IV ғасырлардағы сармат-алан тайпаларымен шектесті және қарым-қатынасқа түсті, бұл Лебедев қорымындағы шеткі некропольдар материалдарынан да көрінеді. II-IV ғасырларда далалы Еуропаның шығыс шекарасында хунну мемлекетті қалыптасып жатты және сарматтар мен аландар күйрей бастады.

С.Г.Боталов пен С.Ю.Гуцалов пайымдауына қарағанда, хуннулардың ғұн-сармат мәдени кешені Солтүстік Қытай аумағындағы провинцияларда (Шанси, Шэнси, Ганьсу, Хэбэй), ішінара Ішкі Моңғолия мен Оңтүстік-Батыс Маньчжурияда қалыптасқан. Оның негізгі белгілері: мүрденің басын батысқа қаратып, шалқасынан жатқызған; қуысы, бүйір қуысы, кертпесі бар тік бұрышты шұңқыр жасалынады; ғұрыптықтар үй малдарының басы түрінде. Бұл кешеннің тағы мынадай белгілері бар еді: дөңгелек тас үйінділері; тар тік бұрышты шұңқырлар; қатардағы қабірлердің солтүстікке бағытталуы және күрделі көп секциялы, тік бұрышты дәліз-дромосты (оңтүстікке қарай) сағана тұрғызу; түбіне қима салынып, ішіне басы солтүстікке қаратылған аксүйектер сағанасы іспеттес терең шұңқырлардың қазылуы. Хунну мәдени кешенінің түпкілікті унификациясы Моңғолияда, Байкалдың сыртқы жағында (кокэль мен шурмак мәдениеттерінің ескерткіштері) б.з.б. II-I ғасырларда қалыптасты. Аталмыш кешен Оңтүстік және Батыс Қазақстан шебінде трансформация ұшырайды. Ол орал-қазақстандық далаларда II-IV ғасырлар аралығында болған.

Хуннулардың археологиялық ескерткіштері Қазақстан аумағынан көп кездеспейді. Хуннулар дәл солардікі деп нық сеніммен айтатын ірі қорымдар мен обалар қалдыра қойған жоқ. Ескерткіштердің жоқ болатын келесі бір себебі жерлеу ғұрпының сипатына да байланысты. Хуннулар оба тұрғызған жоқ, жерлеу орнын тас қоршаумен ғана белгіледі.

Әйтсе де бірқатар авторлар Қазақстан аумағындағы кейбір ескерткіштерді, айталық құлажорға мәдениетін (Шығыс Қазақстан), қанаттас типіндегі нысандарды (Орталық Қазақстан) хуннуларға тиесілі деп есептейді. Алайда бұл археологиялық нысандардың хронологиялық шегі жоғарыда айтылған уақыттан (II-IV ғасырлар) сәл-пәл ертерек кезеңдерге жатады. Мұны аумақтық ерекшеліктермен, миграциялық үрдістермен де түсіндіруге болатын сияқты. Сірә, хуннулардың Қазақстанға келуі, жергілікті мәдениеттермен араласуы, мәдениеттерге тигізген әсерінің отандық тарихнамада әлі ұзақ уақыт түпкілікті шешімін таба қоюы екіталай. Бұл «ақтаңдақты» кешенді археологиялық ізденістер ғана толықтыруы мүмкін. Хуннуларға көптеген халықтардың бағынуы, олар құрған мемлекет құрамында сан алуан ұлттардың болуы мәдениеттердің жай-жапсарына өзіндік әсерін тигізгендігі анық. Екі тарап та бір-бірінің мәдениетін бойына сіңіре білді, нәтижесінде хуннулардың өзіндік мәдени келбеті қалыптасты.

Оңтүстік Сібірден белгілі болған хунну қорымдарындағы бай қабірлер кимаға (лақыттарға) салынып, алдын-ала қазылған қазаншұңқырға жерленді. Қазаншұңқырдағы астау-лақытқа мүрде мен қабір саймандары қойылды. Қайтыс болған адам денесі сырты жәшікпен жабылған ішкі жәшікке салынды. Мүрде жанына тұрмыстық заттар, қару-жарақтар, киімдер, кәнизактар мен құлдар қойылды. Ақіреттік ас ретінде ірі мүйізді қараның еті пайдаланылды.

Хуннулармен салғастырылатын заттар Қазақстан аумағынан сирек әрі кездейсоқ қана ұшырасып қалады. Хуннулармен ерекше биік конструкциядағы ерді, құс мамығына (жүніне) ұқсастырылған қабыршақты өрнекті, қола қазандарды кеңінен байланыстырады. Алайда хуннулардың жарқын бұйымдары – ерекше конструкциядағы садақ пен әшекейлер болып табылады. «Халықтардың ұлы қоныс аударуы» дәуіріндегі көптеген қабірлерден түрлі-түсті тастар орнатылған әшекейлер табылған. Хунну қабірлеріндегі қару-жарақтар, бас киімдер, белбеулер, аяқ киім, ер мен жүгендер алтынмен апталған, инкрустацияланған. Ерекше салтанаттылық пен байлық байқалады. Дегенмен алтыннан жасалған ірі көлемдегі заттар сирек әрі көп емес. Әдетте бұлар алтын қаңылтыршамен (фольгамен) қапталған немесе алтын жалатылған күмістен және қоладан жасалған заттар болып табылады. Металл қондырғыға салынған қызыл және жасыл түсті тастар да аса бағалы емес.

Хунну типіндегі классикалық садаққа жеті сүйек жапсырма орнатылған: екі шетіне екі-екіден сүйек жапсырма орнатылды, олардың әдетте ұзындығы біркелкі емес; ал орта тұсына үш жапсырма қойылған, олардың жалпақ келген екеуі садақтың ағаш негізінің екі бүйіріне, ал үш жақтары аздап кеңейтіліп, өзі тарлау жасалған үшіншісі олардың ортасына, садақтың сыртқы жағына қойылған. Садақтың иық тұсындағы бөлік қосымша сүйек пластиналармен бекітілді. Бір басындағы жапсырмалар айырмашылығынан хунну садағы асимметриялы болып келді.

Әйел адамдардың қабірлерін ерекше сипатта жасалған диадемалар, сонымен қатар белбеу айылбастары, бас киімді әшекейлеп тұрған бөлшек

түріндегі моншақтар дараландырады. Тері аяқ киімдерден көбіне айылбастар мен белбеу ұштары сақталған.

Қазақстан көне заманын зерттеушілер хуннулармен екі ескерткіштерді нақты байланыстырады. Бұлардың бірі Л.М.Левина қазған Ақтөбе қаласының жанындағы қабір. Аталмыш жерлеу орны су шайған құмды-сазды қабатта орналасқан. Археологиялық ізденістер барысында ағаш табыт конструкциясын анықтаудың сәті түскен. Кірпіш құландысымен тығыз жабылған су шайған шөгінді қабатындағы ағаш үгінділерінің қалдықтарынан табыт-астау тұрпаты (пішіні) орны нақты анықталған. Тіпті бос кеңістік пен су шайындысынан табыттың қиысқан жігінің нақты көрінуі, оны толық қалпына келтіруге мол мүмкіндік берген болатын.

Табыт бөлме ішіндегі батыс қабырғаны бойлай, солтүстік қабырғаға дейін жетіп тұрды.

Ұзындығы 2,1 м, бас жағындағы ені 60 см, аяқ тұсындағы ені 42 см. Оның конструкциясы шарбақ тәріздес. Қиындысы шаршы секілді төрт бағана (5x5 см) бұрыштарына орнатылған және жоғарғы мен төменгі рамаларды байланыстырып тұрады, оған өзара байланыстырылған алты жалпақ тақтай бекітілген.

Табыт түбін дәл сондай келген ені 5-6 см жеті жалпақ тақтай құрайды, олар тігінен қойылған тіреулердің астыңғы бөлігіндегі төменгі раманың қиысқан жігін көлбей орналасқан. Бас жақтан табылған ағаш фрагментіне қарағанда бұрыштық бағаналардың жоғарғы бөлігі дөңгелек секілді оймышталып келген. Орта тұсынан диаметрі 1,5 см, артқы бетінде ағашқа бекітілетін сүйірі бар әшекей табылған. Табыттың қақпағын табудың сәті түспеген, ол топырақ түскеннен кейін қираған болса керек; тек қана оның шығыс жақтағы шеткі ұзынша кеспелтегі ғана сақталып қалған.

Топырақ қабатындағы сақталған іздерге қарағанда, табыттың бүйір қабырғалары ені 7 см-ге дейін жететін төрт тері жіппен оралған. Түбінен ешқандай төсеніш табылмаған. Табытқа мүрде мен қабір саймандары қойылған. Қайтыс болған адамның басы солтүстік-батысқа қаратылған, шалқасынан жатқызылған. Басының оң жағына екі ағаш ыдыс қойылған.

Бас сүйегінің қасынан күміс пен алтыннан араластырылып құйылған, көзтана мен шыны жапсырмалармен әшекейленген алқа табылған.

Мүрде денесінің төменгі бөлігін ағаш қабығынан жасалған (қалдықтары мен іздеріне қарағанда) қорамсақ пен садаққа арналған құты жауып тұрған. Оның ұзындығы 1 м-ден кем емес, ернеуіндегі ені 38 см, ал түп жағындағы ені 28 см.

Құтының ішінде сүйекпен қапталған ұзындығы 1,2 м ағаш садақ, бір жүзді темір пышақ, қой құйымшағы мен жебе салынған қорамсақ жатқан.

Қорамсақ (ұзындығы 77 см, ені 11 см) қалдықтарына қарағанда ағаш қабығынан жасалған, ағаштан орнатылған түбінің қалыңдығы 2,4 см. Қақпағының іздері анықталмаған. Жебенің қамыс секілді ағаштарының ұзындығы 70-75 см және де ұштары темірден жасалынған (20-дан астам), бірақ олардың сақталуы өте нашар деңгейде. Жебе ұштары үш қалақты, ұзындығы 5,5 см-ден 7 см-ге дейін жетеді. Ағаш сапты екі жебе қорамсақтан

алынып, мүрденің иық тұсына қойылған. Олардың бірі екі қалақты, жалпақ, қалақтың шеттері аздап жоғары қарай қайтарылған, ұшы аздап дөңгеленген. Келесі жебе ұшы үш қалақты, оның істігі аздап төмен қарай бағытталып жасалынған.

Белбеуден төмен қаңқаның жамбас сүйегінің жанында темір қанжар жатқан. Сақталу деңгейі нашар екі жүзді бұл қанжарды сабымен қоса есептегенде ұзындығы 35 см; сабында ұштығы мен айқыштамасы (балдағы) жоқ, жүзі мен сабына өтер тұсы тік бұрышты болып кертіліп жасалған. Онда ағаш қынаптың іздері сақталып қалған. Қанжардың жоғарғы және төменгі жағынан екі темір айылбас табылған. Бірінің тілі қозғалмалы және дөңгелек қалқаншалы, ал екіншісінің тілі сақталмаған, оның пішіні тік бұрыш алаңқай сияқты.

Қаңқа үстіндегі қабырғасынан төмен күйдірілмеген саз балшықтан жасалған сұр түсті, диаметрі 8-9 см, ені 2 см-ге жуық «шелпек» жатқан.

Мүрденің тізе тұсынан екі шағын темір ілгек табылған, бұлар ағаш қабығынан жасалынған сауытшаның шеттерін бекітіп тұрса керек.

Аяғындағы жіліншік (сирақ) тұсына екі қатар дөңгелек мыс тоғалар қойылған.

Сипатталған кешенге Орта Азияда Кеңкөл (Кеңқол) қорымындағы ағаш табыттарға жерленген қабірлер өте ұқсас.

Қабірлерден алынған жекелеген заттарды салыстыра келе Л.М.Левина бұл ескерткішті IV ғасыр соңымен және IV-V ғасырлар шебімен мерзімдеді.

Хуннулармен байланыстырылатын тағы бір олжа – Талас аңғарындағы Қызыл-Қайнартөбе қонысындағы қабір.

Қызыл-Қайнартөбенің орталық бөлігінде күмбезді дәліз типіне ұқсас екі параллель бөлмеден тұратын құрылыс қаландысы анықталған.

Батыс бөлменің солтүстік бөлігіне қазіргі жер бетінен 3 м тереңдікте түсірілген тікқазбадан (шурфтан) шартты түрде «Жауынгер қабірі» аталған мола аршылды.

Қабір күмбез астына қарай жылжытылып, қабір шұңқырын катакомба кейпіне енгізген. Қаңқа камераны бойлай ұзына бойынан шалқасынан жатқызылған, басы солтүстік-шығысқа бағытталған, қолдары денесінің жанына қойылған.

Иық тұсының деңгейінен мөлшері 4,6x3,5 см дөңгелек сүйек пластина табылған. Ол семсердің немесе қанжардың жапсырмасы болса керек.

Мойынын алтын шынжыр әшекейлеп тұрған, ол жұқа алтын жіптермен өрілген; ұзындығы 35 см.

Мүрденің бел жағынан белбеу табылған. Ол қозғалмалы тілді қола айылбастан және қоладан жасалған фигуралы пластинка бекіткіш-құлақшадан тұрған. Белбеудің теріден жасалған сыртқы бөлігі бантик түріндегі жұқа қола пластинкалармен әшекейленген.

Белбеуден төмен бір жүзді темір қанжар жатты. Жүзінің екі жағынан да қынаптан сақталып қалған ағаш қалдықтары анықталған.

Белбеуден төменірек, сол жақтан бүтін және кейбірінің белгілі бір бөліктері сақталған 8 темір жебе ұштары табылған. Олардың барлығы үш қалақты, сапты болып келген.

Белбеуден төмен қарай, оң аяққа параллель түрде темір семсер жатты. Оның сабын есептемегендегі ұзындығы 74 см. Сабы тек 2 см болып қана сақталған.

Жамбас тұсында кезінде садақтың ағаш бөлігіне жапсырылған сүйек пластинкалар жатқан. Олардың екеуі садақтың басы жағына, үшеуі орталық бөлігіне қойылған.

Осы деңгейден, қаңқаның оң жағынан алтын қаңылтыршадан жасалған зат табылған, ол жылқы мүсінінің алдыңғы бөлігіне ұқсайды.

Бас сүйегі мен мойын тұсынан алтыннан жасалған самай сырға табылған, ол көзтанамен және қызғыш-қызыл түсті шынымен әшекейленген.

Бірқатар зерттеушілер (С.Г.Боталов, А.А.Бисембаев) соңғы жылдары Қазақстанның батыс өңірлерінен табылған кейбір ескерткіштерді (Басшилi қорымындағы №10, 11, 15, 25, 26, 42 обаларды) ғұндарға тән деп есептеп отыр. Мамандардың пікірінше, Батыс Қазақстандағы 300 астам обалары бар ескерткіштердің 16 тобын ғұн дәуіріне жатқызуға болады. Лебедевқа-Қалдығайты ауданында ғұн-сармат дәуіріне жататын ескерткіштердің шоғырлануына қарап, бұл жер ерте көшпенділердің маңызды орталықтарының бірі болғандығын тілге тиек етеді.

2001-2002 жылдардағы далалық жұмыстар Ақтөбе облысының Мұғалжар ауданындағы Басшилi (Басшийли) кенті маңындағы қорымнан бірнеше оба қазылады. Мұндағы топырақтан тұрғызылған №10 оба бұрыс пішінді. Жалпы диаметрі 8x10 м, биіктігі 0,12 м, ішкі диаметрі 3,5 м. Қабір шұңқыры (ауданы 0,65x2,05 м) обаның орталық бөлігінде орналасқан. Мүрденің басы солтүстік-батысқа қаратылып, шалқасынан жатқызылған, қаңқа сүйектері өте нашар сақталған. Оң жақ жамбасынан түйреуіш бөлігі алынған. №11 оба қорымның батыс жағында. Үйінді диаметрі 23,5 м, биіктігі 1 м-дей. Оба ормен қоршалған, оның жалпы диаметрі 28 м, ені мен тереңдігі әр жерінде әрқалай. Ең тар бөлігі оңтүстікте. Мұндағы ені 2 м-ге жетеді. Үйінді стратиграфиясын зерттеген кезде топырақтан тұрғызылған сағана құрылысы байқалған. Сағана тікбұрышты (13x14 м) пішінде, қабырғаларының қалыңдығы 1,5-3 м-ге дейін жеткен. Оңтүстік жағынан дәліз (шамамен ені 3-5 м) өткен. Қабырғаларына құрбандық кешендері салынған (жылқы пен қойдың 12 дана сүйегі шыққан). Мола шұңқыры сағана ішіндегі кеңістіктің оңтүстігіне қарай қазылған. Тікбұрышты келген қабір шұңқырының (3,2x2 м) түбіне 6 тақта-ағаш төселген. Тақтайлардан қызыл бояу анықталған. Қабір тоналған. Қаңқа сүйектері шашылып кеткен, тіпті деформацияға ұшыраған бас сүйек астау (табыт) сыртындағы қуыстан табылған. Қазба барысында 42 дана алтын жапсырма, қаңылтырша бөлігі, күміс айылбас пен белбеу қалдығымен бірге екі құрсау-сауыт, қоладан жасалынған стержень алынған. Күміс айылбас рамкасы (диаметрі 1,5 см) дөңгелек келген, тілі аздап қана шығыңқы әрі шеттері ішке қайырылған. Ал қорымның орталық бөлігіндегі №15 оба пішіні гантель тәрізді, екі дөңгелек үйіндіден тұрады: кішісінің (шығыс) диаметрі 9

м-дей, биіктігі 0,5 м; үлкен үйінді (батыс) диаметрі 10 м, биіктігі 0,45 м. Бұл үйінділер өзара ені 3-4 м, биіктігі 0,2-0,25 м жалмен жалғасқан. Қазба барысында олардан ешқандай материалдар алына қойған жоқ. Қорымнан осындай 7 құрылыс анықталған. Бұлардың культтық мәні болғандығы анық. Оған карағанда №25 обадан (үйінді диаметрі 8 м, биіктігі 0,4 м) біршама заттар алынған. Обаның қабір шұңқыры 0,7x2 м. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа бағытталған. 2 м шамасында ұңғылап қазылған бөлік аршылады. Қабір түбінен басы солтүстік - солтүстік-шығысқа бағытталған әйел адамның қаңқасы аршылған. Оның оң қолы ұзынынан жатса, сол қолы білек тұсында аздап бүгілген. Сол жақ тізесінің қасынан қола айна, темір қайшы мен қабыршақтар қалдықтары, білегінен моншақтар, сол жақ қолы маңынан екі керамикалық ұршықбас, оң төсінен темір түйреуіш қалдықтары шыққан. №26 обадан (үйінді диаметрі 8 м, биіктігі 0,2 м), қола жапсырма, серіппе, қамшы табылған. №42 обадан (диаметрі 9 м, биіктігі 0,5 м) керамика қалдықтары, мал сүйектері шыққан. Обаның ортасында орналасқан (90 см тереңдіктен) тікбұрышты (0,7x2,2 м) қабір шұңқырынан түйреуіш пен тағы бір керамика бөліктері алынған. Қабір тоналған.

Қазақстан аумағында біршама түрленген хунну мәдениетін толымды түрде зерделеу үшін арнайы далалық ізденістер ұйымдастырылуы қажет. Дегенмен қолдағы материалдар II-IV ғасырларда Қазақстанның батыс өңірлері ғұн бірлестігі біршама тұрақты түрде толығып, қалыптасқан аймақ болғандығын көрсетеді. Мұнда бірнеше мәдениеттердің тоғысуына бірқатар объективті факторлар (географиялық, саяси, экономикалық, т.б.) өзіндік әсерін молынан тигізгендігі анық.

Савромат ескерткіштері

Савромат ескерткіштері Батыс Қазақстанда шоғырланған. Оларды кезінде М.Г.Мошкова, Г.Д.Кушаев, М.Қ.Қадырбаев, Ж.Қ.Құрманқұлов зерттеген, қазіргі таңда А.А.Бейсембаев, С.Ю.Гуцалов, Ж.Смаилов, т.б. зерттеп жүр.

1-кезеңге жататын ескерткіштер қатарына мына обалар мен олардағы қабірлер кіреді: Қос-Оба қорымындағы №16 обадағы II, IV, V қабірлер; Мамай-1 қорымындағы №6 оба қабірі; Дөңгелек қорымындағы №6 оба, II және III-қабірлер, №8 обадағы III-IV қабірлер; Рыбное көлі жанындағы Сақрыл-1 қорымындағы №13 оба, I-қабір; Сақрыл-2 қорымындағы №2 обадағы I-қабір; Сақрыл-3 қорымындағы №7 обадағы I-қабір; Бубенцы-1 қорымындағы №9 оба, III-қабір; Шайтан-Оба қорымындағы №1 оба, I-II қабірлер; қалмақ-Шабан қорымындағы №2 оба, III-қабір.

Орал өзенінің сол жағалауындағы б.з.б. I-мыңжылдық орта тұсына – Шалқар-3 қорымы, №5 оба, I-қабір; Шалқар-5 обасындағы №4 оба; Барбастау-3 қорымындағы №16 оба – I және II-қабірлер; Алебастрово-1 қорымындағы №18 оба жатады.

Бұл кездегі қабір шұңқырлыра тік бұрышты, үлкен көлемді болып келеді.

Тек қана бір қабірдегі жерлеу шұңқыры сопақша пішінде жасалған (Алебастрово-1 қорымындағы №18 оба қаңқасы батысқа қарай бағытталған).

Қабірлерден қыш ыдыстары көптеп табылған. Көзелердің түбі дөңгелек келген, кейде су ағары және жалпақ түбі барлары да ұшырасады. Конус тұғырлы қола қазандықтар немесе құрбандық үстелдері де кездеседі. Бұл кездегі обаларға ұжымдық жерлеу, жылқы сүйектерінің болуы, шет жақтардан әкелінген заттардың табылуы тән. Осы шеңберге кіретін ескерткіштердің жарқын белгісі – «аң стилінде» жасалынған қолданбалы өнер туындыларының олжалары болып табылады.

Шалқар-3 қорымындағы №4 оба үйіндісінің диаметрі 24 м, биіктігі 0,8 м болған. Қабір шұңқыры шығыстан батысқа қарай бағытталған, оның ұзындығы 3,6 м, ал солтүстіктен оңтүстікке қарай жатқан ені 2,35 м, шеттерінде оны оңтүстіктен солтүстікке қарай жауып тұрған ағаш қалдықтары сақталған. 3,5 м тереңдіктен екі адамның қабірі табылған: шығыс қаңқаның басы солтүстік-шығысқа бағытталған. Ол шалқасынан жатқызылған, қолдарының сүйектері денесін бойлай орналасқан, аяқтары тігінен созылған. Батыс қаңқа басы оңтүстік-батысқа қаратылған. Шығыс қаңқа әйел адамның, ал батыс қаңқа ер адамның сүйегі болса керек. Батыс қаңқадан солға қарай, қолдары мен көкірек тұсының арасынан жоны жапырылған темір пышақ табылған. Пышақтың сақталған бөлігінің ұзындығы 10 см. Қаңқаның белбеу тұсынан дөңгелек пішінді темір айылбас шыққан, ал сол жақтан дәл осыған ұқсас қола айылбас табылған. Қаңқаның оң жамбас сүйегінен сәл өменірек жерде ұзындығы 15,5 см қайрақ тас жатқан. Жамбас сүйек пен одан 20 см қашықтықтан үш қырлы және үш жиекті ұңғымалы (төлкелі) қола жебе ұштарының 19 данасынан тұратын жиынтық шыққан.

Қабірлер жатқан алаңқайды тазалау барысында қорамсақтың қоладан жасалынған көлемді ілгегі, оның қасынан керамикалық жалпақ шетен табылған.

2002 жылдан бастап Археология және тарих орталығының Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының қызметкерлері Орал өзенінің сол жағалауында зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Экспедицияның негізгі зерттеу нысандарына Қырық-Оба-2 мен Лебедевка-2 некропольдеріндегі обалар кірді.

Лебедевка қорымы Батыс Қазақстан облысының қиыр шығысында орналасқан.

Мұндағы солтүстіктегі Лебедевка ауылына дейін бірнеше километрге созылып жатқан кең байтақ Есен-Амантау үстіртіне көшпенділер жүздеген обалар тұрғызған. Лебедевка обалары ХХ ғасыр 60-жылдарынан бастап зерттеушілердің назарына түскен. Сол кездері өлкетанушы Г.И.Багриков б.з. бас кезіне жататын көшпенділер ақсүйектерінің бай қабірлерін аршыған болатын.

Үстірттің биік бөлігінде биіктігі 2,5 м-ге жететін, диаметр 25 м-ден асатын ең үлкен обалар орналасқан.

Бірінші топқа жататын обалардың көлемі – диаметрі 20 м, биіктігі 0,6 м шамасында. Олардың астына тік бұрышты келген ұзындығы 2,5 м, ені 1,5 м шұңқырлар түскен. Ақіреттік ас ретінде молаға қойдың еті (төсімен бірге

алдыңғы аяғы) қойылған. Мүрделер киізге немесе қамыс төсенішке жатқызылған. Қабір саймандарына қарағанда (темір қанжар-ақинақ, тері қорамсақ пен ондағы қола жебе ұштары, кейде темірден немесе сүйектен жасалынған жебе ұштары да кездеседі), қатардағы көшпенділердің көпшілігі жауынгер болған.

Екінші топтағы обалар көлемі мынадай: диаметрі 25-40 м, биіктігі – 1,5-2,5 м шамасында.

Археологиялық ізденістер барысында жерлеу ғұрпы мен қабір құрылыстарының конструкциясын анықтаудың сәті түскен.

Олардың әрбірі күрделі архитектуралық конструкция болып табылады, оның негізін ауданы 8x16 м-ден 15x15 м-ге дейін жететін тік бұрышты немесе шаршы түріндегі алаңқайды қоршап тұрған үйінді жал құрады. Жал балшық блоктарынан құрастырылды. Жалмен пішінделген алаңқайдың ішкі бөлігінің үстігі тегіс болды және ол қылқан жапырақты ағаш қабығымен жабылды. Жалдың шығыс жағынан кірер есік орны байқалады.

Обалардың біріндегі (№9) алаңқайдың оңтүстік бұрышындағы төсенішке жүгенделген ат жерленген. Ат аяқтары бүгілген күйінде қойылған. Тағы бір аттың бас сүйегінің қалдықтары моланың ағаш жабындылары арасынан шыққан. Молаға кем бегенде бес бала жерленген. Жас өспірімдер қасына ғұрыптық малта тас пен бай құрал-саймандар қойылған. «Бұрым тәрізді» шынжырлы жібі бекітілген ілгегі және қабырғалы ромб түріндегі алқасы бар алтыннан жасалған самай сырға табылған. Сонымен қатар №8-обадан қамшының күміс құбыршасы аршып алынған. Мұның бәрі обаларда жерленген адамдардың жоғарғы әлеуметтік статусын нақты көрсетеді.

Лебедевка-3 қорымын қазған кезде обаның барлық орталық бөлігінен күл қабаттарының қалдықтары анықталған. Күл қабаты ортада орналасқан және диаметрі 30 м-дей болған ағаш конструкцияның қалдығы болып табылады.

Обаның орта тұсында қазіргі жер беті деңгейінен тік бұрышты, ауданы 6,4x7,6 м, ұзын белдеуі бойынша батыстан шығысқа қарай бағытталған қабір шұңқыры табылған. Шұңқырдың жоғарғы қабатынан тастан жасалған алтарь сынығы аршып алынған. Тереңнен екі қабір қалдығы аршылған.

№1 қабір моланың орталық бөлігінде орналасқан. Ондағы мүрденің оң қолынан батысқа қарай қола жебе ұштары, білегінен оңға қарай темір умбон мен қола жапсырма жатқан. Аталмыш қаңқадан шығысқа қарай, шұңқыр қабырғасының жанынан ішіне екі темір шпенька орналасқан қасқыр тұмсығы сияқты сүйек бұйым табылған.

№2 қабір моланың батыс жағында жатқан ересек адамның қаңқа сүйектерінің шоғыры іспеттес. Сүйектердің айналасында қола жебе ұштары шашылып жатқан. Олардың басым бөлігі қалдық сүйектердің оңтүстік-шығыс жағына шоғырланған. Бұлардан оңтүстікке қарай 40 см жерден шағын темір пышақ табылған.

Топтағы ең ірі әрі басқаларына қарағанда жақсы сақталған №6 оба болып табылады.

Обаның өлшемдері: диаметрі – 30 м, биіктігі – 2,25 м; обалар тізбегінде орталық бөлікте орналасқан. Жерлеу қабірі топырақтан тұрғызылған сағана

ретінде қалпына келтіріледі, ол сыртқы және ішкі екі бөлмеден (қабырғалары шикі кірпішпен өрілген) тұрады. Сағана мөлшері – тұрпаты бойынша шаршы түрінде, - 22x24 м. Сағананың ішкі бөлігі 17x17 м және толығымен қылқан жапырақты және ақ қайың ағаштардың қабығымен жабылған, үстіне бұталар мен ағаш қабықтары төселген. Төсеніш ортасынан, қабық астынан обаның орталық бөлігіндегі қабір шұңқырын жауып тұрған ақ қайың бөренелері аршылған. Сағаны тік бұрышты жал қоршап тұрған. Қабырғаның қирандысына қарағанда, жал негіздеме ретінде пайдаланылған, оның үстіне ірі балшық блоктары қаланған, олардың араларына жұқа сары топырақ лай төселіп отырған. Жалдың ені 1 м-ден 4 м-ге дейінгі аралықта.

Өлшемі 4,2x4,6 м, тереңдігі 3,8 м моланың түбі тік бұрышты тұрпатта, оған киіз төселген сияқты. Шұңқырдың ортасынан басы батысқа қаратылып, шалқасынан жатқызылған, сақталуы нашар қаңқа шыққан, ол әйел адамның қаңқасы секілді. Қолдары денесін бойлай жайғастырылған. Қаңқаның үсті бұтақты жабындымен жабылған.

Қабірде бай құрал-саймандар болған. Бас сүйегінің артқы жағынан бай бас киім қалдықтары шыққан, мұнда конус тұрпатты алтын тоғалардың шоғыры анықталған. Олардың арасында сыртқы жағында екі ілгегі бар бұғының басы түріндегі пластинкалар, сонымен қатар түсі әртүрлі және де тұрпаты әркелкі моншақтар да болды. Қайтыс болған бұл әйел адамның жанынан көптеген әшекейлер табылды: мойын тұсынан шыны моншақтардан жасалған алқа мен дөңгелек тұрпаттағы алтын тоғалар; кеудесінен алмұрт тәрізді пішіндегі 9 алтын моншақтан тұратын алқа; самай тұсынан жіпті ілгектен, ұзындығы 20 см шамасындағы «бұрым тәрізді» шынжырдан, аяқталар тұсында сақинасы бар, оған ұзындығы 13 см екі шынжыр бекітілген, оларға 24 шарик жапсырылған екі алтын салпыншақ-алқа шыққан. Шынжырдың аяқ жағына жарты сфера түріндегі диаметрі 1,8 см тоға жапсырылған, оған геометриялық өрнектер түсірілген. Астыңғы жағынан сфераға ромб пішінді ұзындығы 2,2 см 5 алқа тағылған, олардың ұшына үш дән жабыстырылған. Көйлек етегі мен аяқ киімге моншақтар тағылса керек.

Қаңқадан солға қарай сапты қола айна жатқан, ол үш қола бекітпе арқылы жалпақ дискке бекітілген. Сабының ұшына қабан мен самұрық бейнесі түсірілген, оның дискіге жалғасқан жеріне самұрықтың басы салынған. Бас сүйектен оңға қарай кара-көк түсті шыныдан жасалған ыдыс жатқан. Оның тұрқы бірін-бірі алмастырған ақ және қоңыр түсті ирек сызықтар өрнегімен әшекейленген. Тағы бір шыны ыдыс жамбас сүйегінің сол жағынан табылған. Оның жанында меруерттей құлпырған жарқыл заттары бар кара түсті бояу шашылып жатты. Осы жерден қызыл түсті бояу толтырылған қабыршақ табылды, оның қасынан ашық қоңыр түсті сопақша малта тас алынған. Аяқ жағынан биконус тұрпатындағы қыштан жасалған ғұрыптық ыдыс аршылған.

Қаңқадан оңға қарай, кеуде тұстағы омыртқаларға қарама-қарсы жақтан қайрақ тас алынған. Қайрақ тастың қасында саз балшықтан жасалған биконус тұрпаттағы ұршықбас жатты.

Қазба жүргізілген екінші нысан *Қырық-Оба-2 обалар тобы* болды.

Қырық-Оба-2 тобы батыстан шығысқа қарай тізбектеле 5 км-ге созылған жиырма алты обалардан тұрады.

Қазылған №16 обаның диаметрі 29 м, биіктігі – 1,2 м. Қазба нәтижесінде күрделі архитектуралық конструкция анықталды. Периметрі бойынша жерленген қабатқа балшықтан диаметрі 38 м, ені 4 м-дей және биіктігі 0,5 м сақина жал тұрғызылған. Оңтүстік бөлігінде қабір шұңқырына өтетін ұзындығы 7,4 м, ені 5,3 м орын болды. Ұзын қабырғалары бойынша мола солтүстіктен оңтүстікке қарай бағытталды. Молаға кіретін жер (дромос) обаның оңтүстік табанынан басталған. Оның ұзындығы 14 м, ені 1 м, тереңдігі 1,5-1,8 м шамасында.

Мола үстіне шаршы түріндегі мөлшері 11x11 м сағана тұрғызылған. Қабырғасы 4 кірпішпен қаланған. Олардың қирандылары 0,9 м биіктікте сақталған. Қабырғаның ені 1 м-ді құрады. Өртеу нәтижесінде сағананың үлкен бөлігі қабір шұңқырына құлаған. Кірпіш қаландысының өртеліп үлгермей обаның сыртқы жағындағы балшық жалға қарай құлаған. Сағана ішіндегі кеңістік қамыспен толтырылған.

Молаға кіретін есік маңындағы жерде жылқылар өлтірілсе керек, бұл маңайдан үлкен қола сақина табылған, ал жылқы қаңқасына қарама-қарсы жатқан дромос түбінен шеті самұрық басы түріндегі қола сулық шыққан. Жылқының аяқтары бүгілген, басы солтүстікке қаратылған.

Мола ежелгі замандарда-ақ тоналған. Оның түбінен шашылған қаңқа сүйектерінің бөліктері мен құрал-саймандар кездескен: темір пышақ, жапсырылған ыдыс, алтынмен және күміспен құрсауланған ағаштан жасалған ғұрыптық ыдыстар, т.б.

Жоғарыда сипатталған қабірлердің барлығы б.з.б. VI ғасыр соңы мен б.з.б. V ғасырдың орта тұсына жатады. Жебе ұштарының кейбірі б.з.б. VII-VI ғасырлармен мерзімделінеді. Алайда қорамсақтарда б.з.б. V ғасырға тән үш қалақты қола жебе ұштары басым. Қайрақ секілді ұштығы мен көбелек тәрізді айқыштамалы (балдақты) темір семсерлер, түбі жалпақ ыдыстар Орал маңындағы далалы аймақтарда б.з.б. VI ғасырда пайда болып, б.з.б. V ғасырда кеңінен таралады. Көрсетілген уақытқа аң стилінде жасалған жылқы жүгендерінің жекелеген бөліктері де тән. Қырық-Оба-2, Лебедевка-2 қорымдарынан кездескен қалған материалдар (шыны моншақтар, алтын алқа мен тағылатын тоғалар) да жоғарыда аталған мерзіммен сәйкес келеді.

Батыс Қазақстанның тарихи савроматтармен байланыстырылатын ең жарқын әрі айқын археологиялық кешендері Елек өзенінің орта ағысы аңғарында шоғырланған. Електегі обалардың басым көпшілігі осы мәдениеттің гүлдену кезеңіне - б.з.б. VI-V ғасырлардың аяғына жатады.

Сынтас қорымындағы №1 обадан ежелгі замандардағы жер бетіне бөренелерден орнатылған шатыр конструкциясының астынан үш қаңқа шыққан, олардың басы батысқа қаратылған. Қайтыс болған адамдар жанына қойылған құрал-саймандар – қару-жарақтан (қола жебе ұштары, темір қанжарлар мен қорамсақ ілгектері), аттың жүген-әбзелдерінен (темір сулықтар, қола айылбастар, т.б.) тұрмыстық заттардан (қыш ыдыстар, темір пышақ, т.б.) тұрады. Әсіресе Сынтастан табылған сүйек қасықтарға баға

жетпейді. Мұндағы қасықтарға басы арт жағына қайырылған қасқыр мүсіні, қаракұйрық басы, тау текелердің мүсіні мен жыртқыш аңдардың бастары асқан шеберлікпен бедерленген. Бұл заттар көне замандарда Қазақстанның байырғы халқы жарқын мәдениет туындыларын қалдырғандығын білдіреді.

Нагорный қорымында көп адам жерленген дромостық қабірлер тобы ерекше көрінеді. Көлемі 200-250 шаршы метрге дейін жететін орасан зор үлкен ағаш құрылыстардың астында кейде ор қазып нобайланған, 10-15 өлікті орналастыруға жететіндей көлемдегі төрт бұрышты құрылыстар бар, еліктер мазарға бөренеден жасалған арнаулы дәліз арқылы біртіндеп енгізілген. № 2-обаға он екі елік жерленген, олардың 11-і - жауынгерлер де, біреуі – жасөспірім қыз, оларға арнаулы табыну құрылысын жапқан бөренелерге салынған 12 аттың бас сүйегі мен терісі сәйкес келеді.

Елек тобы ескерткіштерінің негізгі ерекшеліктері мыналар: ағаш құрылымдар пайызының көп болуы, олар кейде әдейі өртелген; жерлеу құрылыстарының әр алуан үлгіде болуы (тікбұрышты, дөңгелек және сопақ шұңқырлар, дромостық молалар, жер бетіне жерлеу және т. б.), көп адам жерлеудің (соның ішінде - көп қабатты) көптеп кездесуі, басын оңтүстікке қаратып жерленгендер пайызының жоғары болуы.

Тұрмыс заттары арасында құрал-саймандардың ең көп кездесетіндері жапсырып істелген, жайпақ түпті ыдыстар болып табылады. Әдетте кішкене немесе керісінше, көрінеу ұзартылған, жүзі шағын темір пышақтар кездеседі. Қару-жарақтар үстіңгі жағы жалпақ және көбелек тәрізді, кейде алқымы дөңес темір семсерлер мен қанжарлардан тұрады. Б.з.б. V ғасырдан бастап Електе жүзі доға тәрізді және алқымы күрт кесілген сияқты семсерлер таралғандығы мәлім. Жебелердің екі қырлы (ертөректегі жиынтықтар) және үш қырлы ұңғылы қола ұштарынан тұратын қорамсақ кешендері ерекше көп және типологиялық жағынан алуан түрлі; олардың арасынан сапты ұштылары да жиі кездеседі. Қорғаныш жарақтарының қалдықтары өте сирек. Ат жүгендері тура немесе «S» тәрізді сулықтары бар темір ауыздықтар, қола айылбастар және түрі мен мақсаты әр алуан тоғалардан тұрады. Заттардың көбісін өрнектегенде аң стилі жиі қолданылған.

Сармат ескерткіштері

Б.з.б. IV-II ғасырлардағы Прохоров мәдениеті. Б.з.б. IV ғасырда антикалық авторлар жазған Оңтүстік Орал мен Каспий маңында сармат тайпалары тіршілік етті. Олар мыңдаған жылдар бойы осында өмір сүріп әрі осында келген тайпалармен біте қайнаса отырып, бірқатар археологиялық мәдениеттер қалдырды. Оның алғашқысы «прохоров мәдениеті» б.з.б. VI-V ғасырлар шебінде скиф, массагет және савромат секілді басты үш этномәдени құрауыш (компонент) негізінде қалыптасып, дами бастады. Қазба материалдары бұл этникалық топтардың бір мезгілде емес, бірінен кейін бірін алмастыра отырып б.з.б. VI ғасырдан бастап ене бастағандығын нақты аңғартады.

Оңтүстік Орал археологиясында екінші кезең ескерткіштері жерлеу құрылыстары, қыш ыдыстар, қару-жарақ және де өзге бұйымдар негізінде жіктелінеді. Әдетте олар б.з.б. IV-II ғасырлармен мерзімделінеді де, ерте сармат мәдениеті немесе прохоров мәдениеті (Н.С.Рыков, И.В.Синицын, К.Ф.Смирнов, М.Г.Мошкова) деп аталынады. Кейде бұл хронологиялық кезеңді ерте темірден сармат мәдениетіне «өтетін» кезең деп те атайды.

Б.з.б. IV-II ғасырлар ескерткіштерін М.Г.Мошкова зерттеді де, олардың кезеңдестірілуін жасады.

Б.з.б. IV-II ғасырларға жататын далалы Орал маңындағы сармат ескерткіштеріне шұңқыр мен қаңқалардың оңтүстік бағыты тән.

Ерте прохоров кезеңінде солтүстіктен оңтүстікке бағытталған тікбұрышты шұңқырлары қабір шұңқырының негізгі түрі бол бастайды. Жерленген адамдардың басы оңтүстікке қаратылған. Ұжымдық қабірлер де кездеседі. Олардың ерекшелігі – ер адамның да, әйел адамның да мүрделері қатар жата береді, кейде жас бала қаңқасы аяқ жаққа орналасады.

Прохоров ескерткіштерінен алынатын құрал-саймандар біркелкі: қолдан істелінген керамика; ыдыстардың түбі дөңгелек, кейде түбі қалыңдау, көлемдері аса үлкен емес; ыдыс формасы шар түрінде, мойын тұсы тар, ою-өрнегі сирек, кейде ол денесінің жоғарғы жағынан төмен қарай түсірілген сызықтар қатарынан да тұрады. Дөңгелек немесе қалыңдау түпті, сағасы кең түгіндеткіш (курильница) те жиі кездеседі. Б.з.б. II ғасырда жалтыратылған ыдыстар пайда бола бастайды.

Прохоров мәдениетіне тән обалар: Шалқар-3 қорымындағы №6, 13 обалар, Барбастау-5 қорымындағы №23 оба; Факел қорымындағы №1 обаның 2-қабірі.

Шалқар-3 қорымындағы №6 обаның диаметрі 23 м, биіктігі 1,1 м, ондағы ілкідегі жер бетінен бірі тікбұрышты, келесісі сопақша қабір дағы табылған. Біріншісінің (орталық) ұзындығы 2 м, ені 1,4 м; екіншісінің (батыс) ұзындығы 1,8 м, ені 1,5 м, солтүстіктен оңтүстікке қарай бағытталған. Шұңқырды толық тазалағаннан кейін біріншісі ұзындығы 3,8 м бұрыс сопақ түріндегі тұрпатқа енді. Екінші шұңқыр сопақ тұрпатын сақтап қалды, тек ұзындығы өзгеріп 3,5 м-ге жетті, ені 3 м болды. Бірінші шұңқыр тереңдігі 2,3 м, ал екінші шұңқыр тереңдігі 2,1 м. Алғашқы шұңқырдағы мүрде шалқасынан созыла жатқызылған, қолдары денесіне жабыстырылған, басы оңтүстікке бағытталған, ал қаңқасының өзі қамыс төсенішке қойылған. Қабір құрал-саймандарынан оң қолының саусақтары жанына қойылған ұзындығы 40 см темір қанжар шыққан. Сабында орақ секілді ұштығы мен көбелек түріндегі айқыштамасы (балдағы) бар. Ақинақ ағаш қынға салынған. Оң қолының саусақтары қасынан куб тұрпатты ирек ою-өрнегі бар үш тас моншақ пен дөңгелек қалыптамада жасалған қола әшекей алынған. Сол қолының саусақтарының қасынан ұнғылы, үш қалақты қола жебе ұштарының жиынтығы мен темір пышақ жатқан. Қаңқаның кеуде тұсындағы сүйектерден темір айылбас, ал аяқ жағынан қой сүйектері мен қайрақ тастармен бірге екі пышақ алынған.

№2 шұңқырдан басы оңтүстікке бағытталған, ұзынынан (шалқасынан) созыла жатқызылған екі әйелдің мүрдесі табылған. Батыс жақтағы қаңқаның оң және сол қолдарынан ирек өрнекті шаршы және дөңгелек тұрпаттағы тас моншақтардан дайындалған білезіктер алынған. Қаңқаның сол жағында үш қырлы және үш қалақты қола жебе ұштары салынған (бұрын) тері қорамсақ жатқан. Шұңқыр қабырғасы маңынан ішінде тері кесектері бар спираль түріндегі қола әшекей табылған. Оң жақ жамбасының тұсынан сынған қола айна, ал сол жақ жамбасынан сәндік қыш ыдыс алынған. Мойын сүйектері үстінен лазурит, сердолик, тас және пастадан жасалған моншақтар, құлақ қабыршағының орнынан қос спираль түріндегі алтынмен қапталған екі қола сырға аршып алынған. Бас сүйегінің артқы жағында мойыны биік, денесі шар тәрізді керамикалық ыдыс тұрған. Шығыс қаңқаның сол қолынан тастан дайындалған білезік пен үш қалақты және үш қырлы ұңғылы жебе ұштары алынған. Мойын сүйектерінде моншақтардан жасалған алқа, бас сүйегінің қасынан негізі қола сымнан істелінген екі алтын сырға табылған. Бас сүйек қасында керамикалық ыдыс тұрған.

Шұңқырдың оңтүстік қабырғасынан тоқылған бокша қалдықтары аршылған, оның ішінде сапты қола айнаның бөлігі, сәнденуге арналған сүйек таяқша, бор кесегі, жоса жатты.

Сайып келгенде, прохоров мәдениеті ерте темір дәуіріндегі ірі археологиялық мәдениеттердің бірі болып табылады. Археологиялық материалдар арқылы бірқатар топтардың Орта Азияға, т.б. өңірлерге қарай жылжуын байқауға болады. Сонымен қатар Орал өңірінде бұрын белгісіз болған ғұрыптар мен заттай мәдениет те байқалады. Мәселен, тас жәшікті пайдалану да орын алады (Жаман-Қарғалы-1, Мешітсай). Бұлардың генезисі шығыста екендігі анық. Қазақстанның батыс өңірінде б.з.б. III-ғасырға қарай тұрғындар саны біршама азайып қалады, дегенмен олардың қалдықтары Орал, Елек, т.б. өзендердің бойындағы ескерткіштерден толымды түрде көрінеді. Б.з.б. III-I ғасырларға жататын ескерткіштердің алдыңғы кездерге карағанда өте мол болуы осы пікірді қуаттайды әрі осы кезеңде прохоров мәдениетінің мейлінше гүлденген кезі болғандығын дәлелдейді.

Батыс өңірлердегі үздіксіз мәдени даму сан ғасырлар бойы өз жалғастығын тауып отырды. Мұның ерте темір дәуіріндегі және одан кейінгі замандардағы барлық археологиялық мәдениеттерге қатысы бар. Прохоров мәдениетінің соңына қарай оның тұрғындарының этникалық келбеті күрделене түскенімен, жерлеу құрылысы, ғұрпы мен заттық мәдениетінің ықпалы келесі археологиялық мәдениеттерде ішінара болса да сақталынды.

Суслов мәдениеті (б.з.б. I ғасыр – б.з. I ғасыры). Аталмыш мәдениет Шығыс Еуропа аумағындағы далаларды алып жатты. Мәдениеттің негізгі ескерткіштері молалар болды. Ортаңғы сармат уақытындағы молалар б.з.б. I ғасыр мен б.з. I-ғасыры аралығын қамтиды. Бұл ең мардымсыз зерттелген кезең болып табылады.

Суслов мәдениетінің шығу тегі ғылымда аз қарастырылмағанымен, әлі толыққанды шешімін таба қойған жоқ. Бірқатар авторлар (Б.Н.Граков, т.б.) оны автохтондық мәдениет деген пікір айтады. Кейбір зерттеушілер

(М.Г.Мошкова) оның өзегі сыртқы Дон бойында қалыптасты десе, басқалары (А.С.Скрипкин, И.В.Сергацков) бұл мәдениеттің қайнар-бастаулары Орта Азия мен онымен іргелес аймақтар болған (аландар ықпалы) деп есептейді. Қалай болғанда да, сулов мәдениеті алдыңғы (прохоров) және кейінгі (шипов) мәдениеттер сияқты көп құрауышты болғандығы анық.

Осы уақытқа жататын обалардың материалдары аталған тайпалардың мәдениеті одан ары дамығандығын дәлелдейді. Әдетте көшпенділер өз туыстарын диаметрі 8-20 м, биіктігі 0,2-1,0 м обаларға жерледі. Обалардан кейде от қалдықтары да байқалады. Ұзын тікбұрышты пішінді мола шұңқырлары кеңінен таралды. Мола шұңқыры мен мүрделердің бұл кездегі оңтүстік бағыты сақталынды, ол аздап оңтүстік-шығысқа және оңтүстік-батысқа ауытқыды да.

Қабір құрылыстарының негізгі түрі тар, тікбұрышты, бұрыштары сопақ күйінде дөңгеленген мола шұңқырлары болды, олар кейде батыс қабырғасынан үңгіп те қазылды. Шұңқыр беті бөренемен, сырықпен жабылды, үстіне бұтақтар төселді.

Тар да, үңгіп қазылған молалардың бағыты оңтүстік, оңтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс болды. Бұл кезеңдегі Орал маңындағы далалы аймақтарда тіршілік еткен ежелгі тайпалардың тарихи дамуында жаңа қарқын (серпін) пайда болады, мұны б.з.б. I ғасыр мен б.з. I ғасыры аралығында жаңадан пайда болған қабір құрылыстары да айғақтайды, ендігі жерде бұрынғы ерте кезеңдерде белгісіз болған диагональ қабірлер қазылды. Жасалынған шаршы түріндегі мола шұңқырлардың ауданы аса үлкен емес, ол 1,8x2 м шамасында болды; әрбір шеті әлем тараптарына бағытталды, ал олардағы мүрде міндетті түрде шаршыға диагональ күйінде қойылды. Мүрде ағаш қабығынан, қамыстан жасалынған төсеніш үстіне жайғастырылды. Кейде қабірдің түбіне тақтайшалардан немесе бір қатар бөренелерден табыт секілді қондырма жасалды (Барбастау-1 қорымы, №2 оба; Барбастау-3, №4-5 обалар). Шаршы шұңқырдың кейде ағаш жабындысы болды немесе ол белгісіз бір ағаш конструкциясынан тұрды. Қабір шұңқыры көп жағдайда әлем тараптарына, ал мүрденің басы оңтүстік-батысқа немесе оңтүстік-шығысқа бағытталды. Мүрдесі диагональ қойылған шұңқырлар да кездеседі. Шұңқыр бұрыштары әлем тарапына бағытталған кезде, мүрденің басы оңтүстікке қаратылды, кейде аяқ-қолдары бүгілді. Мүрденің жанына қойылған қабір құрал-саймандары көп әрі сан алуан: міндетті түрде қару-жарақ, түбі қалың әрі иық тұсы ирек сызықтармен өрнектелген шар пішінді ыдыстар кездесіп отырады.

Бұл кезеңдегі жерлеу құрылысының жаңа түрі катакомба болды.

Балалардың қабірінен ыдыс, моншақ, әшекейлер, кейде асықтар алынады. Ер адамдардың жанына қару-жарақ қойылады: семсер, қанжар және жебе ұштары. Бұл кезеңде қойылатын негізгі қару түрі ұштығы дөңгелек және айқыштамасы тік семсерлер болған еді, олардың әдетте ұзындығы 50-60 см-ден асқан жоқ. Прохоров мәдениетінде кеңінен таралған ұзындығы 70 см-ден асатын семсерлер бұл өңірден табылған семсерлер мен қанжарлардың тек 5% -ын ғана құрайды. Семсерлер мен қанжарлардың сабы

әдетте қызыл түспен боялған ағашпен қапталды. Темір жебе ұштары үш қалақты, бұлар б.з.б. I-ғасырға қарай ұңғылы қола жебелерді ығыстырып шығара бастайды. Біздің заманымыздың шебіндегі молалардан алынатын әдеттегі олжалар қоладан, темірден, тіпті кейде күмістен және алтыннан дайындалған айылбастар болған еді. Олар белдікті, жүгенді қаусырып тұрды, белбеуге тағылған қанжарды, пышақты, қайрақ тастарды және тағы басқа заттарды ұстап тұруға арналған бөліктерді қапсырып тұрды. Әдетте айылбастар дөңгелек және сегіз саны секілді болып дайындалды. Әйел адамдардың қабірінен алынған құрал-саймандар сан алуан. Әшекейлерден шыны және тас моншақтар, сырғалар, алқалар, металдан және ірі моншақтардан дайындалған білезіктер (сирек ұшырасады), сақиналар мен сәндік заттар – айна, сүйек қасық кездеседі. Әйел адамдардың қабірінен саздан жасалған түтіндеткіштер де ұшырасады. Үлкен түтіндеткіштерден иіс шығаратын заттар мол салынғандықтан оттың іздері анық байқалады. Бір молада үлкен және кішкентай түтіндеткіштердің кездесу тек сулов мәдениетіне тән деуге болады.

Ендігі кезекте б.з.б. I ғасыры мен б.з. I ғасыры аралығындағы уақытпен мерзімделінген нақты ескерткіштерге тоқталып кетелік.

Барбастау-1 қорымы, №2 оба үйіндісінің диаметрі 16 м, биіктігі 0,55 м. Үйіндіден 0,3 м тереңдіктен басы оңтүстік-батысқа бағытталған жас бала қабірі үңгіп түсірілген. Қаңқаның аяқ жағында қой сүйектері, бас сүйегінің қасынан жанышталған сармат типіндегі мойыны қысқа, ернеуі қайырылған алмұрт тәрізді пішіндегі құмыра бөлшектері алынған. Обаны аршығаннан кейін оның орталық бөлігінен әлем тараптарына бағытталған шаршы түріндегі ауданы 1,4x1,4 м мола шұңқыры анықталынады. Шұңқыр ағаш тақтай жабындысымен бекітілген. Оңтүстік, батыс және шығыс қабырғалары негіздемесі бойынша биіктігі 0,18 м ағаш тақтаймен, ал солтүстік қабырғасы ағаш қабығымен қапталған. Шұңқыр диагоналы бойынша 1,2 м тереңдіктегі қамыс төсеніштен әйел адамның қаңқасы аршылған, оның басы оңтүстік-батысқа бағытталған, денесі арқасымен қойылған (шалқасынан жатқан), қол сүйектері денесін бойлай орналасқан. Шұңқырдың солтүстік-шығыс бұрышында банка тұрпатты қыш ыдыс тұрған. Оң қолының білек сүйектерінен шыны массадан дайындалған линза пішінді моншақтар табылған. Оң қол саусақтарының қасынан жанышталған түбі жалпақ, қалың қыш ыдыс бөліктері анықталған. Қасынан шіріп кеткен ағаш үстелше (ұзындығы 18 см, шеті қаусарылған) қалдықтары аршып алынған. Үстелшенің аяқтары өте қысқа – 1,5 см, диаметрі 3 см-ге жуық. Сол қолының саусақтары маңынан биіктігі 3,5 см алебастр ұршықбас шыққан. Шұңқырдың солтүстік-батыс бұрышынан қой сүйектері мен ағаш сапты темір пышақ бөлігі алынған. Пышақ жүзінің ұзындығы – 5,5 см. Қасынан ұзындығы 14 см сүйек қасық табылған.

Солтүстік-батыс бұрыштан дөңгелек (донғалақ) қалдықтары – күпшек (ступица), кегей немесе сым шабақ (спица), шеңбер шыққан.

Бұл кезеңнің маңызды ерекшелігі Батыс Қазақстан тайпаларының Солтүстік Қара теңіз маңындағы тайпалармен байланысының күшеюі болып

табылады. Мұны қола түйреуіш пен керамика, миниатюралы амфора, алебастр ыдыс, сәндік құралдардың сан алуан түрлері де айғақтайды.

Шипов мәдениеті (б.з. II-VI ғасырлары). Аталмыш археологиялық мәдениетті зерттеуге әр кездері Б.Н.Граков, К.Ф.Смирнов, А.Х.Пшеничнюк, М.Г.Мошкова, А.С.Скрипкин, С.Ю.Гуцалов, т.б. археологтар мол үлес қосты. Бұл мәдениет б.з. II-IV ғасырларында Еуразияны бірнеше рет дүр сілкіндірген «Халықтардың ұлы қоныс аударуы» кезеңімен тығыз байланысты. Қазақстан мен далалы Орал маңы осы кездері хунну (ғұн) мәдени ықпалына түседі. Бұл көшпенді тайпалар шығыстан батысқа қарай жылжыған кезде мәдениет пен этникалық тарихқа да жаңа леп әкелген болатын. Мұнда археологиялық материалдар көрсеткендей, жергілікті сармат және алан тайпаларының ықпалымен жаңа ғұрыптар қалыптасты. Осы кезеңмен көне тайпалар физикалық кейпінде моңғолоидтық элементтердің таралуы да байланысты болған еді.

Сыртқы ықпалдардың әсерінен осы кездері жерлеу ғұрпы да өзгереді. Егер жүзжылдықтарға созылған жерлеу ғұрыпында азап батысқа не шығысқа қарай ауытқыған оңтүстік бағыт үстем болса, біздің заманымыздың бас кезінде, II-IV ғасырларда солтүстік немесе солтүстік-батыс бағыт үстемдік құра бастайды.

Көшпелілердің мүрделері оба астына қойылды. Көп жағдайда обалар топырақтан тұрғызылды. Олардың орташа диаметрі 8-20 м, негізгі бөлігінің диаметрі 8-15 м болды. Биіктігі 0,15-1,0 м аралығында. Оңтүстік Орал маңындағы қорымдардан (Лебедевка, Магнитный, Атва, Басшилi) батыстан шығысқа қарай бағытталған ұзын үйінділер, яғни екі ұшында оба тәрізді үйіндісі бар (гантель секілді) ескерткіштер де анықталған. Сонымен қатар жерлеу ескерткіштерінің жаңа түрі – оңтүстік жақтан кіретін есігі бар тікбұрышты және шаршы түріндегі топырақ сағаналар жасалынды. Бұл сағаналардың орталық бөлігінде немесе оңтүстік-батыс бұрышына кейінгі сармат стандарттары бойынша мүрделер жерленген.

Біршама таралғандарының қатарына тар үңіме шұңқыр, топырақ қабатынан қазылған тар шұңқыр және кең шұңқырлар да жатады деуге болады.

Молалардың басым бөлігінде бір адам жерленді, одан көбірек адам саны өте сирек ұшырасады. Молаға күкірт пен шақпақ тас жаңқаларын қою ғұрпы да кеңінен таралды. Мал сүйегін қою алдыңғы дәуірлерге қарағанда біршама азая түседі.

Мүрде жанына қыш ыдыстарын қою бұрынғыдай сақталынады. Кең таралған өрнек – кертпе түсіру мен мойын тұсын сызу. Ою-өрнек салудың жаңа түрі қалыптасады, ендігі жерде дөңгелек және аздап шығыңқы жапсырмалар симметриялы түрде орналасады. Оңтүстік Орал маңындағы қолдан жапсырылған ыдыстардың денесі жұмыртқа тәрізді, өзі биік, әдетте иық тұсы бірден айқын, мойыны қайырылып немесе тік болып келеді. Сонымен қатар керамика жиынтығына қазандық секілді көзелер жаңадан келіп қосылды. Құмыралар батыстық үлгіде жасалынды. Саптыаяқтар мен құмыралардың ұстағыштарына зооморфтық бейне түсірілді.

Қаңқалардағы деформацияланған сүйектер де бұл кезеңде жиі табылған болатын (Мамай қорымы, №2, 4, 5, 7, 8; Барбастау-3 қорымы, №3, 14 обалар, т.б.). Кейінгі сармат қабірлерінен алынған құрал-саймандар сарматтық ескерткіштерден алынған заттардан өзгешерек. Ерекшелік осы жоғарыда айтылған керамикадан да қатты байқалады. Айта кететін бір жайт, ендігі жерде ыдыстар қарая жалтыратылды, ал құмыра секілді ыдыстарда ернеуі мен шар тәрізді денесінің жоғарғы бөлігін жалғастырып тұрған Г-тәрізді тік ұстағыштар жасалды. Қазандық тәрізді ыдыстар пайда бола бастады.

Кейінгі сарматтардың қабірлерінен Қара теңіздің солтүстік өңірлерінен әкелінген ыдыстар да кездеседі. Бұлар қызыл балшықтан дайындалған шүмекті құмыралар мен миниатюралы амфоралар еді.

Шығыста өндірілген, жетіасар мәдениетіне тән ыдыстар да ұшырасады. Қара теңіздің солтүстік жағалауларынан әкелінген шаршы, ромб және сопақша пішіндегі қалқаншалы түйреуіштер кейінгі сарматтар қабірінен кездесетін әдетті жағдай еді. Алайда қыш құмыраларда хорезмдік дәстүр кеңінен байқалып қалады.

Ер адамдардың қабірінен әдетте қару-жарақ пен еңбек құралдары алынады. Қару-жарақтар алдыңғы уақыттардағыдан өзгеше. Айталық, семсерлердің ұзындығы 1 м-ге дейін жетті. Олардың барлығы екі жүзді. Найза өте сирек кездеседі. Жебе ұштары алынатын қабірлер саны да азая түскен. Ал жебе ұшы мол салынған қорамсақтардың кездесуі өте сирек, тіптен жоқтың қасы. Молалардан 3-15 дана жебе ұштары алынады. Сірә, ғұн типіндегі күрделі садақтың шығуынан болар, олардың барлығының көлемі ұлғая бастаған.

Ат әбзелдері алынатын қабірлердің де саны арта түседі. Біздің заманымыздың бірінші ғасырынан бастап, әсіресе II-III ғасырларда атты әскерлердің қабірінен қамшылар көптеп шыға бастайды. Бізге жеткен бөліктері көбіне металл бөлшектері мен ағаш сабының бөліктері ғана. Лебедев қорымындағы кейінгі сармат уақытына жататын обалардан балта, ожау, т.б. тұрмыстық заттар алынған.

Әйел адамдардың қабірінен алынатын әшекейлер, еңбек құралдары мен сәндік заттар, бойтұмарлар да ерекше танытады. Әсіресе кішкентай қола айна-алқалар (диаметрі 4,5-5 см) көп, сонымен қатар түйреуіштер мен түрлі тастан дайындалған (сердолик, янтарь, тау хрусталі, халцедон, т.б.) моншақтар, сырғалар мен жүзіктер, түтіндеткіштер, металл қоңыраулар, т.б. заттар алынады. Полихромдық стильде жасалынған әшекейлер көптеп табылған.

Сипатталған қабір құрал-саймандары кейінгі сарматтар батыс пен шығыс арасындағы саудада белсенді түрде делдалдық жасағандағын толық айғақтайды. Келесі кезекте нақты қабірлерге тоқталып өтелік...

Мамай-1 қорымындағы №12 оба мола алаңқайының орта тұсында орналасқан, оның диаметрі 4 м, биіктігі 0,2 м.

Қабір шұңқырының ұзындығы 2,2 м, ені 1 м, тереңдігі 0,8 м; оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай бағытталған. 0,7 м тереңдіктен, батыс қабырғаның астынан үнгіп қазылған қуыс анықталған, оның ұзындығы 2,2 м,

батыс қабырғасындағы тереңдігі 0,8 м, биіктігі 0,8 м. Қуыстан ер адамның қаңқасы табылған, ол шалқасынан жатқызылған, басы солтүстік-шығысқа қаратылған, қолдарының сүйектері денесінің қасында, аяқ сүйектері шұқырды бойлай орналасқан.

Шұңқырдың солтүстік шетінде құмыра-кіреңке пішінді қыш ыдыс тұрған, оның биконусты денесі аздап созылыңқы, ұзын мойыны біршама тік болып келген. Денесінің жоғарғы бөлігі мен мойынының ортаңғы бөлігіне зооморф бейнелі ілгек тәрізді ұстағыш жасалынған, ұстағыштағы шағын үшбұрыш түріндегі шығыңқы кертпешіктер қасқырдың немесе иттің құлағын еске түсіреді. Қаңқаның оң жағында ұзындығы 60 см, жүзінің ені 4 см-ге дейін жететін семсер жатқан. Екі жүзі қиылған жерінде линзаға ұқсас, оның жоғарғы шетінде ұзындығы 7 см, айқыштамасы (балдағы) жоқ сабының бөлігі сақталған.

Шипов мәдениеті бірнеше этномәдени негізде өрбіп, отандық археология тарихнамасында өз орнын қалдырды деуге болады. Кейінгі сармат мәдениеті хунну мәдениетімен немесе ғұн мәдениетімен тығыз байланыста дамыды.

II-IV ғасырларда Арал-Каспий өңірі ғұн бірлестігі қалыптасқан негізгі өлке болса керек.

Сөйтіп, I-мыңжылдық алғашқы жартысында Қазақстанның батыс өңірлері ғұн-сармат тайпаларының жарқын мәдениетін сақтаған ірі аудандардың бірі болып қалды. Заттай және рухани мәдениет дәстүрлі түрде жалғаса берді. Мұндағы бірқатар тайпалардың басым бөлігі батысқа қарай жылжығанымен, жер-жерлерде олардың топтары, бөліктері қалып отырды, уақыт өте келе бұлар басқа халықтармен кірігіп кетті.

Ерте көшпенділердің шаруашылығы, тұрмысы мен қоғамдық құрылысы

Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығына өту. Ертедегі халықтың ұлан-байтақ далалық, таулы-далалық және шөлейт кеңістіктерді игеру дәуірі, Еуропа мен Азия далалары тайпаларының шаруашылық кәсібінің жаңа формасы - экстенсивті мал шаруашылығының қалыптасу дәуірі б.з.б. I-мыңжылдықтың бас кезімен байланысты.

Б.з.б. I мыңжылдықтың бас кезінде-ақ Қазақстанның далаларында, шөлейт және таулы аудандарда жартылай көшпелі және көшпелі мал шаруашылығы негізгі шаруашылық түріне айналады. Мұндай өзгерістер бірқатар себептерге байланысты еді, ал олардың ішіндегі ең бастысы бір-бірімен аса тығыз байланысты табиғи-географиялық және әлеуметтік-экономикалық факторлар болатын.

Б.з.б. II мыңжылдықтың аяғы мен I мыңжылдықтың басында, басқа далалық аудандардағы сияқты, Қазақстанда да климат өзгеріп, ол барған сайын қуаң тарта берді. Табиғи су көздері кеміді, оның өзі үлкенді-кішілі өзендердің жайылмаларында егіншіліктің өрістеуін тежеді, ал кейбір аудандарда оны күрт қысқартты.

Көшпелі мал шаруашылығына көшу дала мен шөлді жерлердегі тайпалар өміріндегі экономикалық прогресс болды. Ұлан-байтақ кең даланы шаруашылық

тұрғысынан игеруге б.з.б. I мыңжылдықтың басында ерекше кең өріс алған жылқы шаруашылығының тез есуі себепші болған еді. Дала тұрғындарының мініс атын пайдалануы, атты әскердің пайда болуы жекелеген аудандардың мәдени-шаруашылық жағынан томаға-тұйықтығын бұзды, сөйтіп көршілерімен, шалғай тайпалармен, халықтармен, мемлекеттермен экономикалық және мәдени байланыстар жасалуын камтамасыз етті.

Археология деректері сол уақытта мал шаруашылығының негізгі үш түрі: көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы түрлері болған деуге мүмкіндік береді.

Шаруашылықтың бірінші түрі Батыс және Орталық Қазақстанның құрғақшылық далаларында, шөлдері мен шөлейттерінде жыл бойы көшіп-қонып жүруге негізделді.

Екінші, жартылай көшпелі шаруашылық түрінде қыстап шығатын тұрақты үйлер болды, мұнда мал өсірушілер жыл сайын қыстауға оралып отырды. Шаруашылық кәсібінің бұл түрі Жетісу және Шығыс Қазақстан аудандары сияқты дала, орман және биік тау араласып отыратын шөбі шүйгін өңірлерде кең таралды. Жетісудағы экономиканың негізгі базасының екіншісі егіншілік болды, ол отырықшы қоныстарда дамыды.

Мал шаруашылығының үшінші түрі - отырықшы мал шаруашылығы бәрінен де гөрі Оңтүстік Қазақстан аудандары мен Жетісуда, сондай-ақ Сырдария, Шу, Талас, Арыс өзендерінің бойында, Қаратау жотасы баурайларында, табиғи су қоймалары мен кең-байтақ шабындық алқаптары бар жерлерде кеңінен тарады. Табиғат жағдайлары және Соғды, Шаш пен Ферғананың егіншілік орталықтарына жақын орналасуы шаруашылықта суармалы және тәлімі егіншіліктің басым болуына, халықтың тұрақты отырықшылануына, әсіресе б.з.б. I мыңжылдықтың аяғында, мал өсіретін ірі қауымдардың жерге жаппай отырықшылануы кезеңінде ірі-ірі егіншілік қоныстарының ерте пайда болуына себеп болды.

Көшпенділердегі мал шаруашылығының негізгі бағыты қой мен жылқы өсіру болды. Бұған көптеген обалардан табылған қой сүйектері дәлел бола алады. Қой етті мал ретінде ғана өсірілген жоқ, одан киіз басу, арқан есу үшін және жіп иіру үшін жүні де пайдаланылды. Обалардан табылған заттар дәлелдеп отырғанындай, сақтар киіздің неше түрін: киіз үйге ұстауға және жерге төсеуге арнап қарапайым қалың, қара киіздер және киім мен бас киім тігу үшін жұқа әрі жұмсақ талдырма киіздер баса білген. Обалы қабірлерден шыққан мал сүйектерін зерттеу осы заманғы қазақтың құйрықты және ұяң жүнді тұқымдарына жақын қой өсірілгенін көрсетіп берді. Отарда қылшық жүнді қой басым болған, бірақ биязы жүнді қой да өсірілген.

Көшпелі-малшы және жауынгер сақтың тұрмысында жылқы үлкен рөл атқарды. Сақ заманындағы жылқының екі тұқымы болды. Тез семіретін және қысқы тебінге әбден төзімді, жатаған тебін жылқысы ең көп тараған тұқым болған еді. Жауға мінетін ең жақсы сәйгүліктерге ерекше күтім қажет болды, оларды көшпелілер айрықша жоғары бағалады, сірә, оған тек ру-тайпа ақсүйектерінің қолы ғана жетсе керек. Олар жауынгердің жеке меншігінде болды және иесі өлсе, бауыздалып, оның заттарымен бірге обаға көмілді.

Мүйізді ірі қара да өсірілген. Екі өркешті түйе көлік құралы ретінде пайдаланылды.

Шаруашылықтың жетекші түрлері - мал шаруашылығы мен егіншіліктен басқа бірқатар сақ тайпаларында қосалқы кәсіп ретінде аңшылық пен балық аулау кәсіптері де қоса жүрді. Жартастағы суреттер таулы-далалық тайпаларда аңды салт атпен қаумалап аулау, иттердің көмегімен қуып аулау болғандығын нақты көрсетеді. Таутеке, арқар, қабан, бұғы, бұлан, дуадақ ауланған.

Балық аулау Ертіс жағалауы мен Сырдария атырауында кеңінен таралды. Жетіасар және шірікрабат мәдениеттеріне жататын қоныстардан балық аулау сайсандары көптеп табылған.

Қолөнер. Еңбек құралдарын, киімдер, қару-жарақтар, тұрғын үйлер, түрлі аспаптар жасауға керекті шикізаттардың көпшілігін ертедегі мал өсірушілер жергілікті жерде ендіріп, еңдеді. Өнерлі шеберлер өз қауымы мүшелерінің қажет заттарын жасап беріп, оған айырбасқа ауыл шаруашылық өнімдерін алды. Қауым ішіндегі айырбасқа қоса руаралық және тайпааралық айырбас та кеңінен тарады. Ұлы Жібек жолы бойында халықаралық сауда да дамыды. Кен-руда шикізаты, бірқатар шаруашылық бұйымдары, әшекейлер кейде шалғай жерлерден тасып әкелінді.

Қазақстан, Орта Азия және Сібір аумағының ертедегі халықтары өздерінің батыстағы көршілері - скиф-сармат тайпаларына қарағанда темір-мен неғұрлым кейінірек танысты деп топшыланатын еді. Мәселен, Геродот массагеттер тайпаларын суреттей келіп, «темір және күміс олардың күнделікті тұрмысында мүлде жоқ, өйткені бұл елде ол металдарды атымен кездестірмейсің. Мұның есесіне онда алтын мен мыс мол» деп тура айтады. Алайда, зерттеу жұмыстары б.з.б. I-мыңжылдықтың басында Қазақстан аумағының ертедегі тайпалары қызыл және қоңыр темір тасы, магнитті темір жылтыры сияқты тез балқитын кен түрлерімен таныс болғандығын көрсетті. Мұны б.з.б. VII-VI ғасырларда темірден соғылған бұйымдардың Орталық Қазақстан мен Жетісу обаларынан табылған едәуір жиынтығы (темір канжарлар, пышақтар, жүген әшекейлері), сондай-ақ Аралдың шығыс өңірінің ертедегі сақтар тұрақтарындағы тікелей кентастан алынған темір балқымасының (кесектер мен қоқыстар) көптеген іздері де осыны дәлелдейді.

Мыс пен қалайы өндіру неғұрлым басым болды. Саяқ пен Жезқазғандағы, Қалба мен Нарымдағы ірі-ірі түсті металлургия орталықтарынан алынған құрамында күшала және қалайы бар қоладан жасалған жоғары сапалы қола бұйымдары темір бұйымдарымен бәсекеге түсе алады.

Кен ісі техникасы мен кентасты алғашқы өндеу андронов дәуірімен салыстырғанда айтарлықтай өзгеріске ұшырай қоймады. Сақ, усунь, кангюй, сармат тайпалары әсіресе қола құю ісі мен басқа металдарды өндеу техникасында елеулі табыстарға жетті.

Өндірістік және шаруашылық-тұрмыстық мақсаттарға арнап алуан түрлі бұйымдар жасалды. Құйма қалыптар ретінде қыш, металл, кейде тас пайдаланылды. Жебенің құйма ұштары мен канжарлар жасау үшін олар екі немесе үш ұялы жармалардан тұратын карапайым құйма қалыптарды қолданды, сақ металлургтері металл бұйымдарын жасаудың «жойылатын үлгі» тәсілімен құю сияқты күрделі әдістерін де білген. Оның мәні балауыздан

немесе тоң майдан үлгі жасап алып, оның сыртын балшықпен қаптау болатын. Балшық кепкеннен кейін қалып тұтас қыздырылып, еріп кеткен балауыздың немесе майдың орнына металл құйылады. Нақ осындай тәсілмен ірі бұйымдар: үлкен мыс қазандар, құрбан шалатын үлкен үстелдер, үлкен қоңыраулар құйылды. Құйма қалыптарда олардың салмақты жармаларын бөлетін тіректер ретінде құбырлар деп аталатын арнайы істелген кішкентай цилиндрлер қолданылды. Жануарлардың қуыс мүсіндерін жасау үшін мәнерлі біліктер мен құйма жалғамалар пайдаланылды. Құйып жасалған заттардың көбі кейін қырнанып, тегістелді, қажет жерлері бұрғыланды. Қалайымен аптау техникасын меңгеру ертедегі құюшылардың елеулі жетістігі болды. Қалайымен апталған бұйымдар онша таттанбайды әрі көпке шыдайын еді.

Шаруашылықтың жаңа түрлері, мәдениеттің біршама биік деңгейге жетіп дамуы, тұрмыстың қиындауы келе-келе еңбек құралдарының, қару мен тұрмыс және табыну заттарының алуан түрлі болуын талап етті. Алайда қола дәуірінің шой шүйделі балталары, қырлы және ұшты қашаулары, орақтары сияқты қола бұйымдарының ең мінсіз түрлері сақталып қалды.

Ертедегі құймашылар ат-тұрманың, қару-жарақ пен тұрмыстық керек-жарақтар жасауға ерекше назар аударды. Ерте сақ заманы жүгендерінің конструкциясы ебедейсіз әрі күрделі болатын. Оның қола ауыздықтары екі ұшы кішкентай үзеңгі тәріздес етіліп жасалды. Үзеңгі тәріздес ауыздықтар жүген жақтауларына айшықтармен жалғастырылды; үш тесігі немесе ілгегі бар бұл айшықтар қоладан, сүйектен, мүйізден жасалды. Б.з.б. V ғасырдан бастап жүгендер барынша ыңғайлы етіліп жасалатын болды; ауыздықтардың ұштары шығыршықталып, екі тесікті айшықтар шықты, тұтас алғанда жүгеннің құрылысы біршама қарапайым бола түсті. Осы уақыттан бастап ауыздық темірден жасалатын болды. Ат әбзелдерінің басқа да көптеген керек-жарақтары: айылдың құйма тоғалары, қаңылтыр қаптырмалар, тартпалардың айқасқан жерлеріне арналған алуан түрлі өткермелер де мәлім.

Сақтардың қару-жарағы жебелі шағын садақтардан, парсылар ақинақ деп атаған, шабуға да, түйреуге де ыңғайлы қанжарлардан, ұзын семсерлерден, сүңгілерден, найзалардан және бітімі әр түрлі (бір жағы істік не жалпак жүзді, екінші жағы балға секілді ұзын сапты қарулар) жауынгерлік балталардан тұрды. Жауынгердің сауыт-сайманы қоладан істелген дулығадан, шағын қалқаннан және жебе салынған қорамсақ ілінген белдіктен тұрды.

Жебелердің ұшы әр түрлі: қоладан жасалған неғұрлым ертедегі ұңғылы және қысқа сапты түрлері болды. Ұңғылы түрлері сүйір жапырақ тәрізді, ромб тәрізді немесе бір жағы сүйір ромб тәрізді болды. Жебелердің сапты ұштарының қанды басы үш қырлы етіліп жасалды. Б.з.б. V ғасырдан бастап Қазақстан аумағында, сірә, скифтерден ауысқан болса керек, қанды басы үш қырлы, ұңғылы жебелер тараған. Жебелердің ұштары көптеп жасауға неғұрлым ыңғайлы болу үшін біркелкі түрде келеді де, бұрынғы үлгілер біртіндеп қала бастайды. Темірден жасалған жебелер шыға бастайды, бұлардың бастапқылары үш қырлы сапты қола ұштардың бітіміне ұқсас болды. Б.з.б. III—III ғасырларда темір жебе ұштары барлық жерде тарала бастайды.

Б.з.б. VII-VI ғасырларда соғыс қанжарлары қоладан құйылды. Алғашқы ақинақтардың ерекше белгісі саңырауқұлақ тәрізді қалпақша немесе шомбал кесек бәйегі, көлденең келген сопақша қалағымен немесе кол тірейтін қырымен қоса құйылған сабы болды. Неғұрлым кейінгі кезеңдегі қанжарлардың тұтқыры б.з.б. VI ғасырдың аяғынан бастап ұштары төмен немесе жоғары қараған айшық түрінде болды. Тұтқырлар көбінесе ғажайып жыртқыш құс — самұрықтың бас бейнесімен безендірілді немесе сақиналанып тұйықталды. Мұндай қанжарлардың бәйектері бітімі жағынан көбелектің қанатына ұқсас болды немесе қарапайым қалақша тәріздес жасалды. Патша қабірлерінен (Есік) табылған семсерлер мен қанжарлар алтынмен апталған. Б.з.б. VI ғасырдың аяғында-ақ темірден не қола аралас темірден жасалған қанжарлар кездеседі. Солтүстік Қазақстандағы Айдабол қорымынан табылған ақинақ осындай қоспа металдан жасалған қанжарлардың мысалы бола алады. Б.з.б. IV-III ғасырлардан бастап соғыс қанжарлары тек темірден ғана жасалатын болды.

Қорамсақтар мен ақинақтар әдетте жауынгерлердің белдіктерімен бірге табылады. Сақтардың белдіктері салмақтылығымен ерекшеленген, әдетте құрастырмалы болып, іші қуыс ірі қола қаптырмалардан тұрған. Мұндай қаптырмалардың сыртқы беті ою-өрнекпен әшекейленді, кейбіреуі мүсіндер тәріздендіріліп жасалды.

Тұрмыстық керек-жарақтан ең көп табылатын олжасы - пышақтар. Олардың бәрінің де жетесі шағын тікше, сабының ұшы дөңгелетіліп жасалған немесе тура сабының өзіне дейін тесілген болады. Б.з.б. VI ғасырдың аяғында-ақ қола пышақтардың орнына түгелдей дерлік темір пышақтар жасалатын болды. Темір пышақтар ең қарапайым әдіспен - б. з. б. VII-V ғасырлардан-ақ қолданыла бастаған темірді суықтай соғу әдісімен жасалады. Жоны бар темір пышақтар усуньдер мен кангюйлер қабірлерінен жиі кездесетін олжалардың бірі болып табылады.

Б.з.б. VII-VI ғасырлардан бастап салмақты, жиегі шығыңқы, дөңгелек табақша қола айналар кеңінен тарады. Олар айнаның сыртына орнатылған ілмегімен әйелдердің белдіктеріне ілінді. Б.з.б. V-IV ғасырларда олардың орнына дөңгелегі жайпақ және жиегінде қарапайым тұтқасы бар айналар шықты. Елеулі бір нәрсе, сақ айналарының өзінің алдындағы андронов айналарынан айырмашылығы — олардың бетіне балқытылған қалайы жалатылған, мұның өзі оларды жылтыратып тұрған.

Сақ заманында металл өңдеумен бірге қолөнердің тұрмыстық ыдыс-аяқ жасау, тас қашау, сүйек ою, тері илеу, жіп иіру және тоқымашылық сияқты басқа түрлері де болды.

Тайпалардың көшпелі салты ыдыстың жаңа түрлерін туғызып, жаңа материалдарды — металл, тері және ағашты қажет етті. Көшпелі тұрмыс басым болған Орталық Қазақстанда керамикалық ыдыс тым аз жасалды, тері, ағаш және металл ыдыстар пайдаланылды. Жетісу, Ертіс бойы және Батыс Қазақстанның орманды-далалық аудандары сияқты басқа аудандарда керамикалық ыдыстар бұрынғысынша жасала берді. Жетісуда көшіп-қонғанда алып жүруге қолайлы тұрқы аласа, жатаған ыдыстар кеңінен таралды. Олардың арасында жайпақ дөңгелек тостағандар, шомбал саптыаяқтар, текше тәріздес ыдыстар мейлінше жиі ұшырасады. Түбі дөңгелек ыдысты Батыс және Солтүстік Қазақстанның мал өсірушілері де пайдаланған, ол бірінен бірі үлкейе беретін жеке-жеке таспа сияқты

саздан жасалған. Жетісудағы усунь обалы қабірлерінен табылған керамика тұрпаты мен түрлері бойынша сан алуан. Қазба барысында қоныстардан астыққа арналған үлкен ыдыстар мен қазандар көптеп кездескен.

Шығыс Қазақстанның таулы аудандарының тұрғындары түрі басқаша қыш ыдысты артық санаған. Мұнда майкүйғыш тәрізді және тік мойынды құмыралар мен аласа көзелер жиі кездеседі. Б.з.б. V-IV ғасырларда мұндай құмыралардың сыртына көбінесе қоңыр түсті минерал бояумен әшекей салынған. Арал маңындағы сақтар мен кангюйлердің қабірлерінен сан алуан керамика кездескен: бұлар – хумдар, ас үйлік көзелер, су таситын және асханалық құмыралар, саптыаяқтар, табақтар. Керамиканы отқа қақтайтын ошақ қалдықтары табылған.

Тасқа қашап өрнек салу, бір және екі жағынан бұрғылап тесу және абразив материалмен тегістеп жылтырату техникасы кемелденді. Қанжармен және пышақпен бірге белдікке тағылып жүретін қайрақ тас малшы мен жауынгердің жанынан тастамайтын заттары болған. Белдікке таққанда ыңғайлы болу үшін оның жоғарғы жағы арнайы тесілетін болды. Қайрақ тасқа арналған негізгі материал құмтас болған еді. Бұл тас неғұрлым күрделі бұйымдар тастан құрбан шалатын үстел жасау кезінде қолданылды. Мұндай заттарды жасарда өз ісіне жетік шебер өзекті әрі өрнекті құмтастың неғұрлым әдемі түрлерін іріктеп алған, ғұрыптық үстелдердің аяқтары тұз тағыларының, әсіресе қасқырдың басымен жиі сәнделді.

Ертедегі сүйек оюшылар материал ретінде оларға шаруашылық кәсіп пен аңшылықтың өзі беретін шикізатты пайдаланды. Ең алдымен жылқының, қойдың, маралдың жілік сүйектері, жылқының тақта сүйектері, марал мен таутекенің мүйіздері өңделді. Барлық сүйектер өңделердің алдында ұзақ қайнатылған. Өткір металл құралдардың жиынтығы пайдаланылып, сүйектен және мүйізден жебе ұштары, айшықтар, белдікке салынатын алуан түрлі қаптырмалар, түйреуіштер, тізбелер, жайпақ бедерлі тоғалар мен ілгектер, шаш түйрегіштер жасалды.

Іле өзеніндегі Бесшатыр қорымының Тянь-Шань шыршасымен жабылып, шірімей сақталған қабірлері, Берел мен Шілікті қорымдарындағы обалар ағаш өңдеу мен ағаш құрылыстарды салудың кейбір ерекшеліктерін білуге мүмкіндік береді. Бесшатыр мазарларын салу үшін құрылыс ағашы Іленің қарсы беттегі жағасынан 200-250 шақырым жердегі Іле Алатауының сілемдерінде дайындалды. Ағаш кесілген жерде бұталып, тегістеліп, бөренелерге кертелер салынған. Дайындалған бөренелер арнаулы ағаш сүйретпелермен өзеннің жағасына тасылған, содан кейін байланып, қарсы бетке өткізіліп, құрылыс орнына жеткізілген. Ауыр бөренелерді үш метрден астам биіктікке көтеру кезінде иіндер мен шығырлар жүйесі пайдаланылған. Бөренелерде сақталған өңдеу іздері балташылық құрал-саймандарының ішінде ауыр қола балталар — шапашоттар, алуан түрлі шоттар, қашаулар, үскілер, пышақтар болғанын аңғартады. Ағаш ұсталығы да дамыды. Ағаштан сүт құятын ыдыстар, ағаш тостағандар, табақша, келілер және үй ішінің басқа да керек-жарақтары жасалды, қабықтан зооморфтық және өсімдік бейнелес күрделі өрнектер қиылды, олармен ер-тоқымдар, ағаш табыттар, жебе салынған қорамсақтар, әр түрлі қын-қынаптар әшекейленді.

Алтай тайпалары ағашты көркемдеп оюды меңгерді. Көптеген аң стилінде жасалған әшекейлердің негізін ағаш құрады, содан соң ол алтын қаңылтыршамен қапталды.

Берелден бүтін самырсын бөренесінен ойылып жасалған табыт-астау табылып, ағаш өңдеудегі қима дайындау техникасы анықталған.

Шикі кірпіштен тұрғынжай құрылысын салу, дуалдар тұрғызу, ағашты пайдалана отырып күмбезді және қабықты жабын жасау Арал маңындағы сақтарда, Кангюй тұрғындарында дамыды. Шикі кірпіштерден жартылай жер асты, жер асты сағаналарын тұрғызумен отырар-қаратау мен жетіасар мәдениеттерінің өкілдері кеңінен айналысты. Кірпіш дуал, мұнара және қаланың басқа да фортификациялық құрылыстарын тұрғызу үшін пайдаланылды.

Қоғамдық құрылыс. Б.з.б. I-мыңжылдықтың басы алғашқы рулық қатынастар ыдырап, жаңа әлеуметтік құрылымның қалыптасу үрдісінің жедел жүруімен сипатталады.

Қоғамдық құрылыс құрылымын схемалық тұрғыдан былайша елестетуге болады: шағын туыс отбасылар тобы (патронимия) – көшпелі қауым — тайпа – тайпалар одағы – мемлекет.

Бұл тұрғыдан алғанда, Бесшатыр қорымы мәдени және ежелгі сәулет өнерінің ескерткіші ретінде ғана емес, сонымен қатар мүлік теңсіздігінің ескерткіші ретінде де ғылыми назар тудыртады. Жетісу атырабында «патша обалары» деп аталатындардың көп болуы бұл жерде б.з.б. VII-IV ғасырларда мал өсіруші сақтар арасында мүлік теңсіздігінің айқын анықталғанын көрсетеді.

Мұндай ескерткіштер қоғамның әрбір мүшесінің моласының үстіне тұрғызыла бермейді, олар адамдардың шағын тобының (элитаның) еншісіне айналған. Мындаған шағын үйінділермен салыстырғанда үлкен обалар санының аз болуы қоғамның бөлінгенін даусыз түрде дәлелдейді.

Б.з.б. V-IV ғасырлардың өзінде-ақ жетісулық сақтар қоғамдық дамудың неғұрлым жоғары сатысында тұрды. Оларда мемлекет болған еді.

Б.з.б. IX-V ғасырларда Қазақстанда Бесшатыр, Есік, Жетітөбе, Шілікті мен Ұйғарақ сияқты тас пен топырақтан үйілген алып обалардың, ал егінші-малшы сақтар аймағында сәулеттік шешімі бойынша күрделі шикі кірпіштен салынған Түгіскен кесенесі мен Шірік-Рабат некропольдерінің (Арал маңы) пайда болуы бекерден-бекер емес еді. Қазба жұмыстары олардың сақ қоғамының жоғары дәрежелі адамдарының сағаналары екенін дәлелдеп берді. Обалы үйінділердің ауқымдары адамның белгілі бір әлеуметтік дәрежеге жатуына сай белгіленген. Сақ обаларын осылайша түсіндіріп бағалаудың дұрыстығына олардың біреулерін (патшалық) қазған кезде лақыттардан көп материалдық қазыналардың табылуы, Есік обасында болғанындай, киім-кешек пен қарудың байлығы, басқаларында (қатардағыларында) мұндай заттардың болмауы да дәлелдей түседі.

Есіктегі жерлеуге жұмсалған түрлі бұйымдар – қоғамның жоғары дәрежелі тұлғасының байлығы мен билігінің өлшемі. Лауазымды адамдарды сақтардың өздері қалай атағаны белгісіз, бірақ Бесшатыр мен Есік обаларында жерленгендерді патшалар деп атауға болады.

Иерархиялық сатының биік тұғырында – патша мен ханша, шонжарлар мен «аксүйек» адамдар, салт атты жауынгерлер, төменгі сатысында тәуелді адамдар, құлдар, қызметшілер, жаяу жауынгерлер орналасқан.

Сақтарда мүлікке қарай қоғамның топтарға бөлінуі еуропалық скифтерге ұқсас болды. Соңғыларында, антикалық жазба деректеріне қарағанда, арнайы патша некрополь-бейіттерінде үлкен обалар болған. Мұндай жағдай Батыс Қазақстандағы Қырық-Оба, Тұңғыш секілді обалары бар савромат және сармат қоғамына да тән болды.

Өлген патшаларға алтын киім киіндіріліп, мүрдесі кең лакытқа қойылған, ал олардың үстіне зәулім архитектуралық ескерткіш – алып оба тұрғызылған. Қоғамның басқа мүшелерін жерлеу ғұрпы иерархиялық басқыш сатыларының төмендеуіне қарай оңайлатылып отырған.

Ғұрыптық іс-әрекеттердегі патшаның жеке басының дәріптелуінде саяси астар жатты, ол жерлеу ғұрпының рәсімдерін сақ патшалары әулетінің бұлжымастығын идеологиялық жағынан негіздеу максатымен бұқараға діни ықпал жасау ретінде пайдаланған. Жарқыраған киім патшаның тұлғасын асқақтатып, оны күн бейнелі құдай дәрежесіне көтерген. Бас киіміндегі зооморфтық бейнелердің діни-идеологиялық мазмұны осы қорытындыны растайды. Есік жауынгері бас киімінің маңдай жағындағы канатты және мүйізді пырақ бейнесіне күрделі символика негіз етіліп, сақтардың діни дүниетанымының қағидалары бейнеленген.

Есік олжаларының қарастырылып отырған проблема үшін маңызы жазу ескерткішінің — жазбасы бар күміс тостағанның табылуына байланысты арта түседі. Кез келген қоғамда жазудың болуы фактісі әлеуметтік-экономикалық ұйым дамуының жоғарғы деңгейін білдіреді. Мемлекеттік құрылым үлгісіндегі қоғамдық құрылыс түрі осындай орган болуы мүмкін. Мемлекет пен жазудың пайда болуы үрдістері өзара байланысты болған еді. Усунь, кангюй, хуннулар ендігі жерде жеткілікті дәрежеде дамыған мемлекеттілік қалыптастырды. Оларда әлеуметтік дифференциация, патша билігі, бюрократиялық аппарат, дипломатиялық практика белгілері толығымен кездеседі.

Мәдениет пен өнер. Ерте көшпенділер кезеңіндегі Қазақстан тайпаларының мәдениеті мен өнері дамудың біршама жоғары сатысына жетті. Темір металлургиясы, көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы материалдық және рухани мәдениет түрлерін түбірімен өзгертті. Еуразияның мал өсіретін тайпаларының өз негізінде біртұтас экономикалық базисі, экономикалық және мәдени байланыстары Оңтүстік Сібір, Алтай, Қазақстан аумағын, Еділ бойын, Солтүстік Қара теңіз өңірін мекендеген тайпалар мен халықтардың – сақ, сармат, скиф, усунь, кангюй, хуннудың көптеген ұқсастығы бар мәдениетін өмірге әкелді.

Ғылымда көшпенділердің тұрмыс салты мен тұрғын жайы туралы деректер көп емес. Кейінгі қола дәуірінде көшіп-қону тұрмыс салтына лайықты, тігіліп-жығылатын киіз үй келіп шықты. Аңызға айналған аргиппейлерді сипаттай келіп, Геродот былай деп жазды: «Олардың әрқайсысы ағаштың астында өмір сүреді. Қыста ағаш кез келген сәтте тығыз ақ киізбен жабылады, ал жазда жабусыз қалдырылады». Көшпелі тұрғын жайдың бұдан кейінгі эволюциясы барысында

киіз үйдің құрылымы кемелдене түсті, бірақ оны жасаудың принципі қола дәуірінде-ақ белгілі болған еді.

Геродот пен Гиппократтың хабарлайтынындай, мал өсіретін тайпалардың көш-қонды тұрғын үйлерімен бірге, көшпелілер мен жартылай көшпелілерде барынша кеңінен тараған төрт және алты доңғалақты арбаларға орнатылған киіз үйлер де болды. Қазақстан аумағының оңтүстік, шығыс және солтүстік аудандарында тұрақты тұрғын үйлер: оңтүстікте - шикі кірпіштен, солтүстікте және шығыста – бөренелерден салынған үйлер болғаны мәлім. Сырдария мен Арал маңындағы, Жетісудағы сақтарда фортификациясы, баспаналары дамыған қоныстар мен қалалар пайда бола бастайды. Усуньдер мен кангюйлер дәуірінде қала мәдениеті толығымен қалыптасады.

Сақтардың киім, бас киім және аяқ киім үлгісі туралы мәліметтер бар. Мәселен, Геродот сақтар топтарының бірі жайында олардың тығыз киізден тігілген шошақ бөрік, кафтан киетінін, түземдік садақ асынғандығын, қысқа семсерлер мен айбалта ұстағандығын хабарлайды. Персепольдегі Ксеркс сарайының бедеріндегі және Пасаргадтағы Дарий мазарындағы бейнелер сақтардың киімі туралы айқын түсінік береді. Оларда бейнеленген сақтар биік шошақ бөрік, денемен дене, тізесіне дейін жететін бешпент киген, белбеу буынған, тар шалбар және өкшесіз аяқ киім киген; белбеудің оң жағына канжар, ал сол жағына садақ ілінген.

Археологиялық олжалар осы түсініктерді қуаттап, толықтыра түседі. Б.з.б. VI-V ғасырлардағы Орта Азия тұрғындарының Әмудария көмбесінен табылған алтын және пластина табақшаларында бейнеленген киім-кешек пен аяқ киім иран бедерлеріне жақын, бірақ бас киімінің шошақ төбесі мұнда төмен қайырылған. Тараздан табылған сақтың қола мүсінінде тік жағалы қысқа бешпент, қырлы дулыға киген адам бейнеленген; Жетісудан табылған алтын тоғалардан жалбағайлы шекпен киген салт атты бедерленген.

Есік обасынан табылған олжа ақсүйек сақтың сән-салтанат киімін, бас киімін, аяқ киімін, үстіне тағатын сәндік заттарының қалай орналасатынын қалпына келтірудің ілуде бір кездесетін мүмкіндігін береді.

Тоң болып қатып жататындықтан Таулы Алтайдағы сақ обаларында неше түрлі киімдер: тігіс-тігісіне қызыл жүн бау жүргізіліп әшекейленген ақ мата көйлектер, ақ талдырма киізден және бұлғын терісінен тігілген бешпент, жалбағайлы киіз күртешелер, ерлер мен әйелдердің киіз ұйықтары, әйелдердің тар жеңі кестеленген бешпенттері мен қысқа қонышының ойығы бар шегірен етігі, бұлғын терісінен тігілген балалар мен әйелдердің кеудешелері және т. б. сақталған.

Жетіасардағы қазба жұмыстары сақталған мата қалдықтары, белдік, әшекейлер мен тоғалар негізінде кангюй ер адамы мен әйел адамының киімдерін қалпына келтіруге мол мүмкіндік берді.

Діни нанымдары мен ғұрыптары. Жерлеу материалдарына карағанда, ата-баба аруағына, отбасылық-рулық әулиелер мен желеп-жебеушілерге сыйыну ғұрыптары болған. Бұл ғұрыптардың шығуы өлген тумаларының мәңгі жасайтынына, өлгендер өзінің рулық қауымының салттары, үйреншікті ғұрыптары мен ережелері бойынша өмір сүре беретін о дүние бар деген сенімге негізделген. Осыдан келіп өлген адаммен бірге оның беделі мен қауымдағы алатын орнына лайық мүліктің

көмілуі, қауымның жеріндегі ру зиратында атқарылатын әрбір тайпаға немесе тайпалар тобына тән күрделі жерлеу ғұрпы шыққан. Малшыларда бұл ең алдымен қыстау маңы болды. Өлгендердің бәрі әдетте жылдың қай мезгілінде болса да, шалғай жерден болса да осы жерге жеткізілді.

Сақ пен усунь тайпаларының жерлеу ғұрпы алдындағы уақыттың ғұрыптарынан едәуір ерекше болды. Егер қола дәуірі үшін тас қоршаулар мен тас жәшіктерге жерлеу тән болса, сақтар мекендеген аудандардың бәрінде обалы қорымдар болып, адамдар көбіне сопақша етіліп қазылған қабірлерге жерленді. Лақыттап және ақымдап жерлеудің жаңа түрлері шықты.

Жерлеу ғұрыптарының салттарында да бірсыпыра айырмашылықтар орын алып, олар шағын және уақытша сипатта болған. Мәселен, Оңтүстік Орал сырты мен Батыс Қазақстанның савроматтары өлген тайпаластарын бетін ағашпен жапқан тар немесе кең тік бұрышты шұңқырларға көмген. Осы аумақтағы кейбір тайпаларда шаршы және шеңбер түріндегі қабірлерге жерлейтін болды, ұзын қабырғаларының жақтауынан шығарылған кертпешелері немесе ойықтары бар қабірлер ұшырасады.

Арал маңы сақтарында түбін айнала шамалап орлаған, жерден ойып нар жасаған және түбінің бұрыш-бұрышына не оны айналдыра орнатылған дінгектердің орны бар өзінше бір үлгідегі қабірлер кездеседі. Жетісуда және Алтайда ауқатты адамдар сол кездегі жердің бетіне салынған не жерді қазып орнатқан үлкен ағаш қималарға қойылатын болған. Бұл аудандарға карапайым адамдарды бір қабірге бірнешеуін жерлеу немесе аса терең қазылмаған қабірлерге бірінен кейін бірін жерлеу ғұрпы да тән. Орталық Қазақстанда жалпақ тақта тастармен жабылып, жерден қазылатын сопақша жерлеу тұрақты дағдыға айналды, нақ осында тас кешенді обалар түріндегі мола құрылыстардың ерекше үлгісі де болған. Тайпалардың жерлеу ғұрпындағы айырмашылықтар оларда біртұтас жүйелі діни ұғымдардың болмағандығын көрсетеді. Кангюйлерде оба астындағы катакомбаларда, бүйірлі молаларда, жер бетіндегі және жер астындағы сағаналарда, қолдан балшықпен платформа жасалған молаларда жерлеу кеңінен орын алды.

Қазақстанның мал өсіруші тайпаларының отқа, жылқыға, күнге және басқа аспан шырақтарына табынумен байланысты ғұрыптары да болған. Антик деректемелері мен көне ирандық деректемелер бірқатар сақ тайпаларының сыйынатын басты құдайы Күн болғанын анық көрсетеді, онымен аспан отының бейнесі тығыз байланысты болған. Орталық Қазақстан мен басқа аудандардың сақ қабірлерінде Күн-құдайға құрбандыққа жылқы шалу дағдысы талай рет анықталды, әр түрлі нұсқалары: аттың өлігі мен оның тұлыбын көму, аттың басы мен аяқтарының терісін көму, ат әбзелдерін немесе олардың жекелеген бөлшектерін көму нұсқалары да мәлім.

Бәрінен тазартатын киелі күш деп біліп, отқа табыну Күнге табынудан келіп шыққан. Ол Еуразияның мал өсіретін көптеген тайпаларында кеңінен таралған. Батыс Қазақстандағы ағаштан жасалған мола үстіндегі құрылыстарды өртеу ғұрыптары зұлым рухтарды жолатпайтын оттың тазартқыш күшіне сенумен байланысты. Арал маңы сақтары сияқты, Елек пен Жайық савроматтарының қабірлерінен де қызыл бояу – от пен Күннің символы жиі ұшырасады. Қола

(Жетісу) және тас (Арал өңірі, Орталық Қазақстан, Оңтүстік Орал сырты) құрбандық мехраптарының көптеп табылуы күнге, отқа және үйдегі ошаққа сыйынумен байланысты.

Діни нанымдарында өлген адамға екі түрлі қарау айқын аңғарылады: бір жағынан, оны құрметтеп, оған сыйынатын болса, екінші жағынан тайпаластарға өлген кісінің жаны қайтып келіп кіреді деп қорқатын болған. Соңғы жағдайда отқа табыну, сірә, өзінше бір сақтану қызметін атқарған болса керек. Нақ осы мақсатпен жерлеу ғұрпы атқарылған кезде обаларды айнала ондаған жерге от жағылатын болған, мәселен, Орталық Қазақстандағы Қараоба және Жетісудағы Бесшатыр қорымдарында осылай істелген.

Анимизм, тотемизм және магия сияқты алғашқы ең ежелгі діни ұғымдар да сақталды. Қабірлерден әдейі сындырылған бұйымдардың жиі кездесетінін ғалымдар анимизммен, заттардың жаны болады деген сенімнен деп түсіндіреді. Тайпалас адамдар өлген кісінің қаруын, айнасын және басқа да меншікті заттарын әдейі сындырғанда, өлген адамның жанымен бірге өліктер еліне жететін заттардың жанын азат етуге көмектестік деп сенген.

Тотемизмнің және магияның сарқыншақтары әр түрлі тұмарларда, тылсымдар мен бойтұмарларда сақталған. Рудың немесе тайпаның қайсыбір мифтік хайуан тегінен шығуы туралы ұғым жануарлардың металдан жасалған мүсіндерінде бейнеленген. Шайқастарда желеп-жебейді деп онымен қару, жауға мінетін атты сақтасын деп жүгенді безендірген. Сақтарға жақсы таныс жабайы аңдар бейнесіндегі киелі хайуандар туралы олардың шапшаңдығын, ептілігін және көбіне киелі күшін мадақтайтын аңыздар шығарылған.

Бейнелеу өнері. Сақ заманы тайпаларының мәдени шығармашылығының ең жарқын керіністері арасында қодданбалы өнер ерекше орын алады. Оның басты құрауышы б.з.б. VIII-VI ғасырларда қалыптасып, Сібірдің, Қазақстанның, Орта Азияның және Оңтүстік Еуропаның тайпалары арасында тараған аң стилі деп аталатын өнер болды.

Алғашында Скифияда, ал кейіннен Сібірде де бастапқы табылған орны бойынша бұл бейнелеу шығармашылығы шартты түрде скифтік-сібірлік аң стилі деп аталады. Оның негізгі тақырыбы аңдарды, хайуандарды және аңыздағы зооморфтық ғажайыптарды бейнелеу болды. Мазмұны жағынан мифо-логиялық, түрі жағынан реалистік аң стилі өнері сәндік сипатта қолданылды. Бейнелеу әдістерінің көбі қазандар мен құрбандық ыдыстарын, семсер, қанжар, қорамсақ, айбалта, жүген, айна секілді заттарды, киімді, тулардың сабын әшекейлеу үшін пайдаланылды.

Ертедегі шеберлер көп жағдайда заттардың пайдалылығын бейнелеуді мазмұндылығымен жақсы үйлестіріп отырды, осының нәтижесінде олардың жасаған көптеген бұйымдары дүние жүзіндегі ең таңдаулы үлгілерден қалысқан жоқ. Ертедегі суретшілердің шығармашылығы өздерінің айналасындағы жануарлар дүниесінің нақты бейнелеріне етене жақын болды. Сақ шеберлері арқар мен таутекенің, жолбарыс пен қабанның, марал мен түйенің, дала қыраны мен киіктің, қасқыр мен қоянның, жылқы мен бұланның өздеріне жақсы таныс бейнелерін сомдай білген. Аңдарды бейнелеуде әр түрлі материалдар қолданылды. Бізге дейін жеткен бұйымдардың көбі қола мен алтыннан жасалған, сүйектен,

мүйізден, темірден, киізден жасалған аңдардың бейнелері де кездеседі. Ағаштан, теріден, киізден ойып жасалған аңдардың бедерлері де мәлім.

Аң стиліндегі өнерді шартты түрде үш кезеңге: көне заманғы кезеңге, өрлеу мен құлдырау кезеңдеріне бөлуге болады. Б.з.б. VIII—VII ғасырлар үшін аңдарды бір орында тұрған қалпында жеке немесе ішінара бейнелеу тән болып келеді. Таутекенің, арқардың мүсіндері, басын кетеріп жатқан қабанның немесе тұрған жыртқыштың, аяғын бүккен немесе тұяғының ұшымен тұрған бұғылардың бедерлеп салынған суреттері көп кездеседі. Қос шеңберлі тұғырда тұрған екі текенің құйма қола мүсіні назар аударарлық: текелер біршама схемалы түрде, бейне бір секіруге оңтайланған кейпінде, бастары тұқырта бейнеленген, ал бедерлі үлкен мүйіздері арқаларына тиіп тұр.

Жетісудан табылған екі қола мүсінде мүйіздері айнытпай түсірілген текелердің басы реалистік тұрғыда көрсетілген; мүсіндер ұзын конус тәріздес төлкелерге орнатылған. Алдыңғы қола құю өнерінің тағы бір үлгісі — Солтүстік Қазақстаннан табылған, басын жоғары кетерген және мүйіздері бірнеше рет бұралған арқардың іші қуыс мүсіні, ол соғыс қаруы – балға-шотқа (Бурабай) салынған. Шілікті обасынан (Шығыс Қазақстан) табылған заттардың арасында үлкен мүйіздерін арқасына кайыра жатқан бұғы кейпінде шебер жасалған алтын бұйымдар, қабандардың ойып жасалған шағын мүсіндері ерекше көзге түседі. Қола пышақтарды жыртқыштардың басын салып немесе тұтас мүсіндерін салып әдемілеу, ал жүген тоғаларына аттың басын немесе ат тұяғының таңбасын салып әшекейлеу сол кездегі көп тараған әдіс болған еді.

Алдыңғы кезеңнің өнеріне жануарлардың қимыл-қозғалысының болмауы тән, олар ең жақсы дегенде, мысалы, Шіліктіден табылған бүркіттің алтын мүсіндері сияқты, басы сәл бұрылып бейнеленеді. Бейне бір құрсақта жатқандай кейіпте орала бүктетіліп жатқан жануарлардың бейнесі кеңінен тараған сюжет болып табылады. Бұл кейіптес бейнелердің ең ертедегі үлгілері Еуразия далаларының шығыс аудандарынан табылған.

Б.з.б. VI-IV ғасырларда Еуразия далаларында аң стиліндегі өнер стилистикалық жағынан өзгерістерге ұшырады. Бір орында тұрған күйінде бейнеленген жануарлар бейнелерінің орнына құрылымы күрделі, серпінділікке толы сюжеттер шығады. Мүсіндік бейнелер азайып, қозғалыс үстіндегі аңдардың бедерлі бейнелері, аңдардың шайқасып жатқан, жыртқыштардың шабуыл жасап жатқан көріністері бар композициялар көбірек кездеседі. Атыла ұмтылған қозғалыс мүсіндердің «бұратылуы» тәсілімен беріледі, бұл жағдайда аңның жарты денесі қарама-қарсы жағына бүктетіле салынады. Бейненің қозғалыста екендігін керсетудің басқа да техникалық әдістері: қисық сызықтар жүйесі, жануарлардың дене мүшелерін бұрамалар, шырмауықтар, орамалар, үш бұрыштар, жақшалар және т. б. түріндегі арнайы белгілермен беру әдістері қолданылады.

Есік обасынан табылған сақ қанжарының жұқа алтын қаптырмаларында жатқан күйінде бейнеленген аңдардың ширатылуы орындау шеберлігі жөнінен бірегей дүние. Ақинақ жүзінің екі жағына алтын қаптырмалар көмкерілген; олардың бірінде жұқа бедермен он екі, екіншісінде – тоғыз бейне бар. Олардың арасында жыланның, түлкінің, қасқырдың, арқардың, киіктің, таутекенің, қоянның

шағын мүсіндері кездеседі, олардың барлығы ерте кезең өнеріне тән кейіпте аяқтарын бүгіп жатқан күйінде берілген.

Б.з.б. III-II ғасырларда аң стиліндегі өнер біртіндеп күлдірай бастайды. Аң стилі ою-өрнекке айналады. Оның орнына түрлі-түсті тастармен көз салып безендіру техникасы және басқа да әшекейлеу тәсілдері қолданылатын полихромдық деп аталатын стиль келеді, қолданбалы өнер туындылары пайда болып, оларда жануарлар дүниесінің бейнелері схемаға айналып, полихромдық бай өрнекпен араласып кетеді. Бұл өнер дайын күйінде сырттан, бір жақтан әкелінген жоқ, ол сақ өнерінің қойнауынан шыққан. Ою-өрнектік полихромияның кейбір әдістері б.з.б. VII-VI ғасырларда-ақ жетіле бастады. Мәселен, түрлі-түсті тастан көз салу, бедерлеу (алтын түйіршіктерін дәнекерлеп бекіту), тоспа эмаль (жекелеген ұяларды арнайы құрамдағы заттармен толтырып кю) Шілікті, Жалаулы және басқа ескерткіштерден белгілі. Б.з.б. V-IV ғасырлардағы полихромдық өнер туындыларының Қазақстанның, Орта Азия мен Сібірдің бүкіл аумағынан ондаған үлгілері табылды. Бәлкім, нақ осы үш аймақта б.з.б. I-мыңжылдықтың аяғында сақтар өнеріндегі аң стилін ығыстырған полихромдық өнердің қуатты ошағының негізі қалыптасқан да болуы мүмкін.

Аң стилінің шығуы жөнінде тарихи әдебиетте екі негізгі көзқарас бар. Бірінші болжамды жақтаушылар скиф-сақ тайпалары бұл өнерді Алдыңғы Азиядан қабылдаған деп санайды, Еуразияда оның пайда болу мерзімін б.з.б. VII ғасырдың 70-жылдарында скиф тайпаларының Кіші Азияға басып кіруімен байланыстырады. Мидиялықтармен этникалық жағынан туыстық пен мәдени жақындық скиф-сақтар арасында көне шығыс өнерінің кейбір үлгілерінің тез тарауына себепші болды, кейін бұл үлгілерді скифтер мен сақтар өздерінің талғамдары мен қажеттеріне бейімдеп алды. Одан әрі, шамамен, б.з.б. V ғасырдан бастап еуропалық және азиялық өнердің даму жолдары түбегейлі ажырайды, ғалымдардың пікірі бойынша, мұның өзі Қара теңіз жағалауындағы скифтерге көне Грекия ықпалының күшеюінен болған, ал сақтардың мәдениеті мен өнеріне Алдыңғы Азияның Ахеменид өнері тікелей ықпал жасады.

Екінші пікірді жақтаушылар аң стилі өнерінің қалыптасуына Алдыңғы Азия мәдениетінің ықпалы болғанын теріске шығармайды. Бұл ықпал б.з.б. VI ғасырдың соңынан бастап, Ахеменид уақытында ерекше күшті болды делінеді. Нақ осы кезеңде сақ өнерінде оған бұрын тән болмаған арыстанның, жарты денелі арыстан самұрықтың бейнелері, негізгі мүсіні қасиетті ағаш не құдайдың мүсіні болып табылатын геральдикалық композициялар, гүлдер немесе тұтас алғанда лотос түйнегі түріндегі өсімдік тектес ою-өрнектер пайда болады. Алайда, аң стиліндегі өнердің шығуын бұл зерттеушілер жергілікті ортамен байланыстырады да, оның тууын соңғы қола дәуіріне жатқызады.

Аң стилі өнерінің мазмұнын анықтаумен байланысты мәселелер әлі де болса айқын емес. Оның діни наным сипатында болуы ықтимал. Скиф-сақ өнерінің мазмұнына кіретін хайуандар бейнелері нақты этникалық және тайпалық топтардың тотемдік арғы тегін бейнелеген. Сонымен бірге аң стилі өнері мазмұны жағынан мифологиялық өнер болған еді. Бұл өнер аңдар таласының көптеген сюжеттерінде шиеленіскен тартысқа толы рулық және тайпааралық күресті, ерлік даңқы мен жаулап алушылықтың қатыгездігін бейнеледі.

Сақтардың қолданбалы өнерінің маңызды түрі ою-өрнек болды, ол аң стилі өнерімен қатар, онымен өзара байланыста дамыды.

Сақ заманындағы ою-өрнектің бірнеше түрін: геометриялық, өсімдік тектес, зооморфтық, символдық түрлерін бөліп көрсетуге болады. Сақтардың металдан, киізден жасалған бірқатар бұйымдарында және керамикасында сақталған геометриялық ою-өрнек өзінің бастамасын андронов тайпаларының өнерінен алады. Ол сақ бұйымдарында үш бұрыштар, шеңберлер, ромбылар, шаршылар, шыршалы, меандрлық және шеңбер бөліктері тектес ою-өрнек түрінде болып келеді.

Ежелгі усуньдердің зергерлік өнерін Алматы маңында орналасқан Қарғалыдан табылған алтын бұйымдар мейлінше жарқын түрде сипаттайды. Табылған олжалар арасында қос өркешті түйе мүсіндері бейнеленген екі сақина, тау ешкілерінің ондаған мүсіндері, адамды тістеп тұрған тышқан бейнеленген сырға, көптеген тоғалар кездеседі. Барлық бұйымдар алтыннан жасалған және оларға асыл тастар орнатылған.

Қарғалы тәтісі (диадемасы) ерекше қызығушылық туғызады. Ол жөнінде жоғарыда толымды сипаттама берілген.

Арал-Каспий өңіріндегі көшпенділер өнеріне монументтік тас мүсіндер тән болып келеді. Олардың жүзден астам мүсіндерінің басым бөлігі Үстірт пен Маңғыстаудағы ғибадатханалардан табылған. Бұл мүсіндер әктастан жасалған, онда жауынгер ер адамның фигурасы бедерленген: оң қолы төмен түсірілген, сол қолы білек тұсында қайырылған және қарнына жабыстырылған. Сонымен қатар мүсіндердің көлемдері 0,9 м-ден 3,8 м-ге дейінгі аралықты қамтиды.

Аталған ескерткіштердің ерекше құндылығы антропологиялық тип (моңғолоидтық араласқан еуропаидтық) пен киім-кешекті (бешпент, белдік, етік, т.б.) дәл беруінде. Сондай-ақ бедерленген адамның қару-жарағы (қанжар, қорамсақ, т.б.), таққан әшекейлері (сырға, т.б.) де аса шеберлікпен бедерленген. Мұндай заттар сарматтар мен сақтар мекендеген солтүстік аудандардағы қабірлерден молынан ұшырасқан.

Кангюй тайпаларының өнері де сақтардың, усуньдердің қолданбалы өнері сияқты өте тартымды. Олар тіптен сан алуан. Кангюйлерге тиесілі әрбір археологиялық мәдениеттердің (отырар-қаратау, қауыншы, жетіасар) өзіндік ерекшеліктері, қайталанбас туындылары бар. Солардың арасынан ұстағышына қой, елік, жыртқыш аңдар бейнелері түсірілген қыш ыдыстар да ерекше көзге түседі. Қой мүсіні, өгіз мүйізі түрінде жасалынған ғұрыптық ошақ тұғырлары да көз тартады. Үй ғибадатханаларынан алынған пұт – күмістен дайындалған ер адамның мүсіні де кеңінен белгілі. Айта кету керек, ежелгі өнер байырғы тайпалардың діни түсініктерімен тығыз байланысты және оны тек діни көзқарастар аясында ғана талдауға болады. Әрбір жасалған өнер туындысынан сол кездегі шебердің, қоғамның тыныс-тіршілікке, қоршаған орта мен тылсым-дүниеге деген таным-түсініктері нақты байқалады.

ҮІ-тарау

ОРТА ҒАСЫРЛАР ДӘУІРІНДЕГІ КӨШПЕЛІ ТАЙПАЛАР ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Қазақстан аумағындағы ортағасырлық мемлекеттер

Халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірі (II-V ғасырлар) Қазақстан мен Орта Азияның және Шығыс Еуропаның этникалық және саяси картасын едәуір мөлшерде өзгертті. V ғасырда түріктілді тайпалардың қисапсыз көп топтары Солтүстік Моңғолиядан бастап, Шығыс Еуропаға дейінгі ұланғайыр далаға кең жайылып қоныстанады, оңтүстікте олардың қоныс-өрісі Әмударияның жоғарғы ағысына дейін жетеді.

552 жылы түріктердің бастаушысы Бумын өздерінің билеушісі аварларға (жуань-жуаньдарға) қарсы шығып, оларды ойсырата жеңеді. Осы мемлекеттің ойрандалған орнында түріктер Түрік қағанатын құрады.

Түріктер қарауындағы жерлері Каспий теңізінен Солтүстік Үндістан мен Шығыс Түркістанға дейін созылып жатқан эфталиттермен кездеседі. Түріктер Иранмен эфталиттерге қарсы одақ құрады. 564 жылы Иранның шахы Хосроу Ануширван эфталиттерден аса маңызды стратегиялық Тохарстан облысын тартып алады.

Орта Азияны жаулап алғаннан кейін түріктер Батыс пен Шығысты жалғастырып тұрған Жібек жолы бойындағы саудаға толық қожалық етті. Мемлекет мейлінше күшейген кезде батыстағы аумағы Шығыс Еуропаның бір бөлігіне дейін жетті.

Түрік қағанаты – әлем тарихындағы ең бірінші еуразиялық мемлекет еді.

Батыс түрік және Түргеш қағанаттары. Түрік қағанатындағы Естеми-қаған мен оның ұлы Түрксанф тұсындағы өзара қырқыстар әлеуметтік қайшылықтарды күшейтіп, қағанатты әлсіретті. Нәтижесінде 603 ж. Батыс түрік қағанатының бөлініп шығуымен аяқталады, Шығыс Түркістанның көгалды аймақтарынан бастап Әмударияға, Еділ өңірі мен Солтүстік Кавказ далаларына дейін созылып жатқан байтақ жер осынау Қағанат қарауына көшеді.

Қағанаттың этникалық саяси өзегі «он тайпа» (он оқ будун) болды, олар Қаратау баурайынан Жоңғарияға дейінгі аралықта жатқан ежелгі үйсін жерін жайлайды. Шу өзенінің шығыс жағында дулының бес тайпасы, ал оның батыс жағында бес тайпалы нушебилер тұрып жатты. Суяб қаласы (Қырғызстандағы Тоқмақ қаласы маңында) елдің астанасы болды.

Қағанаттағы бірінші тұлға жоғарғы билеуші-басқарушы, әскери қолбасшы, күллі жердің қожасы – *қаған* болған еді.

Қағанаттағы жоғарғы лауазымдар – *жабғы*, *шад* және *елтебер* — қаған әулетіне ғана тән атақ болатын. Сот қызметтерін *бұйұрықтар* мен *тархандар* атқарды. Қағанаттың негізгі халқы мал өсіретін ерікті ұсақ қауым мүшелері («қара будун») болған еді. Әлеуметтік жағынан тайпалар — ақ сүйек және вассал (бағынышты) тайпалар болып бөлінген.

Қарауындағы халықтар мен тайпаларды ұдайы бағынышты етіп ұстап отыруға Батыс түрік қағанаты Орталық үкіметінің әскери-саяси күштері жетіспейтін болып шықты. Қағанат ішінде өзара тартыс үздіксіз жүріп, билеушілер жиі-жиі ауысып жатты, бұл ыдыраушылықты асқындырып жіберді.

Нәтижесінде қағанат құлады. 704 жылы Жетісуда түргештер билікке келді. Билеуші әулетінің атасы Үш-Елік қаған (699-706) болған еді. Түргеш мемлекеті араб шапқыншылығына қарсы тұрды, олармен ондаған жылдар бойы күрес жүргізді. Қағанаттың негізгі тарихы араб шапқыншылығымен тығыз байланысты болды.

Оның басқару институттары мен өзге де құрылымдары Батыс түрік қағанатына ұқсас еді.

Алайда ішкі өзара қырқыстар мен арабтармен болған соғыстар Түргеш мемлекетінің негізін шайқалтты. 756 жылы бұл мемлекет түрік тілді қарлұқтардың қысымымен құлады.

Қарлұқ мемлекеті (766-940). Қарлұқтар туралы «бұлақ» деген атпен мәлім болған алғашқы деректер Ү ғасырға жатады. Бұлар Алтай тауы мен Балқаш көлінің шығыс жағалауы арасын қоныс еткен көшпелі тайпалар еді. VII ғасыр орта кезінде қарлұқ бірлестігінің құрамына ірі-ірі үш тайпа—*бұлақ*, *шігіл (себек)* мен *ташлық* кірген. Қарлұқ тайпаларының көсемдері *елтебер* титулын иемденді.

742 жылы қарлұқтардың, ұйғырлар мен басмылдардың одағы шығыс түріктерге қарсы шығады. Түріктер талқандалып, олардың қағанатының орнында жаңа мемлекет құрылады. Билікке басмылдар келеді. Алайда ұйғырлар мен қарлұқтардың біріккен күші басмылдарды талқандағаннан соң Ұйғыр қағанаты (744-840) құрылады. Ұйғыр тайпаларының басы жоғарғы қаған болады да, қарлұқтар көсемі оң (батыс) жабғы атағын алады. Ұйғыр мемлекетін құрысқан қарлұқтар енді оларға жау болады. 746 жылы қарлұқтар Ұйғыр қағанатынан жеңіліс тауып, Жетісуға қарай жылжиды. VIII ғасыр орта кезінен бастап, қарлұқтар мен оғыздар арасында түргештер мұрасын иемдену жолындағы тартыс етек алады, бұл текетірес қарлұқтардың жеңісімен аяқталынады; олар Қарлұқ қағанатын құрады. Оның астанасы Суяб пен Тараз болды. Мемлекет аумағын кеңейтуді жалғастырған қарлұқтар 766-775 жылдары Қашғарияны басып алады, ал VIII ғасыр аяқ кезінде олар өз ықпалдарын Ферғанаға да жүргізе бастайды.

Қарлұқтардың жоғарғы көсемі бастапқыда *жабғы* (жабғу) аталынса, 840 жылдан бастап *қаған* аталына бастады.

Араб және парсы деректемелеріне жүгінсек, IX-X ғасырларда қарлұқ бірлестігі толып жатқан рулық-тайпалық топтардан құралады. Мысалы, араб жағрафияшысы әл-Маруази (XII ғ.) қарлұқтар құрамында тоғыз тайпа болған дейді. Қарлұқ қоңференциясына Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның: *тұхси*, *шігілдер*, *азкіштер*, *түргештер*, *халаджылар*, *чаруктер*, *барысхандар* сияқты көшпелі және жартылай көшпелі түрік тілді тайпалары енген. Қарлұқтардың қоластындағы халықтар этникалық жағынан бір тектес

болмаған, олардың ішінде парсы тілді соғдылар, Таяу Шығыс пен Орталық Азия елдерінен ауған келімсектер де бар болатын.

VIII-X ғасырларда қарлұқ тайпалары Қазақстанның Жоңғар Алатауынан Сырдарияның орта ағысына дейінгі кеңінен көсіліп жатқан аумақты қоныс етеді.

Қарлұқтардың жабғысы әрі Испиджаб билеушісі болған Білге Көл Қадырхан жоғарғы билікке өз құқы бар екендігін ашық түрде жариялап, қаған титулын алған. IX ғасыр соңында саманидтер әулеті мемлекетінің билеушілері қарлұқтарды талқандап, астанасы Таразды басып алады. Қарлұқ қағаны орталығын Қашғарға көшіреді.

Қарлұқ қағанатын ішкі қырқыстар, түрлі тайпалардың жайылым үшін күресі талан-таражға түсірді. 940 жылы қарлұқтар мемлекеті құлады.

Арабтардың шапқыншылығы. Араб шапқыншылығы қарсаңында Орта Азия мен Қазақстанның басым бөлігі Батыс түрік қағанатының қол астында болды. Көптеген ортаазиялық иеліктерді түрік немесе шығу тегі аралас әулеттер басқарды. Осы кездері шаруашылық байланыстар кеңейді, экономикалық байланыстар жанданды. Бұл араб шапқыншылығына қарсы күресті ұйымдастырудағы едәуір маңызды факторлар болған еді.

705 жылы арабтар шауып кету тактикасынан бас тартып, Әмударияның шығыс жағындағы Мауераннахр облыстарын басып алуға кірісті. Хорасанның уәлиі-орынбасары Кутейба ибн Муслим Балхты жаулап алып, 706 жылы Бұхараға таяу жердегі Пайкентке қарай беттеді. Түргештер дереу соғдыларға көмекке келді. Түріктер мен соғдылардың бірлескен қолы араб әскеріне ойсырата соққы берді. Кутейба ибн Муслим айлакерлік жолмен одақтастарды алдап, оларды бір-біріне айдап салып, өзі қоршаудан құтылып кетеді.

712 жылы Кутейба Самарқандты басып алады.

712-713 жылдары арабтармен күреске тастүйін болып түріктер мен соғдылардың, шаштықтар мен ферғаналықтардың бірлескен қолы шығады. Бұған жауап ретінде Кутейба қалың әскер жинап, Ферғана мен Шашқа (Ташкент) аттандырады. Шаш маңындағы қыстақтардың көбі рақымсыз өртеледі.

714 жылы Шашты Кутейба басып алып, Испиджабқа жорық жасайды.

723 жылы Ферғана қарлұқтары және Шаш тұрғындары тізе қосып, арабтарды оңдырмай жеңеді, оларды Ходженттен Самарқандқа дейін қуып тығады. Бұдан кейінгі соғыстарда екі жақ алма кезек жеңіске жетіп отырады.

Түргештер өздерінің күшейген кезінде Мауераннахр үшін арабтарға қарсы елеулі күш болған еді. Түргештер қолдаған халық көтерілістері арабтарды түгелдей Мауераннахрдан қуып шығуға жақындатты. Түргештердің қағаны Сулық арабтарға қарсы батыл да қайратты күш көрсетті, сондықтан оны арабтар «Әбу Мұзахим» (Сүзеген) деп атады. 737 жылы Сулық арабтарға қарсы жорыққа шығып, Тохарстанға дейін жетеді де, қарлұқ жабғысымен қосылады. Еліне қайтып келгеннен кейін оны өзінің қолбасшыларының бірі өлтіреді, осыдан кейін қағанатта өзара қырқыстар өрши түседі.

Сулықтың қазасынан кейін «сары» түргештер мен «қара» түргештер арасында үкімет билігін алу жолындағы ұзақ күрес-тартыс басталып кетеді, ол екі жаққа да ауыр тиді.

748 жылы қытай әскерлері Суяб қаласын уақытша басып алады, келесі жылы Шаш жаулап алып, билеушісін дарға асады. Оның баласы көмек сұрап, арабтарға барады. 751 жылы Тараз жанындағы Атлах қаласы түбінде аббасидтердің әскербасы Зияд ибн Салих пен Қытай қолбасшысы Гао Сяньжи арасында орасан зор арпалыс басталады. Айқас бес күнге созылады. Шешуші сәтте қытайлардың ту сыртындағы қарлұқтар көтеріліс жасап, арабтар жағына шығады. Қытай әскері толық күйретіледі, ал арабтар Таразды бағындырады.

766 жылы Жетісудағы билікті алғаннан кейін қарлұқ жабғысы арабтарға қарсы күресті бастайды.

806 жылы Соғдыда Рафи ибн Лейс бастаған көтеріліс бұрқ ете қалады, оған «өз түріктерімен бірге Шаш билеушісі», қарлұқтар, тоғыз-оғыздар мен тибеттіктер де қатысқан еді. Бүлікті басып-жаныштағаннан кейін, 810 жылы арабтар қарлұқтардың Құлан қаласына шабуыл жасайды.

812 жылы араб қолбасшысы Фадл ибн Сахл Отырар өңіріне кіріп, ондағы шекара қамалының бастығын өлтіреді, қарлұқ жабғысының балалары мен әйелдерін тұтқынға алады, ал қарлұқ жабғысы қимақтар (кимектер) еліне барып бас сауғалайды. Араб тарихшылары Фараб, Испиджаб пен Шаш арабтар үшін ең тынышсыз иеліктер болғандығын жазады.

IX ғасыр бас кезінде араб халифатының саяси тұтастығы бұзыла бастады. Мауераннахр халқының арабтарға қарсы толассыз әрі тынымсыз күресі жергілікті феодалдық аристократияға билікке келуге қолайлы жағдай жасады. Солай болды да. IX ғасырдың 20-жылдарынан бастап Хорасан мен Мауераннахрда жергілікті Тахиридтер мен Саманидтер, ал Жетісу мен Сырдарияның орта ағысында қарлұқтар билік ете бастады.

Қарахан әулетінің мемлекеті (942-1210). Мемлекеттің қалыптасуында қарлұқ конфедерациясына кірген тайпалар маңызды рөл атқарды. Әулет атасы Сатұқ Боғра-хан 942 жылы өзін жоғарғы қағанмын деп жариялайды.

X ғасыр соңына қарай Қарахандар саманидтердің Орта Азиядағы иеліктерін, астанасы Бұхарамен бірге жаулап алады. Қарахандар мен Қыпшақ хандығының шебі Тараз қаласына жуық өтетін. Ал солтүстік-шығыс бетте Қарахандар шекарасы Балқаш көлі мен Алакөл шетінен аспайтын. Шығыста олар ұйғырлармен шектелетін.

XI-XII ғасырларда Қараханидтер мемлекетінің иелігі батыста Мауераннахрдан шығыста Жетісу мен Қашқарға дейін созылатын.

Қарахандар мемлекеті, шекаралары тұрақты, толып жатқан еншіліктерге бөлінетін. Еншілік иелерінің құқықтары зор болатын, олар өз атымен теңгелер шығаруға дейін баратын. Осындай ірі иеліктердің бірі, тіпті тәуелсіз мемлекеттің бірі солтүстік-шығыс Жетісудағы, Жоңғар Алатауындағы Қарлұқ жабғысының мемлекеті болды. Оның орталығы Қойлық (Қаялық) қаласы болған еді.

XI ғасырдың 30-шы жылдарының аяққы кезінде Қарахан әулетінің мемлекеті екіге бөлінеді. Батыс хандыққа Ходжентке дейінгі Мауераннахр кірді. Астанасы Бұхара қаласы болған еді. Шығыс хандық құрамына Тараз, Испиджаб, Шаш, Ферғана, Жетісу мен Қашғар кірді. Оның астанасы Баласағұн қаласы болған.

Қарахан әулетінің хандары билікті орталықтандыруға ұмтылды, алайда бұл әрекеттері нәтижесіз болды, өйткені билеушілер жиі алмасып отырды. Сонынан қарахан әулетінің мемлекетін қарақытайлар толық күйретеді.

Қарақытайлар (1128-1213) мен наймандар мемлекеттері (1213-1219). Қарақытайлардың құрылуы Қытайдың солтүстік жағында Маньчжурия мен Уссурий өлкесінің аумағын мекендеген б.з. ІҮ ғасырынан бастап жазба деректерде моңғол тілді тайпалар ретінде аталатын Орталық Азияның қидан тайпаларымен тығыз байланысты. 924 жылы Алтайдан бастап, Тынық мұхитқа дейінгі аса кең жер Қидан мемлекетінің (Ляо империясы) қол астына өтеді. Қидандардың билеуші әулеттері Солтүстік Қытайды мекен етті.

1125 жылы Сунь Қытайы мен Чжурчжень мемлекетінің біріккен күші Ляо империясын құлатады. Қидандардың бір бөлігі (40 мың түтін) Елюй Дашы қолбасшымен бірге Еміл өзенінің бойына жетеді де, сол арадан қала салады. Жетісуда қидандарды қарақытайлар деп атайды.

1128 жылы Қарахандар әулетінен шыққан Баласағұн билеушісі өздеріне қысым жасап, тыныштық бермеген қаңлылар мен қарлұқтарға қарсы аттануға шақырады. Қарақытайлар көсемі Елюй Дашы Баласағұнды басып алып, Қарахандар әулетінің билеушісін тағынан тайдырып, Жетісуға өз мемлекетін орнатады. Сосын бірқатар жаулау жорықтарын жасап, мемлекет шекарасын Енисейден Таласқа дейін кеңейтеді. Содан кейін қарақытайлар қаңлыларды бағындырып, Шығыс Түркістанды қосып алады. 1137 жылы олар Ходжент жанында Мауераннахрдың иесі Махмұд-ханды талқандады, ал 1141 жылы салжық-қарахандар әскерін күйретеді. Сөйтіп, қарақытайлар Бұхараны және күллі орталық Мауераннахрды басып алады. Жетісу, Оңтүстік Қазақстан, Мауераннахр мен Шығыс Түркістан қарақытай мемлекетінің құрамына енеді. Қарақытай мемлекетінің басшысы *гүрхан* деп аталды. Баласағұн оның иеліктерінің орталығы болып қала береді. Қарахандар әулетін қарақытайлар өз вассалына күштеп айналдырады.

Алайда Жетісудың (Іле аңғары) Іле өзенінен солтүстікке қарай жатқан бір бөлігі бұрынғысынша қарлұқ хандарына тиесілі болып қала берді, олардың арасында қарақытай билеушісінің өкілі өмір сүрді.

1208 жылы Жетісуға Моңғолиядан Шыңғысхан тықсырып қуып шыққан, Күшлік хан бастаған наймандар қашып келеді. Наймандар ұлысының да ұзын-сонар тарихы бар. Олар Орталық Азиядағы ірі мемлекеттік құрылым болды. Наймандардың шығу тегі мен ертедегі тарихы күрделі де, қиын мәселе. Ғылыми әдебиеттегі соңғы мәліметтер олар түрік тілдес болды дегенді нақты дәйектейді. Ғалымдар «найман» терминінің түпкі мәні моңғол тілі тұрғысынан алғанда ашылады, ол конфедерацияға енген тайпалар санына қарап, «сегіз» деген сөз деп болжам жасайды. Көне түрік жазуларында айтылатын «сегіз-оғыздарды» зерттеушілер наймандармен теңдестіреді. VIII

ғасырда оғыз тайпаларының бірлестігі Орхон өзенінен бастап, жоғары Ертіске дейінгі жерді алып жатқан. Кейінірек наймандар да сол араны мекен еткен болатын. Сірә, оғыздарды осы наймандар ығыстырған болса керек.

1211 жылғы қарақытай мемлекетінде қалыптасқан жағдайды оңтайлы пайдаланған Күшлік-хан өз одақтастарымен бірге гүрханды тұтқындап, биліктен тайдырады. Сөйтіп, Қарақытай мемлекеті өмір сүруін тоқтатады. Жетісудағы билік наймандардың басшысы Күшлік-ханның қолына өтеді.

Оғыз мемлекеті. VIII ғасыр орта кезінде түргештер мұрасы үшін қарлұқтармен болған күресте оғыздардың едәуір бөлігі Жетісуды тастап, тау баурайлары мен Шу алқабына кетіп қалған болатын. IX ғасырдың бас кезінде оғыздардың көсемдері қарлұқтармен және кимақтармен одақтасып, қанғар-печенег бірлестігін күйретеді де, Сырдарияның төменгі ағысы мен Арал өңірі даласын басып алады. IX ғасыр соңғы кезінде олар хазарлармен одақ құрып, печенегтерді жеңеді де, Орал мен Еділ арасын қол астына қаратады.

Печенегтермен ұзақ уақытқа созылған күрес-тартысы олардың саяси бірлігін күшейтіп, тайпалардың оғыздық одағын құруға себепші болады. Оғыздар құрамына Сырдария алқабы мен Арал-Каспий далаларын ілкі замандардан мекен етіп келе жатқан тайпалар кірді. Оғыздардың этникалық қауымдастығының құрылуы ұзақ және күрделі процесс болды. Әуел баста оғыз тобының өзегі Жетісуда ұйымдасады, алайда батысқа қарай жылжу барысында Оңтүстік және Батыс Қазақстан жерінің көшпелі және жартылай отырықшы халқының есебінен едәуір дәрежеде толығады.

IX ғасыр аяғы мен XI ғасыр бас кезінде оғыз тайпалары Сырдарияның орта ағысынан Еділдің төменгі бойына дейінгі орасан кең аумақты мекендейді. Оғыздардың қоныс өрістері Ырғыз, Орал, Ембі, Ойыл өзендерінің бойларында, Сырдариялық Қаратау баурайлары мен Испиджаб шегіне дейін жайылып, шашырап жататын. Олар Сырдарияның орта және төменгі ағысы бойында, Арал өңірі мен Шығыс Каспий аймағында шоғырланып қоныс тепкен-ді. Тіпті Орталық Қазақстанға дейін де жеткендігін археологиялық ескерткіштер (Аяққамыр, Басқамыр, т.б. қалалар, Домбауыл кесенесі, т.б.) нақты дәлелдеп отыр. Оғыз тұрақтары мен бекіністерінің шекарасы Оңтүстік Орал мен Төменгі Еділ бойына дейін жететін. Оғыздар отырықшы облыстармен, Хорезммен, Мауераннахрмен және Хорасанмен шектесіп жататын.

X ғасырда сонау Хазарияға дейін созылып жататын ұланғайыр дала, сол сияқты Солтүстік Каспийдің құла түзі, Орталық Қазақстан, Оңтүстік-шығыс Қарақұм шөлі мен Арал аймағының Кызылқұмы *Оғыз даласы* деп аталатын. Демек осы өңірлер белгілі бір кезеңдерде оғыздарға түгелдей дерлік қараған болатын.

Орта Азия мен Шығыс Еуропаға және Орталық Азияға баратын керуен жолдарының тоғысқан жерінде жатқан Янгикент қаласы X ғасырда оғыз мемлекетінің астанасына айналады. «*Жабғы*» атағы бар жоғарғы билеуші Оғыз мемлекетінің басшысы болған.

Оғыздар мемлекеті Еуразияның саяси және әскери тарихында маңызды рөл атқарады. 965 жылы олар Киев Русымен одақтасып, Хазар қағанатын

талқандайды. X ғасыр орта кезінде хазарлар шекарасы Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жиегіне жеткен еді. 985 жылы оғыз жабғысы орыс кінәздарымен бірлесіп, Еділ Бұлғариясын ойрандайды. Осының бәрі оғыз мемлекетінің саяси күш-қуатының өсуіне жол ашқан еді.

Қимақтар мен қыпшақтар. VIII ғасырда Қимақ (Кимек) мемлекетінің қалыптасу мен күшеюі басталады. Қимақтар тарихының ерте кезі Солтүстік-Батыс Моңғолиямен тығыз байланысты. VII ғасыр орта тұсында олар Алтай тауларынан солтүстікте жатқан Ертіс алабындағы аудандарға қоныс аударады. VIII ғасырдың екінші жартысы мен IX ғасырдың бас кезінде қимақ тайпалары солтүстік-батысқа – Оңтүстік Оралға, оңтүстік-батысқа – Жетісуға, Сырдария алабы мен Оңтүстік Қазақстанға қарай жылжиды.

Эймұр, имек, қыпшақ, татар, баяндұр, ланиказ, ажлар секілді жеті тайпадан тұратын қимақ федерациясы құрылып қалыптасады. Кимек тайпалары басшысының *байғу* (жабғы) деген атағы (титулы) болған. Кимек тайпалары қағанатында ең күшті әрі ықпалды тайпа қыпшақтар болған еді. VIII ғасырдан XI ғасыр бас кезіне дейін қимақтар шығыста Алтай мен Ертістен, батыста Оңтүстік Орал таулары мен Еділге дейінгі орасан зор аумақта тіршілік етті.

IX ғасыр соңы мен X ғасыр бас кезі аралығында Оңтүстік Орал тау алды аймағы мен одан оңтүстікке таман өңірде қимақтарға туыстас куман тайпалары мекен етті. Олардың көшіп-қонып жүретін негізгі облысы Мұғалжар таулары болды, мұнда олардың астанасы орналасты. Олардан оңтүстікке қарай – оғыздар мен қимақтар, батыста – печенегтер, солтүстік-батыста – бұлғарлар, солтүстік-шығыста – қыпшақтар өмір сүрген болатын.

IX ғасыр бас кезінде Қимақ қағанаты құлағаннан кейін Қазақстан аумағындағы әскери-саяси күш қыпшақ хандарының қолдарына өтеді. Қыпшақ ақсүйектері оғыз жабғысын Орталық Қазақстаннан, Сырдарияның төменгі және орта ағысынан, Арал маңы мен Каспий далаларынан ығыстырып шығарады.

XI ғасырдың екінші ширегінің бас кезінде *Дешті Қыпшақ* (Қыпшақ даласы) атауы бұрын жазба дереккөздерінде қолданылып келген *Мафазат әл-ғұз* (Оғыз даласы) атауын ығыстырып шығарады. XI ғасыр орта тұсында қыпшақтар Еділ өзенінен ары қарай батысқа жылжи бастады, сөйтіп Русь, Византия, Венгрия халықтарымен мәдени байланыстарға түседі. Дешті Қыпшақ тарихи-географиялық облысы Ертістен Днестр өзеніне дейінгі аумақты алып жатты. Оны шартты түрде Еділ өзені алабы бойынша Батыс Дешті Қыпшақ және Шығыс Дешті Қыпшақ деп екі ірі этноаумақтық бөлікке жіктеуге болады.

Қыпшақ аумағы өзіне қыпшақ, сондай-ақ қимақ, куман, ежелгі башқұрт және оғыз тайпаларын сіңірді. Оған XII ғасырда Арал далалары шебін мекендеген көптеген қаңлы тайпалары, сонымен қатар қарлұқтар мен шігілдер де кірген еді.

XI ғасыр ортасына таман қыпшақ тайпалары шығыста Алтай мен Ертіс өзеніне шейінгі, батыста Оңтүстік Оралға дейінгі, оңтүстікте Балқаш көліне

шейінгі, ал солтүстікте Оңтүстік-Батыс Сібір орманды-далалы өңіріне дейінгі кең байтақ аумаққа қоныстанды.

XI ғасырдың екінші жартысында қыпшақ тайпалары Маңғыстау мен Үстіртте оғыз тайпаларының топтарымен бірге көшіп жүрді.

Қыпшақ хандары оңтүстікте өз мемлекеттерінің шекарасын кеңейтіп, Тараз қаласының шетіне дейін жетті, мұнда Қанжиек, Сеңгір бекіністерін тұрғызған. Балқаш көлі қыпшақтар мен қараханидтер арасындағы табиғи шекара болды. Шығыста, Алтай мен Ертістің жоғарғы ағысында қыпшақ жерлері қаңлы, найман және керейіт иеліктерімен шекараласты. Қыпшақ хандығының солтүстік шекарасы қазіргі қазақ даласын Сібірден бөліп тұрған орманды-далалы аймақтан өтті. Батыста қыпшақтардың көршілері Еділ мен Орал маңындағы бұлғар және башқұрт халықтары болды.

Қазақстан аумағындағы қыпшақтардың көшіп-қонып жүретін жерлері Есіл, Тобыл, Нұра, Елек пен Сарысу қойнаулары болған еді. Маңғыстау мен Үстірттегі қыстақтарынан олар жаздыгүні Жем, Сағыз, Ойыл, Қобда, Жайық (Орал) өзендерінің алабындағы жайлауларына көшті.

XIII ғасыр бас кезінде Мұхаммед (1200-1220 жж.) басқарған Хорезмшах мемлекетінің құрамына қыпшақтардың Сығанақ облысы да кірді, алайда Сығанаққа деген иелігін жоғалтқан қыпшақ хандары Хорезммен күресін тоқтатқан жоқ. 1216 жылы осындай Қадыр-ханға қарсы жорықтардың бірінде олар Ырғыз өзеніне дейін жетеді де, Торғай даласында қыпшақтарға қашқан меркіттерді қуып келе жатқан Шыңғысхан әскерімен кездесіп қалады. Бұл моңғолдардың Қазақстан аумағына бірінші рет келуі еді. Осыдан кейін көп ұзамай-ақ моңғол шапқыншылығы басталды.

Моңғол шапқыншылығы мен Моңғол империясының құрылуы. XII ғасыр ортасында моңғол тайпалары Орхон мен Керулен өзенінен батысқа қарай жылжып, Моңғол Алтайы мен Ертістің жоғарғы ағысынан наймандар мен қыпшақтарды ығыстырды. Моңғолдар солтүстікте Байкалдан Енисейдің жоғарғы ағысына дейінгі, оңтүстікте Гоби шөліне шейінгі аумақты қоныстанып жатты.

Моңғол, керейіт, найман, татар, қоңырат және басқа да көптеген моңғол және түрік тайпалары арасындағы толассыз қақтығыстар мен соғыстар XIII ғасыр бас кезінде Шыңғысхан басқарған Моңғол мемлекетінің қалыптасуына алып келді. 20 жылдай аяусыз күрес жүргізген Шыңғысхан барлық моңғол тайпаларын біріктіріп, жеке дара билеушіге айналды. 1205 жылы Құрылтайда моңғол шонжарлары Темучинді жоғарғы билеуші етіп, Шыңғысхан деген атпен хан сайлады.

Тарихи дереккөздерінде жаулап алушылар әркелкі аталды: «моңғолдар», татар-моңғолдар», «татарлар», моңғол-татарлар». «Татар» этнонимі шығыс моңғол тайпаларының бір бөлігіне ғана қолданылды. Моңғолияның барлық тұрғындары Қытайда «татарлар» деп аталынды, Қытай деректемелері арқылы ол араб, парсы, орыс және батыс-еуропалық дереккөздеріне өтті. Шыңғысхан мен оның айналасындағылар өздерін «моңғол» деп атады, ал мемлекетін «моңғолдық» деп көрсетті. «Татар-моңғол», «моңғол-татар» сөздері кейіннен қалыптасқан.

Қытайға басып кіргеннен кейін және оны жаулап алғаннан соң (1211-1215) моңғол армиясы қытай әскери техникасымен – қабырғаны атқылайтын және от ататын қарумен қаруланды.

1218-1219 жылдары моңғолдар көршілес елдердің көптеген халықтарын жаулап алды. Енисей қырғыздары мен буряттардың жерлері тартып алынады, Ұйғырдың Тұрфан бектігі моңғол бодандығын өз еркімен қабылдайды. Цинь империясының әскерін талқандағаннан кейін, моңғолдар Солтүстік Қытайды басып алады.

Шыңғысханның келесі міндеті батыс елдерін – Орта Азия мен Иранды, Таяу Шығыс пен Кавказдың ар жағын, Шығыс Еуропаны жаулап алу болады.

Моңғолдар Жетісуды ешбір қарсылықсыз басып алады. Сегіз жыл ел басқарған найман билеушісінің (Күшлік-хан) Хорезмшах Мұхаммедпен және қарлұқ билеушісімен болған соғыстары Жетісу тұрғындарын қажытқан еді. Күшліктің мұсылмандарды қудалауы да халықтың ашу-ызасын туғызды, сондықтан да дінге қысым көрсетпейміз деген моңғолдар құтқарушы ретінде қарсы алынды. Мұхаммед Хайдар Дулати келтірген мәліметтерге қарағанда, Күшлік-хан исламды уағыздаған бір ғұламамен айтысады. Ол исламның хақ дін екендігін Күшлікке дәлелдеп береді. Бұған ыза болған әрі христиан ілімінің артықшылықтарын қорғай алмаған Күшлік ислам құндылықтарын мойындағысы келмей, ғұламаны қала қақпасына айқыштап керіп өлтіреді де, оның денесін алуға ұзақ уақыт рұқсат бермейді. Мұндай оқиғалар әрине жергілікті халықтың наразылығын туғызған еді.

Бұдан бұрынырақ 1210-1211 жылдары қарлұқ билеушісі Арыслан хан Шыңғысханның қоластына өткен болатын. 1217 жылы ұйғырлардың билеушісі Бұзар да моңғол ханының вассалына айналған еді. 1218 жылы Баласағұн қаласы моңғолдарға соғыссыз беріледі.

Шығыс Түркістан мен Жетісуды басып алу моңғолдарға Оңтүстік Қазақстан арқылы Орта Азияға шапқыншылық жасауға жол ашты.

Бұхараға қарай негізгі күшпен жылжыған Шыңғысхан Отырарды алу үшін Шағатай мен Үгедейге бірнеше түмен әскер қалдырып кетеді, алты айдан кейін Отырар күйрейді. Сырдарияның жоғарғы және төменгі жағына, сондағы қалаларды бағындыруға, егер қарсылық көрсеткен жағдайда қиратуға бұйрық алған моңғолдардың бірнеше отряды жіберілді, нәтижесінде Сығанақ, Асанас, Жент, Янгикент қалалары басып алынды.

Сөйтіп, 1219-1224 жылдары моңғол басқыншылығы салдарынан Қазақстан Шыңғысхан империясының құрамына енеді.

Қазақстан моңғол империясының құрамында. Қазақстан аумағы үш моңғол ұлысының құрамына енді: оның дені (далалық жағы) – Жошы ұлысына, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан – Шағатай ұлысына, Солтүстік-Шығыс бөлігі – Үгедей ұлысына кірді. Жошының еншілігі Ертістің батысынан Жетісудің теріскейін қамтып, Дешті-Қыпшақтың бүкіл шығысын Төменгі Еділ бойына дейін алып жатты. Шағатай ұлысы жоғарыда айтылған жерлер үстіне Шығыс Түркістан мен Мауераннахрды қосып алды, Үгедей – Батыс Моңғолия мен Жоғарғы Ертіс, Тарбағатай аудандарын биледі.

Шыңғыс әулеті өз ұлыстарын тәуелсіз иеліктерге айналдыруға тырысты. 1227 жылы Шыңғысхан дүние салғаннан кейін, бұл ұмтылыс күшейе түседі де, империя бірнеше тәуелсіз мемлекеттерге бөлініп кетеді.

Шағатай ұлысында, ең алдымен Жетісу аумағында билікке үміткер Шағатай мен Үгедей ұрпақтары арасында толассыз соғыстар болып тұрды. Өзара қырқыстарға Шыңғыс тұқымдарының бірін қолдаған көшпелі феодалдардың топтары да қатысты.

XIY ғасырдың бірінші жартысындағы Хайду мирасқорлары арасындағы өзара қырқыстар Жетісуға экономикалық зардаптар алып келді. Бұл жөнінде Махмұд ибн Уәли өз шығармасында толымды түрде көрсетіп кеткен.

Бұл процесс одан бұрын басталған болатын. Моңғол шапқыншылығы қалалық мәдениетті қиратпағанымен, оған біршама ауыртпалықтар әкелді. Орасан зор армияның өңір жерімен жүріп өтуі егіншілік алқаптардың гүлденіп тұра беруіне кері әсерін тигізді.

Жошы қайтыс болғаннан кейін (1225 жылы) оның орнын ұлы Бату (Батый) басады. Ол Дешті-Қыпшақ пен Еділ бұлғарларының жеріне, одан әрі Батыс елдеріне жаулау жорығын жасайды. Орыстың аса ірі кінәздіктері талқандалып, Польша, Венгрия, Чехияны және басқа елдерді талап, құлазытады. Жеті жылдық жорық нәтижесінде (1236-1242) Батыйдың қоластына Еділдің батысынан Дунайдың төменгі жағына дейінгі жерлер қарайды, әрине оның ішінде Қырым, Солтүстік Кавказ бен Батыс қыпшақ (половцылар) даласы да кіреді. Еділдің төменгі бойына қайта оралған Бату бұл арада жаңа мемлекеттің негізін салады, ол кейінірек Алтын Орда деп аталады. Оған Жошы ұлысының аумағы Шығыс Дешті-Қыпшақ, Хорезм мен Батыс Сібірдің бір бөлігі, сол сияқты жаңадан жаулап алынған жерлер кіреді.

Батухан негізін салған мемлекет шығыс деректерінде Жошы ұлысы, сол сияқты Жошы ұрпағы хандарының атымен (Бату ұлысы, Берке ұлысы, т. б.) деп аталады. Ұлыстың астанасы Сарай-Бату (Астраханға жақын жерде), кейінірек Сарай-Берке қалалары болған.

Алтын Орда көп ұлтты мемлекеттік құрылым еді. Ол қоғамдық-экономикалық дамуының деңгейі жағынан бір-бірінен айырмашылығы үлкен, өзіндік мәдениеті мен әдет-ғұрыптары бар әралуан халықтар мен тайпалардан құралды. Дешті-Қыпшақ даласындағы көшпелілердің басым көпшілігі ең әуелі қыпшақтар, сосын барып қаңлылар, қарлұқтар, наймандар, т.б. болған еді. Алтын Орданың отырықшы облыстарында бұлғарлар мен мордвалар, орыстар мен гректер, шеркестер мен хорезмдіктер, т. б. тұратын. Ордадағы моңғолдардың өздері тіпті аз еді, ал XIII ғасыр соңында және XIV ғасырды моңғолдар іс жүзінде түріктеніп кеткен еді.

Алтын Орданың мемлекеттік құрылымы тұтас алғанда Шыңғысхан енгізген үлгінің ізімен жүрді. Мемлекет Жошы ұрпағынан шыққан хандардың меншігі саналды. Аса маңызды мемлекеттік мәселерді шешу үшін билеуші әулет мүшелері бастаған аксүйектердің жалпы жиналысы-құрылтай шақырылды.

Моңғол шапқыншылығы мен оның өктемдігі Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның қалыптасқан шаруашылығы дамуының экономикалық негізін

киратып, осынау аудандардың бірігу процестерін баяулатты, олардың өзара шаруашылық, этникалық, мәдени жағынан бір-біріне және төңірегіндегі далаға әсер етіп, араласып-құраласып кетуіне кері әсерін тигізді. Бағындырылған елдердің көшпелі және жартылай көшпелі жұрты Шыңғыс әулетінің ұлыстарына енеді, сөйтіп ондық, жүздік, мындықтарға және басқаларға бөлінеді және бұл істе жергілікті халықтың рулық-тайпалық құрылымы қатты ескеріледі, бұл әрине оның жаңа орынға ұзақ уақыт тұрақтап бекіп қалуын қамтамасыз ететін маңызды фактор болатын.

Моңғол басқыншылығының апатты зардаптарымен бірге, кейбір жағымды жақтары да болғандығы белгілі. Моңғол үкіметтері сауда-саттық пен халықаралық байланыстың дамуына жағдай жасайды, жер-жердің бәрінде пошта және көлік қатынасы қызметінің тұтас жүйесін енгізеді. Бұрын алыс қиянда жатқан халықтар арасында сауда және мәдени байланыстар орнатылады. Ұлыстар аумағымен сауда керуендері, елшілік миссиялары ағылып жатады, саяхатшылар ит арқасы-қияндағы өлкелерге сапар шегіп, Еуропаға Азияның бұрын құлақ естіп, көз көрмеген елдері мен халықтары туралы мәліметтер жеткізеді. Әмір Темірдің ірі үш жорығынан кейін (1389, 1391 және 1395 жылдары) Алтын Орда күйрейді. Алтын Ордағы жорығы кезінде Әмір Темір әскерлері Қазақстан, Кавказ, Оңтүстік Русь тұрғындарын аяусыз тонады. Батыс Қазақстандағы, Еділ мен Қырымдағы Алтын Орданың бірқатар ірі қалалары қиратылды.

Ақ Орда мемлекеті. Шыңғыс Дешті Қыпшақ аумағын XIII ғасыр мен XV ғасыр бас кезінде Ақ Орда мемлекеті алып жатты.

Рашид әд-Диннің жазуына қарағанда (XIV ғ.), Жошы ұлысының шығыс бөлігін (сол қанатын), әкесінің көзі тірісінде, үш інісімен бірге, Жошының үлкен ұлы Орда (Орда Ежен, Орда Ичен) алады. Бату хан ұрпақтарына номинальды түрде вассал болғанымен, Орданың мирасқорлары іс жүзінде дербес билеушілер еді.

Орда Еженнің ұлысына әуелгі кезде Жетісудің солтүстік-шығыс бөлігі, Ертіс өңірі, Ұлытау мен Кентауға дейінгі дала кіреді. Жайық, Ырғыз, Торғай, Тобыл мен Сарысу өзендері алқаптарында, Арал өңірінің даласы мен Төменгі Сырдария бойында Жошының тағы бір ұлы – Шәйбанның ұлысы болды.

Енді Ақ Орданың саяси орталығы Қазақстанның оңтүстігіне көшеді де, Сығанақ қаласы астанаға айналады.

Әсілі, осы оқиғаға байланысты мемлекеттің аты өзгергенге ұқсайды: бірқатар зерттеушілер Қазақстан жеріндегі осы бір мемлекетті Көк Орда деп атайды. Тегі, Орда Ежен иелігінің аты бастапқы кезде Көк Орда, ал Шәйбанның ұлысы – Ақ Орда деп аталса керек (бәлкім, Бату ханның бүкіл иелігі – Шәйбан ұлысын да қоса – Ақ Орда деп аталған шығар). Шәйбан ұлысы Орда ұрпақтары иелігі құрамына кіргеннен кейін, бүкіл мемлекет Ақ Орда деп аталып кетеді. Тарихи деректерде бұл атау XV ғасырдан бастап белгілі.

Ақ Орда дербес мемлекет ретінде, моңғолдан кейінгі кезеңде, шаруашылық қайта түлеп жаңғыра бастаған, жергілікті түрік және түріктенген ақсүйектер рөлі күшейген жағдайда қалыптасты. Онда ежелден

Қазақстан даласын мекендеген түрік тілді тайпалар және Шыңғысхан шапқыншылығы кезінде шығыс аудандардан осы араға ауып келгендер тұратын.

Ақ Орданың саяси тарихын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Алғашқыдағы Ақ Орданың саяси тарихы Шығыс Дешті Қыпшақ жерін Алтын Орданың билігінен азат ету жолындағы ұзақ күреспен өтеді, кейінірек Ақ Орда хандары Алтын Орда ісіне араласып кетеді, ал өз тарихының соңғы түйінді (үшінші) кезеңінде Мауераннахр билеушісі Әмір Темір мен Темір ұрпақтарының басқыншылығына қарсы күреседі.

Алтын Ордаға сырттай тәуелді болудан бұлар XIV ғасыр орта кезінде Ерзен хан мен Мүбәрак қожа (1320-1344) тұсында ғана біржолата құтылады. Ақ Орда XIV ғасыр 60-70 жылдары билік құрған Орыс-хан кезінде кәдімгідей нығаяды. Темір жаулаушылығына қарсы күрестің негізгі ауыр салмағы соған түседі.

Әмір Темірдің Ақ Ордаға қарсы саясаты этникалық бірлесуді және мемлекеттілік дамуды тежеді.

Темірдің басқыншылық соғыстары мен ішкі талас-тартыстан XIV ғасыр аяғы мен XV ғас бас кезінде Ақ Орда әлсіреп қалады. 1423-1428 жылдары Орыс-ханның немересі Барақ біраз уақыт бойы Ақ Ордадағы өз әулетінің билігін қалпына келтіреді, бірақ ол көп ұзамай қаза табады, сосын Ақ Орданың басым бөлігінің билігі Шәйбан ұрпағы Әбілхайырдың қолына көшеді.

Саяси жағынан іс жүзінде дербес, экономикалық жағынан тәуелсіз болған, сыртқы саясатта өзіндік бағыт-бағдары, билеуші хандарының әулеттік жөн-жосығы бар Ақ Орда мемлекеттік бірлестігі XIV-XV ғасырларда Қазақстан аумағындағы этникалық топтардың, тайпалар мен халықтардың бастарын қосып, біріктіруде маңызды рөл атқарды.

Моғолстан мемлекеті. Моғолстан мемлекеті XIY ғасыр ортасында Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс аумағында қалыптасты. Оған Орта Азия солтүстік-шығысы, Жетісу мен Шығыс Түркістан аумақтары кірді.

Моғолстанда аса ірі дулаттар тайпасының әмірі Болатшы бастаған феодалдық тектілер 1347-1348 жылдары жаңа мемлекеттің хан тағына Шағатай ұрпағы Тоғлық Темірді отырғызады, ол Моғолстан билеушілері әулетінің негізін салады.

«Моғолстан» тарихи-географиялық термині «моғол» атауынан шыққан. «Моңғол» есімі Орта Азия мен Қазақстанда түрік және парсы тілдеріндегі тарихи туындыларда «моғол» деп айтылып, жазылатын болған. Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның, Қырғызстанмен Шығыс Түркістанның теріскей бөлігіндегі орасан мол аймақты Шағатай ұлысының кезінде де тап осылай деп атайтын, өйткені отырықшы-егінші Мауераннахрға қарағанда, мұнда көшпелілердің салт-дәстүрі берік сақталғанды және бұл араға ауып келген моңғолдар саны басқа аудандардан гөрі көбірек болатын.

Моғолстан мемлекетінің шекаралары ол өмір сүрген кездері үнемі өзгеріп тұрды. Олар батыстағы Ташкент пен Түркістан уәлаяттарынан шығыстағы Баркөл мен Хами қаласына шейін, солтүстікте Балқаш,

Тарбағатай мен Қара Ертістен оңтүстіктегі Ферғана мен Қашғарияның егінді аймақтарына дейін созылып жатқан «7-8 айлық жол» еді.

Моғолстан халқының құрамында түрік (дулаттар, қаңлылар (бекшіктер), керейіттер (керейлер), үйсіндер және т.б.) және түріктенген моңғол тайпалары бар болатын, олар «моғолдар» атты түрік тілді этникалық-саяси қауымдастықты құрайтын. Мемлекеттің өзегін ұзақ уақыт дулаттар құрады. Дулат әмірлері Моғолстан хандарынан «он екі артықшылықтар» алған.

Моғолстанның саяси тарихында феодалдық соғыстар мен ішкі қырқыс, көрші мемлекеттер тарапынан жасаған шапқыншылықтарды тойтару жағы өте көп болған. Әсіресе Темірдің шапқыншылығынан жиі қорғануға тура келді.

Темір жаулаушылығына қарсы жүргізілген қанды күресте әл-дәрменнен айрылған Моғолстан еншіліктерге бөлініп кетеді. Елдің шығыс шебіне ойраттар шабуыл жасауды жиілетеді (моңғолдардың батыс бөлігі; Орта Азия деректерінде «қалмақ» деп аталады). Уәйс-хан (арада үзілісі бар 1418-1428 жылдары ел билеген) олармен сан рет шайқасады. Ол өз ордасын Тұрфаннан Жетісудағы Ілебалық деген жерге көшіруге мәжбүр болады.

Уәйс-ханнан соң күн өткен сайын Моғолстаннан азып-тозу белгілері көріне бастайды. Ішкі күрес-тартыста дулат бастаған ақсүйектер тобы жеңіске жетеді де, олар Уәйс-ханның ұлы Есенбұғыны (1433-1462) қолдайды. Есенбұғы тұсында, XV ғасырдың 50-60 жылдары Шығыс Дешті Қыпшақтан Жетісуға қазақтың Жәнібек пен Керей бастаған қалың бір бөлегі көшіп келеді. Сөйтіп, уақыт өте келе Моғолстан жері Қазақ хандығының алтын бесігіне айналды. Осында тұрақтаған олар Әбілхайыр хандығынан келген ру-тайпаларды қабылдап, кейіннен жеке мемлекет құрады.

Ал, Моғолстан иеліктер үшін үнемі болып тұрған соғыстар салдарынан келесі ғасырда толық күйреді. Жетісудағы қазақ рулары мен тайпалары біршама уақыттардан соң Қазақ хандығының құрамына енеді.

Әбілхайыр хандығы. XV ғасырдың 20 жылдары Қазақстанның байтақ даласында Шәйбан ұрпағы Әбілхайырдың хандығы қалыптасады. Ол Ақ Орданың таралуы нәтижесінде қалыптасады. Тарихи әдебиеттерде бұл мемлекеттің «Көшпелі өзбек хандығы», «Өзбек хандығы» деген басқа да атаулары бар.

1428 жылы хан тағына отырған Әбілхайыр дербес хандық құрып, Қазақстанның далалық аудандарының орасан кең жеріндегі өкімет билігін қырық жыл бойы қолында ұстап тұрды. Әбілхайыр хандығының аумағы батысында Жайықтан бастап, шығысында Балқаш көліне дейін, оңтүстігінде Сырдарияның төменгі ағысы мен Арал өңірінен, солтүстігінде Тобылдың орта ағысы мен Ертіске дейінгі ұлан байтақ жерді алып жатты.

Хандықтың этникалық құрамы, Ақ Орда халқының құрамы сияқты, күрделі болды. Бұған, негізінен, жаңағы саяси бірлестікке кірген тайпалар кірді. Олардың ішінен деректемелер *қытшақ, найман, маңғыт, қарлұқ, қоңырат, қаңлы, үйсін, ұйғыр*, т.б. атап кетеді. Олардың арғы тегі ерте ортағасырлардағы Дешті Қыпшақ пен Оңтүстік-Шығыс Қазақстан тұрғындары еді.

XVI соңы мен XV ғасыр алғашқы жартысында олар *өзбек* атты жалпы саяси атаумен де белгілі болды.

Сығанақ хандықтың орталығына айналады.

XV ғасырдың 50-жылдарының аяғы мен 60-жылдарының бас кезінде Әбілхайыр қарауындағы тайпалардың едәуір бөлігі Жәнібек пен Керей сұлтандардың бастауымен қопарыла көшіп, Моғолстанның батыс жағына келіп қоныстанады, ол 1468 жылы бұларға қарсы қанды жорыққа шығады, бірақ жолай қайтыс болады.

Әбілхайыр хандығы тарап кетеді. Мемлекеттің жеке-жеке иеліктерінің арасында іштей баянды байланыстың орнатылмағаны, жер-суды бөлісу үшін ұдайы болып жататын әулеттік араздық пен өзара қырқыстар және қатардағы көшпелілердің рақымсыз қанау мен езгіге көрсететін қарсылығы, сөйтіп қыруар халықтың басқа жерге дүрлігіп көшіп кетуі – осының бәрі қосылып, хандықты әлсіретіп, оның құлауына апарып соққан еді.

Оның ұрпағы Мұхаммед Шайбани біршама жылдар бойы қазақ хандарымен күресіп, ақырында оңтүстікке ығысады, мұнда Темір әулетінің иеліктерін тартып алады. Онымен бірге кеткен көптеген ру-тайпалар «өзбек» атауын өздерімен бірге ала кетті.

Ноғай Ордасы. Алтын Орда ыдырау кезінде пайда болған аса ірі мемлекеттік бірлестіктің бірі Ноғай Ордасы XIV-XV ғасырларда Батыс Қазақстан аумағының бір бөлігіналып жатты. Алғашқы кезде XIV ғасыр соңынан бастап, Жайық пен Еділ арасындағы тайпалар бірлестігі, оның ең бір көп тайпасының атымен «Маңғыт жұрты» деп аталатын.

Басқа да көшпелі мемлекеттер сияқты, Ноғай Ордасының шекарасы да сыртқы саяси жағдайға байланысты өзгеріп отырды. XV ғасыр екінші жартысында ноғайлар Жайықтың сол жағалауы шебінен өтіп, Әбілхайыр хандығының өріс-қонысын басып ала бастайды.

Ноғай Ордасының құрамы белгілі бір кезеңге дейін, сол аймақтың түрік халықтарының бас қосып, ынтымақтасуы аяқталғанға дейін Ақ Орда мен Әбілхайыр хандығының құрамына жақын болған еді. Ноғай Ордасының құрамына түрік және түріктенген моңғол тайпалары мен тайпалық бірліктер кірді: *маңғыттар, қыпшақтар, қаңлылар, қоңыраттар, наймандар, үйсіндер, қарлұқтар, алышандар, тамалар*, т. б. енді. Ноғай Ордасы этникалық-саяси бірлестік ретінде пайда болады. Оған кірген тайпалар XV ғасыр аяғында ноғай халқының негізін қалады.

Қазан және Астрахань хандықтары Ресей құрамына өткеннен кейін, сонымен қатар Ноғай Ордасындағы билік үшін болған өзара талас-тартыстан соң мемлекет бірнеше иеліктерге бөлініп кетті.

Қазақ хандығы. Қазақ хандары ортақ мемлекеттілікке және бірлестікке ұзақ уақыт бойы этносаяси және шаруашылық-мәдени дамуы дайын болған жерлерді біріктірді.

XIV-XV ғасырлардағы біртұтас экономикалық өңірдің қалыптасуына экономикасы аралас көшпелі, мал өсіруші және сауда-қолөнер бағыттарында шаруашылық қарекет жүргізілген облыстарға табиғи интеграцияның тигізген әсерінен барлық өңірді бір саяси құрылымға біріктіруге жағдай пісіп жетілді.

Көшпелі және отырықшы өңірлердің экономикалық, мәдени, қоғамдық-саяси байланыстарының күшеюі ұзаққа созылған халық ретінде қалыптасу процесін аяқтай бастаған қазақ рулары мен тайпаларының бірігуіне нақты мүмкіндіктер туғызды.

Бұл қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына тікелей әсер еткен шынайы себептер мен жағдайлар болатын.

Алғашқы қазақ хандарының мемлекетті қалыптастыруға және сақтап қалуға ұмтылысы қазақ ру-тайпаларының шонжарлары тарапынан қолдау тапты. XV ғасыр орта тұсында-ақ Керей мен Жәнібек жанына олардың біразы жиналып қалған болатын. Жәнібек пен Керей біртіндеп мемлекет аумағын ұлғайта берді. Олардың ата-бабалары Ақ Орда хандары болған еді. Сондықтан да екі сұлтан бұрынғы Ақ Орда аумағында билік құруды аңсады. Әбілхайыр хан 1446 жылдары Сырдария өңіріндегі бірқатар қалаларды (Сығанақ, Созақ, Аркөк, Үзгенд, Ақ-Қорған) басып алғаннан кейін ол біраз уақыт күшейіп тұрды. Кейіннен ру-тайпа аралық қатығыстарда Әбілхайырдан қолдау таппаған Керей мен Жәнібек өздері басқарып отырған рулармен бірге хандықтан іргесін аулақ салып Моғолстан жеріне көшіп кетеді. Осы кезден бастап Әбілхайырдың жүргізген саясатына риза емес халықтың топтары олардың жанына жинала бастайды.

XV ғасырдың 20-жылдары ойраттар жайылым іздеп әрі сауда орталықтарына жақын келіп Жетісу жеріне шапқыншылықтар жасай бастайды. 1457 жылы Әбілхайыр хан ойраттардан қатты жеңіліске ұшырайды. Оған ауыр шартпен бітім жасасуға тура келді, ойраттар Шу арқылы өз жерлеріне кетті. Ал Әбілхайыр өз ұлысында, соның ішінде Қазақстанның оңтүстігінде де өзінің билігін мойындамағандарды жазалай отырып, қатал шаралармен тәртіп орната бастады.

Тынымсыз дерлік өзара тартыстар мен соғыстар халық бұқарасының жағдайына ауыр тиді. Соғыс қимылдары қатардағы көшпелілерді өнімді еңбектен қол үздірді, оларға бақытсыздық пен қайыршылық, кесел мен өлім-жітім әкелді. Халық бұқарасының наразылығы ортағасырлық көшпелі қоғамға тән қарсыласу түрінде – өз әкімдерінің билігінен кетіп қалуға, басқа жаққа көшіп кетуге әкеп соқтырды. XV ғасырдың 50-жылдардың соңғы шенінен бастап ондаған жылдар бойы осындай бір үдере көшіп кетушілік — қазақ халқының бір бөлігінің Шығыс Дешті Қыпшақтан Түркістан алқаптарына және Қаратау бөктерлерінен Жетісудың батыс өңіріне, Моғолстан жеріне жаппай көшіп баруы еді.

Қазақ хандығы алғашқы уақытта Батыс Жетісу аумағын, Шу мен Талас өзендері аңғарын алып жатты. Ол жергілікті халықпен бірге, Орталық және Оңтүстік Қазақстаннан келген ру-тайпаларды біріктірді. Бұл жөніндегі хабар алғаш рет Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарихи-Рашиди» деп аталатын шығармасында келтіріледі, ол Қазақ хандығының құрылуын 1465-1466 жылдарға жатқызады, келесі бір авторлар оны 1470 жылы болған оқиға деп есептейді.

XV ғасыр соңында Қазақ хандығы экономикалық жағынан нығайып, қазақтардың этникалық аймақтарының едәуір бөлігін өзіне қосып алу арқылы жер көлемін кеңейте түсті.

XVI ғасырдың бас кезінде Қазақ хандығы Сарыарқа мен Моғолстанның бір бөлігін алып жатты.

Қазақ хандығы өзінің ең жоғары қуаттылығына XVI ғасыр бірінші ширегінде, әсіресе Қасым хан (1512-1521) тұсында жетті. Ол Жәнібектің ұлы болатын (1455 жылдары туылған).

Қасым ханның қол астындағы халық миллион адамға жетті. Оның тұсында Қазақ хандығы батыс елдеріне де танымал болды.

XVI ғасырдың 20-жылдарында Қасым ханның қайтыс болуы Жошы ұрпақтары арасындағы өзара қырқыстарды күшейтіп, Қазақ хандығын әлсіретті. Өзбек және моғол билеушілері қазақ хандарына қарсы тұрды. Сырдария өңіріндегі бірқатар қалалардан хандық айырылып қалды. Түркістан уәлаяты шәйбандық Ұбайдолла сұлтанға бағынды. Қазақ ханы Тахыр (1523-1533) Ноғай Ордасымен болған соғыста сәтсіздіктерге ұшырады. Ішкі қарсылықтар Тахырды Жетісуға қарай жылжуға мәжбүр етті, мұнда ол қырғыздармен бірге моғол ханы Сұлтан Саидқа қарсы шықты.

XVI ғасыр соңына қарай Сырдария қалалары Сығанақ, Отырар, Түркістан (XVI ғасырдан бастап Ясы қаласы осылай атала бастады) және басқалары Мауреннахрдағы шәйбанидтер мемлекетінің құрамына өтті.

Түркістан аймағында тұрған қазақтар Өзбек ханы Бараққа, оның ұлы Баба сұлтанға бағынды. Өзге басқарушылардың билеп-төстеуіне, әсіресе, далалық кеңістіктердің көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын халқы жиі өтіп отырды. XVI ғасыр екінші ширегінде қазақ хандары оңтүстік-шығыста моғолдар мен ойрат тайпаларымен, батыс пен солтүстікте ноғайлармен, башқұрттармен теке-тіресіп тұрды.

Ақназар (Хақназар) хан қазақтардың құқығын әкесі Қасым хан тұсындағы дәрежеге жеткізу үшін және де сол кездері үлкен аумақты алып жатқан мемлекеттің күшін қалпына келтіру үшін ұзақ жылдар бойы күресті.

1586 жылы Тәуекел (Шығай ханның ұлы) Түркістандағы бірқатар қалаларды басып алды, Ташкентті алуға әрекеттенді. 1586 жылдан 1594 жылға дейінгі аралықта оған қазақтың өзге сұлтандарымен, Ақназардың ұлдарымен ұзаққа созылған күресте хандық құруға деген өз құқын бекітуге тура келді.

Қазақтың жаңа ханы, Шығай ханның ұлы Есімнің (1598-1628) тұсында Қазақ хандығының құрамына қалаларымен бірге Түркістан аймағы, сондай-ақ уәлаятымен қоса Ташкент, бірсыпыра уақытқа Ферғана кірді.

XVII ғасыр Қазақстандағы ішкі саяси өмір тұрақтылығымен ерекшелене қойған жоқ. Қазақ хандығы барған сайын бөлшектене түсті, феодалдық ала ауыздықтар күшейді. Көшпелі ақсүйектердің әр түрлі топтары өзара бақталастыққа берілді. Бірте-бірте үш жүздің әр қайсысында өз алдына жеке хандар пайда болды. Қазақ хандығының сыртқы жағдайы қиындай түсті.

1635 жылы Жоңғар хандығының құрылуына байланысты ойраттардың Ертіс маңындағы және Жетісудағы қазақ жерлерін басып алу қаупі арта түсті.

Цин империясының ығыстыруынан жаңа жайылымдар және Қазақстанның оңтүстігі мен Орта Азияның сауда-қолөнер орталықтарына шығу жолдарын іздеген олар қазақ жерлеріне зорлық жасауын бәсеңдетпеді.

XVII ғасыр соңына қарай жоңғар әскерлері Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанға басып кірді. Бірнеше қазақ ұлыстары талқандалды, тоғыз қала жаулап алынды, олардың арасында Сайрам, Манкент, Қарааспан, Шымкент, Ташкент және басқа қалалар болған еді. Сайрам тұрғындары жауға табанды қарсылық көрсете білді; Қалдан қалдырған уәли өлтірілді, мұның өзі ойраттар әскерінің Оңтүстік Қазақстанға қайтадан басып кіруіне әкеп соқты. Сайрам күшпен алынып, талқандалды; тұрғындарының бір бөлігі Жоңғария мен Шығыс Түркістанға зорлап әкетілді.

Тәуке хан билік еткен кезеңде (1655/80-1718) Қазақ хандығының нығайтылуы, қазақтардың қырғыздармен және қарақалпақтармен одақтасуы жоңғарлардың қазақ жерлеріне шабуылын уақытша бәсеңдетті. Олардың 1680 жылы Оңтүстік Қазақстанға шабуылдаған уақытында тек Түркістан қаласы ғана жоңғарлардың тонаушылығынан аман қалды. Өйткені онда әскерлерімен Тәуке хан болған еді.

Жоңғарлардың салған ойраны Қазақстанның оңтүстігіндегі қалалар тіршілігінің бірте-бірте сөнуінің басты себептерінің бірі болды. Жоңғарлардың шапқыншылығы маңызды сауда жолдарын кесіп тастады, бейбіт халықтың шаруашылығына үлкен зиянын тигізді.

Тәуке ханға ыдырай бастаған хандықтағы саяси жағдайды аздап бірыңғайлаудың сәті түсті. Хандық өкімет билігінің беделін көтеріп, ақсүйектердің бөлініп, оңашалануын тоқтату, халықты біріктіру үшін, ол бірсыпыра шараларды іске асырды, Оның тұсында құқықтық тәртіп пен мемлекеттік құрылымның негізгі принциптерін айқындайтын әдеттегі құқықтың «Жеті жарғы» деп аталған нормалар жиынтығы жасалады.

Бірақ біршама тыныштық ұзаққа созылмады. Жоңғарлардың қазақ жерлеріне шапқыншылығы XVIII ғасыр бас кезінде кеңінен етек алды. 1723 жылы «Ақтабан шұбырынды» басталды. Олар қазақтардың бір бөлігін этникалық аумағынан тысқары шалғайға ысырып тастады.

Оңтүстік Сібірде Ертіс бойында, Алтай жерлерінде орнығып алған орыс өкіметі тарапынан Орта жүз тайпалары мен руларының қазақтары да барған сайын экономикалық және саяси күшті қысымшылық көре бастады. Малдары мен жайылымдарынан жаппай айрылу Ұлы және Орта жүздердегі шаруашылық күйзелісінің едәуір асқынып кетуіне әкеп соқты. Билік жүргізетін аумағы мен қол астындағылар санының кемуі хандардың позициясын әлсірете түсті, жауластық пен ұрыс-талас күшейді. Осындай экономикалық және саяси қиын жағдайда Қазақстанның Ресейге қосылу мәселесі алға тартылды.

Қазақтардың саяси, экономикалық және этномәдени тарихының бұдан былайғы кезеңдері Ресей империясының қазақ жерлерін отарлау уақытымен байланысты өрбиді.

Көшпелілердің археологиялық ескерткіштері

Жетісу ескерткіштері. Жетісудың Қазақстан жағындағы аумағынан ортағасырлық көшпенділерінің бірен-саран ғана обалары қазылған, ал бұл уақыттың мәдениеті кездейсоқ табылған олжалар бойынша ғана белгілі болып отыр.

Моңғол заманына жататын ыдыстар, IX-X ғасырлармен мерзімделген нефрит қапсырмалар, белдікті әшекейлеп тұрған қола қапсырмалар мен жапсырмалар ерекше қызығушылықтуғызады.

Ат қоса жерленген түркі замандағы қабірдің бірі Алматыдан шығысқа қарай 20 км жердегі Алатау кентінен қазылған, ол VI-VII ғасырлармен мерзімделінген.

Мола шұңқыры 1,2-1,4 м тереңдіктен анықталған, оның ұзындығы 2,3 м, ені 1,3 м. Шұңқырдың оңтүстік бөлігінен аяғы бүгілген, бас сүйегі солтүстік-батысқа қаратылған жылқы қаңқасы аршылған.

Шұңқырдың солтүстік бөлігінде адам қаңқасы орналасқан. Жерленген адам шалқасынан жатқызылған, басы оңтүстік-шығысқа қаратылған. Моланы тазалау барысында садақтың сүйек жапсырмасы алынған. Тілі қозғалмалы, қалқаншасында адам бейнеленген қола айылбас табылған. Белбеу жапсырмалары нәзік торлы қапсырмалардан тұрады. Сонымен бірге күміс қаңылтыршамен қапталған ағаш түйме, ілгекті темір үзеңгі алынған.

VIII ғасырмен мерзімделінген тағы бір оба Тараз қаласынан шығысқа қарай 40 км жердегі Қызыл-Қайнар қойнауынан аршылған.

Оба диаметрі 7 м, биіктігі 0,3 м. Тас үйінді астынан ұзындығы 2,1 м, ені 1,2 м қабір шұңқыры аршылған. 1,3 м тереңдіктегі текпішектен қабырғаларының астында темір үзеңгі жатқан жылқы қаңқасы аршып алынған.

Адам сүйектерінің орналасуына қарағанда, ол ұзынынан басы солтүстік-шығысқа қаратылып жатқызылған. Онымен бірге қабірге садақ (сүйек жапсырмалары ғана сақталған), ағаш қабығынан істелінген қорамсақ, үш қалақты жебе қойылған. Белбеу тұсынан рама және жүрек тәрізді қола қапсырма, сілеусін басымен аяқталатын сүйек алқа алынған.

Обаны зерттеген автор Жетісуды сол замандарда мекендеген қарлұқ тайпаларымен байланыстырады.

Кейінгі уақыттағы қабірлерге Талдықорған қаласы маңындағы Қадырбай, Алматы қаласынан батысқа қарай 160 км жерде орналасқан Қаракұдық қойнауларындағы қоршаулар мен обалар жатқызылған.

Қаракұдық қорымындағы қоршауларға жерленгендер топырақ қабатында жасалынған шұңқырға басы солтүстік-батысқа бағытталып, ұзынынан шалқая қойылған; Қадырбай қорымындағы қоршаулар – шикі кірпішпен жабылған ұңғыма қуыстан тұрады, оларға да осы жерлеу ғұрпы тән. Бұл молалардың қабірінен ислам ықпалы (бағыты, құрал-сайманның болмауы) аңғарылады. Олар XIII-XVI ғасырлармен мерзімделінеді.

Тянь-Шань, Қырғызстан аумағындағы ортағасырлық көшпенділер жерлеу ескерткіштері (оба, қоршау, т.б.) біршама жақсы зертелінген.

Тянь-Шань көшпелілерінің обалары мен ғұрыптық ескерткіштері екі хронологиялық кезеңді қамтиды.

Ерте кезеңге (VI-X ғасырлар) жеке немесе топты обалар тән. Қорымға тән негізгі белгі олардың аумағында тас плиталарынан жерге қазылып, көмілген шаршы немесе тікбұрышты тұрпаттағы ғұрыптық қоршаулардың болуы. Ғұрыптық қоршаулардың батыс не болмаса шығыс жағында тас мүсіні немесе құлпытас орналасады. Сөйтіп, обалар мен ғұрыптық (еске алу) құрылыстар біртұтас кешенді құрады. Оба үйінділері топырақтан, тастан тұрғызылған; тас пен топырақ араластырып үйілгендері де бар; топырақпен көтеріліп, тас сауытпен жабылғандары да ұшырасады. Үйінділер әдетте үлкен, жоспары бойынша сопақша болып келеді, шаршы секілділері сирек. Обалардың диаметрі 3-6,5 м, тікбұрышты обалар 4x4 м-ге дейін жетеді немесе 8x5,6-5,5 м. Кейде оба үйіндісінен күл, керамика, мал сүйектері секілді берілген астың қалдықтары да табылып жатады.

Мүрде қабір шұңқырына, үнгімелерге, катакомбаларға қойылды. Адам мен жылқы арасына тастан далда жасалған ескерткіштер де ұшырасады.

Өлікті жерлеу ғұрпы жүзеге асырылған. Қайтыс болған адам шалқасынан жатқызылған.

ҮІ-X ғасырлардағы қабірлердің басты айырмашылық белгісі жылқының адаммен бірге жерленуі болып табылады, екеуінің басы қарама-қарсы жаққа немесе бір жаққа бағытталуы мүмкін. Жылқының денесін адам денесімен бір деңгейге қойды не болмаса бір саты төмен немесе жоғары қойды.

Атсыз жерленген адам қабірі де кездескен. Жерленгендердің бағытталуы да әркелкі. Тек жылқы ғана жерленген молалар да ұшырасқан.

Аттар бүкіл әбзелдерімен бірге жерленген. Молаға кейде жылқы жүгендерінің бөлшектерімен бірге қой да қойылды. Мүрдемен бірге қабірге керамика, пышақ, айна, белдік, қару-жарақтар – жебе ұштары, сүйек жапсырмалы садақ, қорамсақ, қылыш қойылған болатын. Айылбастар, жебе ұштары, белбеу жиынтығынан алынған қапсырмалар ерекше қызығушылық туғызады. Олар біртегіс болып жасалды не болмаса жан-жануарлардың, балықтың бейнелерімен, өсімдік суреттерімен сәнделді. Жиынтық белбеулер (кісе белдіктер) әскери және әлеуметтік рәміздік қасиеттерге ие болды.

Қабірлерден әшекей бұйымдар арасынан қола сырғалар, сақиналар, жүзіктер табылған. Сырғалар көбіне жүзік секілді пішінде жасалынды. Сондай-ақ қабірлерден керамика, ағаш ыдыстар алынған. Әйел адамдардың қабірінен қола айналар шығып отырады.

Металдан жасалған қыруар заттар қалалық орталықтарда, отырықшылық аумақтарда дайындалғандығы анық.

Ал XI-XIV ғасырлардағы көшпелі түркі мәдениетіндегі жерлеу дәстүрі біршама өзгереді.

Молаларға биіктеу жерлер, тау баурайлары таңдап алынды. Қорымдар обалардың шағын бөлігінен (25-ке дейін ғана) тұрды, жекелеген обалар да ұшырасады, оба үйінділері тастан, топырақтан көтерілді. Үйінділері дөңгелек, сопақ, тікбұрышты. Сопақ үйінділі обалар астында ислами дәстүрде жерленген қабірлер болады.

Обалардың диаметрі 4,5 м-ге, биіктігі 0,20 м-ге жетеді. Үйінділерден берілген астың қалдықтары (күл, сүйек) да аршылып алынып жатады.

Оба астына иықшалы қабір шұңқырлары салынды, оларға ағаштан немесе тас плитадан жасалынған жабынды тіреліп тұрды. Иықшасыз шұңқырлар мен тас жәшіктер де кездеседі. Мүрделердің басы солтүстікке және солтүстік-батысқа қарай бағытталған. Мүрделер қабір түбіне ұзынынан арқасымен қойылды. Жандарына қой сүйектері қойылды.

Жетісу қабірлерінен қой сүйектерінің табылуы Байкалдың сыртқы жағындағы, Моңғолиядағы қабірлермен жақындастырады. Бәлкім, бұл ғұрып моңғол мәдениетінің ықпалымен байланысты да шығар. Мүмкін, ежелгі моңғолдар бұл дәстүрді түркілерден алған да болар.

Ат әбзелдерінен ер, жүген, үзеңгі, сүйек және темір айылбастар, жүген әшекейлері, сәндік қола тоғалар көп ұшырасады.

Үзеңгілер темірден жасалынған, дөңгелек, арка және сопақ пішінде.

Ерді еркек, әйел және жас балалар пайдаланғандығын да археологиялық материалдар растайды. Жүгендердің сақиналы түбі мен ауыздықтары болды.

Жебе ұштары жалпақ және линза тәрізді, барлығы темірден дайындалды, алайда сүйектен істелінгендері де кездесіп қалады.

Садаққа сүйек жапсырма салынды.

Негізі ағаш қабығынан жасалып, терімен қапталған қорамсақ қалдығы табылған. Қорамсақтың ұзындығы 72 см-ге, мойын тұсындағы ені 12 см-ге жеткен.

Жебе ағаштарының ұзындығы 55-56 см.

Әшекейлер арасында сырғалардың бірнеше түрі (ұштары қосыла қоймаған жүзік түріндегі, сұрақ белгісі немесе сегіз секілді) анықталған.

Балық бейнесі салынған, арабша тілектер жазылған қола айналар да ұшырасқан.

Тұрмыстық заттар арасында «моңғол типіндегі» өсімдік өрнекпен әшекейленген сабы көлденең орнатылған қола тостағандар кездескен. Тері боқша қалдықтары, қайшы, пышақ ұшырасқан.

Киім қалдықтарынан «боқа» деп аталған биік бас киімдер белгілі, олардың негізі ағаш қабығынан жасалынды. Мұндай бас киімдер моңғол заманында кеңінен таралған болатын.

Бірқатар археологтар бұл кездердегі қабірлерді қыпшақтармен байланыстырады.

Осы кездері ислам дінінің жосын-жоралғылары бойынша жерленгендер көбірек тарай бастайды. Кесене-күмбездерде жерлеу де орын алады. Ақсүйектер мен бақуатты адамдардың қабірінің үстіне күйдірілген кірпіштен кесенелер тұрғызылды. Олар өсімдік және эпиграфикалық өрнектермен әшекейленді.

Қимақтар мен қыпшақтардың археологиялық мәселелері. Қимақтар.

Бұл халықтың атауы мұсылман авторларына белгілі болған мемлекеттің атына (қимақтар мемлекеті, қимақтар елі) айналған. Бірлестіктің негізін Батыс түрік қағанаты құрамына енген түркі тілді *яньмо* тайпасы қалаған деген де топшылау бар. Келесі бір зерттеушілер қимақтар атауын шығыстан

келген *кумоси* тайпасымен байланыстырады. Қимақтар туралы мағлұматтар шығыстанушы Б.Е.Көмековтың еңбектерінде арнайы қарастырылған. Қимақтар арасынан бұрын олардың бір тайпасы болған қыпшақ халқы (Еуропада *коман*, орыс жылнамаларында *половцы* аталған) келіп шықты. Соңғы жылдары бірқатар шығыстанушы-мамандар (Б.Еженханұлы) қыпшақтар б.з. III ғасырларындағы дереккөздерінде пайда бола бастаған деген пайымдау да айтып жүр.

Қыпшақтар түркі халықтарының – қазақ, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, түрікмен, татар, башқұрт, алтай және Солтүстік Кавказдың кейбір халықтарының ұлт ретінде қалыптасуына қатысқан. Қыпшақ этникалық бөлшектері османлы түрік, мысыр, венгр құрамына да енген. Қыпшақтар тарихы, олардың мәдениетінің ерте кезеңдері Қазақстанмен тығыз байланысты. Қимақтардың (йемек, кимек) Қазақстандағы Ертіс бойында алғаш рет пайда болуы VII ғасыр орта кезінде орын алған болуы ықтимал, алайда олардың IX ғасыр ортасына дейін өмір сүргендігі жайлы мәліметтер әлі мардымсыз болып отыр.

IX ғасырда қимақ федерациясы қалыптасады, оның құрамына деректерде «қимақтарға қарағанда, жабайы. Патшасын қимақтар тағайындайды» деген қыпшақтар да болды. Келтірілген материалдар қимақ-қыпшақ бірлестігі тарихындағы (федерацияның қалыптасуы) екінші кезеңді – IX ғасырдың ортасы мен екінші жартысына жатқызуға мүмкіндік береді.

Үшінші кезең қимақ-қыпшақ тайпаларының кең аймаққа таралуымен, Еуразияның үлкен өңірлерін игеруімен байланысты, бұл өз кезегінде X-XIII ғасырларда олар құрған белгілі бір мәдени қауымдастықтың қалыптасуына алып келді.

Ертіс өңіріндегі қимақтардың археологиялық ескерткіштері. Шығыс Қазақстан (Ертістің жоғарғы ағысы) аумағындағы біздің заманымыздың I-мыңжылдығы соңына жататын бірқатар ескерткіштердің қимақтарға жататындығын осы сауалмен айналысқан зерттеушілердің (С.С.Черников, Ф.Х.Арсланова, Е.И.Агеева, А.Г.Максимова, т.б.) барлығы кұптайды. 1973 жылы Д.Г.Савинов Солтүстік Алтай мен Оңтүстік-Батыс Сібір маңындағы аудандарды қамтыған сrostкин мәдениетінің ескерткіштерін қимақтармен салғастыруды ұсынды.

Шығыс Қазақстан мен Солтүстік Алтай материалдарының өзара жақын екендігі Батыс Сібірдегі дәл сондай ескерткіштер қазбаларынан кейін нақтыланды, алынған мағлұматтар осы аймақта біртұтас мәдени дәстүр таралғандығын көрсетіп берді, оның негізгі өзегі Ертіс өңірінде болғандығы байқала бастады.

Ертіс алабында мейлінше ірі археологиялық зерттеулерді С.С.Черников (Пчела, Қызыл-Ту, Славянка, Юпитер қорымдары), Е.И.Агеева мен А.Г.Максимова (Трофимовка, Подстепное, Совхоз 499, т.б. қорымдар), Ф.Х.Арсланова (Зевакино, Орлов, Бобров қорымдары, т.б.) жүргізген. Өткен ғасырдың соңына қарай Шүлбі ГЭС-ы салынуына орай С.М.Ақынжанов пен Ю.И.Трифонов осындағы ортағасырлық молаларды қазған болатын. Жартас, Измайловка, Ақши-2, Қарашат қорымдарынан алынған материалдар

толығымен жарияланған. Бұл ескерткіштерден IX-X ғасырлармен (ішінара IX-XI ғасырларға жататындары да бар) мерзімделінетін жүзден астам молалар зерттелген. Қолдағы материалдар Жоғарғы Ертіс маңындағы аудандарға ескерткіштердің біршама бөлігі шоғырланғандығын көрсетеді, бәлкім, бұл өңір қимақ мемлекетінің орталығы да болған шығар.

Қимақтарға жататын археологиялық мәдениеттің ерте кезеңі, қалыптасуы әзірге мардымсыз қарастырылған. Бұл кезеңге Шіліктіде (С.С.Черников) жылқы жерленген қазба (үңгімелі) қабірді, Подстепное ауылы маңындағы қираған қабірді жатқызуға болады. Подстепное қабірінен үсті тегіс қапсырма, ал Шілікті қабірінен үш канатты жебе ұштары, садақтың ортаңғы жапсырмалары, айылбас, жүген мен түйіндерді шешуге арналған зат шыққан.

Жылқы қосып жерлеу қимақ қабірлерін VI-VIII ғасырлардағы алтайлық түркілердің молаларымен жақындастырады.

VIII-IX ғасырларға Орлов-I қорымындағы оба жатады, одан дінгек-табытқа (колодаға) жерленген жас өспірімнің мүрдесі шыққан, мүрденің басы шығысқа бағытталған және жанына бай қабір-саймандары қойылған. Дінгек-табыттың жоғары жағынан шашырап жатқан ер адамның қаңқасы, ал қасындағы оңтүстік жақтағы текпішекшеден үш аттың сүйегі мен ит қаңқасы шыққан. Жерлеу ғұрпына қарағанда Орлов обасы Таулы Алтайдағы Курай қорымындағы бай молаларды еске түсіреді. Алайда бұл уақытқа жататын ескерткіштер Ертіс өңірінде өте аз ұшырасады.

Екінші (IX ғасырдың ортасы мен екінші жартысы) және үшінші (X ғасыр – XI ғасыр бас кезі) кезеңдерге Ертіс аңғарындағы қимақ қабірлерінің басым бөлігі жатады. Ертіс алабында олардың кеңінен таралуын ескерсек әрі қазіргі күнгі зерттеулерді бағамдасақ, онда қимақтардың археологиялық мәдениетінің бұл өңірден кем дегенде екі жергілікті нұсқаларын бөліп қарастыруға болады. Олар – Жоғарғы Ертіс пен Павлодар нұсқалары. Болашақта сrostкин мәдениетінің новосібірлік нұсқасымен жалғасып жатқан омбылық нұсқаны да бөлуге мүмкіндік туатындығы анық.

Жоғарғы Ертіс нұсқасы. Шығыс Қазақстан аумағындағы IX ғасыр ортасы мен XI ғасыр бас кезіне жататын ескерткіштер қимақ-қыпшақтар құрған бірлестіктің орталық ауданындағы олардың мәдениетін айғақтайды. Молалар жерлеу ғұрпы мен қойылған бай құрал-саймандары бойынша ерекшелінеді. Мәселен, С.Черников қазған обалар былайша сипатталынады: мүрде жалғыз жерленген, қасына ат, жылқы терісі немесе жүген-ноқта асай-мүсейлері қойылған; кенотафтар да ұшырасады; мүрде ағаш табытқа салынып, жерден қазылған (үңгімелі) қабірге жерленген, қасына жылқы немесе ноқта-жүгендер қойылған. Ф.Х.Арсланова қазған Зевакино қорымына текпішекшесіне ат қойылған (ит сирек) жеке адам қабірі; кейде бір оба үйіндісінің астында бірнеше қабірлердің болуы тән. Шүлбі ГЭС-ы аймағындағы қазба жұмыстарының барысында да мол материалдар жинақталған. Мұндағы ерекшеліктер былайша сипатталынады: жалпағынан қойылған плиталардан тұрғызылған төрт бұрышты қоршаулар, кейде тігінен құлпытастар орнатылады; жер қабатынан (топырақтан) қазылған сопақ шұңқырлар, текпішекшелі немесе үңгімелеп қазылған шұңқырлар; жеке-дара,

қос адамдық, ұжымдық қабірлер; ат қосып жерленген, жылқы терісі немесе мүрденің аяқ жағына ат әбзелдері қойылған қабірлер; қабірхана ішінде ағаш рама, діңгек-табыт, тас жәшік секілді құрылыстары бар молалар. «Ұзын обалар» деп аталынатын ескерткіштер тобы да дараланады. Олар адамдардың бір-біріне жалғасқан (үлкен-кіші) 2-8 қоршауларынан тұрады. Барлық мүрделер шығысқа және солтүстік-шығысқа қарай бағытталған.

Сайып келгенде, Шығыс Қазақстандық қимақтардың жерлеу ғұрпының өзіндік келбеті бар, ол қимақ-қыпшақ қауымдастығының қалыптасуындағы күрделі процестер аясына сай келеді. Сонымен бірге, Шығыс Қазақстан қабірлеріндегі ерекшеліктермен қатар, қимақтардың археологиялық мәдениетінің Жоғарғы Ертістік нұсқасын өзара байланыстыратын заттар кешені де анықталған, олар: айқыштамасы тік келген екі жүзді ауыр қылыш; сегіз саны секілді бөліктері мен үлкен сыртқы сакиналардан тұратын ауыздықтар; S-тәрізді («етікшелі» темір және «балық құйрығы» сияқты аяқталынатын сүйек) сулықтар. Жебе ұштары үш қанатты, жалпақ және ланцет (қияк) тәрізді; садақтың ортанғы жапсырмалары мен қорамсақтың сүйек жапсырмаларына циркуль өрнек түсірілген; үзеңгілер ілгек секілді, т.б. Заттардың (белдік, кісе, жүген, т.б.) көпшілігіне алтын жалатылған және өсімдік (геометриялық ою-өрнектер сирек) өрнектері салынған. Бағалы металдардан жасалынған фантастикалық хайуанаттардың (самұрық, қанатты арыстан, т.б.) бейнелері қимақтардың Қазақстан мен Орта Азия отырықшы орталықтарымен тығыз байланыс орнатқандығын көрсетеді.

Жоғарғы Ертіс өңіріндегі қимақ археологиялық ескерткіштеріндегі күрделі этникалық «стратиграфия» мұндағы мәдениеттер тоғысымен түсіндіріледі.

Павлодар нұсқа. Археолог Ф.Х.Арсланова зерттеген Бобров қорымы Павлодарлық Ертіс маңындағы VII-IX ғасырларға жататын ең ірі ескерткіш болып табылады. Оған жеке қабірлер, жанына ат қойылған өртелген мүрде, үңгіп қазылған қабір шұңқыры, мола ішіндегі құрылыстарға ағаш рамаларды, ағаш қабықтарын кеңінен қолдану тән болып келеді. Павлодарлық Ертіс маңындағы басқа қорымдардан жылқының бас сүйегі мен құйымшағы, қайың бөренелерімен беті жабылған сопақша қабір шұңқыры, «ағаш жәшікке» мүрде қойылған қабір, бір оба үйіндісі астында бірнеше молалар, үйіндіден керамика мен мал сүйектері шыққан. Павлодарлық Ертіс маңында плиталары көлденеңінен орнатылған, құлпытастары тігінен қойылған шаршы қоршаулар, «ұзын обалар» мен тас жәшікке жерлеу ғұрпы байқалмайды.

Молалардан алынған құрал-саймандар Жоғарғы Ертіс маңындағы заттар жиынтығына жақын. Бірақ, бұл жерден жоғарыда айтылған қылыштар кездеспейді. Әшекейлер арасында торлы қола алқалар ұшырасады. Керамика олжалары да кездесіп отырады. Мәселен, Бобров қорымындағы обалардан 44 дана ыдыс алынған. Кейбір материалдар (керамикадағы ромб өрнектер мен ланцет түріндегі жебе ұштары) Тува аумағындағы материалдарға ұқсайды (Л.Р.Кызласов). Мұндай түрлі мәдени бөлшектердің ұшырасуы Павлодарлық Ертіс маңы аумағында этникалық және мәдени ассимиляция процестері күрделі жағдайда өткендігін, тұрғындардың Шығыс Қазақстан, Саян-Алтай

мен Батыс Сібір өңірлеріндегі халықтармен тығыз байланыс орнатқандығын көрсетеді.

Қимақ мәдениетінің іздері Орал маңына дейінгі аймақтарға таралған. Мұндағы Синеглазово көлі жанындағы обалар кешені азар аударуға тұрарлық. Синеглазово материалдарын жариялаған С.Г.Павлов пікірінше: «Синеглазово типіндегі екешендер қимақ-қыпшақ көшпенділерінің Оңтүстік Орал маңы мен Кама өңіріне ішкерілеп ену динамикасын көрсетуі ықтимал».

Осындай келбеттегі жекелеген олжалар Жетісудан да ұшырасады, бұл өз кезегінде мұнда қимақтардың жылжығандығын сипаттаған жазба дереккөздеріндегі мәліметтермен де сәйкес келеді. Әсіресе мұны Жоңғар Алатауының беткейлеріндегі Текелі қаласы маңынан зерттелген қираған қабір материалдары да нақты көрсетеді. Сонымен қатар ат қосып жерлеу мен заттық кешендер ұқсастығы Қызыл-Қайнар, Айнабұлақ қорымдарынан да байқалады. Бұл қабірлердің кейбір материалдарын зерттеушілер қарлұқтарға балайды. Жоғарғы Ертіс пен Жетісуда қолдарында ыдыс ұстаған антропоморфты құлпытастар түріндегі тас мүсіндеркеңінен таралған.

Қимақтар мәдениеті таралған басқа аудандарда, соның ішінде Солтүстік Алтай мен Батыс Сібірдің оңтүстігінде сrostкин мәдениетінің аумағында мұндай мүсіндер жоқ.

Сrostкин мәдениетінің жіктелген нұсқаларынан (солтүстік-алтай, кемерово, новосібір, батыс-алтай) Ертіс алабындағы қимақ мәдениетіне ең жақыны батыс-алтай нұсқасы болып табылады.

Қыпшақтардың археологиялық ескерткіштері. Қимақ-қыпшақ бірлестігіне кіргенге дейінгі және сол мемлекет құрамында болған кездегі қыпшақтардың ескерткіштері нақты анықталына қойған жоқ. Дегенмен Шығыс Қазақстан, Солтүстік және Батыс Алтай мен Батыс Сібірмен шектесіп жатқан өңірлердегі осы уақытқа жататын көптеген ескерткіштер арасында қыпшақтардың да қабірлері бар екендігі айдан анық; алайда нақты дифференциялайтын белгілердің болмауы қыпшақ мәдени кешенін бөліп көрсетуге шынайы мүмкіндік бермей отыр.

Орталық Азия мен Оңтүстік Сібірдегі қыпшақтардың археологиялық ескерткіштерін бөліп көрсетудің бір жолы шығысеуропалық көшпенділер мәдениетінен, яғни қыпшақ-половцы нысандарынан ұқсастықтарды іздестіру болып табылады. Алайда шығысеуропалық көшпенділер ескерткіштерімен ұқсастық, жекелеген сrostкин (қыпшақ?) мәдениеті белгілерінің болуына қарамастан, тек оның этнодифференциялдық белгілерін жалпылама түрде ғана сипаттайды. Бұл сrostкин мәдениетімен өте жақын кейбір Оңтүстік Орал маңындағы ескерткіштер кешеніне де қатысты.

Бір айта кететін жайт, қыпшақтар қимақ-қыпшақ этноәлеуметтік бірлестігінің құрамында болған кезде, жазба деректемелерге қарағанда біртұтас этносты құрамаған, олар тоғыз тайпадан тұрған. Сондықтан да олардың арасында түрлі мәдени дәстүрлердің болғандығын, яғни әрқелкі жерлеу ғұрпы мен сан алуан заттық кешендердің таралғандығын топшылауға болады. Сондай-ақ басқа этникалық топтар арасында да қыпшақтардың өмір

сүргендігі анық, бұл да өз кезегінде қыпшақтардың археологиялық мәдениетін бөліп көрсету мәселесін қиындата түседі.

Қыпшақтардың қорымдары мен жекелеген молалары Жетісу мен Орталық Қазақстаннан табылып, зерттелген.

Осындай қабірлердің бірі Тараз қаласы маңынан табылған. Диаметрі 9 м, биіктігі 0,4 м үйінді астынан ұзындығы 2,5 м, ені 1,15 м қабір шұңқыры аршылған. Шұңқыр ұзын жағымен солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай бағытталған. Басы солтүстік-батысқа бағытталған шалқасынан жатқан мүрде ағаш табытқа қойылған. Табыт шіріп кеткен. Бас сүйегінің жанынан күміс алқа табылған, иық тұсында күміс ыдыс тұрған. Осы жерден мата қалдықтары, қола және алтын тіліктер (пластиналар) табылған. Қола тілікке гүл суреті салынған. Мата кесігі мен тіліктер бас киімнің қалдығы сияқты. Белдіктен ортасында фантастикалық жануар бедерленген сегіз жапырақшалы сауыт түріндегі екі ірі қапсырмалар сақталған. Оған осы жерден табылған темір айылбас та жатады.

Мүрденің оң жағында ағаш қабығынан жасалған және беткі жағы сүйек жапсырмалармен әшекейленген қорамсақ жатқан. Қорамсақтан сапты жалпақ және ұзынша-ромб тәріздес тұрпаттағы жебе ұштары шыққан. Мүрденің сол жағында айқыштамасы тік темір қылыш жатқан. Ағаш қынынан шірік кесектері мен бұғының бір түрі бейнеленген күміс пластина ғана сақталған. Сол жақ аяғының қасынан сабы сүйек бір жүзді темір пышақ алынған. Аяғының сүйектерінде сирақ тұсы қола жіппен тігілген өкшесіз тері етік қалдығы сақталған.

Мүрденің аяқ жағында ат әбзелдерінің (темір үзеңгі, сақиналы сулық, тікбұрышты айылбастар, т.б.) қалдықтары тұрған. Моладан алынған сиыр сүйегі ақіреттік ас қалдығы болып табылады, ал үйіндіден қыш көзе алынған. Қабірден алынған екі монета XIII ғасыр соңы мен XIV ғасырда соғылған, бұлар қабір мерзімін нақты дәлелдейді, зерттеушілер пікірінше молаға қоғамда жоғары дәреже иемденген қыпшақ-жауынгері жерленген.

Орталық Қазақстаннан XIV ғасырға жататын екі қабір табылған. Оның бірі Нұра өзені аңғарынан, Қарағанды қаласынан батысқа қарай 46 км жердегі Жартас қорымынан зерттелген. Обаның диаметрі 12 м, биіктігі 1 м. Тікбұрышты келген қабір шұңқыры ұзын жағы бойынша батыстан шығысқа қарай бағытталған. Оның көлемі 2x1,5 м. Шалқасынан жатқызылған мүрде 1,8 м тереңдікке қойылған. Қабірдің үсті ағаш қабықтарымен жабылған. Шіріген қайың астынан ромб секілді өрнектері бар алтын сары түстес жібек мата қалдықтары табылған.

Адам қаңқасының жамбас сүйегі мен сан сүйектерінің тұсынан тері (қой) шалбар мен тері етік қалдықтары алынған. Оң жағында бір жүзді ұшы тік темір пышақ жатқан. Сол жақ бүйірінде қабықтан жасалынған ұзын қорамсақ орналасқан. Қорамсақтың ұзындығы 60 см, ені 12-15 см. Қаусырына сары түсті жіп тағылған. Қорамсақ жебе ұштарына толы. Қорамсақта садақ та болған. Садақтың тек ағаш бөліктері ғана сақталған. Қабірден белбеудің темір тоғалары да шықты.

Жерленген адамның аяқ жағына ат әбзелдері (жүген-ноқта мен ер) қойылған. Олардан сақталынғандары – темір бөлігі мен ағаш қалдықтары. Сопакша темір үзеңгінің аяқ салар тұсы кең және оның белдікке арналған ілгегі бар, екі құрамалы ауыздықтардың қозғалмалы тілі бар. Моладан күміс тостаған мен үш күміс монета салынған тікбұрышты қапшық шыққан, монеталар XIV ғасырдың алғашқы жартысында соғылған.

Дәл осындай саймандар жиынтығы Екібастұздан солтүстік-батысқа қарай орналасқан Тасмола-4 қорымындағы бір обадан алынған. Оба диаметрі 14 м, биіктігі 1,2 м. Үйінді астында, оның орталық бөлігінде солтүстіктен оңтүстікке бағытталған тікбұрышты тұрпаттағы топырақ шұңқыр орналасқан. Оның ауданы 2,4x1,1 м, тереңдігі 1,6 м. Қабір үсті түпсіз «жәшік» түріндегі құрылыспен жабылған.

Моладағы мүрденің басы солтүстікке бағытталған. Бас сүйегінің сол жағында сұрақ белгісі түріндегі күміс сырға жатқан. Сол алақаны тұсынан темір пышақ пен темір кресало алынған. Шұңқырдың сол жақ қабырғасында қабықтан дайындалған қорамсақ жатқан, одан алты темір ұшты жебелер шығып тұрған. Қорамсақтың ұзындығы 68 см, төменгі жағындағы ені 19 см, жоғарғы жағындағы ені 11 см. Сыртқы беті геометриялық өрнектері бар күміс жапсырмалармен әшекейленген. Жебе ұштары жалпақ, сапты; олардың бесеуі кесіндісі бойынша ромб пішінді, ал алтыншысы тікбұрышты келген. Қорамсақ жанынан ішкі сақиналары қозғалмалы (жылжымалы) темір жүгеннің екі бөлігі алынған. Қаңқа аяқтарының арасында табандығы кең темір үзеңгі және белбеу тесігі жатқан.

Қабірден екі монета табылған, оның бірі мүрденің аузына қойылса, екіншісі сол қолының жанына қойылған.

Алынған материалдар қыпшақ жауынгері қалай киінгендігін қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Мерке ғибадатханасы. Түркілердің обасы, тас мүсіндері, тас қаландылары жанында сақталған ғибадатхананы зерттеудің маңызы зор. Бұлар табыну мен культтық ғұрыптарды өткізетін орындар болған. Әсіресе адам өте бермейтін биік тауларда орналасқан, жүздеген жылдар бойы ешкім тиісе қоймаған баяғы қалпында тұрған ғибадатханаларды зерделеу өте қызықты.

«Қыпшақ ғибадатханалары» деп аталынған XI-XIII ғасырлармен мерзімделінетін ескерткіштерден Азия бөлігіндегі қыпшақтар мен Еуразияның еуропалық бөлігіндегі половецтер арасындағы мәдени-тарихи байланыстарды байқауға мүмкіндік мол.

Мұндай ғибадатханалардың бірі – биік таулы ауданда, альпілік шалғын аймағындағы Мерке өзені, Аралтөбе, Белсаз, Сандық, Сұлусай, Қарасай, Қашқасу үстірттеріндегі – Мерке болып табылады.

Ескерткіштердің мейлінше шоғырланған жері Сандық үстірті. Бұл жердегі тас мүсіндердің үлкен шоғыры туралы XIX ғасыр соңында белгілі болған, алайда оларды өткен ғасырдың орта тұсында ғылыми айналымға жергілікті өлкетанушы А.Н.Печерскийдің көрсетуімен Э.А.Новгородова енгізген болатын. Мерке кешенін зерттеумен ұзақ жылдардан бері

А.М.Досымбаева айналысып келеді. ХХІ ғасырдың бас кезінде Жетісу далалы аймағындағы VI-X ғасырларға жататын түркілердің ескерткіші Жайсаң ашылды. Мерке өзенінің жоғарғы ағысында жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесінде тас мүсіндері бар ғұрыптық ескерткіштер, петроглифтер шоғырының картасы жасалды (А.М.Досымбаева). Археологиялық-топографиялық картада барлығы бірнеше ондаған мүсінді оба құрылыстары көрсетілген. Зерттеу барысында 64 тас мүсін анықталды, оның 31-і әйел адамның мүсіні болып табылады. Ғұрыптық ескерткіштердің статистикалық талдауы және типологиялық мәліметтері негізінде ғибадатхана құрамына 38 мүсінді кешен кіретіндігін анықтап берді. Ал ғұрыптық конструкцияның негізгі бөлігі диаметрі 4-5 метрден 16 метрге дейін, биіктігі 0,5 метрден 1,3 метрге дейін жететін тас үйіндіден тұрады. Кейбір обалардың шығыс жағынан тастан қаланған қосымша құрылыстары да кездеседі.

Меркенің жарқын ескерткіштерінің бірі *Сандық* үстіртіне кірер жердегі екі оба мен алғашқыда обада тұрған құлпытас болып табылады. Оның бір жақ шетіне биік бас киім киіп тұрған әйел адамның бейнесі салынған. Ол екі қолымен ыдыс ұстап тұр.

Басы ойықшамен бөлініп, оны денесінен бөліп тұр. Қасы, көзі, жағы (беті), иегі, кеудесі, қолдары мен ыдысы шығыңқы. Ұзын тік мұрыны мен қастары Т-тәрізді тұрпатта шығыңқы сызықпен берілген, көздері сопақша келген ойық арқылы берілген, ауызы ішке қай кіріңкіреп тұрған. Нәтижесінде бет әлпетіне әсемділік беріліп, бұрыс дөңгелектер беттегі қызылын (шырайын) келтірген. Әйел адам жалаңаш күйінде берілген, алақаны толық өңделмеген, ал қолдары білек тұсында қайырылмаған. Ыдысы пиала (кесе) тұрпатты, алайда оның түбі көріне қоймайды.

Жалаңаш өзенінің жоғарғы ағысынан екі обада орналасқан үш мүсін анықталынған. Бұл №2, 3, 4 мүсіндері бар құрбандық шалатын орын. №2 және №3 тас мүсіндер обаның орталық бөлігіндегі тонаушылар қалдырған шұңқырда жатқан. Олар бастапқы орындарынан жылжытылған, нәтижесінде құлпытас терісінен қойылған.

№2 мүсін қызыл граниттен қашалған (оның көлемі 0,74x0,29x0,19 м). Басы шабылған. Қолдарына денесіне параллель түрде көрсетілген. Қолдары, саусақтары өңделе қоймаған. Екі қолындағы ыдыс кубок тұрпатында (ернеуінің диаметрі түбінің диаметріне сай келеді).

№3 мүсін дәл сондай (№2 мүсін) граниттен қашалып дайындалған. Қазіргі таңда олар қатар жатыр. Бұл мүсіннің көлемі: 0,62x0,25x0,18 м. Төменгі бөлігі опырылып түскен, дегенмен аздап бүгілген қолдары денесіне параллель орналасқанымен, ыдыс әдейі көрсетілмеген сияқты. Мүсіннің тек бір жағы (беткі) ғана өңделген. Шет (бүйір) жағынан жалғыз-ақ сырғасыз құлақ қабыршағы ғана түсірілген. Басы денесінен кішкентай ойықша арқылы бөлініп көрсетілген. Мұрыны мен қасы біртұтас Т-тәрізді мүсінде берілген, көздері миндаль түріндегі ойық, ауызы шығыңқы.

Құрбандық орнының осы тобына №4 мүсін де кіреді. Ол ұсақ түйіршікті қызыл граниттен қашалып дайындалған (0,68x0,28x0,16 м). Мүсін обаның

ортасына орналасқан, жүзі солтүстік-шығысқа қаратылған. Тастың тек бір жақ шеті ғана қашалған. Бет әлпеті схема түрінде берілген: Т-тәрізді мұрын мен қас, т.б. Мүсіннен адам жынысы нақты ажыратыла қоймайды. Киімі де, қолдары мен ыдыстары, әшекейлері де көрінбейді.

Оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай бірінен кейін бірі орналасқан сайлардан (Қоралас-сазы, Тоғансай, Жалаңаштың жартысы, Сулы-сай, Қарасай, Шөлсай, т.б.) ондаған тас мүсіндері анықталған. Барлық конструкциялар мен мүсіндер топологиялық жағынан өзара жақын.

Әйтсе де ескерткіштер түрі тас мүсіндердің сыртқы пошымына, санына, орналасу орнына қарай жіктелінеді.

Сұлусай-7 обасында төрт мүсін орналасқан. Бес ескерткіштен үш-үштен мүсін анықталған, он бір обадан екі-екіден мүсін саналған, ал 28 конструкцияда бір мүсіннен болған. Конструкциялардағы екі немесе одан көп мүсіндердің бірі міндетті түрде ер адамның мүсіні болып табылады. Қалғандарында әйел адамдар бәдізделген. Дегенмен екі ер адамның мүсіні бар бір ескерткіш пен екі әйелдің мүсіндері қойылған үш конструкция да анықталған.

Қашқасу-1, Мүйізді қора-2 (№1, 2 обалар) ескерткіштеріндегі диаметрі 6-10 м, биіктігі 0,5-1,2 м обалар қасынан оларға шығыс жағынан жалғасқан көлемі 1,5x1,8 м және 2,3x2,7 м тікбұрышты құрылыстар анықталған. Мүсіндердің жүзі шығысқа қаратылған.

Шайсандық-1 қорымы ескерткіштің басқа түріне (типіне) жатады. Диаметрі 7 м, биіктігі 0,6 м обаның ортасына әйел адамның мүсіні орнатылған. Беті шығысқа қаратылған. Шөлсай-3 және Сандық-2 қорымдарындағы әйел адамдардың мүсіндері обаның шығыс жағында тұр, ал обаның ортасында тонаушылар шұңқыры сақталынған.

Құлпытас секілді статуялар (адам денесінің тек жоғарғы жағы ғана бедерленген мүсіндер) өз кезегінде бір обادا мүсіндермен бірге тұра береді.

Статуялардың бірнеше түрі жіктелген: бас киімі көрсетілген мүсіндер, ер және әйел адамдардың мүсіндері.

Ер адамның бас киімі дөңгелек пішінді, ол екі скульптурада көрсетілген. Алты мүсінде мұрт айқын бедерленген, бір ер адамның мүсінінде сына тәрізді сақалы нақышталған.

Аралтөбе-1 гұрыптық кешені тікбұрышты қоршаулар тізбегінен тұрады. Қоршаулардың ортасында диаметрі 0,2-0,3 м, тереңдігі 0,2 м күл толтырылған шұңқыр анықталған. Қоршауға солтүстік-батыс жағынан оба асты конструкциясы жалғасқан, оның ортасындағы шұңқырдан малдың сүйегі мен жылқы жүгенінің үш металл тоғасы табылған. Солтүстік-батыс сыртқы қабырға ортасынан бастап барлық қабырғаларға антропоморфты құлпытастар орнатылған. Типологиялық тұрғыдан сипатталынып жатқан конструкция осы мәдениет таралған аумақтағы ежелгі түркі ғұрыптық қоршауларын сипаттап берген әдебиеттер материалдарына ұқсас.

Түркілердің Аралтөбелік ғұрыптық кешені Қырғызстан аумағынан табылған ежелгі түркі ғұрыптық конструкцияларына ұқсас, дегенмен қоршауға солтүстік-батыс жағынан жалғасатын шұңқырда құрбандық малын

жерлеу салты бойынша өзгешеленеді. Шұңқырдан ат әбзелдерінің қалдықтары (металл қапсырмалар, т.б.) алынған.

Бірнеше көне түркі қоршаулары *Көржайлау-7 қорымы* құрамынан ашылып, зерттелген. Қорымнан үш қоршау мен бір оба қазылған. Обадан басы батысқа бағытталған, шалқасынан жатқызылған мүрде аршылады. Оның бас жағына қолдан жапсырылған, түбі дөңгелек ыдыс қойылған, одан қойдың құйымшақ сүйегі мен тігінен ғұрыптық асқа қадалған қадалған пышақ шыққан.

№1 қоршауды шеттерімен қоса есептегенде шамамен 2 м-ден сәл ғана асады. Конус тәрізді қосымша құрылыс негізгі конструкцияға оңтүстік-шығыс жағынан келіп қосылады. Қоршау қабырғалары тігінен қойылған тас плиталарынан тұрғызылған. Сыртқы жағын бойлай және қоршаудың ішкі ауданы ұсақ малта тастармен толтырылған. Қосымша құрылысқа тігінен ер адамның мүсіні орнатылған, түбі тастармен шегенделген. Мүсінге қару мен сол қолына пиала тәрізді ыдыс қашап түсірілген. Бет әлпеті мұқият өңделген, киімінің орамдары көрсетілген.

Мүсіннің сол қолындағы жүзі қайрылып жасалынған қылыш ескерткіштің хронологиясына түзетулер енгізуге мүмкіндік береді, оны зерттеген мамандар мүсін IX-XII ғасырларда тұрғызылған деп пайымдайды.

Белсаз-1 қорымы диаметрі 5 м, 5 м және 8,7 м таспен үйілген үш обадан тұрады. Обалардың биіктігі 0,4-1,3 м аралығында. Диаметрі 8,7 м оба ортасында граниттен жасалған ер адамның скульптурасы тұрған. Археологиялық тазалаудан кейін оба конструкциясының жоспары бойынша тік бұрышты көлемі 7,5x7,4 м құрылыстан тұратындығы анықталынды. Скульптура барельеф техникасында дайындалған. Мүсіннің басы, денесі, қарын тұсында кубок тәрізді ыдысты ұстап тұрған қолдары айқын берілген. Сондай-ақ мүсіннің бет пішімі де мұқият бедерленген. Мұндай скульптура ғибадатханалық ескерткіштерде кеңінен таралған және Мерке өзені бойындағы биік үстірттегі туындыларға өте жақын.

Осы сипатталған оба қасындағы диаметрі 5 м-лік оба қазылған. Одан жас баланың мүрдесі анықталған. Мүрде өртеу ғұрпы бойынша жерленген. Қасына бұйымдар қойылмаған.

Белсаз-2 қорымы тас үйінділерінен тұрғызылған обалардан тұрады. Олардың диаметрі 3-20 м, биіктігі 1,5-3 м аралығында. Екі обада қазба жұмыстары жүргізілген. Диаметрі 6 м-лік обадан катакомбадағы қабір аршылған. Диаметрі 11 м-лік екінші обаның үйіндісі ормен қоршалған. Ауданы 2x1,5 м тік бұрышты құрылыс обаның ортасында орналасқан және шеттері бойынша оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай бағытталған. Онда бір ер адамның, бір әйел адамның тас мүсіні тұрған. Әйел адамның беті солтүстік-батысқа, ер адамның беті оңтүстік-шығысқа қаратылған.

Мүсіндер граниттен, барельеф техникасында дайындалған. Екі мүсіннің де белбеу тұсындағы қолында ыдыс тұр. Әйел адамның мүсіні ұқыпты қашалған, үшкір бас киімі, бет-жүзі, кеудесіне тағылған әшекейлері сынды бөлшектері мұқият берілген.

Мүйізді Қора-2 ғұрыптық ескерткіштері. Бұл кешен екі оба түріндегі құрылыстан тұрады. Үйіндінің шығыс жағынан тікбұрышты қосымша құрылыс жалғасқан. Қосымша құрылыстардың екеуінен де шығысқа қаратылған әйел адамдардың мүсіндері анықталған. Екі мүсін де граниттен, барельеф техникасы бойынша жасалған. Кеуделері дөңгелек төмпешік ретінде берілген. Екеуінің де кіндік тұсындағы қолдарында ыдыс бедерленген. №1 обадағы статуя түбі жалпақ кубок түріндегі ыдыс ұстап тұр. Бұл мүсіннің саусақтары нақты көрсетілген. Екінші мүсін алғашқысынан аздап өзгешелеу: мұндағы ыдыс тұғырлы кубок тәрізді; басынан бас киім байқалынады.

Мерке ғибадатханаларынан анықталған мүсіндер Оңтүстік Орыс далаларындағы половец ғибадатханаларына ұқсас.

Мерке ғибадатханасындағы культтық кешендер бойынша зерттелген әрі сипатталған ескерткіштер типі әдебиетте половецтік «жасырын ғибадатхана» ретінде белгілі. Шығыс Еуропа далалы аймақтарындағы обалардан мүсіндермен бірге мүрделер де анықталған.

Дәл осындай ескерткіштер Орталық Қазақстаннан да анықталған. Оларды зерттеушілер XII ғасырмен мерзімдеген.

Батыс Қазақстан ортағасырлық көшпенділерінің археологиялық ескерткіштері. Қазақстанның батыс өңіріндегі жерлеу ескерткіштерін Г.В.Кушаев, В.А.Кригер, Железчиков, А.А.Бисембаев зерттеген.

Батыс Қазақстандағы ортағасырлық көшпенділердің обалары мен қабірлерінде жүргізілген археологиялық ізденістер мұнда *VIII-IX ғасырларға* жататын ескерткіштердің аз екендігін көрсетіп берді. Ірі қорымдар да жоқ.

Оба үйінділері топырақтан көтерілді, таспен тұрғызылғандары өте сирек. Үйінділердің негізгі бөлігі 8 м-ден 15 м-ге дейін жетеді. Қабір шұңқырының кеңінен таралған тұрпаты кертпе мен үңгіп қазу болды.

Жерлеу ғұрпындағы маңызды мәселе жылқы сүйектерінің болуы еді. Анатомиялық тәртіппен қойылған қаңқа қалдықтары қазылған қабірлердің тең жарымынан шыққан. Жылқы сүйектері шұңқырдағы адам қаңқасы жанындағы мола кертпесінен, шұңқыр жабындысынан алынған.

Оба үйіндісінде немесе қабір түбіндегі малдың сүйектері астың немесе акіреттің тағамның қалдықтары болып табылады.

Бұл уақытқа жататын жерлеу кешендері негізгі үш түрге бөлінеді: ат қосып жерленген қабір, жылқы қойылмаған қабір мен кенотаф.

Ер адамдардың қабірлерінен қару-жарақ, әйел адамдардың қабірінен сәндік заттар (тарақ, айна, әшекейлер) алынады.

Қару-жарағы (жебе ұштары, сауыт-сайман, т.б.) толық шыққан жауынгерлердің қабірлері аршылған (Шалқар-3, Қарасу-1). Ат сүйегі шықпаған ер адамның қабірлерінен белбеу мен жүген-ноқта алынады.

IX ғасыр екінші жартысында қабір шұңқырының жабындысына не болмаса табыт қақпағына «ат тұлыбын» қою жоралғысы тарала бастайды. Сонымен бірге бұл жоралғының біршама өзгерген тұрпаты шыға бастайды, бұл ретте бір немесе екі ат тұяғы қойылды.

Кенотафтар жоғала бастайды.

XIII-XIV ғасырлар ескерткіштері. Оба үйінділерінің көлемі 4-18 м аралығында. Көпшілік ескерткіштер топырақпен көтерілген. Тас араласқан үйінді және үйінді астындағы шикі кірпіш қоршаулары сирек ұшырасады.

Тікбұрышты тұрпаттағы қабір шұңқыры жиі қолданылады. Кей жағдайларда оның қабырғалары түбіне қарай тарылуы немесе кеңеюі мүмкін. Кертпелі немесе қабырғаларында кертпесі бар қабір шұңқырлары мен үңгіп қазылған молалар да ұшырасады.

Жерленгендердің бағытталуы әрқилы, алайда оңтүстікке қарай бағыттау басым.

Жабанды қарапайым тұрпаттағы қабірлерден де, иықшалы молалардан да кездеседі. Тақтай табыттардың қалдықтары да байқалып қалады. Мүрдені ойылған ағаш дінгегінен жасалған дінгек-табытқа салу да жағдайы да ұшырасқан.

Қабірлерден ат әбзелдері (үзеңгі, жүген, ер қалдықтары), қару-жарак (жебе ұштары, қылыш, қорамсақ пен олардың әшекейлері, қанжар, найза, сауыт); әшекейлер (сырға, сақина, моншақ, айна, «бокка»); тұрмыстық заттар (кресала, пышақ, қайшы, біз, тарақ, ыдыстар); айылбастар, косметикалық құралдар, тері бокша қалдықтары, қола қоңыраулар алынған.

Бай адамдардың қабірі сән-салтанатымен ерекшелінеді. Мәселен, Лебедевқа қорымынан ортағасырлық кезеңнің обасы қазылған. Мүрде 2 м тереңдіктегі тақтай үстіне қойылған, басы батысқа бағытталған. Қабір саңлауларына тақтай қойылған.

Қаңқада көйлекке тігілген сауыт пластиналары сақталған. Көйлектің жеңі мен шеттеріне ұзынша тар пластинкалар тігілген. Басының деңгейінде, оң жақта темір дулыға тұрған. Дулығаның төменгі жиегіне темір сақина бекітілген, оған екі қатар тар ұзынша пластинкалар айналдырыла тағылған. Дулыға мен жауынгердің басы арасынан алтын жүзік табылған.

Оң қолының саусақтары тұсында қорамсақ жатқан. Қорамсақ ішіне сапты үшбұрышты темір жебе ұштары салынған. Сауыттың қасында миндаль тұрпатты алтын жалатынған екі күміс пластина жатқан, олардың біріне мүйізді екі таутеке мен аузында күнді тістеп тұрған арыстан бейнесі түсірілген. Басқа екі қапсырмаға жіп түріндегі өрнек бедерленген.

Сарбаздың аяқтарының арасында, тізесінің деңгейінде қоңырау пішінді күміс ыдыс тұрған. Шұңқырдың артқы қабырғасында, мүрденің аяғына таман аттың жүген-ноқталарының қалдықтары жатқандығы анықталған.

Оң қолының сүйектерінің тұсынан ұзын, қайқы темір қылыш (ұзындығы 95 см, жүзінің ені 4 см) пен істік алынған. Аяқ сүйектерінің қасынан сақиналы жүген мен айылбас аршылған.

№3 обадан ер адамның қаңқасы шыққан. Бұл обаның диаметрі 16 м, биіктігі 1,1 м. Жоғарыдағы молаға қарағанда бұдан аса айтарлықтай ештеңе шыға қоймаған. Алынған заттар: үзеңгі түрлері, белбеу айылбастары, оған сән беріп тұрған күміс шаршы жапсырма мен екі жүзік.

XIII ғасырдың алғашқы жартысында моңғол шапқыншылығына байланысты түпкілікті өзгерістер болды.

Бұл кездері солтүстікке қарай бағытталған қабірлер саны ұлғая бастайды. Қабір құрал-саймандары арасында «бокка» бас киімі мен металл қаңылтырынан қиылған адам мүсіндері секілді заттар пайда болады.

Алтын Орда тұсындағы кезеңде жерлеу ғұрпы өзгере бастайды, шығыс бағыт батысқа және солтүстікке ауысады, қабір шұңқырының тұрпаты қарапайымдана түседі.

Жерлеу қабірінен әлемдегі ең нұрлы ислами дәстүрлер анық байқалады. Қалалар маңындағы бейіттерде мұсылмандық жосын-жоралғымен жерленген адамдар саны арта бастайды.

Ортағасырлық көшпенділер шаруашылығы

Ежелгі түркі (түрік), түргеш, оғыз, қарлұқ және кимек (қимақ), қыпшақ, қазақтардың көпшілігінің басты кәсібі көшпелі мал шаруашылығы болды. Көшпелілер маусымдық жайылымдардың бірінен соң біріне ауысып, ұзақ уақыт көшіп жүрді. Өзендердің белгілі өткелдерінен, қолайлы тау асуларынан өтіп, суы мол, шөбі қалың жайлауларға жететін ғасырлар бойы қалыптасқан көші-қон жолдары болды. Жайылымдарды дұрыс пайдалану үшін жылдың қай кезінде қай жерде шөптің қалың болатынын білу керек еді. Бұрыннан келе жатқан көшу жолдарының бағыты бір үлкен экономикалық немесе саяси жағдайлар болғанда ғана өзгерді.

Қимақтардың (кимектердің) кейбір топтары қыста Жайық пен Жемнің арасын қыстап, жазда Ертіс жағасын жайлап жүрді. Оғыздардың бір бөлігі Сырдарияның төменгі бойын қыстап, жайлауға Каспий маңындағы далаға көшетін болды. Әл-Бируни оғыздардың қара күзде Хорезм шекараларына таяу көшіп келетінін жазады және олардың енді бір топтарының кимектер елінде Манқұр көліне таяу жерде (Ұлытау баурайы) көшіп жүретінін айтады.

Оғыздарда ұлан-байтақ даламен алыс жерлерге қоныс аударып жүретін көшпелілерге тән кішкене жолым үйлер қондырылған арбалар болған.

Орта ғасыр авторлары түргеш, кимек, оғыздар мен қарлұқтар жылқы, қой, ешкі, сиыр, өгіз, түйе өсіргенін айтады.

Олардың шаруашылығында қой өсіру аса маңызды рөл атқарды. Дереккөздерінің бірінде «Өсімдік майының орнына мал майын пайдаланды, тоң майды шам етіп жағады» деп көрсетілген. Оғыздар елінен Хорасан мен Мауераннахрға жеткізілетін қой еті ол кезде ең жақсы ет саналды. Ибн әл-Факих түрік қойлары «өте ірі келеді, батпандай құйрықтары жер сызады» деп жазады. Сірә, қаракөл қойлары да өсірілген болса керек. Мысалы, Ибн Хаукөл Түркістанда әдемі елтірілер алынатын қойлар бар деп жазады. Әсіресе қара, қызыл және қоңыр-қызыл қозылардың елтірісі ерекше бағаланған.

Көшпелі шаруашылықта жылқы өсірудің ерекше маңызы болды. Жылқының жүрдектігі, төзімділігі арқасында ғана алыста жатқан жайылымдар игеріліп отырды. Жылқы соғысқа, аң аулауға пайдаланылды. әл-Жахиздің сөзімен айтқанда, «түрік жерден гөрі ат үстінде көп отырады». Ибн Фадлан мен Гардизи X ғасырда оғыздар мен кимектердің жер

қайыстырған қалың жылқы өсіргенін жазады. Түрік жылқысы жергілікті табиғат жағдайына және жыл бойы аяғынан жайылуға жақсы бейімделген, етті де, сүтті де болды. Көшпелі түрік тайпалары сиыр еті мен қой етінен жылқы етін артық көрді, ал биенің сүтінен қымыз ашытты.

Жылқының екі түрі – аласа, басы үлкен, мойны қысқа әрі жуан келетін түрі және басы кішірек, тірсегі жіңішке салт мінілетін тұрықты тұқымы өсірілді. Тамим ибн Бахр кимектер патшасы мен оның әскері аттарының «тұяқтары жұқа келеді» дегенде, сірә, бәйге аттарын айтқан болуы керек.

Көшпелі оғыздар мен қарлұқтар түйе де өсірген; оларға қарағанда кимектерде түйе азырақ болған. Деректемелерге қарағанда, оғыздар айыр өркешті ірі түйе есірген. Осындай түйелерге мініп саяхат жасаған Ибн Фадлан оларды түрік түйесі деп атайды.

Кейбір деректемелерде қарлұқтардың, оғыздар мен кимектердің сиыр өсіргендігі айтылады. Сірә, ірі қараны негізінен алғанда жартылай отырықшы елдер ұстаған болса керек, әйтсе де көшпелілер өгізді жегуге пайдаланған.

Ет пен сүт тамақ болған, ал жүннен киіз басылып, киім, кілем тоқылған және басқа бұйымдар жасалған. Мал өнімдері ішкі қажеттерді қанағаттандыру үшін ғана емес, сонымен қатар көршілес егін салатын аудандарға сату үшін де өндірілген.

Түргеш, оғыз, қимақ және қарлұқтардың күнкөріс кәсіптерінің бірі аң аулау болды. IX ғасырда әл-Йакуби көшпелі түріктер «көбіне жабайы аң-құстың етін жейді» деп жазды. Жахиз түріктердің аң аулау тәсілдерін қызғылықты етіп суреттейді. Оның сөзіне қарағанда, олар аң аулағанды жақсы көреді, тіпті шапқыншылықта жүрген кезінде де аң аулайды, аң аулауға салт ат мініп шығады; олар әсіресе киік пен құланды қуғанда ерекше төзімді келеді.

Аңға жалғыз шығумен қатар, қаумалап та аулау ұйымдастырылған; олар аң аулағанда шаруашылық мақсатымен қатар, өзінше бір үлгідегі маневр, әскери жаттығу ретінде әскери маңызын да көздеген.

Қимақтар (кимектер), оғыздар мен қарлұқтардың арасында терісі қымбат түлкі, сусар, құндыз сияқты аңдарды аулаушылар да болды. Қимақтар сонымен қатар бұлғын, ақтышқан және жыртқыш ірі аңдар: жолбарыс, барыс аулаған. Ертіс бойында ықшам киінген, ат үстінен сүңгімен жолбарысты түйрегелі жатқан кимек аңшысының суреті салынған қола тоға табылған. Аң терісі бұл тайпалардың басқа елдерге шығарып сататын дүниелерінің бірі де болғандығы анық.

Оғыздардың, кимектер мен қарлұқтардың кейбір топтары, көбінесе кедейлері Сырдариядан, Ертістен және басқа өзендерден балық аулаумен айналысқан. «Диуани лұғат-ит-түрkte» және араб-қыпшақ сөздіктерінде балық аулайтын еңбек құралдарының қимақ-қыпшақ терминдері: *арғақ* – қармақ, *аз* – ау, *ұжан* (ұлық) – кішкене қайық, *кеме* (қараб) – үлкен қайық деген сөздер келтірілген. Нарративтік деректемелердің мәліметтерін Ертіс бойынан табылған археологиялық материалдар растайды. VIII-IX ғасырлардағы қорымдардан балықтардың мүсіндік бейнелері табылған.

Түргеш, қарлұқ, оғыз, қимақтар арасында жартылай отырықшы және отырықшы халық шоғырлана қоныстанған топтар болған. Түрік тайпаларын сипаттай келіп әл-Идриси: «Адамдары көшпелі... Алайда олар жер өңдейді, тұқым сеуіп, егін жинайды» деп жазады. Жоғарыда айтылғандай, IX-X ғасырларда кедейленген қауым мүшелерінің бірқатары егіншілікке көшті, сөйтіп әсіресе сауда айырбасының ұлғаюы нәтижесінде көшпелілердің отырықшы егіншілік өңірдегі халықтармен экономикалық байланыстары күшейді.

«Худуд әл-алам» авторының мәліметтері бойынша, қарлұқтар тұрған аймақ түріктердің қарауындағы халық неғұрлым жиі қоныстанған және ең бай жерлер болды, оларда қалалар мен отырықшы мекендер көп болған.

Деректемелер оғыздардың арасында отырықшы егіншілер мен қала халықтарының едәуір көп болғандығын көрсетеді. «Оғыздарда қала көп, - деп жазады әл-Идриси, - олар солтүстікке және шығысқа қарай бірінен кейін бірі созылып жатады». Әбу Дулаф оғыздардың орда қаласында тастан, ағаштан және қамыстан салған үйлер болды деп көрсетеді. Масудидің жазуынша, Арал өңіріндегі оғыздар көшпелі және отырықшы болып екіге бөлінеді, Сырдарияның төменгі ағысындағы Жанкент, Жент, Жуара қалалары оғыздардың қалалары болған. «Худуд әл-аламға» және Бируни мен Махмұд Қашғаридың жазғандарына қарағанда, Сырдарияның орта ағысында да оғыздардың отырықшы мекендері болған, олар: Қарнак, Сүткент, Фараб, Сығанақ және Сауран; олардың негізгі тұрғындары ятұқтар (жатақтар) болған еді. Махмұд Қашғаридың анықтамасы бойынша, «бұл қалаларда тұратын оғыздар басқа жерлерге көшпейді, соғыспайды, ятұқ деп, яғни елеусіз қалғандар, жалқаулар деп аталады».

Сырдарияның орта және төменгі ағысында жүргізілген археологиялық зерттеулер кезінде ертедегі ортағасырлық көптеген қоныстардың жұрттары табылады, бұлар ескі, суарма арналары бар жер алқаптарына өзінше бір үлгіде орамалай салынған орталықтары бар қоныстар еді.

Қимақтарда отырықшы қоныстар болғанын көптеген араб-парсы авторлары көрсеткен. Әскері бар қимақ қағанын көрген Тамим ибн Бахр оның ордасының қасында қоныстар мен егін салынған жерлер барын да айтады. «Худуд әл-аламның» қимақтар туралы бөлімінде «қимақтар елі және олардың қалалары туралы пайымдау» деген сөздерден басталады, мұнан кейін қағанның жазғы ордасы Имекия (басқа деректерде Кимекия) және Жұбын қонысы айтылады.

Кимектердің қалалық тұрмысы туралы әл-Идриси шығармаларынан мейлінше толымды мәліметтер алуға болады. Кимек ханзадасы Жанақ ибн Хақан әл-Кимекидің кітабына сүйене отырып, ол кимектердің көлдер мен өзендердің жағаларына, таулы аудандарға және пайдалы кендер шығатын жерлерге салынған 16 қаласы туралы айтады. Олардың көбі сауда жолдарының бойында тұрған. Кимек қалалары жақсы бекінген. Деректемелерде таулардың арасындағы, айналасында суға толы жыралары бар қамал-қал-алар айтылады. Орталық Қазақстанда қабырғасы шикі кірпіштен салынған, іш жағы шыммен, буылған қамыспен өрілген қала

жұрттары табылды; мұнда көптеген қоныстардың, суарма арналардың ертедегі қалдықтары ашылды.

Қарлұқтардың, оғыздар мен кимектердің жартылай отырықшы және отырықшы топтары егіншілікпен айналысты, көбінесе тары екті. Әбу Дулаф қарлұқтар мен кимектер азық үшін бадана, бұршақ және арпа егеді дейді. Әл-Идриси кимектерде бидай мен арпа егілетін, жері құнарлы аудандар барын, олардың еңбек көп жұмсалатын күріш сияқты егіншілік дақылын өсіретінін айтады, ал күрішті суармалы жерлерде ғана өсіруге болатындығы белгілі.

Бұл дақылдарды өсірудің дәстүрлі болғанын оғыз, кимек-қыпшақ тайпаларының оларды атау үшін қолданып, түсіндірме сөздіктерде сақталып қалған терминдері де көрсетеді. Бұлардың бәрі де түрік тілінің сөздері: *екін* – егін, *бұғдай* – бидай, *тару (тарығ)* – тары, *арпа* – арпа, *тутарған* – күріш, *мержамақ* – жасмық.

Түргеш, қарлұқ, оғыздар мен кимектердің егіншілік шаруашылығы натуралдық шаруашылық болды және өздері тұтынатын қажеттерді әрең қанағаттандырып отырды. Олардың өздерінің егіншіліктен өндірген өнімдерін сатқаны немесе айырбастағаны туралы мәліметтер жоқ. Керісінше, деректемелерде дәнді дақылдарды және астықты отырықшы және жартылай отырықшы топтардың орталықтарына, мәселен, оғыз жабғуының ордасы – Жанкент (Янгикент) қаласына тасығаны туралы айтылады.

Сөйтіп, кимектерде, оғыздар мен қарлұқтарда көшпелі немесе жартылай көшпелі мал шаруашылығының басым болуымен, жартылай отырықшы мал шаруашылығы немесе аң аулау кәсібі мен балық аулау қатар жүрген егін шаруашылығының болуымен байланысты әр түрлі бірнеше шаруашылық-мәдени үлгілер болды.

Қарлұқтардың, оғыздар мен кимектердің қалалары Орта Азия мен Қазақстанның жергілікті түрік халықтарының шаруашылық-мәдени дәстүрлерінің қосылуы негізінде саяси және экономикалық орталықтар ретінде қалыптасып, өсті.

Түргештерде, оғыздарда, кимектер мен қарлұқтарда үй кәсіптері мен қолөнерінің ең дамыған түрі мал өнімдері мен шикізаттарын өндеу және қайта өндеу болды. Малдың терісінен әр түрлі аяқ киім, ыдыс, садақтың қаптамасы, қорамсақ, ер-тұрман әбзелдері, торсық-мес секілді заттар жасалды, киіз үйге жабылды, одан киім де тігілді. Әл-Йакуби «түріктер — киіз басуға өте шебер халық, ейткені өздерінің киімдерін сол киізден тігеді» деп атап өткен. Киім, сондай-ақ жабайы жануарлар мен андардың терісінен де тігілді.

Қауымның қатардағы мүшелері әдетте өздерінің әр түрлі қаруларын, шаруашылыққа, тұрмысқа керекті бұйымдарын өздері жасады. Бұл жөнінде әл-Жахиздің мына бір сөздері назар аудартады: «Түрік қолөнердің барлық үрдістерін өзі істейді, жолдастарынан көмек сұрамайды және басқаның ақылын керек етпейді: олар (түріктер) қару, жебе, ер-тұрман, қорамсақ, найза жасайды».

Тұрмыста ағаш бұйымдар: ер, ыдыс-аяқ, қайық, киіз үйдің ағаш сүйегі көп қолданылды.

Түргеш, қарлұқ, оғыздар мен кимектер қарауындағы қоныстарда құмырашылық өндірісі де өркендеді. Бұған қоса олар мекендейтін аумақта темір, күміс, алтын, мыс және асыл тастар өндірілді. «Ондағы шеберлер, — деп жазды әл-Идриси оғыздар мен кимектер туралы, — темірден ғажайып әдемі бұйымдар жасайды». Алтын мен күмістен сән-салтанат және әсемдік заттары дайындалды. Әл-Идрисидің мәліметтеріне қарағанда, кимектердің патшасы алтындап тігілген киім мен алтын тәж киген. Ол кимектердегі алтын балқыту технологиясын былай суреттеген: «Әдет (кимектердің) бойынша, алтынды жинап, суға шаяды, оны тазартып, сұрыптап алғаннан кейін алтын түйіршіктерін сынаппен араластырып, қоспаны сиырдың қиымен балқытады. Сөйтіп осындай жолмен едәуір мөлшерде алтын жинап алады».

Түргештерде, қарлұқтарда, оғыздар мен кимектерде қолөнер өндірісінің болғанын археологиялық материалдар растайды. Олардың қоныстары мен обалы зираттарын қазған кезде темір бұйымдар, алтыннан, күміс пен қоладан жасалған сәндік заттар, киіздің, терінің, ағаш ыдыстардың қалдықтары, қару және әр түрлі қыш керамика табылды. Бұл бұйымдардың көпшілігі жергілікті жерде өндірілгені анық екенін атап көрсеткен жөн.

XIII-XV ғасырларда Қазақстан халқының негізгі тіршілігі өткен ғасырлардағыдай көшпелі мал шаруашылығы болып қала береді. Көшпелілер қой мен жылқы, түйе өсірген, жекелеген аудандарда ірі қара мал шаруашылығы дамыды. Сол аймақтардың халқы суармалы және тәлімі егіншілікпен де айналысады, балық аулап, аңшылық құрады. Көші-қон кезінде, әскери жорықтарда ат таптырмайтын көлікке айналды. Қой шаруашылығы барлық жерге таралды. Негізгі ас-етке қоса қой былғары, тері береді, оның жүні киім-кешек, төсек заттарын, кілемдер мен киіз бұйымдарын әзірлеуге, үй жылытуға қолданылады, Малдың шикізаттарын өндеу жөніндегі үй ішінің кәсібі көшпелілердің киім мен тұрмыс заттарына сұранымын қанағаттандырып отырады. Кейбір жекелеген ісмерлер аса күрделі бұйымдарды – аттың ер-тұрманын, метал әшекейлерін, қару-жарак (семсер, сүнгі, садақ, оқ), арба, үй сүйектері, т. б. келістіріп жасаған.

Мал өсіру шаруашылығы эволюциясының барысында, оның іріктеліп-сұрыпталып шыққан: көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы сияқты Қазақстан жерінде қадым замандардан бері өмір сүріп келе жатқан үш түрі экологиялық жағдайларға байланысты, саяси оқиғаларға, тайпалар мен халықтардың қоныс аударуы секілді жәйттерге байланысты да өзгеріп отырған. Осыған сәйкес, көші-қон жолдары да өзгеріп отырған еді. Сол дәстүр бойынша, Ақ Орда мен Әбілхайыр хандығының көшпелі рулары мен тайпалары Шығыс Дешті-Қыпшақтың жеке аудандары өріс-қонысынан қыстау үшін Сырдария мен оның салалары алқабына, Қаратау баурайы мен Арал өңіріне көшіп барған. Ноғай мал өсірушілерінің Еділ құярлығы мен Каспийдің солтүстік-батыс жағалауы маңындағы қысқы мекендерінен Еділ, Жайық, Ембі бойларымен жоғары жүретін жазғы жайлауларының дәстүрлі көшу жолы саяси хал-ахуалға лайықталып, шығыста – Арал өңірі мен Сырдарияның төменгі жағына қарай, батыста – Құм ойпатына, сол сияқты Каспийді жағалап оңтүстікке қарай өзгертіліп отырған. Жетісуда көші-қон

жолдары қысқарақ болған. Деректер белгілі жайылымдар ішінен Іле өзені бойындағы Үлкен жұлдыз және Кіші жұлдыз, Шарын мен Шелек арасындағы Әбіш жазығының жайлауларын, т.б. атап өтеді.

XIV-XV ғасырларда Оңтүстік-Шығыс Қазақстан халқының шаруашылығында түбірлі өзгерістер орын алды. Моңғол хандары мен феодалдарының ұзақ уақыт өктемдік жүргізуі XIV ғасырдың соңғы кезінде Жетісудағы отырықшы-егіншілік және қала мәдениетін жойып жібереді. Көшпелі мал шаруашылығы барлық жерде де басты кәсіпке айналады. Егіншілік кәсібінің айқын іздері XIV-XV ғасырларда Батыс Жетісудың Шу мен Талас алқаптарында сақталып қалды. Жазба деректерде XV ғасырда жаңа мекендер, керуен-сарайлар мен бекіністер салынғаны жөнінде айтылады. Отырықшы-егінші аудандар мен қалалар үшін соғыстар болып тұрды.

XIV-XV ғасырлар Оңтүстік Қазақстан жерінде қала мен егінді алқаптар тіршілігі өрге басады. Деректер Ақ Орда хандары Отырар мен Сауранда, Сығанақ пен Жентте құрылыс жұмыстарын күшейтіп, тұрғын үйлер, мешіттер мен қоғамдық ғимараттар салдырғанын хабарлайды. Бұрын моңғол билеушілері тиым салған құрылыстар жанданып, қамал-дуалдар мен бекіністер қалпына келтіріледі. XIV-XV ғасырларда салынған іргелі ғимараттардың ең көрнектісі Ясы (Түркістан) қаласында Әмір Темір тұрғызған Қожа Ахмет Ясауидің кесенесі (құрылысы 1407 жылы аяқталған) болып табылады.

Сығанақ, Ясы, Сауран, Сайрам және басқа да егін өсіретін өңірлерде өмір қалпына келіп, өркендей бастайды. Суармалы жерлерде бидай, арпа сияқты дәнді дақылдар өсіріледі. Сол сияқты бау-бақшалар, жүзімдіктер көбейеді. Оңтүстік Қазақстан мен Шығыс Дешті-Қыпшақ, Жетісу тұрғындарының шаруашылық байланыстарында егіншілер мен қала қолөнершілерінің өнімдері мен бұйымдары алыс-беріс дәнекеріне айналады.

Шығыс Дешті-Қыпшақ пен Жетісудың далалық аудандары малшыларының Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияның егінші және қалалық халқымен өзара сауда-саттық, алыс-беріс жасасуы, оңтүстікте қалалық және егіншілік тірлігінің, далада мал өсіру шаруашылығының өсуіне игі әсерін тигізеді. Отырықшы-егінші қауым мен көшпелі дала ұласатын жерде, басты-басты сауда жолдары тоғысатын торапта тұрған Оңтүстік Қазақстан аймағының осы бір ұтымды жағдайы оны көршілес халықтармен шаруашылық-мәдени, экономикалық қарым-қатынас жасаудың орталығына айналдырады. Көшпелілер мен егіншілер өзара бір-бірімен материалдық мәдениет, тұрмыс, шаруашылық тәжірибе машықтарын, әлеуметтік норма мен мемлекет ұйымдары түрлерін, әскери өнер элементтерін алып отыруға, мәдени жетістіктердің алмасып тұруына себепші болады. Дала ақсүйектері арасында ислам мәдениетін, жазу-сызуы мен кітап білімін тарату ісі де осынау қалалар арқылы жүзеге асырылды.

XV-XVII ғасырларда қазақтарда көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы сақталды. Малдың негізгі түлігі қой, жылқы, түйе болды, ірі қара мал аз мөлшерде, негізінен алғанда отырықшылықты жерлерде өсірілді.

Қазақ хандығында, Қазақстан аумағындағы бұрынғы мемлекеттердегідей маусымдық жайылымдарды (көктеу, жайлау, күздеу, қыстау) алмастырып көшіп-қонып отыру сақталды. Ондаған, ал көптеген жағдайда жүзден астам ауылдардан құралуы ықтимал әрбір ру белгілі бір географиялық жер көлемі шеңберінде көшіп-қону дәстүрін ұстанды. Қоныс орнын таңдау, әрине, тек дәстүр мен шаруашылықтық мұқтаждықтарға ғана емес, сонымен бірге хандықтағы саяси жағдайға да тәуелді болды.

Мал шаруашылығын жүргізудің ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрі сақталып, үнемі жетілдірілумен болды. Қазақтардың тұрағы киіз үй, сондай-ақ шаруашылық құралдары көшіп-қону және мал өнімдерін өңдеу үшін жақсы лайықталған-ды. Көшпелі мал шаруашылығы қазақ отбасының өмірін көп жағынан қамтамасыз етіп тұрды. Бұл сала қазақтарға ішіп-жейтін тамақ өнімдерін, киім-кешек пен аяқ киім материалдарын, үй жабдықтары мен жасауларын, көшіп-қонуға қажетті тасымал құралдарын берді. Әскери жорықтар мен шайқастарда жылқының орнын еш нәрсемен алмастыруға болмайтын. Көшпелі малшылар үй кәсібімен, негізінен алғанда мал шаруашылығы шикізаттарын өңдеумен айналысты. Қой жүнінен киіз басты, кілемдер тоқыды, киім тікті, мал терісінен аяқ киімдер, ыдыстар, ат әбзелдерін, т. б. әзірледі. Қазақтардың шаруашылығы негізінен қолмен атқарылатын таза табиғи күйінде қалғанымен, олардың қолында қала тұрғындары, егіншілер өндіретін тауарларға, азық-түлікке айырбастай алатын басы артық өнімдері қалып отырды. Түркістан қалаларының базарларына көшпелі малшылар мал айдап апаратын, тері, жүн, олардан жасалған бұйымдар, сондай-ақ қару-жарақтар, ағаштан, негізінен қайыңнан жасалатын бұйымдар, соның ішінде арбалар, тесектер мен ыдыстар жеткізетін; аң терілерін, тон-ішіктер, тымақ-бөріктер сататын. Малшылар бұл өнімдеріне айырбасқа Түркістан аймағы қалаларына әр түрлі тауарлар: мақта маталары мен жібек маталар, балшықтан күйдіріліп және темірден соғылып жасалатын бұйымдар, мата мен теріден тігілген дайын киім-кешектер, шапандар, орамалдар, бас киімдер, аяқ киімдер, ат әбзелдерінің бөлшектерін, сондай-ақ әр түрлі үй аспаптарын, қарулар, қымбат металдардан жасалатын әшекей заттар, айналар және көптеген басқа дүниелер алатын.

Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс өңірлеріндегі қазақтар отырықшылықты және жартылай отырықшылықты егіншілік пен қала мәдениетін жақсы білді. Далалық аудандар халқының көшпелілік шаруашылығы мен отырықшылықты егіншілік аудандары және қала шаруашылығының тұрақты байланысы қазақ қоғамы экономикалық өмірінің ажыратылмайтын белгісі болды.

Көшпелі қазақтардың отырықшылануы мемлекеттің қандай да бір басқа жерлерінен гөрі Сырдария бойы алқаптары мен Жетісудың батыс бөлігі аймақтарында неғұрлым шапшаң жүрді.

XV-XVII ғасырларда қазақ халқының өзіндік ерекше мәдениеті өркен жайды. Қазақтардың үйлер салу, оның жасауы мен салт-дәстүрлері, көркемөнерлік кәсібі және халық ауыз әдебиеті мен шығармашылығы түріндегі мәдениеті өмірге сіңіп, орнықты. Оларда Қазақстан жерінде

мекендеген бұрынғы тайпалар мен халықтардың мәдениет байлықтары табиғи түрде түсіністікпен қабылданылды. Сығанақ пен Сауранның, Ясы мен Отырардың архитектуралық кешендері, Жәнібек пен Қасымның Сарайшықтағы, Қазанғаптың Ұлытау ауданындағы кесенелері, Маңғыстаудағы, Сырдария алқаптарындағы және Қаратау қойнауларындағы мазарлар өзіндік сәулет-сипатымен, архитектуралық формаларының жинақылығымен әрі айқындылығымен ерекшеленеді.

Үй кәсібі мен қолданбалы өнер бұйымдары – ат әбзелдерінің, киіз үй жабдықтарының нәзік оюланған заттары, шебер істелген үй жасау бұйымдары, үй-іші тұрмысында ұсталатын заттар (кілемдер, киіздер, кестелер, ши тоқымалары, ыдыс-аяқтар), әйелдердің сәнді киімдері мен әшекейлері – міне, осылардың барлығы халықтың өзіндік материалдық мәдениетінің жоғары болғандығын дәлелдейді.

Қазақстанға әрдайым малшылар мен егіншілердің, дала мен қаланың байланысы тән болды.

Бұл байланыстар сан алуан еді: саяси, экономикалық, мәдени, этникалық.

Ежелгі түркі мемлекеттері кезіндегі Қараханидтер дәуірінде, кейіннен Ақ Орда, Моғолстан, Қазақ хандығы дәуірлерінде көшетін аумақтар шектеледі, көші-қон бағыттары тұрақтанады, тұрақты қыстаулар мен жайлаулар анықталынады, егіншілік дамып, жекелеген ру бөлімдері отырықшылыққа көшеді. Мемлекеттік бюрократиялық аппарат қалыптаса бастайды, ортақ тіл мен жазу қалыптасады, сауда және дипломатиялық байланыстар дамиды. Осы кездері қалалардың әкімшілік ставка, сондай-ақ қолөнер, сауда, мәдениет орталықтары ретінде қалыптасуы жүріп жатты.

Өзара байланыстардың мәдени аспектісі қабылдау, еліктеу, интеграция секілді құбылыстардан тұрады. Мәселен, отырықшы халық көшпелілерден қару-жарақ, әшекейлер, бағалы металдан жасалынған ыдыстарды қабылдап алды. Алайда отырықшы тұрғындар бұйымдарды тұтастай көшіріп алған жоқ, оған өзіне тән жайттарды қосып, дамытып отырды.

Ортағасырлық қоғамдағы әскери аристократия арасындағы бағалы заттарды «өткізіп», көшпелілер осы затқа деген сұранысын тек қала қолөнері арқылы ғана қамтамасыз ете алатын еді. Сөйтіп, көшпелінің, мал өсірушінің сұранысы қаладағы қолөнердің дамуына серпін беріп отырды, ал ежелгі түркі қағандары мен қазақ хандары қалалардың салынуына мүдделі болды. Осы кездері отырықшылыққа көшкен көшпелілер қалалықтардан үй салу құрылысын үйренді, ал түркі ақсүйектері сарай кешендері мен олардың әсем бөліктерін тұрғызу үшін отырықшы халық ісмерлерін шақырды.

Заттай мәдениет саласындағы өзара қарым-қатынасты айтқан кезде, этникалық процестерге тоқталып кеткен де жөн. Этникалық жоспардағы өзара байланыстар миграцияның екі түрімен сипатталынады. Біріншісі, тұрғындардың үлкен тобының қоныс аударуы, оған «Халықтардың ұлы қоныс аударуы», соғды отарлауы, түркілердің, моңғолдардың шапқыншылығы секілді үрдістер жатады; екіншісі, микромиграциялар, яғни халықтың шағын топтарының қоныс аударуы, бұл үрдіске дін өкілдері, саудагерлер, т.б. қатысады.

Мұндай қоныс аударулар кезінде біріктіруші сипатта өткен интенсивті этногенетикалық процестер байқалады.

Идеология мен өнер

Ежелгі түркілердің монументтік өнері. Ұлы Қытай қорғанынан Қара теңіз далаларына дейін, Моңғолия, Оңтүстік Сібір, Шығыс Түркістан, Қырғызстан, Қазақстан тауларынан түрік халықтарының тастан жасалынған антропоморфты мүсіндерін кездестіруге болады. Далада, тау ойпаттарында тұрғызылған мұндай ескерткіштер сан ғасырлар бойы ежелгі көші-қон жолдарындағы бағдар ретінде де пайдаланылып келді. Ежелгі түрік этносының қалыптасуы Саян-Алтайда, Шығыс Түркістанда, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда, Сарыарқа жерінде басталған.

Тас мүсіндерін жасауды ежелгі түркілер бәлкім скиф-сібір мәдени шеңберінен үйренген де болар.

Ежелгі түріктер тас мүсіндер тұрғызылған ескерткіштерге адам жерлеген жоқ, оны мінәжат орны ретінде пайдаланды. Тас мүсіндердің не себепті салынғандығы ғалымдар арасында түрлі пікірлер туғызған. Кейбір зерттеушілер мүсін түрік өлтірген адамдар бейнесі деген де дерексіз пікір айтты. Қазіргі таңда мамандардың көпшілігі тас мүсіндер ата-баба рухына арнап тұрғызылған ескерткіш деп есептейді.

Түріктердің антропоморфты мүсіндері VI-IX ғасырларда Таулы Алтай, Тува, Тарбағатай, Жетісу, Ертіс өзенінің жоғарғы ағысы, Селенга өзенінің жоғарғы ағысы мен Орхон өңірлері енген Бірінші және Екінші Түрік қағанаттары, Ұйғыр қағанаты аумағынан көптеп кездеседі. Ескерткіштердің көпшілігі осы жерлерден анықталған (1000 шақты). Аталған аумақпен шекаралас аймақтардан да түрік тас мүсіндері ұшырасады. Тас мүсіндер кем дегенде шығыстан батысқа қарай 2500 км жерге дейінгі аумақта меридиан бағытында созылып жатыр. Бірінші Түрік қағанатының тарауы оның түрлі бөліктерінде тас мүсінді жасау өнерінің өзіндік ерекшеліктерін қалыптастырды. Шығыста бұл өнердің ірі орталығының бірі Орхон өзенінің бойында болды. Мұндағы қаған ставкасы Тань Қытайымен тығыз қарым-қатынастар орнатты, оны тарихи құжаттар нақты дәлелдейді. Тань ықпалы ежелгі түрік өнеріндегі иконографияға әсерін тигізген. Мұны Күлтегін скульптурасына қарағанда-ақ бірден байқауға болады, онда ежелгі түркілерге тән емес билеушінің буддалық келбеті аңғарылады. Сондай-ақ мүсін иконографиясында да ерекшеліктер кездеседі. Айталық, Жетісуда қолына тостаған немесе кубок емес, құс ұстаған мүсіндер, әйел адам мүсіндері кездеседі. Тостағанды ұстап тұрған қол саусақтарының мәнері, қастың қиылып салынуы, миндаль секілді көздердің үлкейтілуі соғды өнерінің ықпалымен болған стильдік белгілер болуы ықтимал.

Барлық мүсіндерді жасалуы, тұрпаты мен көлемі, белгілі бір атрибуттары бойынша екі топқа бөлуге болады: 1 топ – адамның беті немесе басы бейнеленген тастар, 2 топ – адам денесі берілген мүсіндер.

Бірінші топтағы адам бет-әлпеті мен басы бедерленген мүсіндер өте көп және де түріктер тіршілік еткен аймақтарға кеңінен таралған. Культтық орындардың қажетті атрибуты болған бұл мүсіндер ғибадаттық ескерткіштер үшін дәстүрлі болып табылады. Олар ежелгі түріктер мекендеген жерлердің барлығына таралу алатын еді, алайда жер-жердегі шашыраңқы ескерткіштердің мерзімін дәл анықтау мүмкіншілігі шектеулі. Мұндай құлпытастар әдетте жалпақ плиталардан тұрғызылған тік бұрышты ғибадаттық қоршаулардың шығыс жағына орнатылады, беті шығысқа қаратылады, және де олардан оннан жүз метрге дейін жететін тастар қатары – балбалдар болады. Бет-жүзді көрсететін мүсіндер құмтастың жалпақ плитасынан жасалынады, биіктігі 1 м-ге дейін жетеді, аса өңделе қоймайды (құлпытастың беткі жағы, бұрыштары аздап тегістеледі).

Бірінші топтағы мүсіндерді екіге бөлуге болады: жалпақ немесе бет-әлпеті түсірілген өңделмеген тастар, аздап өңделген бас бейнеленген тас. Бірінші типтегі тастарға тек мұрын, көз бен ауыз түсіріледі, шеттері жоғары қайырылған немесе тік жасалған мұрттар да жиі ұшырасады. Әдетте сақалы жоқ. Құлағы жасалына қоймайды. Бүкіл бет-әлпет контуры сирек беріледі, әдетте жартылай дөңгелек немесе аздап қашалған төменгі сызықтарға (иегі, беті) ден қойылады. Егер бас сүйек толық жасалса, онда төбе құйқасында бас киімді білдіретін кертпек түсіріледі. Жетісудың бірнеше мүсіндерінің басынан Құдырге (Кудэргэ) ескерткішіндегі (Таулы Алтай) құдай ананың басындағысындай үш мүйізді бас киім ұшырасқан. Барлық бейнелер гравировка арқылы немесе төменгі рельеф бойынша түсіріледі. Екінші типтегі мүсіндерде кейде киімнің жоғарғы бөлігі тікбұрыш немесе кесінді түрінде беріледі. Иық тұсы, басындағы рельефті құлағы, бетінде мұрты бедерленуі мүмкін. Басы не болмаса дөңгелек кейпі – «қырылған», немесе бас киім секілді аздап кертпештелген. Мүсіндердің бірінші тобындағы екінші тип өз кезегінде екінші топтағы скульптуралы фигураларға жақын.

Екінші типтегі мүсіндер скульптуралы адам фигурасын бейнелейді, олар толығымен өнер туындылары болып та саналады. Қажетті атрибуты ыдыс (ыдыс орнына құс бейнеленген бірнеше мүсіндерден басқа) болып табылады. Олар үш түрге бөлінеді: бір қолында ыдыс ұстағандар, қолында құсы барлар, екі қолымен ыдыс ұстап тұрғандар. Мүсіндердің көпшілігі адам фигурасын белден жоғары қарай сипаттайды. Алайда кейбіреулері бүгілген аяғының тізесін алға беріп немесе аяғын айқастырып «түрікше» (молда соқынып) отырған форманы да береді. Бұлайша отырған фигуралар Моңғолия, Тува, Қазақстан, Жетісу өңірлерінен кездескен барлық ескерткіштерден табылған. Д.Г.Савинов пен С.Г.Кляшторный пікірінше, барлық ежелгі түрік мүсіндері отырған адамның фигурасын береді, өйткені белден төмен қарай скульптура аяқталынады да, тастың өңделмеген бөлігі жерге кіріп тұрады. Жердің бетінде тұрған мүсін отырған адам кейпін еске түсіреді, алайда бүгілген аяқ көп жағдайда беріле қоймайды. Сөйтіп, қолында кубок немесе құс ұстаған өлген адамның фигурасы жасалды, ол да әлі тірі әріптестерінің арасында берілген асқа қатысып жатқан секілді еді.

Екінші топтағы мүсіндерді дайындау үшін, басы мен иығын бөліп көрсету үшін дөңгелек скульптура техникасы пайдаланылды, оның төменгі және жоғарғы рельефі шығып тұрған бөлшектерді «фонның» айналасынан контурлы қашау техникасы немесе оймыштау арқылы түсіру (алып тастау) бойынша жүзеге асырылды. Скульптуралар құмтастан немесе граниттен дайындалды. Көпшілік скульптуралардың белінде белбеу көрсетілген. Скульптуралық мүсіндердің түрлері тек қана ыдыс бейнесі арқылы ғана емес, сондай-ақ көптеген стильдік белгілері бойынша да ерекшелінеді. Белбеу бөлшектері, қару-жарақ түрлері, ыдыс тұрпаты бойынша бұл ескерткіштердің мерзімдер анықталған.

Бірінші типтегі мүсіндер бүгілген оң не сол қолымен көкірек тұсында ыдыс ұстап тұрған ер адамдарды бедерлейді. Бейнеленген адамның жынысы әдетте мұрты мен сақалы бойынша анықталынады. Алайда бұл белгілер болмауы да мүмкін. Келесі қолы белбеу тұсында және де көпшілік жағдайда қару ұстап тұрады, бұл өз кезегінде бейнеленген тұлғаның әскери адам екендігін аңғартады. Барлық мүсіндердің жалпы биіктігі 1,2 м-ден 1,7 м-ге дейін жетеді, алайда олар жерден 0,7-1,5 м шығып тұрған. Мүсіндер ұзын тас блоктарынан дайындалған. Ең алдымен басы мен иығы жасалынды, мықыны кейде ғана көрсетілді.

Кейбір мүсіндердің шаштары көрсетілген. Алдыңғы жағынан толқынды шаштар тігінен екіге ажыратылып, артынан бұрым болып өрілген. Жетісудағы скульптураның бірінен бес не болмаса жеті бұрым анықталған. Бастапқыда олар тік, соңғы жағында толқынды шашпен аяқталынады. Аталмыш мүсіндерде киім бөлшектері де мұқият көрсетілген. Бұлар мұртты, кей жағдайда сақалды ер адамдар еді. Барлығы оң қолдарында тұғырлы кубок ұстап тұрады. Сол қолдарымен қайқы қылыш сабын ұстайды. Кейбіреулерінде бірінің астында бірі тұрған екі қылыш көрсетілген. Үшбұрышты жағалы және айқара ашылған шапан киген. Бір қызығы, дәл осындай түріктердің суреттері Самарқандтағы Афрасиаб қаласындағы фрескаларда кездеседі. Олардың да шаштары бес немесе жеті бұрымды. Киім-кешегі мен қару-жарақтары да (шапан, қос қылыш, т.б.) ұқсас. Бұл фрескаларда Жетісу түріктері сипатталынған деп топшылауға болады.

Тува мен Алтайдан алынған бірінші типке жататын көптеген ескерткіштерде дөңгелек бөрік секілді бас киім жасалса, Жетісу, Алтай мен Орталық Қазақстан түріктерінде биік тікбұрышты бас киім жасалған.

Бет әлпетінің бөліктері аласа рельефпен түсірілген, шетіне қарай кеңейе түсетін тік мұрны бір білік арқылы қастарымен қосылған. Қасы мен мұрыны көбінесе Т-тәрізді фигураны құрайды. Қастары доға тәріздес. Алайда кейде қайырылған қас та кездеседі (әсіресе Жетісуда).

Құлақтарына сырға бейнеленді, әсіресе жетісулық мүсіндерде бұл салт басым.

Киім бөлшектері әрқилы көрсетілген: әдетте камзолдың жоғарғы жағы дөңгеленіп, кейде үшбұрышталып келеді. Кейбір жағдайларда қысқа жең киім де салынған. Шапандардың жиектерін және бекітпесін сәндеп тұрған

қайма да байқалып қалады. Жетісудағы мүсіндердегі мұндай шапандар Афрасиаб фрескаларында да нақты суреттелген.

Бірінші типке жататын мүсіндерде суреттелген ыдыстарды да бірнеше типке бөлуге болады.

Мүсіндерде VII-VIII ғасырларда түріктерде кеңінен таралған тек қана металл ыдыстар ғана емес, сонымен бірге ернеуі қайырылған, білік жапсырылған, тұғырлы қыш ыдыстар да салына беретін еді.

Ежелгі түрік тас мүсіндерінде әшекей-қапсырмалар тағылған кісе белдіктер мұқият салынды. Оған тағылған бірнеше бөліктері біршама бұйымдарды қолдануға мүмкіндік берді. Белдік көшпелі халықтарда кеңінен таралды. Ол көші-қон кезінде, күнделікті тұрмыста көшпенділер пайдаланған әмбебап құралдардың бірі болды. Ауқатты адамдар алтын қапсырмалы белдіктерді тағып жүрді. Қару-жарақтар (қылыш, семсер, қанжар, пышақ) мүсіннің сол жағына орнатылды.

Екінші типтегі мүсіндерге оң қолында ыдыс орнына құс ұстау тән. Сол қолы басқа мүсіндердегідей белбеуінде тұрады. Бұлар тек Жетісудан ғана кездескен. Мүсінде сақал-мұрты бедерленбесе де, олар ер адамның бейнесі болып табылады. Алтын-Емелдегі мүсіндердің бірінен «түрікше» отырған фигура табылған. Құстың бейнеленуінде бір мән болды. Құс қайтыс болған адамның жанын бейнелеуі мүмкін.

Мүсіндердің үшінші түрі екі қолымен ыдыс ұстап тұрған ер адамдар болып табылады. Мұндай типтегі әйел адамдар өте сирек ұшырасады. Мүсіндердің көпшілігі граниттен дайындалған. Бұл осы мүсіндерді жасаған адамдардың өте мықты шебер болғандығын, тас қашау өнерін жетік меңгергендігін көрсетеді, өйткені гранит құмтасқа қарағанда өте берік және оны қашау кез келген адамға оңайға түсе қоймайтын еді.

Жетісудағы кейбір мүсіндердегі киім – кең жеңді шапандар мен иыққа тастай салынған жеңсіз жамылғылар еді.

Үшінші типтегі мүсіндерде тұғырлы ыдыстар бейнеленді. Жетісу мүсіндерінде тағанды (аяқты) кубоктар кеңінен тарады. Зерттеушілердің барлығы мүсіндердегі ыдыстар алтыннан немесе күмістен жасалды, олар VIII-IX ғасырларда кеңінен таралған деген көзқарасты қолдайды.

Ескерткіштердің соңғы типінде әшекейлер тағылған белдіктер мұқият қашалып жасалған. Тік белбеу құрсауы мен ай тәрізді тоғалы, тілі қозғалғыш дөңгелек айылбасты белбеулер VII-VIII ғасырлармен мерзімделінеді. VIII-IX ғасырлардағы археологиялық ескерткіштерден шыққан лиро тәрізді алқалар да нысандар мерзімін нақтылауға мол септігін тигізеді. Анықталған мүсіндердің жартысының белінде қылыш, түйреуіш, пышақ тұрған, бұлар VIII-IX ғасырларға жататын артефактылар қатарына кіреді. IX-X ғасырларға жататын қылыштар мен қайқы қанжарлар басым. Сайып келгенде, үшінші типтегі скульптуралардың біраз бөлігі негізінен Екінші қағанат тұсында жасалынған. Алайда осы уақыттарда басқа типтегі мүсіндер де тұрғызыла бергендігі анық.

Ежелгі түрік тас мүсіндері олардың қоршаған ортаға, дүниеге және жалпы әлемге деген түсінігін сақтаған болса керек.

Бірінші және екінші типтегі мүсіндер тас қоршаудың жанына орнатылды. Екі қолымен ыдыс ұстап тұрған мүсіндер арнайы жасалынған культтық құрылыстарда болды, мысалы, Моңғолиядағы Күлтегін кешені. Мұндай кешендер Екінші қағанат тұсындағы Моңғолияда (Унгет, Күлтегін), Тувада (Сарығ-Бұлұн) кездеседі, мұндай арнайы жасалған культтық алаңқайлар ортасына құрбандыққа арналған тас жәшік орнатылды. Айта кететін бір жайт, қарапайым ғибадат жасайтын қоршаулардың ортасынан да оттың орындары, күйген малдың сүйектері шығады. Қасына бөренелерден каркасты құрылыс тұрғызылады. Жанында басқа мүсіндер, арқа тұстарында руна жазуы, эпитафиялар жазылған құлпытастары бар ұңғылы тасбақа мен қойдың тас мүсіндері, тас-балбалдар қатары да болады. Тувада әлі күнге дейін тас мүсіндерге қатысты культтық таным-түсініктердің біртұтас циклы сақталған. Тас мүсіндер қайтыс болған адамды ғана емес, түпкі ата-бабаны, тіпті ең жоғарғы құдай Тәңір немесе Ұмайды бейнелейтін де шығар.

Бұл тұрғыдан алғанда Жетісу әйел адамдарының тас мүсіндері қызығушылық туғызады. Олардың кейбірі үш мүйізді бас киім киіп тұр. Осындай бас киім киген әйел адамның фигурасы VI-ҮІІ ғасырлармен мерзімделінетін Алтайдағы Кудэргэ тасында бейнеленген. Әйел адам ортада сән-салтанатты киім киіп отыр (аяқтары «түрікше» айқастырылған), оның қасында тізесін бүгіп тұрған дулығалы ер адамдар мен аттар бейнелеген. Зерттеушілер ортадағы әйел адамның фигурасын Ұмай-Ана деп есептейді.

Жоғарыда сипатталған кешендер жергілікті жерлердегі дербес топтарды көрсетеді. Осы өңірдегі барлық құлпытастар беті шығысқа қаратылған.

Ескерткіштерді мерзімдеуде стакан тәрізді ыдыс суреттерінің маңызы зор. Бұл ыдыстар Қазақстан мен Орталық Азияның тарихи-мәдени өңірлеріне көп тән емес. Мұндай ыдыстар Қазақстан аумағында IX-XI ғасырлармен, ал половцылық осындай ыдыстар X-XI ғасырлармен мерзімделінеді.

Қазақстан тас мүсіндерінің половецтердің мүсіндеріне ұқсас екендігін тарақтар да дәлелдейді.

Бас киімдерге де орала кеткен жөн. Себебі, Қазақстан аумағындағы скульптуралардан байқалған биік бас киімдер Моңғолияда кездеспейді, олар өз кезегінде XIX соңына дейін қазақ әйелдері киген кимешекті бірден еске түсіреді.

Орхон, Тува, Қазақстан мен Қырғызстан аумағын мекендеген ежелгі түріктердің (VI-VIII ғасырлар) тайпалары арасында тұтас бір дәуір жатты. Әлбетте уақыт өте келе, ежелгі түріктердің ғұрыптары мен культтары өзгерістерге ұшырады, дегенмен басты идея ғұрыптарда, жосын-жоралғылар мен заттай мәдениетте сақталып қалды.

Ғасырлар бойы түрік тайпалары ата-баба құрметіне, күн мен оның шығысына арнап тас пұттар (идолдар) тұрғызды. Бұл культтардың іздері Шыңжаңнан, Моңғолиядан, Қазақстан мен Ресейдің оңтүстігінен табылған. Ата-бабаны еске түсіру алғашқыда тас қоршаулармен немесе тас қаландылармен тығыз байланысты болды. Дәл осындай қоршаулар мен тас қаландылары Қазақстаннан табылған. Жетісудағы Меркеден шаршы түріндегі немесе дөңгелек келген жүздеген қоршаулар анықталған. Сірә, тас

идол атақты ата-бабаға арнап жасалған. Қатардағы қауым мүшелерін еске алып тұру үшін қоршаулар немесе обалар жеткілікті болған сияқты.

Әйел адамның культы қашан шықты және тастан оны қашап салу қай кезде пайда болды? Биік бас киім киген, қару-жарақсыз, тек қолында ыдысы бар әйелдерді тасқа қашап салу қыпшақтармен бірге келген. Жер-Ана, Ұмай құдай культы ежелгі түрік мәтіндерінде әлденеше рет айтылып отырады, ол Орталық Азиядағы ілкіден келе жатқан ежелгі культтардың бірі болып табылады.

Салттың өте көне екендігі анық. Ежелгі түріктердің мифологиясындағы әйел бейнесі оның жекелеген элементтерінің ұзақ уақыт сақталуына әсер еткендігін мамандар айтып та жүр. Ғасырлар қойнауынан келе жатқан жосын-жоралғылардың кейбір бөлшектері сақталғандығын этнографиялық мәліметтер де айғақтайды. Мәселен, XIX ғасыр бас кезіндегі Орта жүз қазақтары (құрамында қыпшақтар да болған) құрбандық шалған кезде қайтыс болған адамды еске алып жылаған. Олар қолдан қуыршақ жасап, оған қайтыс болған адамның киімдерін кигізіп, соған қарап тұрып еске алған. Молаға олар тас пен топырақтан пирамидалар тұрғызып, онда құрбандықтарын қалдырып кеткен.

Ежелгі түрік мінәжат орындарынан ата-бабаға деген құрмет, құдайларға деген ілтипат тереңінен байқалады. Оларда жүзеге асырылған ғұрыптық кешендер кейіннен көптеген түркі халықтарының рухани мәдениетінде көрініс тапты.

Түріктер арасында пайда болған тәңіршілдіктің бастаулары алғашқы қауымдық құрылысқа барып тіреледі. «Тәңірі» аталымы кем дегенде хуннулар өмір сүрген замандарда басталғандығы анық. Мұны хунну билеушілерінің «тәңірқұт» деп аталуы да көрсетеді. Араб географы әл-Мақдиси түріктер «Тәңірі» атауымен аспани көк түсті, кейде Көктің өзін түсінеді деп хабарлайды. Ал энциклопедист түрік ғалымы М.Қашқари болса, «Тәңірі» сөзін алдымен, *құдай*, бұдан кейін, *көк*, содан соң, *ұлы* мағынасында сипаттап берген.

Моңғол, алтай-саяндық халықтарда тәңіршілдіктің политеистік сипаты басым, ал көптеген түрік тілді халықтарда көптәңірлік сарын әлсіз болды. Тәңірді олар жоғарғы құдай ретінде түсінді. Әрбір заттың киесі бар деп ұқты. Әдетте Тәңір есебінде қарастырылып жүрген Жер-Су иесін, Ай мен Күнді, Шолпан жұлдызды, Ұмайды түріктер қасиетті, киелі деп түсінген, кейбірін (аспан денелерін) Тәңірдің өкілі деп қабылдаған. Бұл көшпелі тұрмыс салтынан да туындаса керек. Аспан денелерін шаруашылықта пайдалану, яғни соларға қарап жыл мезгілдері мен табиғатты түсіну, көші-қон жолдарында бағдар алу, т.б. көшпелілер арасында тәңіршілдіктің ұзақ уақыт үстем болуына алып келген сияқты.

Түрік халықтарындағы тәңіршілдік монотеистік діни жүйе деңгейінде болды. Оның қадір-қасиетін, ұлылығын ақылмен танып-білуге ұмтылған ежелгі түріктер өз дүниетанымдары шеңберінде бүкіл әлемді ұғынып, оны ұлықтайтын ескерткіштер тұрғызды. Бұл ата-баба әруағы мен аспан әлемін біртұтас қарастыратын тас мүсіндерде де көрініс тапты.

Ежелгі түріктердің жартас суреттері. Еуразия аумағында ежелгі түріктердің таным-түсінігінен молынан хабардар ететін петроглифтер шоғыры көптеп кездеседі. Қазақстанда бұл кезең туындыларын зерделеуге А.Г.Медоев, З.С.Самашев, т.б. мамандар мол үлес қосты.

Ежелгі және дамыған орта ғасырлар тұсындағы кеңінен таралған сюжеттердің бірі ту ұстаған салт атты сарбаз, найза ұстаған жауынгерлердің жекпе-жегі, жаяу әскер мен атты әскер арасындағы шайқас болып табылады. Бұл образ Қиыр Шығыстан Дунай далаларына дейінгі аймақтардан кездесіп отырады.

Далалы аймақтарда орналасқан жартас суреттеріндегі ежелгі түріктердің шығармашылық туындыларын бөліп көрсетуге мүмкіндік беретін негізгі элемент тулар болып табылады. Көне түрік жазба дереккөздерінде тікбұрышты матадан жасалып, сырыққа тағылған *туз* бірнеше рет айтылады.

Туз, ту, байрақ атаулары қазіргі таңда барлық түрік тілді халықтардың лексикасында сақталынып қалған.

Ту сырық басына тағылған тікбұрыш түрінде бейнеленген, кейде екі-үш, тіпті одан да көп айырмамен бітеді. Мұндай тулар Жетісудағы ортағасырлық петроглифтерден кездескен.

Жалаулар көлемі бойынша тудан кішірек, тұрпаты бойынша тікбұрышты, шашақ тағылған. Үш бұрыштылары сирек кездеседі. Бұлар да жетісулық ескерткіштерге тән.

Ту мен жалаудан басқа найзаның үш жағына қарай тағылған *мойшақ* (қылқұйрық), яғни жылқы құйрығы да кездеседі. Мойшақ тек қана найза ағашына (сабына) тағылған.

Мойшақтардың қатарына тек ат құйрығын ғана емес, сондай-ақ найзаға бекітілген аяқ жағы үш бұрышты болып кесілген ұзынша «жалаушаларды» да жатқызуға болады. Түйе мініп, қолына найза ұстаған сарбаз бейнесі Шығыс Қазақстан, ал жаяу әсер мен салт атты шайқасы Оңтүстік-Батыс Балқаш маңындағы петроглифтер шоғырынан ұшырасқан.

Әскери құрамалардың қасиетті символдары немесе қолбасшылар шеніндегі белгілер *штандрттар* болды. Олардың қатарына Жетісудан табылған сырыққа тағылған екі шашақты рама фигурасын жатқызуға болады. Штандрттар бейнесінің сериясы Жетісудағы Көксу өзені бойынан, тағы бір үш тісті түріндегі екі бейнесі Шығыс Қазақстаннан табылған.

Петроглифтерден шабуыл жасайтын да, қорғанатын да әскери қару-жарақтар кездесіп отырады.

Оңтүстік-Батыс Балқаш маңы мен Жоңғар Алатауынан найзаны қоян-қолтық ұрыста қолданып жатқан екі көрініс анықталған. Екі айқаста да салт аттылар жаяу әскермен шайқасуда. Үш бұрышты ұштық Жетісудағы Баян-Жүрек ғибадатханасынан (мінәжат орнынан) ғана кездескен. Сонымен қатар Таңбалыдағы ту ұстаушының жалауының ағашы үш бұрыш тұрпатты ұштықпен берілген.

Ортағасырлық Қазақстан петроглифтерінен қылыштың нақты әрі дәлмә-дәл суреті атқа мінген сарбаздың қолынан анықталған.

Ортағасырлық садақтың суретін сақ-скиф дәуіріндегі садақтардан айыру өте қиын.

Никитинка ауылы маңындағы тастарға қашап салынған жаяу және атты садақшыларды түріктік деп айтуға болады. Жаяу садақшылардың шеті қайырылған «М»-тәрізді садақтары нақтырақ көрсетілген. Мұнда мынадай айқас суреттелген: штандарт ұстаған атты әскерлерімен бірге садақшылардың екі тобы салынған. Тастың сол жақ бөлігінде түйе мен ат мінген сарбаздар, теке суреті мен дәл сондай жаяу садақшы бедерленген. Тастың жоғарғы жағында жаяу садақшыларға қарағанда садақтары өзгешелеу екі салт атты бейнеленген, алайда сипаты бойынша олар Жетісудағы Тамғалыдан табылған ту ұстаған салт атты сарбаздардың садағына ұқсас.

Никитинка ауылы маңындағы шоғырдан анықталған төрт жаяу садақшылардың белбеуіне тағылған тікбұрышты заттарды қорамсақ деуге де болатын сияқты.

Дулығалардың суреті Таңбалы, Ой-Жайлау, Теректі мен Сарыбұлақтан анықталған. Жетісу мен Талас Алатауындағы салт аттылардың дулығалары сфера-конус тәрізді, кей жағдайларда оған үкі тағылған. Оңтүстік-Батыс Балқаш маңындағы Теректі аңғарынан табылған жаяу әскерлердің дулығаларындағы айрық ұштықтарды да тағылған үкі деуге келеді. Теректі аңғары мен Тамғалы қойнауындағы кейбір атты әскерлердің дулығаларына «мүйіз» салынған.

Жоғарғы Ертіс алабы мен Жетісу атты әскерлерінің киімдері туралы мәлімет жоқтың қасы. Алайда жоғарыда айтылған Теректіден анықталған жекпе-жек көрінісінде жаяу жүрген сарбаздардың ұзын «шапан» кигендігі көрсетілген. Бұл кафтандардың сауыт екендігін дулығалары, найзалары мен тік семсерлері немесе белге тағылған қылыштары да айқындайды, аталған заттар ауыр қаруланған жауынгердің толыққанды сайманы болатын.

Кейбір жағдайларда атты жауынгер егерінің астындағы тікбұрышты, сопақша тершігі, тоқымы да бейнеленеді. Көшпелілерде кеуде мен құйрыққа тағылған белбеулерге ерекше мән берілді, бұл заттар таулы аймақтарда жүруге қолайлылық туғызатын. Олар өрнектелген қапсырмалармен сәнделді.

Жүген-ноқталардың жекелеген бөліктері Жетісу, Ертістің жоғарғы ағысындағы ортағасырлық петроглифтерде бейнеленген.

Аттарды сәндеген кезде құйрық-жалын қырыққан. Мұндай суреттер Таңбалыдан, Балқаш маңынан және Ертістің жоғарғы ағысынан анықталған. Ежелгі түрік дәуіріндегі сирек кездесетін бейне – ұшып бара жатқан сұңқар – болып табылады. Оның бейнесі Таңбалыдан табылған.

Қазақ жартас суреттері туралы да қызықты мәліметтер алынған. 1989-2003 жылдары З.С.Самашев пен Ж.М.Жетібаев Каспийдің солтүстік-шығыс жағындағы қазақтардың өнер ескерткіштерін зерттеп, ХҮІІІ-ХХ ғасыр бас кезіндегі жартас және қабырға граффитилері мен жазуларын тапты және олармен тығыз байланысты жерлеу және мемориалдық құрылыстар кешенінің құрамдас бөлігі болып табылатын зооантропоморфты мүсіндер – құлпытас, қошқартасты зерделеді. А.Г.Медоев тас бетіне түскен қазақтардың көптеген суреттерін тауып, жариялады.

Үстірт пен Маңғыстаудағы қазақтардың жартас суреттері Ақмая, Айрақты тауларынан және Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауындағы Жығылған мүйісіндегі үңгірден табылды. Жартас суретінің жетекші бейнесі әскери атрибуттары бар атты жауынгер. Сондай-ақ жылқы бейнесіндегі ертұрман, тоқым, қоржын, жүген-ноқта бөліктері, т.б. заттар да толымды түрде бейнеленген. Қару-жарақтардың түрлері де аса ыждахаттылықпен берілген. Олардың арасында алыстан және жақыннан соғысатын қылыш, қанжар, айбалта, найза, екі шеті ұшталған ағаштар, ілгектер мен шоқпарлар, сырық, жебе ұштары, қорамсақ, қамшы, сүңгі, XVI-XVII ғасырлардағы білтелі мылтықтар да жеткілікті. Үкі тағылған дулығаны киген сарбаздар аз кездеседі. Жылқышылар жекпе-жекке қатысушылар ретінде де суреттелген, шайқастар мен таутеке, арқар аулаған көріністер де көптеп кездеседі.

Сағана-там, күмбезді мазар қабырғаларына салынған гравюралар өте көп, олар құрамы бойынша да, сюжеті жөнінен де сан алуан. Әскери атрибутиканың бөлшектері мұқият түсірілген, алайда адамдар бет-бейнесіз және шартты түрде бейнеленген: денелері қарапайым сызықтармен, үш бұрыштармен берілген, оның толық фигурасын салу сирек ұшырасады, олар қазақтардың стильдік антропоморфты мүсіндеріне ұқсайды, ал аяқтары биік өкшелі, қонышының жоғарғы жағы кең етіктер арқылы берілген.

Түрлі хайуанаттардың (жылқы, түйе, таутеке, арқар, құстар, жыртқыш аңдар) суреттері аңшылық, көшіп-қону, керуендер шеру, қасқырлардың қой отарына шабуы секілді күнделікті көшпенді-малшы өмірінің қырларын сипаттайтын композицияларға біріктірілген. Қару-жарақтар мен тұрмыстық заттар (саймандар, самаурын, сақпан, кебіс, боқша, қамшы, құрық, етік, тоғызқұмалақ ойнайтын ойықтар, ыдыс-аяқтар) суреттері телімнің сыртқы және ішкі қабырғаларын, жабынын, сыртқы ернеуін (карниз), барабандары мен кесене күмбезін ешқандай сюжетсіз-ақ көмкеріп тұрады.

Қарағашты Әулие бейігіндегі мазар қабырғасына бір ат жегілген екі доңғалақты арба суреті салынған, арба қабырғасы шарбақты, оған бес кісі мінген.

Қабір үстіндегі шағын тұрпатты ескерткіштердің бірі сағанатамдарда қаруланған сарбаз бейнесі, қошқартастарда (қой бейнесінің скульптурасы) ат мінген сарбаз, садақшы, зооморфты фигуралар, таңбалар мен қару-жарақтар суреттері берілген. Соңғы аталған заттар құлпытастардағы негізгі сурет болып табылады, олар асқан жоғары шеберлікпен бедерленген.

Қазақтардың ұлттық өнеріндегі жетекші образ ежелгі түріктердегідей жылқы бейнесі болды.

Гравюраларда батырлардың аттарына ерекше көңіл бөлінді: ол сымбатты тұлғалы, қамыс құлақ, аққу мойын, кішкентай басты, жалы төгілген немесе қысқа түрде бейнеленіп, малдың өзіндік сипаттары (тұлпар, арғымақ, қазанат) жан-жақты көрсетілді. Кейбір суреттерде құйрық-жалы күзелді. Әрине бірқатар суреттерде жылқы бейнесі стильдік сызықтармен де шектелді. Дегенмен негізгі ой, басты қадір-қасиет сақталынды. Араларында адай сәйгүліктері мен қарабайырлар болған дала жылқылары оның прототипі болған еді.

Батыр шайқасып жатып та, аң аулап жүріп те бейнеленді. Ол сан алуан қарулармен қаруланды, батыр алыстан ататын қаруларды да, жақыннан шайқасатын қаруларды ұстап немесе тағынып жүрді. Кейде ол үкілі (кейде үкісіз) дулығы киді немесе төбесі үшкір бас киіммен бейнеленді.

Маңғыстау және Үстірт суреттеріне қарағанда адай сүңгілері кейде екі ұшты болды: бірі – ұзын әрі тар; басқасы – қысқа әрі жалпақ. Ағашында екі ілгегі болды. Найзаның ағашына ұшынан төменірек жүзі үшкір пышақ секілді ұзынша жалпақ металл отырғызылды.

Қылыш әшекейленген қынапта суреттелді, ол белбеулер арқылы кісе белдікке тағылды.

Қазақ суреттерінде ұста асай-мүсейлері мен музыкалық аспаптар да кездеседі. Ол қайтыс болған адамның кәсібін, дарынын да көрсетсе керек.

Суреттердің ерекше категориясына кемелер де жатады, олар XVIII-XIX ғасырларда Каспий теңізінде көптеп жүзіп жүрген болатын. Кеме суреттері көбіне ірі күмбезді кесенелер мен сағанатамдарға түсірілген және адай батырларының теңіз қарақшыларымен соғыстарын сипаттайды.

Биік төбешіктерге және көші-қон жолдарында салынған ірі кесенелер мен сағанатамдарда көптеген суреттер бейнеленген. Олар ерліктер мен түрлі іс-әрекеттерді (айқас көрінісі, аңшылық, көшіп-қону, керуендер шеруі), байлықты (жылқы үйірі мен қой отары), жеке қаруды, ат әбзелдерін, тұрмыстық-шаруашылық заттарды білдіреді. Бірқатар суреттер қайтыс болған адамның өмірде алған орнын, қоғамда атқарған қызметін де айғақтайды.

Қазақстан жер асты мешіттерінде ашық алақан көптеп кездеседі. Бұл белгілер қасында дәруіштер қалдырған мистикалық формула-өлеңдер, құранның аят-сүрелері жазылған.

Ашық алақан «ашылған әлем» деген мағына береді, ол сонымен қатар «Аллахтың хақ екендігін», оның «өзі де рас, сөзі де рас» екендігін де білдірсе керек.

Кейбір зерттеушілер ашық алақанды шиіттер арасында кеңінен таралған, олардың эмблемасына айналған, яғни христиандардағы айқыш (крест) іспеттес мағына берген деп есептейді. Бірқатар мамандар бұл алақан ту ұстаушы Аббастың (Құсайынның ағасы) қолы десе, басқалары Әлидің қолы дейді, кейде бес саусақ Мұхаммед саллаллаһу аләйһи уәссәләм, Әли, Фатима, Хасан мен Құсайын сынды «бестік» шиіт символы (сонымен қатар исмаилиттердің де) деп қарастырады.

Алақанды сондай-ақ бақыт әкелетін және көз өтуден сақтайтын ерекше бойтұмар ретінде де қарастыратындар бар.

З.С.Самашевтің пікірінше, қазақтардың монументтік өнеріндегі жауынгердің бейнесін Еуразия далалы аймақтарындағы сан ғасырлар бойғы мәдени-генетикалық үрдістердің нәтижесі ретінде қарастырған жөн. Әсіресе, б.з.б. II мыңжылдық екінші жартысы мен аяқ кезінде тарих сахнасының төріне әскери каста өкілдері шыққан кезеңмен тығыз байланыстыруға болады. Мұның жарқын көрінісін құрамына обалар мен қару-жарақ асынған жауынгер мүсіндері, таңба секілді белгілері бар кешендер кіретін Үстірттегі

сармат ғибадатханалары; ортағасырлық антропоморфты мүсіндер (ежелгі түрік, қыпшақ, половец), Еуразия далаларындағы қарулы салт аттыларды сипаттаған гравюралар мен жазулар нақты көрсетіп береді.

ҮІІ-тарау

ЖАЗБА ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕККӨЗДЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРЫ

Ортағасырлық Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы.

Б.з. II-V ғасырларында егер Шығыстан жүре бастасақ, Жібек жолы Қытайдың ежелгі астанасы Чаньаннан шығып, Ланчжоу маңындағы Хуанхэ өткеліне баратын да, одан әрі Нань-Шаннің солтүстік сілемдерімен жүріп отырып, Ұлы Қытай қамалының батыс шетінен, Яшма қақпасының шебінен барып шығады. Осы арадан сара жол екіге айырылып, Такла-Макан шөлін солтүстік және оңтүстік жағынан айналып өтетін. Терістік жолы Хами, Тұрфан, Бесбалық, Шихо көгал аймақтары арқылы Іле алқабына жететін; ортадағы жол Чаочаннан Қарашарға, Ақсуға, сосын Бедел асуы арқылы Ыстық көлдің оңтүстік жағалауынан шығып, Дунхуан, Хотан, Яркенд, Бактрияларды басып өтіп, Үндістан мен Орта теңіз аймағына қарай шырқап кететін; бұл Оңтүстік жолы деп аталатын. Ал, Солтүстік жолы Қашғардан Ферғанаға, одан әрі Самарқанд, Бұхара, Мерв арқылы Хамаданға, Сирияға, Мысырға баратын.

VI-VII ғасырларда бұрынғы жол (Ферғана арқылы) қысқа әрі қолайлы болуына қарамастан, Қытайдан шығып, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан арқылы Батысқа қарай өтетін жол бәрінен де жанданып кетеді. Жолдың бұлай ауытқуын бірнеше себептермен түсіндіруге болады. Біріншіден, Жетісуда Орта Азиямен жүретін сауда жолдарын бақылайтын Түрік қағандарының ордалары орын тепті. Екіншіден, Ферғана арқылы жүретін жол VII ғасырда ішкі қырқыс салдарынан қауыпты болып қалған еді, үшіншіден, аса бай түрік қағандары мен олардың айналасындағы кісілер, теңіздің арғы бетінен келген тауарларды аса көп тұтынатындар қатарынан саналатын. Сөйтіп, VII-XV ғасырларда бұл жол маңызды болып, елшіліктер және сауда керуендерінің дені Жібек жолының осы тармағымен жүретін.

Сан ғасырлар бойы жол тынымсыз өзгеріп отырған, оның бір телімдері айрықша маңыз алып, көркейіп жатса, екінші бір телімдері жабылып, ондағы қалалар мен сауда бекеттері қаңырап бос қалып жатты. Мәселен, VI-VIII ғасырларда негізгі күре жол Сирия – Иран – Орта Азия – Оңтүстік Қазақстан – Талас алқабы – Шу алқабы – Ыстық көл шұңқыры – Шығыс Түркістан болған. Осынау жолдың бір тармағы, дәлірек айтсақ, тағы бір бағыты Византиядан шығып, Дербент арқылы Каспий өңірі даласына – Маңғыстау – Арал өңірінен өтіп, Оңтүстік Қазақстанға жеткен. Бұл жол Сасанидтер Иранына қарсы, Батыс түрік қағанаты мен Византия арасында сауда-елшілік одағы жасалған кезде, Иранды айналып өтетін болған. IX-XII ғасырларда жолдың бұл желісі, Орта Азия мен Таяу Шығыс арқылы Кіші Азия мен Сирияға, Мысыр мен Византияға баратын жолға қарағанда, едәуір аз пайдаланылған, ал XIII-XIV ғасырларда ол қайтадан жанданады. Құрлықтағы саяси хал-ақуал елшілер мен саудагерлердің және басқа да саяхат-серуенде жүрген кісілердің қай жолды таңдап алатынын анықтап отырған. Бұл кездері

Еуразияда Түрік қағанатынан кейінгі екінші еуразиялық мемлекет Моңғол империясы пайда болған еді. Ұлы Жібек жолы теңіз жолдары қалыптасқан кезге дейін жұмыс жасап тұрды.

Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы төмендегідей қалалар мен қоныстар арқылы өтті.

Оңтүстік Қазақстан, Талас пен Шу өзендері аралығындағы қалалар. Шаштан (Ташкент) шыққан жол Тұрбат асуы арқылы Испиджабқа келді.

Испиджаб-Сайрам – Оңтүстік Қазақстанның ең ірі қалаларының бірі – Сырдарияның сыртындағы отырықшы-егінші аймақтың орталығы болған. Қала жазба дереккөздерінде VII ғасыр бас кезінен бастап белгілі болады. Сюань-Цзянь жылнамасында «Ақ өзендегі қала» атымен аталған. XI ғасырға жататын Махмұд Қашқари хабарламасында: «Сайрам – «Ақ қаланың» аты (Әл-Мединат әл-Байда), ол Испиджаб деп аталады» деп көрсетілген.

X ғасыр географы Ибн Хаукал былай деп жазды: «Испиджаб – шамамен Бинкеттің үштен бір бөлігіндей қала. Ол мединадан, цитадельден және рабаттан тұрады, цитадель қираған, ал медина мен рабадта адамдар өмір сүріп жатыр, медина дуалмен қоршалған, рабадты та бір фарсах шамасындағы дуал қоршап тұр. Рабадта бау-бақшалары мен сулары бар. Құрылыстары саз балшықпен тұрғызылған... Мединаның төрт қақпасы бар, соның ішінде Нуджакет, Фархан, Савакранабад, Бұхара қақпалары...». Испиджаб ірі әкімшілік орталық қана емес, транзиттік сауда пункті ретінде де белгілі болды. Қаладағы рабадта сауда қатарлары мен керуен-сарайлар көп болған еді. Бұлардың бірқатарына Нахшеба, Бұхара, Самарқанд саудагерлері иелік етті. Барлығы 1700 рабад есептелген. Испиджабтан басқа жерлерге бөз мата, қару-жарақ, семсер, мыс пен темір жеткізілді. Қала бүкіл Шығысқа құл саудасының орталығы ретінде де танылды, онда соғыс пен шапқыншылық кезінде қолға түскен тұтқындар сатылды.

Испиджаб округына бірқатар қалалар мен қоныстар қарады, олардың арасында Сырдария алқабындағы Фараб пен Шауғар, Сауран мен Шағылжан, Жент пен Жанкент; Қаратаудың солтүстік беткейлеріндегі Баладж; Талас алқабындағы Тараз, Сұс, Жікіл, Атлах пен Жамуқат; Шу аңғарындағы Құллан, Мерке, Невакет, Баласағұн және тағы басқалары болған еді.

Испиджаб өз округімен және жақын жатқан қалаларымен бірге адам тығыз қоныстанған аудандардың бірі болды, қаланың өзі мен оның маңайында XI-XII ғасырларда археологтар есептеуінше 40 мыңдай адам қоныстанды. Адам санын арттырып тұрған түріктер еді. Мұны ортағасырлық авторлар да растайды. Мәселен, Махмұд Қашқари мұнда VI-VIII ғасырларда қоныстанған соғдылықтар XI ғасырда түріктеніп кетті деп жазады: «Баласағұн тұрғындары, Тараз бен Ақ қала (Әл-Мединат әл-Байда) халқы секілді соғды және түрік тілдерінде сөйлейді».

Испиджабтың өрлеуі XII ғасыр орта тұсына дейін жалғасты, бұдан кейін жергілікті түрік халқы, қарақытайлар, наймандар мен Хорезм арасындағы қырқыстар басталып кетті. Хорезмшах пен қарақытайлар, одан кейін хорезмшах пен наймандар арасындағы күрес хорезмшах Мұхаммедтің Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан қалаларын қарсыластарға кетіп қалмас үшін

қиратуға бұйрық беруіне алып келді. Сол кездері мұны көзімен көрген «Мұджам әл-бұлдан» географиялық сөздігінің авторы Якут әл-Хамауи Испиджаб, Тараз, Сауран, Усбаникет пен Фараб қалаларындағы оқиғаларды толымды сипаттап берген. Ол хорезмшах Мұхаммед ибн Текештің біршама қалаларды күйреткендігін, басып алған қалаларды қашық болғандықтан игере алмағандығын, ондағы шекаралық бекеттерді қиратып, талап алуға әскерлеріне бергендігін, халықтың жосып кеткендігін, кейіннен 1218-1220 жылдары моңғол-татарлардың басып кіргендігін, одан соң қираған үйінділер қалғандығын тәпшіштеп жазып кеткен.

Алайда қаланың қирағанына қарамастан моңғол шапқыншылығы қарсаңында қалада тіршілік қалыпты жағдайда болғандығын топшылауға болады. Өйткені дереккөздерінде моңғолдар «Сайланды (Сайрамды) қоршаған кезде катапульта қолданды» делінген. Демек қаланың қорғануға шамасы болған. Бірақ қала моңғолдарға бағынады. Сірә, олар қаланы мүлдем қиратып жібермесе керек. Себебі 1221 жылы Сайрамнан өткен даос монахы Чань Чунь қаланың жағдайы жақсы екендігін айтады және шәкірттерімен бірге мұнда бірнеше күн тынығады. Отанына қайтар жолында Чань Чунь 1223 жылы тағы да қалаға соғады, бұдан кейін мәтіндерінде автор оны «үлкен қала» деп атайды.

Сайрам, кейінгі орта ғасырларда да Үндістан, Иран, Араб Шығысы, Орта Азиядан Орталыққа Қазақстандағы Ақ Ордаға, шығыста Моғолстанға, Хорезм арқылы батысқа, одан Оралға, Еділге және Еуропа мен Алтын Ордаға, Русь пен Византияға баратын жолдың түйіні болып қала берді. Өз заманы үшін қала мықты бекініс болған еді. Сайрамның оры ХҮІ ғасырдағы оқиғаларды сипаттаған Хафиз-и Таныш шығармасында да айтылады. Қазақтар иемденген соң, қала Қазақ хандығының маңызды тірегіне айналды. 1681 жылы және 1683 жылы Сайрамға жоңғарлар жақындап келді, ал 1684 жылы қаланы олар басып алып, қиратты.

Сайрам қаласының «қала» деп аталатын қалдықтары Сайрам ауылының орталығында сақталынған. Қазіргі таңда ол тікбұрышты төбешік. Биіктігі 6,5-11 м аралығында және ауданы солтүстіктен оңтүстікке қарай 500 м, ал шығыстан батысқа қарай 550 м. Оны бойлай жал, яғни бұрынғы қамал қалдығы орналасқан. Қабырғаның қалдықтары ХІХ-ХХ ғасыр бас кезіне дейін сақталған. Цитадель шығыс бұрышта орналасқан. Соңғы уақыттарға дейін Қала ортағасырлық шығыс қалаларына тән жоспарын сақтап қалған. Қаланың бір-біріне қарама-қарсы орналасқан төрт қақпасы болды, олар кесіп өтетін магистраль көшелермен жалғанып жатты.

Қала топографиясы кейінгі орта ғасырларда қалыптасты, дегенмен ол ерте уақыттардағы кескін-келбетін сақтап қалса керек.

Ежелгі және орта ғасырлардағы Сайрамның қазіргі күнгі құрылыс астында қалуы оны археологиялық тұрғыдан зерделеуді едәуір қиындатады. Көне замандардағы мәдени қабаттарды аршуға кейінгі орта ғасырлар стратиграфиясы да елеулі кедергі келтіреді.

Алайда кездейсоқ жиналған және археологиялық барлау нәтижесінде алынған материалдар қаланың қалыптасуы біздің заманымыздың бас кезінде

орын алған деп түйіндеуге мүмкіндік береді. Оның қараханидтер тұсында да өркендеп тұрғандығын топшылауға болады.

Сайрам қаласында атқарылатын кең ауқымды археологиялық жұмыстар әлі алда. Оны алғашқылардың бірі болып М.Е.Массон зерттеді. Бұл ғалым екі қатар «ұзын қабырғаны» сипаттап өтті. Ол екінші қабырғаны IX ғасырда саманидтік Нұқ бұйрығымен көшпенділер шапқыншылығынан егістік пен жүзімдікті қорғау мақсатында тұрғызылған деп пайымдау жасады. Бұл әбден мүмкін, себебі қала сыртындағы бұл аумақ диаметрі 18 км шамасында.

Мұнда орналасқан ірі ескерткіштердің қатарына *Ұлықтөбе* мен *Мәртөбе* қалалары, сондай-ақ өзен террасасында орналасқан көптеген қорымдар жатады. Сайрамсу мен Бадам аңғарларында Испиджаб жазирасына кіретін ондаған қоныстар мен қалалар бар.

Сайрам орталығынан шығысқа қарай 5 км жерде жатқан Мәртөбе қаласында қазба жұмыстары жүргізілген.

Қала қатты қираған, қазір тек орталық төбешіктің бір бөлігі ғана сақталған, оның табанындағы ауданы 20x30 м, биіктігі 10 м, қасында оған ауданы 60x20 м, биіктігі 4 м жалпақ төбешік жалғасқан.

Орталық төбешік кесіндісінің негізінде қала стратиграфиясы анық көрінеді. Одан екі мәдени қабат байқалады. Мәдени қабаттардан шикі кірпіштен тұрғызылған қабырға қалдықтары, отырған күмбездер мен құрылыстар іздері нақты көрінеді. Отырар-қаратау мәдениетіне жататын олжалардың, соның ішінде ең алдымен керамиканың шығуы, Мәртөбені біздің заманымыздың I мыңжылдығының алғашқы жартысымен мерзімдеуге жетелейді, бұл мағлұматтар аталмыш көгалды аймақта урбанизация б.з.б. I-мыңжылдық соңы мен б.з. I-мыңжылдығының бас кезінде басталғандығын нақты аңғартады.

Куфи жазулы тас колонна, түргештік, қараханидтік және кейінгі ортағасырлық монеталар, X-XII ғасырлардың суармалы керамикасы мен шынылары, қола келі секілді кездейсоқ табылған олжалар Испиджаб-Сайрам сынды астаналық қаланың мәдениетінен молынан хабардар етеді.

Ортағасырлық *Манкет* қаласының атауы қазіргі күні *Манкент* елді мекенінің атауында сақталған. Оның қасында VI-XII ғасырларға жататын *Бұлақ-қуал* қаласы бар, ол Манкет қаласы болуы мүмкін.

Испиджабтан шыққан керуендер шығысқа қарай бет алып, Таразға барған. Жолда керуендер *Шараб*, *Будухкет*, *Тамтадж*, *Абардадж* қалаларына соққан.

Шараб қаласының атауы – түрік тілінде Қарасу (Черноводск) деген мағынаны білдіретін Шаваб атуының қолжазбаларды жазу кезінде бұрмаланған есімі болуы керек. Испиджаб пен Шавабтың аралығы 4 фарсах, немесе 24-28 шақырымды құраған. Шаваб қала-жұрты қазіргі Қарабұлақ ауылының маңында орналасқан. Оның бірі VIII-XIII ғасырларды, екіншісі - XIII-XVI ғасырлар аралығын қамтиды.

Будухкет қаласы Испиджабтан шығысқа қарай 9 фарсах жерде, Ұлы Жібек жолының бойында орналасты. IX ғасырда қалада теңге сарайы жұмыс

істеген. Оңтүстік Қазақстандағы ірі қалалардың бірі болған Будахкет, Төрткүл Балықшы жұртымен салғастырылады.

Тамтадж бен Абарджадж (Барджадж) қалалары Будахкеттен 5 және 9 фарсах жерде орналасқан. X ғасырда Кудама былай деп жазып қалдырған: «Абарджадж маңындағы жотада мың бұлақтың суы жиналып, шығысқа әрі өрге қарай ағып, Баркуаб өзені деп аталады. Аудармасы – «теріс аққан» дегенді білдіреді». Тамтадж қазіргі Т.Рсқұлов (Ванновка) ауылы маңындағы VIII-XII ғасырларға жататын қала-жұртта болған. Абарджадж – Высокое ауылының маңында, ал, Баркуаб қазіргі Бауыржан Момышұлы (Бурный) маңындағы Терісаққан өзені болса керек.

Испиджабқа жақын жерде *Хурлуг* пен *Джумишлагу* қалалары ораласты.

Зерттеушілер Хурлугты қазіргі Шымкент қаласының орталығында орналасқан, ал, Джумишлагу Құмыш (Күміс) өзенінің Арысқа құяр сағасындағы Төрткөл қала-жұрты деген пікірді ұстанады.

Ұлы Жібек жолымен келе жатқан керуендерге Талас аңғарында алғашқы кездесетін *Шаугар* мен *Жамухат* қалалары болды. Олардан соң *Тараз* қаласына аяқ басатын. Қазақстанның аса ірі қалаларының бірі Тараз VI ғасырдағы жазба деректерде белгілі болған. 568 жылы Түрік қағаны Дизабұл Византия императоры II-Юстиниан жіберген стратег Земарх бастап келген елшілігін тап осы қалада қабылдаған. IX-XI ғасырларда бастаухаттар оны «көпестер қаласы» деп атаған. Мұның үстіне ол түргештердің, содан кейін қарлықтар мен қарахандардың астаналық орталығы болған. VIII-XIV ғасырларда қалада теңге соғылған.

Тараз жайында 629 жылы Сюань Цзянь былай деп жазады: «Цяньцюаньнан батысқа қарай 140-150 ли жүргеннен кейін, Доласы қаласына келіп жеттік. Қала аумағы 8-9 лиді құрайды. Мұнда әртүрлі елдердің саудагерлері өмір сүреді...».

VII ғасырда Тараз Ұлы Жібек жолындағы маңызды қалалардың біріне айналады. Осыдан бастап оның аты барлық жиһанкездер мен саяхатшылардың еңбектерінде жиі кездеседі.

Алқаптың жазық жағында *Атлах* қаласы орналасқан, 751 жылы оның түбінде осы араны ықпалында ұстау үшін арабтар қытай әскерімен шайқасқан болатын. 766 жылы қала қарлұқтардың қоластына қарайды.

Дереккөздеріне қарағанда 893 жылы Саманилер билеушісі Исмайл ибн Ахмад Таразға жорық жасап, үлкен қиыншылыққа тап болады. Ақырында қала әмірі беріліп, исламды қабылдайды. Осыған қарамастан Исмайл ибн Ахмад «әмір мен оның ханшайымын және 10000 мыңдай адамды тұтқындап, көпшілігін өлтіреді. Қисапсыз жылқыларды тартып алады. Бөліс кезінде әрбір мұсылманға 1000 дирхамнан олжа бұйырады».

X-XII ғасырларды Тараз одан әрі гүлдене түседі. Оның орналасқан жері, сауда жолының бойы мен бай егіншілік аймақтың орталығы және күміс кенінің болуы, қаланың дамуына үлкен ықпал етті.

X ғасыр географы әл-Мақдиси: «Тараз – халық тығыз қоныстанған, берік қорғалған қала. Онда, рабадқа кірер төрт қақпа алдына ор қазылған және

көптеген бақтары бар. Қаланы өзен қақ бөліп жатыр. Мешіт базар ортасында орналасқан» - деп жазады.

X-XI ғасырларда қарахандар әулетінің Орта Азия, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуды жаулаушылығынан кейін, Тараз қаласы жаңа мемлекеттің бір бөлігінің астанасына айналады.

XIII ғасырдың басында, Тараз қарақытайлардың, наймандардың, хорезмшахтың қол астына алма-кезек өтіп отырды. Моңғолдардың қолына өтпеуі үшін 1212 жылы хорезмшах Мұхаммедтің бұйрығымен, Тараз қиратылады.

XIII ғасырдың екінші жартысы мен XIV ғасырдың басында қаладағы жағдай саяси жағынан тұрақсыз болды. Жетісу, соның ішінде Талас аңғарындағы билік үшін Шыңғыс хан ұрпақтарының арасында үнемі күрес жүріп отыруы қалалар мен қыстақтардың құлдырауына алып келді. XIV ғасырдың ортасына қарай, мұндағы көптеген қала ошақтары күйреуге ұшырайды.

Талас аңғарындағы – *Талас, Жаңа Талас, Жаңа Балық, Кенжсек* қалалары туралы ақпараттар XIV ғасырдағы жазушысы, әл-Омаридің еңбегінде ұшырасады.

Қазіргі таңда ежелгі Тараздың үстінде құрылыс салынып кеткен. Тек қана, XX ғасырдың 30 жылдарындағы ақпараттарға сүйеніп қана қала-жұрттың қандай болғандығын елестетуге болады.

Археологтар тарапынан шахристанның солтүстік қабырғасының 370 м, батыс қабырғасының 160 м барланды. Оңтүстіктегі қала қалдығы 200 метрге созылып жатқан. Шахристанның солтүстік қабырғасына цитадель жапсарлас салынған. Бұл төрт бұрышты төмпешікті құрайды. Рабад қалдықтары шахристанның батыс пен шығыс бөлігінде сақталған. Алайда, оның көлемін анықтау қиындық туғызып отыр. Бұл жерде, көптеген төбешіктер болған. XIX ғасырда құрастырылған бір сызбада 48 төбешік көрсетілген.

Тараз қаласын қазуды алғаш рет А.Н.Бернштам жетекшілік еткен Жетісу археологиялық экспедициясы 1938 жылы қолға алған болатын. 60-шы жылдары бұл жерде Е.И.Агеева, Т.Н.Сенигова, М.С.Мерщиев сынды археологтар қазба жүргізеді.

Шахристан мен цитадельде салынған стратиграфиялық шурфтардың арқасында, қаланың негізгі кезеңдерін анықтауға мүмкіндік туды.

Біздің заманымыздың алғашқы жылдарының қабаты, цитадель мен шахристанның оңтүстік-батыс жағында жүргізілген қазба кезінде анықталды. Оның қалыңдығы 0,5 м. Ол күл мен кірпіш қалдықтарынан тұрған. Қабаттан құмыралар сынығы алынған.

IV-VI ғасырларға жататын қабаттың қалыңдығы 15 см. Мұнда 50x29x9,5 см болатын шикі кірпіштен соғылған ғимарат аршылған. Оның сақталған қабырғасының биіктіктігі 1 м, қалыңдығы 1-1,5 м. Қабаттан өзіндік керамика топтамасы алынды. Бұл сырты ақ не қызғылтым көмкерілген жұқа ыдыстар, шүмекті құмыралар, хумдар және т.б.

VI-VIII ғасырларға жататын қабат барлық стратиграфиялық қазбалардан анықталған. Мұндағы ғимараттар шикі кірпіштен соғылған. Алынған

керамика түрлердің әркелкілігімен мен безендірудің алуандығымен ерекшеленеді. Олардың арасында алмұрт тәрізді құмыралар мен қызылжылтырақ ожаулар және т.б. кездеседі. Сонымен қатар, саз мүсіншелердің бастарын құюға арналған пішіндер, сириялық жазуы бар ыдыс табылған.

VIII-X ғасырларға жататын қабат, осы кезеңдегі қаланың қарқынды өмір кешкендігін көрсетеді. Қабатта VII-VIII ғасырларға жататын түргеш теңгелері көптеп табылған. Едені 22x22x5 см келетін күйдірілген кірпіштен соғылған үй қирандылары, құрылыс техникасының өзгергендігінен хабардар етеді.

Керамикасы сырсыз және сырлы болып екі топқа жіктелінеді.

XI-XII ғасырлардағы мәдени қабат қараханидтік монеталармен мерзімделінеді. Одан металдан, шыны мен асыл тастан жасалған бұйымдар (моншақтар, ыдыстар, т.б.), керамика мен шырағандар шыққан.

Шахристаннан, оның шығыс бұрышынан 200 шаршы м телім қазылған кезде монша орны аршылған.

Тараздың түрлі тарихи-мәдени кезеңдеріне жататын қабаттарды қазған кезде құрылыс техникасы, ғимараттар жоспары, жылыту жүйелері, керамикалық ыдыстар, су құбырлары мұнда XI-XII ғасырларда монша болғандығын нақты көрсетіп берді.

Тараздан батысқа қарай *Керуен-сарай* қазылған. Одан екі бөлме аршылған. Керамикалық материалдарына қарағанда, Керуен-сарай XI-XIII ғасырларда жұмыс істеп тұрған.

Керуендер Талас алқабына Фергана аймағынан Шатқал қыратындағы Шанаш асуы және Талас Алатауындағы Қарабура асуы арқылы да өтіп келетін. Жолдың осы бөлегі Жібек жолының Ферғаналық және Жетісулық бағыттарын біріктіретін.

Талас аңғарындағы ежелгі қалалардың бірі *Жамұқат (Хамуқат)* қаласы болды. Оны дереккөздеріне қарағанда VI ғасырда бұхаралықтар салған.

Жамұқат Талас өзенінің оң жағалауындағы Қаракемір ауылына қарама-қарсы тұрған Қостөбе қаласымен салғастырылады. Ол Тараздан солтүстікке қарай 15 км жерде орналасқан. Қала жоспары бойынша тікбұрышты төбешік, көлемі 420x450 м, оны бойлай араларында оры бар мұнаралы екі қатар қабырға қоршап тұр. Сыртқы дуалының кейбір бөліктері 3 м-ге дейін, мұнаралары 3,5 м-ге шейін сақталған.

Қала топографиясын зерттеу, біртекті мәдени қабатын зерделеу және теріліп алынған материалдарды талдау қаланың шахристан шеңберінде қалыптасқандығын және де бірден дуалмен қоршалғандығын көрсетіп берді. Дуалдары пахса блоктарымен тұрғызылған.

Қала цитаделінде жүргізілген қазба жұмыстары салтанатты бөлмелері, мінәжат орындары, шаруашылық кешендері бар сарай қалдығын анықтап берді. Сарай VI-IX ғасырлармен мерзімделінеді.

Культтік бөлмелерден от қалдықтары сақталған сопақ сыпалар анықталған. Бұл бөлмелердің қабырғалары оймышталған. Түскен ою-өрнектері - өсімдік, геометриялық, эпиграфиялық сипатта.

Қала бейітін қазған кезде наустарға жерленген, арнайы шикі кірпіштен тұрғызылған бөлмелерден ұжымдық қабірлер аршылған, олар отбасы молалары болса керек. Одан мола шұңқырына жерленген мүрделер, көмілген сүйектер шоғыры, керамикалық ыдыс-хумға жерленген мүрделер анықталған.

Қабірлерден біршама әшекейлер алынған. Олар – қола және күміс жүзіктер, сырғалар, «өмір ағашы» жанында қораздар суреттелген қапсырмалар, қола айна, керамика (құмыра, саптыаяқ), т.б.

Әсіресе культтық олжалар – денеге тағатын күміс айқыш пен бодисатва фигурасы түріндегі заттар қызықты. Қостөбе бейіті VII-IX ғасырлармен мерзімделінеді. Ондағы кейінгі қабірлер ислам ғұрпында жасалған, олар X ғасырға жатады.

Аңғардағы ірі қалалардың бірі *Атлах* болды. X ғасыр географы әл-Мақдиси оны былай сипаттады: «Атлах – үлкен қала, алаңы бойынша бас қалаға келіңкірейді, оны айналдыра дуал қоршаған... Орталық мешіті Мединада, базарлары рабадта орналасқан». Махмұд Қашқари «Атлах – Тараз маңындағы қала» деп көрсеткен. Қаланың Атлах шайқасына байланысты аты шыққан. Оның қасында 751 жылы арабтар мен қытайлар соғысқан болатын. Шешуші сәтте қарлұқтар арабтарды қолдап, қытайлар жеңіліске ұшырайды. Тұтқынға түскен қытайлардың бір бөлігі Самарқандқа жөнелтілді, онда олар қағаз, түрлі қару-жарақтар мен аспаптар жасады, бір бөлігі осында қалып, өмір сүрді.

Жікіл (Шығыл) қаласы «Тараздан айқайлағанда естілетін қашықтықта. Ол дуалмен қоршалған, цитаделі бар. Соборлық мешіт базар маңында» деп сипатталған. Жікілге *Жалпақтөбе* қаласы сай келуі мүмкін. Ол Тараздан 5 км қашықтықта. Қазіргі күні қала аумағында.

Ол жоспары бойынша тікбұрышты төбешік, табанынан есептегендегі мөлшері 90-95 м, биіктігі 3-4 м. Шығыс жағында цитадель орналасқан, оның диаметрі 30 м, биіктігі 4,5 м шамасында. Төбешіктің айналасында әлі күнге дейін тереңдігі 0,5 м, ені 10 м ордың ізі сақталған. Орталық қақпасы оңтүстік қабырғаның ортасында болған. Қазіргі таңда ол екі шетінде тұрпаты дөңгелек келген мұнаралары бар жыра тәріздес.

Қалада жүргізілген қазба жұмыстары VI-IX ғасырлардағы құрылыс іздерін айқындады. Тұрғындары тығыз қоныстанған, барлық үйлер бір-біріне жапсарластырыла салынған. Тұрғын үйлерден ашық ошақ пен қабырғаны айналдыра салынған сыпалар анықталған.

Саптыаяқ, доға тәрізді қазандық, саздан және алебастрдан жасалған дөңгелек үстел-дастархан, шырағдан секілді тұрмыстық-шаруашылық заттар алынған. Түргеш монеталары Жалпақтөбені VIII-IX ғасырлармен мерзімдеуге мүмкіндік береді. Қаланың жоғарғы мәдени қабаттарынан алынған сырлы ыдыстардың сынықтары X-XII ғасырларға жатады.

Қазба жұмыстары қала фортификациясын анықтауға мүмкіндік берді. Дуалдары 4 м-ге дейінгі биіктігін сақтап қалған. Төменгі (табан) жағында оның ені 5 м, жоғарыға қарай қабырға тарыла түседі. Дуалдың іргесіне көлемі 80x80x60 см пахса блоктары қойылып, оның үсті көлемі 35x25x10см

шикі кірпішпен өрілген. Дуалдардың бұрыштарында дөңгелек мұнаралар орналасқан.

Тараз маңында *Дех Нуджикес* және *Адахкет* қалалары болған. Олардың орындары Ибн Хордадбех пен Кұдама мәліметтері бойынша анықталынады. Қимақтарға барар жолды сипаттаған олар Тараздан 7 фарсах қашықтықтағы Кевакет (Кевакиб) маңындағы екі қонысты атап кетеді. IX ғасыр авторы әл-Факих олардан да дәл мәлімет береді, ол Тараздан Кевакибқа дейін 7 фарсах дейді да, қимақтарға баратын жол Тараздан солға қарай, яғни солтүстікке қарай жүреді деп көрсетеді.

Адахкет пен Дех Нуджикес Тараздан солтүстік-шығысқа қарай жатқан 30 км жердегі Ассы аңғарында болуы мүмкін. Бұл жердегі ескерткіштерді аэрофото түсірілім жасап, көзбен мөлшерлеген кезде Қаракемер-1 және Қаракемер-2 қалаларынан ұзын дуал орны анықталған. Бұл жазира Кевакибке келіңкірейді, ал қалалар осы аталған екі қала болуы ықтимал.

Тараздан оңтүстікке қарай *Шелжі*, *Сұс*, *Көл* және *Текабет* қалалары орналасты.

Олардың арасынан Шелжі кеңінен танымал. Тараз бен Шелжі арасы 4 фарсах жол болған. Зерттеушілер бір ауыздан Тараздан 30 км оңтүстікте жатқан *Садыр-Қорғанды* Шелжі деп есептейді.

Сұс туралы, ол «үлкен қала, ал Көл одан кішкентай», «Текабет – үлкен қала, оның тұрғындарының жартысы діннен жаңылысқандар (мұсылмандар емес)» деп айтылады. Аталған қалаларды *Орлов Ақтөбесі (Көл)*, *Талас Ақтөбесі (Текабет)* және *Чалдовар (Сұс)* қалаларымен сенімді түрде салғастыруға болады.

«*Кенджақ-Сеңгір* – Тараз маңындағы қала» деп алғаш рет Махмұд Қашқари көрсетеді. XIII ғасырда қала Кенджақ атауымен тіршілік етіп жатты. Дереккөздерінде былай делінеді: Янги – төрт қала. Олардың әрқайсысының арасы бір фарсах, әрбір қаланың өз атауы бар. Бірі – Янги, келесісі – Янги-Балық, үшіншісі – Кенджақ, соңғысы – Тараз». XV ғасыр бірінші жартысындағы Арабшахта Испиджабтан төрт күндік жерде Янги-Талас қаласы бар дейді.

1253 жылғы саяхатшы Гильом Рубруктың жазбаларында *Кинчат* қаласы туралы айтылып кетеді. Одан Кенджақ атауын байқауға болады. Гильом Рубрук қала мен бір кент туралы және бұл жердің топографиясы, табиғаты жөнінде сипаттап берген.

Рубруктың жазбаларына қарағанда, Кинчат Таластың төменгі ағысында болған. Бұл жерден XIII-XIV ғасырлардың мәдени қабаты бар екі қала белгілі: бірі *Шарвашлық* (Шаруашылық), екіншісі – *Оххум*. Кинчатқа Шарвашлық, ал Рубрук келесі күні жеткенелді-мекен Оххум болуы әбден мүмкін.

Тараздың солтүстік-батысында *Хутухчин* мен *Берукет* қалалары орналасты. Берукет X ғасырдан бастап белгілі. XIII ғасырдағы армян патшасы Гетум Тараздан шыққан соң, *Хутухчин*, *Пергант* арқылы өтіп, *Сугулханға* жүргендігін жазады.

Хутухчин мен Берукет (Пергант), өз кезектерінде *Майтөбе* мен *Тамды* калаларының орындарында болса керек. Ал Сугулхан (Сүгүлхан?) болса *Саудакепт* болуы ықтимал.

Тараздан кейін Жібек жолы бойынша шығысқа қарай жатқан келесі қала деп ортағасырлық авторлар *Төменгі Барысханды* атайды. Ибн-Хордадбех пен Кұдама еңбектеріне қарағанда Төменгі Барысхан Тараздан фарсах жерде. Ол туралы: «Барсхан – Тараздан шығысқа қарай екі адам айқайы жерінде, дуалмен қоршалған, бірақ ол қираған. Орталық мешіті базарлардың ортасында» делінген.

Төменгі Барсхан Тараз темір жол стансасы маңындағы Төрткүлтөбе қаласымен салғастырылады, ол көне Тараз қирандыларынан 10 км қашықтықта. Оның топографиясында цитадель мен шахристан анық байқалады.

Қала жоспары бойынша екі қабатты тікбұрышты төбе, бұрыштары әлемнің тараптарына бағытталған. Төбенің табанындағы мөлшері 140x140 м, биіктігі 4-5 м. Солтүстік-батыс бұрышында цитадель орналасқан, ол мөлшері 30x30 м, биіктігі 10 м төбешік түрінде. Шахристан айналдыра жайылып кеткен жалмен қоршалған, араларында мұнара орындары байқалады. Шахристан аумағына адамдар шығыс және батыс жақтағы мұнаралы қақпалардан кірген.

Тараз бен Барсханнан шыққан жол шығысқа, Құлан қаласына қарай асатын еді. Тараз бен Құлан аралығындағы аумақ ұзақ уақыт қарлұқтарға қарады. Құланға бара жатқанда жол *Касрибас*, *Күлшөп*, *Жолшөп* сияқты калалардан өтетін. Зерттеушілер Қасрибасқа *Ақыртас*, Күлшөпке *Өрнек*, Жолшөпке *Құмарық* қалалары сай келеді деп пайымдау жасаған.

Құлан қаласы (қытайлар Цзюй Лань деп атаған) Тараздан шығысқа қарай 17 фарсах жерде орналасқан. Ол *Луговое* қала-жұртының орнына сай келеді.

Құланнан әрірек шығыста бір-бірінен төрт фарсахтай жерде *Меркі* мен *Аспара* қалалары орналасты. Олардың атаулары күні бүгінге дейін сақталған.

Сосын сауда керуендері *Нүзкет*, *Харраджуан*, *Жол* қалаларына соғып өтетін. Жолдан кейін ол «түрік қағанының қыстағына», одан ары *Қырмырау* мен *Навакетке* (қытайлар Син Чэн деп атаған) баратын. Навакет (Науакент) түрік қағандарының сарайы және соғдылардың қаласы болған. Оған зертеулер мәліметі бойынша *Қызыл Өзен* қаласы (Қырғызстандағы Красная Речка және Новоивановка ауылдарының арасында) сай келеді.

Жол Науакенттен шыққан соң *Пенджикент* (*Бунджикет*) арқылы Жетісудың аса үлкен қаласы, Батыс Түріктерінің астанасы (кейін түргештер, қарлұқтар астанасы) *Суябқа* келеді. Бұл қала туралы қытай, араб саяхатшылары X ғасырға дейін жазып келген. Соңынан астана рөлі *Баласағұнға* көшеді, тегі оның ертеректегі аты Беклиг немесе *Семекна* болса керек. Баласағұн қарахандардың, сосын қарақытайлардың астанасы ретінде белгілі, оны кейін XIII ғасыр бас кезінде қарақытайлар қиратады. Қала содан қайта салынады, бірақ XIV ғасырда тағы да ойрандалып, үйінділері ғана қалады. Бү қалалардың тұрған жері қазіргі Тоқмақ қаласына (Қырғызстан)

жақын жерде және орта ғасырдың көпке белгілі екі ескерткішіне – *Ақбешім* мен *Борана* қала-жұртына сәйкес келеді.

Суяб қаласынан керуен жолдың не солтүстік, не оңтүстік тармақтарымен жүріп, Ыстық көлдің жағалауына шығады. Оңтүстік жақпен жүрген керуендер *Жоғарғы Барсхан* деген үлкен қаланы басып өтеді, ал жолдың солтүстік тармағында шағын керуен сарайлар орны кездеседі, олардың аттары бізге дейін жетпеген. Сосын осынау екі айрық жол Бедел асуында бір-бірімен қосылады да, не осы асу арқылы, не Ташрабат арқылы Жібек жолы Кашғар мен Ақсудан барып шығады.

Ал керуен жолы Ыстық көл қазаншұңқырынан Санташ асуы арқылы Қарқара жайлауына барып, төмендеп Іле алқабына түседі де, өзеннің оң жағалауын бойлап отырып, Үсек, пен Хоргос алқаптарынан өтіп, Алмалық қаласына барады, ал сосын Такла-Макан шөлінің солтүстік жиегін айналып, Хами мен Тұрфан көгал аймақтарын басып, Дунхуан мен Қытайға жететін болған.

X-XII ғасырларда Жібек жолының бір тармағы күллі Іле алқабын оңтүстік-батыс жағынан көктей өтіп, солтүстік шығысқа қарай кетеді екен. Бұл тармақ Науакенттен басталып, Бунджикет және Қастек асуы арқылы жүріп, Іле Алатауының теріскей жоталарына әкелген.

Іле алқабы мен Жоңғар Алатауындағы қалалар. Қастек асуына тағы бір жол Баласағұннан келетін болған. Бұл арадағы танымал белгі қасиетті Ұрын-Арж тауы екен, ол Шу мен Іле өзендерінің су айрығында. Бұл таулар туралы YII-YIII ғасырлардағы қытай жолаушылары айтқан, олар оны «Цзе Дань таулары» деп атаған. Ұрын-Арж топонимі қазіргі замандағы Ұзынағаш ауылының атауында сақталып қалған.

Жол Іле Алатауының баурайындағы, кәзіргі *Қастек*, *Каскелең* мен *Алматы* орындарындағы шағын қалашықтар арқылы Талғар қаласының теріскей шетіне орналасқан *Талхиз (Талхир)* қаласына жеткен. Осы арада Талғар өзенінің оң жағалауындағы тау баурайында орта ғасырдың аса ірі қала жұртының ойран болған орны жатыр. Талхиз транзитті сауданың үлкен орталығы болған.

Іле алқабына басқа жолмен де келе береді екен: Құлан мен Аспарадан немесе Нүзкенттен шығып, Шудың орта және төменгі ағысындағы қалаларға барған. Сосын Тасөткел қайраңынан өтіп, жол Шу-Іле тауларының теріскей жотатарын жағалап келіп, Іле Алатауының теріскей бетіндегі қалаларды қуалай жүрген. Жалпылама түрде айтқанда, бұл аймақта *Алматы*, *Талхир*, *Екі-Оғыз (Эквиус)*, *Қаялық (Қайлақ, Қойлық)*, *Иланбалық* қалалары жатты.

Алматының ресми тарихы Кіші Алматы өзені бойында 1854 жылы Верный атты орыс бекінісі салынған кезден басталады. Алайда XVI ғасырдың бірінші жартысындағы мемлекеттік қайраткер, жазушы әрі ақын Захиридин Мұхаммед Бабыр шығармасында мынадай жолдар бар: «Ферғана... солтүстігінде, Алмалық, Алматы және Янги сынды Таразкент кітабында жазылғандай қалалар болғанымен, оларды моңғолдар қиратқан, бұл жерлерде елді-мекендер қалмаған».

Алмату елді-мекені жайлы Бабыр замандасы, «Тарих-и Рашиди» авторы Мұхаммед Хайдар Дулати айтып кеткен. Ол моғолдардың осы елді-мекен жанында шайқасындығын жазған.

Бұлардан ертеректе айтылған мәліметке де тоқтап кеткен жөн. Тарихшы Рашид-ад Дин (1274-1318) аты аңызға айналған Оғыз-хан туралы мағлұмат айтқан кезде Алмалық жөнінде де айтып өтеді. Ол, сірә X-XII ғасырлардағы оқиғаларды сипаттап жазған, мұнда Рашид-ад Дин Оғыз-хан өз жорықтарының бірінде Алатауға және Алмалық өңіріне жетеді де, осындағы Ақ-Қая қойнауына жауынгер-ардагерлер тобын қоныстандырады. Алмалық атауын географиялық тұрғыдан Іле Алатауы мен Алматы ауданымен сәйкестендірген де жөн сияқты. Әсіресе бұл жерде нумизматикалық дереккөздері бойынша алынған мәліметтер қызықты болып табылады.

1979 жылы Алматыдағы Шекара училищесі (қазіргі ҚР ҰҚК Әскери институты) аумағынан екі күміс монета табылған. Монеталардың екі бетінен таңба секілді көмескі тартып бейнелер анықталған. Бұларды толық ғылыми талдаудан өткізуге мүмкіндік болмағанымен, нумизмат В.Н.Настич монеталардың жергілікті билеушілер жасағандығын, солардың таңбасы түсірілгендігін, қазіргі Алматы аумағында монета шығаратын сарайдың XIII ғасырда жұмыс істеп тұрғандығын топшылаған болатын. 1990 жылдары В.Н.Настич қолына тағы да екі монета түседі, бұлардың таңбасы алдыңғы монета таңбаларына ұқсас, бірақ орналасуы сәл өзгеше (таңбалар қатар орналаспаған, екі бетке түсірілген) еді. Монеталардың бірі көмескіленіп кеткен, ондағы жазуларды оқу мүмкіндігі шектеулі болған. Ал екінші монетадағы айналдырыла жазылған жазу бөліктерін В.Н.Настич былай оқыды: «чеканен этот дирхем в области (балад) Ал.м. ту в году пять...». Кейінгі бір мақаласында В.Н.Настич монеталарға толық дәлелдеме береді, оның ойынша қала атауы Алматы деп оқылады, ал монеталар 1272-1273 жылдары соғылған. Сөйтіп, археологтар Алматы қаласының орнын нақтылады.

«Үлкен Алматы» ауданы ескерткіштерге толы. Оны адам баласы ілкі замандарда игерген. Қола дәуірінің соңғы кезіндегі б.з.б. X-IX ғасырларда мұнда отырықшы қоныстар болған, олардың тұрғындары егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысқан, жартылай жертөле сынды баспаналарда тұрған. Қола дәуіріндегі Тереңқора, Бұтақты (Көктөбе беткейі) секілді қола дәуірінің қоныстары зерттелген. Сақ-усунь заманындағы да бірнеше қоныстар мен қорымдар анықталған.

Орта ғасырлар кезеңінде қазіргі Алматы аумағында бірнеше қалалар мен қоныстар болы. Олардың бірі – *Алматы-1* қаласы «Горный Гигант» ұжымшарының аумағында орналасты. *Весновка* қаласы Ботаникалық бақтың аумағында.

Үлкен Алматы қойнауына (қазіргі «Орбита» ықшамауданы) қарама-қарсы орналасқан қала жөнінде 1894 жылы академик В.В.Бартольд жазған болатын. Ол қаланы сол кездегі қала архитекторы В.П.Гурдәмен бірге зерттеген. Қаланың беткі қабаттарынан күйдірілген кірпіштен тұрғызылған

құрылыстар анықталған, кірпіштерді Верный тұрғындары өз құрылыстарына тасып әкеліп жатқан.

Бұл маңда 2009 жылы Алматы кешенді археологиялық экспедициясына (жетекшісі К.М.Байпақов) тиесілі отряд жұмыс істеді. Далалық ізденістер барысында көптеген археологиялық материалдар (керамика, т.б.) алынған. Қазба барысында қаланың үш мәдени қабаттан тұратындығы анықталды: біріншісі, усунь заманына, екіншісі, орта ғасырларға, үшіншісі кейінгі орта ғасырларға жатады. Кейінгі орта ғасырларға жататын мәдени қабат алдыңғы екеуіне қарағанда біршама жұқа болып келеді.

Шекара училищесі аумағындағы мағлұматтар да өте қызықты. Бұл жерден 1980 жылдардағы құрылыс кезінде ортағасырлық шеберхана орны, одан ұстаның асай-мүсейлері (балта, көрік қалдықтары, т.б.) табылған. Шеберхана X-XI ғасырлармен мерзімделінеді. Дәл осы қаламен жоғарыда сипатталған XIII ғасыр монеталары тікелей байланысты болған.

Алматының солтүстік жағында орналасқан *Тереңқара* қаласы да белгілі.

Жазба дереккөздері мен археологиялық мағлұматтарға сүйене отырып, Алматы қаласы X-XI ғасырларда қалыптасқан, бұл қаланың кем дегенде мыңжылдық тарихы бар деуге болады. Қала негізгі белгілеріне қарағанда, ірі саяси-мәдени және экономикалық орталық болған. Мұнда қолөнер, сауда дамыған. Монета шығаратын сарай жұмыс істеп тұрған.

Жетісудың тағы бір ірі қаласы *Талхир* болып табылады. Ол қазіргі Талғар қаласының оңтүстік бөлігінде, өзімен аттас өзен жағалауында.

Талғар топонимінің көне екендігі белгілі, оның екінші «ғар» бөлігі үндіеуропалық тілдерде «тау» деген мағына береді.

Талхир туралы қызықты мағлұматтар X ғасырда парсы тілінде жазылған «Худуд ал-Алам» шығармасында берілген. В.В.Бартольд пікірінше, еңбек авторы өз замандастарына қарағанда Орта Азияның, әсіресе оның шығыс бөлігіндегі аймақтардан молынан хабардар болған. Белгісіз автор шығармасында Ыстықкөлге жақын жерде, жікілдер мен қарлұқтар иеліктерінің арасындағы *Тон* және *Тальхиз (Тальхир)* сынды мекендер айтылады. Бұл елді-мекендердің тұрғындары «жауынгер әрі ержүрек» деп сипатталады.

Ә.Х.Марғұлан және басқа да зерттеушілердің пікірінше, *Тальхиз* өз кезегінде *Тальхир* қаласының аздап бұрыс айтылған атауы болып табылады.

Қаланың орталық бөлігі жоспары бойынша тік төрт бұрышты тұрпатта. Оның солтүстік-шығыс жағы 300 м-ге, солтүстік-батыс жағы 280 м-ге, оңтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс бөлігі 302 м-ге созылып жатыр.

Қала аумағы 9 га шамасында. Барлық жағынан қала дуалмен қоршалған. Қазіргі таңда ол жайылып кеткен. Айналдыра ор қазылған.

Қаланың бұрыштарында мұнаралар болған, мұнаралар дуалда да орналасты.

Кіретін қақпалары қабырғаның орталық бөлігінде, бір-біріне қарама-қарсы жақта орналасқан. Оларды біріктіретін көшелер қаланы төрт бөлікке бөліп тұрады. Орталық бөліктің сыртындағы құрылыстар бір типте салынған. Сақталып қалған тастан өрілген қабырға қалдықтарына қарағанда бұлар

аумағы 200-500 м аралығындағы құрылыстар болған. Көпшілігі орталық бөліктің оңтүстік және батыс жағына шоғырланған.

Ескерткіш ертеден-ақ зерттеушілерді қызықтырған болатын. Олардың арасында А.Н.Бернштам мен Ә.Х.Марғұлан секілді белгілі археологтар да болған еді. Бұл мамандар жылнамалардағы Тальхир мен Талғар қаласы бір екендігін анықтап берді.

Көп жылдардан бері Талғар қаласында қазба жұмыстары жүргізіліп келеді. Нәтижесінде қала жоспары айқындалды. Қала экономикасының өркендеуіне, шаруашылығы пен қолөнерінің дамуына, бір тармағы Іле аңғарын кесіп өтіп, Қытайға, Жапонияға, Орта Азияға, Иран мен Византияға апарған Ұлы Жібек жолы үлкен рөл атқарады. Мұны сонымен қатар іргелес өңірлерден, алыс-жақын аймақтардан әкелінген заттар кешені (ыдыс-аяқ, әшекейлік бұйымдар, т.б.) мен монеталар да нақты дәлелдейді. Мәселен, фаянс ыдыстар Талғарға Жапониядан келген, Үндістаннан піл сүйегінен жасалған бұйымдар әкелінген, Ираннан қола құмыралар тасылған, Қытайдан айна, фарфор ыдыстар алынған. Самарқандтан сырлы ыдыстар әкелінген. Сондай-ақ қала аумағынан алтыннан, күмістен, қоладан, темірден дайындалған мол археологиялық топтама алынған.

Зерттеулерге қарағанда Талғар сақ-усунь заманында іргесі қаланған бір қоныстың орнында салынған. Қала VІІІ ғасырдан қалыптасып, X-XІІІ ғасырларда гүлденген.

Қала перпендикуляр көшелермен махаллаларға бөлінген. Әрбір махаллада 12-14 үй болған.

Үйлердің іргетастарын қалауға өзеннен алынған, көлемі әртүрлі малтатастар қолданылған. Малтатастар сазбалшықпен қаланған. Қабырғалары қам кірпішпен өріліп, сыртынан сазбалшықпен сыланған. Үйлердің шатыры бір шеті биіктетіліп, ал екінші шетіне қарай еңістетілген. Оның шатырына қойылған сырғауылдардың үстіне қамыс пен сазбалшық аралас төсеніш жабылған сияқты. Шаруашылық бөлмелердің бірінен егіншілік құралдары бар «көмбе» табылды. Оның құрамында қоладан жасалған заттар, тостаған, майшам, шырағдан, керамика, т.б. шаруашылық-тұрмыстық заттар да бар. Майшамның бір ұшы шырағданға, ал екінші ұшы табак-тұғырға бекітілген қола тұтқасы бар. Осыған ұқсас бұйымдар Талғар қаласының жер бетінен кездейсоқ олжа ретінде кейде қазбалардан осыған дейін де кездесіп отыратын. Мұндай қола бұйымдар Алдыңғы Азия өнімі деген және олар бұл жерге Ұлы Жібек жолымен сауда-саттық нәтижесінде сырттан келген деген пікір бар. Табылған бұйымдар XІ-XІІ ғасырларға жатады.

Талғар қаласында соңғы жылдары біршама жұмыстар атқарылды. Қазба барысында шыныдан, темірден жасалған көптеген бұйымдар алынды. Ең алдымен Солтүстік-Шығыс Жетісудың XІ ғасыр мен XІІІ ғасыр бас кезіндегі ортағасырлық қаласының сәулет өнері жайлы тың мағлұматтар жиналды. Орталық және махалла көшесінің қиылысқан жері аршылды. Көшенің бір беті тегіс өзен малтатасынан теселгендігі анықталды. Далалық жұмыстар барысында алынған темір бұйымдарының (тұрмыстық бұйымдар, құрал-саймандар, ауыл шаруашылық құралдары) бірегей жиынтығы жаңа бұйымдармен толықтырылды. Сондай-ақ жергілікті темір өндірісінің жоғарғы деңгейде болғандығын көрсететін

дайындамалар - темір тіліктері, құймалар, крица мен өндіріс қалдығы - қож көптеп табылды. Өткен жылдардағы деректермен қоса отырып, бұл жерде алдыңғы қатарлы жергілікті шыны өндірісінің болғандығын көрсететін шыны жиынтығы жинап алынды. Қола бұйымдарының жиынтығы, олардың бір бөлігі сауда керуендерімен Алдыңғы Азиядан келгендігін, сонымен қатар жергілікті қола өндірісінің болғандығын айғақтайтын жаңа олжалармен толықтырылды. Қола бұйымды жөндеп қана қоймай, сонымен қатар жаңа бұйымдар - тостақ, құмыра, құмған, майшам және шара жасай алатын шеберлер болғандығын археологиялық ізденістер нақты көрсетеді.

Талғар халқы шахмат ойнай білген. Қазба барысында қала мәдени қабаттарынан сүйктен және саздан жасалған осы ежелгі ойынның фигуралары алынған, яғни бұл ойынның әуесқойлары XI-XII ғасырларда Талғарда да тұрған.

Талғарда құмыра, шыны, зергерлік гүлденген. Ол әсіресе темір мен болат қорыту бойынша Жетісудың ірі орталықтарының біріне айналған. Сайып келгенде, Талғар қаласы аймақтағы қолөнер, сауда, ауыл шаруашылығы мен мәдениетінің маңызды орталықтарының бірі болған.

Тальхирден Жібек жолы екіге айрылады: оңтүстік желісі (оңтүстік жол) *Есік* пен *Түрген*, *Шелек* ортағасырлық қалаларының үстімен жүріп, Іленің Борохудзир маңындағы өткелінен өтіп, оның оң жағалауын қуалап, Хоргос арқылы Алмалыққа жетеді де, осындағы Ыстық көл жақтан келген жол тармағымен қосылады. Жолдың осы бөлігінен археологтар *Есік*, *Түрген*, *Лауар* сияқты кішкене қалалардың, үлкен қала *Шелектің* төбешіктеніп қалған орындарын тапты, Іленің оң жағымен жол қазіргі заман қыстағы Көктал мен Жаркент арқылы өтеді. Көктал маңында *Лебалық* қаласының орны болуы ықтимал.

Алматыдан немесе Тальхирден басталатын теріскей жолы (солтүстік жолы) Талғар өзенін қуалай жүріп, Іленің Қапшағай шатқалы маңындағы өткеліне дейін жеткен. Одан әрі жол *Шеңгелді* үстімен Алтын Емел белесінен асып, Көксу алқабына түседі де, *Екі-Оғыз* қаласына жетеді. Ол қазіргі *Дүнгене* (Дунгановка) ауылының орнында болған. Гильом Рубрук бұл қаланы *Эквиус* деп атаған. Іле алқабының ең үлкен қала жұртының бірі тап осы жерден табылған. Онда 1253 жылы болған Гильом Рубрук осынау қалада Персиядан алыс жатқанына қарамастан парсы тілінде сөйлейтін «сарациндер» тұрушы еді деп жазады. Екі-Оғыз қазіргі Қапал маңында орналасқан деген пікірді ұстанатын зерттеушілер де болды.

Мұны археологиялық зерттеулер нақтылап берді. Егер Шеңгелді Екі-Оғыз дейтіндер болса, оларға Шеңгелдінің керуен-сарай екендігін еске салған жөн. Яғни, оның аумағы (75x75 м) қала деуге келмейді. *Дүнгене* болса (Балпық ауылы аумағында) барлық өлшемдері бойынша ірі қала.

Қаланың солтүстік-шығыс жағы 675 м, ал оңтүстік-шығыс жағы 565 м.

Бұл қалада зерттеу жұмыстарын өз уақытында А.Н.Бернштам басқарған Жетісу археологиялық экспедициясы жүргізген. Түсірілген шурфтан түрлі кезеңдерді қамтитын үш мәдени қабат анықталған. Бұл мәдени қабаттар бірін-бірі алмастырған. Зерттеу нәтижелеріне қарағанда, бұл жерде IX-X

ғасырларда қоныс болған, оның тұрғындары ауыл шаруашылығымен және қолөнер салаларымен айналысқан. Кейіннен X-XI ғасырларда қоныс қалаға айналған.

XI ғасырда Махмұд Қашқари «Екі-Оғызды» өз картасында көрсеткен. XIII ғасырда бұл қалада Гильом Рубрук болған.

Өз жолында Гильом Рубрук екі қаланың қирандыларын көрген, олар қазіргі Қапал мен Арасан маңында. Одан кейін таудан өтіп, ол Ақсу өзенінің аңғарына келеді және одан кейін лепсі өзеніне қарай жүреді. Ол бұл жазықтықты тәппіштеп жазып кеткен.

Жалпы алғанда Жібек жолы Екі-Оғыздан шығып, қарлұқтар жабғысының астанасы Қаялыққа (Койлақ, Қойлық) барады екен. Бұл шаһардың базарларымен аты шыққан. Онда мұсылмандармен бірге, басқа дінді тұтынатындар да тұрған. Ол жөнінде моңғол ханы Мөңкеге бара жатып, осы қалаға соғып кеткен, Людовик IX елшісі, монах-сопы Гильом Рубрук хабарлайды. Қаялық – қарлұқтар астанасы болған, IX ғасыр мен XIII ғасыр бас кезінде Іле алқабының солтүстік-шығыс бөлегі қарлұқтар қоластына қараған. Рубруктың жазбаларына қарағанда, Қаялыққа жақын-жуық жерде христиандар селосы болған, Жібек жолы сол арқылы да өткен.

Рубрук қалада 12 күн тұрған. Осы кезде қала базарларын, т.б. аралап шыққан. Ол христиан шіркеулерін іздеп, екі храмға кіріп шыққан. Бірақ христиан шіркеулерімен ұқсастық таппаған.

Ол кумиренді жан-жақты сипаттап қалдырған. Оның жазғандары храмның буддалық сипатын байқатады. Әсіресе будда құрбандық үстелі «ширэ» дәл сипатталған.

Жалпы алғанда, Қаялық (Қиялық, Қойлық) Солтүстік-Шығыс Жетісуда, Талдықорған қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 190 шақырымда, қазіргі Қойлық ауылының шығыс жағында (Сарқанд ауданы) орналасқан. Бұл ескерткіш Іле алқабындағы ең үлкен қала. Ол Ащыбұлақ өзенінің жағасында орналасқан. Қаланың аумағы биіктігі 3,5-4 метр биіктіктегі қабырғамен қоршалған, қаланың жобасы дүниенің төрт жағына қаратылған сопақша төртбұрыш пішінді. Солтүстік-шығыс қабырғаның ұзындығы 1200 м, оңтүстік-шығыс жағы 750 м, ал қаланың оңтүстік-батыс жағы тауға келіп тіреледі. Шамамен алғанда, әрбір 30-40 м сайын қабырғаға дөңгелек пішінді мұнара орнатылған. Батыс бұрышына жақын жерде көлемі 70x80 м және биіктігі 4,5 м пішіндегі шаршы дөң орналасқан. Қалаға кіретін қақпа солтүстік-батыс, солтүстік-шығыс және оңтүстік-шығыс жақтарында. Қаланың ішкі барлық аумағы көптеген дөң (төбешік), ойпат секілді бұрынғы құрылыстардың ізіменен жабылған.

Қала тарихи әдебиеттер арқылы XI ғасыр мен XIII ғасыр бас кезіндегі қарлұқ жабғысы (жабғуы) мемлекетінің, қараханидтер қағанатындағы түркі қарлұқтарының дербес иелігінің астанасы ретінде белгілі, ал ол XIII ғасырдың ортасында моңғол империясының қаласы болған. Қарлұқ жабғысы Арслан моңғолдар билігін ерте кездері-ақ мойындаған. Сөйтіп, өзі моңғолдарға қосылып, батысқа жорыққа қатысқан.

Қалада жүргізілген археологиялық зерттеулер аталған ескерткіштің ІХ-Х-ХІІІ-ХІҮ ғасырлар кезеңіне жататындығын анықтауға мүмкіндік берді. Оның іргесі ҮІІІ ғасырда қаланған.

Қаланы археологиялық зерттеу 1964 жылы басталды, онда бірқатар шурфтар түсіріліп, қаланың жоспары анықталған болатын. Одан кейінгі жұмыс 1998 жылы Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының шеңберінде қайтадан қолға алынды, оның барысында «Будда храмы» ретінде айқындалған нысан қазылды, сондай-ақ қаланың қамалындағы тұрғын үй-жайы зерттелді. 1999-2000 жылдары қаланың оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан «ауқатты адам үй-жайында» жұмыстар жүргізілді. 2001 жылы күйдірілген кірпіштен қаланған «хаммам» типіндегі монша аршылды, сондай-ақ оның құлдырау кезеңінде салынған қала аумағында тұрғызылған кесене де зерттелді. 2002-2003 жылдары ескерткіштің стратиграфиясын зерттеу, сандық екі өлшемді топографиялық негізін құру жүзеге асты, сондай-ақ «будда храмында» консервациялық шаралар мен мониторинг негізінде жұмыстар атқарылды.

2004-2005 жылдардың қазба жұмыстарын жүргізу маусымы жұма мешітінің құрылысын, «манихей» храмының, кесенелердің құрылыстары ашылуымен маңызды, олардың қасбеті ойылған терракотамен безендірілген, сондай-ақ кесенелерге жақын орналасқан ханака зерделенді. 2006 жылы қаланың шахристаны оңтүстік-батыс бөлігінің аумағындағы үй-жай ішінара қазылды, сондай-ақ монша-хаммамға келіп тірелетін аумақ зерттелді, шахристан төрткүлін қазу басталды. 2007-2009 жылдары қаланының бірқатар бөліктерін қазу барысында да мол мағлұматтар жинақталды.

2006 жылы жоғары қабаттағы қазба жұмыстары кезінде бұзылған құрылыс құрылымдары анықталды, оның бірқатар белгілеріне қарағанда тұрғын үй деуге болады. 2007 жылы қазба жұмысының аумағы кеңейтіліп, оның көлемі 400 шаршы метрге жетті.

Зерттелген телімде әртүрлі мақсатқа арналып салынған бірнеше бөлме-жайлар аршылды.

Қаланың солтүстік жағынан ХІ-ХІІ ғасырларға жататын кесенелер қазылды. Олардың қабырғаларының кірпіштері оймышталған (геометриялық, өсімдік, т.б.).

Қала қазу кезінде аршылған мешіт те қызықты. Оның мөлшері 34x28 м. Шикі кірпіштен тұрғызылған. Оңтүстік-батыс қабырғасында михраб болған, ол Меккеге бағытталған.

Мешіт шатыры жалпақ болған, бірақ сыртқа қарай еңістетілген және ол ағаш колонналарға тіреліп тұрған. Колонналар саны – 54. мешіт қабырғасы сыланып, ақталған. Қыста мешіт жылу әкелетін каналдар арқылы жылытылған. Қазба барысында ХІІ-ХІІІ ғасырларға жататын керамика жинастырылған.

Қаялықтан Гильом Рубрук қасиетті Андрей күні, яғни 30 қарашада шығып кеткен. Қаладан үш лье жүргеннен кейін несториандық қоныс кездестірген. Оның шіркеуіне кірген. Археологтар бұл қоныстың орнын *Lenci* қаласы деп есептейді.

Содан әрі қарай жол Тентек алқабымен жүріп, Алакөлді айналып өтіп, Жоңғар қақпасын басып Шихо алқабына жетеді, сосын Бесбатықты басып, Дунхуанға барады да, Ішкі Қытай жаққа кеткен.

Алакөлдің оңтүстік-батыс шетінде бір қала болған, оны XIII ғасыр саяхатшылары «Облыстың астанасы» деп атаған. Мұны зерттеушілер *Көктума* қаласы деп есептейді.

Сырдария қалалары. Енді қайтадан оңтүстікке оралайық. Испиджаб қаласынан шығатын керуен жолы Арыс бойындағы *Арсубаникетке*, содан *Отрар-Фарабқа*, *Ясы-Түркістанға* одан соң Сырдария бойымен жүріп, Арал өңіріне, Орал өзені бойындағы қалаларға, Еділ арқылы Еуропаға өткен.

Сырдария бойын қуалай жүретін керуен жолы үстіндегі қалалардың ірісі *Отырар-Фараб* пен *Шауғар* екен. Бірінші қаланың аты Арыстың Сырдарияға барып құятын жеріне жақын орналасқан, аса үлкен қала жұртының атында сақталып, осы күнге дейін жеткен. Отырар жанында *Кедер* қаласы орналасқан, ол X ғасырда Отырар жазирасының басты орталығы болған.

Отырар Сырдария орта ағысындағы ірі қала ретінде кеңінен танымал. Ол көптеген дереккөздерінде айтылады. Қала Жетіму қалалары қатарында да, Испиджаб қалалар тізімінде де аталынады. Тіпті бірнеше Отырар болған сияқты. Алайда Отырар біреу ғана болды. Оның дереккөздерінде жиі кездесетіндігін, қаланың сауда жолының бойында орналасуымен де түсіндіруге болады.

Былайша айтқанда, Отырар тоғыз жолдың торабында тұрған. Одан шыққан жолдың бір тармағы *Шауғарға*, екінші тармағы Сырдария өткелінен өтіп, *Весиджа (Весидж)* қаласына баратын болған. *Весидж* қаласы Әбу Насыр әл-Фараби сынды шығыс ғалымының туған жері ретінде белгілі. XIII-XIV ғасырларда бұл қала *Зернук* аталса керек. Қаладан Сырдариямен жоғары өрлеп, оғыздар қаласы *Сүткентті* басып, *Шаиқа*, ал төмен қарай – *Жентке* кеткен. Жент XII ғасырда *Сығанақ* секілді Қыпшақ мемлекетінің маңызды орталықтарының бірі болды. Ал *Женттен* Қызылқұм арқылы Хорезм мен Үргенішке қарай жол тартылып, одан әрі Еділ бойы мен Қара теңіз жағалауына, Кавказға асып кететін болған. Бұл жөнінде кеңес археологы А.Н.Бернштам «Орта Азияда бұдан қолайлы және одан қауіпті жағдайды таба қою қиын» деп жазған еді.

Қазіргі таңда Отырар қаласының орнында қирандылар ғана қалған. Отырар жазирасына кіретін қалалар мен қоныстардың замоктар мен қарауыл мұнараларының қалдықтары да сақталған. Құрғап қалған егістіктерді каналдар кесіп өтеді. Бұрын қала-жұрты болған әрбір төбешіктің бүгінгі таңда өз атаулары бар: *Алтынтөбе*, *Жалпақтөбе*, *Құйрықтөбе*, *Күйік-Мардан*, *Пшақшытөбе*. Бұлардың бұрын өз атаулары болған. Қазіргі күні тек екі-үш қаланың өз атаулары археологтар еңбектерінің арқасында қайта жаңғыртылып отыр. Олар – Құйрықтөбе орнындағы *Кедер* мен *Оқсұз* орнындағы *Весидж*; сонымен қатар *Бұзұқ* қаласы мен *Шілік* бір елді-мекен болған.

Отырар алқабы 2500-ден астам шаршы шақырым аумақты алады, ол 200 шақты тарих пен мәдениет ескерткіштерін біріктіреді. Бүгінгі таңда алқаптың

орталық туристік өзегі 4 қаланың, Арыстанбаб кесенесі мен көптеген ежелгі суландыру жүйелерінің аумағын қамтиды. Отырарда жыл сайын қазба жұмыстары жүргізіліп тұрады. Қаланың өзін зерттеу, оның келбеті Орта Азия мен Қазақстандағы ортағасырлық қалаларға ұқсайтындығын анықтап берді. «Орталық қирандылары» жоспары бойынша бес бұрышты төбешік, оның биіктігі 18 м, алаңы 20 га. Жан-жақтары тең: оңтүстігі – 380 м, оңтүстік-батысы – 145 м, батысы – 400 м, солтүстік-шығысы – 380 м, шығысы – 350 м. Төбешікті бойлай дуал қалдықтары қоршап тұр. Оның мұнаралары бар. Қабырға сыртында жыра түріндегі ордың іздері сақталған, оның тереңдігі 2-3 м, ені 10-15 м. Қалаға адамдар үш жақтан кірген. Екеуі бір-біріне қарама-қарсы оңтүстік және солтүстік-шығыс дуалда, үшіншісі батыс қабырғада орналасқан. Орталық көше оңтүстік көшемен жалғасып, қаланы бөліктерге бөлген. Одан бірнеше шағын көшелер тарамдалып кеткен.

Орталық қирандыларға бекіністі рабад жалғасады. Оның ауданы 150 га. Рабадты қоршаған дуалдың кейбір бөліктері ғана сақталған.

Отырардың біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында қалыптасқан, яғни IX ғасырлардан бастап Отырар-Фараб атауымен жазба дереккөздерінде кездеспей тұрып-ақ негізі қаланған болатын. Алайда одан да ерте кездердегі қала атауының нұсқалары туралы мәліметтер бар.

Бұл сауалды шешуде Отырар мен оның жазирасындағы қалалардан алынған анэпиграфиялық монеталар маңызды рөл атқарады. Осындай монеталардың беткі жағында түргештердің садақ түріндегі таңбасы бейнеленген, ал сыртқы жағына арыстанның бедері түсірілген. Екінші типтегі монеталарда шырағдан белгісіндегі таңба бедерленген. Жетісу, Шаш, Соғды монеталармен салыстырған кезде, бұлардың мүлдем жаңа типтегі монеталар екендігі анықталған. Оны ең алдымен жергілікті билеуші шығарған деуге болады. Монеталарды орталығы Отырар болған, Сырдарияның бойындағы түріктер иелігіндегі Кангу Тарбан билеушілері соққан деген топшылау да кездеседі. Бұл иелік астанасы *Тарбан*, *Тарбанд* болған, сірә одан Отырар-Фараб атауы келіп шықса керек.

IX-X ғасырлардағы дереккөздері Отырарда Испиджаб қалалары қатарына жатқызады.

IX-XII ғасырларда Қазақстанның оңтүстігінде қала мәдениеті жанданады. Осы кездері жаңа қалалар пайда болады, көне қалалар аумағы ұлғаяды. Қалалар рабад, сауда-қолөнер қоныстары есебінен ұлғая түседі. Бұл уақыттарда отырар аумағы 200 га-ға жетеді.

IX-X ғасырларда Оңтүстік Қазақстан қалаларында исламдану басталады. Жаңа дін қалалық арасында тез тарайды. Соған байланысты мұсылман бейіттері, кесенелері, культтық ансамбльдер тұрғызылады. Қалаларда мешіт салынады. Ерте кездегі мешіттердің бірі Құйрықтөбе қаласынан қазылған. Ол X-XII ғасырларда жұмыс істеп тұрған.

Отырардың өркендеуін моңғол шапқыншылығы тоқтатады. Оған дейін Отырар Хорезмшах мемлекетінің құрамына өткен болатын. 1218 жылы Шыңғысхан хорезмшах Мұхаммед сарайына сауда керуенін жіберген болатын, алайда керуен Отырарға келген оны Отырар билеушісі, Иналшық

Қайырхан тонап алады. Шыңғысхан кінәлі адамдарды жазалауды және Қайырханды беруді сұрайды, бірақ хорезмшах моңғол елшісін өлтіріп тастайды.

1219 жылы күзде моңғолдар Отырарға келді. Оған дейін Үргеніште хорезмшах Мұхаммед әскери кеңес өткізеді, сол жерде қолбасшылардың бір барлық күшті біріктіріп, шайқасайық деп ұсыныс тастады. Алайда Мұхаммед басқа жол таңдады, ол әскерлерін қала гарнизондарына орналастырып, әрбір қаланы жеке-жеке соғысуға мәжбүрледі. Отырарды жаулап алу бірқатар дереккөздерінде айтылады. Алты айдай қорғаннан кейін Отырар күйрейді.

Моңғол шапқыншылығынан кейін Отырарда өмір қайтадан жанданады. Сөйтіп, қала біртіндеп Сырдариядағы саяси және экономикалық орталыққа айнала бастайды. XIII ғасыр орта тұсында Батыс пен Шығысты жалғастырған ірі сауда орталығына айналады. Ол арқылы Алмалыққа қарай Үргеніш жолы өтті. Отырар монета соғатын орталық ретінде де кеңінен танымал. XIII-XIV ғасырларда қалада медресе, ханака, мешіт секілді ірі құрылыстар салынады.

XIV ғасырдың екінші жартысында Оңтүстік Қазақстан Темір державасының құрамына кіреді. Темір дәуірінде бұрынғы моңғол иеліктеріндегі жағдай біршама тұрақталды. Оның кезінде Түркістанда Ахмед Ясауи кесенесі тұрғызылды. Отырарда Ахмед Ясауи ұстазы Арыстан-баб моласына кесене салынды. Темірдің кезінде қалада орталық мешіт те тұрғызылған болатын.

XV ғасыр ортасында «Көшпелі өзбектер мемлекетінің» ханы Әбілхайыр Шығыс Дешті Қыпшақта билік құрды. Оған қазақ хандары қарсы тұрды. Оның ұрпақтары мен қазақ хандары Сырдария қалалары үшін ұзақ жылдар бойы соғысты. 1510 жылы Мұхаммед Шәйбани қайтыс болғаннан кейін оңтүстік өңірлердің біраз бөлігі мен Сарыарқа қазақ хандарына өтеді. Қасым хан тұсында хандық нығайып, шекарасы кеңейе түседі. XVII ғасыр ортасынан бастап Қазақстан жеріне жоңғарлар шапқыншылық жасай бастайды. Олар бірнеше рет тонаушылық жорықтарын жасап, Сайрам, Түркістан және тағы басқа қалаларды қиратады. Мұнымен бірге қазақтар ішінде де алауыздықтар басталады. Мұның барлығы бұрын гүлденіп тұрған Сырлария өңіріндегі қалалардың құлдырауына алып келді. Отырар қаласының қазба жұмыстары XVI-XVIII ғасырлардағы қала өмірінің кейбір тұстарын нақты сипаттайды.

Орта ғасырлардағы хаммам типіндегі ортағасырлық моншалар шығыста кеңінен таралған. Олардың құрылысы, архитектурасы, атрибуттары - әмбебап. Бұл құрылыстардың таралу кезеңі аймақтардың өсіп-өркендеуіне тікелей байланысты. Қазақстан аумағында моншаның мұндай типін 1977-1978 жылдары археологтар зерттеді. Соңғы жылдары да Отырардан моншалар зерттелінді. Монша қабатымен жабылған тегістелген алаңда салынған. Оның өлшемдері солтүстік-оңтүстік желі бойынша - 11,5 м, шығыс-батыс желісі бойынша - 16,5 м. Бұрыштары әлем тараптарына қаратылған. Іргетасы жоқ қабырғалары 22-23x22-23x5 см өлшемдегі күйдірілген кірпішпен қаланған. Қабырға қалыңдығы 0,7-0,9 м. Моншаның жобалау негізінде айқыш сұлбасы анық байқалады. Орталық бөлмежай төрт басқа бөлмемен қиылысатын осьте

орналасқан. Моншаның құрамында уқалау-ысқылауға (массажға) арналған лоджиясы бар орталық залдан басқа жуынатын бөлмелері болған. Батыс бөліктің үш бөлмесі киініп-шешінуге арналған, демалыс бөлмесі және намаз оқитын бөлмесі де болған. Шығыс жағында от жағатын орын және су құйылғаи цистерна қойылған бөлме орналасқан. Бұл жерде құдықтың аузы аршылды. Оның қабырғалары күйдірілген кірпішпен өрілген. Пайдаланылған су құбырлар арқылы сырттағы шұңқырға құйылған. Моншаны жылыту ыстық ауа жүретін каналдар арқылыжүзеге асырылған. Қазба кезінде қабырғалардың жылыту жүйесінің орны мен бағаналарының қалдықтары табылды. Моншаның жоспарлануы жағынан Орта Азиядағы, Кавказдағы, Таяу және Орта Шығыстағы моншаларға ұқсайды.

Ежелгі Отырардың фортификациялық жүйесінің тарихи құндылығы жоғары. Қаланың мүжілген қабырғалары ерекше әсер туғызады. Бұл жүйе біршама жақсы дәрежеде. Қалыңдығы 2 см болатын қабырғалардың сылағы сақталған. Шикі кірпіштен өрілген қаланды көзге түседі. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде ортағасырлық Отырардың бірнеше бекініс жүйелері болғаны анықталды. Сыртқы қабырға рабадты қорғаған, ол қаланың солтүстік-батысында және батыс бөлігінде жақсы сақталған. Сондай-ақ, шахристанда да қуатты қала қабырғасы қоршап жатқан. Әсіресе, XIV-XV ғасырлар мешітіне жақын жердегі қабырға бәрінен де жақсы сақталған. VIII-X ғасырларға жататын қабырға анықталған, онда жарты метрге ішке қарай ауысқан XI-XII ғасырлардың қабырғасы тұрғызылған. Ол тығыз шикі кірпіштен қаланған. Негізіндегі сақталған биіктігі 6 метрден астам, қалыңдығы 4 м және тармағы бойынша 1 м. XIV ғасырдың бас кезінде бұл қабырға 1 метрге қалыңдатылған және ашық сұр түсті шикі кірпішті пайдалану арқылы құрылыс салынған. XIV ғасырдың аяғында және XV ғасырдың басында бекініс қабырғасы қайтадан жөндеуден өткен. Қалыңдығы 1 м жаңа қабырға бұрынғы қабырғаларының үстіне салынған. Отырартөбенің солтүстік және солтүстік-батыс бөліктеріндегі жүргізілген қазба жұмыстары қаланың жаңа қабырғасы XIII ғасырдың аяғында – XIV ғасырдың басында салынғанын көрсетті.

Бірнеше мұнаралары да зерттелінген. Солардың бірі – қақпа мұнарасы. Ол тікбұрышты пішінді, бекіністің қабырғасына тіке орналасқан, дуал сызығынан 4,4 м шығыңқы орналасқан. Мұнара 2 м биіктікте сақталған, оның өлшемі 3,7x3,7 м. Мұнара шикі кірпіштен қаланып, сұрр түсті сазбен сыланған.

XII-XII ғасырларға жататын махаллалар аршылған. Отырар аумағында жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде қаланың шахристанының үйіндісі аршылды. Отырар мәдениетінің гүлдену кезінің бірі XI-XII ғасырлардағы қараханид кезеңі тарихымен тұспа-тұс келеді.

Отырар мешіттері де ғылымда кеңінен белгілі. Қазба жұмысының бірі XIV ғасырда тұрғызылған мешіттің солтүстік бұрышында жүргізілген. Қазбаның жалпы алаңы - 32x18 м, телімнің 576 шаршы метрі аршылған. Қазба кезінде мешіттің солтүстік-батыс және солтүстік-шығыс қабырғаларының жалғасы анықталған. Қабырғалардың негізгі бөлігі

сақталмаған. Қазіргі кезде күйдірілген кірпіштен салынған солтүстік-шығыс қабырғаның (биіктігі 6-7 м) бөлігі сақталған. Солтүстік-батыс қабырғаның қалдықтары екі қатарда ғана сақталыпты. Қазба жұмысын одан әрі жүргізуде қабырғаның жалғасы табылды, бұл мешіт құрылысын тұтастай анықтауға мүмкіндік берді.

Отырар қаласының тұрғындары шахмат ойнаған. Оны қазба кезінде табылған осы шахмат фигуралары нақты көрсетеді.

Керуен жолының торабындағы Отырар үнемі жанданып отырды. Бұл жол көпке мәлім болды. Жібек жолының осы бөлегі XIII ғасырда өзгеше жанданып кетеді және *Жент*, *Сызанақ*, *Сарайшық*, *Сарай-Бату*, *Каффу* сияқты шаһарлар үстімен жүретін болады. *Шауғар* VIII ғасыр деректерінен белгілі, оған, әсілі, *Түркістан* төңірегінде орналасқан *Шөйтөбе* қала жұрты сәйкес келетін секілді. Қазіргі Түркістан тұрған жерде, Шауғармен қатар X-XIII ғасырларда *Ясы* шаһары ірге тебеді, атақты ақын, сопы Ахмет Ясауи сол шаһарда тұрып, діни уағыз-насихатын жүргізген.

Түркістан қаласының іргетасы б.з. I-мыңжылдықтың орта шенінде қаланған. Алайда оны одан да бұрын қаланған деп есептейтін ғалымдар да жеткілікті. Қалай болғанда да ол XII ғасырлардағы деректемелерде *Ясы* атауымен *Шауғар округінің* орталығы ретінде кездесе бастайды. XVI ғасырдан бастап қазіргі атауын иемденеді. XVI-XVII ғасырларда Ясы-Түркістан Қазақ хандығының саяси, экономикалық және мәдени орталығы болды. Ұзақ жылдар бойы хандық астанасы болып тұрды. Қазақтың игі-жақсылары осында жерленді. XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы қаланы құлдыратып жіберді. 1819-1864 жылдары Түркістан Қоқан хандығының қол астына қарады. Сол кезеңде Түркістан қаласының аумағы 70 га-ға жуықтады. Ол балшықтан соғылған қамалмен қоршалды. Қабырғада 12 мұнара мен 4 қақпа болған. XIX ғасырдың 60-жылдары Түркістанда 20 шақты мешіт, 2 медресе және өзге де ірі қоғамдық құрылыстар жұмыс істеп тұрды.

XII ғасырда діни уағыз айтқан Ахмед Ясауи тұрған жер ретінде қала кеңінен танылды. Ахмед Ясауи қайтыс болғаннан кейін Ясы діни-культтық идеологиялық орталыққа айналды, оған жер жаһаннан адамдар ағылып келіп жатты. Бұл уақытқа жататын ертедегі кесененің сыртқы қабаттары ғана сақталған.

Ясы-Түркістан орта ғасырлық қаласы қазіргі Түркістанның оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан.

Қаланың Ясы атауымен XIII ғасырдың басында болғандығын күміс монеталардың олжалары да растайды. Бұл монеталар хорезмшах Мұхаммед ибн Текеш атынан соғылған. Олар Сырдарияның біраз қалалары хорезмшахқа бағыннан кейін 1210, 1216-1218 жылдары осында соғылған болатын. Қаланың Асон атауымен кездесуі армян патшасы I Гетум жазбаларында сақталған. Ол Оңтүстік Қазақстан арқылы XIII ғасыр орта тұсында моңғолдардың ұлы ханы Мөңке бара жатқан сапарында соққан еді. Кейінірек, XVI ғасырдағы шығармаларда, Түркістан қаласы «Ясы қамалы», бірде «Түркістан қамалы» атаулар қолданылады.

Ясы-Түркістан қаласы Түркістан аймағындағы басты қалалардың бірі екендігі «Бұхара мейманының жазбалары» атты шығарма қалдырған Фазаллах ибн Рузбихан Исфакхани еңбегінде де айтылады. Ол Ясы қаласында тауарлар мен бағалы бұйымдар өнірілетіндігін, мұнда саудагерлер мен саяхатшылар көптеп келетіндігін жазып қалдырған.

Қаланың тарихи дамуы оның планиграфиясын күрделендіріп жіберген. Онда цитадель, дуалдары, махаллалар сақталған. Цитадельден батысқа және оңтүстік-батысқа қарай 23,5 га аумақта қала орналасқан. Бұл жердегі микрорельефте әлі күнге дейін махалла құрылыстарының іздері байқалып қалады. Шахристанның батыс жағында өзеннен келетін үлкен су алабы жасалған. Бұл бөлікте бұрыштарында мұнара орындары бар дуал қалдықтары сақталған.

Қазіргі Түркістан аумағындағы *Күлтөбе* қаласында қазба жұмыстары кеңінен жүргізілген. Ол ахмед Ясауи кешенінен оңтүстік-шығысқа қарай 300 м жерде орналасқан. Бұл орынды аршыған кезде кейінгі орта ғасырлардан бастап қауыншы мәдениетіне дейінгі уақытты қамтитын мәдени қатпарлар анықталған. Сөйтіп, алынған материалдар қала іргесі б.з.б. I ғасырда және б.з. I ғасырында салынғандығы нақты анықталып отыр.

Жібек жолының трассасы Түркістаннан шыққаннан кейін Сырдарияны бойлай оның бойында орналасқан *Сауран*, *Сызанақ*, *Жент*, *Янгикент* қалаларына соғатын.

Сауран Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласынан солтүстік-батысқа қарай 35 км жерде орналасқан. Қаланы XIX ғасыр екінші жартысында А.К. Гейнс, П.И. Лерх зерттесе, 1947 жылы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (А.Н. Бернштам), 1967 жылы Жетісу археологиялық экспедициясы (К.А.Ақышев) зерттеді, 2004 жылдан бері Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы (К.М.Байпақов) зерттеуде. Биіктігі 6 м қабырғамен қоршалған қаланың өлшемі солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай – 800 м, солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай – 550 м, мәдени қабатының биіктігі 2 м.

Сауран қаласы жазба деректемелерде X ғасырдан бастап кездеседі. Әл-Мақдиси ол туралы «Сауран (Савран, Сабран) үлкен қала, оны жеті қатар камал қоршаған, рабады бар, мешіті қаланың ішінде орналасқан. Ол оғыздар мен қыпшақтарға қарсы тұрғызылған шекаралық камал» деп жазған.

XIII ғасырда Сырдария арқылы өткен армян патшасы Гетум Сауранды Савран деген атпен *Сызанақ (Сгнах)*, *Қарашық (Харчук)*, *Иасы (Асон)* қалаларымен бірге атаған.

Кейіннен қала Сырдарияның оң жағалауымен өтетін керуен жолының бойындағы ірі саяси-экономикалық, мәдени және халықаралық сауда орталығы ретінде белгілі.

XIV ғасырдағы деректемелерде Сауран Ақ Орданың астанасы болғаны айтылады. Онда Ақ Орда ханы 1320 жылы қайтыс болған Сасы Бұқа жерленген. Оның ұлы Ерзен хан Сауран мен басқа қалаларда мешіт, ханака, медресе тұрғызған. Астаналық орталық рөлін Сауран ұзақ уақыт сақтап тұрған. XV ғасырдағы Сауран Рузбихан еңбегінде сипатталған. Ол қала

көркін, ауасын, табиғатын, қабырғаларын, дуал сыртындағы орларын сипаттап жазып кеткен.

XVI ғасырдағы дереккөздерінде сыртында биік дуалы мен айнала қазылған оры бар әсем қала ретінде айтылады. Сол кездегі мұсылман әулиелерінің бірі Мір Араб осы қалада туылған. Ол кейіннен туған қаласына екі кәрізді су жүйесін салған. 1514-1515 жылдары осында тұрған ақын әрі жазушы Васифидің айтуынша, «мұндай кереметті су мен құрлық арқылы әлемді айналып шыққан адамдар да көрмеген» дейді. Бастауын қаладан 7 км жерден алатын кәрізді салуға 200 үнді құлы пайдаланылған. Кәріздің басына бекініс салынып, оның ішіне құдықтар қазылған. Суды шығыр арқылы шығарған. Шығырды өгіздер айналдырған.

Қалада тұрған Васифи мұндағы ерекше құрылыстардың бірі ретінде шайқалып тұратын екі мұнарасы бар медресе туралы «Оның айванының иығына салынған өте биік және аса көрікті екі мұнараның «гүлдастасына» шынжыр байланып, олардың әр күмбезінің астына (кубба) бөрене (чуб) бекітілген, егер біреу күшпен бөренені қозғаса, шынжыр дірілдеп, қарсы мұнарада тұрған адамға мұнара құлап бара жатқандай көрінеді, бұл әлемнің таңғажайып кереметтерінің бірі» деп жазған.

Сауранның ортағасырлық мықты бекіністі қала екендігі туралы көп авторлар жазған.

1598 жылы Сауранды қоршаған әскерлер қорғаныс қабырғасын Бұхарадан алдырған тас атқыш қондырғымен атқылап, қамалдың астын қазып, су жіберген. Сауранда өмір XVIII ғасыр соңына дейін жалғасқан, алайда бұл кезде қала «Түркістан маңындағы кішкене елді мекенге» айналды.

Сауран қаласының жанында, одан шығысқа қарай 3 км жерде *Қаратөбе* қаласы орналасқан. Ол біздің заманымыздың алғашқы ғасырларынан XII ғасырға дейін мерзімделінеді. Қала топографиясы дамыған ортағасырлық қалаға белгілері бойынша өте жақын, онда цитадель, шахристан мен рабад анық байқалады. Алғашқы кезде Қаратөбе орнында Сауран болған, кейіннен қала қазіргі орнына көшірілген. Қалада жүргізілген қазба жұмыстары екі қаланың бір екендігін айқындап берген.

2004-2006 қазба жұмыстарын жүргізу маусымында Сауран қаласының орталық алаңынан медресе орнын аршылды. Үйінді қабатының астында солтүстік мұнараға келіп қосылатын телім мен медресе құрылыс орнының оңтүстік-батыс бөлігі жатыр, онда 2007 жылы маусымда іздестіру жұмыстары жалғасқан. Медресенің оңтүстік-батыс бөлігіндегі қазбаның алаңы 206 шаршы метрді құрайды. Үйіндінің астында 7 құжыра және медресенің оңтүстік-батыс қанатының дәлізі көміліп қалған. Оны тазалау кезінде күйдірілген кірпіш сылақ бөліктері және төбе жабынының бөлшектері кездесті. Құрылымдардың сақталуы өте нашар, өйткені ғимарат кірпіштері құрылыс салуға бұзылып алынған. Бөлме-жайды бөлетін кейбір қабырғалар түбіне шейін бұзылған. Олардың орналасқан жерін еден іздері нақты көрсетеді. Бөлме-жайдың өлшемі 3,20x2,75 м. Бөлме-жайлар мен дәліз солтүстік-шығыс қанатқа қарама-қарсы бөлме-жайларға қатаң симметриялық түрде орналасқан. Тар дәліздің жанында көшеге шығатын есік бар. Өтетін жердің ені - 85 см, барлық бөлме-жайларда кіреберісте әртүрлі

денгейде сақталған тереңдетілген ташнау алаңы, ошақ-сандалдар болғаны айқындалды. Жақсы сақталған бөлме-жайларда да оңтүстік бұрыштан пештер табылды. Пештердің аузы ташнауы бар алаңға қаратылған. Түтін жолдары бөлмеге тікесінен орнатылған құдық арқылы жүргізілген.

Медресеге кірер жердің солтүстігіндегі үйінділерді тазалау кезінде солтүстік мұнараның негізі табылды. Қазба жұмыстары нәтижесінде цокольдің үстінен шығатын мұнара негізінің төрт жоғарғы қатары анықталды. Цокольдің астында биіктігі 1 м 11 қатар кірпіш өрілген. Мұнара негізінің диаметрі шамамен 3,3 м. Мұнараның төменгі бөлігі доға күйінде қаспеттік қабырғадан шығады. Екінші бөлігі қаспеттік қабырғаға орнатылған және портал тұтас қалауымен өрілген. Мұнараның сұлбасы төбеге дейін жеткен, ал одан кейін бұранда баспалдақ көтерілген.

Қала құрылыстарына сазға күл (қыр) қосылып, құйылған күйдірілген кірпіштер пайдаланылған. Олардың көлемі 23-25x23-25x5-6 см. Бірқатар құрылыстар осындай кірпішпен тұтастай қаланып шыққан.

Орталық үйіндіден 1400-1600 м радиуста жекелеген қоныс-жай (усадыба) қалдықтары көптеп кездеседі. Әрбір қоныс-жай үйден, телімнен және қоршалған дуалдар тұрады. Телімдерде бау-бақша өсірілген.

Қоныс-жайлардың өлшемдері әрқилы. Ең ірілері 150x110 м; 180x90 м және де 1,5-1,8 га аумақты алып жатыр. Орташа қоныс-жай ауданы 1 га шамасында, ал ұсақ қоныс-жайлар 0,5 га. Алдын-ала есептеулер бойынша Саураннан 350-дей қоныс-жай анықталған.

Алынған материалдар (керамика, монета) Сауран маңындағы қоныс-жайлардың XIII-XIV ғасырларға және XV-XVIII ғасырларға жататындығын дәлелдейді.

Сауран кәріздер арқылы суғарылғандығы жоғарыда айтылды. Оны іздестіру кезінде (аэрофототүсірілім және көзбен жобалап қарау) диаметрі 5 м, аралары 12-15 м құдық орындары Міртөбе қаласы маңынан анықталған.

Сауран қаласы қазіргі күні сақталып қалған биік қабырғаларының бөліктерімен бірге, сондай-ақ қала махалласы мен кәріздері, көне егістік телімдері бойынша Қазақстанның баға жетпес археологиялық және архитектуралық ескерткіші болып табылады.

Сырдария өңіріндегі келесі ірі қала – *Сығанақ*.

Сығанақ жайлы алғашқы дерек X ғасырдағы «Худуд әл-Алам» шығармасында кездеседі. Сығанақ үшін қыпшақтар хорезмшах мелекетімен ұзақ уақыт күрескен. Кейіннен Сығанақ өңірі хорезмшахқа бағынады. 1219 жылы Сығанақ жеті тәулік бойы Шыңғысхан әскерлеріне төтеп береді. Сығанақты Жошы бастаған моңғол-түрік әскерлері басып алып, қарсылық көрсеткені үшін қала халқы қырып тастайды. XIII ғасырдың екінші жартысында қала қайтадан жанданады. Мұнда монета соғатын сарай жұмыс істеді, құрылыс қарқынды дамыды. XIII ғасырда Сығанақ армян патшасы Гетум жазбаларында аталады. XIV ғасыр екінші жартысында қала Ақ Орда астанасы болады. Мұнда өз астанасын Әбілхайыр хан да көшіріп әкелген. Қала жайлы шәйбанидтік деректемелер мол мағлұмат береді. Онда қазақ хандары мен шәйбанидтер арасындағы соғыстармен қатар, Сырдария бойындағы қолдан-қолға өтіп

отырған қалалар тағдыры кеңінен баяндалынады. Мұндай қалалар арасында Сығанақ та болған еді.

XVI-XVII ғасырларда Сығанақ Сырдария өңіріндегі ірі қала болып тұрды. Біршама уақыт жаңадан құрылған Қазақ хандығының астанасы да болған еді. Оның базарларында 500 түйеге артылған тауарлар бір күнде сатылып отырды; айналасындағы халық егіншілікпен де айналысты. Сырдариядан Ордакент, Қызылтал, Бозғылаяқ, Төменарық, т.б. каналдар тартып, жерді суландырды. Осы кездері сығанақты «Дешті Қыпшақ гаваны» деген де болатын. XVI ғасыр тарихшысы Рузбихан қала жайында мол мағлұматтар қалдырған. Ол қаланың бұрын көркейіп тұрғандығын, ірі құрылыстарымен және өңделген егістік алқаптарымен қоршалып жатқандығын, сан алуан тағам өнімдерін шығарғандығын, қазақ халқының сауда пункті болғандығын айтқан.

Сығанақ қирандылары Төменарық темір жол стансасының маңында. 2003 жылдан бастап мұнда археологтар (С.Жолдасбаев, Б.Нұрханов, т.б.) қазба жұмыстарын жүргізіп келеді. Қазіргі таңда мешіт пен кесенелер аршылған. Қала орнындағы зерттеу жұмыстары алғаш реті XIX ғасырда басталған. 1867 жылы оның орнын П.И.Лерх көрген. 1906-1907 жылдары И.А.Кастанье, 1927-1928 жылдары А.Ю.Якубовский, 1947 жылы А.Н.Бернштам зерттеу-барлау жұмыстарын ұйымдастырған. Қаланың қазіргі орны Сунақата деп аталады. Ол 10 га жерді алып жатыр. Жоспары бес бұрышты төбе. Қазба барысында VI-XVIII ғасырлар аралығындағы уақытқа жататын тұрмыстық-шаруашылық бұйымдар жинастырылған. Олардың барлығы қала өмірінің басты деректік негізін құрайды.

Сығанақтан шыққан жол оғыздар астанасы – *Янгикентке* қарай тартатын. Жанкент (Янгикент) қаласы да соңғы жылдары қазыла бастады. Зерттеу қаланың солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан цитадельде жүргізілді. Ескерткіштің сыртқы түрі және параметрлері С.П. Толстовтың сипаттамасы мен жобасына сәйкес келеді. Ол өткен ғасырдың ортасында қалада зерттеулер жүргізген және оның аэрофото суреттерін алған болатын. Қала-жұртының өлшемі 100x100 м, жобасы шаршы пішіндес. Бүгінде жайылып, үйінді тәрізді пішінге айналған қабырғаның биіктігі 7-8 м. Төрт қабырғаның әрқайсында кішігірім жайылған төмпешік түрінде мұнараның орындары сақталған. Қазба ішкі секторда, солтүстік-шығыс бұрышта атқарылған. Қазба барысында кірпіш бөліктері, керамика сынықтары, ғұрыптық кешен қалдықтары, т.б. материалдар алынған. Бұл материалдар Янгикент қаласының алыс-жақын елдермен кең түрде байланысқа түскендігін айғақтайды.

Осы арадан Қызылқұмды басып, тағы бір жол Хорезмге, Үргенішке баратын. Әуелі, Шауғардан, кейінірек Ясыдан басталған жол Тұрлан асуы арқылы Қаратаудың солтүстік жоталарына шығып, Сырдарияны қуалап кететін жолмен жарыса (паралелль) жүретін. Ол жолда *Созақ*, *Ұрысоған*, *Құмкент*, *Сүгүлкент* қалалары бар еді. Бұл жол не Таластың төменгі жағынан шығып, содан жоғары өрлеп, Таразға баратын, не Билікөлдiң батыс жағасымен жүріп, Берукет-Паркет, Хутухчин қалалары арқылы бұл да Таразға жететін.

Қаратаудың солтүстік беткейлеріндегі қалалар да ғылыми әдебиеттерде кеңінен белгілі. Олардың көпшілігі ортағасырлық өз атауларын сақтап қалған; мәселен, Созақ – *Созақ*, Құмкент – *Құмкент*. Ал Сүгілкент – *Саудақент*, Ұрысоған – *Қарасауын*.

Орталық, Шығыс және Батыс Қазақстан қалалары. Жібек жолының Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өтетін негізгі арқауынан жол тарамдалып, терістік пен шығысқа қарай, Орталық және Шығыс Қазақстан аудандарына, кейін Сарыарқа атымен мәлім болған Дешті Қыпшаққа, Ертіс жағалауы мен Алтайға, Моңғолияға асып кеткен. Осы арамен атты көшпелілер тайпалары жүретін дала жолы өткен. Сөйтіп малға, жүн мен теріге, металға (мыс, қалайы, күміс, т.б.) бай Орталық Қазақстан аймағы сауда-саттық байланыс жүйесіне, оның ішінде халықаралық жүйеге тартылып, көптеген керуен сүрлеулері арқылы Жібек жолы торабымен тоғысады.

Жолдың Отрардан таралған бір желісі Арсубаникеттен өтіп, Арыстанды, Шаян алқаптарына, сосын Қаратаудың жатаған белесінен асты; ал Шауғар мен Ясыдан шыққан желісі Тұрлан асуынан асты; Сауран мен Сығанақ тармағы, Янгикент тармағы – бәр-бәрі тұс-тұстан Орталық Қазақстан жазығына шығып, Сарысу мен Қеңгір, Торғай мен Есіл бойларына баратын болған. Сол аймақтан орта ғасырлардың: *Болған-ата*, *Жаманқорған*, *Нөгербек-Дарасы*, *Домбауыл*, *Милықұдық*, *Ормамбет* сияқты қала-жұрттарының қалдықтары табылған. Әсілі, орта ғасыр дереккөздерінде айтылатын *Жұбын*, *Конгликет*, *Ортау мен Кейтаг* сияқты қалаларды, *Гарбиан* мен *Бақырлытау* сияқты кен орындарын осы маңайдан іздеген жөн.

Янгикенттен шыққан жол солтүстік-шығысқа қарай Білеуті өзенінің жағалауына қарай жетіп, Қоңырат пен Қарсақпай аудандарына келгендігі анықталған. Орталық Қазақстанға Сарысу жолы деп аталатын жол жүрген болатын: Отырардан шығып Шауғар мен Тұрлан асуы арқылы Ақсүмбеге, Сарысу төменгі ағысы мен өзенді жоғары бойлай Ұлытауға (Кендірлік тауы), одан кейін Есіл мен Ертісті бойлай Сібірге жеткен. Басқа бір жол – Бетпақдала шөлі арқылы Жезқазған ауданына өткен. Тағы бір жол – «Хан жолы» - Тараздан шығып Таластың төменгі ағысы бойымен Мойынқұм құмы мен Бетпақдала арқылы Атасу өзенінің жағалауына барған. Тараздан шыққан тағы бір сауда жолы Адахкес пен Дех-Нуджикес қалалары арқылы Ертіс жағасына, қимақтар қағанының сарайына барып, одан әрі асып, Енисейдегі қырғыздар еліне тартатын болған.

Орталық Қазақстанның жақсы зерттелген қалаларының бірі *Бұзоқ* (*Бұзұқ*), ол Астана қаласының шетінде орналасқан. Қаланың XI-XII ғасырларда қалыптасқандығын және XIV ғасырға дейін мұнда тіршілік жанданғандығын қазба жұмыстары көрсетіп берді. Қала аумағынан сыпасы бар жертөле бөлмелері аршылып, бекініс құрылыстары, XIII-XIV ғасырларға жататын бейіті зерттелген. Аршылған қабірлер арасында қару-жарақпен және мол әшекейлермен жерленген әйел адамдардың да қаңқасы кездеседі.

Іле алқабы Орталық Қазақстанмен Шу-Іле тауының теріскей жоталарымен жүріп Шуға шығады да, сосын оның бойын қуалап барып,

Сарысу өзені жағалауына шыққан. Жолдың өзге бір желісі Теріскей-Іледегі Шеңгелді маңынан шығып, Көктал мен Бояулы керуен сарайлар арқылы Балқаш өңіріне, сосын Іледен тарайтын Ортасуды жиектеп, сол арадағы Ақтам қала жұртының орнын басып, көлдің түскейінен 8 шақырым бұғаз арқылы теріскейіне шығады. Керуендер бұғазды кешіп етіп, Тоқырауын өзенінің құярлығына жуық жерден шығады да, оның бойын қуалап, әрі Ұлытау жоталарына қарай кетеді деп топшылауға болады.

Теріскей-Іле жолының бір желісі Алакөлді батыс жағынан айнала өтіп, Тарбағатай арқылы Ертіске, қимақтар мемлекетінің жеріне жеткен. Тарбағатайда, Ертіс жағалауында қимақтың *Банджар, Ханауш, Астур, Сисан* секілді қалалары және айналасы бекіністі қамалмен қоршалған, қақпалары темірмен құрсалған орасан зор қала – «қағандар астанасы» орналасқан еді. Қимақтың қалалары сауда жолдары арқылы Енисейдегі қырғыз, Моңғолиядағы ұйғыр қалаларымен, Шығыс Түркістанның көгалды аймақтарымен байланысып отырған.

Батысқа қарай Еуропаға, Қырым мен Кавказға жүрген жолдар Аралдың оңтүстік және солтүстік жағалаулары арқылы Жайық-Орал өзені бойындағы қалаларға жеткен.

Мұндағы ірі қалалардың бірі *Сарайшық* болған еді. Ол Батыс Қазақстан аумағындағы ортағасырлық қала. Бұл қала жөнінде ХІҮ ғасыр саяхатшысы Ибн Батута былай деген болатын: «Сарайшық, шық деген кішкантай. Олар, бұлайша, оны Кіші Сарай деген мағынада айтады. Аталмыш қала суы мол Ұлысу деп аталатын өзеннің жағалауында, оның мәні «ұлы су». Онда тура Бағдаттағыдай қайықтан жасалған көпір бар. Бұл қалада аттарымыз арба сүйреген саяхатымыз аяқталды...».

Осы және басқа да жазба дереккөздері Азияның өзіндік бір қақпасы болған бұл қаланы Ұлы Жібек жолындағы маңызды орталық ретінде сипаттайды.

Сарайшық үйінділері Атырау қаласынан 50 км жерде, Орал өзенінің жоғарғы ағысында. Әлі күнге дейін ежелгі қала орнында тұрған кент Сарайшық деп аталады. Оның аумағында, Орал өзенінің жағалауында Сарайшық қаласы орналасқан. Бірнеше жылдан бері мұнда археологтар жұмыс істеп жатыр.

Қала, дереккөздеріне қарағанда, 1227-1254 жылдары ел билеген Алтын Орда ханы Батудың өкімі бойынша қалыптасқан. Дәл осы қалада, тарихи жазбаларға қарағанда моңғол ханы Берке (1257-1266) исламды қабылдаған, бұдан кейін ислам Алтын Орданың мемлекеттік діні бола бастаған.

Алайда Сарайшық одан да ерте кезде, яғни X-XII ғасырларда, моңғолдарға дейін-ақ қалыптасқан деген де пікір бар, дегенмен мұны тек археологиялық ізденістер ғана нақты шешетіндігі анық.

Сарайшықтың өркендеуі Алтын Орда тарихымен тығыз байланысты болған еді. Бұл кездегі қалалар аумағы ұлғайып, жаңа қалалар қалыптасып жатты. Олар сауда мен қолөнер орталықтарына айналады, аумақтарында жаңа архитектуралық кешендер бой көтереді, мешіттер, кесенелер, моншалар, керуен-сарайлар тұрғызылады. Көптеген қалаларда монеталар

соғылды. Сарайшықта да монета шығаратын сарай жұмыс істеп тұрды. Бұл мекеме құны әркелкі түрлі мыс монеталар шығарды. Бірінің бетіне «Сарайшық қаласында соғылған» деп жазылды, екінші бетіне гүл мен жыртық аң, бәлкім арыстан салынды. Сарайшықты қазған кезде шет жақтан әкелінген, соның ішінде Алтын Орда, сондай-ақ Хорезм, Самарканд, Иран қалаларында жасалған монеталар өте көп ұшырасқан.

Қаланың дамуына Сарайшықтың исламды таратудағы идеологиялық орталық болуы да оң әсерін тигізді.

Мұнда мұсылман діни қайраткерлері мен уағызшыларының, Алтын Орда хандары мен ақсүйектердің пантеоны (моласы) болды. Дәл осы жерге 1290-1312 жылдары Алтын Орданы билеген Тоқты хан жерленген. Оны белгілі саяхатшы Марко Поло «Батыс патшасы» деп атаған еді. Кейіннен мұнда қазақ ханы Қасым да жерленді.

Қазба барысында Сарайшықтан тұрғын махаллалар, үйлер аршылды. Олар шикі кірпішпен тұрғызылған. Әрбір үйде екі-үш бөлмеден болды, олар кан жүйесі бойынша жылытылды.

Сарайшықтың бай ғимараттарының бірі қазылған. Ол порталдан (кірер бөлігі), оны қоршап тұрған бұрыштарында мұнаралары бар дуалдан тұрған.

Қаланы мекендеген қолөнершілер сату үшін балық пен құс суреттері бар геометриялық, өсімдік бейнелі ыдыстар; алтыннан, күмістен дайындалған зергерлік бұйымдар; түсті және бағалы тастар салынған сақина мен сырғалар; сүйектен жасалған тарақ, түйме, ілгек-қаусырма, т.б. дайындады.

Сарайшық өркендеп тұруды да, құлдырауды да басынан кешірді, ал ХҮІ ғасырда оған Дон казактары қарақшылық шапқыншылық жасады, сол кезден бастап ол қала болуын тоқтатты. Дон казактары алтын іздеп молаларды да ақтарып тастады.

Орал өзені бойында тағы бір қаланың қирандылары анықталған. Оны археологтар тауып, зерттеді. Оған Арал маңындағы жол арқылы керуендер келген. Бұл қала шартты түрде *Жайық* деп аталған.

Қала аумағы алдын-ала 7-9 га деп анықталып отыр. Қаланың қолдан соғылған дуалы бар. Оның бөліктері, оры мен жалы сақталып қалған.

Қала үстіндегі екі төбешікті қазу барысында, олардың қоныс-жай екендігі анықталды. Құрылыстары шикі кірпішпен тұрғызылған. Тұрғын-жайлары кан жүйесі бойынша жылытылған. Жүйе сыпа астынан өткен. Қазба барысында шаруашылық шұңқырлары, қоқыс төгетін шұңқыр, ташнау (санитарлық-гигиеналық қондырғы) аршылған. Үйлердің жоспары оның құрылысына Хорезм мен сырдария көгалды аймақтарындағы қала мәдениетінің ықпалы әсер еткендігін көрсетеді. Жайық қаласындағы үйлердің құрылысы ХІІІ-ХІV ғасырлардағы Үргеніш, Отырар, Түркістан баспаналарының жоспарымен сәйкес келеді. Өзгешеліктері кейбір интерьер бөлшектері мен жылыту жүйесінде ғана байқалады.

Мұнда ХІІІ-ХІV ғасырларда дамыған қала болғандығын, осы жерден табылған монша қалдықтары да растай түссе керек.

Қаланы қазған кезде XIV ғасыр бірінші жартысына жататын монеталар алынған. Монеталар мен керамика материалдары қаланы XIII-XIV ғасырлармен мерзімдеуге толық мүмкіндік береді.

Қаладан шығысқа қарай 1,5 км жерден археологтар қала бейітін тапқан. Онда бұрын сәулетті кесенелер тұрған.

Олардың екеуі қазылған. Кесенелердің архитектурасы мен жоспары ортаазиялық кешендерге ұқсас. Бұлар екі камералы кірер аузы бар күмбезді құрылыс. Сыртқы қабаттары оймышталған. Күйдірілген кірпіштен тұрғызылып, глазурь жағылған плиталармен сәнделген. Кейбір плиталарда жазулар бар. Олардың біразы алтынмен жазылған. Рельефті өрнекпен көмкерілген плиталар да кездеседі. Бір кесененің еденіне күйдірілген алты бұрышты плитка төселген. Өкінішке орай, кесене тонаушылар тарапынан бүлінген.

Қала атауы капитан Антоний Дженкинсонның 1562 жылы құрастырған белгілі картасына түсірілуі де мүмкін. Онда Сарайшықтан жоғарырақ Жайық өзенінің оң жағалауында *Шакафни (Shakafni)* атты қала көрсетілген. Бәлкім бұл ағылшын транскрипциясында бұрмаланған атау шығар. Бұл қаланың жергілікті халқы пайдаланған Шаған деген атауы болар, осы атау әлі күнге дейін сақталған.

Әзірге қаланың не себепті күйрегендігін нақты анықтау қиын, бәлкім ол 1391 жылы Еділ бойына Әмір Темір жасаған жорықтан кейін қираған шығар, өйткені сол кезде Алтын Орданың барлық ірі қалалары қиратылған болатын.

Сөйтіп, Ұлы Жібек жолы ежелгі замандар мен орта ғасырларда Қазақстанның барлық аумағын қамтыды деуге болады.

Сауда мен тауарлар. Жібек жолы әуелгі кезде қытай жібегін шетелдерге шығаруға қызмет еткен. Сосын реті келген кезде Рим мен Византиядан, Үндістан мен Ираннан, Араб халифатынан, кейінірек Еуропа мен Русьтен осынау күре жолмен мирри мен ладан, жасмин суы мен амбра, кардамон мен мұсқат жаңғағы, жень-шень мен питонның өті, кілемдер мен маталар, бояулар мен минералдық шикізат, гауһар мен яшма, янтарь мен маржандар, піл сүйегі мен «балық сояулары», құйма күміс пен алтын, ұлпандар мен теңгелер, садақтар мен жебелер, семсер мен сүңгілер, т.б. көптеген заттар әрлі-берлі тасылып жатқан. Жібек жолымен саудаға салу үшін Ферғананың атақты «тері қан боп шығатын» сәйгүліктері мен араб арғымақтарын, түйелер мен пілдерін, мүйізтұмсықтар мен арыстандарды, ілбіс пен жайранды, қаршығалар мен тауықтарды, тоты құстар мен түйеқұстарды алып жүрген. Жібек жолы арқылы жүзім, шабдалы мен қауындар, бұрыш, қалампырлар, қант, көкөніс пен жемістер, әртүрлі көктер әлемге таратылған. Дегенмен сауданың ең басты жібек болған. Алтынмен бірге ол халықаралық валюта да болды, оны хандар мен елшілерге тарту еткен, жалдамалы әскерге жалақы етіп берген, мемлекеттік қарызды сонымен төлеген. Керуен жолымен тасылатын жібек пен басқа да тауарлардың бір бөлегі қазақ даласының қалаларында қалып отырған. Археологиялық олжалар соның айқын айғағы.

Мәдениеттердің өзара ықпалы. Тауарларды, қолданбалы өнердің, сәулет өнері мен қабырға суретінің мәдени үлгілері мен эталондарын таратумен

бірге, Шығыс пен Батыс елдеріне саз бен би өнері де, сахналық ойындар да кеңінен таратылып отырған. Шетел оркестрлері сарай қызметіндегі кісілер құрамына енгізілген. Мәселен, Сюань Изунь патша 30 мың сазгер ұстаған. Түрік қағанының Суяб төңірегіндегі ордасында елшілерді қалай қабылдағаны жөніндегі сипаттама сақталып қалған. «Қаған, – деп жазады сол сияпатты көзімен көрген будда сопысы Сюань Цзянь, – шарап әкеліп, саз ойнауға әмір етті... сосын бір үзілмей, металл сынғырымен сүйемелденген жатжерлік саз әуезі тамылжып төгілді де тұрды. Және ол жабайылардың сазы болғанымен, тыңдаушылардың құлақ құрышын қандырып, жаны мен ойын жадыратып отырды».

Иран, соғды мен түрік актерлері әлем хореографиялық мәдениетіне көптеген жаналықтар енгізеді. Мәселен, Константинопольде Шығыс артистері жиі-жиі өнер көрсетіп тұрады.

Жібек жолы бойынан әртүрлі жердегі ескерткіштерді қазған кездері мәдениеттердің дамуын және өзара бірін бірі байытуын дәлелдейтін көптеген материалдық дәйектер табылған: бишілер мен биші әйелдерді, маскалы актерлерді, түйе үстіне жайғасып отырған музыкалық ансамбльдерді бейнелейтін Тан дәуірінің терракота топтамасы – осының айғағы. Мұндағы көптеген артистердің бет бейнесінен Орта Азия халықтары өкілдері екені көрініп тұр. Пенджикенттің, Варахша мен Топырақ қаланың және Шығыс Түркістанның қалаларындағы салтанат залдарында сақталып қалған қабырғалардағы суреттерде сазшылар мен актерлер бейнеленген. Биші әйелдің ағаштан қашалған таңғажайып мүсіні Пенджикенттен табылған. Сырдария бойындағы Кедер қаласында қазба жүргізген кезде X-XI ғасырлардағы артистің қыш маскасы кездескен. Терракота маскалар Құланнан да табылған.

Дін соқпақтары. Жібек жолымен діни идеялар да кең таратылып отырған, ал кейбір миссионерлер өз дінін тіпті теңіздің арғы бетіндегі елдерге барып таратқан. Зерттеушілердің пікіріне қарағанда, Қытайға буддизм Үндістаннан Орта Азия мен Қазақстан арқылы барған. Бұл әрекет б.з.б. I ғасырда басталған. Шығыс Түркістан мен Қытайға будда дінін таратуда ортаазиялық діндарлар мен миссионерлер, әсіресе соғдылар, парфияндар мен кангюйлер көп еңбек сіңірген. Б.з. II-III ғасырларында буддизм белсенді түрде таратылған, тегі, бұл Кушан империясының Шығыстағы саяси мақсаттарына байланысты болғанға ұқсайды.

Ерте ортағасырларда буддизмнің негізгі миссионерлері қызметін соғдылар өз міндетіне алған. Будда дінін Орталық Азияда тарату ісінде солар маңызды рөл атқарады. Шығыс Түркістандағы түріктердің будда мәтіндеріндегі терминдерді талдап тексергенде, олардың соғдының көмегімен алынғаны анықталды. Ұлы Жібек жолы үстіндегі бірқатар қалалардан будда ескерткіштері табылды.

Жібек жолы бойымен, Батыстан Шығысқа қарай жылжып отырып, буддизмнен қалмай христиан діні де тараған. V ғасыр бірінші жартысында Шығыс Рим империясында діндар Несторий үмбеттерінің «дінсіз» мазһабы пайда болады. Несторий ізбасарларын Мария бике құдайды емес, адамды

туды, Христос тек «құдайдың шапағатынан түскен», оның рухының иесі ғана деп үйретеді. Оның пікірі бойынша, Мария бикені тәңірия демей, Христосты туушы деген дұрыс. Атап айтқанда оның осы жаңалығы қалың көпті әбігер етіп, береке-құтын қашырды. Бұл 325 жылы Никей соборында қабылданған дін бейнесіне қарама-қайшы келеді, ол қағида бойынша, Христос бөлуге болмайтын ипостастың – адамдық және құдайлық киелі қасиеттің иесі болып есептелетін, сол себепті де оның құдай-әкемен біртамырлас екенін жоққа шығаруды ресми шіркеу барып тұрған дінсіздік деп таниды. Несторийдің ілімі 431 жылы Эфес соборында айыпталып, несториандар рақымсыз каталдықпен қудалана бастайды. Осындай қуғын-сүргіннің салдарынан олар шарасыздықтан Иранға қашады.

VII-VIII ғасырларда несториандық ағым Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларында кеңінен тарайды. Көптеген қалаларда христиан шіркеулері болады. Жамұқат пен Науакет қалаларының мазарларын қазған кезде олардан күміс және қола айқыштары (крестері) бар христиандар қойылғаны анықталды. Қызылөзек қала-жұртынан нефрит айқышының кездейсоқ табылғаны да елге мәлім. Шымкент музейінде Төрткөлтөбе қала-жұртынан табылған, бүйірінде христиандықтың белгісі – айқыш пен көгершін салынған келі қойылған. Таразды қазған кезде VI-VIII ғасырлар қабатынан сирия жазуымен «Петр мен Гавриил» деген жазуы бар қыш саптыаяқ кездесті.

Жетісуда христиан қауымының болғаны туралы деректі құлпытастардағы сирия жазуларынан ғана емес, қыш ыдыстардағы, үлкен хумдардың мойындарындағы соғды жазуларынан да байқауға болады.

Жібек жолымен III ғасырда Иранда пайда болған манихейлік діні де тараған, ол аз уақыт ішінде жеделдетіп Италиядан Қытайға дейін жайылады. Тұтас алғанда ол зороастризм мен христиан дінінің қорытылуынан туған. Христиан дінінен ол мессиандық идеясын, ал зороастризмнен – жақсылық пен жамандықтың, жарық пен қараңғының күресі идеясын алады. Соғдылар манихейлікті таратуда да жетекші рөл атқарады. VIII-ғасырдың бас кезінде манихейлердің жоғарғы басшысының Самарқандта сарайы болған. Манихейлік дін Орта Азияда ұзақ уақыт бойы өмір сүрген, сонда оның пантеонына, терминологиясына, тіпті концепциясына дейін буддизм қатты әсер еткен.

Манихей дінінің өкілдері Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда, ең алдымен отырықшы жұрт арасында болған.

Ортағасырлардағы Қазақстан қалалары тұрғындары арасында б.з.б. VII-VI ғасырларда ежелгі Иран аумағында туған (кейбір мамандар қола дәуірінде Қазақстан аумағында қалыптасқан дейді) зороастрлық діннің де өкілдері болған. Оның әдет-ғұрпы бойынша әлемнің төрт нәрсесі – су, от, жер мен ауа киелі деп қатты құрметтеледі. Зороастр діні ескерткіштерін Орта Азиядан, Соғдыдан, Сырдария қалалары мен Жетісудан кездестіруге болады. Олар мұнара секілді құрылыс қалдықтары, әдетте от мұнараларына ұқсайды. Олар Костөбе мен Қызылөзек қала-жұртының топографиясында сақталған. Алайда Орта Азия мен Қазақстанда зороастрлықтың қағидаға айналған үйреншікті түрі емес, айрықша түрі таралған. Ол жергілікті мәжусилік байырғы дін мен

отқа, ата-бабалар аруағына, жануарларға – қойға, ат пен түйеге табынушылықпен сіңісіп, бірге өріліп кеткен. Осы дінге байланысты табылған нәрселер: мүрдені оссуарийлерге – қыш жәшіктерге, хумдарға салып жерлеу, өлікті жер бетіндегі бейіттерге — наустарға қою, сүйекті үйіп жерлеу сияқты болып келеді. Зороастр дініне байланысты көптеген табынудың жосын-жоралғылары Қазақстан қалаларында ислам пайда болғаннан кейін де сақталып қалды. Мысалы, Тектұрмас, т.б. ескерткіштерден бұл көрініс анық байқалады.

Дегенмен Қазақстанда бел алған ислам бірте-бірте христиан дінін де, будда дінін де, зороастр дінін де, жергілікті тәңіріге табынушылықты да ығыстырып, ысырып тастады. Жаңа «хак» дін Жібек жолының көптеген қалаларында біржолата орнықты.

VIII-IX ғасырлар оқиғаларын баяндайтын деректер Оңтүстік Қазақстан халқының жаппай ислам дініне кіргенін жазады. 840 жылы Нұқ ибн Асад Испиджабты бағындырады. 859 жылы оның інісі Ахмед ибн Асад Шауғарға жорық жасайды. 766 жылдан бастап Жетісуға және Қазақстанның оңтүстігіне саяси өктемдігін жүргізген қарлұқтар мұсылман мәдениетінің ықпалына өзгелерден гөрі бұрынырақ түседі. Олар исламды тіпті Махди халифтың (775-785) кезінде қабылдады деген де пікір бар. Алайда бұл пікір олардың белгілі бір бөлігі жөнінде ғана болса керек, өйткені 853 жылы Исмаил ибн-Ахмад Таразды алғанда «оның басты шіркеуін мешітке айналдырады».

X ғасырдың бас кезінде Қарахандар әулетінің негізін салушы Сатұқ исламды қабылдайды, ал оның ұлы Бограхан Харун б. Мұса 960 жылы исламды мемлекеттік дін деп жариялайды. Жаңа дін біртіндеп көшпелілер арасына да тарайды. XI-XIII ғасырларда ислам дінінің қыпшақтар арасына таралғаны жөнінде де мәліметтер бар.

IX ғасыр мен XIII ғасыр бас кезі аралығындағы ескерткіштерге археологиялық қазбалар жүргізген кездері сол аймақта мұсылмандардың қалалық мәдениетінің құрылып, қалыптаса бастағанын байқалады. Тараз бен Меркеде христиан шіркеулері мешіттерге айналдырылады. Исламды ұстанатын халық саны көбейген сайын қалаларда үлкен мешіттер салына бастайды. Сөйтіп, осы кездерден бастап Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аймағында ислам мәдениеті таралды. Мұны ортағасырлық қалалардан аршылған мешіттер мен медреселердің орындары да айғақтайды.

Исламды тарату заманы кезінде Орта Азия мен Қазақстан қалаларында пайда болған құрылыстар қатарына қоғамдық моншалар да жатады. IX-X ғасырлардың екінші жартысында өлікті жер қазып қабірге қою, шикі кірпіштен мола жасап қою ғұрпы өзгертіліп, мәйіттің басы құбылаға қаратылып қойылатын болады. Қабірге әртүрлі заттар қойылмайтын болады. Мұсылмандардың ең ертедегі қорымы Отырар көгалды аймағында IX-X ғасырларға пайда болған, ал Борана қаласындағы мұсылмандық қорым X ғасырға жатады.

Қалалар мен ауылдық қоныстар. VI-IX ғасыр алғашқы жартысы

Қалалық және отырықшылық тұрмыс географиясы. Қазақстанның кең байтақ аумағында ежелден отырықшылықпен, орта ғасырларда қалалық өмір сүру салтымен сипатталатын ірі тарихи-мәдени өңірлер болды. Солардың бірі Оңтүсті Қазақстан мен Жетісу еді. Оңтүстік Қазақстан немесе географиялық атаумен айтсақ Сырдария маңы географиялық провинциясы солтүстікте Орталық Қазақстан далаларымен, оңтүстікте Талас Алатауымен, шығыста Жуалы қырқасымен, батыста Қызылқұм құмдарымен шектеседі.

Оңтүстік Қазақстанда әсіресе Сырдария алабы ерекше орын алды. Сырдарияның гректер атаған көне атауы VII ғасырға дейін сақталды. Одан кейін ол Сейхун, Қанғар, Гюль-Зарриун, Инчу-Огуз деп аталынды, тек XVI ғасырда ғана алғашқы «Сыр» атауын қайтадан алған еді.

Жетісуда Шу мен Талас өзендері алабын өзіне біріктіретін оңтүстік-батыс Жетісу мен негізгі су артериясы Іле өзені болған солтүстік-шығыс Жетісу секілді екі тарихи-мәдени өңірлер ерекшеленді. Алғашқы өңірдің солтүстік шекарасы Мойынқұм құмдары, шығыстағы шекаралары Шу-Іле таулары, ал батыста ол Жуалы үстірті арқылы өтті. Талас алабы үш жағынан Талас, Қырғыз және Қаратау секілді тау жоталарымен қоршалған. Талас алабы таулы және жазықтық бөліктерге бөлінеді. Шу алқабының солтүстік жағалауы егін егуге өте қолайлы, оны Қырғыз жотасынан ағып келетін көптеген өзендер кесіп өтеді.

Солтүстік шығыс Жетісу оңтүстікте және оңтүстік-шығыста Іле мен Жоңғар Алатауымен, солтүстікте Балқаш жағалауымен шектесетін алып жалпақ ыдыс секілді. Мұнда тау беткейіндегі көптеген өзендер және бұлақтармен суғарылатын Шу алқабы, сондай-ақ Іле, Қаратал, Лепсі алабтары егіншілік үшін ең құнарлы да қолайлы жерлер еді.

Егіншіліктің дамуы отырықшылық өмір үшін қолайлы аудандар Қазақстанның басқа өңірлерінде де болды. Мысалы, Ертіс алабы, Тарбағатай беткейлері, Ұлытау, Орталық және Батыс Қазақстан жерлері, бірақ егіншілік пен қалалық тұрмыс Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісуда кеңінен дамыған еді.

Қала мен дала. Отырықшы және көшпелі халықтардың өзара байланысы ғылымдағы күрделі теориялық проблемалардың бірі болып табылады. Егіншілікпен айналысатын облыстар, қала мәдениеті тағдыры үшін көшпелілердің теріс, қиратушы рөлі туралы пікір бар. Мәселен, көшпелілердің ерекше «психологиялық қоймасы» оларды үнемі егіншілерге шабуылдауға, қалаларды қиратуға мәжбүрлеп отырды-мыс. Мұндай көзқарасты жақтаушылар өз еңбектерінде көшпелілердің жауларына деген қатыгездігін, сыйлыққа деген ашкөздігі мен бопсалаушылығын бөліп көрсетті, ал ежелгі аңыз-әпсаналар далалықтармен фантастикалық адам-жылқы кентавр сынды кейіпкерлерді тығыз байланыстырды. Жабайы көшпендінің, варвардың бұл бейнесі өркениетті қоныстар мен қалалықтарға қарсы қойылды.

Зертеушілердің көпшілігі бұл көзқарасқа қарама-қарсы пікірді ұстанады, көшпенділерді аздап ұлықтап, олардың жосын-жоралғыларын, үлкендерге деген құрметін, қонақжайлығын, ағайынгершілігін, еркіндік сүйгіштігін баса көрсетеді. Олар тіпті ұлы дала хандарын халық сыйлаған, құрылтайларды тек ауқатты ру өкілдері мен тайпа ақсүйектері ғана емес, қарапайым сарбаздар, батырлар маңызды рөл атқарғандығын қайран қала сипаттап жазады.

Бірақ-та «көшпелі әлемді» онымен көршілес отырықшы және қала мәдениетінен бөліп қараған дұрыс емес. Олардың арасында экономикалық және мәдени байланыстар сан ғасырлар бойы қалыптасып, тығыз дамып отырды. Сауда, мал шаруашылығы өнімдеріне деген сұраныс мал шаруашылығының дамуына әсер еткен маңызды факторлар болған еді.

Саудаға, қолөнер мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізуге қала мен дала тұрғындары өзара мүдделі болған.

Әлбетте, көшпенділер мен жер өңдеушілер қатынасы үнемі бейбіт түрде бола қойған жоқ. Көшпенділердің жойқын шапқыншылықтары мен шабуылдары туралы көптеген тарихи дерек көздері сақталған, бірақ отырықшы халықтардың билеушілері де далалықтарға қарсы олардан кем емес қатал жорыққа шыққандығы жөнінде мәліметтер де бар.

Тарихта көшпенділер мен отырықшы халық бірлесіп сыртқы жауларға қарсы күрескендігі жайлы мысалдар да жеткілікті. Айталық, VIII ғ. бас кезінде түріктермен бірлескен Соғды, Шаш және Ферғана тұрғындарының коалициясы Орта Азияға басып кірген араб экспансиясына қарсы тұрды. Жалпы алғанда, Қазақстан мен Орта Азияның отырықшы облыстарының дала көшпенділерімен тарихи заңдылықтағы қарым-қатынастарының дамуы тығыз экономикалық байланыстармен анықталды. Бейбіт қарым-қатынастар көбіне бір мемлекет, бір экономикалық құрылымдағы олардың қарқынды дамуына жағдай жасады.

Ежелгі және ортағасырлық тарихта түрлі факторлар әсерінен көшпенділердің отырықшылық пен қалалық тұрмысқа өтуі жиі болып тұрды.

Түрік-соғды синтезі.

Жетісу қалаларын алғаш рет сипаттаған кісі, осы арадан 630 ж. жүріп өткен, будда қажысы Сюань Цзянь екен. Ол былай деп жазады: «Тұнық көлден солтүстік-батысқа қарай 500 лиден аса жер жүргесін, Сүй-е өзені бойындағы (Суап, Суяб) бір қалаға келдік. Бұл қаланы айнала өлшегенде 6-7 ли. Онда әртүрлі елдерден келген саудагерлер және хусцылар аралас тұрады. Сүйеден батысқа қарай тіке жүргенде жеке-жеке тұрған ондаған қала кездеседі, олардың әрқайсысының өз бастығы бар. Олар бір-біріне қанша тәуелді болмаса да, бәрі де түгелдей **тудзюююге** (қағанға) бағынады. Сүй-е қаласынан Гешуанға (Кушанияға) дейінгі ел Сули деп аталады, оның халқы да осылай аталады... Жер өңдейтіндер мен бас пайдасын көздейтіндер – тепе-тең екен».

Жазба дерек көздеріне сүйеніп В.В.Бартольд Жетісу аумағындағы егіншілік мәдениеті соғдылықтардың отарлауы арқасында пайда болды деген пікірге келген. А.Н.Бернштам Жетісудағы отырықшы мәдениет ескеркіштерін

соғдылықтарға, ал көшпелі мәдениет ескерткіштерін түріктерге жатқызады. С.Г.Кляшторный Жетісудағы соғды қалаларының федерациясы жайлы жазып, олардың саяси және экономикалық дербестігіне ерекше көңіл аударды.

Жетісудағы қала мәдениетінің шығуы туралы миграциялық тұжырымдамадан басқа оған қарама-қарсы автохтондық тұжырымдама да бар. Г.И.Агееваның пікірінше Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңірі «Соғды мен Хорземнің отарлық нысаны болған жоқ, олар Орта Азия халықтарының тарихи және экономикалық өмір-тіршілігінде маңызды рөл атқарған ерекше экономикасы мен мәдениеті дамыған дербес өңірлер болған». Т.Н.Сенигованың пікірінше, Тараз тұрғындары мен оның округындағы қалалар түрік-қарлұқ тайпаларынан құралды.

Бір-біріне қарама-қарсы бұл көзқарастар Жетісудағы ерте ортағасырлық қала мәдениетінің қалптасуын тек этно-генетикалық тұрғыдан шешуге болмайтындығын, бұл үшін мәдениеттанулық талдау қажет екендігін көрсетеді.

Соғдының мәдени кешені түсінігінен қаланың қолөнер, сауда және ауылшаруашылығының орталығы ретіндегі қызметі айқын көрінеді. Қала тұрмысының құрылуы да қызық, археологиялық материалдардан ол тұрғын үйлер архитектурасының тұрақты **конодары** – терракота, керамикалық заттар жиынтығы, ондағы жазулар, қорымдық құрылыстар, жерлеу әдет-ғұрыптары арқылы айқындалады. Соғды мәдени кешенінің Жетісуға таралуы ішінара соғдылардың осы аймаққа тікелей көшіп келуіне байланысты жүзеге асқан. Джамуқат, Бунджикат қалаларының негізін салған да соғдылар. Екінші жағынан алғанда оны мәдени бірлесу-сіңісу процесінің көрінісі деп түсіндіруге болады.

Соғды мәдени кешенімен қатар бір мезгілде Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігіне, Мауренахрға түрік мәдени кешені де тарала бастайды, археологиялық материалдар ішінен ол металдан істелінген аяқ-табақтар мен қару-жарақтың, руникалық жазулары бар заттардың мол табылған олжаларынан байқалады. Осының нәтижесінде VI ғ. – IX ғ. бірінші жартысында Жетісу мен Орта Азияда өзгеше бір мәдени кешен құрылып қалыптасады, оны түрік-соғды кешені деп атауға болады.

Бұл қалыптасудың айқын белгілерінің бірі - Соғды, Мауренахр мен Жетісу қала мәдениеттерінің біртұтастығы еді.

В.М.Массон Сюань-Цзянның Су-ли (Соғды) елі Шудан Басұн тауларына дейін созылып жатқандығы саяси-географиялық немесе этникалық шекараны білдірмейді, онда соғды-түрік эталоны айрықша рөл атқарған мәдени-тарихи облысы айтылады деп әділ көрсетеді.

Пәрменді мәдени синтез этногенетикалық процестер аясында өтіп жатады. Сонымен ертеректегі орта ғасырлар кезеңінде Қазақстанның оңтүстігінде өз бойына Соғдының мәдени кешенін сіңіріп қорытқан ерекше мәдениет қалыптасады. Бұл бірлесудің жарқын көрінісі қала мәдениетінен байқалады.

Қалалардың қалыптасуы. Қала мәдениеті дамыған Оңтүстік Қазақстан мен Оңтүстік-Батыс Жетісу сынды екі өңірді атауға болады. Жазба дерке

көздеріне қарағанда Оңтүстік Қазақстанда VI-IX ғасырларда алты қала болған – олар «Ақ өзендегі қала» Испиджап, Шарап, Будухкент, Усбаникент, Отырар мен Шауғар. Бірақ-та археологиялық мәліметтер бойынша олардың саны 30 шақты.

Дерек көздерінде Оңтүстік-Батыс Жетісудағы 21 қала аталады, олардың арасындағы ең ірілері Тараз, Жамуқат, Атлах, Құлан, Мерке, Аспара, Суяб, Навакет еді. Қалаларға археологтар мәдени қабаты VI-IX ғасырларды қамтитын және қаланың белгілері бар (топографиялық ерекшелік, көлемі, археологиялық олжалар, географиялық орналасу жағдайы) ескерткіштерді жатқызады. Қалаларға тән нақты геометриялық жоспар әуелден-ақ құрылыстың орталықтана бастауын көрсетеді. Қазба кезінде мәнет, шеттен әкелінген заттардың, қолөнер өнімдерінің кездесуі де қалаларға тән нәрсе. Әдетте, қалалар сауда және стратегиялық жағынан қолайлы жерлерде немесе шағын аудандар мен облыстар орталығында орналасты. Сонымен қатар, аталған белгілеріне қарай қалалар классификациясын жүргізуге және оларды астаналық ірі қала деп, орташа, шағын деп бөлуге болады. Айталық, Оңтүстік Қазақстанда астаналық қалалар – Испиджаб, (Сайрам қала-жұрты), Отырар (Отырартөбе қала жұрты), ал Оңтүстік-Батыс Жетісуда – Тараз, Навакент (Қызыл өзен), Суяб (Ақбешім қала жұрты).

Қала мәдениеті орталықтарының бірі болған Оңтүстік Қазақстанда отырықшылық пен егіншілік дәстүрі сақ және қауыншы, отырар-қаратау мен жетіасар археологиялық мәдениеттерін қалдырған қаңлылар дәуірінен бастау алады. Оларға егін және мал шаруашылықтары, ақша айналымының шектеулігі тән еді. Бұл мәдениеттердің ерте қоныстары Отырартөбе, Оқсыз, Бұзық, Марданкүйік, Құйрықтөбе және т.б. Оңтүстік Қазақстан ортағасырлық қала ескерткіштеріне негіз болды. Бұл мәдениеттердің үй құрылысы, қыш ыдыстарын жасау, тұрғындардың рухани дүниетанымдық дәстүрі ерте феодализм кезеңінде де сақталды.

Әрине, қала мәдениетіндегі дәстүрмен қатар жаңа инновациялық элементтерде байқалады, нәтижесінде Оңтүстік Қазақстанда қала мен қалалық мәдениет қалыптасады.

Оңтүстік-Батыс Жетісуда қалалардың қалыптасуы біршама басқа жолда дамыды. Мұнда Оңтүстік Қазақстандағыдай отырықшылық пен егіншілік дәстүрлер дами қойған жоқ. Бұл шаруашылығындағы мал өсіру басым болған сырдариялық мәдениеттің ең шеткі аймақтары еді.

Қалалар мен қалалық мәдениеттің дамуында Жібек жолы арқылы жасалынған сауда маңызды рөл атқарды. Қалалар сауда жолдарының бойларында орналасқан. Бірақ, сауда қала дамуындағы маңызды фактор болғанымен, қалалардың әкімшілік билік, қолөнер мен рухани мәдениет орталығы секілді функция атқарғанын жоққа шығара алмаймыз.

Қазақстанның ерте феодалдық қалаларын Орта Азия қалаларымен салыстырғанда, алғашқыларының ауыл шаруашылығымен өте жоғары дәрежеде байланысты болғандығын аңғарасыз, бұл көшпелі рыноктың бидай мен егіншілік өнімдеріне деген сұранысынан тундаған еді.

Қалалардың топографиясы мен типологиясы

Қазақстанның оңтүстігіндегі қалалар ортаазиялық қалаларға ұқсас – бекініспен қоршалған немесе бекініссіз цитадель, шахристан мен рабадтан тұрады. Көп жағдайда олар жоспары бойынша дөңгелек. Тау беткейіндегі белдем мен Сырдарияның төменгі ағысында тік бұрышты жоспарда салынғандары басым.

Оңтүстік-Батыс Жетісу қалаларына орталық цитадель (орталықта орналасуы сирек) төбесі мен тік бұрышты, бес бұрышты, трапеция, көп бұрышты жоспардағы шахристан қалдықтары да анық байқалады. Қалаға кіретін қақпа бірден төртке дейін. Рабадтар ауылдық округтерге қосылып кеткен, сол себепті екі құрылыс арасындағы нақты шекараны табу өте қиын. Орталық қирандыларға ұзындығы үштен ондаған шақырымға жететін «ұзын қабырғамен (дуалмен)» қоршалған территория жалғасады.

Қалалар құрылымы. Цитадель – қалада кездесетін міндетті бөлшек болып табылады. Ол қаланың бекініспен мейлінше күшейтілген бөлігі еді. Мысалы, Құйрықтөбенің VII-VIII ғасырлардағы цитаделі биіктігі 10 метрге жететін пахсалық платформадағы замок түріндегі құрылыс еді. Ортада солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 15 метрге созылған зал орналасты, оның ені 10,5 м-ді, ал жалпы алаңы 57,5 шаршы м-ді құрады. Салтанат залы мен оған жапсарластырыла солтүстік-шығыс, солтүстік-батыс және оңтүстік-батыстан салынған бөлмелер арқылы есігі шахристанға шығатын айналмалы дәліз болған. Ол арқылы салтанат залына, солтүстік-шығыстағы бөлмелерге баруға болатын еді. Гелереяның батыс бөлігі де осы ұзын дәліз арқылы залмен жалғасты. Қораптық жиынтықпен жабылған бұл дәлізде сарайдың шатырына апаратын тепкішек орналасты.

Салтанат залының болуы, ағашқа ойып салынған суреттердің табылуы құрылыстың репрезентативті мәнін көрсетеді, мұнда негізінен қала билеушісі орналасса керек.

Баба-Ата қаласы орнының қамалын қазған кезде мұнда VI-VIII ғасырларда көлемі 240 шаршы метр болатын екі қабатты құрылыс болғаны анықталды. Бірінші, төменгі қабатында диаметрі 5,8 м болатын, күмбездеп жабылған салтанат залы болған. Екінші қабатына қорап сияқты етіп жабылған алты бөлме салынған. VI ғасыр мен VIII ғасырдың алғашқы жартысындағы Ақтөбе-1 қаласының ішкі қамалының орнынан саз қабатынан үш метр етіп тұрғызылған биік тұғыр үстіне орнатылған екі қабатты замок табылды.

Луговое цитаделіндегі қазба жұмыстары мұнда да VII-VIII ғасырлардағы замок түріндегі құрылыс орнының ішінара аршылуына мүмкіндік берді.

Қала махалласы және тұрғын үй. Қалалардың шахристандары махаллаларға топтастырылып, үйлер тығыз салынған. Қалалардың махаллаларға бөлінуі феодалдық қоғам үшін заңды көрініс болатын. Ол туыстық дәнекерлікпен, ортақ кәсіппен, діни көзқарастармен топтасқан адамдардың сол қоғамға тән топ болып тұйықталуымен байланысты болған еді.

Оңтүстік Қазақстан қалаларының жұртына кеңінен жүргізілген қазба жұмыстары жеке махаллаларды, олардың шекараларын бөліп көрсетуге және мынадай анықтама ұсынуға мүмкіндік берді: «махалла дегеніміз қала құрылысының ішіндегі көшелер немесе үлкен көшенің бір бөлігін біріктіретін бірнеше үйлерден тұратын шағын алабы. Махалланың сыртқы беті жабық болады, көрші махаллалармен шекарасы барлық үйлердің сыртқы қабырғалары мен шеткі үйлердің бүйірдегі қабырғаларын бойлай өтеді» /32/

VI-VII ғасырдың бірінші жартысындағы махаллалар Отырар алқабындағы Көк-Мардан қаласының жұртын қазған кезде аршылды. Үйлердің үш тобын махаллалар деп санауға болады. Олардың әрқайсысы үлкен «солтүстік» көшеден тарап, бекініс дуалына барып тірелетін тұйық көшемен біріккен. Тұйық көшелердің ұзындығы - 15, 12, 10 м, махаллалардың көлемі – 370, 350 және 300 шаршы метр. «А» махалласында бес үй бар, біреуі діни үй, «Б» және «В» махаллаларының әрқайсысы 4 үйден тұрады.

Әзірге жекелеген махаллалар тұрғындарының қоғамдық жағдайы жөнінде пайымдау жасауға қолдағы мәліметтер жеткіліксіз, тек қазба жүргізілген махаллаларға әлеуметтік теңдік тән екендігін айта кетуге болады.

Ғибадатханалар, храмдар. Оңтүстік Қазақстан мен Оңтүстік-Батыс Жетісуда түрлі діни қауымдардың ғибадатханалары мен храмдары болған Көкмарданнан жоспары шаршы тәріздес, ауданы 4,4 м бір бөлмелі ғибадатхана аршылған. Кірер есікке қарама-қарсы орталық қабырғада еденнен 0,5 м биіктікте қой мүйізі түрінде ойылған тікбұрышты қуыс орналасқан. Оның астында күлдің қалың қабаты бар тұғыр орнатылған. Ғибадатханаға тікелей ұқсас құрылыстар жоқ, бірақ кушан уақытымен мерзімделінген Хорезмдегі Гуяр қаласындағы құрылыс залымен кейбір ұқсастықтар бар.

Оңтүстік-Батыс Жетісу қалаларындағы буддизмнің рөлі айқынырақ байқалады. Кезінде Ақбешім қаласынан екі, Қызылөзен қаласынан да екі будда діни ғимараттары аршылған болатын. Алғашқысы целла (ғибадатхана), оңтүстік-шығысқа ашылған айналма дәліз бен залдан тұрады. Қабырғасынан жазу іздері анықталған. Ақбешім қаласындағы екінші будда діни топографиясы жағынан біріншісіне жақын. Қазба жұмыстары оған ерте кездегі құрылыс орны платформа ретінде пайдаланылғанын көрсетіп берді. Діни ғимарат VII-VIII ғасырларда бірнеше рет қайта салынып пайдаланылды. Оның целласы аумағы 6x6 м шаршы жоспарлы құрылыс. Ұзын шикі кірпіштен көтерілген ғибадатхана қабырғасының қалыңдығы 2,6 м. Төбесі күмбезделіп жабылған. Целлаға шығыстан кірген. Кіретін есік алдына кіреберіс далда соғылған. Целланы оңтүстіктен, батыс пен солтүстіктен галереялар қоршап тұрды. Кейіннен пилон-контрфорс, кірер есігіне текпішек салынған. Қабырғасын екі рет сылаған, ганчпен сылап, жазу жазған. Жазулар көк, қара, қызыл, жасыл түстермен түсірілген. Тамбур мен ғибадатханаға кірер тұстан табылған мүсін фрагменттері ол қайта салынған уақытқа жатады. Олар қол, жамбас, аяқ, бет-пішін мен бас фрагменттерінен,

киімге жабыстырылған көптеген әшекейлерден, бас киім бөлшектерінен тұрады.

Діни ғимаратты қазу басталғанда-ақ галереяның батыс айналма жолынан басы солтүстікке бағытталған нирванадағы Будданың үлкен мүсіні табылды. Мүсін ішінара сақталған, басы мен денесінің жоғарғы бөліктері ілкі замандарда қиратылған. Мүсіннің сақталған ұзындығы 8 м. Мүсін мен ол жатқан постамент қызыл түске боялған. Түргеш мәнеттері олжаларына сай діни ғимарат VIII-IX ғасырлармен мерзімделінеді.

Ақбешім қаласынан V-VI ғасырларға жататын христиан шіркеуі табылған. Бұл құрылыстың үлкен бөлігін аула құрайды, ал шіркеу оның шығыс жағында орналасты, ол аумағы 5,3x4,2 м құрылыс.

Бекініс құрылыстары. Өңірдегі ерте ортағасырлық қалалардың қорғаныс құрылыстары әзірге аз зерттелген, бірақ қазір оларда бекініс кеңінен пайдаланылғанын қорытындылауға болады. Қала бекінісі құрамына цитадель мен мұнаралы қорғаныс қабырғалары (дуалдары) кірді.

Ерте орта ғасырлардағы қала қабырғаларының ішкі жағынан ататын галереялар мен соғысатын орындары жоқ монолитті сазбалшық құрылыстары болды, оны қабырға үстіндегі тісті жақтаумен жабылған алаңқай алмастырды. Құйрықтөбе цитаделіндегі бекініс қабарғасында жүргізілген зерттеулер іргетасқа қаланған қабырға пахса блоктарынан қаланып, табанындағы ені 2,7 м болғандығын көрсетті. Оның бұрыштарына ішкі жағында шағын орындары бар жартылай дөңгелендіріліп мұнаралар салынды.

Талас алабындағы Тараз қаласы биіктігі 15-20 метрге жететін күшті дуалмен қоршалған еді. Оның қабырғасы малтатас қабатымен кезекпен өрілген пахса блоктарынан тұрғызылды.

Қаланы айналдыра қоршап тұрған ұзын дуалдар ленталы техникамен қам кірпішті, малта тас пен ұсақ тас қабаттарын пайдаланылып салынғаны қиынды түсірген кезде белгілі болды. Дуал параметрі әр-қилы - ені 2-ден 5 метрге дейін, ал сақталған биіктігі 5 метрге дейін жетеді.

Қалалық тұрғын үй мен демографиялық сауалдар. Алғаш рет кең ауқымдағы қазба жұмыстары нәтижесінде Оңтүстік Қазақстанның ерте ортағасырлық қалалық тұрғын үйлері жөнінде түсінік алынды.

VI-VII ғасырдың бірінші жартысына үйлердің екі үлгісі тән. Бірінші үлгідегі үй – бір бөлмелі, тік бұрышты жоспармен салынған. Осындай көлемі 43 шаршы метр болатын үйлердің бірінде ұзындығы 4 метрлік иілген дәліз бар. Кіреберісі тамбур пішіндес. Батыс және солтүстік қабырғаларын бойлай ортасына қарай шығыңқы келген сөрелі сәкілер орнатылған. Сәкілердің ені 1 м, шығыңқы жері – 1,2 м, биіктігі 40-45 см. Кіреберістің қарсы алдынан ортаға ернеулері балшықпен сыланған көлемі 1x1,5 м болатын тік бұрышты жерошақ қазылған. Кіреберістің қарсы алдынан ортаға ернеулері балшықпен сыланған көлемі 1x1,5 болатын тік бұрышты жерошақ қазалған. Кіреберістің қарсы алдынан ортаға ернеулері балшықпен сыланған көлемі 0,2x0,2 м болатын екі камин (қабырғадағы ошақ) орналасқан. Оңтүстік-шығыс бұрышы саз қалқаман бөлінген, бұл шаруашылық бөлімі,

өзінше бір алаң. Жайдың еденінен тік бұрышты төрт шұңқыр – тіреуіш бағаналардың орны тазартылды. Төбесінен, сірә, жарық түсетін әрі түтін шығатын тесік жасалған болса керек. Сонымен бірге түтін есіктен де шыққан, сондықтан да ошақ пен каминдер есікке жақын тұр.

Үйлерде диірмендерге арналған тумба тәрізді тұғырлар бар. Хумдар, азық-түліктің өнімдерін сақтауға арналған ыдыстар бұрышта, сыпада орналасады. Күйдірілген саз балшақтан жасалынған бөшке тәрізді және астау секілді ыдыстар да дақылдарды сақтау үшін пайдаланылды.

Жекелеген үйлердің аумағы өзгеріп отырды. Ең үлкен үйлер – 35-45 шаршы м, ал аса үлкен еместер – 12-20 шаршы м аралығында. Үлкен үйлерде шатыр төрт жерінен тірелді, ал орташа деңгейдегі үйлерде бір ағашқа немесе қиюластырылған екі бөрене бір бағана-тіреуге бекітілді. Шағын үйлердің шатырлары тек қана қабырғаға бекітіліп тұрды.

Екінші үлгідегі үйлерге екі бөлмелі үйлер жатады. Екінші бөлме – қойма – бастапқы бөлмеден мықты қабырға арқылы бөлінген.

Оңтүстік-Батыс Жетісудың ерте ортағасырлық қала үйлері жеткілікті дәрежеде зерттелмеген. Ол туралы Қызылөзен, Луговое, т.б. ескерткіштерде қала сыртындағы YII-YIII ғасырларға жататын жұмыстар түсінік бере алады.

Замоктардың тұрғын бөлмелері ашық үлгідегі ошақтармен жылытылды. Сондай-ақ, қабырғалық және сына шетіндегі ошақтар да кездеседі.

Орта Азия мен Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлардағы тұрғындар санының өсуін анықтау нақты сандық мәліметтер жоқтығынан едәуір қиындықтар туғызады. Жазба дерек көздеріндегі тұрғындар саны өте мардымсыз, мұндай мағлұмат бола қалғанның өзінде көбіне ақиқатқа қайшы келеді. Сәл де болса нақты ақпараттар археологиялық мағлұматтарға негізделеді.

Демографиялық ахуалды анықтау әдісі әлі де жетіле қойған жоқ, бірақ демографиялық қаламалар ескерткіш алаңын толығымен тазалауы ұлғайғанда, оның махаллалық құрылыстары мен баспаналар сипатына қарап есептегенде сәл де болса шындыққа жақындай түседі.

Орталық төбе сыртындағы тұрғындарды есептегенде Көкмарданда 1625-1950 адам өмір сүргендігі айқындалған. Бір гектар жердегі халық тығыздығы 560-650 адамды құрады. Салыстыра айта кетсек, ортағасырлық Пенджикентте 230 адам тұрды. Мұндай жағдайды тек қаладағы тұрмыс-тіршілік салтымен түсіндіруге болады. Қала тұрғындары жаздыгүні қала сыртына, бау-бақшаға, жайылымға көшті. Оңтүстік Қазақстан қалаларына тән бұл өзгешелік соңғы уақыттарға дейін сақталды. Баспана мен демографиялық қаламалар сипатына қатысты жүргізілген археологиялық зерттеулер, жекелей алғанда бір гектардағы құрылыстардың тығыздығы Оңтүстік Қазақстан халқында аталған тұрмыс-тіршілік салты кем дегенде YI ғасырдан бастап таралғандығын айғақтайды.

Қалалар функциясы. Сауда-қолөнер орталығы ретінде қалалардың дамуы қолөнердің ауыл шаруашылығынан бөліну үрдісімен үстем тапқа негізінен қызмет көрсетуші қолөнер өндірісінің мейлінше дамуымен тікелей байланысты болды.

Әзірге ғалымдардың қолында ерте ортағасырлық қалада қолөнердің дамуы туралы мәлімет аз, ең алдымен ол бізге жеткен - қыш ыдыстар, металл, сүйек пен тас бұйымдар секілді дайын өнімдер арқылы ғана белгілі. Тоқымашылық, тері, жүн, киіз өндіру ісі жайлы мәліметтер одан да мардымсыз. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларындағы қолөнердің бұл салалары жайлы жазба дерек көздерінде айтылғанымен, олар біршама кейінгі уақыттарға жатады.

Қыш ыдыстарды өндіру қолөнердің басты бағыттарының бірі болды. Көкмардан қазбасынан, Құйрықтөбе мен Отырардың VII-VIII ғасырлардағы мәдени қабаттарынан шот, пышақ, орақ жинастырылған, табылған темір крицалар оның осы жерде өндірілгендігін айғақтайды. Мыс өндірісі де осы жерде өндірілгендігін дәлелдейді. Мыс өндірісі Жетіасар қаласының жоғарғы мәдени қабаттарынан табылған мыс тоғалар мен белбеу айылбастары арқылы да белгілі. Зергерлік өнер шыңын киім киген еркек пен әйелдің бейнесі, табаны көтерілген түйе мүсіндері бедерлі алтынмен апталғын нәзік қола тоғалар, сырға, білезік бойынша да пішіп-кесуге болады.

Сүйектен жасалынған жебе қапсыры, жанурлар сүйегінен дайындалған тұмар, кесілген марал мүйізі табылды. Тас қашаушы шеберлер диірмен, дәнүккіш жасады.

Сауда мен ақша айналымы қалалар дамуындағы аса маңызды факторлардың бірі болды. Қала материалдық игілікті өндіріп қана қойған жоқ, сонымен бірге сауда да жасады, бұл орайда оның екінші міндетін сол заман үшін ең маңызды деп санауға болады. Қалалар тауар айырбасының негізгі үш бағыты: елдер арасындағы, қала мен оның төңірегі арасындағы және қала мен көшпелі дала арасындағы бағыттары осында тоғысып жатты. Сол кездегі халықаралық керуен жолымен сауда жасау кеңінен өріс алды, оның дамуында соғдылар мен түріктер маңызды рөл атқарған болатын. Ұлы жібек жолының солтүстік тармағы Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу арқылы өткен. Оның Суяб, Тараз және Испиджаб қалалары арқылы өтетін телімдерінің көп рет суреттелгені мәлім. Испиджабта одан солтүстік-батыс жақтағы Фарабқа, Шауғарға және одан әрі Сырдарияның төменгі ағысы мен Орталық Қазақстан даласына кететін тармақтары шыққан.

Сауда түрік ақсүйектеріне едәуір пайда келтірді және де нақты атап айтқанда, қолға түсірілген олжаны сатуға мүмкіндік берді. Сол себепті де 567 жылдың өзінде-ақ Иштеми-қағанның сауда ісін жолға қою үшін Иранға екі рет елші жібергені кездейсоқ емес еді. Елшілік табыс әкелмеді. Сонда қаған Византияға да елші жіберді, бұл жолы елшілік сапар сәтті аяқталып, екі мемлекет арасында сауда-саттық қатынас жолға қойылды.

Қытайдан жібек, қағаз, айналар әкелінді. Орта және Таяу Шығыстан, Византиядан Қытайға опа-далап, бабылдық кілемдер, асыл тастар, інжу-маржандар, шыны, маталар жеткізіліп отырды.

Соғдылықтар күміс бұйымдар, түрлі-түсті шынылар, дәрі-дәрмек және бояу заттарын, кілемдер шығарып, сатумен айналысты. Византиядан, Соғдыдан, Қытайдан және басқа елдерден шыққан әсемдік заттарының бір

бөлігі түрік шонжарларының ордаларында, қала тұрғындарының үйлерінде қалып отыратын.

Жетісудағы археологиялық олжалар арасынан византиялық таңбалар басылған күміс құмыраларды, византиялық және оларға еліктеп жасалынған алтын мәннеттер, қытай айналарын ерекше бөліп көрсетуге болады.

IX ғ. - XIII ғ. бас кезіндегі қалалар

Қалалар санының өсуі, типологиясы мен топографиясы. Жазба дерек көздері Оңтүстік Қазақстан қалалары туралы нақты мәлімет береді. Егер осының алдындағы кезеңнің жазбаша деректерінде 6 қала ғана аталса, осы уақытта олардың саны 33. Деректерде тау етегіндегі белдеулерде жаңадан Жумишлагау және Манкент қалалары аталады, сол кезде Арыстың орта ағысында орталығы Усбаникет болған Кенже округі құрылады. Фараб округінде Отырардан басқа, жаңа астана Кердер, Весидж және Бұзық қалалары қалыптасады. Шауғарда Яссы және Шағылжан, Қарнақ, Қарашық және Шур (Сури) қалалары пайда болады. Дерек көздерінде алғаш рет ірі Сауран қаласы, сонымен қатар Сырдарияның төменгі ағысындағы Сығанақ, Янгикент, Жент, Асанас, Баршынкент аталады. Қаратаудың солтүстік беткейлерінде Баладж бен Берукет, Сырдарияның орта ағысында Сүткент қалалары орналасты.

Сырдарияның төменгі ағысы мен Қаратаудың теріскей беткейлерінде қалалардың қалыптасу үрдісі мейлінше шапшаңдай түседі. Осы уақыттарда рабадтар қалыптасады. Рабадтар көлемі қалалардың аумағы ұлғая түскендігін көрсетеді. Мәселен, Отырардағы рабадтың көлемі 170 гектарға дейін жетті, ал бұрын ол 5-7 гектардан аспаған еді. Әрине, бұл цифрларды кең көлемде қазу жұмыстары жүргізілгенге дейін түпкілікті деп санауға болмайды, бірақ рабадтардың аталған шекараларының нақ IX-XII ғасырларда қалыптасқаны даусыз. Бұл Ақтөбе-2, Баба-ата, Құйрық, Марданкүйік, Испиджаб, оң жағалаулық Бұзық, т.б. қалалардан анық білінеді.

Қалалар алаңын салыстыру ескерткіштерді үш топқа бөлуге мүмкіндік береді. Біріншісіне жалпы аумағы 30 га-дан асатын қалалар кіреді. Бұл топтағылар облыс, жекелеген иеліктер орталықтары немесе жай ғана ірі қалалар болды. Екінші топтағы қалалардың аумағы 15 га-дан 30 га-ға дейін жетеді. Оларды орташа көлемдегі қалалар деп санауға болады. Үшінші топ қалалары өте көп – бұлар қала жұрттарының қалдықтары.

Жетісудың оңтүстік-батысында жаңа қалалар саны да артты. Жазба дерек көздері бұрынғы 21 қала орнына 26 қаланы атап көрсетеді. Айта кететін жайт, бұлар жаңадан қалыптасқан Талас аңғарындағы Жікіл, Балү, Шөлжі, Такабкет, Көл, Кенжек қалалары есебінен артты. Шу алабындағы Баласағұн астанаға айналды.

Қалалардың орталық қираған жұртының көлемі бұрынғы күйінде қалған, оның есесіне ұзын дуалдар ішіндегі құрылыстар неғұрлым тығыз бола түседі, онда тұрғын үйлері бір-біріне қаратылып тұрғызылған және аулалары бар жүйелі түрде жоспарланған усадьбалы учаскелер қалыптасады.

Бұлайша жоспарлау қазіргі құрылыс аз жүргізілген Ақтөбе, Степнинское, Төлек және Сретинское қала жұрттарында сақталған.

Ертедегі орта ғасырларға арнап жасалған қала жұрттарының типологиясы бойынша Табакет пен Сус (Талас Ақтөбесі және Шалдобар қалаларының жұрттары), сондай-ақ Кенжек, Сеңгір (Шаруашылық) және Шелже орташа қалаларға жатады. Сірә, Шелже ең алдымен әкімшілік орталық болған секілді, өйткені мұнда оның қолөнер, сауда сынды функциялары дами қоймаған.

Солтүстік-Шығыс Жетісуда IX-XIII ғасырлардың басында қала мәдениетінің жаңа ауданы қалыптасты. Егер IX-X ғасырларда Солтүстік-Шығыс Жетісудың бүкіл аумағында 10 қала ғана болса, XI-XIII ғасырлардың басында олардың саны 70-ке дейін көбейген. X ғасырдағы деректер Іле аңғарының сол жағалауында орналасқан екі қала – Талхиз (Талғар) және Лабан қалалары туралы хабарлайды. Ортағасырлық авторлардың мәліметтеріне қарағанда XI-XIII ғасырлар кезінде мұнда 4 қала мен 6 ірі қалашықтар болған.

Солтүстік-Шығыс Жетісудағы барлық қала жұрттары «төрткүл» немесе «цитадельсіз» аталатын үлгіге жатады. Олар тік бұрыш, трапеция түрінде жаспарланған немесе дөңелек болып келеді, жалпы жер бетінен сәл дөңестеніп тұрады және барлық жағынан бұрыштары мен бойында мұнаралары бар дуалдармен қоршалған. Әдетте дуалдардың ортасына орналасқан бір, екі, үш және төрт қақпасы болады. Төрткүлдердің аумағы әр қилы болды, қабырғасының ұзындығы 260 метрден 1 км-ге дейін жетті.

Солтүстік-Шығыс Жетісу төрткүлдерінің аумағын салыстыру бұл қалаларды төрт топқа жіктеуге мүмкіндік береді.

Біріншісіне аумағы 30 га-дан асатын қалалар енген. Бұлар көп қабатты ескерткіштер, мәдени қабаттарының қалыңдығы 2-3 м-ге жетеді, тіпті одан да асады. Қазба кезінде түрлі керамика, шыны, мәнәт, қолөнер шеберханалары мен өндірістік күл-қоқыстардың табылуы мұнда қолөнер мен сауданың дамығандығын айғақтайды. Бұлар – Антоновское, Дүнгене, Шілік секілді ірі қалалар мен астаналық орталықтар еді.

Екінші топқа ауданы 10-нан 30 га-ға дейін жететін Талғар, Сүмбе мен Ақмола қалалары кіреді. Талғар – Талхизбен, Сүмбе – Лабанмен салғастырылады. Ұзақ жылдарға созылған қазба барысында қолөнердің дамығаны анықталған, сондай-ақ көптеген шетелдік заттар аршып алынған.

Үшінші топтағы қалалардан қақпалық бекіністер, көптеген мұнаралар орны мен жұқа мәдени қабат анықталған. Бұл топтағыларды баспана немесе қалалық-ставка ретінде белгілеуге болады. Оған Алматы, Лавар, Қапал, Ақтам, Арасан, т.б. жатқызылады.

Төртінші топтағы қалалар аумағы 10 га-дан аз. Оларға тұрғын үй дуалдарының ішкі жағында орналасуы, ішкі ауланың болуы тән. Іле қалалары жұртының бұл тобы бұрынғы көшпелілер мен жартылай көшпелілердің ауылдық қоныстары деп санауға болады. Олардың кейбіреулері керуен-сарайлар болуы да мүмкін.

Қалалар құрылымындағы өзгерістер. Оңтүстік Қазақстанда қала орындары көпшілігіндегі қамалдардың (цитадельдің) салынуы уақыт өте келе өзгерістерге ұшыраған. Құйрықтөбе қамалын қазу мұнда IX ғасырдың бірінші жартысында өрт болып, соның салдарынан сарай кешені қирағаннан кейін бірсыпыра уақыт өткен соң толық қайта жоспарлау жүргізілгенін көрсетті. VIII-IX ғасырдың бірінші жартысындағы құрылыс кешенінің іргелі дуалдары шегінде қарапайым құрылыс махалласы салынады. XI-XIII ғасырдың басында нақ сол жерде қыш-құмырашылар махалласы қалыптасады.

Отырар алқабының оң жағалауындағы Оксус, Бұзық қамалдарында (цитадельдерінде), тау етегі өңіріндегі Бұлақ-Қоғал қаласында қарапайым тұрғын үй құрылыстары пайда болады. Кейбір қалалардың цитаделі соншалықты анық бөлектене қоймай, жалпы құрылыстармен астасып жатады, тіпті топографиясы да байқала қоймайды, мысалы Байыркұм, Төрткүлтөбе, Балықшы қалаларындағы жағдай осындай.

Қазба жұмыстарының көрсеткеніндей, қала бұрынғысынша қаланың жалпы құрылысына қатынасы жөнінен сол баяғы тұйықталуы сақталған жекелеген тұрғын үй махаллаларынан тұрады және махалланың барлық үйлерінің кірер есіктері жалпы махалла ішіндегі кішкене көшеге қаратылатын жоспарлау үрдісімен сипатталады.

Құйрықтөбедегі қазба жұмыстары қолөнердің махаллалық шоғырлануын анықтай қойған жоқ, тек бір жерден ғана құмырашылар махалласы кезіккен. Топографиялық байқаулар мен жазбаша деректемелердің көрсетіп отырғанындай, бірқатар қалаларда махаллалардың тұрғындарының атақ-даңқы мен байлық дәрежесі бойынша бөлінетіні байқалады. Әзірше қазақстандық махаллаларға қарап, оларды көрінеу кедей немесе бай деп бөлуге болмайды. Олардың бәрі де әлеуметтік жағынан араласып кеткен.

Қарастырылып отырған кезеңдегі қал құрылысының құрылымында пайда болған жаңа элемент мешіт болып табылады. IX-XII ғасырлардағы жазбаша деректемелерде қалаларды сипаттаған кезде мешіт, оның қалада орналасуы – баяндаудың міндетті элементі болып табылады.

Егер қалаларда мұсылмандар саны аз болса, олардың қажеттілігін шағын дәстүрлі архитектуралық кешендер қанағаттандырды. Ал дінге ұстанатындар көп шоғырланған жерлерде міндетті түрде үлкен мешіттер салынды. IX-X ғасырлардағы дерек көздерінен христиандық шіркеулер мешітке айналдырылғандығы белгілі, Тараз бен Меркеде осылай болған еді. Әл-Макдиси еңбегінде Кедерде үлкен мешіт соғылғандығы жайлы хабарлама сақталған. Кедермен салғастырылған Құйрықтөбедегі қазба жұмысы кезінде дәл осы мешіт қалдықтары ашылса керек. Мешіт қала орталығында үлкен көшелердің қиылысында орналасты. Ерте, «төменгі» құрылыстан көлемі 22x22x4-5 см күйдірілген кірпіш қабырғалары сақталған. Ол түгелдей бұзылып алынғаннан кейін оның орнына жаңа мешіт салынған. «Жоғарғы», кейінгі мешіт XIII-XV ғасырлардағы мұсылмандық жерлеу орындарының кірпіштері ретінде алынғанымен, негізгі нобайы қалпына келтірілген. Оның қалыңдығы 1,5 м қабырғасы күйдірілген және қам кірпіштермен өрілген.

Мешіттің сыртқы қабырғасымен айналдыра есептегендегі аумағы – 36,5x20,5 м. Ол оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай созылып жатыр. Солтүстік-батыс бөлігі жақсы сақталған, бұл жерден күйдірілген кірпіштен тұрғызылған 16 негізгі колонна болғаны анықталды; Қысқа қатарда бесеу, ал ұзын қатарда 10-нан. Колонналар арасы 3-3,2 м аралығында. Шеткі базалар мен қабырғалар арасы 1,5 м.

Құйрық мешіті бағаналық, немесе колонналы құрылысқа жатады. Мұндай мешіттердің аумағы колонналар мен төбенің стандартты шаршылы санына байланысты болды, олардың арасындағы кеңістік 3,5 метрден 4,6 метрге дейін жетті.

Қала өмірінде базар мен сауда орындарының құрылыстары маңызды рөл атқарды. Қала ішіндегі рыноктарды араб авторлары «сүк» және «асуак», парсылар «базар» деп атады. Базарлар шахристан, рабад аумғында да орналаса берді. әл-Истахри мәліметіне қарағанда Испиджабта олар шахристанда, ал ибн-Хаукал мағлұматы бойынша бұл қаладағы «рыноктар мектебінде да, рабадта да болады».

Дереккөздері дүңгіршіктерді де жан-жақты сипаттап беріп отырады. Оңтүстікқазақстандық қалада олар пенджаптықтарға қарағанда шағын базарларды құрамайды, бір-бірінен алысырақ орналасады. Дүңгіршік еденінде жер ошақтар болды. Дүңгіршіктерге қазылып қойылған хумдардан тұратын шағын қамбалар жасалынды.

X-XII ғасырларда Оңтүстік Қазақстан қалаларында монша соғыла бастады. Одан сәл бұрын оларды Орта Азияда соға бастаған болатын. Үлкен қалалардағы моншалар саны он-ондап есептелінеді. Қоғамдық құрылыстар арасынан моншалар көрнекті орын алды. Отырар рабадынан XI-XII ғасырларға жататын екі монша аршылған. Сақталуы нашар болса да солтүстік рабад аумағындағы монша жоспары айқышқа (крестке) негізделгені анықталды: орталық бөлмесі төрт басқа бөлмелермен жалғасқан. Дем алатын орындары бар орталық залдан басқа жуынатын, шешінетін, дем алатын, сондай-ақ құдайға құлшылық ететін бөлмелер де болды. Суды жылытатын және суға арналған цистерналар тұратын бөлме моншаның шығыс жағында орналасқан. Ағын су құбырлар арқылы бөлмеден тысқары шұңқырға құйылды. Монша ыстық өткізетін каналдар көмегімен жылытылды.

Отырар шахристанындағы бекініс қабырғаның қиындысы оның VI-VIII ғасырларда тұрғызылып, IX-X ғасырларға дейін пайдаланылғандығын көрсетіп берді. Пахса блоктарынан тұрғызылған оның ені 10 м-ге, ал сақталған биіктігі 4,5 м-ге дейін жетті. Кейін қабырғасы тозып, күл-қоқыс тасталатын жерге айналады. XI-XII ғ. бас кезіндегі аршылған телімдерден ол ұшыраса қоймады, сірә бұл Отырар бекініс қабырғасын моңғолдардың қиратқанын айғақтаса керек.

Отырар рабадының дуалына түсірілген қима оның биіктігі 1м үйінді платформасына тұрғызылғандығын көрсетіп берді. Қабырға ені 6,2 м үш қатар шикі кірпішке негізделді. Кірпіш қаламаларының жанына пахса

блоктары (әр жағына екі-екіден) орналасты да, аралары құрлыс қалдықтарымен, топырақпен толықтырылды.

X ғасырдағы Баба-Ата шахристанының екі қатарлы дуалы кірпішпен өрілгендігі анықталған. Бұрынғы жалпақ дуал мен кірпіш қабырға арасы құрылыс қоқыстарымен тығыздалып толтырылған. Дуалдың жиегіне кірпіштен жақтау жасалынған. Баба-Ата мұнаралары сегіз қырлы құйма негіз үстіне шикі кірпіштен тұрғызылған. Мұнаралардың біреуі толық аршылды. Оның биіктігі 5,1 м, жоғарғы диаметрі 3,4 м, төменгісі 4,6 м. Мұнараның ішінде бұрыштары дөңгелетілген үш бұрыш түрінде бөлме орналасқан. Бөлменің төбесі жалпақ етіп жабылған. Мұнараның төбесінде дуалдағыдай жасалған жақтаулар бар.

Жалпы алғанда, IX ғасырдың орта шенінен XIII ғасырдың басына дейінгі кезеңде Қазақстан қалаларының құрылысында елеулі өзгерістер болған, олар рабадтардың қалыптасуынан, махаллалар көлемінің ұлғаюынан көрінеді. Сонымен бірге көптеген қалаларда қамалдар (цитадель) салудың сипаты өзгереді. Мешіттер мен қоғамдық моншалар қала құрылымындағы жаңа элементтер болды. Қорғаныс бекіністері неғұрлым мықты бола түседі.

Оңтүстік-Батыс Жетісуда да қамал құрылыстарында өзгерістер байқалады. Қызылөзен қала-жұртының қамалында, VIII-IX ғасырдың бірінші жартысында мықты бекіністі сарай кешенінің төңірегінде қарапайым тұрғын үй салынған. Степнискоенің Ақтөбе қала-жұртының қамалында қалалық бай қоныс-жай (усадыба) мен монша болды. Тараздың қамалынан да X-XI ғасырлардағы моншаның орны аршылды.

Солтүстік-Шығыс Жетісуда Талғар қаласының жұртын қазу жұмыстары оның құрылысында жекелеген махаллаларды анықтауға мүмкіндік берді. Көлемі 4000 шаршы метр болатын XI-XII ғасырдың басындағы махалла толық аршылды. Ол үлкен көшенің учаскесін біріктірген және қалған құрылыстан шеткі үйлердің бүйірдегі қасбетінің саңылаусыз қабырғаларымен оқшауланған үйлерден тұрған. Үйлердің шағын көшелерге шығатын есіктері бар, ал бұл телімдегі ондай үйлердің саны 12-14.

Талғар махалласын Құйрықтөбенің уақыты жағынан сәйкес келетін махаллаларымен салыстырғанда алғашқысының көлемі үлкен екені аңғарылады. Махалладағы үйлер саны бірдей болмағанымен, Талғардағы махалла алып жатқан телім 4 еседей үлкен. Мұны Іле қалаларының ерекшеліктерімен түсіндіруге болады, олар жерге көшпелілер мен жартылай көшпелілердің отырықшылануы нәтижесінде пайда болған және олар өз құрылысында бұрынғы өмірінің көптеген белгілерін сақтап қалған, атап айтқанда, үйлердің қасында мал ұстайтын үлкен аулалар болған. Сірә, Талғар махаллалары да, жоғарыда Оңтүстік Қазақстан қаласына байланысты жазылғанындай, туысқандар үйлері тобының шоғырлануы сияқты қалыптасқан болса керек. Олар туыс және ортақ бір атадан шыққан әулеттердің үйлері болған.

Солтүстік-Шығыс Жетісу қалаларының бекіністерін зерттеу Талғар дуалының таспалау әдісімен саз балшықтан тұрғызылғанын көрсетті. Дуал табанының ені 7 м, сақталған биіктігі 4 метрге дейін жетеді.

Сүмбе қаласы жұртының дуалдарына да осындай құрылым тән. Дуалдың табанына қойтастар қаланған. Олардың арасы балшықпен толтырылған, ал дуалдың жоғарғы жағы қалыңдығы 20 сантиметрге дейін жететін балшық қабатымен биіктетілген. Балшық дуалдың екі жағынан да алынған, бірақ көбіне ол сырт жағынан алынып отырған, мұның өзі дуал салумен бір мезгілде ор қазуға мүмкіндік берген.

Тұрғын үй тұрғызудың дамуы мен демографиялық сауалдар. IX ғасырдың екінші жартысы – X ғасырдағы тұрғын үйлерде оның алдындағы уақыттың дәстүрі жалғастырылады. Бұлар – кіре берісі тамбур тәрізді, тұрғын жайдың қабырғаларын бойлай «г» және «п» түрінде сәкілер орналастырылған, айналасында жақтаулары мен каминдері бар ашық үлгідегі ошақтармен жылытылған, белағашты (өтпелі) етіп жоспарланған бір және екі бөлмелі үйлер. Төбесі бір бағанды және төрт бағанды етіп жайпақ жабылған.

X-XI ғасырлардағы үйлер Құйрықтөбе қаласын қазғанда мәлім болған. Екі бөлмелі үйлер тұрғын жай мен қоймадан тұрды. Үйге тамбур арқылы кіретін болған. Бөлмеде қабырғаларды бойлай, ені 1-1,5 м және биіктігі 0,3-0,4 м болатын «п» түрінде сыпа (сәкі) салынған. Ортасында, еденде жақтауы бар антропоморфтық алаңша түріндегі ошақ орналасқан. Оның көлемі 1,2x1,5 м, алдыңғы жағы дөңгелек екі дөңеспен сәнделген, оған жақын жерде от жағатын шұңқыр тұр. Кіре беріске қарама-қарсы жақтаумен бөлінген шаруашылық орны бар, оған тас дирмен қойылып, еденін қазып, ыдыс көмілген. Сәкінің (сыпаның) шетіне таман биіктігі 0,6 м жуан текше орнатылып, оған сыланған тандыр қойылған. Тандырдың қасында қабырғаға шаруашылық қуыстары жасалған. Үйдің төбесі жалпақ және төрт бағанмен тірелген, ол бағандардың едендегі шұңқырлары сақталып қалған. Басқа үйлердің ішкі көрінісі осыған ұқсас, тек болмашы айырмашылықтары байқалады.

Құйрықтөбеде қазып аршылған IX-XII ғасырдың басындағы тұрғын үйлерде елеулі өзгерістер аңғарылады. Ұзынынан тізбектеле орналасқан үш бөлмеден тұратын, тізбектеп (түзу, жалғастырыла) жоспарланған тұрғын үйлер сақталған.

Бөлмелері ұзынынан айқастырылып (крест тәрізді жоспарланған) орналастырылған үйлер жаңа үлгіге жатады. Ұзын жағы үлкен көшеге тігінен бір қатарға қойылған бөлмелері бар тұрғын үй тағы бір үлгі болды. Үйдегі бөлмелер саны екеу немесе үшеу. Бұл үлгідегі үйдің айқын бағдары жоқ, жеке бөлмелерінің қандай мақсатқа арналғаны аңғарылмайды.

Бөлменің ішкі көрінісі өзгешелігімен ерекшеленеді. Сәкілер бөлменің жартысын, тіпті бүкіл көлемінің үлкен бөлігін алып тұрады, бұл орайда еден деңгейі тек өтер жерденемесе кіре беріс алдында ғана сақталады. Ашық ошақтардың айқын тікбұрышты бейнесі сақталмаған. Бұл ошақ шұңқырлары мейлінше алуан түрлі: сопақша, дөңгелек, таға тәрізді болып келеді.

IX-XIII ғасырдың бас кезінде Оңтүстік-Батыс Жетісуда да тұрғын үйлердің жаңа үлгілері таралады. Олардың біріншісіне орталықтан жоспарлау тән, оның негізі орталық зал немесе аула болып, тұрғын жайлар

мен қора-қопсыларға сол арқылы кірген. Бұлайша жоспарлау бай үйлерге де, қатардағы үйлерге де тән. Айырмашылық құрылыстың көлемі мен ішкі көріністің сипатына ғана келіп саятын.

Орталықтағы қираған үйінділерден тыс жерлердегі сипатталған үйлердің бір бөлігі, сірә, ауқатты қала тұрғындарының жазғы мекендері болса керек. Бұл «қасрлар» - бекіністі мекен-жайлар. «Қаср» терминін – павильон, шағын сарай деп түсінген дұрыс.

Ұзын дуалдармен қоршалған аумақтағы қала сыртына орналасқан бай құрылыстармен қатар олардың тағы бір түрі болды. Бұлар – ауылдық округтердің негізгі компоненті болған екі және үш бөлмелі үйлерден тұрады. Олар жалғыз, бестен жиырмаға дейін топталып орналасқан, кейде ішінде құрылыс салмаған телімі бар өзінше бір төрткүлді құрайды.

Тегінде, мұндай үйлердің көпшілігі ауыл адамдарынікі болса керек, бірінші кезекте, кейбіреулері ұзын дуалдардың ішкі кеңістігінің шет жақтарына орналасты. Басқалары қатардағы қала тұрғындарының жазғы тұрғын жайлары болуы мүмкін.

Солтүстік-Шығыс Жетісудағы баспаналар туралы Талғар қаласындағы тоғыз үй қалдығы бойынша айтуға болады. Олар бір камералы тұрғын үй мен қоймадан тұратын құрылысқа негізделген. Тұрғын үй мен мал ұстауға арналған кең ауланың ұштастырылуы көңіл аудартады. Бұл – шаруашылығында малшылық тұрмыс сақталған халыққа тән үрдіс. Талғар қаласының шаруашылығында малшылық және көпшілік дәстүрлер болғанын дәлелдейтін қызықты жағдай кейбір қоныс-жай аулаларына тұрақты тігіліп қоятын киіз үйлер болып табылады.

Үйдің жанында киіз үйдің болуы көшпелі тұрмыс дәстүрінің сақталуын аңғартады, осы тұрғыдан алғанда да Іле қалаларының мекен-жайлары бір жағынан, жергілікті халық арасындағы отырықшылану үрдістерін, екінші жағынан – қала тұрғындары шаруашылығында мал өсірудің әлі де елеулі рөл атқарғанын дәлелдейді. Бұған ауладағы киіз үй ғана емес, сонымен қатар малдың түрлі түліктеріне арнап салынған құрылыстары бар, бүкіл мекен-жайдың жартысын алып жатқан ауланың өзі де айғақ болады. Сонымен бірге тастан, күйдірілген балшық кесектерінен, шикі кірпіштен салынған көп бөлмелі тұрақты тұрғын үйлер қалаларды мекендеушілер тұрмысының орнықты болғанын, ал олардың өмірі бірінші кезекте қолөнермен, саудамен және егіншілікпен байланысты екенін дәлелдейді.

Махаллалар құрылысы мен тұрғын үйлер қарастырылып отырған кезеңдегі демографиялық жағдайды сипаттауға мүмкіндік береді. Біздің есептеуімізше, өңірдегі ірі қала орталығы - Испиджабта 40 мыңдай адам өмір сүрген. Кенжеде округінің орталығы Усбаникентте 7 мыңдай адам тіршілік етті. Астаналық орталықтар мен неғұрлым ірі қалаларда 4 мыңна 10 мыңға шейінгі адамдар өмір сүрді, ал Отырарда 16 мыңдай адам болды. Орташа қалаларда 1,5 мыңнан 3 мыңға дейін адам болса, ұсақ қалаларда 1,5 мыңдай тұрғындар болды. Оңтүстік Қазақстанда барлығы 150-160 мыңдай адам өмір сүрді.

Біздің мәлімет бойынша Шу мен Талас алабындағы қала тұрғындарының жалпы саны 100 мыңдай адамға жетті. Іле алабындағы қалаларда XI ғ. мен XIII ғ. бас кезінде 350 мың адам тіршілік етті.

Қала тұрғындарының саны бойынша Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың жекелеген аудандары Орта Азияның Ташкент, Мерв оазистері секілді аудандарынан әлдеқайда аз еді.

Қолөнердің, сауданың, ауыл шаруашылығының дамуы. Қалалар санының артуы, олардың аумағының кеңеюі, қала халқының өсуі қолөнер мен сауданың одан әрі дамуына игі әсерін тигізді. Қолөнер өнімін тұтынушылар құрамы өзгерді. Егер бұрын, VII-VIII ғасырларда олар бай көпестер мен диқандар болса, енді қатардағы тұрғындар да өнімді негізгі тұтынушыға айналады. Құмырашылар махалласындағы қазбаға қарағанда XI-XII ғасырларда шағын қолөнер шеберханалары пайда бола бастайды. Сол кездің өзінде-ақ шеберханалар бір салаға мамандандырылды, ал қыш құмырашылар цехтық ұйымдарға біріктірілді.

Қазақстан қалаларынан көп табылған шыны бұйымдары X ғасырға жатады. Сол кезден XIII ғасырдың басына дейін шыны бұйымдарының түрлері, үлгілері және жиынтығы өзгермейтіні байқалады. Қазақстанның түрлі қалаларынан табылған шынының жақын ұқсастығы аңғарылады.

Шыны ыдыстардың дені үрлеу әдісімен, енді біреулері қалыпқа құю арқылы жасалған. Қалып ретінде пайдаланылған қабырғалары мен түптерінде «ара ұясы», шеңберлес сызықтар, розеткалар түріндегі ою-өрнектер болды. Үрлеп жасалған ыдыс сыртынан жапсырылған қайырмалармен, шыны тіндерімен және жолақтарымен өрнектеледі, кейде түрлі-түсті жапсырмалары бар өрнектермен безендіріледі. Шынылардың көп кездесуі орта ғасырлардағы қалаларда шыны өндірісінің жоғары деңгейге жеткенін және халықтың мейлінше алуан түрлі топтары пайдаланылғанын дәлелдейді.

Қалалық қолөнерде темір бұйымдар жасаумен тығыз байланысты ұсталық кәсіп өте кең таралды. Қала ұсталары әдетте жеке махаллаларға орналасты. Темір кен өндірілетін жерлерде өңделген. Металл да сонда балқытылған. Ұста дүкендеріне темір қорытпалары әзірленген крица, құйма және темір сынықтары түрінде әкелінген. Темір және шойын бұйымдардың сынықтары әрлендіру материалы ретінде де пайдаланылды.

Нашар сақталуына байланысты ұста дүкендерінің құрылысын көзге елестету қиын. Алматы ұста дүкенінде темір балқытатын көрік шикі кірпіштен қаланған, ол цилиндр тәрізді, түбінің диаметрі 2 метрге жуық. Оның іші күлге, көмірге және төбесінен құлап түскен күйген кірпіштің кесектеріне толы. Көріктің жанында ыдыстар – су таситын төрт көзе тұрды. Оларда су немесе бұйымдарды шыңдауға арналған ерітінділер сақталды.

Мыс бұйымдарын жасау барлық қалаларда таралған, оның үстіне полиметалл мен мыс орталықтарына жақын Қаратауда, Қырғыз, Іле және Талас Алатауларында өндірілген. Зерттеушілердің пайымдауынша, мыс кәсіпшілігі маңызы мен шеберлер саны жағынан екінші орындағы мамандық болған. Соның алдындағы кезеңмен салыстырғанда, мыс бұйымдары көбірек

мәлім. Мыс шеберлері ыдыс-аяқ, шырағдан, әсемдік заттар жасады. Олар екінің бірінде зергерлер де болып, қымбат тұратын металдармен де жұмыс істеді. IX-XII ғасырлардағы металл бұйымдар негізінен, қола шырағдандар мен оларға арналған тұғырлар болып келеді. Қолөнер бұйымдарының арасында құмыралар да бар.

Зерттеушілердің пайымдауынша IX-XIII ғасырларда Жетісу күміс бұйымдарын өндіретін орталықтардың біріне айналды.

Қоладан, күміс пен алтыннан білезіктер, шолпылар, сырғалар, қапсырмалар жасалды. Зергерлік бұйымдардың арасынан Шымкент көмбесінен табылған, X-XI ғасырларға жататын ширатпалы бұратылған күміс білезіктер өздеріне ерекше назар аудартады. Жетісу-Сырдария аймағына тән мұндай білезіктер неғұрлым кейінгі кезде де жасалынды. Отырардан XIII ғасырдың басына жататын әшекейлердің қызықты жиынтығы табылды. Бұл – ұштарында сегіз қырлы басы бар қола білезік, күрделі нақышталған, қола шарлар тізілген шаш ұстағыш, айшықты шыны мен көгілдір ұнтақтан қатырып жасалған моншақтар. Әшекейлердің ең көп тобы – шыны мен түрлі-түсті тастардан - ақықтан, агаттан, хрустальдан, көктастан, яшмадан, інжу-маржандардан жасалынған моншақтар.

Аталғандармен қатар киіз, жіп талшықтары өндірісімен байланысты тері өңдеу, жүн тоқу секілді мал шаруашылығы өнімдерін өңдейтін қолөнер салалары да дамыды. Бірақ мұндай өнімдер сақталмаған.

Сүйектен жасалған садақ қаптамалары, түйреуіштер, шахмат мүсіндері табылған.

Тас өңдеу, негізінен орта ғасырлардағы қала жұрттарында ең көп таралған олжалардың бірі – диірмендер жасауға келіп саяды. Олардың ертедегі орта ғасырларда жасалған түрі бүкіл кейінгі ғасырлар бойында сақталып қалды.

Қазақстанның оңтүстігінде Испиджаб, Кедер, Отырар және Янгикент, Оңтүстік-Батыста Тараз бен Баласағұн, Солтүстік-Шығыс Жетісуда Талғар мен Қаялық ең ірі сауда орталықтары болды.

Испиджабта жабық базар және мата базары жұмыс істеді. Испиджабтың басқа сауда орындары арасында тималар аталады. Бұлар қарабас-маталармен сауда жасалатын арнаулы орындар бар үлкен керуен-сарайлар еді. Әл-Мақдиси айтатын рабадтардағы керуен-сарайлар осылар. Олардың кейбіреулерінде нахшебтер мен самарқандықтар тұрған. Сонымен бірге Испиджаб көпестері Бағдатқа дейін тауар апарып, онда Мервтен, Балхтан, Бұхара мен Хорезмнен барған көпестермен бірге Харб ибн Абдаллах әл-Балхи рабадында тұрған. Отырар алқабы жөнінде деректерде «Фараб – бай өңір, оның басты қаласы Кедер деп аталады... – бұл көпестер жиналатын жер» делінген. Кедер деп саналатын Құйрықтөбе қала жұртының бір махалласында сауда дүңгіршегінің орны аршылды.

Сырдарияның төменгі ағысында Янгикент те белгілі сауда орталығына айналады, онда хорезмдік көпестер колониясы болған еді. Сол себепті де бұл қала мәдениетінде хорезмдік ықпал айқын аңғарылады.

Бұрынғысынша Тараз транзиттік ірі сауда орталығы болып қала берді, ол жөнінде деректерде «мұсылмандардың түріктермен сауда жасайтын орны» және «көпестер қаласы» деп жазылады. Тараз көпестерінің Исфаганда өз тобы болған, ал соңғысының тұрғындары Шелжеде, Талас алқабында сауда жасаған. Жетісудан Тараз арқылы Таластың жоғарғы ағысында өндірілетін күміс тасылған. Күміс өндірілетін орталықтар Шелже, Текабкет пен Көл қалалары болған. Іле аңғарында Талғар мен Қаялық сауда орталықтары болды.

IX-XIII ғасырлар бас кезінде қалалар мен өлке арасындағы сауда кеңінен дамиды. Қалаларға сипаттама бергенде орта ғасырлардағы авторлардың ең алдымен базарларын сипаттап, сол жерлердің тауарларына тән бағалар туралы хабарлайтыны кездейсоқ емес. Қалаға өлкеден ауыл шаруашылығы өнімі, негізінен астық, жеміс, ет әкелінген. Екінші халық қала қолөнершілерінен қажетті бұйымдар – керамика, шыны, зергерлік бұйымдар, әшекей заттар алып тұрды.

Қала өмірінде даламен сауданың маңызы зор, ол қалалардың өзінше бір ауылдық өңірі болды. Сауда қала мен даланың екеуіне де пайда келтіреді, бұл жөнінде салжұқ құжаттарының бірінде айтылады: «Олардың (көшпелілердің) пайда келтіретін тауарлары мен заттары отырықшы адамдардың байлығын, игілігі мен пайдасын арттырудың бір көзі болып табылады. Шонжарлар мен жай халық осы игіліктер мен артықшылықтардан өз үлесін алады»

Жәрмеңке сипатында болған сауда көшпелі дүниемен шектес Сауран, Янгикент (Жанкент), Дех-Нуджикес қалаларында мейлінше қызу жүргізілген. Испиджабқа мал шаруашылығы өнімі Дех-Нуджикес арқылы келіп отырған. Сауран оғыздармен жасалатын сауда орталығы болды. Сондай-ақ оғыздар Баладж және Берукет қалаларында да сауда жасаған.

Янгикент арқылы оғыздар Хорезммен сауда жүргізген, ал Хорезм Қазақстан даласы, Еділ бойы, Хазария мен славяндар дүниесі арасында аралық рөл атқарған. Жазиралар (оазистер) мен қалалардың халқы жылқы, мал, жүн, иленбеген тері, киіз, текемет, сүт өнімдерін, құлдар алып отырды. Кейбір қалалар тікелей көшпелілерден алынатын, не әкелінген шикізаттан жасалатын тауарларды сыртқа шығаруға маманданды. Мысалы, әл-Макдиси былай дейді: «Шаштан жоғары сортты шегірен ерлер, жебе салатын қорамсақтар мен шатырлар әкетілді. Тері түіктерден әкетіліп, иленді... Ферғана мен Испиджабта - ақ маталармен, қарумен, семсермен және темірмен бірге түріктерден шыққан құлдар. Тараздан ешкі терілері. Шелжеден – күміс. Түркістаннан, сол сияқты Хутталдан бұл жерлерге жылқы мен қашырлар әкелінді». Түріктердің жылқылары ерекше бағаланған. Истахри «Хорасанға қой халадждардан әкелінеді, ал Мауераннахрға ет оғыздар мен қарлұқтардан ... өздеріне керегінен көп мөлшерде жеткізіледі» деп хабарлайды.

Көшпелілер экспортының маңызды бөліктері арасында мускус пен аң терілерін атау керек. Көшпелілер саудасының маңызды тағы бір бөлігі құлдар екені айтылады. Сонымен қоса дала тайпалары қалаға металл жеткізіп отырған. Оны өндіретін орталықтардың бірі Орталық Қазақстан болған. Әл-

Идриси кимектердің темір, күміс және алтын өндіргенін айтады. Көшпелілер өз тауарларына қалалық орталықтардан киім-кешек, маталар, астық, қала қолөнерінің бұйымдарын, сәндік заттар айырбастап алған.

IX-XIII ғасырлардың басындағы кезеңде тауар-ақша қатынастарының өсуі тән, ол айырбасты ығыстырып шығарады. Қазақстанның ірі қалаларында теңге сарайлары болған. Испиджабта теңгелер соғылған, бұл іс бірсыпыра үзіліспен XI ғасырдың бірінші жартысына дейін созылған.

Отырарда теңгелер соғу жалғастырылды. 1967 жылы Самарқанд көмбесінен Барабтың 222-223 жылдардағы саманилік теңгелері (мәнеттері) табылды. Отырар және Құйрықтөбе қалаларының жұртын қазған кезде де нақ сондай теңгелер табылған. Бұл қалада қарахандар мен хорзмшахтар кезіндегі теңге сарайы одан әрі жұмыс істеді. Фарабтан 1164-65 – 1173-74 жылдарда Қарахан мемлекеті кезінде соғылған теңгелер табылды, зерттеушілердің пікірінше, теңге соғу 1210-11 жылдарға дейін жалғасқан болуы мүмкін. 1210 және 1217-18 жылдарда Отырарда соғылған Мұхаммед ибн Текештің теңгесі мәлім. Яссыда хорезмшах соқтырған теңге табылды.

XI ғасырдың 20-шы жылдарының аяғында Мауераннахрда дирхемнің сапасы күрт нашарлады. Оның құрамындағы күміс 20% дейін құлдырады. XI ғасырдың аяғына қарай «күміс дағдарысы» бүкіл мұсылман Шығысын, соның ішінде зерттеліп отырған аймақтың қалаларын да қамтыды. Сондықтан XI-XII ғасырларда теңге бағамы алтынмен бейнеленіп, ол құнның бұрынғыдан көбірек өлшеміне айналды. Оның айналыс құралы ретіндегі рөлі арта түсті.

Қала халқының көбеюі ауыл шаруашылығының тауарлылығын арттыруды, жерді пайдаланудың барған сайын интенсификациялануын талап етті, өйткені Оңтүстік Қазақстанның бірқатар алқаптарында, сондай-ақ Оңтүстік-Батыс Жетісу қалаларының ұзын дуалдары шегіне суармалы және өңдеуге қолайлы жер көлемі шектеулі болатын.

X-XIII ғасырларда Іле өзенінің төменгі ағысында ирригация дамиды. Бұрынғысы сияқты, қала және ауыл тұрғындары өз телімдерінде бау-бақша дақылдарын өсіреді, жүзім шаруашылығымен және үй жанында мал өсірумен айналысады. Қалалардың жұртын қазған кезде Төменгі Барсханда Қызылөзен қаласының жұртында шарап ашытатын орындардың қалдықтары табылды, Степанинскоенің Ақтөбесінде екі шарап ашытатын орын қазып аршылды. Қала тұрғындарының үйлерінде ұралар болып, оларда астық, кептірілген жеміс қоралары сақталған.

Қала және ауыл тұрғындары сондай-ақ үй жануарларын – жылқы, сиыр, қой, ешкі ұстаған.

Қала мәдениетінің трансформациясы: дәстүр мен инновация. Муканна көтерілісі талқандалғаннан кейін Мауераннахрда ислам діні біржола орнықты. Мамун уәкіл болған кезде ол Орта Азия үшін мемлекеттің тірегіне айналды. Орта Азиялық қызмет атқарушы шонжарлар халифтер сарайында барған сайын зор рөл атқарды. Орта Азия мен Таяу Шығыс жедел жақындаса бастайды. Осының бәрі халифатқа қараған түрлі халықтар мәдениетінің елеулі бірлігінің орнауына себепші болып тұра алмайды.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу бұл үрдістен шет қалмады. Сырдарияның орталығы да, Жетісу халифатының құрамына кірмегенімен, араб халифатының, ал содан соң Саманилер мен Қарахандар мемлекетінің саяси, экономикалық және мәдени қатынастары аясына тартылуы сияқты, Орта Азиядан біршама кейіндеп қалса да, олардың мұсылмандануы едәуір жедел жүріп жатты.

Сол кезде қала жағдайы өзгереді. Бірінші кезекте VI-VIII ғасырларда болғандай, қала феодалдың ордасынан әкімшілік орталыққа, мемлекет өкілі болып табылатын билік ордасына айналды. IX ғасырдың басына қарай қаланың елеулі өзгерістерсіз бүкіл ортағасырлар бойы тіршілік еткен үлгісі қалыптасты.

Қала мәдениетінің дамуында жаңа дін – ислам маңызды рөл атқара бастады. VIII ғасырдың соңы мен IX ғасырдың орта кезін сипаттайтын дерек көздері Оңтүстік Қазақстан халқы исламдана бастағанын баяндайды. 840 жылы Нұқ ибн Асад Испиджабты бағындырады. Оның бауыры Ахмет ибн Асад Шауғарға жорық жасап, бірнеше мыңдаған адамдарды ұрып-соғады. Жаулап алу соғыстары ислам дінін таратуға бағытталған еді.

766 жылы Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда саяси билікті басып алған қарлұқтар ислам мәдениетінің ықпалына түскен болатын. Олар ислам дінін Махди халиф тұсында қабылдаған деген пікір де бар. Бірақ бұл олардың шағын бөлігіне қатысты болса керек, себебі 893 жылы Исмайл ибн Ахмет Таразды басып алып, «бұл қаланың бас шіркеуін мешітке айналдырды».

X ғасырдың басында қарахандар әулетінің негізін қалаушы Сатұқ ислам дінін қабылдады, ал оның ұлы Боғра-хан Харун б. Мұса 960 жылы исламды мемлекеттік дін деп жариялады. Мұсылман діні бірінші кезекте қалаларда таралды. Ибн Хордадбек Фарабтың бас қаласы Кедердегі мұсылман топтары туралы айтады. Ибн-Хаукаль Фараб, Кенже мен Шаш аралығында көшіп жүрген мұсылман түріктер туралы хабарлайды. Әл-Макдиси Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың X ғасырдың аяғындағы қалаларын атай келіп, мешіттерді қалалардағы міндетті құрылыстардың бірі ретінде атайды.

Исламның таралуымен қатар қала халқы арасында пұтқа табынушылық әлі де сақталады. Зерттеушілер Орта Азия халықтары үшін ислам олардың рухани-діни түсініктерін толық ығыстырып шықпағанын атап өтеді. Мұны археологиялық материалдар да нақты дәлелдеп отыр.

Сырдария аймағында ертедегі уақыттан бері қойға табыну аңғарылатыны туралы бұрын да жазылған. Бұл бейне зороастрлық фарнға (кұтқа) байланысты. Түрлі халықтарда фарн таяу кезге дейін асқан береке-байлық, бақыт, денсаулық, қаскөй күштерден қорғаныс және үй-ішінің гүлденуі рөлін атқарып келгені мәлім. Отырықшы ортада да бұрынғысынша ертедегі орта ғасырларда атап өтілген отқа табыну таралды. Ертедегі діни наным дәстүрлері Жетісуда ерекше күшті болды. Онда исламның таралуына қарамастан, бұрынғысынша зороастризм, несториандық түсініктегі христиан діні, буддизм сақталып қалады. Халық арасында шаманизмнің және басқа ертедегі түріктер діндерінің дәстүрлері күшті болды. Несториандықтың таралғанын несториандық жазулары бар қайрақтардың табылуы да

дәлелдейді, бұл моңғолдар келгенге дейінгі уақытқа жатқызылады. X ғасырда Жетісуда манихей дінінің көзқарасы күшейді.

Мұсылман қаласы мәдениетінің қалыптасуында із қалдырған ертедегі дәстүрлердің сақталуын айта келіп, зерттеліп отырған аймақтың IX-X ғасырлардағы қалық және көшпелі мәдениетті Шығыс мәдениетінің біртұтас тізбегіндегі буындардың бірі болғанын тағы бір атап көрсеткен жөн.

XIII-XV ғасырдың бірінші жартысындағы қала мәдениеті

Қалалар санының азаюы, Жетісуда қала мәдениетінің күйреуі. XIII-XV ғасыр бірінші жартысында Оңтүстік Қазақстандағы қалалар саны 22-ге дейін, XIV ғасыр екінші жартысы мен XV ғасыр бірінші жартысында 16-ға дейін қысқарды. XIII ғасырда Талас Алатауының беткейіндегі қалалар қаңырап қалды, тек Сайрамда ғана адамдар тіршілік етіп жатты. Арыстың орта ағысындағы Кенжемен салғасытырылатын Шортөбе қаласында, Отырар оазисіндегі – Отырар, Құйрықтөбе, бұрынғы Бұзық пен Весидж аталған Шілік пен Зернук қалаларында да адамдар өмір сүрді.

Сырдарияның орта ағысындағы ауданда жағдай біршама жақсы еді. Мұнда оазистің жаңа орталығы Ясы өркендеп, бұрынғы астана Шауғар құлдырай бастайды. Жаңа жерге көшірілген Қарашық, сондай-ақ Қарнақ, Шаға, Иқан қалаларында да адамдар өмір сүріп жатты. Сауран қаласы да өз орнын алмастырады, оған қазір дәл осылай аталатын қалажұрты сәйкес келеді. Сырдарияның сол жағалауындағы Артық-ата қаласы қаңырап қалғанымен, қасынан жаңа қала Бұзоқ бой көтереді, ал Шашпен шекарадағы Сүткентте адамдар әлі де өмір сүріп жатады. Шапқыншылыққа қарамастан Сығанақ пен Ашнас қалаларында өмір қайтадан жалғасын табады, осы кезде Үзгент пен Баршынкент тіршілігімен белгілі болса, ал Аққорған қаласы алқапқа кеңінен танымал бола бастайды.

Қаратаудың солтүстік беткейіндегі қалалар жақсы жағдайда болды. Паркент (Берукет), Соғылкент, Құмкент, Ұрсоған, Созақ қалалары дерек көздері бойынша да жақсы танымал.

Жалпы алғанда XIY ғасыр ортасындағы Оңтүстік Қазақстан қалалары белгілі дереккөздері бойынша төртке (бірқатар атаулар дереккөздері бетінде аталмайды, бірақ бірнеше жаңа атаулар пайда болады), ал XV ғасыр ортасына қарай қалалар саны толыққанды суреттелінеді, олар екі есе қысқарған болатын.

Қалалардың саны ғана емес, осының алдында олар алып жатқан аумақ та қысқарады. XIII-XV ғасыр бірінші жартысындағы қалалар ауқымын дәл анықтау мүмкін емес, себебі бұл уақыттағы мәдени қабаттар кейінгі қатпарлармен жабылып қалған, бірақ көрсетілген уақытқа дейін өмір сүрген қалалардан мұндай мәліметтер алынған. Мәселен, Құйрықтөбе 30-дан 8 га-ға, Бұзық-Шілік 17,7 га-дан 12,7 га-ға, Құмкент 11,3 га-дан 23,5 га-ға, Баба-Ата 20 га-дан 12,6 га-ға кішірейген. Қарашық көлемі екі есеге азайды. Сүткент ауданы да қысқара түседі.

Бірақ Масудбектің реформасынан кейін ақшамен саудаласу өркендегендігі, Отырар, Кенжеде, Сайрам, Сығанақ қалаларының гүлдене бастағанын айғақтайтын фактілер де бар. Археологиялық мәліметтер бойынша Отырар XIII ғасыр соңында моңғолдарға дейінгі кезеңдегі бұрынғы аумағының шегіне жеткен. Бұрынғы шекарасына Сығанақ та жетеді, жаңа Сауран аумағы 44 га жерді құрайды. Сөйтіп, қалалық тұрмыс-салттың жалпы құлдырауына қарамастан, ірі қалалар қайтадан қалпына келіп қана қоймай, ірі саяси (Сығанақ, Сауран) және сауда-экономикалық (Отырар, Кеңжиде) орталықтарға айналды.

Оңтүстік-Батыс Жетісуда қалалық мәдениет үшін ауыр жағдай қалыптасқандығын жазба дерек көздері мен археологиялық материалдар айғақтап отыр. XIII ғасырда мұнда шапқыншылық қарсаңындағы белгілі 27 қаланың 10-ы ғана, XIV ғасырда 7-уі, ал XV ғ. бас кезінде 5-уі қалды. Қалашықтар саны 40-тан 14-ке, кейін 10-нан 4-ке дейін азайды.

Қалалық өмірдің жалпылама аясында Тараз бен Жаңа-Талас (Янги-Талас) қалаларынан аздап өркендеу байқалды. Тараздағы мәнет сарайы Жаңа (Янги) мәнетін қарқынды түрде шығара бастайды.

XIII ғасыр бірінші жартысы Солтүстік-Шығыс Жетісу қалалары үшін біршама жайлы болды. XIII ғасыр ортасындағы дереккөздерінде төрт қала мен бір қоныс аталады. Бұл уақыттарда дерек көздерінде Тальхиз (Талхир) мен Лабан аталмайды. Рубрук мәліметі бойынша Лепсі қаласымен салғастырылатын «Несториандық қоныс» пен Көктума қаласымен сәйкестендірілетін «Облыс орталығы» белгілі болған. Гайтон 1 жолында Үшарал қалашығымен салғастырылатын Иланбалық қаласы аталған.

Сегіз қаладан XIII ғасырға жататын мәдени қабат анықталғанымен, олардың тек үшеуінде ғана XIV ғасыр бас кезіне дейін тіршілік жалғасын тапқан-ды.

Сонымен, ең алдымен археологиялық материалдарға сүйеніп, XIV ғ. бас кезінде Солтүстік-Шығыс Жетісудағы қалалық мәдениет күйреген деуге болады.

Қала құрылыстары, жаңа үлгідегі тұрғын үйлердің қалыптасуы. Қаладағы құрылыстар жөніндегі, қала махалласының сипаты, қоғамдық құрылыстар және де жаңа үлгідегі тұрғын үйлердің тұрғызылуы жайлы мәліметтерді Отырар, ішінара Бұзық қала-жұрттарының қазба жұмыстары көрсетіп берді.

XIII-XV ғасыр бірінші жартысындағы қазақстандық қалалардағы дәстүрлі құрауыштар (компоненттер) қатарына бұрынғыдай моншалар да кірді. XIII ғасыр соңғы ширегі мен XV ғасыр бас кезіне жататын олардың бірі Отырардан қазылды. Ол оңтүстік қақпадан 200 м батысқа қарай, су қоймасының жағалауында, XI-XII ғасырлардағы моншаның орнына соғылған. Жоспардағы бағыттары бұрынғыдай солтүстік-батыс жақта емес; оған келушілер оңтүстік-шығыстан кірген.

Монша тік бұрышты құрылыс, оның айқыш (крест) тәрізді жоспары айқын аңғарылады. Оның екі кезеңде салынғандығы анықталды. Алғашқыда монша аумағы сыртқы қабырғасынан есептегенде 13,5x16,5 м болған. Бұл кезде

орталық залдың аумағы 22 шаршы метр еді, қалған бөліктері суға арналған цистерна бөлмесін есептегенде аумағы 7,2 шаршы метр болды.

Монша 10 бөлмеден тұрды, оған киім шешетін (лөңгіхана), бу және массаж бөлмесі қызметін атқарған екі бенуарлы орталық зал, жуынатын – ыстықхана мен суықхана бөлмелері кірген. Ол су қоймасынан жер асты галлерейасымен келген құбыр арқылы сумен қамтамасыз етілген. Су құбыры суық және ыстық суға арналған цистерна тұрған бөлмеге тартылған. Мұнда төрт резервуар болған. Бірнеше бөлікке бөлінген олар өзара біріккен ұзын цистерна түрінде. Бұлардың неге арналғандығын ибн Синаның айтқан «адамдар шомылғанда бірнеше ерітінді пайдаланды» деген мәліметі кеңінен түсінуге мүмкіндік береді. Кейбіріне өсімдік, күкірт, күлді қайнатып алса, басқаларына ол темір, тұз, кварц, тотияйын қосылған деп көрсетеді.

Қала бекіністері. Жазбаша деректемелердің мәлімдеуіне қарағанда, моңғолдар қаланы басып алған соң, бірінші кезекте оның бекінісін қиратып отырған. Отырардың дуалдары мен қамалының толық тасталқан етілгені анықталды, Сығанақ пен Ашнастың да тағдыры осындай болған. Моңғолдар қалалардың бекініс ретінде қайта өрлеуіне кедергі жасады. Марко Поло былай деп жазған: моңғолдар кезінде «әскердің кіруіне кедергі жасай алмауы үшін қалалардың дуалдары мен қақпалары болуына рұқсат етілмеген. Осылайша ауыздықталған халықтар тынышталады және теріс мінез көрсетпейді». Сондықтан қалалар кейіннен біртіндеп қана дуалдармен қоршала бастады.

Отырарда қаланың жаңа дуалы XIII ғасырдың аяғы мен – XIV ғасырдың басында ғана салынды. Дуал түбінің ені 4,8 м, сыртындағы сақталған биіктігі 2 м, ішкі жағынан - 3,2 м. Қабырғаларының жалпы биіктігі 2 м-ден 3,5 м-ге дейін өзгеріп отырады. Дуалдың 400 метрге жуық тазартылған сыртқы көрінісі - қала жұртының бірде төбесіне көтеріліп, бірде төменге қарай иретіле түскен сызық болып табылады. Оңтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс бұрыштарында шығыңқы сипаттағы мықты жартылай шеңбер түріндегі мұнаралар болған. Дуалдың түбінен брустверіне дейінгі ең жоғарғы биіктігі – 6,1 м. Ол IX-XI ғасырлардағы дуал блоктары мен төселген күл-қоқыс қабатына негізделген. Отырардың айналасындағы дуалдың тұрғызылған уақытын, тегінде, Жошы және Шағатай ұрпақтарының арасында XIII ғасырдың аяғында Сырдария қалалары үшін күрестің күшеюі кезеңімен байланыстырған жөн. Қалаларға бекініп алған Шағатай ұрпақтарының оларды қорғауды ойластырғаны сөзсіз және Отырармен, тегінде, басқа қалалардың да дуалдарын салуды нақ осында Шағатай ұрпақтарының орнығуымен байланыстыруға болады деген ой келеді. Уақыт жағынан бұл қаланың экономикалық өрлеу кезеңіне де сәйкес келеді.

XIII ғасырдың екінші жартысы - XIV ғасырдың бірінші жартысында қалалық **тұрғын үйдің** жаңа үлгілері пайда болады. Біріншісіне бір орталыққа орналасқан шағын ауласы бар екі немесе үш камералы үйлер жатады. Үйлердің екінші үлгісіне қиылысатын орталыққа орналасқан төрт жайдан тұратын тұғын үй жатады. Бұл крест (айқыш) тәрізді немесе төрт бөлікті схема, онда үй шаршы сияқты жоспарлы болады, ал қоймалар

ауланың немесе тандыры бар тұрғын бөлменің сол және оң жақтарына орналасқан. Үшінші үлгісіне екі немесе одан да көп бөліктері бар үйлер жатады. Үйдің әр бөлігі екі немесе үш жайдан тұрады, олардың біреуі міндетті түрде тұрғын жай болады.

Тұрғын үйлер интерьерінде елеулі өзгерістер байқалады. Қабырғаларды жағалатып «г» немесе «п» тәрізді етіп салынған еңсіз сыпалардың (сәкілердің) орнына бөлменің көп бөлігін алып тұраты сыпалар келеді. Тандыр алдындағы әдетте кірпіш төселетін шағын алаңша еден деңгейін анықтайды. Бөлменің ортасында сыпаның шетінде сыланған кеспелтек ағаштың, бөрененің, кірпіш тағанның, тас тұғырдың болуы үй төбесінің бөлме ортасында тұрған бір ағаш діңгекпен тіреліп қойылғанын көрсетеді. Оның алдындағы уақытта таралған төрт тіреуішпен жабу жойылады.

Тандыр әмбебап ошақ міндетін атқарады. Ол жылыту құралы және тамақ дайындап, нан пісіруге арналған ошақ болды.

Оларға сыпадан қабырғаға дейін жалғасқан түтін жүретін мұржа – «кан» салынды.

Сонымен, XIII-XV ғасырдың бірінші жартысында қалалық тұрғын үйдің жаңа үлгілері қалыптасатынын олардың анфиладалық және крест (айқыш) түрінде жоспарланған екеуінің алдыңғы уақытта ұқсас үлгілері болғанын атап өту керек. XI ғасырдың екінші жартысында тұрғын үйдің осы екі үлгісінің пайда болуы қалада отырықшыға айналған түрік этносымен байланыстырылғанына назар аударған жөн.

Қалалар функциясы. Жазбаша хабарламаларда Шығыстың, Орта Азия мен Қазақстанның орта ғасырлардағы қалаларындағы қолөнердің ұйымдастырылуы туралы мәліметтер аз. Ұсақ тауарлы өндіріспен қатар, натуралдық өндіріс те сақталып, ол қазынаның шеберхана - қарқанда шоғырланды. Отырар шеберханалары бірінші кезекте дербес тауар өндіруші - үйінің жанындағы өз шеберханасында жұмыс істейтін құмырашының жеке өндірісі туралы түсінік береді. Қаланың орталық бөлігінде де, құмырашылардың жеке қоныстары мен махаллалары бар қала іргесінде де қолөнердің шоғырланғаны байқалады. Шеберханалардың өздерінің орналасуында бірнеше ғасырлар бойындағы сабақтастық аңғарылады, мұның өзі қолөнер мен өндірістің өзіне өнімінен – керамикадан жақсы байқалатын дәстүрлі сипат берді. Қолөнершілер арасындағы мүліктік бөлініс те байқалып отырады. Бұл шеберхана көлемі, пештер саны, баспана интерьеріне қолданылған күйдірілген кірпіштер сипатынан да көрінеді.

Қалада қолөнершілердің цехтық ұйымдарының болуы туралы әңгіме күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Орта Азиядағы цехтар туралы алғашқы айтылған сөздер XIV-XV ғасырлардағы деректемелерден кездестірілді. Алайда, А.Ю.Якубовскийдің пікірінше, Орта Азия қалаларының қолөнершілері X ғасырдың өзінде-ақ цехтарға біріккен.

Отырар шеберханаларының қазба материалдары мұнда серіктестіктер де, цехтық бірлестіктер де болған деп жорамалдауға негіз береді. Отырар шеберханаларында өндірілетін керамика өніміне, негізінен алғанда ақаулы және сынған керамика толтырылған шұңқырлардан алынған керамикаға,

сондай-ақ бірқатар жағдайлар бойынша сапалы жағдайына жеткізіле күйдірілмеген; әшекейленген, бірақ күйдірілменген; күйдіру қуыстарындағы керамикаға жасалған талдау шеберлердің мамандануы туралы айтуға мүмкіндік береді. Зерттеушілердің пікірінше бұл моңғол шапқыншылығына дейін-ақ болған жайт.

Кірпіш күйдіретін пештер мен шеберханалар санының көп болуы құрылыс жұмыстарының кеңінен құлаш жайғанын дәлелдейді.

Моңғолдар кезі мен моңғолдардан кейінгі кезде қола айналар өндірудің едәуір ұлғайғаны байқалады. Айна жасайтын жаңа орталықтар Орта Азияда да пайда болады. Сондай орталыққа Отырар да айналған сияқты.

Суреттеліп отырған уақытта күмістен жасалған бұйымдар өндірісінің технологиясымен, әшекейлердің түр-түрімен және сипатымен байланысты мәселелер үшін Отырардың XIII ғасырдың 60-жылдарында жасалған деп саналатын күміс заттардың көмбесі зор ынта-ықылас туғызады. Көмбеден табылған зергерлік бұйымдардың бір бөлігін Оңтүстік Қазақстан қалаларының қолөнершілері жасаған. Бұлар - түп негізі XI ғасырдың өзінде-ақ Оңтүстік Қазақстан, Жетісу аудандары мен Орта Азияның солтүстік аудандарынан мәлім орама тәрізді білезіктер. Білезіктерді дайындаған кезде түрлі сипаттағы күміс шанышқылар мен ширатпалар пайдаланылған. Отырардың жылтыр білезіктері күміспен, бірақ неғұрлым жоғары сапалы күміспен қапталған дөңгелек күміс кесегінен жасалған.

Қалаларда бұрынғысынша түрлі түске құбылып тұратын жасыл, көк, көгілдір, қызыл, сары және қою-қошқыл шыныдан ыдыстар жасау дамыды. Бұйымдардың түр-түрі едәуір көп, олар қақпақтар, тостағандар, болкалдар, рюмкалар, графиндер. Бұйымдардың бір бөлігі қалыпқа келтіріліп үрлеу кезінде жасалатын басу, шеңберлер, ромбылар түрінде бедерлі өрнекпен әшекейленген, бақа біреулері пісірілген талшықтардың, нақ өзіндей немесе басқа түсті шиыршықтардың, қайырмаалардың арқасында неғұрлым әдемі көрінеді. Шыныдан әшекей заттар – көз салып безендірілген білезіктер, түрлі-түсті шыны талшықтарынан жасалған білезіктер, моншақтар, ұсақ моншақтар дайындалған.

Қалаларда Қазақстан қалаларына тән дәстүрлі сүйек ою кәсібі дамыған. Олжалар арасында дөңгелек өрнекпен безендірілген пышақ саптары, түймелер мен қарсы ілгектер бар. Жылқы мен сиырдың ұзын сан жіліктерінің сүйектерінен – жүн өңдеуге арналған жылтыратқыш, қой мен ешкінің жұқа сүйектерінен біз бен түйрегіш жасалған. Үй жануарлары мен жабайы хайуандар - киіктің, қарақұйрықтың, бұғының мүйіздері шикізат ретінде пайдаланылған.

Тастан диірмен, әр түрлі шой балғалар, келсаптар, сүргілер, қайрақ тастар дайындалған. Өкінішке қарай, тоқыма кәсібін, кілем тоқу ісін және басқа да қала қолөнерін дәлелдейтін айғақтар аз сақталған, бірақ олардың дамығаны даусыз. Мысалы, қала тұрғындарының үйлерінен табылған мақта қашақтарын, ұршықбастарды тоқыма кәсібінің дамуын көрсететін дәлел ретінде пайдалануға болады.

Сауда және керуен жолдары. Моңғолдар жаулап алған кезде қалалардың талқандалуы, егіншілік алқаптары мен дала өңірінің қаңыратылып тасталуы қала мен оның төңірегін, қала мен даланың саудасына теріс әсер етті. Алайда, халықаралық сауда жолдары жұмыс істей берді. Қытай мен Моңғолияны Орта Азиямен, Орта және Таяу Шығыспен, Еуропамен жалғастырып жатқан Жетісу жолында бұрынғыдай жүргіншілер көп болды. Еуропаны Азиямен жалғастырып жатқан оңтүстік орыс даласы, Еділ бойы арқылы Оралға, одан әрі Хорезмге, Сырдарияға және Жетісу арқылы Алмалық пен Моңғолияға өтетін дипломатиялық және керуен жолы зор маңызға ие болған еді. Бұл жолмен Пано Карпини мен Вильгельм (Гильом) Рубрук жүріп өткен. Пано Карпини жолын кейінірек ішінара Андре де Лонжюмо миссиясы қайталаған.

Мөңке хан өлгеннен кейін өзара қырқысты соғыстар өршіді. Орта Азия мен Жетісу арқылы өтетін жолмен жүру қауіпті болды. Тек XIV ғасырдың 20-3 жылдары ғана моңғол иеліктерінде қайтадан халықаралық саудаға қолайлы жағдай орнайды. Көпестер мен миссионерлер бұрынғыша Кафадан Танға, Көне немесе Жаңа Сарайға, Үргенішке, Отырарға, Алмалық пен Ханбалыққа сапар шегіп отырды. Балдучи Пегалотти (1340 ж.) есептеуінше бұл жол 290 күнге созылды. Халықаралық сауда нәтижесінде Батысқа жібек, әшекей бұйымдары жеткізілді. Пегалоттидің көпестерге полотно маталар ала барып, оларды Үргеніште сатуға және татар елдерінде өтімді күміс жамбылар жинап алуға кеңес берген куәлігі сақталған.

Аталған тауарлар ішінара Оңтүстік Қазақстанның қалаларында қалып отырды. Халықаралық сауданың кең көлемде жүргізілгенін жоғарыда аталған күміс көмбе дәлелдей алады, онда Алмалық, Еміл, Пулад, Жент, Қырым, Сивас теңгелері бар. Көмбе бұйымдарының бір бөлігі, мысалы, жоғарыда суреттелген құрама белдіктің бөлшектері мен ұйғырша жазбасы бар қалақшалар Орта Азиядан, Шығыс Түркістаннан, кіші Азиядан шыққан.

Халықаралық саудамен қатар жергілікті, облыс ішіндегі сауда да дами бастайды. Тауар-ақша қатынасына дала тайпалары да тартылды. Көшпелілер қабірлерінен, көмбелерінен табылған монета (мәнет) олжалар көп.

Қазақстан аумағындағы ақша айналымы тарихын осы кезеңдегі Орта Азия ақша өндірісінен бөліп қарастыруға болмайды. Шағатайлықтар империясындағы ақша өндірісі дамуын үш кезеңге бөлінеді.

Бірінші кезеңге моңғолдардың Орта Азияны жаулап алғаннан кейінгі ширек ғасырлық уақыты, яғни шамамен XIII ортасына дейінгі аралықтағы кез жатады. Екінші кезең шығарылған жеріне қарамай Шағатай мемлекетінде жүрген барлық сапасы төмен алтын мәнеттер шығарумен сипатталады. Аясы тар айналым үшін күміс жалатылған мыс дирхемдер шығарылды. Бұхара, Самарқанд, Ходжент пен Отырарда мәнет сарайлары жұмыс істеді. Осы кездері ұсақ ақша саудасы да жанданды. Айталық, Отырарда хижраның 649 жылынан (1251-1252 жж.) 662 жылына (1263-1264 жж.) дейін тек қалада ғана емес, сонымен қатар Оңтүстік Қазақстан, Ташкент, Ферғана аудандарында күміс жалатылған мыс дирхемдер саудада жүрген.

Үшінші кезең хижраның 670 жылында (1271-1272) басталған Масудбектің ақша реформасынан бастап есептелінеді. Реформа Орта Азия, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың көптеген қалалары мен облыстарында бағалы күміс теңгелерді тұрақты соғып тұратын етті. Қазір XIII ғасыр соңғы ширегінде жұмыс істеген 15-тен астам теңге сарайлары белгілі болып отыр, олардың арасында Отырар, Тараз, Кенже (Кендже), Жент сарайлары бар. Нумизматикалық мәліметтерге қарағанда, Қазақстанның оңтүстігі мен Талас алқабы сауда-саттық үшін қолайлы жағдайда болып келген.

1321 жылы Кебек хан жаңа күміс теңгелер – «кебектерді» айналымға енгізді. Бұрынғысынша Отырар, Тараз бен Кенжеде мәнәттік өнімдер көптеп шығарылды. XIV ғасыр екінші жартысында Сығанақта да мәнәттер соғылды.

Оңтүстік Қазақстан қалаларында келесі экономикалық және мәдени өмірдегі өрлеу – бұл жерлердің Темір империясының құрамына кіруімен байланысты, мұны XIV ғасыр соңы мен XV ғасыр ортасында Самарқандта, Бұхарада соғылған көптеген мыс мәнәттер нақтылай түседі. Осы уақыттарда Ұлықбек те Отырарда мыс теңгелер соқтырды. Отырарда табылған Астрабад, Герат, Йезд, Кашан, Кум, Шираз қалаларында соғылған күміс мәнәттер қоймасы – Оңтүстік Қазақстанның сыртқы сауда байланыстарының нақты көрсеткіші.

Егіншіліктің құлдырауы. Моңғол шапқыншылығы қалай дегенмен де ауыл шаруашылығының дамуына кері әсерін тигізді. Дегенмен Қазақстанның оңтүстігінде шаруашылық біртіндеп дами бастайды. XIII ғасыр ортасы мен XV ғасырда Сығанақта, Сырдарияның сол жағалауында, Отырар төңірегінде суландыру жүйелері қалпына келтіріледі. XIII ғасыр соңы – XVI ғасырда Арыстан тартылған магистраль каналдар арасында Отырар-Құйрықтөбе-Алтынтөбе-Күйікмардан қалашықтарының арасында төртбұрышты егіншілік алқабы қалыптасады.

Түркістан, Сауран, Аркөк, Аққорған, Созақ қалаларының жанындағы табиғи аймақтарда да адамдар өмір сүре бастайды.

Жетісуда бұдан өзгеше жағдай қалыптасады. XIII ғасыр ортасына қарай Іле алқабында егіншілік мәдениеті күйрегендігін археологиялық материалдар мен сол замандарда өмір сүрген авторлар да айғақтап отыр. Қоныстардың қиратылуы, егін егетін жерлерді жайылымға айналдыру саясаты XIII ғасыр соңына қарай Іле алқабында – оны көшпелі мал шаруашылығы ауданына айналдыруға алып келді.

Осындай жайт Оңтүстік-Батыс Жетісудан да байқалады. Өзара қырқыстар, билік үшін күрес, ауылдық қоныстар мен қалалардың қиратылуы XIII ғасыр ортасына қарай егіншілік мәдениеттің (соны ішінде Талас алқабында) біршама құлдырауына, күйреуіне алып келді.

Ал, Жетісуда сақталған егіншілік мәдениет ошақтарының күйреуіне Темір жорықтары түпкілікті соққы берген болатын.

Қала мәдениеті. Моңғолдар шапқыншылығы күйзелткеніне қарамастан, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудағы қала мәдениетінің дәстүрлі дамуы тоқтала қойған жоқ. Әсіресе бірқатар Жетісу қалаларының моңғолдарды қуана қарсы алуы мұнда кейіннен қалалардың біршама өркендеп тұруына

алғы шарттар қалыптастырған еді. Мәдениетте XIII-XV ғасырларда пайда болған инновациялар алдыңғы кезеңдегі мәдениет дамуындағы үзілісті немесе одан қол үзуді білдірмейді. Мұндай құбылыстар моңғолдар жаулап алған аймақтағы дамыған қалаларға да тән еді. Қазақстанның оңтүстігінде бұл сәулет өнері секілді салалардан байқалды. XIV-XV ғасырлардағы архитектуралық нысандарды зерттеушілер әлемдік сәулет өнерінің жарқын құбылыстарына жатқызады.

XV ғасырдың бас кезінде Ахмет Ясауи кесенесі тұрғызылады. XV ғасырда салынған архитектуралық құрылыстар арасынан қазір қирап қалған Сығанақтағы Көккесене белгілі. XIV ғасыр соңы мен XV ғасыр бас кезінде Отырар маңындағы Арыстанбаб кесенесі салынған.

Мешіт, медресе, кесене құрылыстарының салынуы қала тұрғындары арасында ислам діні кеңінен таралғандығын білдіреді.

Қала тұрғындары арасында сопылық ілім де кеңінен таралды.

Үй құрылысында, оның жоспарында және баспана интерьерінде көптеген элементтер сақталды. Қыш ыдыстарын өніруде, дәлірек айтсақ тұрпаты мен ою-өрнектерінде бір ізділік (мирасқорлық) байқалады.

XV ғ. екінші жартысы – XVIII ғ. бас кезіндегі Қазақстанның қалалық мәдениеті

Қалалар саны, кйінгі ортағасырлық қалалардың топографиясы мен типологиясы. Қазақстан тарихында қарастырылып отырған кезең осының алдындағы кезеңмен салыстырғанда жазбаша деректемелерде едәуір толық баяндалған. Жазбаша деректемелерде қалалар, бірінші кезекте Ясы-Түркістан, Отырар, Сығанақ, Сауран, Созақ, Сайрам қалалары өмірінің кейбір жақтары туралы түсінік беріледі.

Осының алдындағы уақытпен салыстырғанда, деректемелерде айтылатын қалалар саны (XIII ғасырдың екінші жартысы – XIV ғасыр) 20-ға дейін, ал мезгілі XV ғасырдың екінші жартысы - XVIII ғасырдың басы деп белгіленетін қала жұрттары 23-ке дейін азайып кеткен. XV ғасырдың екінші жартысында жазбаша деректемелерде енді Солтүстік Қаратаудың Ұрысоған, Соғылкент, Құмкент қалаларының аттары кездеспейді. Осы қалалар деп саналатын қала жұрттары, археологиялық зерттеулердің көрсеткеніндей, XV ғасырдың аяғы – XVI ғасырдың басына қарай бос қалады. Сырдарияның төменгі ағысында – Жанқала, Қызқала қала жұрттары, Бөгенде – Бұзықтөбе (Шілік), Орта Сырдарияда Құйрықтөбе мен Оксус (Оқсыз) қала жұрттары тіршілігін тоқтатады.

XV ғасыр ортасынан бастап Отырар төңірегі қаңырап қалды. XVI ғасырға қарай оның аумағы бір га-дан сәл-ақ асты, барлық қала тіршілігі орталық төбешік маңына шоғырланды.

Сайрам, Сығанақ, Үзкент, Созақ қалаларының аумағы да тарылады. Олардың рабадтары қаңырап, қалалық тіршілік мейлінше бекіністі орталыққа ауысады. Бұл тек археологиялық материалдар бойынша ғана анықталып

қоймаған. Айталық, П.П.Иванов Сайрам қарттарына жүргізген сауалдарының негізінде қаланың орталық бөлігіндегі, яғни қорғануға жеңіл бұрынғы цитадель мен шахристан аумағында тұрғындар тығыз қоныстанғандығын жазады.

Өңірдің XVI-XVII ғасырлардағы саяси-экономикалық өмірінде Сырдарияның сол жағалауындағы Аркөк, Құжан, Аққорған, Үзгент қалалары маңызды рөл атқарды. Қаратаудың солтүстік беткейіндегі Сайрамның маңызы артады. Ясы-Түркістан бүкіл Оңтүстік Қазақстанның дәрежесіне дейін тез арада көтеріледі.

Мұнда Әмір Темірдің бұйрығы бойынша Ахмет Ясауи қабірінің үстінен кесене тұрғызылып, қала аймақтың ресми идеологиялық орталығына айналғаннан кейін қаланың қауырт өскені байқалады. Сол кезден бастап қала өлкенің Темір ұрпақтары, Шайбани ұрпақтары әкімдерінің орталығына, ал сонан соң қазақ хандарының астанасына айналады.

Қаланың астаналық жағдайын XVI ғасырдың 60-жылдарында теңгелер соғуды қайта жаңғыртқан Түркістан теңге сарайының белсенді жұмысы да айқын көрсетеді.

Соңғы орта ғасырлар қалаларының топографиясында «хисар» - қаланың дуалмен қоршалған орталық бөлігі мен қала төңірегіндегі аудандар айқын аңғарылады. Г.А.Пугаченкованың анықтауынша, хисар – «қаланың халық тығыз тұратын, үкіметтік үйлер, казармалар, күмбезді мешіт, басты базарлар мен қолөнер шеберханалары, қаланың негізгі топтарының тұрғын үйлері шоғырланған бекіністі бөлігі». Кейде хисардан қосымша бекінісі бар цитадель – қала айқын байқалады. Мұндай бекіністер Ясы-Түркістан, Сығанақ, Қараспан, Сүткент, Аққорған топографиясына да тән еді. Дуал, хисар сыртындағы құрылыс іздері бар аумақ қала төңірегі, ауылдық өңір болған және кейінгі этнографиялық материалдардың дәлелдегеніндей, оның өмірі хисардың өмірінен, қаланың өз өмірінен күрт ерекшеленген.

Оңтүстік Қазақстанның соңғы орта ғасырлардағы қалаларына көбінесе дөңгелек сипаттағы, монғолдарға дейінгі жоспарлау негізге алынып отырған. Ал дәстүр бойынша тік бұрышты етіп жоспарланған қалалар оны кейінгі кезде де сақтап қалған; бұл мысалы Сайрамда сақталған.

Жазбаша деректемелердің авторлары парсыша «қала» деген «шаһар» терминін Қазақстан қалалары жөнінде сирек қолданады, ол термин уәлаяттың әкімшілік орталығына, дуалмен қоршалған ірі елді мекенге қоса қолданылатын. Мұндай термин Сайрам мен Ясы-Түркістанға қатысты ғана қолданылған. Уәлаят орталықтары үшін Ясы, Сайрам, Отырар, Сауран, Сығанақ, Созақ үшін «қала» термині пайдаланылған. Неғұрлым шағын елді мекендер Аркөк пен Құжан да кейде нақ сол терминмен аталған. Барлық қалаларға «қалашық», «шағын мекенді» білдіретін «балада»; «орын», «егіншілік қонысты» білдіретін «маузи» терминдері де қолданылған.

Шығыс шығармалары авторларының белгілі бір елді мекендер жөнінде терминдерді құбылтып қолданғанына қарамастан, олар сол мекендердің сауда-саттық маңызын, қолөнердің, мешіттердің болуын атап көрсетеді.

Қалалардың әрқайсысы тарихи-мәдени аудан үшін: Сайрам – Талас Алатауының етегі өңірі үшін, Отырар – Арыстың төменгі ағысы үшін, Сауран – Сырдарияның орта ағысы үшін, Сығанақ – Сырдарияның төменгі ағысы үшін, ал Созақ – Қаратаудың теріскей беткейлері үшін дәстүрлі орталық болған. Басқалары қалашықтар статусын иемденді. Жазбаша дерек көздеріне қарағанда сол уақыттардағы қалалар да, қалашықтар да аграрлық сипатта болған. Сонымен бірге оларды ауылдық (селолық) қоныстар деп есептеу дұрыс емес, себебі оларға қолөнер мен сауда тән еді. Тіпті аумағы ең шағындары да көшпелілермен мәдени – экономикалық байланыстардың өзіндік орталығына айналған болатын.

Қалалар құрылымы: қала махалласы, қоғамдық құрылыстар, бекіністер. Қаланың сұлбасын құрайтын көшелер жүйесі едәуір күрделі болған. Мысалы, Отырарда оңтүстік және солтүстік кіреберістерді жалғастыратын орталық магистральдан басқа, меридиан бағытта созылып жатқан оны тағы да кесіп өтетін 6 көше болғандығы анықталды. Кейінгі орта ғасырлық қаланың махалласы бұрынғыдай негізгі құрауыш болып қала берді.

Отырар махалласы бір-біріне жапсарластырыла әрі тығыз салынған жоспары тік бұрышты, трапеция тәрізді және көп бұрышты тұрғын үйлерден тұрды. Әдетте, үйдің есігі магистраль немесе махалла ішіндегі көшеге қаратылды, ал кіріс-шығыс шағын көшелер арқылы жүргізілді, қажет жағдайда ол үлкен қақпалармен жабылса керек. Махалла 6-20 үйден тұрды және аумағы 1500 шаршы метрден аспады.

Қаратаудың теріскей беткейіндегі мерзімі XVI-XVIII ғасырлар деп белгіленген Раң және Күлтөбе қала жұрттарының құрылымына да осылайша махаллалар етіп салу тән, Саураннан, Қотаннан, Бұзықтан нақ осындай құрылым аңғарылады.

Махалла қаланың аумақтық жағынан бөлшегі ғана емес, сонымен қатар әкімшілік бөлінісі де болатын, махаллалардың ақсақалдары арқылы жұмыс істеген қаланың билік орындары онымен іс жүргізіп отырды.

Махаллалардағы археологиялық материалдар негізінде жаңғыртылған әлуметтік көрініс (неғұрлым ерте кездер үшін де атап өтілгендей) біртектес болмаған. «Байлар» және «кедейлер» махаллалары болып бөлінбеген. Әрбір махаллада көп бөлмелі екі-үш үлкен үй, бір, екі және үш бөлмелі бір – екі үй болды, қалғандары - көлемі жағынан деңгейлес үйлер еді.

Махаллалардың, онда тұратын адамдардың қызметі бойынша мамандандырылуы туралы мәселе назар аударуға лайық дүние. Отырарда бір махалланы ғана «қыш-құмырашылар махалласы» деп сипаттауға болады. Басқа махаллалардың бәрі тұрғындарының кәсіптік құрамы жөнінен әртектес. Махаллаларда құмырашы, темір ұсталары, тас өңдеуші, тоқымашылардың үйлері де кездеседі.

Жазбаша дереккөздеріне қарағанда Оңтүстік Қазақстандық кейінгі ортағасырлық қалаларда культтық – мешіт, кесене, медресе, ханака секілді құрылыстар болған. XVI ғасырдағы Сауран медресесін әспеттеп сипаттаған деректемелер бар. Қазіргі таңда олардың болғандығын археологиялық

мәліметтер де растап отыр, мәселен, алғаш рет зерттеулер нәтижесінде XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдағы Отырар мешіті аршылды.

Өз құрылысы бойынша моншаның ерте кездердегі отырарлық моншадан еш айырмасы болмады, мұны да зерттеушілердің нақты зерттеулерге негізделген пікірі айқындап отыр.

Дала билеушілерінің Сырдария қалаларын иелену жолындағы қиян-кескі күресі кезеңінің барысында бірінші кезекте қалалардың өздері зардап шекті, бұл кезеңде олардың әрқайсысында күшті бекініс жүйесі болуға тиіс еді. Соңғы орта ғасырлар тарихшыларының шығармаларында қала қабырғаларының биіктігі мен беріктігінің, орлар тереңдігінің мейлінше әдемі суреттелетіні тегін емес. XVI ғасырдың соңғы ширегіндегі Сауранның қалалық бекіністерінің сипаттамасын жасаған сол замандағы автордың бірі «кіретін және шығатын есіктері» бар бекіністі қорғандарды, бекіністі дуалды (баре), орларды (хандак) атайды. «Бекіністік ор жағасының сырт жағынан биік болғаны сонша, - деп жазады ол, - өзенге ұқсайтын... Осы ордан қорғанның басына дейін елу гяздай болатын...».

Сауранның бекініс құрылыстарының қалдықтары осы кезге дейін керемет әсер қалдырады. Сауранның дуалы шикі кірпіш араластырып қаланған күйдірілген балшық блоктармен салынған. Оның сақталып қалған биіктігі қазірдің өзінде 6 метрге жетеді.

Соңғы жылдары алынған мағлұматтар қала тыныс-тіршілігі жайлы мағлұматтарды толықтыра түсті.

Қалалық тұрғын үй. XVI-XVII ғасырлардағы тұрғын үйлер алдыңғы уақыттың даму бағытын жалғастырды.

Бірақ, XVI ғасырдың екінші жартысы – XV ғасырдың бірінші жартысындағы тұрғын үймен салыстырғанда үй-жайлардың ішкі безендірілуінде кейбір жаңа элементтердің пайда болуын атап өткен жөн. Тандыр түпкі бұрыштан есікке жақындатылады. Ташнауға арналған орын екінші кезектегі жайды, ауланы, не айуанды, не тұрғын жай мен қойманы «жинақтайтын» тәрізді. Ташнаудың тек тұрғын жайларға қажетті болуы міндетті емес, олар қоймалар мен аулаларда да болған. Орталық тұрғын үй бөлмесінің көп бөлігін алып тұратын сыпалар (сәкілер) еденнен 30-40 см жоғары болған. Оған аузы сәкінің шетіне шығып тұратын тандыр орнатылған. Мұржа тандырдың қабырғасындағы дөңгелек тесіктен басталады, ол сәкі астынан қабырғаға немесе бұрышқа дейін ең қысқа жолмен салынған. Мұржа үйдің қабырғасындағы тік қуысқа қосылған.

Тандырдың тұсындағы сәкінің (сыпаның) бұрышына көлемі 0,5-1,0x0,5-1,0 м болатын төрт бұрышты дөңгелектер орнатылған. Оның мақсаты айқын, ол көмір шоқтарына арналған жер. Үй-жайдың жалпы безендірілуінде тандыр мен оның алдындағы ташнау алаңшасы шаруашылық істері атқарылатын жер болып табылады. Мұнда сыпа үстінде, тандырдың жанында әдетте қыштан жасалған ыдыс тұрады. Ташнаудың жиегінде немесе алаңшада диірмен тастары жатады. Тұрақты пайдаланылатын диірмен тасы ретіндегі арнаулы дөңгелек дөңбектер де кездеседі.

Тұрғын жайлардың бұрыштарына ұралар жасалып, көзе, құмыра түріндегі ыдыстар көмілген. Ал кейде бөлменің ортасында, бұрышына жақын жерде саңылау тәріздес ұра болған. Бөлменің қабырғаларында керек – жарақтарды сақтауға арналған сөрелер жасалған. Сәкілерге қамыстан немесе шиден тоқылған төсеніштер төселіп, олардың үстінен киіз, мақта салынған көрпе, жайылған. Қазба жұмыстары кезінде шилердің іздері мен шірінділері, сондай-ақ киіздер мен мақта салынған көрпелердің қалдықтары табылды. Қоймалар астық қорларын, сұйық және үгітімелі өнімдерді сақтауға арналған.

Үйлердің бір бөлігінде шағын аулалардан басқа, махалла ішіндегі шағын көшеге қаратылған албар бар. Ол тегінде, мал ұсталатын қаша ретінде пайдаланылса керек. Сәті түсіп анықталғанындай, мал сонымен бірге үйлердің арнаулы орындарында немесе үйлер арасындағы қашаларда ұсталған.

Тұрғын үйлер тік бұрышты шикі кірпіштен тұрғызылды. Шаршы тәріздес, жан-жағы 24-26 см, қалыңдығы 4-6 см күйдірілген кірпіштер еденге, сыпа (сәкі) бұрыштарына, пештің ауызына пайдаланылды. Сондай-ақ саз балшықтан өрілген қабырғалар мен далда (қалқа) кездеседі. Құрылыс ісінде каркас конструкциялары да қолданылады.

Соңғы орта ғасырлардағы тұрғын үйлерге талдау жасау оның алдыңғы кездегі тұрғын үйлермен байланысын көрсетеді. Мәселен, ортадағы жай, бұрынғысы сияқты, тұрғын үй жіне шаруашылық міндеттерін біріктірген. Онда әртүрлі орындар – бүкіл сыпа бетін алып жататын тұрғылықты жер, тандырмен қатар және бөлменің бұрыштарындағы ташнау алаңы шегінде орналасқан шаруашылық бөлімі айқын аңғарылады.

Алайда, соңғы орта ғасырлардағы тұрғын үйдің жоспарлануы мен тұрғызылуында дәстүрлі сипаттардың сақталуымен қатар жаңа белгілер пайда болады. Үйлерде бөлмелердің саны (5-6 бөлмеге дейін) көбейеді, олардың неге арналғандығын барлық уақытта бірдей анықтау қиын. Жартылай жабық аулалардың жаңа үлгісі пайда болады.

Оңтүстік Қазақстанның соңғы орта ғасырлардағы қалалық тұрғын үйі көршілес аймақтардағымен едәуір дәрежеде ұқсас болып келеді. Хорезмде, Үргеніште Отырардың орта ғасырлардағы үйлермен жақын ұқсастығы бар XV-XVII ғасырлардағы үйлер аршылып алынды.

Соңғы орта ғасырлардағы тұрғын үйлердің XIX-XX ғасырдың басындағы қазақтардың тұрғын үйімен ұқсастық фактісі де өзіне назар аудартады.

Қазақтардың тұрмысын зерттеу қыстауларда шикі кірпіштен жасалған қабырға-қалқа арқылы 2-3 бөлмеге: тұрғын жайға, ас үйге және қоймаға бөлінген біртұтас тұрғын үй болғанын көрсетті. Әдетте, биіктігі 1,5 метрге дейін жететін қалқалар бөлменің төбесіне дейін жетпеген. Олардың ерекшелігі мынада: олар үйдің ішін жылытқан, өйткені қабырғаның қуысына орнатылған саз балшық пеш – «қазандыққа» текшелер ішінен өтіп, түтінді сыртқа шығаратын түтіндікпен қамтамасыз ететін еді.

Сонымен бірге түтін тура шығатын әдеттегі пеш – қазандық орнатылған. Олар жартылай жертөлелерде пайдаланылған, оларда да мұржа сыртқа шағын саңылау арқылы шығарылған. Сірә, мұржалары және түтін шығаруға арналған арнаулы қуыстары бар текшелерінің болуынан соңғы орта ғасырлардағы тұрғын үй дәстүрлерінің белгілерін көруге болады.

Қазақ қыстауларындағы «қоржын үй» үлгісіндегі ұзынша үйлердің жоспарлануы соңғы орта ғасырлардағы «линиялық» немесе «анфилтық» деп аталатын тұрғын үйлердің жоспарлануына жақындайды. Қазақтардың қысқы тұрғын үйлерінің бұрыштарында дән қоймалары мен қамбалар, шаруашылық ұралар жасалған. Қабырғаларында ыдыс-аяққа, ұсақ-түйек құрал-саймандар мен шырағандар қоюға арналған ойықтар ғана болған.

Біршама жақын уақытта анықтаудың сәті түскендей, соңғы орта ғасырлардағы тұрғын үй Оңтүстік Қазақстанның қалалары мен қыстақтарында, нақ ортағасырлық қала мәдениеті болған аймақта қазіргі заманға дейін өзгеріссіз дерлік сақталған. Мұндай тұрғын үйлер анықталған елді-мекендердің тізімін келтірудің өзі жеткілікті, олар – Түркістан, Қарнак, Икан, Созақ, Шымкент, Сайрам, Манкент, Қарабұлақ, Қарамұрт.

Соңғы орта ғасырлар кезеңінде әрбір елді мекендегі және жалпы аймақтағы қала халқының санын анықтау кезінде XVI ғасырдың аяғы – XVII ғасырдың 80-жылдарындағы Отырар үшін жасалған демографиялық есептеулер негізгі рөл атқарды.

Отырар тұрғындарының санын анықтауда неғұрлым ерте уақыттағы қала халқының санын анықтау үшін қолданылатын әдіс таңдап алынды. Сан жағынан алғанда оның реті мынандай: махалладағы үй иелерінің санын және махалла тұрғындарының санын анықтау; қаладағы мақалалар санын және бүкіл қала тұрғындарының санын анықтау. Отырардағы тұрғын үй махалласының көлемі 1200-1300 шаршы метр (орташа – 1500 шаршы метр) болады. Қаланың аумағы XVI-XVII ғасырларда 20 гектарға немесе 200 000 шаршы метрге тең. Ғылымда жалпы қабылданған коэффициентке сәйкес, оның төрттен бір бөлігін жалпы жұрт пайдаланатын үйлер, алаңдар, үлкен көшелер алып жатқан. Сөйтіп адам қоныстануға болатын қалған 150 000 шаршы метр алаңға 100 тұрғынды махалла орналасқан.

Әрбір махаллада жеке отбасына жататын 6-дан 12-ге дейін үй иеліктері болып, оның құрамы, жалпы қабылданған пікір бойынша, 5-7 адамнан тұрады. Көп секциялы үйлерге келетін болсақ, оларда жекелеген отбасылардың секциялары айқын көрінеді және, олай болса, секцияларға қарағанда олардағы адамдар саны 2-3 есе көбірек болады. Махаллада орта есеппен 45-тен 63-ке дейін адам тұрған, ал қаладағы барлық тұрғындар саны 4500-6300 адам немесе орта есеппен 5500 адам болған.

Сығанақ (20 га) пен Созақта (22 га) тұрғындар саны осындай болған деп айтуға болады. Көлемі 35 га болатын Түркістанда 170 махалла болып, оларда 9180 адам тұрған. Көлемі жағынан Сауран отырардан екі есе үлкен, демек онда 11 000 адам болуға тиіс. 28 гектар жерді алып жатқан Сайрам тұрғындарының саны 7560 адам болған, ал уәлаяттардың орталықтарында небәрі 44 000 халықтан сәл ғана астам адам мекендеген.

Карасаманда (6 га), Иқанда (6,7 га), Қарнақта (4,5 га), Қараошақта (5 га), Сүткентте (6 га), Аркөкте (7 га), Қотанда (7 га), Үзкентте (9 га), Аққорғанда (8 га) 1500-ден 2000-ға дейін тұрғындар тұрып, махаллалар саны 20-дан 40-қа дейін жеткен.

Жақанкентте, Суриде, Жүнкентте, Құжанда, Қарақұмда және Раң сияқты баламасы табылмаған, көлемі 1 гектардан 2 гектарға дейін жететін қалашықтарда 800-ден 1000-ға дейін адам тұрған.

Сонымен, XVI-XVII ғасырдың алғашқы үш ширегі кезеңінде Қазақстандағы қала халқының саны 70 000 адамнан аспаған.

Егер Қасым хан тұсындағы (XVI ғасыр бас кезі) халықтың санын 1 миллион адам деп есептесек, онда кейінгі ортағасырлық қалалық тұрғындардың саны 7 пайыз болады.

Қалалар функциясы. Бұрынғы кезеңдердегідей қыш ыдыстар қалалардан қалалардан көптеп кездеседі. Өндіріске мамандану өріс алғандығы байқалады. Ірі шеберханалда су таситын құмыралар, екі ұстағышты ыдыстар мен хумдар секілді бұйымдардың белгілі бір түрлері жасалды. Ашық аулаларда орналасқан пеші бар шағын шеберханалардан да мамандандырылу сипаты байқалады. Олар ұсақ және сырланбаған пиала, кесе, тостақша түріндегі ыдыстарды өндірді.

Ұсталық және металлургия бұрынғыдай қалаларда кең таралған. Қала жұрттарынан табылған крицтер мен темір балқытатын пеш қалдықтары өте көп. Жер жыртатын құралдардың екі жалпақ темірден жасалған түріндегілер табылған. Соғылған құралдармен қатар құйма құралдары да ұшырасқан.

Қолөнершілер шойыннан қазандар да құйып шығарған. Шойыннан дөңгелектердің төлкесі де жасалған, әдетте, олар құйып істелген. Бірнеше темір кетпен табылды. Темірден орақтар мен балта-шоттар дайындалған.

Темірден орақ, балта-шот, т.б. тұрмысқа қажетті үшкір сымдар, шынжыр сақиналар, ілгектер, шегелер дайындалды.

Этнографиялық байқаулар темір өндіру мен одан бұйымдар жасау ісінде мамандану боғанын дәлелдейді. Ең көп мамандану темір ұсталығында байқалды.

Мыс ісі қаланың қолөнер кәсіпшілігінде бұрынғысы сияқты зор рөл атқарды. Ол жөнінде қола ыдыстың табылуы бойынша мәлім. Қоладан құйылған бұйымдардың саны көп тобы көлемі үлкенді-кішілі әр түрлі қоңыраулардан құралады. Отырардағы қазба жұмыстары кезінде қоңыраулармен басқа да бұйымдар құюға арналған кішкене қалыптар табылды.

Білезіктердің сынық бөліктері көп табылған, бірақ өсімдік және нүктелі қақтаумен безендірілген бүтіндері де бар. Білезік ұшы кейде жыланның басы тәрізді етіп жасалды.

Зергерлер кәсіпшілікте түрлі-түсті тастарды: сердоликті, қызыл тасты, яшманы, көк тасты, жұзақты, агатты, серпентиндерді, мөлдіртасты кең пайдаланған. Тастар моншақтар, жүзіктердің көздерін дайындау үшін, сондай-ақ жүзіктердің өздерін өңдейтін материал ретінде қолданылған.

Серпентиндерден, яшмадан, көк тас пен лағылдан жасалған ромб тәрізді алқалар тобы да ерекшеленеді. Сондай-ақ түрлі – түсті тастардан қарсы ілгіштер, қапсырмалар және басқа заттар жасалған.

Қазба жұмыстары кезінде табылған бұйымдардың дәлелдеп отырғанандай, зергерлік өнер жоғары даму деңгейінде болған. Шеберлер әртүрлі техникалық тәсілдерді: қақтау, құю, соғу, қалыптау, оймалау, қаптап ширату, алтын жалату, күміс ойып орнату әдістерін білген және қолданған. Олар күміс және қола сымдар дайындау, түрлі-түсті тастарды қырлау мен тегістеу, тесу әдісін білген.

Жоғары дамыған зергерлік өнер дәстүрі Қазақстанда XIX-XX ғасырдың басында да сақталып, дами түсті. Зергерлер басқа да қолөнершілер бұқарасынан ерекше болды. Олардың өнімдері сырттан әкелінген бұйымдармен бәсекеге ойдағыдай төтеп берді. Көптеген әшекейлердің өзіндік ерекшелігін, олардың пішімін, өрнектердің үлгілерін атап өту маңызды, олардың арғы үлгілері Қазақстанның орта ғасырлардағы қалалары қолөнершілерінің өнерінде жатыр.

Қола құюшылар белбеулерге айылбастар мен қапсырмалар, көшпенділерде зор сұранысқа ие түймелер мен көзі жоқ сақиналар дайындалды. Құюмен қатар металл өңдеудің басқа әдістерін: қалыптау, оймалау, т.б. пайдаланды. Сірә, мыс пен қоладан бұйымдар жасау техникасына мамандану орын алса керек.

Шыныдан ыдыс-аяқ пен әшекейлер (моншақ, алқа) жасалған. Ыдыстар арасында саптаяқ, тостағандар, бокалдар, графиндер бар. Жасыл, сары, қызыл және қызғылт шыныдан жасалған маржан кезіккен.

Сүйек өңдеу Қазақстан қаласындағы дәстүрлі қолөнер болған. Жабайы аңдар мен үй жануарларының мүйізі мен жілік сүйектері өңдеу материалы ретінде пайдаланылды. Жылқы мен сиырдың ұзынша сан жіліктерінен жүн өңдеуге арналған жылтыратқыштар, балалар бесігіне арналған жабдық (сувак) жасалған. Кәрі жіліктен көп мөлшерде тескіштер мен біз жасалған.

Құмтас пен граниттен жасалған қол дирмендер қазба жұмыстары кезінде ең жиі кездесетін олжалардың бірі болып табылады. Қол дирмендермен қатар диаметрі 1 метрден 1,5 метрге дейін жететін дирмен тастарының қалдықтары табылды, олар жегілген мал күшімен айналдырылған.

Тастан мейлінше алуан түрлі мақсаттағы, салмағы 5 кг, ұзындығы 30 сантиметрге дейін болатын ірі келсаптардан ұсақ келсаптарға дейін жасалды. Ірілері кенді ұсақтау үшін пайдаланылған, олар әдетте темір балқытылатын шұңқырлармен бірге кездеседі. Үккіштер – құмтастан, кварциттен диаметрін әр түрлі етіп жасаған тас ядролар, көп кездесетіне қарағанда, шаруашылық пен тұрмыста кең қолданылған, мысалы, құйма компоненттерін жағу, топырақты үгу үшін пайдаланылған. Пішіні мен көлемі әр түрлі қайрақ тастар олжалардың ең көп тобы болып табылады. Тастан жасалған бұйымдардың ерте заманнан келе жатқан, бүкіл орта ғасырлар дәуірі бойы өз сипатын сақтап қалғанын атап өтуге болады.

Өкініштісі, тоқымашылық, кілем тоқу, теріден бұйымдар жасау сияқты кең таралған қолөнер бұйымдары өте аз сақталған. Қалаларда мата тоқыған

тоқымашылардың болғанын ұршықбастардың, сәкілерден маталар іздерінің, мақта көрпелер қалдықтарының, жанып кеткен ірі мақта-мата кездемелер жыртындыларының табылуы дәлелдейді.

Сауда. Түркістан қалалары мен Қазақстан далалары арқылы Орта Азия мен Ресейдің сауда қатынастарының қалыптасуы, нәтижесінде Қазақстан қалаларының экономикалық дамуы транзиттік саудадағы жаңа құбылыс болды.

Орыс мемлекеті Орта Азиядан мақта-мата, мақта, жібек шикізатын, асыл тастар, Шығыс қаруын алды. Қытай тауарлары Ресейге Орта Азия арқылы түсіп отырды. Қазақстан мен Орта Азияға Ресейден шұға, атлас, айна, аң терілері, күміс әкелінді.

Сауда керуендері Қазақстанның Созақ, Қарашоқ, Түркістан қалалары арқылы жүріп өтетін еді. Рузбихан Сығанақты Дешті Қыпшақтың сауда айлағы деп атайды. Сығанақты суреттей келіп, былай деп хабарлайды: бұл елге «...Дешті жағынан, Хажы Тарханнан көптеген игіліктер, семіз қойлар және аң терісінен, киш пен тиннен, яғни бұлғын мен тиын терісінен тігілген тондар, берік садақтар, ақ қайыңнан жасалған жебелер, жібек маталар сияқты басқа да бағалы тауарлар және өзге де асыл бұйымдар жеткізіледі... Түркістан, Мауреннахр аймақтарының және Шығыстың көпестері Қашғар, Хотан шегінен Сығанаққа сол елдердің тауарларын әкеліп, Дешті адамдарымен сауда мәмілелерін және айырбас жасайды». «Ясы қаласына, - деп атап өтеді сол автор, - тауарлар мен қымбат бағалы бұйымдар әкеліп, сол жерде сауда жасалады, ол (қала) көпестердің теңдерін шешетін жері және саяхатшылардың топтанып, елдерге аттанатын жері болып табылады».

Шығыс деректемелерінің деректерін археологиялық олжалар да растап отыр. Отырар, Түркістан, Сайрам қалаларының жұрттарынан XVI-XVII ғасырлардағы қытай селодоны мен фарфоры табылды.

Халықаралық саудамен қатар Сырдария қалаларының көшпелі дүниемен дәстүрлі саудасы және жергілікті сауда жүргізілді. Даладан мал, тері, жүн, дайын бұйымдар әкелінген. Мәселен, Сефидің 1582 жылы жазылған шығармасында қазақтардың саудасы туралы қызықты хабар бар. Ол былай деп жазады: «Оларда қой, жылқы, мен түйе көп... Олардың шапандары қой терісінен тігілген, олар түрлі түске боялып, атласқа ұқсас болады, оларды Бұхараға әкеліп, атластан тігілген шапандардың бағасымен сатады, олар сондай сәнді әрі әдемі». Сырдария қалаларынан далаға астық, қала өнерінің өнімдері, мата апарылды.

Сауда-экономикалық байланыстың екі жаққа да зор маңызы болды, сондықтан қазақтардың күш-қуатын әлсіреткісі келген Шәйбанидің қазақтардың қалаларда сауда жасауына тыйым салуға тырысқаны кездейсоқ емес. Қазақтардың қалалармен сауда байланысының тұрақтылығын қамтамасыз етуге ұмтылуы қазақ және өзбек хандарының күресін туғызған себептердің бірі болды.

Қалалар төңіректегі егінші және көшпелі халықты қажетті товарлармен базар арқылы жабдықтап отырда. Қалалардың базарлары көшпелілердің

жабылған қатарлары болатын. Дүкен-дүңгіршек әдетте қолөнерші шебердің иелігінде еді және ол әрі шеберхана, әрі сауда жасайтын орын болды.

Түркістан қаласында дүкендер болғанын Ахмет Ясауи кесенесінің вақфтарына қатысы бар жазбаша құжаттардың мәліметтері де растайды.

Халықаралық сауданың және қалалар мен өнердің арасындағы, жекелеген Сырдария қалаларының арасындағы сауданың мөлшері туралы негізінен Отырарды, Түркістанды қазу жұмыстарынан алынған нумизматикалық материал бойынша білуге болады. Отырардан мыс теңгелердің көптеген олжалары шықты, оларды екі топқа бөлуге болады. Біріншісіне Яссы (Түркістан) мен Ташкентте соғылғандары жатады. Екінші топ Орта Азия қалаларының (Бұхара, Самарқанд және басқалар) теңгелерін қамтиды. Ұсақ мыс тиындардың да Түркістан ақша сарайының өнімі болуы мүмкін. Оларда жазбалардың орнына керамика ыдыста бейнеленген таңбаларға ұқсайтын әр түрлі белгілердің салынуы жиі кездеседі. Яссы қаласында Абдаллах II (1560-1583) әкесі Ескендір хан атынан күміс мәнәттер шығарылды. Бұл ханның екі мәнәті Раң қалашығын қазған кезде табылған.

XVI ғасырмен мерзімделінетін мыс теңгелердің басым болуы бұл кезеңде мыс қала рыногында маңызды рөл атқарды деп пайымдау жасауға мүмкіндік береді. Бұл сол замандағы бүкіл Орта Азияға тән құбылыс еді.

XVII-XVIII ғасырлардағы мыс мәнәттердің айналымдағы сауалдары Орта Азиялық нумизматикадағы аз зерттелген мәселенің бірі болып табылады. Кейінгі ортағасырлық мыс теңгелердің нақты айқын белгісі жоқ. Ең көп тобын аниэпиграфтық теңгелер құрайды. Олардың бір жағында аң, екінші жағында құс бейнеленген, аң бейнеленген кейбір теңгелердің екінші жағы тегіс.

Мыс көмбелердің мерзімін анықтауға олардың біреуінде Алексей Михайлович патшаның есімі кездесетін 1655-1663 жылдары соғылған отыз орыс тиынының болуы негіз береді.

Қалалардың аты қойылмай соғылуында іс жүзінде әлдебір саяси және фискалдық мақсаттар көзделмеген, қалалар өмірінде рөл атқарған рыноктық сауданы қамтамасыз етуге ғана арналған.

XVII ғасырдың аяғынан басталатын уақыт Отырар, Сауран, Сығанақ, Аққорған, Үзгент өмірінің бітуімен баланысты, бұл қалалардың жұрттарынан табылған нумизматикалық олжаларда ол көрініс тапқан.

Егіншілік. Орта ғасырлардағы қала тұрғындарының өмірінде қосалқы егіншілікпен айналысу маңызды рөл атқарды. Олардың қала сыртында өңделетін жер телімі болып, жазда соған көшіп барған. Бұл тұрмыс белгісі Қазақстанда бүкіл орта ғасырлар бойында сақталып қалды. Егіншілік пен мал шаруашылығы ауылдық қоныс (село) тұрғындарының негізгі кәсібі болды. Жазбаша деректемелерде, бірінші кезекте халықты сумен жабдықтаған және егістікті суаруға пайдаланылған арналар аталады.

Түркістан қаласы кең байтақ және бай егіншілік өңірінің орталығы болды. Васиғидің жазғанындай, Сауран төңірегінде XVI ғасырда суландырудың кәріздік жүйесі болып, жұмыс істеген, оның қалдықтарын археологтар тапты. Отырар, Отырар жазирасы XV-XVII ғасырларда суды

Темір арық жүйесінен алып отырған, оның басы қазіргі Шәуілдірден 10 км жоғарыдағы Арыстан басталған.

Ортағасырлық дерек көздерінде түрлі суармалы арықтар аталып отырады.

Осы деректердің бәрі қалалар мен ауылдар өміріндегі егіншіліктің зор рөл атқарғанын дәлелдейді. Қала өмірін зерттеушілер Шығыс деректерінің мәліметтеріне сүйене келіп, қалалардың жартылай аграрлы сипатта болғанын тура көрсетеді, олар қала халқына жер салығы – хараж салынғанын және егіншілік кәсіппен байланысты алымдар: суландыру жүйесін салу мен тәртіпті ұстау жөніндегі жұмыстарға арналған салық – «мардикар» және әскер үшін астық пен салт мінетін және жүк артатын көлікке арналған жем түрінде берілетін азық-түлік – «тағар» төлегенін ерекше атап өтеді.

Сонымен, соңғы орта ғасырлардағы Қазақстан қалаларының аграрлануы арта түскенін жазбаша деректер мәліметтері де, археологиялық материалдар да дәлелдеп отыр, көшпелілерге астық пен мақта-мата сатуда делдалдық рөл атқару ғана емес, сонымен қатар осы өнімдерді – мақтаны да, астықты да, басқа егіншілік өнімдерді де өндіру олардың міндеттерінің біріне айналады. Егер қалалық қана емес отырықшы-егіншілік аймақ өнімінің күрт қысқаруын, көшпелілер рыногы ауқымының қысқармағандығын ескерсек, бұл жағдай түсінікті де.

Қалалық мәдениеттің даму жолы. Бұл уақыттағы қалалық мәдениеттің маңызды белгісі оның дәстүрлілігі болып табылады. Қалаларда ертеректегі жоспарлар сақталды. Магистраль көшелердің тығыз торабындағы махалла ішіндегі көшелер тұйық көшелер жүйесі өзгермейді. Махаллалар өз кескіні мен шекарасын сақтап қалды.

Интерьердің өзгеруі айқын байқалады. Күйдірілген кірпіш көп көлемде пайдаланылған үйлерде бар; тандырдың аузын әрлендіру үшін арнайы керамикалық плиткалар қолданылды.

Қалаға көрік беріп тұрған қоғамдық құрлыстар арасындағы мешіттер дәстүрлі түрде салынды. Моншалар жұмыс істеді.

Сонымен, XV ғасырдың екінші жартысы – XVIII ғасырлар мәдениетінің ерекшелігі оның дәстүрлілігі болып табылады. Бұл дәстүр қазақтардың өзіндік мәдениетінің дамуында ерекше маңыз алды. Орта ғасырлардағы қалада жасалынған сан алуан заттардың көбі қазақтар мәдениетінің етене бөлігі болып табылады.

Қорытынды

Көне қалалардың және елді мекендердің, мүрделердің, кеніштердің, обалардың, тұрмыстық және шаруашылық бұйымдарының, еңбек құралдарының, қарулардың қалдықтары – барша бұйымдық деректер өздерін дүниеге келтірген қоғамның материалдық мәдениетін құрайды. Бұлар археологияның немесе материалдық мәдениеттің ескерткіштері болғандықтан осы ескерткіштерді зерттейтін ғылыми институттар да археология немесе материалдық мәдениет тарихы институттары деп аталады. Әйтсе де, археология материалдық мәдениет ескерткіштерін зерттеумен ғана шектелмейді. Археология аталған ескерткіштер арқылы палеолит дәуірінен бастап кейінгі орта ғасырға дейінгі қоғамның шаруашылық, әлеуметтік және рухани өмірін зерделейді.

Ескерткіш немесе қолдан жасалған көне бұйым (артефакт) археолог үшін маңызды тарихи дереккөзі болып табылады. Ол өткен өмірдің материалдық құндылыққа айналған бір бөлігі, жұқанасы.

Адам баласы ежелден бері әрқилы бұйымдар – еңбек құралдарын, ыдыстар, әшекейлер жасады. Осының бәрі өз дәуірінің өнімі тек белгілі бір дәуірге тән өнім болып табылады. Археологияның бұйымдары арқылы олардың жасалған уақыты, оларды жасаған немесе тұтынған халық анықталады. Қазу жұмыстары кезінде табылған заттардың жиынтығынан өткен өмірдің сұлбасы жасалады. Әсіресе, өткенді зерттеуде еңбек құралдарының мәні зор, дәл осы еңбек құралдары жасалған материал арқылы ғалымдар адамзат тарихын тас дәуірі, қола дәуірі, темір дәуірі деп бірнеше кезеңге бөлді. Тастан жасалған балтадан темір соқаға дейін адамзат дамудың ұзақ жолын бастан кешірді. Сондықтан материалдық мәдениеттің қалдықтары осынау ұзақ жол жөнінде пікір білдіруге мүмкіндік туғызады.

Қазақстанның ежелгі дәуірдегі және орта ғасырдағы тарихын жаңғыртуда құнды мағлұмат беретін әрі жақсы зерттелген археология ескерткіштері – Есік обасы, Отырар қаласы, Беғазы моласы, Жезқазғанның ертедегі кен орындары, Қаратаудың тас құралдары, Тараздың жылтыратылған қышы, Електегі сармат мүрделеріндегі қола масақты жебелер және Таңбалы тастағы суреттер.

Археологиялық ескерткіштер, әдетте, жер астында жасырулы. Сондықтан олар жер қазу жұмыстарында кездейсоқ табылып жатады. Көптеген монета немесе басқа бұйымдар қоймасы, мәселен қазір Қазақстанның Орталық Мемлекеттік мұражайында сақтаулы, Жалаулыдағы сақ дәуірінің алтын бұйымдар қоймасы дәл осылай ашылды.

Сондай-ақ, археологиялық ескерткіштерді табу үшін археологтер әрқилы әдістерді (соның ішінде әуеден және ғарыштан суретке түсіру де бар) қолдана отырып жүйелі ізденіс жүргізеді. Әуеден, жоғарыдан суретке түсіру Сырдария және Арал төңірегіндегі жазықтардағы көптеген Орта ғасырлық қалаларды, обаларды, арықтар мен жолдарды табуға мүмкіндік берді. Ежелгі қалалардың, қорғандардың жасалу үрдісін, жерлеу ғұрыптарын анықтау үшін археологтер ескерткіштерді қазып (олар соңынан консервацияланады),

көптеген заттар, қыш бұйымдар алады. Осының бәрі біздің тарихымыз жөніндегі құнды мағлұматтары бар археологиялық ескерткіштер қатарына жатады.

Қазақстан археологиясы әлемдік ғылым жүйесімен бірге дамып келеді. Онда қалыптасқан ғылыми дәстүрлер мен жаңа инновациялық технологиялар да кеңінен қолданылып әрі өзара үйлестіріліп, далалық ізденістер жаңаша қырынан жанданып отыр.

Көпжылдық археологиялық зерттеулер Қазақстан аумағындағы адамзат қоғамының тарихи дамуының негізгі кезеңдерін белгілеуге мүмкіндік берді. Оның әрбір кезеңі соңғы жылдары жаңа сапалық деңгейде қарастырылып, әрбір тарих-мәдени дәуір тың да соны материалдармен толықты. Алынған жаңа материалдар археология ғылымының іргелі мәселелерін жан-жақты қарастыруға, түйіні түйіткілді сауалдарды нақтылауға, жаңаша концептуальдық ой-пікірлердің қалыптасуына мол мүмкіндік беріп отыр.

Қазіргі таңда әлемдік ғылым көне замандардағы мәдениет пен өнерге кеңінен назар аударуда. Бірқатар сауалдарды шешуде жаратылыстану ғылымының жетістіктері кеңінен қолданылып, жаңа технологиялық әлуат мүмкіндіктері жекелеген мәселелерді қарастыруға және нақтылауға көп септігін тигізуде.

Осы орайда қазақстандық археологтар да жаратылыстану салаларындағы (палеоботаника, палеогеология, одонтология, топырақтану, химия мен физика, генетика, геоморфология, палинология, т.б.) мамандармен қоян-қолтық жұмыс істеуде. Оның нәтижелері әлемдік археология тарихнамасына енген елеулі табыс болып есептелінеді.

Археология ғылымындағы өзекті бағыт ежелгі қоғамды кешенді түрде зерттеу болып қалып отыр. Ол *әлеуметтік археология* деп аталынады. Қалалық орталықтар мен шағын қоныстарды, қоғамдық ғимараттар иен жекелеген «жеке» баспаналарды, агроирригациялық жүйелер мен керуен жолдарын, зергерлік бұйымдар мен өндіріс құрал-саймандарын зерттеу қоғамның әлеуметтік және саяси құрылымын зерделеуге мүмкіндік береді. Мұндай мәселелерді үлгілеудің жаңа әдістері де қолданылуда.

Этноархеология әлеуметтік археология шеңберіндегі іргелі бағыттардың біріне айналып отыр.

Қоршаған орта археологиясы да бүгінгі күні шапшаң дамып келеді. Бұл пән шеңберінде көптеген мүмкіндіктерді, қолданылатын әдістерді атап кетуге де болады. Мәселен, ежелгі жағалау шетін, көне ландшафтты, фауналық кешендерді зерттеу, т.б.

Ежелгі технологияларды зерттеу де археологияның маңызды бағыттарына айналды. Бұл салады эксперименттік археология мен сан алуан жаратылыстану ғылымдарының әдістері кеңінен қолданылуда. Әсіресе палеометалды зерделеуде металлография мен химиялық анализдер жиі пайдаланылып, толымды мағлұматтар алынууда.

Өнер мен дінді зерттеуде *танымдық археология* рөлі артып келеді. Бұл ретте археология заттай дереккөздері негізінде көне замандардағы таным-түсініктерді, жосын-жоралғыларды танып-білуге ұмтылуда.

Археология мен қалың көпшілік бірігіп, алынған құндылықтарды қажетіне жаратып келеді, әсіресе ғылыми консервация, реставрация мен музейлендіру ісіне жете көңіл бөлінуде. Осыған байланысты «ашық аспан астындағы музейлер» (Таңбалы тас, т.б.) құрылуда.

Соңғы уақыттарда археология ғылымы техникалық жетістіктерді кеңінен пайдалана отырып, өткен кезеңдерді зерттеу үстінде. Әсіресе магниттік және электрбарлау, ғарыштан түсірілген суреттер мен геоақпараттық жүйелер, т.б. археология ғылымына кеңінен енді.

Компьютерлік технология, сандық камера, электронды тахеометр, т.б. ғылыми-техникалық құралдар археология ғылымын жаңа сапаға көтерді деуге болады. Соған байланысты әлемдік археологияда соңғы жылдары *виртуальды археология* термині пайда болды. Бұл сала ақпараттар легін жинақтап, интерактивті танымдық презентацияны күшейте түсті.

Бүгінгі таңда республика аумағындағы археологиялық жұмыстар өз жалғасын табуда, олар ғылымды жаңа ашылулармен толықтырып, ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының беттеріне жаңа танымдық леп әкелуде.

Қосымшалар

Археология ғылымында қолданылатын негізгі терминдер сөздігі

Аверс – тиынның оң беті; монетаның, медальдың беткі жағы.

Австралопитек – «оңтүстік маймылы» - адамның ең ежелгі және жабайы түрі. Африкадан табылған. Мерзімі шамамен 5,5-1 млн. жылдар аралығында.

Айван/айуан – үлкен текше ойығы күмбезбен жабылған қасбет.

Ақинақ – екі жүзді скиф-сақ қанжары. Ұзындығы әдетте 40-50 см шамасында.

Аллювий (лат. Alluvio — шайма, тосқын) — өзен аңғарларында тау жыныстары үгінділерінің жиналуынан пайда болатын борпылдақ шөгінділер (малтатас, қиыршықтас, құм, т.б.).

Амфора – екі ұстағышты мойынды келген ыдыс. Әдетте тұрқы үлкен, бүйірі кең, мойыны тар болып келеді.

Ангоб – ыдысты жұқа саз балшықпен бетін тегістеу және эстетикалық кейіпке салу үшін жабу.

Антропогендік кезең — адам пайда болып, оның шаруашылық әрекеті табиғаттың бейнесін өзгерте бастаған төрттік дәуір.

Антропоморфты (адам бейнелі) – әлдебір тіршілік иесінің немесе жануарлардың суреті, онда адам кейпі, жан-жануарлардың келбеті, сұлбасы қосыла бейнеленеді.

Аң стилі – ерте темір дәуіріндегі жан-жануарлар, хайуанаттар бейнелерін шаруашылық-тұрмыстық бұйымдарға, т.б. салу немесе түсіру.

Ареал (лат. area — жер, кеңістік) — жер бетінің жануарлар мен өсімдіктердің белгілі бір түрлері тіршілік ететін аймағы. Археологияда ежелгі адамзат мекен еткен аймақтар мен өңірлерге де қолданылады.

Аридтік климат (лат. aridus — құрғақ) — атмосфера ылғалдылығы жеткіліксіз жағдайда (қуаң, шөлді және шөлейтті өңірлерде) қалыптасатын климат.

Артефакт — адамзат қолымен жасалған зат, бұйым.

Археологиялық кешен – археологиялық нысандардың жиынтығы.

Ассимиляция – бір халықтың өзге халық тілін, мәдениетін, әдет-ғұрпын меңгеріп, құрамына сіңісіп кетуі. Археологияда көбіне бір мәдениет белгілерін басқасының ығыстырып шығаруы немесе өзара кірігуі.

Бадраб, бадран – ортағасырлық қалаларда қоқыс төгілетін орын.

Бифас — екі шеті өңделген құрал.

Бойтұмар – зұлым күштерден қорғайды, тылсым күшке ие деп есептелінген қасиетті зат.

Глазурь – керамикалық бұйымдар мен әшекейлерге жағылатын шыны тәрізді жабын, ол заттың беріктігін арттырған, ылғалдан сақтаған.

Голоцен — геологиялық кезең. Шамамен осыдан 12-10 мыңжылдық бұрын плейстоценнен кейін қалыптасқан төрттік бүгінгі түзілімдер.

Граффити – жартасқа, баспана қабырғасына, қыш ыдыстарына салынған фигуралар, суреттер немесе жазулар.

Дандана – қырынан бір қатар етіп қойылған кірпіш қаландысы.

Дастархан – саз балшықтан күйдіріліп, дөңгелек етіп жасалынған жозы.

Дәнүккіш – бидайды, т.б. дақылдарды ұнтақтауға арналған құрал.

Дәстүр – артефакт тұрпатының сипатына қарай идентификациясы жасалатын тұрақты технологиялық немесе мәдени құрылым.

Денудация – тау жыныстарының бұзылу процестерінің жиынтық атауы және табиғи күштер (су, жел т.б.) әсерінен олардың төмен сырғуы, жылжуы.

Дефляция – тау жыныстарының табиғи күштер әсерінен бұзылуы, үнілуі, өзгерістерге ұшырауы. Қуаң аймақтардағы ескерткіштердің жас шамасын анықтауда палеолиттанушылар тас құралдарының сыртқы қабатындағы өзгерістерге сүйенеді.

Дромос – обаға арнайы жасалған дәліз.

Дольмен – үсті тас плиталармен жабылған, үлкен тастармен тұрғызылған ғұрыптық немесе жерлеу құрылысы.

Доместикация – жабайы жануарларды қолға үйрету. Кейде жабайы дән-дақылдарды мәденилендіруді де осылай атайды.

Жарқыншақ – кез келген жаңқалаудан қалған өнім; вентраль бөлігі сақталған. Соққы қырының болуы міндетті емес.

Жерлеу ғұрпы - өлген кісіні ақырғы сапарға аттандыру рәсімі. Оған мүрденің аяқ-қолын бұгу, қырынан қою немесе шалқасынан жатқызу, қасына жерлеу саймандарын орналастыру секілді ғұрыптық іс-әрекеттер кіреді.

Жерлеу камерасы – қима ағаштармен немесе тас плиталарымен қабырғасы өрілген мүрде қойылатын оба, қоршау астындағы орын.

Жерлеу саймандары – қабірдегі мүрде жанына қойылған заттар.

Жертөле – жерге тереңдете қазылып, үсті ағаштармен жабылған баспана.

Заттай мәдениет – қазба кезінде табылған түрлі технологиялар мен артефактілер жиынтығы.

Зират, қорым – жерлеу кешені. Ол бірнеше обалардан, қоршаулардан, т.б. тұрады.

Зооморфты – жануар сұлбасының бейнеленуі.

Идол – тас, ағаш немесе сүйек материалдардан жасалған мифологиялық немесе эпикалық кейіпкер, «тәңірдің» мүсіні.

Ингумация – мүрдені шұңқырда, қабірде жерлеу.

Инкрустация – бұйымға басқа материалдар немесе асыл тастар орнатып дайындау.

Кескіш – шеті үшкір, ұзын келген тас тілікшесі.

Кенотаф – алыста жүріп қайтыс болған адамның сүйегі қалмаған (табылмаған) жағдайда тұрғызылатын еске алып тұру обасы.

Керуен сарай – керуендер аялдайтын, тоқтап тынығатын кешенді имарат. Оған саяхатшылар, т.б. жолаушылар да тоқтаған.

Кремация – қайтыс болған адам денесін өртеу ғұрпы.

Крица – құрамында шлагы көп кеуекті қатты темір массасы.

Кромлех – жеке тұрған ірі тастар, әдетте дөңгелек тұрпатта орналасады.

Қыш ыдыстары (керамика) – саз балшықтан тұрпаты жасалып, отқа күйдірілген бұйым. Жалпылама түрде өндірістік, тұрмыстық және ғұрыптық болып бөлінеді.

Леваллуа – тас өңдеу техникасы. Алдымен мұқият дайындалған дөңгелек пішінді өзектастан тас тіліктері соғылып алынады. Одан соң тас тілігінен қажетті құрал жасалған. Бір жағы дөңестеу, келесі беті жалпақ болып келеді.

Локализация – үш жақты фиксацияланған археологиялық олжалардың уақыт пен кеңістік аясындағы жағдайы.

Макролит – ірітас; ірі етіп шағылған тас құралдары.

Мәдени дәстүр – ұзақ уақыт бойы ерекше құралдардың немесе технологиялардың сақталуы, ол археологиялық мәдениет жойылғаннан кейін де біршама уақыт сақталып қалады.

Мәдени қабат – археологиялық олжалар кездесетін қабат.

Мәдени эволюция – түрлі мәдени үрдістер нәтижесінде уақыт талабы бойынша адам мәдениеті өзгеріске ұшырайды дегенді білдіретін теория.

Меандр – бұрмаланған сызық түріндегі өрнек. Ирелеңдеп, бұрмаланып ағатын Меандр өзенінің атымен аталған.

Мегалиттер – үлкен тас блоктарынан тұрғызылған ежелгі құрылыс.

Менгирлер (сымтастар) – тігінен тұрғызылған ұзынша тас плиталары, кейде қатарласа, кейде параллель түрде көміледі.

Мешихед – мұсылмандар мінәжат ететін бейіт.

Миграция – бір жерден екінші жерге қоныс аудару.

Микролит – шағын тас; шағын тас трапеция, сегмент, үшбұрыш түрпатындағы тас тіліктері. Көбіне шаруашылық құралдарына қыстырма, қондырғы ретінде қолданылған.

Миоцен – неоген жүйесінің төменгі бөлімі.

Наус – исламға дейінгі әулеттік мүрдехана.

Оба – топырақтан, тастан тұрғызылған қабір үсті құрылысы.

Оссуарий – мүрде қалдықтарын (күл, сүйек) салатын қыш ыдыс.

Остеологиялық материалдар – малдың, жан-жануарлардың сүйектері.

Ошақ – баспана ішінде, жанында от жағылған орын. Әдетте қаланған тастары, ошақ шұңқыры, күл қалдықтары, т.б. бойынша анықталынады.

Өзектас – нуклеус – құрал дайындау үшін арнайы өңделген тас. Ерте кездері төменгі палеолитте дөңгелек, мустье дәуірінде пирамида пішіндес, жоғарғы палеолитте призма тәрізді түрлері шыққан. Тас дәуірінде олардан басқа бірнеше түрі бар.

Пандус – қоғамдық ғимараттарға баспалдақ түрінде жасалған еңіс не жайпақ жай.

Пектораль – кеудеге тағылған зергерлік бұйым.

Петроглиф – тас плиталарға, жартастарға қашап салынған суреттер.

Плейстоцен – геологиялық бөлім атауы. Ол төменгі, ортаңғы және жоғарғы болып бөлінеді. Плейстоценді *голоцен* алмастырған.

Пышақ тәрізді тас тілік – призма пішінді өзектастан шағылып алынған ұзынша келген еңбек құралдары.

Реверс – тиынның (монетаның) сол беті.

Саркофаг – ағаштан жасалған (діңгек, т.б.) табыт-астау.

Соққы алаңқайы – тас құралдарын соғып немесе шағып түсіруге арналған жазық бөлік.

Тагора – тағара – шылапшын, шара секілді керамикалық ыдыс.

Тас тілік – ені ұзындығынан кемінде екі есе кіші, ұзынша келген тас құралы.

Тас жаңқа – тасты өңдеу барысында оның сыртынан шағып алынған бөліктері.

Тасөзек - ядрище – тас құралдары шағып алынған жұмыр тас кесегі.

Терракота – балшықтан күйдіріліп жасалған мүсіндік туынды, кейде боялуы да мүмкін.

Түзету – ретушь – өңделіп жатқан құралдың үстінен ұсақ жарқыншақтар мен қабыршақтар алу.

Фасад – қабырғаның сыртқы көрінісі. Архитектуралық ансамбльге сай бірнеше түрлерге (бас, бүйір, көше, аула, т.б.) бөлінеді.

Хум – азық-түлік немесе ауыл шаруашылық өнімдерін сақтауға арналған үлкен құмыра.

Чоппер – малтатастан дайындалған ұзындау келген көлемді тас құралы. Екі-үш соққымен бір шеті ғана өңделеді.

Чоптинг – екі шеті де бірнеше соққылармен өңделген малтатастан жасалған көлемді тас құралы.

Циста – жәшік түрінде жұқа тас плиталармен қаланған қабір.

Экофакт – адам қолымен жасалмаған, бірақ мәдениетті зерттеуде маңызы бар археологиялық олжалар. Мысалы, сүйек, өсімдік, т.б.

Пайдаланылған негізгі әдебиеттер

I-тарау

Агеева Е. И., Заднепровская Т. Н. Библиография по археологии и древней истории Сырдарьи и Семиречья // Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. Алма-Ата, 1960. Т.7. С.271-307.

Акишев К. А. Археологические исследования в Казахстане // Историческая наука Советского Казахстана. Алма-Ата, 1990. – С.231-246.

Актуальные проблемы историографии древнего Казахстана: Обзор. Алма-Ата, 1989.

Археологические исследования в Южном Казахстане (1970-1980-е гг.): Обзор. Алма-Ата, 1984.

Байпаков К.М. Проблемы археологических исследований позднесредневековых городов Казахстана: Обзор. Алма-Ата, 1990.

Байпаков К.М. Археологические исследования в Казахстане (1991-1995). Российская археология. №1. М., 1996. С.232-248.

Байпаков К. М. Историография древнего и средневекового Казахстана (из истории изучения археологических памятников в Казахстане). Проблемы археологии и их разработки. История исследований культуры Казахстана. А., 1997. С.19-46.

Байпаков К. М., Петенева Г. Г. Институту археологии 10 лет // Известия МО и НАН РК. Серия общественная. № 1. 2001. С.3-31.

Байпаков К. М., Воякин Д. А. Тенденции и перспективы развития археологии Казахстана // Известия НАН РК. Серия общественная. № 1, 2005. С. 3-28.

Бурнашева Р.З. Отрар. Отрарский оазис и Южный Казахстан: Нумизматические исследования по денежному делу южноказахстанских городов. VII-XVII вв.: Обзор. Алма-Ата, 1989.

Зайберт В. Ф. Атбасарская культура. Екатеринбург, 1992.

Савельева Т.В. Обзор литературы по археологии Казахстана (1963-1972 гг) // В глубь веков. Алма-Ата, 1974.

Савельева Т.В., Костина Д. Отрар. Отрарский оазис и Южный Казахстан; Проблемы исследования Южно-Казахстанской археологической экспедиции 1971-1985 гг.: Обзор. Алма-Ата, 1987.

Таймагамбетов Ж.К. История изучения палеолита Казахстана // Актуальные проблемы историографии древнего Казахстана (археология). Алма-Ата, 1989. С. 22-40

II-III тарау

Алексеев В.П. От животных к человеку. М., 1969.

Алысбаев Х.А. Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана. Алма-Ата, 1979.

Астафьев А.Е. Поселение Коскудук-2 – новый памятник финального этапа оюклинской культуры полуострова Мангышлак // Известия НАН РК, 2009. Сер. Обществ. наук. №1. С.3-16

- Баженов В.Г., Костенко Н.Н.* Атлас руководящих форм млекопитающих антропогена Казахстана. Алма-Ата, 1962.
- Гохман И.И.* Палеолитическая стоянка Пещера на Бухтарме // Краткие сообщения Института истории материальной культуры. 1957. Вып. 67. С. 54-58.
- Дебец Г.Ф.* Начальные этапы становления человека (древнейшие и древние люди) // У истоков человечества. М., 1964.
- Дервянко А.П., Петрин В.Т., Гладышев С.А., Зенин А.Н., Таймагамбетов Ж.К.* Ашельские комплексы Мугоджарских гор. Новосибирск, 2001.
- Дервянко А.П., Петрин В.Т., Таймагамбетов Ж.К. и др.* Раннепалеолитические комплексы в травертинах Южного Казахстана. Новосибирск, 2000.
- Дервянко А.П., Петрин В.Т., Таймагамбетов Ж.К. и др.* Исследования Российско-Казахстанской экспедиции в Казахстане (1998-2001гг.) – Новосибирск, 2003 г. -21,5 п.л. 183с.
- Дервянко А.П., Таймагамбетов Ж.К., Т.И.Нохрина, Г.Т.Бексеитов, А.А.Цыбанков.* Индустриальные комплексы северо-восточной части хребта Каратау (Южный Казахстан) –Алматы-Новосибирск, 2007г., 22 п.л.
- Зайберт В.Ф.* Энеолит Урало-Иртышского междуречья. Петропавловск, 1993.
- Калиева С.С.* Поселение Кожай 1. А., 1998.
- Калиева С.С., Логвин В. Н.* Скотоводы Тургая в третьем тысячелетии до нашей эры. Кустанай, 1997.
- Клапчук М.Н.* Галечные орудия местонахождения Музбель в Центральном Казахстане // По следам древних культур Казахстана. Алма-Ата, 1970. С. 217-226.
- Клапчук М. Н.* К вопросу об археологических культурах Центрального Казахстана в верхнем плейстоцене // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. Алма-Ата, 1969. С. 217-226.
- Любин П.* Нижний палеолит. Каменный век на территории СССР. М., 1970.
- Медоев А.Г.* Ареалы палеолитических культур Сары-Арки // По следам древних культур. Алма-Ата, 1970. С. 200-217.
- Петрин В.Т., Таймагамбетов Ж.К.* Комплексы палеолитической стоянки Шульбинка из верхнего Прииртышья. Алматы, 2000.
- Таймагамбетов Ж.К.* Палеолитическая стоянка им. Ч. Ч.Валиханова. Алма-Ата, 1990.
- Таймагамбетов Ж.К.* Палеолит Казахстана (основные проблемы): Диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук в форме научного доклада. Новосибирск, 1993.
- Таймагамбетов Ж.К., Нохрина Т.И.* Археологические комплексы пещеры Караунгур. Туркестан, 1998.
- Таймагамбетов Ж.К.* Стратифицированная палеолитическая стоянка в Жетысу–// Казахстан в панораме общечеловеческого исторического мышления – Алматы, 2005, С.19-22.

Таймагамбетов Ж.К., Ожерельев Д.В. Изучение стратифицированной стоянки Майбулак в Жетысу в 2004-2007г.- //Мирас. № 1, Ашхабад 2008. с. 70-86.

Таймагамбетов Ж.К. Казахстан – один из очагов древнейших культур Евразии. - //Акты международной конференции «Первые великие переселения народов» по патронажем ЮНЕСКО, (Штаб-квартира ЮНЕСКО). г. Париж, 2008г., с.226-231

Таймагамбетов Ж.Қ., Байгунаков Д.С. Қазақстанның тас дәуірі: зерттелу тарихы мен негізгі мәселелері. А., 2008

IV-тарау

Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. Алма-Ата, 1987.

Байпаков К. М., Марьяшев А. Н. Петроглифы в горах Кульжабасы. А., 2004.

Байпаков К. М., Марьяшев А. Н., Потапов С. А., Горячев А. А. Петроглифы в горах Ешкиольмес. А., 2005.

Евдокимов В.В., Варфоломеев В.В. Эпоха бронзы Центрального и Северного Казахстана. Караганда, 2002.

Ермолаева А.С. Памятники переходного периода от эпохи бронзы к раннему железу // Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. Алма-Ата, 1987. С.64-94.

Зданович Г.Б. Феномен протоцивилизации бронзового века урало-казахстанских степей: Культурная и социально-экономическая обусловленность // Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций. Алма-Ата, 1989. С.179-189.

Итина М.А., Яблонский Л.Т. Мавзолеи северного Тегискена. Поздний бронзовый век Нижней Сырдарьи. М., 2001.

Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж. Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки. Алма-Ата, 1992.

Кадырбаев М.К., Марьяшев А.Н. Наскальные изображения хребта Каратау. Алма-Ата, 1977.

Кузьмина Е.Е. Древнейшие скотоводы от Урала до Тянь-Шаня. Фрунзе, 1986.

Құрманқұлов Ж.Қ., Байгунаков Д.С. Қазақстанның қола дәуірі (зерттелу тарихы мен негізгі мәселелері). А., 2008

Максимова А.Г. Эпоха бронзы Восточного Казахстана // Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. Алма-Ата, 1959. Т. 7. С.86-161.

Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата. 1966.

Маргулан А.Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1979.

Новоженков В.А. Наскальные изображения повозок Средней и Центральной Азии. Алматы, 1994.

Оразбаев А.М. Северный Казахстан в эпоху бронзы // Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. Алма-Ата, 1958. Т.5. С. 216-294.

Самашев З.С. Наскальные изображения Верхнего Прииртышья. Алма-Ата, 1992.

Сорокин В.С. Могильник бронзовой эпохи Тасты-Бутак в Западном Казахстане // МИА СССР. М.-Л., 1962. Т. 120.

Средняя Азия в эпоху камня и бронзы. М.- Л., 1966.

Степная полоса Азиатской части СССР в скифо-сарматское время // Археология СССР. М., 1992.

Черников С.С. Восточный Казахстан в эпоху бронзы // МИА СССР. М.- Л., 1960. Т.88.

V-тарау

Акишев К.А. Курган «Иссык». М., 1978.

Акишев А.К. Искусство и мифология саков. Алма-Ата, 1984.

Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины р. Или. Алма-Ата, 1963.

Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. Алма-Ата, 1987.

Байпаков К.М., Подушкин А.Н. Памятники земледельческо-скотоводческой культуры Южного Казахстана. Алма-Ата, 1989.

Боталов С.Г., Бисембаев А.А. Новые материалы по культуре гуннов Западного Казахстана // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. Вып.1. Уральск, 2002. С.108-116

Вишневская О.А. Культура сакских племен низовьев Сырдарьи в VII-V вв. до н.э. М., 1973.

История Западного Казахстана. В двух томах. Том 1. Актобе, 2006

Итина М.А., Яблонский Л.Т. Саки нижней Сырдарьи. М., 1992.

Кадырбаев М. К. Курганные некрополи верховьев р. Илек // Древности Евразии в скифо-сарматское время. М., 1984. С.84-93.

Кушаев Г.А. Этюды древней истории степного Приуралья. Уральск, 1993.

Қазақстан тарихы. 1-том. А., 1996

Левина Л.М. Керамика нижней и средней Сырдарьи в I тысячелетии н.э. М., 1971.

Левина Л.М. Этнокультурная история восточного Приаралья. М., 1996.

Максимова А.Г., Мерциев М.С., Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Древности Чардары. Алма-Ата, 1968.

Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1966.

Полосьмак Н.В. Всадники Укока. Новосибирск, 2001.

Рапопорт Ю.А., Неразик Е.Е., Левина Л.М. В низовьях Окса и Яксарта. Образы древнего Приаралья. М., 2000.

Самашев З., Базарбаева Г., Жумабекова Г., Сунгатай С. Берел. А., 2000.

Сдыков М.Н., Гуцалов С.Ю., Бисембаев А.А. Сокровища скифов Западного Казахстана. Уральск, 2003.

Смирнов К.Ф. Сарматы и утверждение их политического господства в Скифии. М., 1984.

Степная полоса Азиатской части СССР в скифо-сарматское время // Археология СССР. М., 1992.

Тасмагамбетов И. Кентавры Великой степи. А., 2003.

Толстов С. П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962.

Черников С. С. Загадка золотого кургана. М., 1965.

VI-тарау

Арсланова Ф.Х. Новое в археологии Казахстана // Памятники Павлодарского Прииртышья. Алма-Ата, 1969. С. 98-111.

Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. Алма-Ата, 1987.

Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Алма-Ата, 1989.

Байбосынов К. Каменные изваяния Жамбылской области. А., 1996.

Бернштам А.Н. Историко-археологические очерки Центрального Тянь-Шаня и Памиро-Алая // МИА СССР. М.-Л., 1952. Т.26.

Бисембаев А.А. Археологические памятники кочевников средневековья Западного Казахстана (УШ-ХУШ вв.). Уральск, 2003.

Досымбаева А.М. Мерке – сакральная земля тюрок Жетысу. Тараз, 2002.

Досымбаева А.М. Батыс Түрік қағанаты. Қазақ даласының мәдени мұрасы. А., 2007

Ермоленко Л.Н. Средневековые каменные изваяния казахстанских степей. Новосибирск, 2004.

Иванов В.А., Кригер В.А. Курганы кыпчакского времени на Южном Урале (XII-XIX вв.). М., 1988.

Кадырбаев М.К., Бурнашева Р.З. Погребение кыпчака первой половины XII в. Из могильника Тасмола // По следам древних культур Казахстана. Алма-Ата, 1970. С.42-53.

Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники. М., 1964.

Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы Евразийских степей. Древность и средневековье. С.-Пб., 2000.

Маргулан А.Х. Раскопки погребения воина XIV в. В долине р. Нура // Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. Алма-Ата, 1969. Т.7. С. 248-261.

Новгородова Э.А. Кыпчакские святилища на юге Казахстана (Сандыкский перевал г. Мерке) // Ученые записки Комиссии по изучению памятников цивилизаций древнего и средневекового Востока. Всесоюзная ассоциация востоковедов. Археологические источники. М., 1989. С.136-176.

Новгородова Э.А., Печерский А. Раннесредневековые скульптуры кыпчаков // Информационный бюллетень международной ассоциации по изучению культур Центральной Азии. Вып. 10. М., 1986. С.22-40.

- Савинов Д.Г.* Степные империи Евразии. С.-Пб, 1994. С.133-147.
- Самашев З., Жетибаев Ж.* Қазақ петроглифтері. А., 2005.
- Степи Евразии в эпоху средневековья // Археология СССР. М., 1981.
- Табалдиев К.* Курганы из средневековых кочевых племен Тянь-Шаня. Бишкек, 1996.
- Цинман М.З.* Методологические проблемы типологии отношений собственности у кочевников. Алма-Ата, 1992.
- Шер Я.А.* Каменные изваяния Семиречья. М., 1966.

VII-тарау

- Агеева Е.И., Пацевич Г.И.* Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. Алма-Ата, 1958. Т.5. С.3-215.
- Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б.* Древний Отрар. Алма-Ата, 1972.
- Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б.* Отрар в XIII-XV вв. Алма-Ата, 1987.
- Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б.* Позднесредневековый Отрар. Алма-Ата, 1981.
- Археологические исследования на северных склонах Каратау // Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. Алма-Ата, 1962. Т.14.
- Байпаков К.М., Нуржанов А.* Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. А., 1992.
- Байпаков К.М.* Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. Алма-Ата, 1986.
- Байпаков К.М.* Древние города Казахстана. А., 2005 (қазақ, орыс тілдерінде).
- Байпаков К.М., Савельева Т.В., Чанг К.* Средневековые города и поселения Жетісу. Алматы, 2005.
- Байпаков К.М., Смагулов Е.А.* Средневековый город Сауран. Алматы, 2005.
- Байпаков К.М., Шарденова З.Ж., Перегудова С.Я.* Архитектура Семиречья и Южного Казахстана на Великом Шелковом пути. Алматы, 2001.
- Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Ахатов Г.А.* Городище Жайык. Алматы, 2005.
- Бартольд В. В.* Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч.Т I. М.-Л., 1963.
- Бернштам А. Н.* Историко-археологические очерки Центрального Тянь-Шаня и Памиро-Алая // МИА СССР. – М.-Л., 1952. Т.26.
- Горячева В.Д.* Город золотого верблюда. Фрунзе, 1988.
- Грошев В.А.* Ирригация Южного Казахстана в средние века. Алма-Ата, 1985.
- Жолдасбайұлы С.* Жетісу тарихы (XVI—XVIII ғғ). А., 1996.
- Исмагулов О.* Население Казахстана от эпохи бронзы до современности. Алма-Ата, 1970.
- Красная Речка и Бурана. Фрунзе, 1989.
- Кожжаев М.* Отырардағы керамика өндірісі. Керамическое производство Отрара. Түркістан, 1996.

Кожемяко П.Н. Раннесредневековые города и поселения Чуйской долины. Фрунзе, 1959.

Сенигова Т.Н. Средневековый Тараз. Алма-Ата, 1972.

Средняя Азия и Дальний Восток в эпоху средневековья. Средняя Азия // Археология. М., 1999.

Смагулов Е.С., Григорьев Ф. Очерки по истории и археологии средневекового Туркестана. А., 1998.

Тасмагамбетов И., Самашев З. Сарайшық, Sagaichik, Сарайчик. А., 2001.

Толстов С. П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962.

Мазмұны

Алғысөз.....	3
Кіріспе.....	4
I-тарау. Қазақстан археологиясын зерттеу тарихынан.....	15
II-тарау. Тас дәуірі.....	49
Төменгі (ерте) палеолит.....	54
Жоғарғы (кейінгі) палеолит.....	67
Мезолит, неолит.....	76
III-тарау. Палеометалл дәуірі (Энеолит).....	95
IV-тарау. Қола дәуіріндегі қазақстан ескерткіштері.....	103
Андронов мәдениеті: шығу мен кезеңдестірілуінің сауалдары....	103
Шығыс Қазақстан ескерткіштері.....	111
Солтүстік және Орталық Қазақстан ескерткіштері.....	114
Жетісу археологиялық ескерткіштері.....	126
Оңтүстік Қазақстан қола дәуірі ескерткіштері.....	133
Батыс Қазақстан ескерткіштері.....	139
Қола дәуіріндегі шаруашылық, мәдениет және қоғам.....	142
V-тарау. Ерте темір дәуіріндегі сақ, усунь, кангюй, хунну, савромат және сарматтардың ескерткіштері.....	154
Скиф-сақ проблемасы.....	154
Сақтар.....	155
Усуньдердің саяси тарихы.....	158
Кангюй мемлекеті.....	160
Хунну мемлекеті.....	163
Савроматтар, сарматтар.....	166
Шығыс Қазақстан археологиялық ескерткіштері.....	168
Орталық Қазақстан сақтарының тасмола мәдениеті.....	174
Жетісудың сақ обалары	177
Усунь археологиялық ескерткіштері.....	184
Арал маңы сақтарының ескерткіштері.....	197
Отырар-Қаратау мәдениетінің ескерткіштері.....	208
Қауыншы мәдениетінің ескерткіштері.....	220
Жетіасар мәдениетінің ескерткіштері.....	223
Хунну (сюнну) көне атрибуциясының сауалдары.....	231
Савромат ескерткіштері.....	237
Сармат ескерткіштері.....	242
Ерте көшпенділердің шаруашылығы, тұрмысы мен қоғамдық құрылысы	249
VI-тарау. Орта ғасыр дәуіріндегі көшпелі тайпалар ескерткіштері.....	264
Қазақстан аумағындағы ортағасырлық мемлекеттер.....	264
Көшпелілердің археологиялық ескерткіштері	281
Ортағасырлық көшпенділер шаруашылығы.....	295
Идеология мен өнер.....	303

VII-тарау. Жазба және археологиялық дереккөздеріндегі	
Қазақстанның ортағасырлық қалалары.....	314
Ортағасырлық Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы.....	314
Қалалар мен ауылдық қоныстар. VI-IX ғасыр алғашқы жартысы.....	346
Қалалардың топографиясы мен типологиясы.....	350
IX ғ. - XIII ғ. бас кезіндегі қалалар.....	356
XIII-XV ғасырдың бірінші жартысындағы қала мәдениеті.....	368
XV ғ. екінші жартысы – XVІІІ ғ. бас кезіндегі Қазақстанның қалалық мәдениеті.....	375
Қорытынды.....	386
Қосымшалар.....	389
Пайдаланылған әдебиеттер.....	393
Иллюстрации.....	401

ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫ

Оқу құралы

Байпақов Карл Молдахметұлы
Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы
Байғунаков Досбол Сүлейменұлы

Редакторы

.....

Корректоры

.....

Техникалық редакторы

.....

Басуға берілді..... формат

500 дана. Тапсырыс.....

Баспа